



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ



2



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

Қол жамғуық айрақ - кіманнар



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

Ғарыштан айғақ-кітаптар

*Құрастырушы –
Талғат Айтбайұлы.*

2-ТОМ

Дәуір
Алматы
2016

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Ж 43

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші
бағдарламасы бойынша жарық көрді».**

Ж 43 Желтоқсан көтерілісі: Көп томдық айғақ-кітаптар./
Құраст. – Талғат Айтбайұлы. – Алматы: «Дәуір» баспасы,
2016.

ISBN 978-601-217-557-8

2-том.– 2016.– 480 б.

ISBN 978-601-217-559-2

Екінші томға негізінен 1992 жылдан кейінгі жарияланған газеттік дүниелер топтастырылып отыр. Бұрын-соңды айтылмаған ақпараттар, қанды оқиға естеліктері молынан ұшырасады. Авторлар құрамы да бай. М.Қозыбаев, Ә.Мәмбетов, Ш.Әлдибекұлы, Х.Қожахмет, Г.Тойболдина, А.Тәжіуітов, Ж.Ысмағұлов, А.Тасымбеков, Ж.Қуанышәлі, Е.Мұханғалиев, Т.Айтбайұлы, Қ.Зияш, Е.Төлеубай, Ж.Сәбитова, М.Қайдаров, Ә.Тінәлі, Ы.Дәуренбек, Б.Сүлейменов көтеріліске байланысты көзбен көргендерін, түйген ойларын бөліседі.

Бұған дейін «көтерілісті кім ұйымдастырды?» деген сауал сан мәрте алға тартылып, соңы жауапсыз бітетін еді. Сөйтсек, оның әуелгі қозғаушысы бар екендігін «Жас Алаш» газетінде жарияланған белгілі қоғам қайраткері, заңгер-ғалым, Желтоқсанның ақиқатын ашуға барынша атсалысып жүрген Сабыр Қасымовтың сұхбатынан анық аңғардық. Кітап сол сұхбатпен үндес берілген басқа да материалдармен кім-кімді де қызықтыра түсері сөзсіз.

ӘОЖ 94(574)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-217-559-2 – (Т.2)
ISBN 978-601-217-557-8

© Құраст. Т. Айтбайұлы,
© РПБК «Дәуір», 2016

...Сексен алтыншы жылы желтоқсанда алаңға балаларды ар-намысы алып шықты. Есіңде болсын, қазақ ешқашан «қарным ашты» деп көшеге шыққан емес. Шықпайды да. Қазақтың намысына тимеу керек. Тидің екен, ол – қара бура, тоқтата алмайсың. Желтоқсан оқиғасы соның бір дәлелі.

Н.Д.Оңдасынов.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ

1986-ЖЕЛТОҚСАН: ДАҚПЫРТ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ

Осыдан он жыл бұрын 16-18 желтоқсанда Қазақстан астанасында болған қанды шайқас халқымыздың тарихына тоң-тоң болған шері мен мұңы бар, қатпар-қатпар сыры бар күндер болып мәңгі хатталды. Алайда осы бір тарихи құбылыс пердесі әлі толық ашылмай келеді. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, бейбіт демонстрацияға, манифестацияға шыққан шын мәніндегі реформатор ұрпақтың өкілдерін канға бөктіру процесіне қатысқандар әлі арамызда. Екіншіден, жүйе алғашқы жылдары желтоқсан қозғалысына байланысты негізгі деректерді құртып үлгірді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының арнаулы комиссиясы жүріп жатқан кезде негізгі құжаттардың бірқатарын Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің өртеп жібергені осының бірден-бір айғағы.

Біздің пікірімізді мына құжаттар да растайды: «...іс жүзіндегі маңызын жоғалтуы себепті, жарамдылық мерзімі өтіп кетуіне байланысты «Метель» операциясын өткізу кезіндегі іс-қимыл жоспары вх. № 1095, 27-бет) өртелу жолымен жойылды. Ішкі қызмет подполковнигі А.И.Калинин».

«Қазақ ССР Ішкі істер министрі М. Т. Берсенев жолдасқа: ...үстіміздегі жылдың (1990 ж. – автор) 4 шілдесіндегі әңгімеден кейін Сіздің орынбасарыңыз Э.О.Басаров комиссияны қызықтыратын мына құжатты жою жөнінде жарлық берді: желтоқсан оқиғаларына қатысты адамдар туралы жедел анықтама. Құжаттар 14 шілдеде «іс жүзіндегі маңызын

жоғалтқандығы және тарихи әрі ғылыми құны болмау себепті» жойылған. М.Шаханов».

Үшіншіден, 1986 желтоқсан проблемасын зерттеуге тарихшылар, қоғамтанушы ғалымдар әлі араласқан жоқ. Өйткені фактілер жиналып, одан оқиға, оқиғалардан құбылыс, құбылыстардан тарихи заңдылық өрбіту үшін уақыттық алшақтық керек. «Таудың биіктігі алыстан көрінетіндігі» сияқты оқиға алыстаған сайын оның айшықтары ашық көрінеді. Жайшылықта кеудесін соғып, менмендігін көрсеткісі келетін әріптестеріміздің көпшілігі Алматы желтоқсаны туралы қалам тартуға келгенде күмілжіп, тайсақтап кететіні тағы бар.

Он жыл шыңынан желтоқсан қозғалысына тарихи көзқарас қандай болмақ? Әңгіме міне осы хақында.

1. Желтоқсан – 1986 қалай бағаланды?

СОКП-ның бас хатшысы М.С.Горбачевтің өкілетті елшісі, басқарушы партияның Саяси Бюросының мүшесі М.А.Соломенцев бастаған илеп-билеушілер желтоқсанды «ұлтшыл элементтер», «тобыр», «бұзақылар», «арамтамақтар және қоғамға жат адамдар», «қайта құруға қарсы күштер», «маскүнем, нашақор, көргенсіз бұзақылар», «шектен шыққан (махровый) ұлтшылдық», деп бағалады. 1986 жылы 18 желтоқсан күні СОКП-ның Саяси Бюросы өзінің мәжілісінде «Алматыдағы оқиғаға байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. Сөйтіп, қазақ ұлтының жас реформатор ұрпағының қозғалысын «оқиғаға» сайды. Амал нешік, бүкіл әдебиетте, оның ішінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының арнайы Комиссиясының шешімінде де Алматыдағы желтоқсан қозғалысы «оқиға» болып саналуына, жүйе осылай жол салды, бағыт берді. Бірақ, СОКП Орталық Комитеті бұл берілген бағаға да қанағаттанбады. 1987-жылы шілде айында қабылдаған арнайы қаулысында желтоқсан қозғалысы «қазақтардың орыстарға қарсы шығуы» деп, барша халыққа ұлтшылдық айдарын тақты. Міне, ол осылай өзінің әлем алдында қарабет екендігін танытты.

Желтоқсан қозғалысын әлемдік деңгейге көтеріп, демократиялық жұртшылықтың ниетін оған бұруда америкалық Хельсински тобының еңбегі ерекше. Бұл топ желтоқсан феноменін Михаил Горбачев билікке келгелі

болған халық наразылығының ең бірінші және айқын көрінісі деп таныды.

Алматы желтоқсанын «толқу» деп бағалап, оқиға деген терминді тырнақшаға алып жазды. Алайда сол бір тырнақшаға желтоқсан қозғалысын зерттеушілердің басымы көпшілігі көңіл бөлмеді. Хельсинки тобы Алматы құбылысының «Қазақстан ғана емес, бүкіл Одақ көлеміндегі ірі тарихи «оқиға» екенін көрсетті. «Бұл жаңа кезең, – ол топтың мойындауынша, – әр жерлерде күшпен басылған талай толқуларды тудырды».

Желтоқсан құбылысын зерттеуге ат салысып келе жатқан журналист К. Табеев қазақстандық көзсіз батырдарды 1825 жылы Сенат алаңына шыққан көтерілісшілермен салыстырды. Қазақ декабристері Одақ көлемінде ең бірінші рет бел байлап, Орталықтың отаршыл саясаты мен озбырлығына қарсы үзілді-кесілді бой көтерді, екі оқиғаның арасы бір жарым ғасыр өтсе де уақыт пен құбылыстардың өз ара байланысы барлығына автор баса көңіл бөледі. Журналист Т. Данияров желтоқсан феноменін Одақтың құлауына әкелген 1991 жылғы тамызбен үндеседі деп әділ санайды. «Желтоқсан ызғары» атты еңбектің авторы жазушы Т. Бейісқұлов желтоқсан қозғалысын «Совет өкіметі тұсында бұрын-соңды кездеспеген құбылыс» деп таныды. Автор газет-журнал беттеріндегі жарық көрген материалдарды жинақтап, бір ретке салды. Уытты сөзімен, айбынды үнімен публицист өзінің ізбасар батыр ұрпағына деген сүйіспеншілігін танытты. Еңбекті жоғары бағалай отырып, оның айдарына көңіл бөлгім келеді: «Желтоқсан ызғары». Біздіңше «ызғар» ұғымы бұл құбылыстың сырын аша алмайды. Желтоқсан 1986 – алды дабыл, арты дауыл, үскірік аязға ұласты, елді түнек басты. Желтоқсан арты 1937-1938 ж. сияқты, күрескер ойшыл қауымды жаппай (тотальный) репрессияға ұшыратты.

Желтоқсан – 1986 ісі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы құрған арнайы комиссия ұзақ және негізінен жемісті еңбек етті. (Төрағасы жазушы М. Шаханов) Комиссия құбылыстың қалай өрбігенін, тарих алдында жауапты жандардың қылмысын толық көрсетіп берді. Комиссия отаршыл жүйенің қозғалысты қалай жазалауды ұйымдастыруда асқан «өнерінің» сырын ашты. Қозғалыстың түрі ұлттық

болғанымен оның ұлтшылдыққа ұрынбағандығын, орыс халқына деген өшпенділіктің болмағанын баса көрсетеді. Ол желтоқсан толқуын Одақ көлеміндегі жас, әлі буыны бекімеген демократия мен әкімшіл-әміршіл жүйенің тұңғыш қақтығысы – деп түйіндейді.

Желтоқсан құбылысын Комиссия «толқу», «қақтығыс» деп бағалады. Сөйтіп, ол америкалық Хельсински тобының пікірін қуаттады.

Комиссия еңбегін жоғары бағалау абзал. Ол жүйені айыптады, желтоқсан қозғалысына көптеген деректерді жинады, жаппай репрессияға ұшыраған жандардың есімдерін хаттады, жарасына рухани емшілік етті.

1990 жылы 24 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы «Алматы қаласында 1986-жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі Комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда жастардың «Алматыда болған бой көрсетуі ұлтшылдық сипат алмағанын және бастапқы сатысында заңға қайшы сипатта болмағанын атап өтеді...

Демонстранттармен байланыс жасау кезеңі өткізіліп алғаннан кейін, жағдай шиеленісіп, алаңдағы жастардың бейбіт көңіл-күйін қызбалық пен ұрыншақтық алмастыра бастаған кезде, диалогқа жасалған әрекет мінбедегі үдеткішке шыққан республика басшыларын тікелей қорлау мен бұзақылық қылықтарға ұласып кетті. Заңға қайшы ұрандар айтылып, тәртіп қорғау күштерімен қақтығысу басталды, оларға тас лақтырып, машиналар өртелді және басқа бұзақылықтар жасалды.

Партия органдарының нұсқауы бойынша жұмысшы жасақшыларын таяқтармен, металл шыбықтарымен және кабель кесінділерімен қаруландыру оқиғаларға екі жақтың ұлттық белгісі бойынша тайталасу сипатын берді. Мұның өзі сол күндердегі елеулі саяси қателіктердің бірі болған еді» – деп түйіндеді.

Басқаша айтқанда, Комиссия бір жағынан жастардың алаңға шығуын айыптамаса, екінші жағынан манифестацияның екінші сатысында «қызбалық», «ұрыншақтық», «бұзақылық жасады» деп, Жоғарғы Совет Президиумы билеуші топтың, жүйенің ісін ақтауға тырысты.

Қанды қырғын ұйымдастыру Жоғарғы Совет Президиумының түсінігінде тек қана «саяси қателіктердің біріне» айналды.

Жоғарғы Совет Президиумы кейбір атышулы қолы қанға малынған, есімі қарғысқа шалынған жауапты қызметкерлерді атүсті жазалау арқылы елдің қобалжу көңілін басты. Сонымен «1986-жылғы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында болған оқиғаларға байланысты мән-жайларға түпкілікті баға беру жөніндегі Комиссияның жұмысы аяқталды деп танылсын» – деп, даулы істі жылы күйінде жапты.

Бұл арада Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы өз қаулысында комиссияның мына бір тұжырымдарына сүйенді: «Демонстранттардың бір бөлігінің іс-қимылы заңды тәртіп шеңберінен жиі шығып отырды. Республика басшыларымен сөйлесуге әрекеттер жасалған кезде демонстранттар оларға сөздерінің саяси мәдениеттіктің жоқтығын білдіріп, сабырсыздық, өрескел дәрежелік көрсетті, тіпті тікелей қорлауға және бұзақылық әрекеттер жасауға дейін барды. Тәртіп қорғау күштеріне бағынбай, оларды қорлады, олармен қақтығысып, төбелесті, тас лақтырып, олардың денесіне жарақат салды. Заңсыз іс-әрекеттерге жауапсыздықпен, арандастырушылықпен шақырулар, автомашиналарды өртеу, үйлерді зақымдау оқиғалары кездесті».

Комиссия, оның төрағасы, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері М. Шаханов жұмысты қиын кезеңде жүргізді, оларға жүйе тарапынан жасалған қысым да аз болған жоқ. Сондықтан болар, Комиссия өзінің бастаған ісінен түпкілікті, баянды түрде қорытынды шығара алмады. Желтоқсан «қақтығысына» біржолата, «түпкілікті» баға беремін деп өзіне орындай алмайтын миссия артты. Өйткені, ең соңғы бағаны уақыт, тарих берері хақ. Комиссия негізінен құбылыстың бетінде жатқан фактілерге ғана көңіл бөлді. Оның әлі талай қалтарыстан да жасырын жатқан фактілері қаншама десенші! Ол ол ма, Комиссия өзі анықтаған фактілердің кейбірін ақырына дейін жеткізіп, бетін ашуға батылдығы жетпеді. Мысалы, 1989 ж. 16 қарашада «Известия» газетінде М.Шаханов өзінің тілшіге берген сұхбатында ұрыс алаңында 168 адамның өлімі барын, «Батыс» бейітінде нөмірі де, фамилиясы да жоқ 58 мола барын хабарлады. «Соңғы 58 адам Ішкі істер министрлігінің

араласуымен жерленген – деп көрсетті. М.Шаханов ССРО халық депутаты ретінде берілген сұхбатында «үш адам алаңдағы, қаладағы қақтығыстарда қаза тапты. Бұған Ішкі істер министрлігі мен Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің органдары қатысты деп ойлауға бізде негіз бар. Желтоқсан оқиғаларынан кейін жыл бойы Ішкі істер органдары фамилиясын, тіпті нөмірлерін көрсетпестен тағы да 58 адамды көмді деген күдігіміз бар» – деп тағы да мәлімдеді. Алайда кейін комиссия қорытындыларында бұл деректер келтірілмеді. Шамасы «М.Шаханов «өлікті көтерер болсаң, басқа бір себептермен өзің өлесің» – деп алған аты-жөні белгісіз хат комиссия төрағасын жалтарып кетуге мәжбүр еткені байқалады. Сөйтіп, тау мен тастан қайтпаған М.Шахановтың да жүрегі шайлыққаны байқалады.

Желтоқсан 1986 тек Алматы жастарының өнері емес. Ол «Жезқазғанда да, Қарағандыда да 60 адамнан ұсталып, соққыға жығылды, митингілер мен шерулер Талдықорғанда, Арқалықта, Көкшетауда, Сарыөзекте, Талғарда, Павлодарда, Шымкентте және басқа да қалаларда өтті. Олардың қорытындылары бойынша 21 шеруші сотталды».

Ал Комиссия болса, тек Алматы төңірегінен аспады. Желтоқсанның 17, 18 күні Алматы әуежайы ғана 80-нен астам әскер тасыған ұшақтар қабылдады. Ал бүкіл республика бойынша жазалау экспедициясы қалай жасақталды деген сауалға Комиссия жауап іздегені білінбейді. Сонымен бірге республикалық органдар мен Москва аралығындағы шифровкалар толық қаралмағаны көзге түседі. Қалай болғанда Комиссия жұмысының «әттеген-ай» дерлік жақтары бар екені дау тудырмайды.

Біз бұл арада тырнақ астынан кір іздеуден аулақпыз. Сөз жоқ, Комиссия алдындағы негізгі міндетін жүйе әлі күшінде болғанына қарамай орындады, ерлік жасады, жүйенің халық алдындағы қылмысын мойындатты, желтоқсан «толқуының», «қақтығысының» тарихи орны бар екендігін айғақтады. Біз бұл арада тек қана Комиссия сол қиын заманда еркіндік жасай алмағанын, – негізгі түйінді батырып айта алмағандығын, оған шын мәніндегі мүмкіндігі болмағанын, оның объективті себептерін ғана айтып отырмыз.

Желтоқсан – 1986 туралы Талғат Өтегенов пен Тойболды Зейнәбілов құрастырған айғақ-кітаптардың орны ерекше

екендігін атап кету орынды. Олар екі тілде шығарған сол бір жинақтар қолда бар құжаттарды бір ізге салып, желтоқсан қозғалысының дәйекті хроникасын жасауда ерен еңбек еткені даусыз.

Алматы желтоқсан феноменін зерттеуде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаевтың «Жарқын бетбұрыстың жойқын беташары» (1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығына орай)» деген басылымының аяқалысы, шабысы ерен.

Мұнда ең бірінші рет Желтоқсан көтерілісіне Мемлекеттік дәрежеде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының арнайы Комиссиясының шешімін қайта қарауға бағытталған талпынысты көресіз. Автор мақаланың атында көрсетілгендей жойқын құбылыстың қырлары мен сырларын, оның социалистік жүйе құлау тарихындағы орнын, тарихи маңызын, Желтоқсанның себеп-салдарын ашуға ниет еткен. Ең алдымен Әбіш Кекілбаев Желтоқсан құбылысының тұңғыш рет статусын анықтауға ізденіс жасағанын айту керек. Алайда, Әбекең 1986 жылғы желтоқсанға анықтауыш ретінде «Желтоқсан толқуы», «Желтоқсан оқиғалары», «Алматы оқиғасы», «Желтоқсан оқиғасы», «Реформаторлық қозғалыс» сияқты ұғымдарды қаз-қатар пайдаланады. Сонымен бірге автор Желтоқсан 1916 жылғыдай «Орталықтың бір ғана озбырлығын пайдаланып, күллі ұлттық болмысты түгелімен шайқап, жаңа сапалық өреге» көтергені үшін «1986 жылдың Желтоқсан оқиғасын, бәлкім, көтеріліс деп те пайдалануға болады» – деп қарайды. Автор осы ойды өрбітіп былай дейді: «Әрине, көтерілістің классикалық анықтамасы бойынша жаппай етек алу, көтерілісшілер жағынан күш қолдану әрекеттеріндегі ұйымшылдық және көтерілісшілер штабының болуы, материалдық, техникалық, әскери дайындық жасалуы сияқты сипаттар керек. Желтоқсан оқиғасында ондай алғышарттар болмағаны белгілі. Стихиялығына және ұйымдастырылмағанына қарамастан, салдары жағынан өзінен кейінгі бүкіл бір ұлт, бір елдік ауқымдағы әлеуметтік процестерді алдын ала анықтап бере алды. Бұл жағынан ол көтеріліс деуге әбден лайық. Кең ауқымдағы әлеуметтік қозғалыстың басталуына мұрындық болатын осындай көтерілістер де бар. Сөзіміз жалаң болмас үшін, «Батыс

социологтарының беделді өкілдерінің бірі Э.Гидденстің айтқанына назар аударайық. Оның анықтауынша, әлеуметтік қозғалыс дегеніміз – бұл жалпы мүддеге немесе жалпы мақсатқа ұжымдық әрекет арқылы қол жеткізуге тырысқан ұжымдық талпыныс. Оның кейде бұқара желпінісінің әуенімен кетіп, жосықтық ауқымнан ауытқуы да ғажап емес.

...Ал жастардың желтоқсандық бас көтеруінде жалпы мақсат қандай айқын көрінсе, ұжымдық сипаты, бұқаралық стихияның әуенімен кетіп, шектен шыға ауажайылушылықтың да орын алғаны да сондай айқын».

Автор Желтоқсан феноменінің демократиялық, ұлт азаттық реңдегі реформаторлық қозғалыстың жарқын прологы деп таниды. Өз ойын өрбіте келіп Әбекең мынадай түйін жасайды: «Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы одақтас республикалардың Орталық өктемдігіне үнсіз қарсылығына жария сипат бітірді. «Дауыл алдындағы тыныштықтың» астаң-кестеңін шығарды. Сырттай қарағанда мызғымастай көрінетін коммунистік идеологияның сенімінен біржола айырылуын тездетіп берді. Осы орайда қозғалысты, біріншіден, ішкі ұлттық маңызы бар оқиға (ұлттық өзін-өзі тану сезімінің оянуы) ретінде, екіншіден, жалпыодақтық деңгейдегі (одақтас республикалардың егемендігіне серпін берген) оқиға ретінде, үшіншіден, әлемдік маңызы бар (социалистік лагерьдің күйреуінің басталуы) аса салықалы көп сипатты әлеуметтік сілкініс – атышулы тарихи феномен ретінде бағаласа да артық емес».

Белгілі құқыққорғаушы Е. Боннэрдің тұжырымын қолдай отырып, автор Желтоқсан феноменін социалистік жүйенің құлауының екінші циклы 1986 жылдың желтоқсанында басталып 1991 жылдың желтоқсанында өзі бастау алған қалада аяқталғанын атап көрсетеді. Сөйтіп, автор қозғалысқа халықаралық сипат береді.

М.Шаханов өзінің «Известия» газетіне берген сұхбатында (1989, 16 қараша): «Қолға алған жұмыстың нәтижелі де тыңғылықты зерттелуіне жүздеген мамандар, атап айтқанда, заң қызметкерлері, социологтар, дәрігерлер, демографтар, экономистер, саясатшылар, прокуратура, ішкі істер министрлігі өкілдері, мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы қызметкерлері, творчестволық интеллигенция мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, соның ішінде адам құқының

Латвия лигасы, Адам құқы жөніндегі қазақстандық қоғамдық комитеті, «Невада – Семей» қозғалысы, Қазақстан экологиясы және Арал, Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитет, «Желтоқсан» т. б. да қоғамдық комитеттер мен ұйымдар, жекелеген адамдар жанашырлықпен көмек көрсетті».

Егемен елдің Президенті демократиялық жолға түскен қауымның басында бола білді. Ол Алматы, 1986 желтоқсан қозғалысына ыстық ықыласын танытты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде ол туралы былай сыр шертеді: «1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар 100 жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез-келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді».

Желтоқсан көтерілісінің 10 жылдығына арналып, Қазақстан астанасында 1996 жылы қарашаның 8-де өткізілген ғылыми-теориялық конференцияға қатысушыларға жолдаған құттықтауында Елбасы ұлы дүбірдің прологы болған сол бір бетбұрыс белестің тарихи маңызын жоғары бағалады: «Жастардың тоталитарлық жүйеге Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылған қарсы шығуы делінген онда, біздің халқымыздың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы, оның қазіргі әлемдегі өз рөлі мен орнын қайта пайымдауындағы, шын мәніндегі тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке қол жеткізуіндегі маңызды кезең болды».

Өз халқының заңсыз аяқасты етілген құқықтарын қалпына келтіруді ашықтан-ашық талап еткен қарсылыққа қатысқандар жазалау мен қатаң қудалауға ұшырады. Алайда, осы оқиғаларды адамдар санасынан өшіру, бостандыққа, демократия мен тең құқықтыққа ұмтылған қозғалысымызды тоқтату ендігі жерде мүмкін емес еді. Бірнеше жылдан кейін КОКП Орталық комитетінің қазақ халқына нақақтан ұлтшылдық айып таққан белгілі қаулысының күші де жойылды.

Авторитарлық мемлекеттің жария еткен бостандығы мен іс жүзіндегі бюрократтық практикасының арасындағы айырмашылықты өз басынан кешіріп, еркіндік пен ұлттық өзін-өзі билеу жолындағы күрес туын көтергендер ұрпақтардың ілтипатына бөленіп, санасында мәңгі сақталады».

Проблеманың тарихнамасы еліміз тәуелсіздік алған кезден кейін Желтоқсан құбылысын зерделеуде ілгері басқандықты танытады. Сумгаит, Баку, Тбилиси, Вильнюс құбылыстарының тарихы жабулы түрінде жатқан кезінде қазақ сахарасындағы бұл бір талпыныс еліміздегі демократиялық бағытта дамуымыздың айнасы болса керек.

Алматы. 1986 жылғы Желтоқсан – сырлы құбылыс. Қозғалыс тоталитарлық жүйеден тәуелсіздік алуға бет бұрған елдің тарихының бір аумақты, маңызды белесін қамтиды. Ол бір ғана 1986 жылдың астанадағы үш күндік оқиғаларынан тұрмайды, ол бүкіл жүйенің дағдарысы, тоталитарлық жүйе мен балғын демократияның алыс-жұлысы, ескі мен жаңаның күресі, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатыда қалыптасу, өрбу сәті, оның қозғаушы күштерінің шабысы мен табысы, қуанышы мен трагедиясы сияқты келелі проблемалардың диалектикалық ұштасып жатқан әрекеттер мен қарекеттерден тұрса керек. Ендеше, қозғалыс кең, хронологиялық аумақты тарихи процесс, біз сол қозғалыстың (1986 – 1991) тек қана алғашқы сәтін 1986 – желтоқсанның үш күні туралы сөзді әрі жалғастырмақпыз.

Сонымен 1986 жылы желтоқсанда не болды: «Оқиға ма, құбылыс па», «толқу ма», «қақтығыс па», «наразылық демонстрациясы ма, манифестациясы ма», «орысқа қарсы шығу ма», «бұзақы, нашақор жастардың әлегі ме», «ұлтшылдық па, әлде ұлтжандылық, ұлтын сүюшілік қозғалысы ма?», «бунт па», әлде «көтеріліс пе?» – он жыл ішінде қозғалыстың сыры, мәні, қозғаушы күші, тарихи маңызы ашылмай келуі ең алдымен, осы сауалға жауап беруге байланысты екендігін мойындар кез жетті, ағайын!

II. Қозғалыстың сипаты, Желтоқсан көтерілісінің қозғаушы күштері

Желтоқсан 1986 – халықтың жас ұрпағының ұлттық қозғалысы. Ол айдарына қарғыс таңбасы басылған М.Горбачевтың «Қайта құру» бағдарламасын шын мәніндегі

жаңғырту заманасы екен деп алданған ұлттың жас өкілдері еді.

Желтоқсан қозғалысы қаһарлы да қасіретті үш күн кезінде бірнеше сатыдан өтті.

Бірінші саты желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша, сол күні түні қаланың алты оқу орындарының және С.М.Киров заводының 8 жатақханаларында, театр көркем өнер институтының 12 студенттері «арандатуға бағытталған іріткі салу жұмысын жүргізді». Олар «жастарды шеру (манifestация) жасауға көндірді, арандатуға бағытталған ұрандар мен плакаттар даярлап, көшеге алып шықты». Ол бір түнде болған қимыл-әрекет 1979 жылы маусымда Ақмолада (Целиноградта) неміс автономиясына қарсы өткен акцияны еріксіз көз алдына әкеледі...

Желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні толқу Ақмоладағы сияқты студент, жұмысшы жастардың жатақханаларында басталды. Ақмолада түнде жазылған транспоранттармен Алматыда сол түнгі жазылған транспоранттар үндес, тіпті кейбірі сол күйінде қайталанады. Желтоқсанның 17 күні таңертең Алаңға толқын-толқынымен жиналу әдісі де Ақмола оқиғасымен үндесті. Қалай болғанда да сол бір түнгі процестің басталу, өрбу динамикасын қалпына келтіру Желтоқсан тарихының ең бір қиын сәті екендігін мойындау керек.

Желтоқсан қозғалысының сол бір түні жастар үшін толқу, тербеліс, үміт кезеңі болатын.

Көтерілістің екінші сатысы желтоқсанның 17-сі сағат 7-8-ден 18 сағатқа дейінгі кезең, бұл 200-300 адамдық шағын митингілерден мыңдаған адам қатынасқан митингілер, наразылық демонстрациясы, шеруі, демонстранттар мен комсомол, партия басшыларының, жоғары оқу орындарының ректорлары мен декандарының, билік әміршіл күштердің өкілдерімен диалог болған кезең. Бұл әміршіл-командалық жүйе мен жас балғын демократияның бетпе-бет бейбіт жүздесу сәті, арбасу кезеңі. «Ленин идеясы жасасын», «Да здравствует ленинская национальная политика», «Советтік Қазақстан жасасын», «Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған», «Ұлт саясатының лениндік принциптерін сақтауды талап етеміз!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық

берілмесін!», «Каждому народу – своего вождя» деген жастар алып шыққан түбегейлі көкейкесті ұрандар былай алып карағанда марксизм-ленинизмнің қағидаларынан туған еді. Ол шындығында іс пен теорияның арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған-ды. Міне, мұндай демократиялық қойылған ашық та айқынды, айшықты да ұрандар астына реформатор жастар топтасты, олардың қатары 200-300 адамнан он мыңға өсті. Ал америкалық Хельсинки тобының деректері бойынша наразылық жасаушылар қатары 30 мыңға дейін жеткен. Ал Жоғарғы Кеңес Президиумы Комиссиясы демонстранттар қатары түске қарай 5000 адамға жуықтады деп жобалайды. Комиссия қозғалысқа қатысқан адамдардың айтуымен алаңдағы адам кешкі сағат 6-да 15 мыңға дейін жеткен деп шамалайды. Біздіңше, көше-көше бойымен жүрген сәттерінде демонстранттар қатары бірнеше есе өсті. Өйткені, көше бойына шыққандар да өздерін демонстранттар қатарында санады, іштей жылылық танытты, еркіндік аңсаған ұлдары мен қыздарына сүйсінді.

Көтерілістің екінші сатысында болған оқиғаларға зерттеушілер әртүрлі көзқарас білдіреді. Осы бір жүйемен көтерілісшілер бетпе-бет келген сәтте тепе-тең диалог болмау себебін жастарға артушылық жиі кездеседі. Шындығында, билеуші топ Алаңға шығушыларымен, біріншіден, өздерін тең санаған жоқ. Жастарды салған жерден экстремистер деп қарады. Екіншіден, диалогқа бетпе-бет кездескен екі жақ екі тілде сөйледі. Бірі билеуші жақ, тек жастарды Алаңнан таратып, «тәртіпсіздікті» тез жоюды көздеді. Ал көтерілісшілер Орталықтан ұлы державалық өктемдіктен жүргізіп отырған саясатты қайта қарауды талап етті. Ендеше, диалог болуы мүмкін емес еді. Комиссияның төрағасы Мұхтар Шаханов өзінің бір сұхбатында осы бір ситуация туралы былай деп әділ түйіндейді:

«Тарихта тіпті үлкен соғыс өрті тұтанғалы тұрған сәтте екі жақтың ақылды, өрелі азаматтары жүйелі сөзге тоқтасып, тарқасқан мысалдар аз емес.

Алысқа бармай-ақ өзіміздің дана билер, көсем хандардың, көнекөз қарттардың басуымен талай дау-дамай бейбіт жолмен шешіліп келгенін еске алсақ та жеткілікті. Сондықтан Желтоқсан оқиғасын да ушықтырмай шешуге әбден болар еді.

Рас, жастардың алаңға жиналу мақсатын білмей жатып милиция, әскер күштерін асығыс шақырғанымен, республика басшылығы демонстранттармен диалог жасауға тырысып көрді. Бірақ, ол ешқандай нәтиже бермеді. Неге? Себебі, мінберге шыққандар қазақша сөйлегенімен, екі жақ екі тілде әңгімелескендей болды, бір-бірін түсіне алмады. Шығып сөйлеген басшылар бұлайша жиналудың ақылға сыймайтындығын және заңсыз екендігін қайта-қайта еске салып, тарқауды талап етті. Демонстранттардың өкілдеріне жағдайды Орталық Комитетте, болмаса басқа «тыныш» ортада түсіндіруді ешкім де қажет деп таппады. Орталық Комитеттің Пленумының шешімін талдау ішкі партиялық іс мүмкін емес деп саналып, демонстранттардың саяси шешімді түсіндіруді талап ету және халықтың атынан сөйлеу правосы мойын-далмады. Ондаған жылдар бойы әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне еті үйреніп кеткен ескі аппарат қайта құрудың ұшқындары алдымен жеткен жастардың саяси талап-тілегін түсінгісі келмеді. Мұндай жағдайда халықпен жұмыс істеудің нақты әдіс-тәсілдерін білмегендікпен, «еске түскені» ескі әдіс – күшпен басып тастау ғана болды. Сол кездің өзінде жастардың жаңаша ойлауы, азаматтық санасы, үлкендерден көш ілгері озып, республика басшылығына оның экономикасы, мәдениеті, тарихынан хабарсыз адамды отырғызуға болмайтындығын дәлелдеуге тырысты. Бірақ, ол кезде күш тең емес еді. Милицияның сойылы мен солдаттардың сапер күрегі, партаппараттарының шылауында тырп ете алмаған заң органдарының күшімен демонстранттар тек саяси жеңіліс тауып қана қоймай, соңынан әртүрлі жазаға тартылып, заңсыз қуғындауға түсті».

Үшіншіден, бейбіт пиғылдағы жастардың шеруіне «бұзақылық» сипаты бірден таңылды. «Балалар бақшасын қиратты», «Балалар әлемін» талқандады, «орыстарды ұрды» деген өсектер жастарға провакациялық әдістермен таңылды. Сөйтіп, жүйе бірден күш қолдануға сынықтан сылтау іздеді. Төртіншіден, жастар арасына «тіс қаққан», «әккі» қулар жіберілді, міне, солар қызба жастарды провакация жасауға итермеледі. Тастүйін ұйымшылдықты көрсеткен шерушілер Алаңға келіп шашырағанда көтеріліс лидерлері шашыранды кимыл-әрекеттерге ықпал жасай алмай қалды.

Желтоқсан қозғалысының III сатысы бұл баррикаданың екі жағындағы күштердің арбасудан алысуға, текетірестен сүзісуге, жұлысуға ұласуы, қозғалыстың бунта-стихиялық көтеріліске айналу сәті, жүйенің қарулы жазалаушы отрядының күш жұмсап, наразы топты еріксіз қорғаныс жасауға, күшке күшті қарсы қою кезеңі. Бұл 17 желтоқсанның 18 сағатынан 18 желтоқсан күні болған 3 штурм, 20-дан астам текетіркес кезінде қарулы күштің (29 қыркүйек, Алматы. 1986. Желтоқсан. Айғақ-кітабы) саперлық шағын күректерімен, темір шыбықтарымен Алаңдағы бейбіт халықты дүрелеуі, жастардың айбат шегу, көше тастарын, қабырғаға жапсырылған мрамор плиталарымен, таякпен қорғаныс жасауынан тұрады.

Жүйе жазалау армиясын жасақтады. Осы уақытқа дейін оларды «усмирители» – «жуасытушылар» деп қарап келінді. Шындығында олар «жазалаушылар» – «карательдер» еді. Жазалаушылардың қатары американдық Хельсинск тобының шамалауынша 50 мың әскерден (армия және ішкі әскер), 20 мың милиционерден құралған. Токтар Бейісқұлов Алаңда 50 мың әскери адамдар, 20 мың милиционерлер, 16 мың жасақшылар болды деп көрсетеді. Ал М. Шаханов бастаған Комиссия 5700 әскері бар Алматы гарнизоны, ССРО Ішкі Істер министрлігінің арнайы әскері – 5449 әскер бөлімі (ә/б), Алматыдан 7552 ә/б, Қаракемерден (Алматы облысы) 6654 ә/б, Фрунзеден әкелінген 5450 ә/б, Ташкенттен 3408, 5452, Челябинден 5426 ә/б, Новосібірден 5427 ә/б, Уфадан 5424 ә/б, Свердловскіден, Тбилисиден келген 2169 адам, жұмысшылар жасағы 10 мыңнан 15 мыңға дейін, баршасы 19 мыңнан 24 мыңға дейін қатысты, – деп көрсеткен. Бұл арада түсініксіз бірнеше жайлар бар. Алаң үш шеңберлі құрсаумен қоршалғаны даусыз. «Жасақшылар» екінші шеңбер 16 мыңнан 20 мыңға дейін. Ал Алматы гарнизоны 5700 әскер болса, сырттан әкелінген әскер саны он мыңға жуықтауы керек. Алматы әуежайында істеген азаматтың айтуынша, 17 желтоқсан күні астанаға 80-нен астам ұшақтар келіп қоныпты. Орта есеппен әскери транспорт ұшақтары 70-80 адам алатын көрінеді. Ендеше, Комиссия деректері сырттан келген жазалаушы экспедицияның санын 2-2,5 есе кемітіп отыр. Комиссияның жүйе даярлаған, жан-жақты тексерілмеген деректерді алып, соны шындыққа сайып

тұрғаны анық байқалады. Жастарды үш қатар қоршап тұрған жазалаушылардың әр шеңбері 20 мыңнан кем болмағаны байқалады.

Жазалаушы армияның бір қанаты «жасақшылар». Москваның жіберген көк тұқыл губернаторы Г.Колбин орыс жұмысшыларының қолына ұшы істік аюға аңға шығатын айыр темірлермен, кабельдермен қаруландырды. Кейін осы бір қарулар суретке түсіріліп, демонстранттардың «қаруы» ретінде елге көрсетілді, тергеу жұмыстарында «нақты айғақ» ретінде пайдаланылды. 23 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында арсыз М. Соломенцев:

«...Ұшы өткірленген бұндай темір кесінділерінің бір ұшына қолдан түспеу үшін ілгек жасалынған. Онымен адамды бір ұрып-ақ өлтіруге болады. Барып тұрған жауыздық қой. Оларды жасау үшін уақыт керек» – деп тексеріс органдарында өздері жасаған қылмысты жастарға аударудың амал-айласын көрсетті. Екіжүзді қанішер-палач екендігін М.Соломенцев осылай тағы да танытты.

Адам аулауға шыққан қаражүздіктерді келімсек Г.Колбин ұялмай-қызармай «жасақшылар» отряды деп атады. Сөйтіп ол көтеріліске қатысқан қазақтарға орыс жұмысшыларын қарсы қоюы ұлтшылдықтың ең барып тұрған шыңы еді. Бұл 1905-1907 ж. патша охранкасы құрған қаражүздіктер – черносотенцы сияқты принциппен құрылуы Г.Колбиннің охранка тәжірибесін жақсы білетінін көрсетсе керек. Ал қаражүздіктер болса еврей қырғынын, армянтүркі халықтары арасындағы қақтығыстарды қолдан арандату арқылы ұйымдастырғаны, ұлтаралық өшпенділікті қолдан жасағаны белгілі. Қазақстан тарихында орыс-казактардың қолына қару беріп, 1916 ж. азаттық соғысына шыққан халықты патша өкіметі қан-жоса қылғаны бар емес пе? Онда казак-орыс жасақшыларына Жетісудың губернаторы, Түркістан уалаятының генерал-губернаторы, Түркістан Эпархиясы батасын беріп, христиандардың мұсылмандарға қарсы соғысын жариялаған-ды. Сөйтіп ол тек қана ұлтшылықтың ғана емес, діни соғыс сипатын көрсеткен-ді. Қалай болса да Орталық, оның бірден-бір өкілі көк-тұқыл Г.Колбин патша заманасының ұлт саясатының ең жексұрын түрін осылай жандандырды. Мұны біз түгіл, біздің болашақ

ұрпақтарымыз білуі абзал. Амал нешік, зерттеушілер, оның ішінде аты шулы Комиссия да жазалаушы отрядтың осы бір сипатына көңіл бөлмеді.

Жазалаушылар қатарының 7%-і қазақ. Ал Ішкі істер әскерінің милиционерлерінің саналы тобы іштей күреске бел байлаған жастар жағында болды. Кейбір жерде ұлттық принциппен бөлінген жазалаушылар арасында қақтығыстар болды. Автобуска мінгізіп алып бара жатқан жастарды қазақ милиционерлері қалтарыста шығарып жібергені туралы деректерді ел аузынан да жиі естуге болады. Жастар арасында арандатушы «жансыздар» көп болды, олардың кейбірі орысқа ұрандар тастады. Еліріп қызған жастардың кейбір тобы жатақханаларға, аудиторияларға баса-көктеп кіріп, күшпен жастарды көшеге шығарды. Бұл жағдай билеуші топтың қолында желеу болды, олар зорлық-зомбылықты, ұрып-соғуды, мертiктіруді үстемелеп жасауға әкелді. Жазалаушылар көшеде бейсауыт келе жатқан қазақтарды ұстады, аулаларда ойнап жүрген жасөспірімдерді машиналарға тиеп, дүре соғатын, жазалайтын, не айыптайтын пункттерге тасыды. «Ұлттық белгімен адамдарды аулау» етек алғанын Қазақ ССР Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал В.М.Мирошник кейіннен мойындады.

Қалай болғанда да жүйе, оны СОКП-ның саяси Бюросының мүшесі М.А.Соломенцев бастаған, М.Горбачев қостаған басқарушы тобы бейбіт демонстрация мен манифестацияны «қууға», «алаңды тазалауға» емес, қанды шайқасқа, қантөгіске даярлағаны күмән тудырмайды.

Жазалаушылар «Метель-1986» атты әскери операцияға даярланды, ол жаумен емес, өз халқын жау еткен ол өз халқына қорқау қасқыр болып шапты.

«Комиссияның» шешімінде осы бір басы ашық, анық істі «в 18.00 по приказу Князева Г.Н. солдаты в касках со щитами и дубинками начали разгон демонстрации», «в течении вечера (4-4,5 часов) прошло около 20 «волн» оттеснения – вытеснения», «в 23.30 – 24.00 проведена операция по разгону демонстрантов с применением малых саперных лопаток, дубинок, служебных собак» – делінген. (Қараңыз: Заключение комиссии Президума Верховного Совета КазССР по окон-чательной оценке декабрьских событий 1986 года в Алма-Ате и других областей Казахстана», с. 12-13).

Шынында да, «оттеснения – вытеснения», «разгон» деген ұғымға жазалаушылар қандай мән бергенін айту керек емес пе еді. «23.00 – 0.45 **жастарды алаңнан шығаруға байланысты операция**. Күректер, тоқпақтар, иісшіл иттер қолдана бастады. Қуу, таратудан соң қар үстінде азаматтық киімдегі 150-ден астам адам қалды» – дейді Комиссия өзінің қорытындысында. Ал егер 150 адам ұрыс алаңында серейіп жатса, қалай «жастарды алаңнан шығаруға байланысты операция» болады? «Қуу, таратудан соң» 150 адам не өліп, не мертiгiп, жаралы болып, қансырап жатса қалай ол жастарды «тарату» операциясы атану керек? Сөз жоқ, бұл қанды қырғын, жастарды апатқа ұшырату операциясы, бұл этноцидтің сойқан түрі. «Коммунизм», «социализмнің» қасиетті идеяларын жамылып, тағылық көрсеткен озбыр, жендет империяның әккі ісі.

Мен бұларда Комиссияның пайдаланған құжаттарының ықпалында қалып, тебірену аясының тар болғанына қынжылыс білдіргім келеді.

Комиссия сол қаһарлы да қасіретті екі түннің хроникасын былай қалпына келтіреді.

«Жастардың алғашқы топтары 17 желтоқсан күні **танертеңгі сағат 7-8-дерде** ұзын саны 200-300 шамалы адам Орталық Комитет пленумының шешіміне қарсылықтарын білдіретін ұрандармен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті үйі алдындағы алаңға жиналды.

Қазақстан Орталық партия комитетінің келісімі бойынша алаңды тәртіп сақшыларының және ішкі әскерлердің күшімен қоршап ұстауға шешім қабылданды.

10 сағат 30 минутта Алматы гарнизоны бойынша № 1 жауынгерлік әзірлік жарияланды. Темір жол вокзалдары мен аэропорт жабылды. Шеруге шығушылардың араларына барып, түсінік жұмысын жүргізу қажет деп табылды.

Демонстрация бейбіт саяси қарсылық тұрғысында болатын. Жұртшылық Г.В.Колбинның сайлануына риза еместіктерін білдірді, өз алдарына Д.А.Қонаевты шығаруды талап етті, өмірдің ауыр элеуметтік жағдайларын, тұрғын үй алудың, жұмысқа тұрудың қиындықтарын, ана тілінің қолданылу ауқымының тарылып бара жатқанын айтып, реніштерін білдірді. Адамдар қолдарына Лениннің портретін ұстап, халық әндерін айтып, қарусыз жүрді. Басқа

халықтарға қарсылық байқалмады, мемлекеттік құрылысқа нұқсан әрекеттер болған жоқ.

11 сағат 30 минутта шерушілер алаңнан шығып, қала көшелеріне бағыт алды. Колонналарды, Ішкі істер министрлігінің және олардың бөлімдерінің қызметкерлері алып жүрді.

13 сағат 30 минутта демонстранттар шеруі жол бойындағы автомобильдерден қойылған бөгеттерден өтіп, алаңға қайта оралды. Олардың саны 1400-ден 5000 адамға дейін жеткен еді. Ол кезде алаңға қала көшелеріндегі шеруге қатыспаған, демонстранттарды қызықтаушы жүргінші жастар жиналып қалған. Бейбітшілік көшесін бойлай ҚазМУ калашығы жақтан үлкен жастар колоннасы шықты...

Алаңды қоршап алып, ешкімді шығармай, ешкімді кіргізбей ұстауға бұйрық берілді. Алаңға бет алған демонстранттардың жаңа топтары қоршауды бұзып кіріп, қақтығысулар басталды. Қоршаудың ішіндегілері сырттан жаңадан келгендердің бұзып кіруіне көмектесіп, арада қайшылық туды.

Ішкі істер министрі Власов СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының келісімімен Алматыға еліміздің сегіз қаласынан ішкі әскерлердің арнаулы бөлімдерін әкелуге бұйрық берді.

Алаңға әскери бөлімдер әкелінді. Киім үлгілері темірсауыт, темір қалқан, резеңке қолшоқпар. Екі арнаулы машинаға түтіндеткіш қорапшалар, белгі беру ракеталары, көзіңнен жас парлататын «Черемуха» газы, соғыс патрондары сияқты арнаулы керек-жарақтар тиелген. Әскери бөлімнен ізшіл-қызмет иттер бөлімшесі де жеткізілді.

15 сағат пен 17 сағатқа дейінгі аралықта мінбеге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері шығып сөйледі. Олардың жастарды таратуға шақырулары айқай мен ысқырықтың астында қалды. Мінбеге қарай қар қиыршықтары, мұз кесектері ұшты.

Демонстранттар мінбені қорғаушы солдаттар мен курсанттарға тіл тигізді, бас киімдерін ала қашты. Милиционерлер тобырдың белсенділерін қолға түсіре бастады, тобыр оларды құтқарып қалуға ұмтылып, ұрыс-керіс басталды.

Солдаттар берілген бұйрық бойынша оларды алаңға қарай ығыстырды, тобырдағылар солдаттарды таспен, кесек

топырақпен, үй қаптауыш мәрмәр сынықтарымен атқылап, адамдар жараланды.

17.00 сағатта алаңға ССРО Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің сапер күректерімен қаруландырылған Алматыдағы жоғары курсант-шекарашылар училищесінің саны 600 шамалы құрамы келіп жетті. Шекарашы-курсанттардың Алматыға әкелінуіне бұйрықты Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің төрағасы Мирошниктің өтініші бойынша ССРО Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің төрағасы Чебриков берді.

18 сағатта Қазақ ССР Ішкі істер министрі Князевтың бұйрығы бойынша темір қалпақ киіп, қолдарына қалқан ұстаған солдаттар демонстранттарды резеңке қолшоқпарымен ұрып, алаңнан қуалай бастады. Адамдар тұс-тұсқа қашты, бірімен-бірі сығылысып, басып-жанышталды, тобыр жан ұшыра қорғанып, ағаштарды сындырды, ғимараттардың қабырғаларындағы қаптауыш мәрмәрларды талқандады. Әскерлерге қарай ағаш кесінділерін, тас кесектерін лақтырды, «жедел жәрдем» машинасы екі жақтың жараланғандарын тасымалдаумен болды. Мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп, Камалиденов, Елемесов, Басаров сөз сөйлеп, жиналғандардың тезірек тарап кетулерін өтінді, болмаса күш қолданылатынын ескертті. Митингіге шығушылар мен правокорғау органдары қызметкерлері арасындағы жұлыс-керіс қиян-кескі төбелеске ұласты.

21.00–22.00 сағаттарда алаңға арнаулы құрал-жабдықтармен әкелінген машиналар лақтырылған тастың астында қалып, қорғаушылары қашып құтылды. Арнаулы құрал-жабдықтар алаңдағы жұртшылықтың қолына түсті.

22.00 сағатта Ішкі істер министрлігі өрт сөндіру басқармасының бастығы полковник Абдулманов алаңнан халықты қуып шығу үшін өрт сөндіргіш машинаны пайдаланылсын деген бұйрық алды. 20 машина лафетті ұңғыдан су шашып, жұртшылыққа қарай лап қойды. Қалың тобыр машиналарды таспен атқылады, соның нәтижесінде 30 өрт сөндіруші жарақат алды.

23.30–24.00 сағат аралығында демонстранттарды кіші сапер күректерімен, резеңке қолшоқпарлармен ұрып-соғып, қызмет ітіне талатып қуалау операциясы жүзеге асырылды. Операция аяқталған соң алаңда асфальт үстінде қанға

бөгіп құлап жатқан адамдар машиналарға тиетіліп әкетілді. Алаң тазарды. Жакын маңдағы көшелерде, үйлердің кіре беріс алаңқайында, жатақхана айналасында бас сауғалап жүргендерді итпен қуып ұстап, жазалау жалғаса берді». (Комиссия қорытындысынан).

Бұл деректерден қандай қорытынды жасауға болады?

1. «Метель-1986» операциясы «демонстрацияны дүркіретіп тарату», «ығыстыру – итеріп тастау» операциясы емес. Бұл ойластырылған, билік пирамидасының барша сатысымен келісіп жасалған мемлекеттік дәрежедегі әскери-саяси авантюра деп бағалау орынды;

2. Комиссия көрсеткендей, «Метель-1986» операциясы «жалпылама тәртіпсіздікпен», «тобырмен» күрескен жоқ, ұлттық еркіндікті аңсаған, оның өзін-өзі билеу құқын талап еткен реформаторлар ұрпағына ашылған жазалау қырғын. Ал ол қанды қырғынды бастау үшін жазалаушылар демонстранттар қатарына сыналап кіріп, олардың жетекшілерін ұстай бастады, «ығыстыру», «итеріп тастау» толқындарын ұйымдастырып, жастарға қол жұмсап ызаландырды, намысына тиді. Сөйтіп авантюра арқылы қарусыз жастарды қорғанысқа мәжбүр етті: демонстранттардың қолына тас, мрамор сынықтарын алудан басқа амалы қалмады. Қорғаныс барысында олардың арасындағы жансыздар да жазалаушылар қару жұмсауға мүмкіндік жасау үшін шектен шыққан қимыл жасауға албырт жастарды итермеледі. Басына, иығына күрек тиген, жонына шоқпар батқан жастар бойынан атқылап, шымшып аққан қанға қарамай, ойламаған жерден (стихино) арпалыса алысты. Комиссияның қортындысында көрсеткендей, олар жазалаушылардың техникасын қолға түсірді.

Комиссияның қортындысында бұл туралы былай делінген: «вдоль площади, в сторону жилых домов, трибун, здания ЦК полетели ручные дымовые гранаты, шашки, сигнальные ракеты, взрывались брошенные в костры боевые патроны» (Заключение Комиссии, с. 12). **«В результате массовых** (астын сызған М.Қ.) сожжено 11, повреждено 24 транспортных средств, выведено из строя 39 автобусов и 33 легковых такси, нанесен материальный ущерб – 13 общезжитиям, 5 учебным заведениям, предприятиям торговли, 4 административным зданиям» (Там же, с. 15). Жазалаушылар

7552 7/6 барлық қару-жарағымен әкелген-ді. Олар патрондары, жарық беретін ракеталары, түтін шашатын гранаталары, «Черемуха» деп аталатын газы бар балондары бар машиналармен алаңға келген-ді. № 99-90 машина арпалыс кезінде қолға түсіп, жандырылып жіберілді. Республика прокуроры Г.Б.Елемесовтың айтуынша заң қорғау қызметкерлерінің 772-сі жарақаттанды. Республика Жоғарғы Советінің сессиясында Комиссияның алғашқы төрағасы Қ. Мырзалиев денесіне таңба түскен милиционерлер, солдаттар және жасақшылар саны 604 адамға жеткенін айтқан. Кейін М.Шаханов басқарған Комиссияның талап етуімен Қазақ ССР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Э. Басаров берген анықтамада жарақат алғандардың саны 1214 адам, оның ішінде 773-і милиция қызметкерлері мен әскери адамдар, 441-і жай азаматтар белгіленген. Ал М.Шаханов жалпы жараланғандар санын 1772 адам деп көрсеткен.

Мұның бәрі айқастың шын мәнінде өмір мен өлім үшін болғанын дәлелдейді. Ендеше бұл жай толқу емес, «ығыстыру емес», «демонстранттарды алаңнан итеріп тастау емес», нағыз барып тұрған қарулы әскерге, жазалаушы экспедицияға айбар көрсеткен, қайрат көрсеткен, жаға жырттықан, бас жарған, қол сындырған күрес.

3. Жазалаушылар көтерілісті жаншуға ұластырды, авантюраны өздері қолдан жасады да, оларды жазалады. Жедел көмектің 20 бригадасы сабылып, қаланың денсаулық мекемелеріне 540 жараланғандарды әкелді, 204 адам госпитальға жатқызылды, 1700 адам жарақаттанды. Ал шын мәнінде емханаға қорқып көріне алмағандар саны көрінгендерден бірнеше есе артық болуы мүмкін. Жоғарғы Совет Президиумының Комиссиясы ұсталғандар санының 8500-ге жуық адам екенін анықтады. Ал, Прокуратура 5324 адамнан, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 850 адамнан жауап алған. 99 адам сотталып, екеуі ату жазасына кесілген.

243 адам бас пен мойнынан жараланған. Бұл күректен, шокпармен сабалаудың нәтижесі екені айдан анық. Көптеген адамдар қолдарынан жарақаттанған. Олар басын сақтап, қолдарын қалқан қылған сәтте жазалаушылардың қаруы жілікті не сындырып, не жарып жіберген.

4. Қанды қырғынға қазақтар ұшырады. Милиция бөлімдеріне әкелінген 2400 жастардың 2302-сі қазақ еді.

Хельсинк тобы госпитальға жатқызылған 369 адамның 363-і қазақ екенін атап көрсеткен. М. Есеналиевтің желтоқсанның бұрқасыны ұлттық сипат алғанын айтуы да осыдан. Сонымен көшеге демонстрацияға шыққан ұлттық жас балауса өкілі бостандықты аңсады, ұлттардың өз еркімен жақындасуын қалады, ұлттың өзін-өзі билеу құқын жақтады, ұлы державалық, империялық өктемдікке қарсы шықты. Билеуші топ, одан қалды барша жүйе оларды күстаналап, ұлтшылдыққа ұрынған бұзақылар деп айыптап, қанға бөктірді. 1905-жылғы қанды жексенбінің кебін Алматы жастары киді. М.Горбачевтың «қайта құру» идеясына алданып, сеніп қалған жастар замана өзгерген екен, демократия орнаған екен деп жапа шекті. 1979-жылы Целиноград оқиғасындай бейбіт жолымен проблеманы шешуге болады деп алданды.

В.Даль өзінің «Толковый словарь» деген атақты еңбегінде «бунт» деген ұғымға «бунтовать, крамолить, мутить, побуждать к возмущению восставать скопом против законной власти, быть участником возмущения или заговора и мятежа», – деп анықтама береді. «Бунтовщик, – деп жазады В.Даль, – участник мятежа, словам и делом, заговорщик, крамольник мятежник, возмутитель». Ендеше 1986 жылы Алматы желтоқсаны бунт болып басталды, халық баршасы жиналып заңды өкіметке, билік жүргізуші Коммунистік партияға наразылық білдірді, енді халық пікірін, айбынын танытуға шақырды. 1986 ж. Желтоқсанның 17-күнгі кешкі сағат 6-ға дейін бейбіт халық толқуы болды. «Мятеж – возмущение, смятение, восстание, народное восстание, крамола, бунт, заговор на деле; общее непослушание... мятежная толпа, ум. мятежный дух непокорный. Мятежник... восстающий против правительства» – дейді сөз тәркінін танушы В. Даль. Ендеше, халықтың бұл көтерілуі, өкімет күшіне қарсы күш қолдануы, жалпылама бой ұсынудан шығуы 17 желтоқсанның сағат алтыдан кейінгі қанды қырғынға қарсы соғысы – стихиялық, қорғаныс бағытындағы көтеріліс еді. Сонымен 1986 жылы – Желтоқсанда реформаторлық пиғылдағы жастарды жүйе амалсыз өкіметке, партияға қарсы шығуға, көтерілуге – көтеріліске шығуға мәжбүр етті. Жазалаушы экспедиция әу дегеннен көздегені жастарды шектен шығару еді, сөйтіп қанды қырғын жасау еді.

Жүйе өз мүддесіне осылай жетті. Бірақ, Алматы желтоқсаны жүйенің де түбіне жетер күні әлі алда еді.

Фактілер желтоқсан қозғалысына қазақ жастарының шыққандығын көрсетеді, америкалық Хельсинки тобы олардың орта жасы 25-те екенін растайды, жазушы Т.Бейісқұлов «Желтоқсан ызғары» атты еңбегінде 99 сотталған жастар туралы деректер береді, олардың 23-і әйел, 40-ы жұмысшы, 47-сі студент-жастар, милиция пунктiне әкелiнгендердiң 1163-і жұмысшы жастар, ал Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне әкелінгендердің 87-сі студент, 57-сі қызметкер, 102-сі жұмыссыздар.

Желтоқсан 1986 – жастар қозғалысы, болашаққа үміт артқан ұрпақ қозғалысы, бұл бір, олардың құрамында жұмысшылар, қызметкерлер, жоғары және арнайы орта білім алу жүйесінде оқитын студенттер бар, көтерілісшілер қазақ қауымының қалыбы сияқты, ұлтымыздың 80 проценті ауылда тұратыны белгілі, «Декабристер» де солардан шықты («Комсомольская правда», 1990, 2 қыркүйек). Ендеше, «Желтоқсан 1986» қозғалысының қозғаушы күші – халық, демок. Бұл екі. «Желтоқсан 1986 – қозғалысы тек қазақтардың ғана әрекеті емес. Шеруге шыққандар қатарында орыс, ұйғыр, татар, қырғыз, шешен, армян, түрікмен, башқұрт халықтарының өкілдері бар. Әрине, он-он бес мың адамның ішінде олар аз, бірақ бар. Осы бір факт, ұлттық қозғалыстың демократиялық пиғылдағы басқа халықтардың өкілдеріне де ықпалы бар екендігін байқатады. Бұл үш.

Сонымен, 1986 ж. желтоқсанда демократиялық-ұлттық қозғалыс өрбіді. Оның қозғаушы күші болып, демократиялық рухты басшылыққа алған ұлттың барша тобынан шыққан реформатор жас буын еді. Бұл қозғалыс қоғамның даму барысында қалыптасып, пісіп-жетілген-ді. Оның шығу, өрбу себебі – жүйенің шала дүмбілездігінде, оның империялық, – тоталитарлық, казармалық табиғатында жатыр, кейбір авторлар Д. А. Қонаевты бірінші хатшылықтан алып тастау ұлттың қабырғасын қайыстырып, көшеге жастар сол үшін шықты, – дегендей, пікірлер айтады. Сөз жоқ, Д. А. Қонаевқа жасалған қатыгездік елді тебірентті. Бірақ ол жараны тек ушықтырған оқиға еді, зерттеушілердің бір тобы себеп пен сылтауды, жебеуді орын ауыстырып қателеседі, шын мәнінде қозғалыс империяға, оған тән мерездерге қарсы болған-ды. Қозғалыс – демонстрация, манифестация, бейбіт диалог түрінде өрбіп, соңғы сәтінде – көтеріліске ұласты, басқаруы

сай қарулы күштің иесі мен жүйе қаражүздіктердің әдісімен ешбір күнәсі жоқ жастардың қанын жосадай ағызды, сондықтан қозғалысты «Желтоқсан 1986 – көтерілісі» деп атауға да әбден болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткеніндей, желтоқсан қозғалысы ұлт-азаттық тарихында ерекше орын алады.

XX ғасырда ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатысы басталды. Оның басы-қасында «Оян, қазақ» ұранымен шыққан, демократиялық Ресейдің құрамында қазақ елін европалық жолмен дамытуды, жаңғыртуды көкसेген реформатор (Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай) бастаған ұрпақ еді.

Бұл ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу кезеңінің басы еді. 1916–1937 жж. қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының сергелдең кезеңіне түсті, ұлт қырғынға ұшырады, оның рухының қаймағы, маңдай алды өкілдері жойылды. Ұлт-азаттық қозғалысы өз қанымен тұншықты. Алайда халық өзінің жауынгерлік рухын жоғалтпады, 1916, одан қалды шаруаларды күшпен зорлап ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам адам көтеріліске шықты, соғыстан кейін халық өзінің жарасын жазды, күшін жинады, біртіндеп ояна бастады. Бұл процестерді рухани өмірдің көсемі – зиялы қауым басқарды. Желтоқсан дүбірі кезінде Алматы құрылыс-энергетика техникумының III курсының студенті Жамбыл Тайжұмаев жандырған машинаның қасында І.Есенберлиннің «Көшпенділерін» көтеріп тұрғанын жазады. Шындығында да М.Әуезовтың «Абайы», С. Мұқановтың «Мөлдір махаббаты», «Жұмбақ жалауы», «Балуан Шолағы», «Менің мектептерім», Олжас Сүлейменовтің «АзиЯсы», Ғ.Мүсіреповтың өшіп бара жатқан қазақ тілін қорғап жасаған баяндамасы, Ж.Молдағалиевтың, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбаевтың шығармалары, Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдарында» т.б. еңбектері жастарды оятты, ұлттық саңа сезімін қалыптастырды.

Жас ұрпақ ұлттың басына түскен геноцидті түсіне бастады, 1930-1962 жылдардағы Европа бөлігінен шұбырған 3 млн. 950 мың халықтың қазақ жерін басып кеткенін көрді. Коммунизмнің ұлы құрылыстары, тың көтеру желеуімен іс жүзінде ұлтты орыстандыру жүрді, өз елінде халық жатаққа, өз отаны – өгей елге айналды. Елдің өндіргіш

күштері тек шикізат өндіру бағытында дамыды, қазақ мемлекеттігі Ахмет Байтұрсынов айтқандай «қуыршақ республика» дәрежесінде қалды. Орталық қазақ сахарасының саяси, экономикалық, экологиялық өміріне ұлы державалық тұғырдан қарады. Аралдың құрғауы, Балқаштың суалуы, Семей полигоны, қазақ даласының ядролық, бактериологиялық, химиялық полигонға айналуы әлемдік апатқа айналды, қазақ елін ұзақ жылдарға созылған қасіретке батырды. Қазақ елінің оңтүстігін Өзбекстанға беруі, Каспий жағалауына Түркменияны дәмелі етуі, тың өлкесін Ресейге қосуға әрекеттену, Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты бар Гурьев, Орал облыстарын Орынборға қосып, іріленген экономикалық аудан жасауға талпыныс – осының бәрі қазақ мемлекеті жерінің тұтастығына сұғанақтық жасаудың сан түрлі зымияндық жоспарының біз білетін ғана бөлігі болатын. Ж.Қуанышалиннің желтоқсан қозғалысының тамыры тарих қойнауында екендігін айтуы өте орынды. Шын мәнінде жас ұрпақ – жаңаруды, жаңғыртуды армандаған күрескер ұрпақ орыс халқына қарсы болған жоқ, ол өз халқына деген сүйіспеншілігін, ұлттық арын, бостандығын қорғады, оны күн тәртібіне қойып, Одақтың шеңберінде демократиялық жолмен шешуге шақырды. Міне, осылай ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатысы өрбіді. Бұл қозғалыс 1986 ж. желтоқсан толқынымен Одақ көлемінде басталды да, Одақтың құлап, ыдырап, республикалардың егемендігімен аяқталды. «Сөйтіп, Қазақстан желтоқсаны Одақ желтоқсанына айналды, республика шеңберінен шығып, Евразиялық сипат алды.

В.И. Ленин орыс декабристері А.Герценді оятты, ол болса өзінің үгіт-насихатымен орыс халқының азаттық қозғалысының болашақ ұрпағын тәрбиеледі, – деп көрсеткеніндей, қазақ декабристері бүкіл Одақты оятты. Балтика өңірі, Кавказ, Орта Азия халықтары болашаққа жаңа биіктен қарай бастады. Желтоқсан 1986 – қазақ халқының күрескер халық екенін танытты, бостандық үшін жанын пиде етуге даярлығын көрсетті. Империяның үстемдігіне тықыр таянды, оның астына қызыл су жүгірді. Бостандық, егемендік таңы сібірлеп ата бастады. Міне, осылай Алматы желтоқсаны халқымыздың жаңғыру, қайта түлеу, ел болып, ірге көтеру кезеңін бастады, ұзаққа созылған депрессия тоқырау заманасына күн туды.

Карлейль айтқандай, төңкерісті идеалистер жасайды, фанатиктер іске асырады, ал оның жемісін алаяқтар жейді, қызығын көреді, – дегендей, жаңа жаңғыру заманасының қызығын еліміз көргей. Ұлы дүбір сапары сәтті болғай дегін келеді. Қазақ декабристерінің көрген қасіреті, олардың төгілген қаны, олардың ерлігі тарих төрінен орын алып, қошеметке бөленуі – ел парызы.

ТҮЙІН

1. 1986 ж. Қазақстан желтоқсаны Ресейдегі 1905 жылды еске түсіреді. Онда Санкт-Петербургта қанды жексенбі болса, Москвада – желтоқсанда қарулы көтеріліс болды. Алматыда осы екі құбылыс үш күннің ішінде өтті. 1905 жылғы қанды жексенбіні Гапон поп басқарды, оны полковник Зубатов бастаған патша охранкасы ұйымдастырды. Алматы желтоқсанын театр-көркемөнер институтының I-II курс студенттері басқарды дегенге сенгің келмейді. Жастар өздерінің лидерлерін апаттан сақтап қалды. Ал енді көтеріліс тарихқа айналған сәтте оның көсемдері кім? – деген сауалға жауап іздер кез келді.

2. Желтоқсан күндері қазақ жастары бірыңғай өздері болған жоқ. 2400 адам ұсталып милицияға әкелінгендер ішінде 25 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз бары белгілі. Олар Желтоқсан идеясына сенген Қазақстан халықтарының өкілі. Бұл болса тоталитарлық команданың әкімшілік жүйеден жапа шеккен жалғыз қазақ емес, барша совет халқы, оның ішінде орыс халқы бар екендігін көрсетеді. Е.Евтушенко: «Никто, как русские, так не спасал других, никто, как русские, так сам себя не губит», – дегені әділ-ақ. Проблема жан-жақты зерттеуді көрсетеді.

3. «1986 – Желтоқсан» жалғыз жастарды ғана қақсатып кеткен жоқ.

Тондырды мені,
Тондырды сені,
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырып гүлді,
Ондырып нұрды.
Көңілде мұнды із қалды, –

дегендей, ол барша қазақ халқына, оның зиялы қауымына әсер етті, олар 1937 жылғыдай жалпылама террорға ілікті, қудалауға, сенімсіздікке түсті. Міне, сондықтан да «1986 желтоқсан және зиялы қауым» арнайы зерттеуді қажет етеді.

4. Қозғалыс 1986 желтоқсанның үш күнімен шектелмейді. Ол тұтас бес жылды қамтиды. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етті, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды. Міне, сондықтан да зерттеушілер қозғалыстың түпкі қайнарын, оның маңызын, әсерін, жалпы ұлттық дәрежеде қарауы абзал.

«Желтоқсан – 1986» – 1731 жылдан басталған ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі, оның азаттық пен бостандыққа апаратын ұзақ жолының биік бір белесі.

*«Егемен Қазақстан»,
4, 5, 6 желтоқсан 1996 жыл.*

Абай МАУҚАРАҰЛЫ

«ШЫЛҒИ ӨТІРІК, СЕНБЕҢІЗДЕР!»

Уланбатырдың орталық поштасының алдында осындай жазу жазылған қағаз ілініп тұрды.

«Алматыда көтеріліс болыпты» деген тосын хабар бәрімізді елең еткізді. Ол кезде шетелде жүрген біз үшін Алматы деген ата-бабамыздың аты секілді естілуші еді ғой. Біз шындыққа көз жеткізгенше орнымызға отыра алмадық. Сол қалада оқитын, өзара таныс қазақ жастары анда-мұнда жиылып бұл хабардың қайдан келгенін тектей бастадық. Біраз қыз-жігіттер, Алматыда оқитын жерлестеріне «ең тығыз, ең сенімді» деген кепілдемемен хат жолдай бастады. Кейбіреуіміз Уланбатырдың орталық пошта үйінен сатылатын «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерін оқып сүзіп шықтық. Еш дерек жоқ. Бірнешеуіміз, таң алаң-елеңде берілетін «Азаттық» радиобабын тыңдауға талаптандық. Ол кезде бұл өте қиын болатын. Ең күшті транзистордың өзі бұл әуе-толқынын әзер ұстайтын. Әрі, оны әдейі тыңдау біз үшін саяси қылмыс бо-

лып саналуы да ғажап емес-ті. Себебі, ол кезде Моңғолияда Орыс еліне, яки Кеңес Одағына күмән келтіру – «зөвлелттін эсрэг үзэлтэн» («антисоветтік көзқарасшыл» дегені) деген саяси-айыпқа ұшырайтын. Дегенмен, ізімізден еріп жүрген тыңшы жоқ, әрі аз қазақ жастары бір-біріне өте сенімді болғандықтан, сол күндердің бірінде «Азаттықтан» аз-мұз дерек алып үлгерген едік.

Онда, «Желтоқсанның 16-17-ші күндері бейбіт шеру жасау үшін алаңға шыққан қазақ жастарына қарсы коммунистік террор жүрілді, қатысушылар жаппай тұтқындала бастады» деген мазмұнда хабар таратылған.

Бәріміз таңданыста қалдық. Коммунистік террор дегені қалай?

Коммунистер деген дүниедегі ең гуманист адамдар емес пе? Әсіресе, Совет елінде коммунистерді періштемен парпар демеуші ме еді? Осы сұрақ үшін арамыздан көп даулашып, аз қазақ екі тарап боп қалған кездер де болды.

Ал, «Алаңға шыққан қазақ жастары» деген сөз көп күмән тудырды. Тек, қазақ жастары үкіметке қарсы шығуы қалай, бұл? Қазақстаннан келетін, түрлі-түсті қазақ журналдарында «Бақытқа кенелген, әр ұлтпен теңелген» деп суреттелетін адамдарға не жетті? Әлде, бақытты көтере алмағаны ма? Әй, солай болар, сірә!..

Сол күндері осындай бір түйінге тоқырап жүргенде, алғашқы хабарды әкелген кісі де анықталды.

Ол – Алматы қаласына ғылым кандидаттығын қорғау мақсатымен барған Жаңбырбай Айтқожаұлы деген азамат екен. Астанада тұратын таныс ағамыз. Екі жігіт үйіне іздеп бардық. Тағы да бірнеше қазақ отыр екен.

О кісі онша ашылып кете қоймады. Ақкөңіл, сөзшең кісі еді... Бірдеңе болған секілді, қорғалақтай береді. Бізге бір-екі сөз айтқан сайын әйелі жағына да жалтақтап қояды. Келіншегі Камейдің қабағынан «қысқарт сөзді» деген бұйрықты да анық байқауға болатын секілді.

Ақыры, суыртпақтап отырып білгеніміз мынау болды. «Дінмұхамед Қонаевты Горбачев орнынан алып тастаған. Қазақстанның бірінші бастығына, Колбин деген бейтаныс біреу сырттан келген. Осы әділетсіз шешімге қазақ жастарының намысы қозып көшеге шыққан. Тарқандар деген үкімет адамдарына қар кесегін лақтырған. Су шашқан мәшинелерді төңкеріп өртеп жіберген. Міне, төбелес осылай басталды».

Тағы да тұйыққа тірейтін хабар. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, білу қиын.

Жаңбырбай сөзін былай аяқтағаны есімде: «Үркіт» (Иркутск) қаласына дейін соңымнан КГБ түсті. Шетелден жүрген қазақтардың барын Алматыдан қуды ғой деймін...» «КГБ» дегеннің не екенін түсінбедік. Әрі шетелдік қонақта жүрген қазақтарды Алматыдан қуды деген сөз де құпия, түсініксіз.

Өстіп әңкі-тәңкі болып жүргенде, Моңғолияның партиялық (әрине, жалқы коммунистік қой) бас газетіне ресми хабар да шықты-ау, әйтеуір. Дүкеншеден сатып ап, жабыла оқыдық. Қып-қысқа, тақ-тұқ еткен бірдене.

Ұзын-ырғасы – «Ұлтшыл, әрі наша шегіп, араққа тойған қазақ жастары көшеде бірігіп ап бұзақылық жасаған. Магазиндердің әйнегін шағып, мәшинелерді өртеген. Тәртіпке шақырған үкімет адамдарын балағаттап, ұлтшылдық ұрандар көтерген», дейді.

Сену де қиын, сенбеу де қиын. Сенбейін десең хабардың соңына ТАСС – МОНЦАМЭ деген белгі соғылған. Бүкіл халық бұған, құдай сөзіндей ең ақиқат сөз деп иланып кеткен ғой. Біз де соның біріміз. Сенейін десең, «нашақорлар» деген тек капиталистік елде ғана болады деуші еді, ал, совет жастары ғажайып коммунистік, жан-жақты адамгершілік тәрбиеде дейтін, «Сонда мынау наша шегетін, маскүнем қазақтар қайдан келген?» деген заңды сұрақ тұмай қоймайды. Үкімет өзінің жастарына өзі жала жабуы мүмкін бе?

Осылай себеп-салдары толық хабарға сусап, өзара, «анау дұрыс, мынау бұрыс» деп, дау-дамай боп жүрген кезде ілешала, «Литературная газетаға» «Что произошло в Алма-Ате» деген хабар шықты деп естідік. Орталық поштадан барып сатып алдық. Рас екен. Авторы өзімізге «Ұстаздың оралуы» деген романымен таныс, Әнуар Әлімжанов деген ағамыз боп шықты. Нағыз шындық осында жазылған шығар деп қуанып қалдық. Орысшаға жүйрік біреуді іздеп ек, оны да таптық. Ауыл шаруашылығы институтында сабақ беретін қазақстандық жігіт бар екен. Танысып жайымызды айттық. Ол шағын мақаланы лезде сырылдатып оқып шықты да, мазмұнын айтты. «Қазақстандағы ұлттар достығын көре алмайтын ішкі жаулардың әдейі ұйымдастырған қастандығы екен». Бұл жалпылама сөзге қанағаттанбаған біз, әлгі жігітке

«әр сөйлемімен аударып берші» деп өтіндік. Ол, қабағын шытты да, «әй, бауырларым, мұнда еш шындық жоқ» деп газетті ысырып тастады... Тағы да екі тарап боп дауластық. Әркім өзінің сүйікті әнші, жазушы-ақындарын кепілдікке ала бастады. Егер осы ереуілге сол кісі қатысқан болса онда бұл әділетті қозғалыс болып есептеледі дегеніміз ғой.

Сондағы ең көп аталған есімдер Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шаханов, Құман Тастанбеков (Әрине, Меруертпен қоса), Нұрғиса, Нұрғали, Қадыр, Тұманбай, Оралхан... Ол адамдардың есімін бізге кім хабарламақ дейсің!..

Сонымен ресми ақпараттар әлдеқашан үнін өшірсе де, жеке адамдардан деректі хабарлар бірінен соң бірі тоғытылып келе бастады. Жан түршігерлік деректер де жетті.

«Украинадағы «детдомда» тәрбиеленген адамды аямайтын мыңдаған десанттар қазақ жастарын аяусыз ұрып-соқты».

«Қазақтың студент қыздарын әдейі көк итке талатты», «Өлген адамдардың мүрдесі туыстарына қайтарылмай, бульдозермен күрелген». Бұл сөздер желдей гулеп, Уланбатырда тұратын қазақ қауымының құлағына түгел жетіп үлгерген болу керек.

Ызалы қарсылық лебі әр жерден бой көрсете бастады. Совет еліне деген сенімге күмән туды. Жаңа жылдың аз алдында әлдекім орталық пошта үйінің қабырғасына, энеукүнгі осы хабар жөнінде құлақтандырған «Үнән» («Ақиқат») газетінің сондағы бетін жапсырып, үстін қызыл бояумен айқұш-ұйқыш сызып, аяқ жағындағы ақ қағазға «Шылғи өтірік, сенбеңіздер!» деп моңғолша жазып кетіпті. Және, мемлекеттік университеттің, кітапханасының есігіне «Алматыдағы қазақ жастарын қырған Горбачев пен Колбин – жауыз» деген парақ жапсырылған.

Айта берсе, мұндай деректер өте көп болды. Оның белгілі бола бастағаны сондай, әртүрлі тергеу-тексерулер жүргізіле бастаған сыбыс та естіліп қалды.

Әуелі, менің Теңізбек деген досым, телефонмен «Сақ жүр! Бұл арандатушылық. Алматыда ештеңе де болған жоқ. Осы хабарды таратқан адам қылмыскер» дегені әлі күнге дейін құлағымда қалыпты...

Осы дүрбелеңмен жүргенде жаңа жыл да келіп жетті. Орталық поштаға келген «Жұлдыздың» алғашқы нөмірі қып-

кызыл түске боялып, журнал атының қарамен жазылғанынан да іш тарттық. «Міне, мынау қасірет белгісі, заманға айтқан қарсылық сөздің ишараты» деп, қауқылдастық қой. Көзге жас алып тұрып мазмұнын шолып шықтық. Амал не, «Желтоқсан» туралы бірауыз сөз жоқ. Сол баяғы «Қайта құру» әуендері...

Онан кейін де, не бір аңыз текті хабарлар еміс-еміс естілетін «Қазақ профессорлары партбилеттерін өз еркімен тапсырып, жұмыстан кетіпті». «Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақтың күйшілері, тағы да алаңға жиналып «Елім-айды» бір ай бойы тартып отырып алыпты», «Қазақтың зиялы тобын қудалайтын қызыл коммунист Камалиденов деген бетқаратпас біреу шығыпты», «Жұбан ақын жиналыста, Колбинге мынауың қате деп тура бетіне айтыпты...».

Иә, мұндайды тізе берсек көпке кетер едік.

Мәселен, бүгінгі күн биігінен қарасақ кезінде коммунистер көлгірлікпен бүркемелеген саяси ауқымды қылмыстың яғни адам құқын дөрекілікпен бұзушылықтың сол кезде дүние жүзілік дәрежедегі қаншалықты дүмпулі оқиғаға айналғанын айту болмақ.

Кейін, «Желтоқсан оқиғасы» деп, жұмсартылып аталған бұл әйгілі ереуіл Кеңес империясының зұлымдық бетпердесін сыпырған алапат әлеуметтік қозғалыс еді. Әрі империяға жұтылып, ұмытылуға айналған қазақ деген үлкен халықтың бар екенін, әлі тірі екенін дүние жүзіне әйгілеген тарихи бірегей оқиға болатын.

Ал, кезінде аңқаулықпен біз аңсаған Желтоқсан ақиқаты әлі де құпиясын сақтауда.

Желтоқсан қаһармандарының және оның саяси жетекшілерінің тарихи бағасы да әлі берілген жоқ... Ол туралы айтылар сөз алыс жылдардың еншісінде жатыр.

Әзірше, әркім мойындаған бір шындық бар. Ол – қазақ үшін қасіреттің соңы, бақыттың басы болған жаңа сипатты «Желтоқсан» айы бұл!

Ұлттық тәуелсіздігіміздің нағыз баламасына айналған қасиетті сөз. «Желтоқсан» – қазақтың қайта өрлеу дәуірінің басы боп есептелетін киелі дата.

*«Ана тілі»,
14 желтоқсан 1996 жыл.*

«ЖЕКПЕ-ЖЕК»

Желтоқсан оқиғасына байланысты жазықсыз сотталған Қайыргелді Күзембаев қазір бастандықта. Бірақ...

...Сот үш аптаға созылды. Бұның алдындағы тергеу жарты жылға созылған. Жүйкені жұқартқан сансыз сұрақтар. Тергеу тәсілдері сан алуан... Тергеушінің күліп отырып қойған сауалдарына күліп отырып жауап бергің келеді. Ал келесі күні әлгі тергеуші мүлдем өзгеріп шыға келгенде, жағанды ұстайсың. Қабағынан қар жауып: «Мойында! Мойындасаң жазан жеңілдейді, тіпті құтқарып аламын. Әрине, өлтірген адамыңды білесің. Сен «анау жігіт өлтірді, мына жігіт ұрды» деп куәлік бер, түрмеден босатамын!» деп соңында көлгірси қалатынын қайтерсің.

Ол жаладан құтылудың айла-амалын ойластырды. Сол жаланы жауып отырған кімдер? Енді, тергеушінің өзіне қарсы сұрақ қоя бастады. Жалақорлардың аты-жөнін білгісі келеді. Байқаса, кісі өліміне қатысты адамдардың тізімі сала-құлаш. Мақсат – солардың арасынан бірнеше адамды жазалау екен. Бала кезінде торғайға тас лақтырып көрмеген Қайыргелді енді кісі өлтіруші болып кінәланып отыр. Сондықтан куәлармен бетпе-бет кездестіруді талап етті. Тергеушінің қолындағы анықтамада Валяева деген әйел: «Жасақшыны соққыға жыққан Күзембаев» деп көрсетеді. Ендігі мәселе қалай да осы Валяевамен жүздесу. Бұған да қолы жетті. Алайда тергеуші Валяеваның қағазда жазғандарын сол күйінде қайталауын ғана талап етті. Әрең дегенде Қайыргелді сұрақ қоюға мүмкіндік алды.

Қайыргелді: – Валяева жолдас, сіз менің Күзембаев екенімді қайдан білесіз? Түсіндіріңізші.

Валяева: – Фамилияңызды тергеушілер айтып берді.

Қайыргелді: – Тергеуші менен басқа қанша адамның фамилиясын сізге жатқа айтқызды және кімдерді білесіз? Неліктен сізге тергеушілер айтқызады?

Валяева: – Білгі қазақ фамилияларына тілім келмеген соң...

Тергеуші: – Азамат Күзембаев, мен сізге сауал қой дегенім жоқ. Тоқтатыңыз!

Қайыргелді: – Шындық қайда? Мен өмір мен өлімнің арасында тұрмын. Сондықтан қолдан жасалған жаланы түсініп алғым келеді. Валяеваның жауабын протоколға тіркеуіңізді өтінемін. Екіншіден, Валяеваның сөзін бөлмеңіз.

Тергеуші: – Сұрақ қоятын сен емес, мен. Жұлқынбаңыз. Шыныңды айтпасаң бұл арадан тірі шықпайтыныңа мен куәмін.

Қайыргелді: – Валяева жолдас, сіз қанша қашықтықтан анық көре аласыз?

Валяева: – Нашар көретінім рас, алайда өздеріндей қазақ жігіттері сендей соғылысып жасақшылармен арпалысып жатты...

Тергеуші: – Бітті, Валяева жолдас, мына қағазға қол қойыңыз. Боссыз. Ал сен мына қағазға қол қой.

Қайыргелді: – Қол қоя алмаймын. Себебі, манағы талабымды толық орындаған жоқсыз. Топ адамның арасынан менің Күзембаев екенімді таныған Валяева жолдас менің бұрынғы танысым емес еді ғой. Жаланы мойындамаймын. Келесі куәгерді алып келіңіз. Валяеваның жауабын сіз өз қолыңызбен жазғансыз. Бұған мен қарсымын...

* * *

Мұндай бас ауыртар, балтыр сыздатар кезде өзіңе жанашырларды іздейсің, әрине. Туыс-туғаның, жақын жолдастарың еске түседі. Тұтқындап, түрмеге алып келген күннен бастап сүйген жары Роза, тоғыз айлық ұлы Қуаныш әлсін-әлсін түсіне кіре берді. Алматыда пәтерден пәтерге ауысып, өмірдің ыстық-суығына бірдей төзіп, табандарынан тозып жүргенде мынадай қырсыққа тап болғанын қарасаңшы. Розаның жай-күйі де жарасып тұрмағаны белгілі. Мұны түрмеге әкетіп бара жатқанда ағыл-тегіл жылап қалған еді-ау.

Енді міне, Алматы түрмесінің бір бөлмесі екеуін екіге бөліп тастап отыр. Екі араны бөліп тұрған әйнек қабырға. Екі жақтан кездесетіндер мұнда арнайы телефон арқылы ғана сөйлеседі. Арғы жақтан Розаны көргенде Қайыргелдінің қуанғаны соншалық, айғайлап жібере жаздады. Енді сөйлесе бергені сол еді, Розаны қайтадан алып кетті. Сөйтсе, бұл тергеушінің құйтұрқы әрекеттерінің бірі екен. Кейіннен білді, тергеуші Розаны қыспаққа алып: «Егер

сен күйеуіңнің Савицкийді ұрғанын айтсаң, жазып берсең, кездестіреміз» депті. Роза болса: «Жоқ, Қайыргелдінің адам өліміне ешқандай қатысы жоқ. Өйтіп жаза алмаймын. Бекер арандатпаңыз. Қайыргелдімен қалай да кездесуім керек» дейді. Тергеуші бастапқы ұсынысын тағы да қайталайды. «Жоқ, мұндай жағдай болған емес. Қайыргелдінің қолынан адам өлтіру келмейді. Ол қой аузынан шөп алмайтынның өзі. Жолықтырмасаңыз, жолықтырмаңыз. Бәрібір айтқаныңызға көнбеймін» деп кері бұрылып кетіп қалыпты. Бұл жағдайды ар жақтағы Қайыргелді түсінбей аң-таң күйде тұр. «Мұнысы қалай? Әйелің келді деп алып келмеп пе еді. Енді кері кетіп қалғаны несі?» Сөйтсе тергеуші мұның сағын сындыру үшін әдейі осындай әрекетке барған көрінеді. Сөйтіп, Роза сот болғанша (алты айға дейін) Қайыргелдімен кездесе алмады.

1987 жылы мамырдың 25-інде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында «бесеудің» соты өтпек еді. Ол күні залға телеаппаратуралар қойылып, халықпен бірге бірнеше фототілшілер де жиналған. Сағат 10-да сот басталды. Өкінішке орай, екі сағаттан кейін «кейбір куәлар келген жоқ» деген сылтаумен процесті ертеңге қалдырды. Ертеңіне халық тағы көп жиналды. Бірақ кешегі фототілшілер мен теледидар өкілдері бұл жолы болмады.

Сотты Қазақ ССР Жоғарғы Сотының мүшесі Е.Л.Грбарник ашып, «бесеудің» ісімен таныстырды. Сосын айыптаушылар мен куәларға сөз берді. Үш аптаға созылған сот барысында тергеу жұмысының жалған жүргізілгеніне жиналғандардың көзі анық жетті. Оны куәлардың беттестіру кезінде басқаша айтып, сот мәжілісінде ол айтқандарынан жаңылысып, өз сөздеріне өздері қайта келген «куәлардың» жауабынан анық көруге болады.

Тергеушінің айтуынша, 1986 жылғы 17 желтоқсанда, кешкі сағат 4 пен 6-ның арасында майор Зимулькинді қатты соққыға жыққан Күзембаев ертемен әр жатақханаға барып, Рысқұлбеков, Тәшенов, Тайжұмаев және Көпесбаевты ертіп алаңға келеді. Күндізгі 11 шамаларында жасақшы Савицкийді «өлтіреді». Оны Қазақ радиосының қызметкерлері подвалдан анық көріп тұрыпты-мыс. Бір қызығы, жеті-сегіз «куәлардың» барлығы да подвалдың екі терезесінен бір уақытта, бір сағатта қарап тұрады. Оқиға жеті-сегіз метр қашықтықта, жол жиегінде өтіп жатады. Алайда осы жеті-сегіз куәнің

сөздері әртүрлі. Бірі: «Рысқұлбеков Савицкийді ұрып жатқанда мыналардың қалған төртеуі қолдарына ағаш алып, көмекке келе жатқандарды Савицкийге жібермей қақпайлап тұрды» десе, екіншісі: «40–50 адам болды» дейді. Енді бірі: «Жалғыз Савицкийден басқа ешкімді көрген жоқпын» деп анықтама береді. Бұлар осы бес адамның сол күнгі киген киімдеріне дейін «естеріне сақтап» қалыпты. Бұған қалай таңданбассың. Әрине, мұның бәрі тергеушінің бейнетаспаға түсірілген сурет бойынша сипаттап жазып бергендері. Сурет түрлі-түсті болмағандықтан киімнің қандай екенін дәл айтуға келгенде «куәлар» қатты қиналды. Мәселен, куәлардың барлығы да Күзембаевтың үстіндегі кигені тон екенін, оның ішіндегі «олимпиака» мойнын жауып тұрғанын айтады. Ал басына кигені «петушок» екенін жазбай таниды. Бірақ сол бас киім қандай түсті деген сауалға бірде-біреуі жауап бере алмайды. Сондай-ақ, 100 қаралы адамның ішінен біреуі Тәшеновтың аяғындағы «кроссовканы» жадында қатты «сақтап» қалыпты. Сонда Тәшенов куәларға: «Жарайды, сіз көп адамның ішінен менің аяқ киімімді есіңізде жақсы сақтаған екенсіз. Онда айтыңызшы, беттестіру кезінде менің үстімде қандай киім болды?» деп сұрағанда жаңағы куәгер: «Мен қайдан білейін?» деп, «құтқар» дегендей прокурорға жалтақтап қарай берді. Мұндайда прокурор: «Сенің ондай сұрақ қоюға хақың жоқ» деп оның аузын аштырмай тастайды.

Ал Қайрат Рысқұлбеков жайында бейнетаспаға түсірілген оқиға дәл қажетті жеріне келгенде (Савицкийді таяқпен ұратын тұс) тізіліп қалыпты. Соңынан қорғаушының: «Бұл неге үзілген?» деген сауалына: «Қайрат қылмыс болған жерді дұрыс көрсете алмаған соң, аға тергеуші Дубаев үзіп тастаған» деген жауап айтылады. Бірақ сот бұған құлақ аспады. Қайрат сот кезінде (жалғыз Қайрат емес, барлығы да) тергеуде зорлық-зомбылыққа, қорқытуға шыдай алмай өтірік жазылған протоколға қол қоюға мәжбүр болғандарын ашық айтты.

18 желтоқсан күні бейбіт шерумен бірге Абай проспектісінің бойымен бұлар да келе жатады. Бір уақытта екі қолында екі сөмкесі бар 30-35 жас шамасындағы қазақ әйелі дүкеннен шыға келгенде, бір орыс милиционері

оны бұрымынан сүйреп, тепкілей бастайды. Олар еріксіз арашаға ұмтылады. Милиционер қашып кетеді. «Бұл оқиға жасақшыларға деген ашу-ызамазды қоздыра түсті» дейді Қайрат шындықты жасырмай. Содан бұлар Ленин проспектісімен төмен қарай түсіп келе жатқанда «Қазақстан» қонақ үйінің алдында тұрған милиционерге көздері түседі. Қайрат әлгі милиционерді алқымынан ұстап, итеріп жібереді. Милиционер арыққа ұшып түседі. Кейіннен Қайраттың жанында бірге жүрген жолдасы Көпесбаев «Рысқұлбеков қолындағы ағашпен милиционерді ұрды» деп жала жабуға мәжбүр болады. Бұл қылығын Қайрат мойындайды. Бірақ тергеушілер оған «сен милиционерді ұрдым деп жазба, жай бір адамды ұрдым дей сал. Сонда жазаң жеңілдейді» деп қинайды. Бірақ Қайрат дегенінен қайтпайды. Күндіз-түні тергеп, әбден шаршатады. Бірде ол камераға қайтып оралғанда, онда бір егделеу адамды өзімен бірге қоса отырғызғанын көреді. Ол біраздан кейін бұған жаны ашығансып: «Әй, сен балалық жасама. Мен міне, үшінші рет адам өлтіріп ұсталып отырмын. Өмірімнің 26 жылы түрмеде өтті. Әйтсе де, жарық дүниені көріп жүрмін ғой. Сен милиционерді ұрдым деп нең бар. Органның адамын өлтіргенің үшін ату жазасын береді. Ал қарапайым адамды өлтірдім десең, көп болса 15 жылға ғана соттайды. Бірақ бәрібір тірі қаласың ғой» дегендей небір «ақылдар» айтады. Бірде әбден қажыған Қайрат «Иә, ұрғаным рас, ол қарапайым адам болатын» деп мойындайды. Содан Дубаев бастаған тергеушілер осы оқиғаны бейнетаспаға қайта түсіру үшін төрт рет «репетиция» жасаған. Әр жерін есептеп, өлшеп белгі қойып отырады. Қайрат сол белгі бойынша Дубаевтың айтуымен істелмеген істі істедім деп көрсетуіне тура келген. Ең соңғы «репетициядан» кейін қайтадан бөлмесіне алып келгенде, әлгі 26 жыл түрмеде болдым деген қылмыскердің милиция формасымен отырғанын көріп, алданғанын кеш түсінеді. Екі күннен кейін тергеу ісімен таныстырарда Савицкиймен қоса таяқ жеген милиционердің ісін қосып, ең жоғарғы жаза – ату жазасын алатынын естиді. Сот кезінде Қайрат қанша шындықты айтқанмен судья Грабарник «Мынау сенің қолың, мынау бейнетаспаға сенбесең неғыл дейсің» деп аузын аштырмауға тырысты.

* * *

Ал енді Күзембаевқа тағылған айыпқа қайта оралайық. Қаңтардың 9-ы күні Қайыргелді жұмыстан қайтып келе жатқанда оны есік алдында күтіп тұрған екі адам қолын қайырып, машинаға бір-ақ тықты. Қолына кісен салынды. Содан екі апта бойы оны қинайды. «Савицкийді ұрдым деп мойныға ала сал, жас балаң бар екен. Балаңды, әйеліңді аясаңшы» деп алдауға көшеді. Көнбеген соң ұрады, соғады. Тергеуші Губченко: «Мойныға алмайды екенсің, бәрібір саған «17 желтоқсан күні ауыр соққыға жығылған адамды ұрды» деп жала жаба саламын» дейді. Ал Қайыргелді 17 желтоқсанда алаңда болмағанын айтып сендіре алмай-ақ қойыпты. Қаңтардың 30-ы күні бір зінгіттей орыс жігітін алып келіп: «Сен 17 желтоқсан күні мынаны таяқтапсың» деп қылмысты іс қозғай бастайды. Сөйтсе ол МВД-ның майоры Зимулькин деген азамат екен. Оның айтуынша, 17 желтоқсан күні кешкі сағат 7-де Абай мен Бәйсейітова көшелерінің қиылысында тұрған оны Күзембаев қолындағы таяқпен бастан бір салыпты. Зимулькин әдеттегідей Күзембаевты ұмытпастай «есте сақтап» қалған. Тергеуші де, Зимулькин де желтоқсан айында сағат 7-де қараңғы түсіп кететінін естерінен шығарып алса керек. Алайда, Зимулькиннің топ адамның ішінен жазбай танығаны осы Күзембаев екен.

* * *

Қайыргелдінің айтқан бұл әңгімесінен түйгенім, желтоқсан оқиғасына қатысты сотталушыларға 1937 жылғы зұлмат кезіндегі қитұрқы амалдар қолданылғандығы болып отыр. Мәселен, түрмеде, тергеу изоляторында қорқыту, үркіту, алдау-арбаумен қатар ұрып-соғу сияқты әдістер жиі қолданылатынын несіне жасырамыз. Бұл жөнінде Қайыргелді былай дейді:

– Ұрып-соққанда бетіңе, денеңе таңба түсірмейді. Төбеңнен жұдырықпен қойып қалады немесе бүйіріңнен теуіп жібереді. Әсіресе, талмау жерінді көздеп ұрады. Тұтқында отырған соң қарсылық білдіре алмайсың. Олай етсең «қарсылық білдірді, түрме заңына мойын сұнбады» деп қылмысыңды одан сайын ауырлата түседі. Сотталған бесеуіміздің арамызда, әсіресе, Қайрат Рысқұлбеков қатты соққы көрді.

...Арада үш жылдан астам уақыт өтті. Әкесі сотталғанда он айлығында қалған Қуаныш бүгін төрт жаста. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезекті бір сессиясы өтіп жатқан кезде Қуаныш мойнына «Нұрсұлтан аға, папамды сағындым!» деген плакатты іліп келгені де есімізде. Бұл бір әсерлі сәт еді. Папасының жолын күтіп жүрген Қуаныш пен Роза әкесін жазықсыз жаладан құтқару үшін қандай әрекеттерге бармады десеңізші. Жазықсыз сотталғандарды құтқару үшін «Желтоқсан» ұйымының жігіттері аштық жариялап жатқанда күндіз-түні солардың жанында болды. Сөйтіп, әкелерінің аман-есен оралуына қолғабыс жасауға тырысты.

– Мен ол кезде зонадағы емханада жатқанмын. Бір күні кезекші келді де: «Күзембаев, тез жинал! Сені босататын болды» деді. Мен қалжындап тұр ғой деп ойладым. Екінші рет келіп айтқанда ғана түсіндім. Сөйтсем «Желтоқсан» ұйымының жігіттері бізді құтқару үшін өлімге бастарын тігіп, аштық жариялап жатқан екен ғой. Зонадағы жігіттер қуанып, арқамнан қағып, көздеріне жас алды. Мені түнделетіп үйге алып келді.

14 жылға соттағанда бұрын милицияда қызмет істегенімді айтып, заң адамдары (қылмысты) отыратын зонаға жіберуді өтінгенмін. Бірақ оныма құлақ аспады. Сөйтіп Петропавловскінің түрмесіне жіберді. Бұл маған қарсы жасаған тағы бір қастандықтың бірі еді. Себебі, түрме заңы бойынша бұрын заң орындарында істеген адамдар кәнігі қылмыскерлердің арасына барса тірі қайтуы екіталай. Тергеуші Губченконың: «Зонадан тірі шықпайсың. Енді бұл өмірмен қоштаса бер» дегенінің себебін енді түсіндім», – дейді Қайыргелді сол бір қаралы күндерін күрсіне еске алып.

Мерзімді жазасын өтеп шыққан соң ол анықтама қағазын алу үшін бірде Қазақ ССР Жоғарғы Сотына келеді. Сонда баспалдақпен төмен түсіп келе жатқан Е.Л.Грабарникпен кездесіп қалады. Оны бірден таныған Қайыргелді:

– Сәлеметсіз бе, азамат судья? Сіз мені танымадыңыз ба? – дейді төтесінен. Е.Б.Грабарник:

– Біліңкіремей тұрғаным, бірақ түріңді шырамытамын, – дейді.

– Мен Күзембаев Қайыргелдімін. Желтоқсан оқиғасына байланысты жаламен 14 жылға соттап жіберіп едіңіз ғой,

есіңізде ме? Ал мен міне бостандыққа шықтым, – дегенде ол:

– Ой, бауырым-ай, ол уақыт басқаша еді ғой, – деп ақтала сөйлеп, шығар есікке қарай зыта жөнелді. Қайыргелді соңынан қуып жетіп:

– Азамат судья, неге қаштыңыз? Қайталап айтайын, сіз маған 14 жыл кестіңіз. Алайда, мінеки, үш жылдың ішінде қайта келіп тұрмын. Мені үш күнге соттауға да хақыңыз жоқ еді ғой. Енді неге тайсақтайсыз? – дейді.

– Өзің де түсінген шығарсың, ол кезде жоғары жақ не десе де орындадық. Сондықтан да мен арызымды беріп, өз еркiммен пенсияға кетіп қалдым, – дейді судья күмілжіп.

Бірде Қайыргелдіні радиода журналист болып жұмыс істейтiн бiр жолдасы оған жазықсыз жала жапқан Рыжкова деген куәға алып келеді. Қайыргелді Рыжкованы бірден таныды. Есік алдында тұрып:

– Мен сізді танып тұрмын, – дейді оған.

– Мен сізді танымай тұрмын, – дейді Рыжкова.

– Неге танымайсыз? 1986 жылы желтоқсанда танып, енді танымағаныңыз қалай?

– Құдай-ай, о заман басқа еді ғой, солай болды. Не істеймін енді! – деп дегбірсізденген Рыжкова әбден сасқалақтаған.

Қайыргелдінің бұл «жекпе-жегі» көкейге көп ой ұялатты. Егер жоғары жақтың айтуымен қалай да соттау керек деген тапсырма берілгені рас болса, олардың нақты кімдер екенін білгілеріңіз келетінін түсінемін, қадірлі оқырмандар. Небір сорақылықтың куәсі болып бұл соттың ісі әлі талай рет алдымыздан шығар. Айлар, жылдар өтер, тарих осынау шындықтың бетін айқара ашар. Алайда желтоқсанда жазықсыз сотталып, жапа шеккендердің ауыртпалығын кім мойнына алады? Тіпті, мойындарына алмай-ақ қойсын. Оларды толық ақтайтын кез туар ма екен? Уақыт өтіп жатыр, жазықсыз сотталған Қайыргелді бүгінде бостандықта. Бірақ ол әлі толық ақталған жоқ. «Сотталған адамның баласы» деген – атақты жамылып кішкене Қуаныш та жүгіріп жүр. Ертең есейгенде ол жолдастарына осы шындықтың бәрін айтып бере алар ма екен? Әрине, айтады ғой. Ал заң орнындағыларды бұл іс әзірге ойландырап емес.

*«Халық кеңесі»,
19 желтоқсан 1991 жыл.*

**«КЫЗЫЛ ТІЛ, ҚОЛЫМ ЕМЕС КІСЕНДЕУЛІ...»
немесе Желтоқсан оқиғасында қуғын-сүргінге
ұшырағандардың бүгінгі көрген күні туралы**

Уақыт шіркін тізгінге тоқтаған ба, ауыздығын қарш-қарш шайнап, зымырап барады. Тек артында тастабан тұяғынан көтерілген дауылдай түйдектеліп, біздің өткендеріміз – тарихымыз болып қалып жатыр. Тіпті кеше ғана өтті деген Желтоқсан оқиғаларының өзі алты қырдан асып кетті. «Халықтардың мызғымас Одағына» айналған империялық одақтың тамырына балта шауып, ең алғаш қазақ жастары көтерген азаттықтың Ұлы дүбірі әлі талай шылбырды тілгілей өтіп, ғасырлар қойнауын жаңғыртары анық. Тарихымызды пәршелеген, алдымен патшалық Ресейдің қанымызды судай ағызған отарлау саясаты, одан бергі «коммунизмге жеткіземізі» деп «мақтамен» бауыздап, халқымыздың жартысынан астамын қырып салған кешегі Кеңес үкіметінің күлі көкке ұшып, желкесі қиылды. Осының бәрінің соңғы нүктесін қойып, халқымыздың өміріне жаңа бет ашқан желтоқсан айындағы ызғарлы күндер санамызды қанша сілкілесе де, бірте-бірте көмескіленіп ұмытылуға айналып бара жатқан секілді. Өзімізше, «ол күндердің аққарасын анықтап, жазалыларды жазалап, жазықсыздарды ақтап алдық» деп даурығып-даурығып, бәрін де жылы жауып, «архивке» аттандырып жіберген сыңайымыз бар. Ал, бірақ сол күндердің ыстығына күйіп, суығына тоңып, тікелей қатысқан жастарымыздың күні бүгінге дейін өмірден теперіш көріп, әр түрлі күй кешіп жүргенін біреу білсе, көпшілік біле де бермейді.

Сол бір келмеске кетсе де, артында мәңгілік дүмпуін қалдырған Желтоқсан оқиғасы біздердің өмірімізді әртүрлі «аурулармен» ауыртып жүргендері де ащы шындық. Біреулер жылы-жұмсақ орындарында шірене отырып сол күндерді көз алдына әкелуге қорқып, қанға боялған қолдарын жасырып бақса, екіншілер сондағы басынан кешкен зорлық-зомбылықтары жиі-жиі есіне түсіп, түн ұйқысынан шошып оянып, сол күндердің елестерімен өмір сүріп жүр. Олар үшін Желтоқсанда түскен жан жарасы тірі тұрғанда жазылмақ

емес. Қым-қуыт тіршіліктің қарекетімен енді араласа бергенде сол алаң жақтан, сол дауыстар естілгендей, екі аяғын дедектетіп солай тарта жөнеледі. Өздерімен-өздері оңаша жүргенде де, жатса-тұрса да ойлайтындары сол үш күнгі аласапыран. Осындайда ойға:

Жүрегіммен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жанып күйіп, жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ, қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға... –

деп заманымыз бөлек болғанымен, мұңымыз бір, ойымыз бір аяулы Мағжан ағамыз айтқандай, еске алған сайын жандары күйіп-жанып жүр. Адам баласын қысқа ғұмырында кездесетін бір тосын оқиға мүлде өзгертіп, басқа арнаға түсіріп жіберетіні бар. Сол бір күндердің қиямет-қайымынан шыққан бір досым айтады: «Менің енді-енді «советтік шындықтан» көздерім әбден «қызарып» бара жатқанда, осы Желтоқсан оқиғасы шайдай ашты. Одан кейін айналама зерделей қарап, әр нәрсенің парқына жету үшін ойланатын болдым. Сондықтан Желтоқсанды жүрегіме өте терең қабылдадым. Мен үшін Желтоқсан – өткенім, бүгінім және болашағым, менің қалған бүкіл ғұмырым!!!»

Соңғы кездері Желтоқсанда қуғын-сүргінге түсіп, сотталып келген жастарымызды «Желтоқсанда солар ғана болды ма, керек болса біздер де сотталар едік» деген кекеткен, мұқатқан сөздер жиі естіліп қалып жүр. Менің алты жыл алып, оның үш жылдайын еңбекпен түзеу колониясында отырған жолдасым айтады: «Егер мен сол күндері сотталмай қалсам, өзімнің сүйген қызыма үйленіп, қазіргідей отыздан асқанда тіземді құшақтамай, түтін түтетіп, бақытты өмір сүрген болар едім. Бетін ары қылсын, сотталғанның несі жақсы?!»

Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген, аты аңызға айналып бара жатқан Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күші, қазір айтылып та, жазылып та жүрген демократияның алғашқы қарлығаштары – жастар екені жаңалық емес. Олар туралы том-том кітап жазбасақ та, шет жағасын «түртіп» жатырымыз. Бірақ сол күндердің ызғарында қалып, тәніне жара

түскен жастарымыздың бүгінгі өмірлеріне назар аудармай, тағы да жайбасарлығымызға салып жатырмыз. Әсіресе, сол 86-дан кейін құрылған қақпанға түсіп, балауса өмірлерін тордың арғы жағында өткізіп, заң қызметкерлерінің жәбірін көріп, маңдайларын тасқа соққан 99 Желтоқсан құрбандары, солардың бүгінгі тағдыры, бостандыққа шықса да көріп жүрген тауқыметтері айтылмай жатқанында. Әрине, бұл жерде алаңға шыққан басқа замандастарымының ерлігіне көлеңке түсіруден аулақпын. Бәрімізді алаңға жетелеген туған жеріміздің болашақ тағдыры, халқымыздың ертеңі болатын. Бәріміз де ар-намысымыздың, жүрегімізді тепкілеген ызалы сезімдердің әсерімен шындығымызды шырқырай көтердік. Міне, сондықтан да бұл жолы Желтоқсан оқиғасы үш күнге емес, үш-төрт жылға (бес-алты жыл отырып шыққандары да бар) созылған тағдырлас бауырларымының, кешегі 65-тердің (Желтоқсандықтар 65 статьямен сотталғандықтан, олар осылай аталып кеткен) бүгінгі көріп жүрген ауыртпалықтары бізді бей-жай қалдыра алмайды.

...Оны кездейсоқ автобуста кездестірдім. Адам көп болса да құшақтаса кеттік. Аты Елубай болатын. Сөйлеген сөздері, жалын атқан көздері сол баяғы қалпы болғанымен, түрі қуарған шүберектей боп-боз болып, екі ұрты суалып азып кетіпті. Сөйлесе келе білдім, ауруханадан шыққалы екі-үш-ақ күн болыпты. Сол баяғы сызды камералар мен темір төсектердің салған ылаңы – өкпе ауруы екен. Қапастан шыққалы күндерін ауруханаларда өткізіп келе жатыр екен. Бір сәт жөтеліп еді, көкпеңбек болып демін әзер басты. Қолдан келер дәрмен жоқ, іштей жаның ашыса да, тезірек сауығуына тілек айтып, амалсыз қоштастым. Ал, осы жақында Кенжебек Отарбаевты көрдім. Ол тіпті асқындырып алыпты. Еш жерде жұмыс істей алмай, сенделіп жүрген көрінеді. Міне, осындай аурулармен 65-тердің (сотталғандардың) тең жартысы ауырады. Бәрінің де жүйкелері жұқарып, тап осылай әзер жүргендерін байқау қиын емес. Бұның бәрі өткен күндердің жазылмайтын белгілері. Қазбалай берсең шыға береді...

1991 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың: «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылғандарды ақтау туралы» Жарлығы шықты. Қадалған

жерінен қан алатын кешегі Орталықтың ұлы шовинистік саясатының арқасында өмірлеріне сызат түскен желтоқсандықтарға арналған ең болмаса, тегін емделуге, санаторий, курорттарға тегін жолдамалар сияқты жеңілдіктер болса, шемен болып қатқан жүректерін сәл-пәл жібітуге септігін тигізер ме еді... Қашан болса да мұндайда біздердің кешігіп жүретін жаман әдетіміз қалмайтыны бар. Әйтпесе, кешегі тамыз көтерілісінде қаза тапқан үш жігітке мәскеуліктердің көрсеткен құрметі біздің өкіметіміз тарапынан неге Қайратымыз бен Ерболдарымызға дарымағанын ойлағанда түңіліп кетеді екенсің. Тіпті, сол оқиғаның құрбаны Қайраттың өзін алты жыл өткізіп, бүкіл халық болып былтыр ғана әрең ақтап алғанымыздың өзі айтуға келгенде ұят. Ұлттық батырларын алақанында аялаған айналайын халқымның тамаша мінездері біздерге жетпегені ме?

Көздеген мақсаты бар, арманы бар адам деген жаратылыстың өмірі кейде оқыс, быт-шыт болып жоғалады екен де, тағдыры замана иіріміне түсіп кете барады екен. Міне, сондай заманының иіріміне түсіп, өмірлері әркімнің қолында қақпақыл болған желтоқсандықтар әлі күнге естерін жинай алар емес. Олай дейтінім, түрмедегі ұлын бір көруге зар болған Шора Қарабаевтың анасы елге келісімен көз жұмса, жалғыз қызын көз алдында шырылдатып алып кеткенін көрген Қайыпхан Иманбаеваның анасы да мұндай қорлыққа шыдай алмай үзіліп кетті. Олай дейтінім сүйген қызынан сол аласапыран кезде айырылған жас жігіт отыздан асқанша үйлене алмай әлі жүр. Олай деуге біздердің толық хақымыз бар. Ал осының бәріне кім кінәлі? Кімдер кінәлі?! Жоқ, олар басына түскен қара бұлттың өтемін емес, жүрегіне салынған жараның өтеуін сұрайды. Ертең сотталарын, қуғын-сүргінге түсерін сезсе де азаматтық ары жібермей алаңға шыққан ұл-қыздарымыздың әлі күнге теперіш көріп, республикамыз тәуелсіздік алып, өз алдына «қазан-ошағы» бөлек ел болса да өз жерінде өгей болып, шетқақпай қалып жүргені басқа бір әңгіме...

Тағдырымыз бір болған соң, түрме нанын бірге жеген соң желтоқсандықтар туыстан әрмен болып араласып кеттік. Соңғы кездегі сол әдетіміз бойынша Қайратпен бірге сотталып, он төрт жылға айдалып кеткен Қайырғелді Күзембаевтың үйіне де жиі барамыз. Жатақхананың кіп-

кішкентай бөлмесінде әйелімен, екі баласымен тұрып жатыр. Бөлменің тарлығы сондай, тіпті бұрылатын жер жоқ. «Үйлерінің» тарлығынан олар бізден қысылса, олардың осы тіршілігіне кінәлі адамдай біз олардан ұяламыз. Сонау 86-ға дейін де осындай бір бөлмеде сығылысып тұрыпты, әлі де сол тап-тар бөлме. Өзгерген ештеңесі жоқ. Жуық арада өзгереді деп те ойламайды. Осы Қайыргелді секілді астанада тұрып, жатақханаларда ұлдары есейіп, қыздары бойжетіп келе жатқан желтоқсандықтар қаншама! Бұл тізімге Үсіпхан Сейтімбетов, Қадыр Есімбаев, Ерлан Декелбаев, Ерлан Бисенбаевтарды да қосуға болады.

Осы жерде, өткен жылы 5 қыркүйекте «Ар-намысым, мақтанышым, қасиетім – Желтоқсан» деген қырғыз-қазақ жастарының кездесуінде Президентіміз Н. Назарбаевтың: «Желтоқсанда сотталғандарға тегін пәтер беруге үкіметке нұсқау бердім» деген сөзіне қатты сеніп, тағатсыздана күтіп жүргенімізді баса айтқанды жөн көрдім.

Жетпіс жылдан астам уақытта бетіне тірі пенде тіке қарай алмаған, өзінің суық демімен бүкіл әлемді тітіркендірген Кеңес үкіметінің солақай саясатына қарсы шыққан қазақ жастарының бұл ерлігі болашақта (бүгінде өз ерлігімізді өзіміз елемей, бағаламай келеміз ғой) «XX ғасырдың Ұлы оқиғасы» атанары сөзсіз.

*«Алматы ақшамы»,
14 шілде 1992 жыл.*

Әзірбайжан МӘМБЕТОВ:

«КӨРЕСІНІ КОЛБИНШІЛЕРДЕН КӨРДІК ҚОЙ...»

(Еркін Жаппасұлының жүргізген сұхбатынан)

– Әзеке, тұтқиылдан қиюы қашқан бір сауал қояйын деп отырмын. Алматыда болған 1986 жылғы желтоқсанның «ызғары» Сізді де шарпып өткен екен дегенді ұзынқұлақтан жиі естіміз. Сол жағдайды оқырмандарға өз аузыңызбен жеткізгеніңіз тиімді болар еді.

– Ұсқыны жаман сол «ызғырық» әділет іздеген қаншама қазақ жастарының өмірін қыршын қиды. Аман қалған

талайының болашағына балта шабылды. Қараңғы қапасақ камалып, түрме түбінде өмірін тәрк еткендер де бар. Солар қатарлы менің де көрген құқайым аз емес.

Біз, Тұңғышбай Жаманқұлов екеуіміз 17-желтоқсан күні кешкі спектакльден соң болып жатқан айқай-шуды көзімізбен көріп қайтайық деп, сол кездегі Л. И. Брежнев атындағы алаңға бардық. Абай даңғылының бойындағы республикамыздың ұлттық кітапханасы жанындағы аялдамадан түсіп, үкімет үйіне қарай өрлей бергеніміз сол еді, қарсы келе жатқан адамдар біздерді таптап кете жаздады. Іле-шала олардың іздеріне түсе өкшелей үрейлі топ қуып жетіп, ұстағандарын аяусыз соққыға жығып, қанға бөктіруде. Қапелімде не істерімізді білмей дал ұрдық. Сөйткенше болған жоқ бастарына қара маска киіп, қолдарына резіңке қолшоқпар ұстағандар «мына тобырдың бастаушылары осылар болу керек» деп келіп, таяқтың астына алғаны. Үстімде тonym, басымда қарақалпақ бөркім бар еді, қақ басыма қолшоқпарлармен тартып жіберіп, сұлатып түсірді де машинаға қаумалап сапып алып, милиция бөліміне жөнелтті. Бетімді айғыздаған қан. Жанымдағы серігім – Тұңғышбайдың қайда қалғанын да білмеймін. Депутаттық және Орталық Партия Комитетінің мүшелігі туралы куәлігімді көрсетемін. Пысықырып қарайтын бірі жоқ. Содан бір ауруханаға әкеліп, жарылған басымды тікті. Сөйтсем ол Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің емханасы екен. Одан таң ата Министрлер Кеңесінің ауруханасына әкеп жатқызды. 2-3 күннен кейін палатадан залға шықсам, ақ халат киген бөгде 2-3 адам жүр. Олар мені аңдушы тергеушілер екен. Мені емдеп жатқан бөлімнің меңгерушісі Садықов Дүйсен деген жігіт: «Аға, абыржымаңыз, біз сізді ешкімге де бермейміз», – деп көңілімді жұбатып қояды. Бірақ оған шыдамадым, нартәуекел деп, Колбинге телефон соқтым. Хатшы қыздан өтініп едім, партияның бірінші хатшысына менің сәлемімді жеткізген ол сағат күндізгі 4-те қабылдайтынын айтты. Бұл желтоқсанның 27-28 күндерінің бірі болатын. Залда мені аңдып жүрген тергеушілер маған көңіл сұрап келген туған-туыс, дос-жаран, бала-шағамның бәрін менен шыға бере: «Ол не айтты, қандай бұйрық берді?» – деп тергеуге алады екен.

Алдымда милиция бөлімінен шығарған бетте Орталық Партия Комитетінің идеология бөліміне бір апарып шығарған. Ондағы таныс мырзалардың бәрі де қабақтарынан қар жауа, суық қабылдап, құжаттарымның бәрін алып қалған. Енді соларға телефон шалып, Колбиннің кел дегенін, сол үшін куәліктерімнің қажет екенін айтып, есіктен кірер жердегі милиция қызметкеріне тастап кетулерін өтіндім. Барсам, ешкім ештеңе тастамапты. Аталмыш бөлімге телефондасам жым-жырт. Кезекші қазақ жігіті екен, әрі мені танытын көрінеді, жағдайымды түсіндіріп едім, кіруге рұқсат етті мың болғыр.

Колбинге өзімнің кім екенімді, қандай жайға тап болғанымды бастан-аяқ баяндадым. Тыңдап болып, «өкінішті, өкінішті-ақ екен» деп бас шайқаған болды. Тергеуден босаттырды, үйге келіп, бала-шағаммен жылап көрістім.

Содан 1987 жылғы 3-қаңтарда прокуратураға шақырту келіп тұр. Бардым. Тексерді. Отбасы мүшелерін де, қызметтес әртістерді де, машинамың жүргізушісін де, тіпті, театр есігінің күзетшісін де сұраққа алып, әбден мазаларын кетірді.


Сонда ғой, Орталық Комитеттегі бұрынғы аралас-құралас болған мырзаларға, идеология бөліміндегілерге: «Менің халыққа еңбек сіңірген адал коммунист екенімді білесіңдер, қорғасандаршы», деген тілегіме: «Енді сенімен біздің ісіміз жоқ, тек прокуратура айналысатын болады» деген, маңдайдан қолшоқпармен қойып қалғаннан да қайратты жауап алдым. Міне, бұрынғы Кеңес Одағының «жолбарыс терісін» жамылғандарының «адамгершілігі» мен «әділеттілігі» осындай еді.

Содан М.Әуезов театрының бас режиссерлігі қызметінен шығарды. Бірақ Театр қайраткерлері қоғамы ұжымы төрағалықтан босатқылары келмей, қорғап қалды. Сол кездері Кубада өткен халықаралық конгреске қатысуым керек еді, жібермеді. Англияға шақыртылған сапарымда Мәскеуден атақты өнер, қоғам қайраткерлері Ульянов, Лавровтар Колбиннің атына жеделхат жіберді. Сонда Геннадий Васильевич «Сені жібермей жүрген кімдер өзі?» – дейді беті бүлк етпей.

Сол жылғы көкек айының басында менде ешқандай қылмыстық істің болмағанын, сот жазықсыз кінәлағанын анықтап, сол кездегі Республиканың Бас Прокуроры Елемесов «ақталғаным» туралы қуанышты «хабар» жеткізді.

Сайқал саясат бөлінгенмен өнерде шекара болған ба? Грузия, Армения, Әзірбайжан, тағы басқа республикалардағы әріптестерім қолдап: «Рухани жәбір көріп жүрген адамды көтермелеу міндетіміз», – деп, Мәскеуге шақыртып, депутат етіп сайлады. Сонда Мәскеудегі сайлау учаскесінде өзіміздің Мәдениет министрлігінен, Алматы қаласының Калинин аудандық партия комитетінен, сол ауданның ардагерлер кеңесінен менің сайлануыма қарсылық білдірілген хаттар, жеделхаттар топырлап түсіп жатты. Оны ұйымдастырып отырғандар да колбиншілдер еді...

«Қазақ әдебиеті»,
13 қараша 1992 жыл.



АЙТЫЛМАҒАН АҚИҚАТ

Желтоқсан шындығы неге қайта-қайта жабылып қала береді?

Желтоқсан – ХХ ғасырдың елеулі оқиғасы.

Желтоқсан – қазақ халқының тарихынан ерекше орын алатын ұлы дүмпулердің бірі. Арада тоғыз жыл өтсе де, дүйім дүниені елендеткен сол бір күндер аласапыранының өз бағасын ала алмай жүруі – біздің осы ойымыздың айқын дәлелі. Неге олай? Оқиғаның ақ-қарасын айыру үшін әр түрлі деңгейде комиссиялар құрылып, жан-жақты тексеру жұмыстарын жүргізді емес пе? Әлде былайғы елге білінбейтін, бірақ бәрі-бәрін жабуға, жасыруға, жоқ етуге қызмет ететін қарау күштер бар ма?.. Таратылған Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының баспасөз хатшысы Мейрам БАЙҒАЗИНМЕН жүргізетін сұхбатта осы сияқты сан сауалға жауап беріліп, беймәлім біраз шындықтың беті ашылады деп білеміз.

Т. А. – Мәке, Конституциялық сот жұмыс істеген үш жылдай мерзімде он шақты іс қарады. Соның ішінде 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы сүйектісі де сүбелісі деп білеміз. Әйтсе де бүкілхалықтық қасіретке айналған осы істі мен шағылмайтын жаңғаққа ұқсата беремін...

М. Б. – Оның рас. Ақиқаттың таяу арада айтыла қоятынына менің де күмәнім бар. Себебі, ардан безген, азаматтық ожданын аяққа басқан лауазымды мырзалар әлі де отырған орындарынан мызғыған жоқ. Олар «желтоқсандықтарға» байланысты бұл істе тексерудің барысында күні бүгінге дейін халықтан сұрқиялылықпен жасырылып келген барлық қылмыстары мен жантүршіктірерлік ақиқаттары ашылып қала ма, сөйтіп айдай әлемге масқара боламыз ба деп қатты қорқады.

Т. А. – Дегенмен, біз әңгімемізді өз реті бойынша өрбітіп, Желтоқсан оқиғасының Конституциялық сотта қаралуына кімдер қозғау салды, соған да аз-кем тоқтала кетсек деймін.

М. Б. – Бұл процесс Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы және қанды оқиға кезінде қуғын-сүргін көргендер:

Х.Қожа-Ахмет, халық әртісі Ә.Мәмбетов, бұрынғы милиция қызметкері А.Нәлібаев, мұғалима Ж.Сәбитова, бұрынғы ҚКП ОК-нің басқарушысы А.Статенин, жазушы А.Сейдімбеков, республикалық ұйғыр газетінің бұрынғы бас редакторы Т.Назаров, бір кездегі студент Б.Ни, сол сияқты басқа да шағымданушылардың (оның ішінде ақын М. Шаханов та бар) шағымдары негізінде басталған еді.

Өзінің рухы мен мазмұны жағынан теңдессіз осынау сот жұмысы барысында оның мүшелері мен сарапшылардың үлкен тобы шағымданушылардың талабына сәйкес қыруар шаруа тындырды. Әрқайсысы 300 беттік 14 том материал жинақталды. Жұмыс барысында Конституциялық сот пен оның мүшелеріне жан-жақтан қысым жасалғанын да жасырып қажеті жоқ. Осы орайда осалдық танытып, бұра тартқандардың да болмай қалмағандығы құпия емес. Есесіне судьялық антына адалдық танытып, ар-ұяттары алдында асқақ бола білген Сабыр Қасымов, Георгий Владимирович Ким, Ордағали Ықсанов, Жолымбет Бәйішев сынды азаматтардың арқасында архивтер мен міз бақпайтын мекемелердің тас қақпалары ашылды, қаһарлы, бет қаратпайтын талай мықтылар заң алдында ашық жауапқа тартылды.

Т. А. – Мәке, Конституциялық сотта баспасөз хатшысы қызметінде жүріп көп жайға қанықтыңыз, куә болдыңыз. Сол себепті де оның бізге белгісіз қырларынан сөз қозғап жүрсіз. Мәелен, «Зан» газетінің биылғы жылғы шілденің 29-ы күнгі санында жарияланған «Конституциялық соттағы сорақылықтар» деген мақалаңызда да Желтоқсан оқиғасына тоқтала кетіп: «... Артық дауысты пайдаланып, осыдан сегіз жыл бұрын желтоқсандықтарды «түншықтыруға» қатысты үш судьяны қолдаған Баймаханов пен оның орынбасары И. Рогов ақыры «желтоқсан ісінің» түбіне жетіп тынды» деп жазыпсыз.

М. Б. – Конституциялық соттың кеңейтілген мәжілісінен кейін бұл іс тоқтатылды. Өйткені, жағдайдың өзі осыған алып келді. Дауысқа салынған кезде көпшіліктің азшылықты «жұтып қоятыны» белгілі. Сөйтіп, көпшілікке айналып, кеудесін кердендеткендер арасында – өздері қылмыскер ретінде жауап беруге тиісті Людмила Башаримова, Сергей

Ударцев, Виктор Малиновский секілді заңгерлер болды. Олардың көзқарасы өзгермеген, сол бәз-баяғы қалпында. Сондықтан да олар істі одан әрмен жалғастыруға құлықты емес еді. Осыдан кейін, әрине, сот мүшелерінің басы біріге ме? Заңды төрағасы академик М. Баймаханов болғанымен, іс жүзінде билік құрған оның орынбасары Игорь Иванович Рогов болды. Төрағаның солқылдақтығын әбден біліп алған ол істеймін дегенін істеді. Осылай жел баққан қызметкердің қатарына сот хатшысы А. Нұрмағамбетовтің де қосылуы мақсатты істің мәнсіздікке ұрынуына айрықша ықпал етті.

Аманжол Нұрмағамбетовтің сот хатшысы болып қызмет атқаруының өзі заңсыз еді. Сондықтан да сот процесіндегі «Азат» қозғалысының өкілетті өкілдер тобының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты Жасарал Қуанышәлі 1994 жылдың 17-маусымы күні Қазақстан Республикасы Конституциялық соты төрағасының атына мынандай хат жазды. (Оны әдейі аудармай орыс тілінде беріп отырмыз. – Т.А.)

«Уважаемый Мурат Таджимуратович!

В связи с делом по декабрьским (1986 г.) событиям, находящимся в настоящее время на судопроизводстве в Конституционном суде и по которому я являюсь одним из истцов, прошу Вас представить мне стенограмму протокола заседания КС об избрании во второй половине 1992 года (ориентировочно август-сентябрь) Нурмагамбетова А.М. секретарем КС.

С уважением Ж. Куанышалин».

Жасаралдың осы хатына Қазақстан Республикасы Конституциялық соты хатшысын сайлауға арналған 1992 жылғы 3-шілдедегі жиналысқа М. Баймаханов, И. Рогов, Ж. Бәйішов, Л. Башаримова, К. Жалмұхамбетов, О. Ықсанов, Г. Ким, А. Нұрмағамбетов және С. Ударцев қатысып, Аманжол Мағзұмұлы Нұрмағамбетов бірауыздан сот хатшысы болып сайланды деген жарты беттік жауап келді. Ал, Жасаралдың сұрағаны – жиналыстың стенограммалық жазбасы еді. Хаттамада жиналысқа қатысқандардың қатарында Ж. Бәйішев болды деп көрсетілген соң, ол әлгі хаттың көшірмесін Жолымбет Нұрахметұлына жіберген. Осылайша хатшының сайланбай, қолайы келген кісі ретінде өткізіліп, заңсыздыққа жол берілгендігін анықтаған. Міне, осыдан

кейін А. Нұрмағамбетов хатшылық еткен Конституциялық соттың күллі жұмысын заңсыз еді демеске шарамыз қайсы?!

Т.А. – Ә деп қолға алғанда-ақ Желтоқсан оқиғасы туралы істің Конституциялық соттағы тағдыры немен тынатыны белгілі болған екен-ау! Сенген серкелеріміздің өздері 86-жылдың сол бір сұрқия күндерінде жазықсыз жастарды жазалаудың алғы шебінде жүрсе, әрине, көзі ашық, көкірегі ояу кім-кім де осылай демей ме!

М.Б. – Дәл солай болатынын жақсы түсінген Жасарал Қуанышәлі соның алдын алу үшін Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде жігерлі жұмыстар жүргізгенін айта кету ләзім. Жазықсыз қудаланған ғалым, заң ғылымдарының кандидаты Х.Ш.Әлжановпен бірге 1986 жылдың желтоқсанында және одан кейін болған жазалау оқиғаларына байланысты қаралатын іске Конституциялық соттың судьялары Л.И.Башаримованың, С.Ф.Ударцевтің, В.И.Малиновскийдің қатысуға ешбір қақысы жоқ екендігін айтып, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотына шағымданды да. Мәселен, Башаримова сол уақытта Қазақ КСР Жоғарғы сотына мүше болып, қылмысты істер жөніндегі алқаға жетекшілік еткен. Оқиғаға қатысушыларды жазалау ісіне белсенді түрде ықпал етіп қана қоймай, кінәсіз жандарды соттаудан бас тартқан судьялардың өздеріне қысым жасаған, қудалаған. Бұл фактілер Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Комиссиясының материалдарында жазылып, бұдан былайғы жерде адам құқығын қарау ісінен шектетілсін деп ап-айқын көрсетілген. Алайда, соған қарамастан ол әлдебір алыс түпкірден емес, мемлекетіміздің Жоғарғы соты атынан ұсынылған. Сонда оның Конституциялық соттан жайлы орын табуына кімдер қол ұшын берді, септесті екен дейсің еріксіз.

Ал, Ударцевті алсақ, «Жолдасбековтің кадры» ретінде негізсіз қызметтен аластатылған Әбдез Стамқұловтың орнына ҚазМУ-дың заң факультетіне декан болысымен, жалпы қазақ атаулының соңына шам алып түскен кісі. Студенттерді оқудан шығартқан, ғалым-ұстаздарды университеттен қуғызған. Оның осы іске беріліп шабыттана кіріскені соншалықты, оны «фашист» деп атаған екен. Ол Малиновскийді өзіне орынбасар етіп алғаннан кейін, желтоқсандықтардың соңына түсуді одан да күшейтеді.

Жоғарғы Кеңестегі Комитетте олардың кандидатуралары талқыланғанда бұл айтылмай қалмады, бірақ ешқандай әсері болмай, Конституциялық соттың мүшелегіне өтіп кетті. Сонда қалай дейміз-ау, осылардың орнына ұсынатын ұлты басқа, білімді де білікті, тәжірибелі заңгерлер аз ба еді? Әрине, табылатын. Бірақ жоғарыда отырған әлдекімдер үшін, олардың күні ертең жайғасқан жақсы орындарында алаңсыз болуы үшін, кезінде сыннан сүрінбей өткен осы сияқты кісілер керек болды.

Т.А. – Сот төрағасының орынбасары болған Рогов жөнінде не дер едіңіз:

Ж.Б. – Игорь Иванович кезінде «Желтоқсан ісін» өзі қозғап, сол уақыттағы республика басшылары Г.Колбин, Н.Назарбаев, С.Мұқашев және басқаларын орын алған заңсыздықтар үшін жауапқа тарту қажеттігі жөнінде баспасөзде пікір айтқан адам. Ол сонысымен демократтарға ұнап, ұпай жинаған. Бірақ дәл сол кезде Конституциялық сотты басқа соттарға қосу туралы әңгіме болып жатқан. Сөйтсек, онысы – кейін белгілі болғанындай – «желтоқсандықтардың» құқықтарын қалпына келтіру немесе ақиқатты ашу үшін емес, жеке басының мүддесі үшін жасаған шаруасы екен. Конституциялық соттың өз міндетін одан кейін да осылайша атқара беретіндігі белгілі болған соң-ақ, ол бетпердесін сыпырып, сот процесіне қарсылардың сойылын соғып шыға келді.

Сот мүшелерінің ішінен: «Саяси бағаны Жоғарғы Кеңес Президиумының Комиссиясы берді емес пе, енді оған құқықтық баға берудің қажеті не? Егер оны біз одан ары тереңдетіп қозғай берсек, онда қоғамның тұрақсыздануына әсер етеміз. Ұлтаралық қақтығыстар мен алауыздықтар туады. Президент пен оның айналасын күйелейміз, мұны «орыс тілді» тұрғындар түсінбейді» деп неше түрлі сылтаулар айтып, өздерінше дәлелдегендер табылды. Шын мәнісінде олай емес, бұл – жауапкершіліктен жалтарудың жолдары еді. Олардың мақсаты: қайткенде де істі сиырқұйымшақтатып жіберу болды. Процестің үстінде де түкке тұрғысыз, көбісі мәжіліске мәселе етіп шығармай-ақ, судьялардың өз арасында оп-оңай шешілетін формальды нәрселер еді. Бірақ олар жоқтан өзгені ілік етіп, сағыздай созуды әдетке айналдырды. «Әйтеуір іске кедергі болсыншы»

деген ниетпен жасаған қысастықтарының бірі ретінде процесс басталар алдында Министрлер кабинетінің ыңғайымен судья А.Нұрмағамбетовты Германияға баратын топқа қосып жіберуін айтуға болады. «Шұғыл аттандыруларының» сыры шағымданушылар сенімсіздік көрсеткен Л. Башаримова, С. Ударцев пен В. Малиновский секілді сот мүшелері соттан шеттетіле қалса, істі қарауға судьялар саны жетпей (кворум болмай) қалуы үшін жасаған қулықтары екен. Сондай-ақ, Желтоқсан құрбандарын ақтауға келгенде де сұрқиялықтары сумандап, құйтырқы қулықтары кедергі болды. Соның салдарынан желтоқсандықтар «Қуғын-сүргін көргендер туралы Заңнан» тыс қалды. Жоғарғы Кеңестегілер де: «Бұл мәселе Конституциялық сотта қаралып жатыр, сол бойынша қарық қылатын айрықша заң қабылдаймыз» дел сырғақтатты. Шын мәнінде оны Конституциялық соттың аяғына дейін алып шығып, тиянақты тұжырым жасауына мүмкіндік бермеді.

Т.А. – Дегенмен, Мәке, Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы Жоғарғы Кеңесінің күн тәртібінде қаралатын мәселе болып арнайы сөз болды емес пе?

М. Б. – Оның рас. Таратылған Жоғарғы Кеңестің мәжіліс мінберінен сөз алған Жасарал Қуанышәлі: «Мен Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде өз әріптестерімнің назарын бұрынғы парламенттің Желтоқсан құрбандары алдында қарыздар болып қалғанына аударғым келеді...

Осыған орай жаңа парламент сол қарызды өтеп, сессияның күн тәртібіне мына мәселелерді енгізуге тиіс» деп, Конституциялық сотқа да, соттың құрамына да қатысты мәселелерді тармақтап-тармақтап тізбелеген еді. Соның ішіндегі ең елеулісі – Конституциялық сот төрағасы М. Баймахановтың «Конституциялық сотта желтоқсан оқиғалары (1986 ж.) туралы істің қаралуының кідіру себептері жөнінде» баяндамасын тыңдау болатын.

Егер Жоғарғы Кеңес таратылмай, жұмысын ретімен жалғастыра бергенде, сөз жоқ, ол солай болатын еді. Алайда Конституциялық сот оған жеткізбеді. Заңды белінен басып, Желтоқсан оқиғасын аса құпиялап, 19 күн бойы жабық мәжіліс өткізді. Бұл ашық қоғамдық соттың әңгімесі еді. Сөйтіп, «Мә, сендерге керегі осы болса!» дегендей, Жоғарғы Кеңестің өзінің болу-болмау мәселесімен білек сыбана айналыса бастады. Ақырында бір ғана округтегі

кеткен кемшілік тұтас бір институттың түбіне жетерліктей, дабырайған қазақстандық қателікке айналдырылды. Кеңес Жалмұхамбетов Алматы облыстық сотының төрағасы болып бекітілді.

Ал, қанды сойқанның қайталанбауы үшін, ақиқатты айқындау үшін өздерінің судьялық парыздарына барынша ақ-адал бола білген Сабыр Қасымов, Ордағали Ықсанов, Жолымбет Бәйішев әзірге бос. Бәрі де білімді, білгір заңгерлер, сот ісін жетік білетін ғалымдар. Осылардың арасынан Ж.Бәйішевті бөле-жара атауға әбден болады. Өйткені ол күні кешегі күлі көкке ұшқан Кеңестер Одағында, бергі бес-алты жыл әлетінде, Конституциялық соттың жұмысы туралы бірінші рет кандидаттық диссертация қорғаған азамат...

Сөйтіп, Желтоқсан оқиғасы одан әрі жалғасуда. Бірақ оның мәні де, мазмұны да бұрынғыдан өзгерген.

Т. А. – Расында, солай екен, Мәке! Жүрек пен жүйкеге жүк түсіретін ауыр кезеңіне ауысыпты. Желтоқсан оқиғасын ақтауға арналған тоғыз жылдық күресті түйіндей айтқан әңгімемізден осыны аңғардық.

Сұхбаттасқан Талғат АЙТБАЙҰЛЫ.

«Ана тілі»,

14 желтоқсан 1995 жыл.

Хасен ҚОЖА-АХМЕТ

«ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ІСТІҢ» СЕРГЕЛДЕҢІ

Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың арасында сақталмай, халық соттарының «мейірімі түсіп, емдеуге жіберген» азаматтар кімдер, олардың тағдыры туралы не білеміз?

«Жолы болып», ісі қысқартылып сотталмай қалған азаматтардың бірі ақмолалық Асқар Шаяхметұлы Сағынаев екен. 1986 жылы желтоқсанда ол Ақмола педагогика институтының 3 курсына оқып жүр еді. Алматыдағы оқиға туралы естігеннен кейін қазақ азаматтары желтоқсанның 20-сы күні Ақмола педагогика институтының жанына жиналып, пікір алыса бастайды. Біраздан соң жиналған студент

жастар тобы қаланың орталық алаңына қарай бет алады. Шерушілер қатарында Асқар Сағынаев та бар еді.

Ақмола милициясы да алматылық әріптестерінің «тәсілін» қолданып, алаңға шыққан қазақ азаматтарын бас салып тұтқындауға кіріседі. Кешкі сағат 17-де Асқар да милиция бөлімшесіне жеткізіледі. Аты-жөнін, мекен-жайын анықтап, суретке түсіріп ұзақ әуреге салып босатқанмен, 26-желтоқсан күні сағат 16-да тұтқындалды. (Сол кеткеннен Асқар 1987 жылдың 25-тамызында ғана оралды).

Енді Асқар тергелген кездегі дәйектерге жүгінейік:

«...А.Сағынаев ұлт араздығын қоздыру мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының шешіміне наразылық білдіріп үнпарақ дайындаған. Бұған қоса ол облыс басшылығына табыс ету үшін «Петиция» жазып, онда Қазақ ССР-інің ұлт саясатын бұрмалаған орыс халқына сену, құрметтеу идеясына күмән келтірген. 1986 жылдың 20-желтоқсанында үкімет өкілдерінің заңды талаптарына ашық мойынсұнбай Целиноград қаласының Орталық алаңына, «Москва», «Турист» мейманханаларының және Орталық почтамт жанына жиналып, транспорттың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтірген қазақ жастарының тобына Сағынаев өзі жазған үнпарақтарын таратумен айналысты. Өзі құрастырған «Петицияға» қол қойғызу үшін алаңда ынталы топ ұйымдастырған Сағынаев «Целиноградсельмаш» заводының және педагогикалық институттың жатақханаларына да барып кейбір азаматтарды қол жинауға үгіттеп, арандатқан». (*Целиноград облыстық сотының 1987 ж. 16 ақпандағы ұйғарымынан*). Асқарды тергеген прокуратура қызметкерлері соттың шешімінсіз, тек прокурордың нұсқауымен-ақ оны облыстық психиатриялық емханаға жөнелтеді.

А.Сағынаевтың ісі сотта тек 1987 жылдың 16 ақпанында ғана қаралып, Целиноград облыстық соты (төрағалық етуші Попов В.М., заседательдер В.М. Чунтонова мен А.Г. Середкина, прокуроры А.Д. Казанцева): «...1964 жылы туған Асқар Шаяхметұлы Сағынаевты Қазақ ССР Қылмысты істер кодексінің 60-шы («Ұлттық және нәсілдік теңқұқылықты бұзуды насихаттау) және 170-3-ші («Қоғамдық тәртіпті бұзушы топтың әрекетіне қатысушы немесе оны ұйымдастырушы) баптары бойынша қоғамға қауіпті әрекеті үшін

айыптап», мынадай нәрселердің анықталғандығын айтады: «1986 жылғы желтоқсанның 17-18 күндері Алматыда ұлтшылдардың ұйымдастыруымен жасалған өртеу, қирату т. б. әрекеттер орын алған оқиғаның болғанын білген А. Сағынаев Целиноградтағы оқу орындарының оқушыларын да дәл Алматыдағыдай әрекеттерге арандату мақсатында жұмыс жүргізген», – дей келіп: – «Бірақ Сағынаев қылмыс жасаған сәтте және қазіргі уақытта да шизофрения ауруымен ауырғандығынан оның қылмыстық ісі қысқартылып, өзі жалпы типтегі психиатриялық емханаға жатқызылып, емделуге мәжбүр етілсін», – деген ұйғарым шығарады.

«Мен Асқармен бірге қаламыздағы № 3 орыс мектебінде бірінші кластан бірге оқыдым, – дейді Асқардың досы Қазыбек Кәрімов. – Асқардың ерекшелігі – өте намысқой еді. Ол өзіне ана тілін жете меңгеремін деген мақсат қойып, 7-8 кластарда қазақ тілімен терең шұғылдана бастады. Соның арқасында, тіпті қазақша өлең шығара алатындай дәрежеге де жетіп қалды... Асқардың «істі» болғанын естіп, соңынан емханаға іздеп барғанымызбен, бірден хабарласудың мүмкіндігі болмады. Өзер дегенде жолыққан сәтімізде жабық шыны артынан оның жанарынан мөлтілдеген жас пен шарасыздықты көрдік. Амал не, біздің қолдан келетін жағдай тек жүрек жылуымызбен оның мұз боп қатқан көңілін жұбату ғана болды».


– «Асқармен 6 кластан бастап, орта мектепті бітіргенше бір партада отырдым, – дейді Асқардың кластасы Болат. – Біз оны адалдығы, адамгершілігі, өз сөзіне беріктігі сияқты қасиеттері үшін сыйлайтынбыз, қазір де сыйлаймыз. Асқар ойы ұшқыр, білімі терең жан. Мектепті де, № 4-ші кәсіптік техникалық училищені де үздік бітіріп шықты. 1982-1984 жылдар аралығында әскер қатарында болып, 1984 жылы Целиноград педагогика институтының инженерлік-педагогикалық факультетіне оқуға түсті. Асқар шахматтан спорт шеберлігіне кандидат дәрежесіне жетті. 2 жылдай «каратэ» спортымен шұғылданып, спорттық разряд нормасын орындады».

Міне, А. Сағынаев туралы оны жақсы білетін азаматтардың пікірлерін кезінде ескерместен облыстық сот, оны сотқа қатыстырмастан – «жынды» деген ұйғарым жасай салды. Сөйтіп ол 8 ай бойы ауру адамдардың арасы-

на жатқызылып, сау адамға зиянды неше түрлі дәрілерді қабылдап, «тәжірибеден» өтті. Ақыры 1987 жылдың 14-тамызында болған арнайы комиссия Асқардың «денсаулығын» қанағаттанарлықтай деп тауып, 25-тамызда оны бостандыққа шығарады. Кейін, Желтоқсан оқиғасына үкіметтің ызғарлы көзқарасы біршама өзгергенде А. Сағынаевтың жазған арызына 1989 жылдың қазан айында Қазақ ССР-і Жоғарғы сотынан «...Целиноград облыстық сотының 1987 жылы 16-ақпандағы А. Сағынаевты шизофрения деп тауып ықтиярсыз емдеуге жіберген ұйғарымы күшін жойып, қылмыстық ісі толық қысқартылды» деген жауап келгенімен, Асқар психиатриялық диспансердегі есептен тек 1991 жылдың қыркүйек айында ғана шығарылды. Міне, «сотталмай, ісі қысқартылған» Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың бірі Асқардың сегіз ай бойғы сергелдені осындай. Бәрінен де оның Желтоқсан кезінде үнпарақ жазып таратып, саналы түрде саяси күреске бел шешіп кіріскен азаматтығына қалай сүйсінбеске? Асқардың өзімен кездесуге бір сәті түсті. Қаншама сергелденге түссе де жігері мұқалмаған, мойымаған Асқарды тек елдің мүсіркей қарағаны, денсаулығы туралы сұрағаны ыңғайсыздандыратыны сезіледі. «Жоғарғы соттың шешімімен 1986 жылы тағылған айыптаулардан ақталғаныммен «жынды» деген диагнозы әлі күнге дейін алынбай отыр. Сондықтан менің мәшине жүргізуге, шетелге шығуға құқым шектеулі», – дейді Асқар.

Жаны жаралы азаматтарымыздың көңіліне қолымыздан келгенше демеу болу, болашағына сенімін арттырып, жігерін жану адамдық парызымыз, елдігіміздің белгісі болмақ.

*«Алматы ақшамы»,
17 желтоқсан 1993 жыл.*



КОЛБИН ҚҰРБАНДАРЫ

Желтоқсан оқиғасының өткеніне бес жыл толуын еске алып, былтыр біршама дуылдатып өткіздік. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың – 1991 жылғы желтоқсанның 12-сінде шығарған «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы бойынша «қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар ақталған деп саналғанын» жұрт ризалықпен қабылдады. Алайда көңілдегі түйткіл, санадағы салқындық толық айыға қойған жоқ.

1986 жылғы қазақ жастарының бейбіт шеруінің өз орны да, жөні де бар. Бұл тарихи оқиға, оған ешкімнің дауы жоқ. Оның маңызы 1825 жылғы 14-желтоқсандағы орыс декабристерінің бас көтеруінен, 1905 жылғы 5-қаңтардағы Петербургте болған қанды қырғыннан, 1916 жылы қазақ даласының жер-жерінде өткен көтерілістерден кем емес дер едік. Демократия жариялап, ой-пікіріңді еркін айтуыңа еш бөгет жоқ деген басшылардың көпірме сөзіне сеніп, құр қол, еш қарусыз мәміле жасауға шыққан жастарды арандатып, қанға бөккендер ұмытыла қояр ма.

Демонстрацияға қатысқаны үшін аяусыз ұрылып, соғылып, тергеліп, сотталып, түрменің тар қапасына отырғызылғандарды, өлімге душар болып, жарық дүниемен қоштасқандарды желтоқсан құрбандары деп жүрміз. Осылай деуіміз жөн емес. Оқиғаның желтоқсан айында өткендігі болмаса, жастарды қан қақсатқан, сергелдеңге салып, құрбандыққа шалған негізгі кінәлі адам Г. Колбин. Сондықтан оларды Колбин құрбандары деген дұрыс.

Желтоқсанның сол бір күндері бұлыңғыр болып, денені түршіктірген ызғар шашып, сұстылау көрініп еді. Сонда қанды қырғынның болатын белгісін білдіріп тұрған екен. Бірақ сұрғылт та суық желтоқсанның үсігіне шалынып, аязына қатқан ешкім жоқ. Одан гөрі Г. Колбиннің қатулы қабағы мен сазарған жүзінен салқындық шашқан ызғары қатты болды.

Әрине, жастар қозғалысы кезінде өлім де, қолы-басы, қабырға-омыртқасы жарақаттанған, сынған, миы шайқалып, есі ауысқандар аз болмағанмен, неше түрлі зардап, өрескел қатыгездік, жаналғыш әрекеттер 1987 жылы болды. Қудалау, ізге түсіп іздеу, ұстау, тергеу, соттау, түрмеге отырғызу сол жылы кең етек алды. Әрі жыл бойы созылды. Міне, оған да бес жыл толып келетінін айтуымыз керек.

Оқиға басталғаннан желтоқсан аяғына дейін құрбан болғандарды атар болсақ ең алдымен қақтығыстар кезінде қаза тапқан үш адам айтылатын. Олар – студент, алаңдағы шеруге қатысушы Ербол Сыпатаев, телеоператор, жасақшы С.Савицкий, автопарктің билет тексерушісі Аристов. Алматы энергетика институтының студенті Е.Сыпатаевтың қатыгездікпен ұрылғаны соншама, оның бас сүйегі ауыр соққыдан жарақаттанып, миына зақым тиеді. Ол 18-күні ауруханаға жеткізіледі. Бір таңқаларлық нәрсе, С.Савицкийдің өлімін дабырайта көтеріп, оны өлтірген адамды жарық күнде шам алып іздегендер Е.Сыпатаевтың өліміне немкетті қалып танытты. Оның өлу себептері тәртіп сақтау орындары қызметкерлерін, тер-геушілерді селт еткізбеді. Ал ол қайтыс болғанға дейін бес күн бар еді. Қазаға байланысты заңды тергеу жүргізіп, әуреге түскісі келмеген, сірә. Оны мерт еткен адамды іздеп табудың жауапқа тартудың орнына, мәйітін туған ауылына, әке-шешесіне жеткізіп, тапсырып, тезірек құтылу әлдеқайда оңтайлы көрінді білем. Ой зердесіне салып көрсек, оны қанға бояп, өлімші еткен милиция адамдары мен жасақшылар екенін ішіміз сезеді. Бірақ олардың нақты қайсысы екенін анықтау олар үшін тиімді емес екендігі кімге болса да түсінікті. Сол сияқты Аристовтың да мерт болуын жылы жауып тастаған сияқты.

С.Савицкийдің өлімі кімнен болғаны нақты анықталған жоқ. Бірнеше жыл жасырылып келген екі қазақ қызының өздерін өлімге душар етуі туралы кейін білдік. 1986 жылы оқиғаның себеп-салдарын тексеру жөніндегі бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесі комиссиясының жұмысы кезінде қайнатқан сүттің бетіне шыққан қаймақтай олардың өлімі туралы фактілер белгілі болды. Олар он екіде бір гүлі ашылмаған, 16-18 жастағы уыздай қыздар еді. Бірі – Өскемендегі педагогика училищесінің студенті Сәбира Мұхамеджанова да, екіншісі

– Алматы музыкалық училищесінің студенті Ләззат Асанова еді. С.Мұхамеджанованың Өскемен қаласында өткен студенттердің демонстрациясына қатысқаны үшін үкімет сақшыларының көзіне түсіп, қарауылға алынғаны анық. Республика мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сол кездегі төрағасы В.М.Мирошник те оның толқуға қатысқанын білген. Сондықтан да айлалы күштен құтылудың жолы біреу-ақ деп тапқан болуы керек. Ол, сөйтіп, 26-желтоқсанда үйдің төртінші қабатынан секіріп, өзін-өзі құрбандыққа шалды. Одан бір күн бұрын қорлық көріп, намысын тапталқысы келмеген Л.Асанова бесінші қабаттан секіріп, қыршын жанын өлімге қиды. Ішкі істер министрлігінің таратқан қауесеті бойынша оның желтоқсан оқиғасына еш қатысы жоқ сияқты. Шүкір, Л.Асанованы алаңға барғанын көрген құрбы-қыздар бар боп шықты. Олардың арасында тараған «ұсталып қалыпты. КГБ тексеріп жатыр екен» деген алып-қашпа сөздің айтылуы да тегін емес. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» дегендей, құпиялылық ашылып, сыр берді. Оның бейбіт шерудің ішінде болғаны үшін тергеуге алынғаны, арты жақсылыққа апармайтыны анық. Оған жастарды ұйымдастырып, алаңға ертіп барған дегендей айып тағылуы қиянат екені бесенеден белгілі. Жан-дүниесі, жүрегі, буын-буыны әлі нәзік қыздың сондай әрекет жасауы екі талай. Тағылған кінә езу тартқызып, күлкі үйіргеннен басқа, шындыққа жанасып тұрған жоқ. Л.Асанованың да қазасының қыр-сырын жасыру үшін сүйегін дереу үйіне әкетеді. Бір қызығы оның денесі Е. Сыпатаевтың мәйітімен бірге бір күнде Панфилов ауданына әкелінеді. «Ақжазық» ауылында тұратын анасы Алтынайдың қайғысына ортақтасып, бөліскен сол жер тұрғындары болмаса, республиканың әміршіл басшыларының түгі де кеткен жоқ. Оларға «өзі ұшып өлді» деп қыздың өлігін анасының алдына апарып тастаса болды. «Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы» дегендей желтоқсан шеруінің алғашқы құрбандарының үй-іші, ағайын-туғандары аза тұтып, қабырғалары қайысып, қайғы-қасіретке батып жатқанда, Г. Колбин тағы қандай шаралар қолдану жағын ойлап, өз басын өзі қатырды. Оқиға кезінде ұрып-соғу, ұстап әкету, изоляторлар мен камераларға апарып тығу, қала сыртына автомашиналармен әкетіп, ақ қар, көк мұзға жалаңаш-жалпы күйінде жастарды тастап кету

аз көрінді. Ендігі кезек – тергеу, соттау процестері. Іздеу, аулау, ұстау қатар жүргізілді. Республиканың бұрынғы Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінде, Алматы қалалық партия-шаруашылық активінің жиналысында желтоқсан оқиғасына берілген «Ұлтшылдықтың көрінісі», «жауыз ұлтшылдық» («махровый национализм») деген бағаны дәлелдеп шығу үшін Г.Колбиннің істемегені жоқ. Ол шұғыл түрде Заң қорғау орындарының басшыларын өзіне жинап, олардың алдына «ұлтшылдарды» табу міндетін қойды. Іле Қазақ КСР-і прокуратурасында арнайы тергеу тобы құрылды. Топты Қазақ КСР-і прокурорының орынбасары А.Мызников басқарды. Құрамына республикалық үш мекеменің – прокуратура, Ішкі істер министрлігі мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ең таңдаулы 98 қызметкері кірді. Билеп-төстеп тұрған, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс сондай күшке қарсы келіп көр. Күн тәртібінде – демонстранттарды, негізінен жергілікті ұлт жастарын аямай әшкерелеу, қатал жазалау мәселесі. Соның салдарынан 1987 жылы құрбандар қатары әлдеқайда артты. Оның үстіне сол кездерде келген көсемсымақ М. Соломенцев жастардың кейбір бой көрсетуін «барып тұрған ұлтшылдық» деп отқа май құйғаны аз болғандай, адамдардың кейбір топтары сот жауабына тартылуы, сот процестері өткізілуі керектігін мензеп су бүркіп кеткені елеусіз қалмады. Оның айтқандарының бәрі бұйрық нұсқаудай қабылданды, аузынан шыққандарды орындауға Г.В.Колбиннен бастап жұмыла кірісіп, алас ұрды.

Соломенцев «көріпкелдік» айтқаны алшысынан тұрды. Жазықсыз жастарға жасалған айыптар тағылып, заңсыз үкімдер шығару басталып-ақ кетті. Келген жаңа жылды қарсы алып, жұрт жұмысқа енді кірісіп жатқанда Қазақтың мемлекеттік университетінің бірінші курс студенті, комсорг Құрманғазы Рахметовтың «қылмыстық ісі» сотта қаралды. Төбеге қарап отырып, қолдан жасалған іс үздік-создыққа салынбай, апыл-ғұпыл қаралып, 9-қаңтар күні Қ. Рахметов жеті жылды арқалап шықты. Жоғарғы Сот осылай үлгі көрсетті. Соның алдында 5-қаңтарда Алматыдағы № 19 жұмысшы жастардың кешкі мектебінде сабақ беретін Жансая Сәбитованың «ісі бойынша» республика Жоғарғы соты үкім шығарып, 5 жылға бас бостандығынан айыр-

ды. Қазақта анамен айтыспайды да шабыспайды. Ақ сүтін беріп ұрпақ өсірген ананы ардақ тұтып, аса құрмет етіп, кастерлейді.

Ал, Ж.Сәбитова да балалы ана еді. Алайда шектен тыс жазығы болмаса да, тергеуші де, сот та байыбына барып, аярлық, парасаттылыққа мойын бұрмады. Иmandылық та олар үшін шарт емес. Көздерінен жасын төккен ананы баладан айырып, түрме қапасына тығып тастау безбүйректік емей немене? Ол төңкеріс жасап, лауазымы биік басшылар биліктен, ал олардың шашбауын көтерушілер жайлы креслоларынан айырылып қалатындай қауіп төндірген шығар деп ойлаудың өзі қиянат. Небәрі оның істеген әрекеті «Өлімге неге жол беріледі?», «Жалғыз адамды неге сегіз миллион қазаққа қарсы қоясыңдар?», «Сыртқы дүниемен байланыс неге үзіліп тасталған?», «Өлім-жітім туралы неге ақиқат хабар айтылмайды?» сияқты сөздер жазылған парақшаларды машинкаға басып дайындаған. Бірақ оларды еш жерге тарата алмаған. Ал ақиқатты, шындықты білгісі келген бұл сұрақтардан тергеушілер үлкен арандатушылық тауыпты. Байыптап қарар болсақ, кімнің болса да қояр сауалдары емес пе бұл? Өйткені, сол кезде қалада тараған алуан түрлі алыпқашпа өсек-аяндар, жел сөздер әбігер етіп, жұртты алаңдатқаны рас еді. Ел құлағы – елу. Құлағымыз елендеп отыратын. «Мұғалім Сәбитова – сотта өзін өжет ұстады, басшыларды өлтіре сынады» дегенді естіген де едік. «Апырым-ай, сот қандай үкім шығарар екен, арандатты-ау оны» деген жанашырлық ниет те білдірілетін. Сот үстінде «... Сіздердің күнелту тәсілдеріңіз өтірік, Қазақстанның нанын әжептәуір-ақ жедіндер ғой, халықты азғындата бермей кетіндер!» – деуі, әрине, қайсарлық. Ер адамның айта алмағанын қасқая тұрып айтқан аналық өжеттілік. Сол сөзде не кінәрат бар, шыны сол емес пе. Ол үшін соттауға бола ма? Бірақ, ащы айтылған ақиқат көңілге ұнай қоймасы белгілі. Ақыры үш-ақ күн жүргізілген тергеу кезінде жазықсыз адамға тағылмаған айып қалмайды. Соны негіз еткен соттың «іске» терең бойламастан Ж. Сәбитоваға шығарған үкімін әділ деп айта алмасақ керек. Соломенцев тапсырып кеткен ашық сот ұйымдастырудың алғашқысы Ж. Сәбитова «ісі» туралы болды да, баспасөз оны дабыра етіп жазды. Жас анаға араша түсуші табылмады. Республика Жоғарғы Сотының үкімін бұзу ешкімнің қолынан келмеді.

Жылдың басы осылай басталған дүрбелең әрі қарай тереңдей жалғасып, белең алды. Тек қаңтар айының ішінде он бір адамға сот үкімі шығарылған. 13-қаңтар күні ет комбинатының жас жұмысшысы Б. Жуандықов, 14-қаңтарда Алматы театр-көркемсурет институтының 4-курс студенті Ж. Тілегенов бес жылға бас бостандығынан айырылды. Сол 14-і күні Алматы қалалық сот № 23 құрылыс-қиыстыру басқармасының электрмен дәнекерлеушісі Е. Мейірбеков пен бетоншысы Н. Рсалиевті төрт жылға бас бостандығынан айыру жөнінде үкімдерін шығарды. 22-қаңтарда жұмыссыз Қ. Қалмұратовқа бес жыл, 28-і күні бас киімдер фабрикасының бухгалтері Н. Салиховаға үш жыл, 29-ында №23 құрылыс-қиыстыру басқармасының тас қалаушысы А. Мұзафаровқа төрт жыл, 30-қаңтарда жұмыссыз М. Асылбаевқа жеті жыл, Қазақтың мемлекеттік университетінің 4-курс студенті О. Ысмағұловқа үш жыл берілді. Ақпан айында 20, наурыз айында 20 адамға әр жылға бас бостандығынан айырған сот үкімдері шығарылды. Тергеу мен сот жұмысының қауырт жүргізіп, аса бір құлшына белсенген тұсы бұл кез. Одан кейін маусым айы, әсіресе, есте қалды. Бұл айда 12 адамға сот үкімдері шықты. Олардың ішінде ши шығып, шулы болған, араларында Қайрат Рысқұлбеков бар бес жігіттің сот процесі жұрттың есінде болар. Ол да ашық сот ретінде өтті. Бұл Алматыдағы жағдай, сондай қимыл басқа қалаларда да жүріп жатты. Кісі күлерлік те, ашынарлық та заңсыздықтарға жол берілген. Айып тағудың да шегі болмаушы ма еді. «Ленин идеясы жасасын!», «Әрбір ұлттың өз көсемі болсын!», «Ешбір ұлтқа артықшылық берілмесін!» ұран-плакаттарды көтеріп алып жүргені үшін соттау қай зандылыққа саяды. Мал дәрігерлік институтының студенті Ж. Әуезовті солардың біреуін ұстап жүргені үшін бес жыл еркінен айыруға үкім шығарылғанына қалай таңданбассың. Оған қосымша 16 автомашина өртеуге, 152-сін қыйратуға қатысып, 302 мың сом зиян келтіргені үшін, көптеген адамның денесіне таңба салғаны үшін айыбы тағылыпты. Ойлаңыздаршы – бір күннің ішінде бір адам соншама әрекет жасауы мүмкін бе? Театр-көркемсурет институтының студенті Ж. Тілегеновке де автобусты, жатақхананы өртеген және бүлдірген деген айып та тағып, сот бес жыл арқалатқан. Ал айыпты болса, Ж. Тілегенов кейінірек «оның әрекетінде

кылмыс құрамы болмағандықтан» неге ақталды? Міне, мұндай заңсыздықтар аз емес екен.

Жыл басынан басталған жазалау, негізінен, төрт бағытта өрбіді, біріншіден – шеруге қатысты дегендерді іздеу, ұстау, отырғызу, екіншіден – тергеу, соттау, түрмелерге қамау, үшіншіден – оқудан, партиядан, комсомолдан қуу, төртіншіден – жұмыстан шығару, қызметтен босату. Осының бәрі тікелей Г.Колбиннің бақылауында болды. Ол әртүрлі айла-әдістерді ойлап тауып, өз билігін күшейте түсті. Право қорғау органдарының ісіне көңілі толмайтынын айтып жүрді. 1987 жылғы 10-қаңтарда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI пленумында желтоқсан оқиғасына қатысушылар сыналып, Орталық Комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы деген құрылды. Бақылаудың құйтырқы бір түрі еді бұл. Енді бір жолы – Орталық Комитет аппаратының әр дүйсенбі сайын өтетін жиналысында жазалаудың барысын тыңдап, талқылап отыру. 5-қаңтар күнгі жиналысқа «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егеменді Қазақстан») газетінің сол кездегі редакторы Балғабек Қыдырбекұлы өзінің қатысқанын, Орталық Комитеттің насихат және үгіт бөлімінің менгерушісі А.Устиновтің «бүгін 17 студентті отырғыздық» деп ісіне-кебіне мақтанышпен баяндағанын әңгімелегені «Лениншіл жас (қазіргі «Жас алаш») газетінің 1990 жылғы 29-желтоқсанындағы санында жарық көруі кейбір ойға жетелейді. Жастардың басына түскен қасіретті пайдаланып, өздерінің қара басының қамын көбірек күйттегендер «Әділет пен тазалықтың, жақсы үлгі-өнегенің» шаңырағы болып есептелетін сол Орталық Комитеттің өзінде де аз болмағаны ғой. Г.Колбиннің алдында құрдай жорғалап, құрақ ұшқандар өз кінәсін сезіне ме екен? Желтоқсан оқиғасының деректері А.Устинов сияқтылардың алдынан өтіп, олар өз қолдарымен от көсеп отырған ғой. Ол «17 студентті отырғыздық» деген күн қозғалысты басқаннан кейінгі 17-і күн болатын. Бұл сонша уақыт іздеу, ұстау, алып кету, қамау толассыз жүргізілгенін білдірмей ме. Апыр-ай, дейсің, қазақ елінің топырағында туып-өскен, оның нан-тұзының дәмін татқан, осында өзіне бақыт тапқан А. Устиновтей азаматтың мұнысы несі? Қазақ достарының алдында тілі тәтті болғанымен, діні қатты екен-

ау. Сырты жылтыр, іші сылдыр адам болып шықты демеске амал бар ма. Арамызда жүріп, арамдығын ішіне бүгіп келген оның Г. Колбиннің оң қолы болып, айтқанын екі етпей орындау барысында қолдау-қолпаштауымен, тікелей араласуымен қазақтың талай жігіттері мен қыздарының тағдыры тәлкекке айналып, қанаттары қайырылып жапа шеккен болуы керек деген ой мазалайды. Әртүрлі мамандықтың белгілі қайраткерлері – 7 адам қол қойып, желтоқсан оқиғасына қатысқандарды айыптап жазылған үндеухатты ұйымдастырушылардың бірі А. Устинов екенін енді біліп отырмыз. Байқаймыз, ол үндеухатқа жеті адамның бәрі қол қоймаған көрінеді. Олай болса А. Устинов өзі басшылық еткен газеттерге жіберіп, бастыруға қандай қақысы бар. Ұятқа қаларлық іс атқарған. Бұл да Г. Колбинге жағымды болудың бір көрінісі.

Қаптап өтіп жатқан пленумдар, съездер, конференциялар, жиналыстар Г. Колбин назарынан таса қалмады деу асыра айтқандық емес. Өзі қатысып, сөйлеу әдетке айналған ісі болды. Қай-қайсысында болмасын сөйлесе болды, желтоқсаншыларды даттап, оларға неше түрлі айдар тағып жүрді. Бір нәрсені қайта-қайта айта берсе демі кетіп, шайлықтыратыны бар. Ол ондаймен есептескісі келмеді. Сол себептен 1987-жылдың 6-7 наурыз күндері өткен Қазақстан комсомолының XVI съезінде Г. Колбин «Өткен жылғы желтоқсанда болған жайсыз, жағымсыз көріністерді жұрттың көбісі ұмытқысы келеді» деп тағы да ушықтырып қойды. Сол съезде «шынайы ұлттық ерекшеліктердің менмендікпен, дандайсумен, ұлттық өзімшілдікпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды» деуінде. негізінен қазақ ұлтына тағылған айыптың ісі аңқиды. Бұл сөз Мызников, Волтунов, Тетеркин сияқты право қорғау органдарының үлкен қызметтеріндегі адамдарға дем беріп, кежегесін көтермеді дейсіз бе. Ендеше «шаш ал десе бас алатын» ондайлардың демонстрацияға қатысқан дегендерді аямай, жөн-жосықсыз жазалауына таңдануға еш болмайды.

Олар үшін заңнан гөрі Г. Колбиннің тапсырмасы, талабы, нұсқауы заң еді. Оны орындамаған органдардың қызметкерлері аласталатыны сөзсіз. Ондай болады да. Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т. Айтмұхамбетовтың өзі де әупірімдеп орнында әрең қалды. 1987 жылдың тамыз айының ба-

сында Әділет министрлігі мен Жоғарғы Сот басшыларының есебі Орталық комитеттің бюросында тыңдалып, онда Г.Колбиннің, «Айтмұхамбетов либералдыққа салынып, қылмыскерлерге жеңіл жаза тағайындап жатыр» деуі тығырықтың таянғанын сездірсе керек. Шындығына келсек алдында ғана бес жігіттің сотталуын либералдықтың, жеңіл жаза тағайындаудың белгісі демес едік, керісінше асқан қатыгездік, аямастық ол.

Маусым айында тағы бір әділетсіздіктің өрескел көрінісі болды. Ол арыстай бес жігіттің тергелуі мен сотталуының заңсыз, күшпен жүргізілуі. «Жетісу» және «Огни Алатау», «Коммунизм туғи» (ұйғыр тілінде) газеттерінде сол жігіттерге болған ашық сот процесінен түсірілген суреттің басылғанына назар аударылмай қалған жоқ. Айыпталушылардың төртеуі ағаштан жасалған тар қоршаудың ішінде, ал біреуі сыртында, алдында жеке тұр. Бәрі де тік түрегеп тұр. Қолдары артында. Бас иген ешқайсысы жоқ. Еңселері биік, жүздерінде қорқып-қобалжудың, абыржудың ізі білінбейді. Қаймықпай қасқайып тұр. Соған қарағанда олар өздерін кінәлі деп есептемейді, ақ-адал екендіктеріне әділ үкім шығарылады деп сенеді.

Оларды бес ішкі әскер қызметкері қоршаған. Арт жақтағы орындықтарда адамдар. Қарама-қарсыда – сот мүшелері. Сотқа төрағалық етуші Е.Л.Грабарник төмен қарап, шұқшиып үкімді оқып тұр. Оның бет-жүзі анық керінбейді. Ол кінәлі адам сияқты басы түсіп кеткен. Суретті көрген басқаларды білмеймін, өз басым уыздай жас қыршындарға риза болып, аяныш сезіміне берілгенімді білемін. «Сот төмен қарап қалған, ал «бұзақылар» бастарын көтеріп, кінәсіз жандардай ұстайды өздерін» деген желеумен осы сурет үшін бірнеше қызметкер жауапқа тартылып, орындарынан алынғаны белгілі. Әсте жағымпаз жылпостар Г.Колбиннің құлағына сыбырлап жіберген болуы керек, жоқ жерде танымал қызметкерлер зиян шегіп шыға келді.

«Сот іс қарады» деген тақырыппен берілген әлгі суретте кімдер бейнеленген еді? Астына жазылған сөздерге көңіл тоқтатайықшы: «Бұдан бұрын баспасөзде хабарланғанындай, Ал-матыда болған жат әрекеттерге белсене қатысқан бір топ бұза-қыларды тергеу орындары анықтап, сот ісі жүргізілді. Олар Алматы архитектура-құрылыс институтының I-курс

студенттері Қ.Рысқұлбеков пен Е.Көпесбаев, Алматы энергетика-құрылыс техникумының 3-курс студенті Ж. Тайжұмаев, «Алмаатаотделстрой» тресіндегі № 39 құрылыс-монтаж басқармасының балташысы Т.Тәшенов пен «Алмаатапромстрой» тресіндегі № 40 құрылыс-монтаж басқармасының электірмен дәнекерлеушісі Қ.Күзембаев дегендер». (Жетісу, 19. 06. 87). Алайда тергеу кезінде де көп жәйттер ашылмады. Олардың жазықсыз екендігіне дәлел болатын тұстар айтылмады. Ақыры Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясы Қ. Рысқұлбековты ең ауыр жазаға – атуға, Т.Тәшенов пен Ж.Тайжұмаевты – 15 жылға, Қ.Күзембаевты – 14 жылға, Е.Көпесбаевты – 4 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Қыршын жастардың әділдік күткен үміті ақталмады. Кейде біз осындай істерге терең үңіліп, мән бере бермейміз, «е, белгілі ғой» деп жүре береміз. Тергеудің кезінде дәлелденбеген кінәні сот қалайша қабылдауға тиіс деп ой жүгіртіп жатпаймыз. Сол бесеудің соты шикі істі қайта тергеуге жіберуіне болатын еді ғой. Кінәларының жоқтығын айтып, жандары шырқырап, сотты сүйеніш еткенмен олардың сағы сынып, салы суға кетті. Екі апта бойы өткен сот мәжілісінде 73 куәгер, 6 жәбірленуші тыңдалғанмен, бесеуінің кінәлары толық ашылмай дүдәмал күйінде қалды. Алайда айыптаушы прокурордың «Біздің қоғамымыздың Рықұлбеков, Тайжұмаев, Тәшенов, Күзембаев және Көпесбаев сияқты сілімтіктеріне тиісті жазаларын беру керек» дегені болып әділетсіз үкім құрастырылды. Құдды 1937 жылғы көрініс.

Сот мәжілісінде олардың тергеушілердің зорлық-зомбылық, қорқытып-үркіту әрекеттерін айтқан мәлімдемелері еленбеген. Мәселен, Қ.Рысқұлбеков «Мен өлтіруге қатысқам жоқ, тергеушілер зорлықпен «өлтірген, соларды шақырындар» десе, сот мәжілісінде ойландыратын мәлімдеме емес пе. Бірақ, ол құлаққа ілінбеді. Оның «қылмыстық ісіне» тергеу жүргізген С.Державецкий мен А.Дубаев, Қайраттың айтуына қарағанда, қандай айла-шарғыға бармады дейсіз. Анасына «Мен» кінәлі емеспін, тазамын, мама», «ешкімге жалынбаңдар, мен ақпын, аққа күйе жұқпайды» деп хат жазғанда да заңға, адамгершілікке құдайдай сенгені ғой оның. Қайраттың өлім жазасын ауы-

стырып, 20 жылға түсіргеннен не қайыр, не пайда, түптің түбінде заңның әр қарпін берік ұстанатындар оны жарық дүниемен коштастырды.

Г. Колбиннің құрығы ұзын екен, оның әмірін бұлжытпай орындаушы милиция қызметкерлері Қ. Рысқұлбековті қаңтардың басында ауылына барғанда, ұйықтап жатқан жерінен қолына кісен салып алып кеткен, 16-маусымда оны ату жазасына кескен үкім шықты. Қудаланудың арқасында бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының 1988 жылғы 28-сәуірдегі Жарлығымен кешірім жасалып, өлім жазасы 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылды. Ал, сол жылдың 21-мамырында Қайрат дүниеден өтті. Оны 1987 жылдың маусымында-ақ колбиншылар құрбандыққа шалып қойған болатын. Соны, ақыры, іске асырды.

Тергеушілер Қайрат қана емес, басқаларын тергегенде де қорқыту, үркіту былай тұрсын, тіпті ауыздарынан ақ ит кіріп, кара ит шығып кемсітуге, жәбірлеуге, балағаттауға дейін ерік берген. Мысалы, тергеуші Губченко Қ. Күзембаев жасақшыны өлтірді дегенді мойындамағанда «Бараны, ты будешь гнить в зоне, не выйдешь оттуда, если выйдешь, то стариком будешь» деген екен. Ал, Егоров деген тергеуші С. Исабековті (№ 30 құрылыс-қиыстыру басқармасының бетоншысы, 1987 жылғы 17 ақпанда оны 4 жылға – бас бостандығынан айыру жөнінде Алматы облыстық сотының үкімі шығарылған) «Бұдан да адам өлтіргенің жақсы еді. Қалтаңда ақшаң болса, адамды өлтіру деген сөз емес, ақшамен құтылып кетуге болады... Егер шыныңды айтып, № 15 автобусқа сағат 12.00 де шабуыл жасап, таяқ сермегеніңді мойындасаң, саған жеңілдік жасаймыз. Мойындамайды екенсің, 15 жыл аласың, одан аз емес. Ал әкеңді партиядан шығарамыз, елден қуамыз, қарабет қыламыз. Өзіңді басқа камераға тастаймыз, онда әкеңді танытады. Қане, қайсысын қалайсың, тандауыңды айт» – деп қорқытқан екен. Тергеуші бәрін кесіп-пішіп қойған соң, С. Исабековке не қалды? Осы сөздерден кейбір заң қызметкерлерінің (бәріне күл шашудан аулақпыз, адал, адамгершілігі мол азаматтар жоқ десек әбестік болар) безбүйрек бет-пердесін, ішкі есеп, адамдық ниет-пиғылын байқау қиын емес.

Желтоқсан шеруіне қатысқан азаматтардың бірі – Хасен Қожахметов 1987 жылдың 6-ақпанында қамауға алынды. Ол

бұдан бұрын өз ұлтының намысын қорғаймын деп түрмені де көрген болатын. Ал бұл жолы да ол дүбірлі күннен шет қала алмады. Қазақ телевизиясының редакторы боп жүрген кезі. Өз терезесінен алаңдағы бар қимыл-қозғалысты көріп, шерушілер қақтығысып қан-қырғынға ұшырамасын дегені оймен арасына келіп қосылады. Оны бір ай жарымнан артық іздеген екен-ау. Екі жарым ай тергеу жүргізілгенінен кейін ұйымдастырылған сот процесі алты күнге созылыпты. Ол Қазақ КСР қылмысты істер Кодексінің 60-65 баптары бойынша 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесіліп, қатал режимдегі еңбекпен түзеу колониясына жіберіледі. Әлгі баптар бойынша ұлттық және нәсілдік теңдікті бұзу немесе жалпы тәртіпсіздік жасау ісі болса жауапқа тартылса керек. Ал Х. Қожахметовке ондай кінә тағудың реті жоқ. Бұған тәртіпсіздігі көрінбейді, «Солдаттармен, жасақтармен қақтығыспай, өзімізше көше-көшелерде наразылық демонстрациясын бейбіт өткізейік» – деп сөйлеп, араларында жүргені жоғарыдағыдай кізге жата қоймайды. Оның несі қылмыс? Байқайтынымыз, әйтеуір, соттау үшін бармақтан сорып, себеп-сылтау іздегендері анық. Соттау керек деді, соттады.

Әуелден алдарқатып алдап, ақиқатты жасырып, жалған сөйлеп, өтірікті судай сапырып келген басшылар оқиға кезіндегі, одан кейінгі тергеу, соттау жүріп жатқанда құрбандар жөнінде шындықты жасырып, құпия ұстады. Ол екі жарым жылға дейін созылды. Тек Г. Колбин кеткеннен соң, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесітік Комиссиясының жұмысы кезінде құпияның көбесі сөгіліп, ақиқат деректеріне көз жеткізе бастағанда біраз сырға қандық. Алайда, шатастырылып берілген деректерге малтығып, қайсысының құйрығын ұстауды білмей дал болды жұрт. Біреулерге сөйту керек болған, сірә.

Құрбандардың саны басында жасырын ұсталғаны кімді болса да алаңдатпай қоймады. Сондықтан қандай бір дерек болса, елең етіп қалатынбыз, кереғар болса, дұрысы қайсы дегендей ойымызды мазалайтынбыз. Мысалдарға жүгінейік.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы Т.К.Айтмұхамбетовтің дерегі: 103 адам жауапқа тартылған, оның 78-і сотталған (*«Мәдениет және тұрмыс»*, № 6, 1989 ж.)

Сол кездегі Қазақ КСР прокуроры Г.Б.Елемесов «99 человек привлечены к уголовной ответственности» деді («Вечерняя Алма-Ата», 19.08.89 ж.). Екі жағдайда да қылмыстық жауапқа тартылған деп түсінсек, неге әр түрлі цифрлар көрсетіледі? Сонымен қылмыстық жауапқа тартылғандар 103 пе, жоқ 99 ба?..

1986 жылғы оқиғаға байланысты құрылған комиссияның төрағасы болған кезде К. Мырзалиев мынадай деректі алға тартты: 105 адамның қылмысты істері ашық соттарда қаралып, 99 адамға арнаулы үкім кесілген, төртеуі сол жерде ақталып, екеуі еркінен тыс емдеуге жіберілген екен. («СКҚ». 5.12.89).

Сөйтіп, сотталған адам 78 бе, жоқ 99 ба? Қылмысты істер бойынша жауапқа тартылған адам. 103 пе, 99 ба, жоқ 105 пе? деген сұрақ та туындайды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының бұрынғы төрағасы М.Р. Сағдиев «в уголовном порядке осуждены 99» деді. («Вечерняя Алма-Ата», 9.12.89 ж.). Бұл жерде сөз жауапқа тартылғандар емес, сотталғандар туралы болып отыр. Әр адамды іздеуіміз келеңсіз көрінуі де мүмкін, бірақ әрбір жанды құрбандыққа шалатын еркек тоқты құрлы санамауымыз адамшылыққа жатпайтын кердең мінез, қуыс көкірекпен бірдей. Бір де бірі қалмай ескерілуі тиіс. Әрқайсысының тағдырына немқұрайды қарау жөн емес. Олардың өмірі бар, ата-ана, аға-іні, апа-қарындастары бар. Олар да қамығып, мұң-шерге батпады дейсіз бе? Халқымыздың қадірменді азаматы М. Шаханов басқарған комиссия да ресми орындардың 99 адам сотталған деген анықтамасына табан тіреп, негіз еткен сияқты.

Өлген адам көпке дейін екеу-ақ делінді. Олар Е. Сыптаев пен С. Савицкий. Кейінірек оларға Аристовты қосты. Комиссияның анықтауы бойынша С. Мұхамеджанова мен Л. Асанова желтоқсан оқиғасының салдарынан қазаға ұшыраған деп табылды. Сонда өлім шығыны бесеуге жетіп отыр. Осылардың мерт болуын ресми орындарда жақсы біле отырып, ақиқатын айтпай келді. Өлі белгісіз жағдайда көзін жұмған Қ. Рысқұлбеков өлімінің құпиясы толық ашылмауда. Оны қоссақ алты жас ұлан тектен тек құрбан болғанын бажайлаймыз. Адамға бір-ақ рет берілетін жарық дүниені кім өзінен киып кеткісі келеді дейсің. «Басқа түссе баспақшыл»

дегендей, олардың өмірмен қоштасуына әділетсіз қара күш, билік тізгіні қолында болған әкімшілдік кінәлі деп түйеміз.

Сотталған 99 адамның 76-сы ерлер, 23-і әйелдер екен. Соттаған республика Жоғарғы Соты, Алматы облыстық және қалалық соттары. Өлікке қаптаған қарғалардай жабыла кірісіпті ғой.

Намыс үшін бас тіккен 76 жас ұланның екеуіне өлім жазасын беру туралы үкім шығарылған болса, 73-ін бас бостандығынан айырған, біреуіне еңбекпен түзеу жазасы берілген. Ал 23 қызғалдақтай жас арудың 20-сын бас бостандығынан айырған, екеуіне еңбекпен түзеу жазасы берілген, біреуі қара жұмысқа жіберілген. Ал 99-дың екеуі өлім жазасына, біреуі 15 жылға, екеуі 14 жылға кесілген болса, 31 адамды 5-8 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылған.

Ресми орындардың анықтамасына сүйеніп шығарылған осы «есептің» өзі ойландыратын сияқты. Адам тағдыры ойыншық па, қалай өзі деп күйініш сезімге берілесің.

Сол ресми орындардың ақпаратына сену-сенбесінді білмей, күдікпен қарайсың. Себебі соңғы кезде тағы бір деректер қылаң берді. 1991 жылғы 12-желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы шыққанда ҚазТАГ тілшісімен әңгіме кезінде республиканың мемлекеттік кеңесшісі Ю.А. Хитрин «Ал, қылмысты істер бойынша сотталған 102 адамның 74-і ақталды. Ал, 28 айыптау үкімі күшінде қалдырылды, бірақ олардың көпшілігі анағұрлым қысқартылды» деген түсінікті алға тартты. («СҚ», 14.12.91 ж.). Қалайда әйтеуір, ақпарларды шым-шымдап, суыртпақтап шығару әдісін үйреніп алғанбыз ғой. Қарап отырсақ сотталғандардың саны 78 де, 99 да емес, 102 адам болып шыққан жоқ па?! Үш адам неге тізімге ілінбей келген? Олар да табылуға тиісті емес пе?

Мысалы, ресми орындардың ақпарат тізіміне Қасымхан Майқанов деген азаматтың аты кіргізілмей келіпті, бірақ желтоқсан оқиғасына қатысқан. Ол туралы өзі былай дейді: «Мен де қаһарлы желтоқсан тұтқындарының бірімін. Маған тағылған «айып» негізінде Сібір өлкесінде бір жарым жыл кесімді жазамды өтеп қайттым. Рас, кейін ақталдым»

(«Алматы ақшамы», 17.10.91 ж.). Қ. Майқанов құрылысшы болып істеген, «Желтоқсан» партиясының мүшесі еді. Санаққа қосылмады ма, әлде басқа бір құпиялылық бар ма, кім білсін?! Қ. Майқанов сияқты тар қапасқа отырғызылып, бірақ тізімге ілінбей қалғандар жоқ десе, сене алар ма екенбіз?

Енді ақталған, босатылғандар жөнінде бірер сөз. Бұл процесс қиындықпен жүргізілуде. Қолында үлкен билік күші бар Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы Т. Айтмұхамбетовтің өзі Ж. Сәбитованың ісіне араша түскенімен, толық құтқарып ала алмауы нені байқатады? Онымен келіспей, өре түрегеліп, байбалам салушылардың шешімі оңай істерді қиындатып, әлек салғаны қайбір бүйрегі бұрғандық. Ж. Сәбитованың мерзімін Жоғарғы Соттың Төралқасы 1988 жылғы қарашаның 22-сіндегі қаулысымен үш жылға қысқартқанмен, ол босатылмады. Тек Қаскелең аудандық халық сотының шешімімен 1989 жылдың ақпан айында босап шықты. Т. Антмұхамбетовтың наразылық етіп, түрмеден Н. Салихованы босатуға көмектескенін риза көңілмен қабылдай аламыз.

1990 жылдың мамыр айында бес жігіттің аштық жариялауының әсерінен Ж. Тайжұмаев пен Қ. Күзембаевтың түрмеден босатылуына мүмкіндік туды, ал Т. Тәшеновтің кесілген мерзімі он жылға дейін кемітілді.

Осы секілді әр түрлі жолдар мен желтоқсан қаһармандары бостандыққа шыға бастады. Оның бәрі оңай соқпағаны түсінікті. Г. Колбин кеткеннен кейін босатылғандар мен ақталғандарды біле бастадық. Соның өзінде ақпарлар адам шатасатындай түрде берілді. Мысалы, әңгіме сотталған 99 адамның айналасында болып қалса, 1988 жылы «22 адам босап шықты», «наказания отбывают 11 человек», 1989 жылдың желтоқсан айында «Түрмеде 8-9 адам қалды», «в местах лишения свободы находятся 10 осужденных», 1990 жылдың мамыр айында «4-інен басқасының бәрі босатылған», сол жылғы қыркүйек айында «46-сы ақталды», «60-61 адам мүлдем кінәсіз деп танылып, ақталды», желтоқсанда «3-8 адам ақталмай отыр» деген сияқты шым-шытырық мәліметтер жария көрді. Жүз шақты адамның санына жете алмай әуре-сарсаңға түсеміз, мындаған қойды санағандай шатастырамыз. Ең соңғы Ю.А. Хитриннің дерегіне сенсек,

үкімі күшінде қалған (яғни ақталмаған, босатылмаған деп білсек), 28 адам түрмеде күн кешуде. Бірақ, бұлар сотталған 102 адамнан қалғандары.

Назар аударар бір нәрсе, түрмеден босатылғанның бәрін ақталды деуге жатпайды. Олардың ішінде – кесімді мерзімді толық өтеп шыққандары бар, кешірім жасалып босатылғандары бар. Олардың істері қайта қаралып, соттау кезіндегі үкімдердің күші жойылғандығы жөнінде шешімдер шығарылғанда ғана ақталған болып есептелсе керек. Ал, әзірге, олай ақталмағандардың бар екендігінде күмәніміз жоқ. Өздерін ақтау жөнінде өтініш жасап жүргендерге мейірімділік көзқарас болса құба-құп.

Айыптау үкімі күшінде қалдырылған 28 адамға келетін болсақ, Ю.А.Хитриннің түсіндіруіне қарағанда, оларға «милиция қызметкерлерін және жасақшыларды қасақана өлтіріп және олардың өміріне қатер төндіргендер» деген айып тағылатын сияқты. Жарайды, ет қызуымен жастардың тас лақтырғаны, қақтығысып қалғаны, талай нәрсені бүлдіргені расқа шыққанын мойындайық. Бірақ, қырқысып, қырылысуды бірінші болып олар бастамағанын да мойындау керек. Ю.А.Хитриннің «Қиын жағдайдан бейбіт жолмен шығудың ретін әлі де табуға болатын еді. Бірақ, алаң қоршауға алынып, демонстранттарға қарсы су шашылды және шокпар жұмсалды. Мұның өзі жастарды заңға қарсы іс-қимыл және тәртіпсіздік жасауға мәжбүр етті. Міне, бұдан кейін демонстрация сапер күрегін және қызметші иттерді пайдалану арқылы қатыгездікпен басып-жаншылды» – дегені де соған саяды. Әрине, бұл түйін М.Шаханов басқарған Комиссияның құжатында жан-жақты көрсетілген. Өзін ұрып жатса, қорғанып қарсы күш жұмсайтыны неге есептелмейді. Олай болса, ең алдымен кінә су шашқан, шокпар жұмсағандардың мойнына қойылып, олар жауапқа тартылуы тиіс емес пе? Оларды басқарып, қақтығысқа итеріп, жастарды арандатушылыққа апарған Г.Колбин бастаған лауазым иелерінің кінәлануы әбден орынды. Ендеше оларды жауапқа тарту жөніндегі қаулы неге жүзеге асырылмайды? «Тырнадан әкім қойсаң басыңнан қику кетпес» деген халықтың асыл сөзі еске түседі. Г. Колбиннің 1987 жылғы әңгір таяқ ойнатып қикулағаны, жастарды дүрліктіріп, дүрбелеңге салғаны әлі есімізде. Ол

желтоқсаншыларды ұстатып, асығыс соттатып, түрме камераларына отырғызумен шектелмеді. Ол шараларды қанағат тұтпады, азырқанды. Сөйтіп, шеруге қатысқан деген сезік болса жеткілікті, оқудан қуу, жұмыстан босату, партиядан, комсомолдан шығару, қойшы әйтеуір, әзірейілдей аластау жөнінде тапсырма беріп, оны да бақылауға алды. Оның тапсырмасы әскер басшысының жауынгерлерге берген бұйрығынан кем соқпады. Осыған орай комиссияның деректеріне жүгініп, еске сала кетуді жөн көрдік: «900-ге жуық адам соттардың, милицияның және кәсіпорындардың, мекемелердің, оқу орындары әкімшілігінің қаулылары негізінде әкімшілік тәртіппен жазаланған (қамауға алу, сөгіс, т. б.), 1400 адамға ескерту жасалған.

Міне, осы деректерге тереңірек үңіліп көріңізші, денен түршігеді, жүрегің сыздайды. Жаппай құдалау осы емес пе? Қаншама адамның тағдыры тәлкекке салынды, болашаққа деген үміті үзілді. Солардың әрқайсысының орнына өзімізді қойып көрейікші, қандай жағдайға түсер екенбіз? Шектен шыққан мұндай қатыгездікті Г.Колбиннің түсіне қоюы неғайбыл нәрсе. Өз беделі үшін құрбандыққа шалудың бір түрі бұл. Жиналыстар болып жатыр, қуып жатыр деп естуші едік, бірақ осынша адам далаға лақтырылып тасталады деген ойға келмеп едік. Әрі еш мәлімет бермейтін-ді. Г.Колбиннің көз алдына кілең «бұзақылар», «нашакорлар», «маскүнемдер», «экстремистер», «ұлтшылдар» елестейтін. 1987 жылғы қаңтарда және наурызда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумдарында, сол жылы болған Қазақстан комсомолының XVI съезінде, Қазақстан журналистерінің VII съезінде тағы басқа жиындарда дәйексіз, жалған сөйлеп, желтоқсан оқиғасына байланысты трагедияның себебі мен салдарын жастарға, қазақ халқының кейбір қайраткерлеріне аударды ол. Оның аузынан «ұлттық элемент», «ұлттық алауыздық», «ұлтшылдық пиғыл» деген сөздер ағыл-тегіл ақтарылатын. Соның түбі неге әкеп соқты? Қазақ жастары зобалаңға ұшырады, қуғын-сүргінге түсті. Бұл да бір нәубет.

Сондықтан жұрт талабы орынды, Г.Колбиннің де, оған жәрдемдескендердің де бостандықта жүруге заңдық, моральдық жағынан қақысы жоқ, олар заң алдында жауап беруі тиіс деген көпшіліктің талабына құлақ аспауы жөн емес.

Жұрттың басқа да тілектері айтылып жүр. Бірақ, көбіне еленбей, ескерілмей келеді. Шындығында Қ. Рысқұлбековке, Е.Сыпатаевқа Қазақ батыры атағын беруді заңдастырудан неге қашқақтаймыз? Ол соған лайық азамат екені күмәнсіз ғой енді.

Иә, басқа халықтың тұрмыс-тірлігін, жан дүниесін, ой-арманын, мінез-құлқын, салт-дәстүрін, тілін, өткен тарихын білмеген, түсінбеген басшы ол халықтың көшін бастап жүре алмайды екен. Бір шыбықпен қойдай айдаймын, әмір етіп, белшесінен басам деу бос әурешілік. Мұның өзі көлденеңнен келген басшыға бедел де бермеді, абырой да әпермеді.

*«Жас Алаш»,
7, 8, 10-сәуір 1992 жыл.*

Кенжеғали ҚОШЫМ-НОҒАЙ

ҚАЙДАСЫҢ, ГҮЛНАР?

Желтоқсан жарасы өр кеудеде ұмытылмастай болып өз ізін салып-ақ кеткен екен. Араға қанша жылдар түссе де уақыт өткен сайын оқтын-оқтын жүректерді инеше сұққылап, «мені қалай ұмытарсың» дегендей сыздатып-сыздатып жібергені де бар. Тарихымызға қаралы бет болып жамалған сол бір күндерді естен шығару, сірә да мүмкін емес шығар. Керісінше, жылдар жылжуымен жасаңғыра түскендей. Алматының аспанында бұлт үйіріліп, жаңбыр жауса, жазықсыз жапа шеккен жандардың көз жасындай сезініп, осы күнге дейін тұла бойым шымырлап қоя береді кейде. Теріңе сыймай, қаның басыңа шығатын сәттер де аз болмайды. Ондайда «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқтың» кебін киіп, пұшайман хал кешесің. Бірде ағынан ақтарыла сыр шерткен Ғалия Абулхатина есімді құрбымның әңгімесі де осындай күйге түсіргені бар.

– 1986 жылдары жиырмаға енді толған жаста болатынбыз, – деп бастаған еді ол әңгімесін. – Ол кезде Алматыдағы поршень зауытының асханасында жұмыс істеймін. Зауыттың жатақханасынан бөлме алғаныма бір-екі ай болған. Көршілес бөлмеде Қызылорда облысынан оқу іздеп келіп, жолы болмай зауытқа жұмысқа орналасқан Гүлнәр есімді құрбы қыз тұрды. Танысқаннан бастап біз бір-бірімізді бұрыннан

білетін жандардай жақын араласып кеттік. Өзі сондай бір керемет өжет, арманшыл жан болатын. Ең ауыр буында – поршень шығаратын цехта ер азаматтар атқаратын қара жұмыс істеп жүрсе де ешуақытта киналдым, шаршадым демейтін. Ауырлық көрген сайын шындалған болаттай шириға түсетін. Мұндай халді сол кездегі көптеген бауырларымыз кешкен еді-ау. Қайда барса да оларды ауыр жұмыс күтіп тұратын. Жатақхана үшін бәріне де шыдауға тиіссің. Шұбатылған үй кезекте тұру бақытына ие болғың келсе кемінде 5 жыл жұмыс істеуің керек. Ал «ұлы» халықтың өкілдері көбінесе жеңіл-желпі жұмыстар мен басшылық қызметтерді атқара жүріп қиындықсыз-ақ бәріне оңай қол жеткізіп жататын. Мұның бәрі де біздің намысымызға тимей қоймайтын. Әйтсе де шарасыздық қолды байлап, іштей булығып, шириғып жүретінбіз. Ауылдан келген жастарымыздың осындай бейнетті тірлігі мен ауыр халі Гүлнәрдың да жүрегін ауыртатын. «Не істеуге болады?..» деп шарасыз күйге түскенін әңгімесінен де ұдайы соны аңғарғанмын.

Осылайша күндер өтіп жатты. 1986 жылғы 17 желтоқсанда ауысымнан шыққан бетіміз еді. Сол бойы бізді автобуспен жатақханаға алып келді. Мұндай құрмет әншейінде көрсетілмейтін. Ойымызда ештеңе жоқ. Келсек, зауыт әкімшілігі жатақхананы күзетке алыпты. Сыртқа ешкімді де шығармайды. Анық не болғанын білмей біз далмыз. Долбармен сап-сапқа жүгіртушілер көп-ақ. Байланыс жүйелерінің бәрін істен шығарып тастаған. Бөлмесінде Гүлнәр да жоқ болып шықты. Бірнеше күнге дейін хабарсыз кетті. Желтоқсан айының аяқ шенінде келді-ау ақыры. Түрін көріп шошып кеттім. Бет-аузы ісік, басын орамалмен таңып алған. Бұрынғы өжеттік, ашық-жарқындық қалмаған. Жанарын тек қорқыныш, үрей жаулап алған сынды. Суыртпақтап сыр тартып көрсем, 17 желтоқсанда алаңда болыпты. Жиналған жұрттың алдында зауыттағы қазақ жастарының ауыр жағдайын айтып сөз сөйлеген. Жастарды қуалау басталған шақта милиционерлер мұны ұрып-соғып, қолға түсірген де КПЗ-ға жауып тастаған. Содан қолхат беріп шығып келіп отырған беті екен.

Осыдан кейін-ақ оның өмірінен тыныштық кете бастады. Бірде оны түскі тамақ үстінде екі азаматтың алып кеткенін көрдік. Көп ұзамай бір кездескенімде зауыттан шығатынын,

басқа жұмысқа орналасатынын айтты. Әзірге бәрі де жұмбақ. Күндер өте берді. Әдеттегідей жұмыстан оралған бетім еді. Бейтаныс бір жігіт іздеп жүр екен. ҚазМУ-дың студентімін деп таныстырған ол қолыма Гүлнәрдың хатын ұстата берді. Хатта: «Ғалия, менің денім сау. Мыналар мені жыңдыханаға жатқызды. Өз бетімше шығуым қиын. Туыстардың бірі келіп алып кетпесе, жібере қоймайтын секілді. Сен шығарып алуға көмектесші», – деп қысқаша ғана жазылған екен. Мынадай хабардан соң қалай ғана тыныш жата аларсың. Абай мен Сейфуллин даңғылдарының қиылысына орналасқан ауруханаға талай мәрте бардым. Өзімен терезе сыртынан ди-дарласып та жүрдім. Алайда оны ауруханадан шығарып алу қолымнан келмеді. Сөйтіп жүргенде, неге екенін қайдам, бір күні өздері-ақ босатыпты. Бостандыққа шыққан соң жиһаз жасайтын зауытта жұмыс істеп жүрді. Бірде қолын станокқа кестіріп те алды. Қанша бейнет шегіп жүрсе де оның басына тыныштық толық орнай қоймады. Өзін-өзі ұстай алмай, селкілдеп қалатын ауруға да тап болды. Соңғы кездері бөлек тұрсақ та бір-бірімізбен араласып жүрдік. Ақырғы мәрте іздеп барғанымда таба алмадым. Дерегін ешкім білмейтін болып шықты. Біледі-ау дейтіндердің бәрінен сұрастырдым. «Желтоқсан» ұйымына да қаншама сұрау салдым. Ондағылар да бейхабар. Байланысымыздың үзілгеніне де міне, он жылға таяп қалыпты. Әйтсе де көз алдымнан жан-дүниесі мына өмірге деген құштарлыққа толы бейкүнә жанның бейнесі кетер емес. Оның кейінгі тағдыры алаңдата береді. Кейде «Қайдасың, Гүлнәр?» деп бар даусыммен айғай да салғым келеді. Осындай талай жастың болашағына балта шапқан қоғамға қалисың. Біздің қолдан басқа не келеді?! – деп сөзін аяқтаған еді Ғалия.

Мен көпке дейін еңсемді көтере алмай, ауыр ойда отырып қалдым. Сол бір жылдар тек Гүлнәрдың ғана емес, жүздеген, мыңдаған қазақ жастарының, бүкіл елдің кайғы-қасіретін қорлатқан заман болып еді-ау. Гүлнәрдың тағдыры болса, соның бір ұшығы ғана. Дегенмен ауыр тағдырлы қыздың бүгінгі жай-күйі мені де алаңдата береді. Ғалия құрбыма қосылып мен де бар даусыммен: «Қайдасың, Гүлнәр?» деп айғай салғым келеді.

*«Ауыл»,
4 желтоқсан 1996 жыл.*

АЙТЫЛМАЙ КЕЛГЕН ШЕР ЕДІ

немесе Махамбеттің мәңгүрт болған ұрпағы

Олар екеуі де егде тартқан адам. Бірақ олардың қабырғасын қайыстыратын әне-міне қыр астында тұрған қарттық емес. Ай мен Күннің аманында көз алдарында тірі өлік болып өмір кешіп жатқан жалғыз ұлдың тағдырына араша таба алмай, қол ұшын бере алмай шарасыздықтан шаштары ағарған... Екі мұңлық айтып жеткізген мұң-шер... қара нардың өзін де қара жерге шөккізер еді. Олар айтқан шердің басы бар, аяқталуы жоқ: ол сонау 1987 жылдың 17-18 желтоқсанынан басталып, әлі созылып келеді.

Ұлының күйігі – жүректе

– 1986 жылы 17 желтоқсан күні ұлым Айдар жұмысына кеткен болатын. Ол Алматыдағы Энергетика институтының плазма кафедрасында, мектептен соң, оқуға түсе алмай, жұмыс істеп жүрген. Сол кеткеннен Айдар он күнге дейін оралмады, – деген кезде Күлдәрия апайдың даусы дірілдеп, күніренген күрсініс кеудесін жарып шықты.

Он күннің ішінде Айдар қайда болғанын, қандай жағдайға тап болып, не қияметті басынан кешіргені – мәңгілік құпия. Бірақ Айдардың анасы да, мен де не болуы мүмкін екенін іштей жобалаймыз, дауыстап айтқымыз келмейді. Өйткені ол – ең ауыр әңгіме. Біз ондай әңгіменің талайын баспасөз беттерінен оқып, Желтоқсан көтерілісінің тірі куәларынан да талай естігенбіз. Жалпы осы уақытқа дейін Желтоқсан көтерілісі – үнсіздікке толы. Ал дүниедегі ең ауыр нәрсе үнсіздік, белгісіздік. Әсіресе көтерілістің қасіретін бастан кешкендер, бауыр еті балалары зардап шеккендер үшін! Олардың жанына бататыны – сырттан келген жау жоқ, бірақ шаңырақ ортасына түсіп, отбасының шырағы, бұлардың ертеңге деген үміті сөніп, армандарының қанаты қайырылды. Отбасы жау шапқаннан жаман қаңырап, қайғы көкбөрі болып іштей ұлды. Ұлымасқа шара жоқ еді: бір атаның ұрпағы тұздай құрыған соң! Осы таусылмас қасіретті отбасына әкелген сол

екі күнді есіне түсіріп, екі бүгіліп, аруанадай шөгіп Күлдәрия апай отыр. Қыстың қысқа күні батып бара жатып, терезеден жылуы жоқ қызғылт сәулесін түсіреді.

Бұл меніреу үнсіздікті бұзып-жарып Айдардың өзі де ешнәрсе айта алмайды. Ол көрші бөлмеде, өз әлемінің құшағында. Әлденені сезе ме, біз отырған бөлменің есігін бір-екі рет тартқылап кетті. Есік іштен кілттеулі... Айдар айтқысы келсе де айта алмайды, өйткені, мүмкін ауыр соққы, мүмкін әдейі жасалған қаскөйлік оның қалған бүкіл ғұмырына біржола үкім шығарып... бәрін ұмыттырған!

Қыстың қысқа күні батпай тұрып алған сияқты.

Айдардың ел қатарлы адам болып өмір сүргені де, ойнап-күліп ата-анасының көз қуанышы болғаны да қысқа болды. Жиырма бір жастан кейінгі ғұмыры өмір сүру емес, әншейін күн кешу ғана. Бөлмеден бөлмеге жүрген адам емес, сұлба, көлеңке ғана...

1986 жылы Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңға барғанда ол небәрі 21 жаста болатын. Кім біледі, оның ой-санасы мен сезімі қазір де сол 21 жастағы деңгейде қалған болар. Бірақ оны ешкім, тіпті, Айдардың өзі де білмейді. Ол сол кезде үйленгеніне бес-алты ай ғана уақыт болған бақытты шақтарын де есіне түсірмейді. Бірақ, анасының айтуынша, әлдене есіне түсе ме, кейде үйленген кездегі суретін алып ұзақ-ұзақ қарайтыны бар. Осы жалғыз суреттен басқа суреттің бәрін жыртып тастаған. Онысы үшін өкінетін-өкінбейтіні, оны неге жыртқаны тағы да жұмбақ. Сұрауға әке мен ананың жүрегі дауаламайды. Сұраған күнде мұнан ешқайсының жан жарасы жеңілдемейтінін олар біледі. Айдар туған ұл бола тұра, бұлардың бар-жоқ екенінен мүлде бейхабар – оның ойы мүлде өзге дүние, өзге әлемде... Жаны жат болып, мәңгүрттенген ұлының тағдырына налығанда, күйінген ана бар жанайқайын жаһанға жеткізіп, қарғыс айтқысы келеді. Бірақ ол қарғысын кімге айтарын да білмейді! Алаңға барғаны үшін ұлын қарғасын ба?! Оның не жазығы бар?

Баяғы соғыс кезінде ана атаулы Гитлерге лағнет айтатын еді. Ал өз жерінде, өз елінде жұрт аман, ел тынышта Күлдәрия ана кімнің атын атап, кімге қарғыс айтарын білмейді. Сыртқа шықпаған шерге жаны қалай төзіп, қалай шыдап жүргенін өзі де түсінер емес.

Дәл мынау күнгірт кешқұрым сияқты, Айдардың да жандүниесі күнгірт тартқан. Тек кей кездері ғана санасында сәулелер шағылысқандай болып, үзік-үзік көріністер елес беріп, жанын қинайды. Ондай кезде «менің жанымда адамдар тұр, кетсін... кетіндер» деп үйдегі заттардан қорқады. Тіпті, анасының өзі көзіне басқа адам болып көрініп, тас атқылаған кездері болды. Мұны қайда барып, кімге айтады?! Айтқан күнде... кімге керек?! Тек, мұндай азап шеккен жалғыз Айдар ма деген уытты сұрақ ананы, ананы ғана емес, бүгін бүкіл қоғамды мазалайды...

Күлдәрия апай кейде көшеде оқыстан, Желтоқсан көтерілісі кезінде қазақ жастарын басып-жаншу үшін өзгеше қорқынышты, зорлықшыл да қорлықшыл топтың қанқұйлы әрекет жасағанын еміс-еміс естіп қалады.

– Айдар он күннен кейін, осындай екі кештің арасында үйге келді, – деді ана манағы бір-екі ауыз сөзден кейінгі қорғасындай ауыр үнсіздіктен соң. – Біз қазірге дейін оның үйге қалай келгенін, біреулер әкеп тастады ма, жоқ әлде өзі тауып келді ме, білмейміз. Әкесі екеуіміз он күн бойына Ұзынағаш, Новоалексеевқадағы тумаларымызды аралап, ұлымызды еш жерден таба алмай отырғанбыз. Ол кезде үй үйді аралап, суреттер бойынша жастарды іздеп жүрген адамдар көп болды. Жария сап іздеуге қорқып, баратын жеріміз де болмады. Он күннің ішінде Айдарды тірі көруден де үміт үзіп, шынын айтқанда «өлдіге» жорыдық. Несін жасырайын, тіпті, өлігін де көрмейміз бе деп жылап-еңіреп отырғанбыз. Есіктен кірген баламның бет-аузы, үсті-басы қатқан қан болатын...

Сұраусыз қалған тағдыр-ай!

Күлдәрия апай отағасымен бірге баласы мен келіні Тамараны іздеп алаңға да барған. Бірақ, нақты қай күні екені қазір естерінде жоқ.

– Алаңға жақын жерде «Мұхит» – «Океан» деген дүкеннің үстіңгі қабатында жақын апайым тұратын. Алаңға сәл жетпей, сол үйге бұрылды, – деді апай көз жасына булығып. – Жол бойы көргеніміз, сырт ұсқындары «зэктерге» ұқсаған, кеуделеріне темір қалқан байлап, қолдарына әлдебір қару ұстаған адамдар болды. Олар алаң ғана емес, алаңға қарай келе жатқан, тіпті, өз бетімен кетіп бара жатқан қазақ жа-

старын жағалай ұстап, соққыға жығып жатты. Әсіресе, қыздардың шыңғырған даусы осы күнге дейін құлағымнан кетпейді...

Алтынай апамыз екі күн бойы алаңдағы жастарды ұрып-соғып, қолдарын артына қайырып, машиналарға тиеп әлдеқайда әкетіп жатқандарын көргенін айтты. Ол кісі Қанат Саудабаевтың әпкесі болып келетін еді, қазір қайтыс болды. Апайымыздың айтуы бойынша, алаңға жақын үйлердің адамдары, жастарды үйлеріне кіргізіп, жасырып қалмақ болған. Бірақ үй-үйді түк қалдырмай аралаған жасақшылар мен милиция қызметкерлері тінту жүргізіп, қазақтың қыздары мен жігіттерін тіпті, төсектің астынан тауып алып, сүйрелеп шығарған. Оларды тепкінің астынан алып, соққыға жыққандары соншалық, подъездер қанға боялып, адамдар үйлерінен де шыға алмай қалыпты...

Күлдәрия апай тағы да көз жасына ерік берді. Мен тоқтау айта алмадым. Маңдайына біткен жалғыз ұл жазықсыздан-жазықсыз мәңгүрт болып қалып, оның сұрауын жиырма жылдан бері ешкімнен сұрай алмаса, мұнан өткен қайғы бола ма?! Жау шапса, жаудан көрер еді, амал не...

Политехникалық институтта оқып жүрген келіні Тамара да сол кезде оқудан шығарылды. Бірақ кейін әкесі келіп, оқуына қайтадан орналастырды, ол институт бітірді. Айдар мен Тамараның арасында өмір болмады. Өйткені, Айдардың беті бері қарамады. Жас келіннің обалына қалғысы келмеген Айдардың ата-анасы ақ батасын айтып, рұқсатын бергеннен басқа ата жолы жоқ еді. Қазір естуінше, Тамараның жағдайы жаман емес, Ақтау жақта шетелдік мұнай компанияларының бірінде жұмыс істейді...

Айдардың қазірге дейін алаң десе зәресі ұшады. Жиырма жылдың ішінде алаңға қарай аяғын аттап баспақ



түгілі, атағысы келмейді. Санасынад еміс-еміс қалғанын алғашқы кезде есіне түсіріп айтқаны да мардымсыз. Айдардың есінде қалғаны эпизодтар ғана: 17 желтоқсан күні энергетикалық институттың қызметкерлері мен студенттеріне институт басшылары «Алаңға шығуларың керек!» деген. «Шықпасаңдар болмайды, міндетті түрде барасыңдар!» дейді. Бұлар алаңға барғанда, жаппай соққыға жығылып жатқан қазақ жастарын көрген. Алаңға іліге бере соққы алған Айдар есінен айырылады. Есін емханада бірақ жинайды. Дәрігерлердің бұған айтқаны, мұны біреулер Алматыдан шыға берісте жол бойында қар үстінде шалажансар жатқан жерінен тауып алған. Сөйтіп, жақын маңдағы емханаға әкеліп тастаған. Ол шамамен үш күндей далада жатып қалған. Айдар емханада ес жиғанмен, тілі байланып еш нәрсе айта алмайды. Еш нәрсе есіне де түспейді...

Өз қауіпсіздіктерін ойлаған дәрігерлер, әйтеуір жүруге жараған соң, тездетіп, Айдарды емханадан шығарып жібереді. Есі кіресілі-шығасылы күйде үйге қалай жеткенін, кімдер жеткізгенін Айдар осы күнге дейін білмейді.

Айдардың ата-анасының толық есімін олардың өтініші бойынша айтпауды жөн көрдік. Бірақ көкіректе бір қыжыл тұрды: Айдардың шыққан жері – Махамбет пен Исатай жатқан жер, әрине, тура ұрпағы болмаса да, сол өңірде туып-өскен атадан тарайды. Сол Махамбеттің «Мен!» дейтін бір ұрпағы мәңгірт! Ащы шындық осындай. Бұл – бүкіл қазақтың жанайқайы болуы тиіс!

P.S.: Айдардың қазіргі жағдайына байланысты дәрігерлердің айтатыны басына тиген ауыр соққыдан жүйкеге қатты зақым келген. Дер кезінде арнайы дәрігерлік көмек көрсетілгенде, жазылып кетуі мүмкін екен. Бірақ енді арада жиырма жыл өткенде бұл әлдеқайда күрделі және оған қомақты қаржы керек екені де белгілі. «Қазақтың!» деген азаматтарға осыны құлаққағыс етіп, Айдардың тағдырын аманат еткіміз келеді. Бір қазақ бір қазақтың жалғызы болса, кәне!

1986 жыл. Желтоқсан:
ЕСКЕ ҰСТАР ЕКІ ЖАҒДАЙ

Қазақтың (бұл алдымен қазақ зиялыларына қатысты) қазақтығына нұқсан келтіретін екі түрлі әдеті бар.

Бірінші: Соңғы 2 ғасыр ішінде, оның ішінде, әсіресе, соңғы жүз жыл ішінде қазаққа істелмеген қиянат жоқ. Осы бір қазаққа қатысты жауыз көзқарас пен қимыл-әрекеттің адамзаттың жалпы тарихы контексті тұрғысынан алғанда, өзіндік мәнісі мен ішкі логикасы бар. Яғни, ол кездейсоқ құбылыс емес. Осы мәселенің басын ашатын мезгіл келді. Оның басын ашып алсақ, бізге ендігі уақытта көп нәрсе ешбір жеке талдаусыз-ақ түсінікті болған болар еді. Ал біз болсақ ескі бұқпантайлық әдетімізге басып, шындыққа жақынырақ барсақ, біреуді ренжітіп, не ашуландырып аламыз-ау деп алакөңілденіп, сосын: «жарайды, біздің неміз кетті, бұны да көтере салсақ, әйтеуір, тыныштық болса бопты», – деп, жалпылама сөздермен құтылып, жабулы қазанды жабулы күйде қалдырған еркөңілдігімізге өзіміз риза болып, көлгірсиміз. Бірақ біздің онымызды ескеріп, ендігі жерде мүддемізбен санасқалы жатқан біреу бар ма сонда?! Әй, қайдам...

Екінші. Қарадан шыққан аксүйектермен терезем тең екен деп, олар туралы өзімсінген сөздерді қанша айта бергенмен, әлгілер оны теңіміз екен деп мойындамайды. Сол сияқты, біз 1986 жылғы оқиғаны демократиялық және антитоталитарлық көтеріліс, оны Тбилиси, Вильнюс, Рига және Мәскеудегі бойкөрсетулердің қатарына қосуға болады деп көлгірсіп, қанша лепіргенмен, еуропалық республикалардың демократиялық қауымдастығы үшін де, басқа халық үшін де ол «бұратаналардың ұлтшылдығының көрінісі» деп есептеліп келеді. Ал біздің зиялылар болса, Мәскеу жақтан келген жаңа идеологиялық және үгіттік-насихаттық клишені іліп алып, «әкімшілдік-тоталитарлық жүйеге қарсы батыл күрес» туралы сұңқылдап сайрап жүр. Бұл да өкінішті-ақ!

Кеңес заманында біз сол кездің идеологиясына сәйкес 1916 жылғы көтерілісті «патшалық режимге қарсы ұлт-азаттық көтеріліс» дедік. Енді жаңа кезеңнің ұранын лып

еткізіп іліп алып, «әкімшілік-тоталитарлық режимге қарсы бас көтеру» деген тезистің рамкасына 1986 жылғы оқиғаны енгізгіміз келеді.

1986 жылдың желтоқсаны мен оған қатысты оқиғалар – қазақ халқы үшін, ең алдымен, трагедия. Оған берілетін бағаны заманның штампты идеологиясы мен үгіт-насихатына байланыстыру бізге ақыр соңында абырой әпермейді. Соны ұмытпаған жөн.

1991 жылдың қаңтарында Вильнюстегі оқиғаларды қазіргі Останкиноның тілшілері литвалықтарға деген асқан жанашырлықпен түсіріп, суреттеді. Сосын түсіріп, қайтып келе жатқанда оларды қарсы келе жатқан литвандар тек қана орыс болғаны үшін көк ала қойдай етіп сабап, аппаратура-сын қиратқан. Ол туралы да бүкіл КСРО-ға айтылды, жазылды. Бізді мәскеулік корреспонденттер маңдайымыздан сипаған жоқ. Дегенмен, олар осы уақытқа дейін тып-тыныш жұмыстарын істеп жүр. Оларға қол көтермек түгіл, «сендер сол кезде сөйттіңдер», – деп ашық мәселе көтерген де ешкім жоқ. Олардың өздері де «біздің сондағымыз артық болыпты», – деп ең болмаса артынан жуып-шаюға талпынған жоқ. Әйтсе де осы уақытқа дейін қатардағы ресейлік, мәскеулік үшін 19815 жылғы Алматы оқиғасы ұлтшылдардың адам қорқарлық көтерілісі де, ал 1991 жылғы Вильнюс оқиғасы – бостандықты сүйгіш литвандардың қолдауға тұратын демократиялық қозғалысының көрінісі. Біз ендігі жерде не десек те, оның осы тұжырымы өзгермейді. Бұл оның жамандығы емес, еуропалық (не сол боламын деген) болмыстық қасиетінің нәтижесі». Ал ол болса өзгермейтін нәрсе. Орыстардың өздері айтқандай: «Насильно мил не будешь». Сондықтан ешкімге еш нәрсені дәлелдеудің қажеті жоқ. Одан да қазақтың қайта-қайта жұрттың алды болып таяққа жығылуының себебі не – соны түсінуге талпынып көрейік.

Менің түсінетінім мынадай ғана нәрсе. Мен білетін қазақ өзін ешкімнен де артықпын деп есептемейді. Қайта ол басқа жұрттың бармағымен санасуға дайын. «Ол алай-түлей қатардан озбауға тырысады. Сондықтан қазақ – бүкіл КСРО-ның алды болып, әкімшілдік-тоталитарлық жүйеге қарсы шықты» деген тезиспен келісе алмаймын. Егер ол бірінші болып бас көтерсе, «жуас түіе жүндеуге жақсы» де-

ген сияқты, қазаққа істеген қиянат кезекті рет шектен асқан. кент облысының қазақ аудандарын Өзбекстанға алып берді. Маңғыстауды Түрікменстанға алып бермек болды. Әрі қарай отыра бергенде, тың облыстарын Ресейге қосары да хақ. Бірақ қазақ үшін абырой болғанда, орнынан түсіп қалды.

Еуропаға жақсы атты болуға барын салған үшінші басшы – М.С.Горбачев. Ол да Қазақстан басшылығын кемсітуден бастады. Целиноград пен Ленинскіге екі рет келіп, екеуінде де Алматыға қарайламай кетті. Ақырында Желтоқсан оқиғасына жол ашқан шешім қабылдаттырды. Сондықтан ол Батыс үшін, Еуропа үшін КСРО басшыларының ішіндегі ең демократ адам болғанымен, қазақ тарихы үшін оның жағымды кейіпкері ретінде қарастырылуы ешбір мүмкін емес.

*«Түркістан»,
19-24 желтоқсан 1996 жыл.*

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ

ЖҰМБАҚ ЖАРАҚАТ

Шиеттей бала-шағаның әкесін қамал бұзар жасында арамыздан алып тынды

Өмірдің соншалықты тәтті екенін әншейінде біле бермейміз-ау! Сол секілді оның тіпті қысқа, өткінші де алдамшы екенін сезінбей, бір-бірімізбен бет жыртысып, көрместей кісәпірлікке дейін барып, кешірілмес күнәға бататынымызды азалы сәттерде ғана есімізге алатынымыз жаныңа батады-ақ. Бірақ бәрібір адамдар – қатыгез, адамдар шетінен ұмытшақ пенде, бір жүрген... Ақылға жүгінбейді, ашуға жеңдіреді. Парасатты әрекеттерден аулақтап, одан кейін де озбыр ойдың жетегіне еретіні, ере беретіні қинайды. Дегенмен, еркеліктіде, ездікті де көтеретін, арамзаларға да тарынбайтын, періштелерге де кеңпейілдігінен жаңылмайтын. Жер шіркіннің үстінде жақсылық атаулы үстем ғой. Мені толғанысқа түсірген Лесбай Шотайұлы Оспанов әркімнің ғұмырын нұрландыратын осынау жақсылық атаулыны жетімсіретпей, үстемелей түссем екен деп тірлік еткен азамат еді.

Иә, Лесбайды біреу көрді, біреу көрмеді. Ал білетіндер, жеке кітабын шығара алмаса да, ертеңінен үлкен үміт күттіретін сатирик-ақын, танымал тележурналист, кино өнері туралы да өндіріп жазған зерттеуші екенін айтар еді. Сонан соң тағы да жолдас десе жанын беруге бар, ісі түскен кім-кімге де қолынан келгенінше болысуға құштар, жігіттің жампозы еді дер. Бұл енді, Абайша мақамдасақ: «Қазақта өлгенінің жаманы жоқ...» болғасын ғана айтылып жатқан жәдігөй сөз емес, бары да, нары да сол... Лесбай күн қақтаған Отырар өңіріндегі бір ауылдан оқуға түссем деген таудай талаппен Алматыға чемодан толы кітабын сүйретіп жеткен қара домалақтардың бірі еді. Айналдырғанның алмайтын биігі бола ма, қайта-қайта бақ сынап жүріп, Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне түсті. Ел қатарлы білім алды. Аудиториялас қыз-жігіттерден өзгешелігі – жазу өнеріне ынтығып жүретін. Сол құштарлық оны қолына диплом тиісімен журналистер әулетіне жетелеп әкелді де, «Жаңа фильм» журналының қара қазанына салды да жіберді.

Міне, Лесбай марқұмды мен сол уақыттан бастап білетін едім. Телефон шалып, тапсырыс беріп, журналына материал жаздыртатын. Кейінірек мен, еске түссе жүрек сыздататын, Желтоқсан оқиғасына арналған әлденеше жинақ құрастырып, ақиқатты ашуға өзімше атсалыстым. Қанды суреттерді көзімен көрген талайлар естелік айтты. Лесбай солардың бірі болды. Онда да ол айтайын деп айтпай, реті солай орайласқан соң ғана сыр еткен.

– Ойбай-ау, басыңнан кешірген осы әңгіменді жазып берші. Өзің де жаза білетін адамсың ғой, – деп жата кеп жабысқаным ойымда.

– Жазып берейінші, – деген мұңайып. Бірақ Лесбай уақыты болмады ма, әйтеуір кешеуілдей бергеннен кейін, оны күтпей, «Желтоқсанның» үшінші кітабын өндіріске өткізгенбіз.

– Лесбай біздің газетте де қызмет істеді, – дейді «Алматы ақшамының» бөлім меңгерушісі, ақын Әнуар Тарақ. – Жыл сайын желтоқсанның 17-сі қарсаңында арнайы бет дайындайтын әдетіміз ғой. Бір-екі жыл бұрын оның басынан кешіргені хикметтерін өз аузынан естиінші дегем-ді. Әлдебір шаруалар киіп кетіп, соның ыңғайын келтіре алмадық. Қазір соған өкініп отырмын...

Иә, Желтоқсан тақсыреті жиырмасыншы ғасырда шынайы өз бағасын ала алмаған, күнәһарлары айыбынан жалтарған қазақ тарихындағы ауыр оқиға болып тұр-ау!.. Әсте ол түйін жиырма бірінші ғасырда тірлік кешетін ой иелері мен әділетті үкімді күткен қазақстандықтардың санасына да салмақ салатын шығар. Тарих-анада алалық деген болмайды. Ғұмыр жазса, бәріміз де естіріміз, куә болармыз – шешілген шындық түйініне.

Мәскеудің төрінде айтылған М. Шахановтың сөзінен соң сең сөгілгендей еді. Орасан көп құжаттардың басы құралды. Оның ішінде жазаланғандардың да, жазалағандардың да қағазы жетерлік.

– Соны толықтыратын бір құжат Лесбайдікі еді, – дейді жары Қарашаш Бәйімбетова. – Мұхтар аға да қаншама айтты, бірақ әні барам, міне барам деп, уақыт таба алмады. Емшіден емшіге барумен, дәрігерден дәрігер қоймай қаралумен жүріп мұршасы келді ме?

«Дегенмен ақиқатты аша түсу үшін де бару керек еді-ау, жазып беруі керек еді-ақ!» Бұл біздің ойымыз ғой, әрине.

«Ал, сонда не болып еді? – дейсіздер сіздер – Лесбайдың басынан не өтті?..» Расында, қырдағы қазақ қайғырып, астананың адамдары ақылынан алжаса жаздаған сол бір желтоқсанда Лесбай қайда болды екен?

– Үш күн, үш түн үйге келмеді, – деп еске алады Қарашаш көрпесін қымтай түсіп.

Жан жары көз жұмғанда сегізінші перзентін күтіп жүрген Қарашаш ауруханаға сақтандыруға жатқызылған екен. Қандай ауыр сәт десейші!.. Адам шіркіннің жүйкесі де, төзімі де темірдей ме, әлде беріктендіре түсетін өмірге құштарлық па деп елес ойға ерік береді екенсің, мұндайда. Міне, Лесбайдың жан жары ақырын сөйлеп отыр. Жолдасынын бақилық болғанына ай толған жоқ. Өңі солған. Сеземін, әңгімесін қиналып айтады. Бірақ айтқысы келеді. «Әруақ атаған сайын аунайды», – дейді ғой. Қазақ анық білмесе, айта ма?..

Біздің көз алдымызда 1986 жылдың ызғарлы желтоқсаны.

– ҚазМУ-де Әділ Тұрғанбаев деген профессор ағай бар ғой. Маяковский көшесінің 6-үйінде, сол кісінің пәтерінде тұратынбыз. 17-сі күні Әділ ағаның Бауыржаны мен Ғабдулла деген суретші жігіт үшеуі саяжайға кеткен еді.

Кештетіп келе жатса, үйге жеткізбей ұстап алып кетіпті ғой... – Қарашаш бір мезет үнсіз отырып қалды. Сонан соң барып: – «Мен журналистпін, маған ештеңе істей қоймас, мыналарға зияны тимесін» деп жанындағыларды қашырып жіберіпті.

Балалар жас, қаланы шарлап іздеуге күйі келмегенімен, Қарашаш та қарманалды. Солдаты бар, милициясы бар, әйтеуір бір жаққа алып кеткенін Бауыржаннан естіген соң: не болды, тірі ме, өлі ме деп ойы онға бөлінеді. Жұмысындағылар да іздейді. «Жаңа фильм» журналының бас редакторы Алтыншаш Жағанованың өзі де үйге келеді. Төртінші күн дегенде құр сұлдері сүйретіліп, әрең жеткен Лесбайды көргенде, әйел шіркіннің жаны нәзік емес пе, аяныштан жылап жіберіпті. Бет-аузы көкпеңбек, көлкілдеген ісік әрі жарақаттанып қан қатқан жүзіне тіктеп қараудың өзі қиын... Еңсесін тіктеп көтере алмайды. Үйге қалай келгенін, ыңқылдап төсекке сұлаған қалпы қозғалуға мұршасы болмай жатыпты. Одан: «Қайда болдың, сені біреулер әкеліп тастады ма, әлде итшілеп өзің жеттің бе?» – деп сұраудың өзі артық еді.

Иә, ол бір сыбырласа сөйлесетін, керек десең, өз-өзіңнен де қаймығатын қиямет-қайым күн болды. Қазақты орысқа жау еткен жасанды оқиғаның астарында не жатқанын байыптай алмай, арандап қалғандар да аз болмады. Солардың бір-екеуі редакция аппаратында да бар еді.

– Лесбай жұмысқа неге келмейді? Ол қайда жүр? – деп қайта-қайта сұрай бастады, – деп еске алады сол уақытта журналда жұмыс істеген Темірақын Жақыпов. – Ондайларға сырғақтатып әртүрлі жауап қайырамыз. Дегенмен, басшымыз – Алтыншаш апайдың мәселеге түсіністікпен қарап, жанашырлық көрсеткенінің өзі бізді артық ауыз сөзден құтқарып жүрді.

Содан Лесбай өз-өзіне келгенше қызметке келмепті. Бетіндегі жаралары жазылып, із қалмағанымен, оның домаланған әдемі жүзі қуарып, жағы жағына жабысып қалды. Ішінде бір бәле бұғып жатқан секілді: ана жерін, мына жерін қарманалды. Бұл тегін емес еді. Айнала торуылдаған «көз». Бірден емханаға барса, істің насырға шапқаны. «Енді не істеу керек?» деп жора-жолдастары да мазасызданады.

– Бір күні үйге келіншегім Әмина қуанышты оралды, – деп жалғастырды әңгімесін Темірақын. – Бірге жұмыс істейтін әйел таныс дәрігері бар екенін айтыпты. Тіпті, сол кісі рентгенге түсіруге келісіп те қойыпты. Ұзатпай әкеліндер деген адамға таксимен апардық қой.

Ертесінде-ақ Лесбайдың екі қабырғасы сынғаны белгілі болады. Бүйрегіне зақым келгенін де қараған дәрігерлер айтады. «Бұлай жүруге болмайды, жұмысты қойсын. Емделуі керек», – дейді олар.

– Бірақ Лесбай өйте алмады. Өзімді-өзім ұстап бермейін, сырт көзге сезік туғызбайын деп, аптасына бір-екі күн болса да, жұмысқа келіп-кетіп жүрді. Журналымыздың жауапты хатшысы еді ғой.

Әңгіменің осы жерінде мен нақтылық үшін Лесбайды рентгенге түсіріп, қаралуына көмектескен дәрігердің аты-жөнін сұрадым.

– Оттай жанып тұрған кез. Кімдер жарақат алып келді, бәрі есепке алынып, қатаң тексеріледі. Халқына жаны ашыған, қазағына қабырғасы қайысқан бір азамат екен: «Сендер мені танымайсыңдар, мен сендерді көргем жоқ», – деп, рентгеннің қорытынды қағазын көрсетті де, көзімізше жыртып-жыртып, қалтасына салып алды, – дейді Темірақын.

Міне, уақыт өтсе де ескірмейтін, құны кемімейтін ақиқат қажет болса! Талай жастың жанына жабысқан, тәніне таңба болған Желтоқсан жарақаты; жазылмайтын, ұмытылмайтын жарақат ол. Жендеттердің бата тиген таяғы талай жасты жер жастандырған мысалдарын да әлем біледі. Ал енді жұмбақ күйінде қалғандар қаншама! Олардың тәніне жабысқан дерт ажалынан бұрын алып тынатыны да құпия емес. Жанымыз күйзеліп, еске түсіріп отырған Лесбайдың тағдыры соның бір дәлелі.

– «Жалын» журналында екі жыл жұмыс істеп, «Жаңа фильмге» қайта бардым, – дейді ойға шомған Темірақын. – Лесбай әлі де сонда екен. Ай аралатып ауруханаға түседі. Содан ұзақ жатады. Кезінде дұрыс емделмеген соң, болмайды білем, ауруына ауру қосылды...

Лесбай сол кезде төрт баланың әкесі еді. Егер дені сау, көңілі хош болса – қажет құжаттарды жүгіріп жасап, бәлкім, алар үйін алып кетер ме еді... Кесе-көлденең кедергілері көп, ауылдан келген қазақтың қалаға кірігуі қиын заман: бірінен өтсең, алдыңнан екіншісі тас тұмсығын тосады.

– Алтыншаш апайға мың рахмет! – дейді Қарашаш бір серпіліп. – Жанұямызға болысардай-ақ болысты. Ең ақырғы күні де жүгірді. Әйтпесе Кеңсайдан орын алу деген не оңай емес. Осында жерлейік деді. Бірақ, қайнағам (Өсербай деген ағасын айтады. – **Авт.**) бабаларымыз сонда жатыр деп, Арыс қаласындағы зиратқа қойдырды.

Елдің әңгімесі бір төбе де, бауыр еті – балаларының анасы айтар әңгіменің төркіні тіпті бөлек.

– Адамның жаны сірі, итжанды келетінін Лесбайдың не етбетінен жата алмай, не жұмсақ төсекте шалқалап, байыз таппай қиналған аянышты халін көзіммен көріп, талай түнім тынышсыз өткенде бір-ақ білдім ғой. Соған да төзді-ау, шыбын жаны... – дейді қамығып Қарашаш.

Бастапқы кезде бұртандап, түсінбестік мінезге бой алдырып жүрген кей ағайындар келе-келе шынайы жанашырлық көрсетіпті. Мәселен, Қарашаштың «Жаңа фильмде» безендіруші-суретші болып жұмыс істеген Лариса Александровна Стукалова деген орыс апайға айтар алғысында шек жоқ. Көпті көрген, түйгені мол кісі қайта-қайта үйге өзі келіп, Лесбайды әртүрлі шөппен емдеді. Жасаған сол емінің септігі аз тимепті. Бәрінен де жаралы жүрекке құйған жылылық нұрын айтсайшы! Одан асқан құдірет күші болар ма?

Мен Лесбайдың жанұясы жылға жуық тұрып жатқан жадағайлау бөлмеде отырып осыны ойладым. Еденде – ескі палас, қабырғада – көнелеу кілемше, басқа ештеңе жоқ десе болғандай. Екінші бөлме – балалардыкі. Онда алабөтен көз арбайтын бұйым бар десе де көңілім сенбес еді. Себебі, Лесбай сынды жаратылыс иелерінің табиғаты боқ-дүниеден қашан да биік тұрады. Есесіне жүрегі елімен, жерімен бай көрініп, сол ен байлыққа берекет тілеп жүреді. Өмірден өкси өтсе де олар оған өкінбейді, өзгермейді.

«Аңкылдаған көңілі тасып-төгіліп жүретін азамат еді», – дейді оны бір кісідей білетін жұрттың бәрі де. Онсыз да бірі кем дүние Лекеннің қалтасын жұтатып қойған. Қызық-қуанышпен өтетін жалынды шағы аурудың азабын арқалауға арналса, кім көрінгеннің есігін сағалап, баспана шіркіннің рахатын татпаса, ол қалай ғана шылқыған бай болсын?..

Осыдан үш жыл шамасы бұрын болуы керек, екеуміз «Алматы ақшамы» редакциясынан бесін кезінде бірге шықтық. «Жаяу жүрейікші» деген соң, Гоголь көшесімен

Сейфуллин даңғылына дейін ақырын аяндадық. Лесбайдың көңіл күйі әбден құлазып, мына өмірден жерініп біткен сыңайлы. Көзі шүңірейген. Дудыраған әдемі шашы да селдір тартыпты. Ешкімге мұң шақпайтын атпал азамат шемен болған ішкі сырын сыртқа шығарып жеңілденейін деді ме, мен естімеген, мен білмейтін әңгімелерін ағытты. Тасемен болмасаң, илігетіндей-ақ, қоса егілетіндей-ақ сөз еді олары.

Ертеңінде оңтүстіктің Отырар ауданының алыс бір ауылында Лесбайдың Айзада әпкесінің ерке өскен жалғыз ұлы – Қуаттың үйлену тойы дүрілдеп өтіп жатты. Қолының қысқалығынан ол оған қатыса алмады. Лекеңнің жан-дүниесі неліктен әлем-жәлем күйге түскені енді сіздерге де түсінікті болар... Ол жылыстаған жасын сездіргісі келмей, салалы саусағымен ақырын сүртіп тастады. Соны байқап қалып едім, жымыған болды. Сосын, бойын тіктеп, серпілді. Қой, күйректік танытпайын деді ме екен, әлден уақытта: «Жас қазақта» жарияланған бір топ желтоқсаншылардың арасынан өз суретімді көрдім. Етегіне қателесіп «С. Оспанов» деп жазыпты. «Көкелерімнің» еңбегі ғой. Қолға түскен біздерді соққыға жығып та, суретке тартып та үлгеріпті», – деді.

Міне, соны естігеннен кейін емес пе, менің: «Осыны бүге-шігесін қалдырмай жинаққа жазып берсейші» деп жата жабысқаным... Енді бүгін азды-көпті бұйырған мына жалғанның күллі машақатын мойнымен көтерген, қиямпұрыс қоғамның қиянатын жүрегіне жүк қылған Лесбай бәрі-бәрінен де азат. Ал біз ше, тірілерді айтам?..

Мен өзім солардың атынан бір міндетті меншіктеп, Конституциялық сотқа бардым. Ақиқаты ашылып, нүктесі қойылар күн болса, мезгілсіз көз жұмған азаматтың артында қалған ұл-қыздары: Анар мен Мақсатқа, Дидар мен Жанарға, Айдары мен Шынары және жақында ғана дүниеге келген Айбарына бір септігі тиер деген сеніммен Желтоқсан оқиғасы жөніндегі іспен тікелей араласқан судья, заң ғылымының кандидаты Сабыр Ахметжанұлы Қасымовқа жолыққан едім.

– Мынауың үлкен азаматтық шаруа екен. Айна-қатесіз қағазға түсіріп әйеліне, сол оқиғаны білетіндердің бәріне қол қойғызып, құжатта, – деді Сәкен.

Құжаттау қиын емес-ау, әуелі желтоқсанда алған жұмбақ жарақаттың салдарынан тағы да бір азаматтың, халқының

рухани әлемін байытатын бір дарынның мезгілсіз көз жұмғанын кеңінен баяндайыншы деп қолыма қалам алып едім. Мына мақала сол ойдан туды.

Аруағы разы болсын!

*«Халық кеңесі»,
29 маусым 1995 жыл.*

Армиял ТАСЫМБЕКОВ

ЖАҢА АЛАҢНАН ҚЫЗЫЛ АЛАҢҒА ДЕЙІН

1986 жылы 17-желтоқсанда Алматы-Мәскеу рейсі бойынша ұшқан «ТУ-154» ұшағы Домодедово аэропортына қонғанда әкесін қарсы алған Нұрлан абдырап қалды. Ауырып қалған ғой деп ойлаған, әкесінің шаршаңқы кейпіне қарап:

– Әке, өңіңіз күреңітіп кетіпті. Жүрегіңіз ауырып тұрған жоқ па? – деп алдымен анасын, аға бауырларының хал-жағдайын сұраған соң осылай сауал тастаған еді.

– Балам, Алматыда қантөгіс болып жатыр, жағдай қиын... Жастар Жаңа алаңға жиылып жаңа сайланған Орталық Комитеттің 1-нші хатшысы Колбинге наразылық білдіруде. Соңы не боларын бір Құдай ғана біледі, – деді Нұрланға әкесі. 16-желтоқсандағы Пленумда Д. Қонаев орнынан босап, орнына жаңа басшы Г. Колбин сайланғаны туралы Нұрлан хабардар еді. Мәскеуде жатақханаға жастар да жиналып қалыпты. Алматыдағы жағдайды естіген. Бәрі де Мәскеуде оқитын қазақ жастары.

Нұрлан әкесінен естіген суық хабарды тәптіштеп айтып берді сол күні. Мәскеу жоғары оқу орындарында аспирантурада оқитындар бәрі дерлік сол күні-ақ бір-біріне «соңғы жаңалықты» естіртіп, телефон шала бастады. Ортасында Нұрлан да бар.

Мәскеу Авиация институтында (МАИ) оқитын есімі белгісіз жігіт Нұрлан орналасқан жатақханада ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп жатты.

– Поспредке телефон шалып едім, жөнді жауап бермеді. Мана жігіттердің хабарына қарағанда, «Голос Европы» Алматыда жағдай қиын екенін айтыпты. Жиналып, қыз-

жігіттерді ертіп, «Поспредке» барсақ қалай болады? – деді ол ойлы кейіппен.

– Соңын байқайық, – деді бірі, – арандап қалмайық...

– Бәлкім, өтірік хабар шығар, – деді екіншісі.

– Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды, – деді үшіншісі. – Жігіттер, қыздар! Бұл хабарды маған бүгін ертеңгісін оқытушымыз айтып қалды. Алматыда жастар жиналып, Пленум қаулысына қарсылық митингісін жасап жатқаны шындық екен.

Қыза-қыза келген отыз шақты мәскеулік студент жастар Қызыл алаңға шығудың жоспарын жасады. Ертең 18-інші желтоқсан. Тағысын тағыларға хабарлап, құлақтандырып, бейбіт түрде дәл Кремльдің жанына баруды ұйғарған еді. Қызыл алаңға Калинин даңғылы жағынан барып, екі-үш плакат көтеріп. Алматыдағы жастар наразылығын қолдайтындықтарын айтуы тиіс еді олардың.

...Дәл сол күні Алматыда, қазіргі атауы бойынша Жаңа алаңда расында халық қабырғасын қайыстыратын наразылық митингісі өтіп жатты. Желтоқсанның сұрқай сол бір суық күні Алматыны үрей билеп алған еді. Бұрын-соңды мұндай текетірес қазақ халқынан болар деп ойламаған Михаил Горбачев Алматымен хабарласып, жағдайды реттеу үшін Соломенцевке тапсырма беріп те үлгерген болатын. Нөкерін ерткен Соломенцев арнайы ұшақпен сол күні Алматыға аттанғанда мәскеулік қазақ жастары жандары шырқырап Алматыдан хабар ала алмай бей-жай жағдайда алаңдаумен болды.

Мәскеуде жұмыс жағдайымен, іс сапарымен жүрген қазақстандықтар да іс немен тынар екен деген ойда қабырғалары қайысты. Дәл сол күні Мәскеуде докторантурада оқитын Сайлау Батыршаұлына бұрындары дос-жаран болып жүрген бір жігіт:

– Сіздің фамилияңыз неліктен Батыршаұлы, – деп төтесінен сауал қоймасы бар ма?..

– Қазақтарда фамилия жоқ, – деп нық жауап берді Батыршаұлы. – Не әкесіне жазылады, не ата-бабасының тегін атайды. Мен Батыршаның ұлымын. Әрине, қазақ халқының да ұлымын.

Сәкеннің наразылығын жанарындағы от ұшқынынан байқаған сауал қойған әлгі жігіттің қазақ халқы туралы тіпті түсінігі жоқ екені белгілі болды. Қырғыздың бір азаматы:

– Бауырым, өр Алтайдан Каспий теңізіне дейін созылып жатқан сағым қуған сары даланың тұрғындары қазақтар болады, – деп өзінше түсініктеме беріп жатты. Сайлау Батыршаұлы болса өзі таниты дос-жарандарына хабарласып, Алматыдағы болып жатқан оқиға жөнінде білгісі келіп дегбірсізденуде. Дәл сол күні Мәскеуде ақын Мұхтар Шахановтың авторлық кеші болуы тиіс еді. Мұхтар творчествосына қанық ақын Евгений Евтушенко бұл күні өте саса қойған жоқ. Қаны қызу Мұхтардың жағында болды.

– Саспа, қазақ! – деді Евгений Евтушенко. – Бәрі дұрыс. Халқың жеңіске жетеді!..

Сол жеңіске жетудің бастамасы Алматыда қан төгіспен басталса, Мәскеу қазақтары қаралы жағдайда қапаланды.

Турасолкүні 17-желтоқсанда, ертесі күні де Қазақстанның халық артисі, актер Камал Қармысов бала кезінен бірге өскен Димаш Ахметұлы Қонаевпен хабарласуға оның үйіне асықты. Кеудесінен кері итерілген Камал аға бұл оқиғаны жанындағы дос-жаран ақсақалдарға да айтып үлгерген.

Мәскеуде тұратын Зина Сұлтанбекқызы Қожанова 17-18-желтоқсанды былай деп еске алған:

– Мәскеуде тұрғаныма жиырма жылдан асты. Көрші-қолаң менің қазақ екенімді жақсы білетін еді. Амандық-саулығымыз да дұрыс, шәй дескен күніміз болмаған. Сол желтоқсанның 17-сі күні бірнеше көршілерім қабақтары қатулы кейіпте, «Алматыда қазақтарың орыстарды таяққа жығып жатыр екен, естідің бе?» деді. Мен де абдырап қалдым. Толық мәлімет білмегендіктен мен де аң-таңмын. Мәскеулік бірнеше таныстардың үйлеріне хабарлассам олар да менің күйімді кешіп отыр екен. Мәскеулік қазақ студенттері бас қосып, алаңға шығуды жоспарлап отырса керек. «Арандап қалмаса болды» деген секемдерін айтып жатыр. Қауесет шарпыған Мәскеуде сол күні өте бір сұрқай ауа райы еңсемді басып, жүрегімді қобалжытты. Жастардың алаңға шығуын қаламадым расында. Ақылға көндірдім бірталайын.

Сонымен 1986 жылдың 18-желтоқсанында сағат 11.00-де отыз шақты Мәскеуде оқитын қазақ жастары белді бекем буып, Алматыдағы наразылықты қолдау мақсатында Қызыл алаңға қарай асықты. Бір тобы Революция алаңынан, екіншісі Калинин проспектісі жағынан Кремльдің Бас

қақпасы алдында бас қосуы тиіс еді. Қалай екені белгісіз, бұл басқосуды Мәскеу қалалық мемлекеттік хауіпсіздендіру комитеті сезіп қалған да, Қызыл алаңда қарапайым киім киген «КГБ-шниктер пайда бола бастайды. Азиялық бет-бейнесі бар әр адамның құжаты тексерілді. Топ жиналып жатқанда ұлты орыс бір әйел:

– Жігіттер, Қазақстандағы жағдай ушығып тұрғанда сендердің мына істегендерің ақылға сыймайды. Алаңға шықпай-ақ талап-тілектерің болса маған беріңдер. Осыған келісейік. Алматыдағы бас көтеру күштеп басылады, түсінген шығарсыңдар. Бекер әуре болмаңдар, қайтыңдар! – деді өтіне тұрып, – ақымақ болмаңдар!

Екі ойда жиналған жастар ұнжырғасы түсіп тарай бастады. Қызыл алаңды бақылап жүрген милиция қызметкерлері жиналған топты «туристер» деп хабарлап жатты, алайда. Шындығына келгенде, Алматы жастарына үн қосып, Қызыл алаңға шықпақ болып жиналған жастар тез тарқады.

Өздерінің талап-тілегін әлгі орыс әйелге тапсырып кеткен еді. Енді соның көшірмесін арада 8 жыл өткен соң жариялауды жөн деп отырмыз. (Орыс тілінен аударған автор).

Совет Одағы Коммунистік Партиясының Бас хатшысы Михаил Сергеевич Горбачев жолдасқа!

Қадірлі Михаил Сергеевич!

Алматыдағы 16-17-18-желтоқсанда болып жатқан оқиға біздер үшін – Мәскеу қаласында оқитын аспирант-студенттер үшін жұмбақ күйінде қалуда. Орталық ақпарат хабарлары болған оқиғаның өңін теріске айналдырып, жиналған жастарды нашақор, маскүнем, жұмыссыз жүрген бейбастар деп жалған хабар жасауда. Алайда, біздің білуімізше, нақты мәліметтерге сүйене отырып мынаны баса айтқымыз келеді.

16-желтоқсанда Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кезекті Пленумы болып, Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев «зейнет демалысына шығуына байланысты өз өтініші бойынша орнынан босап, орнына РСФСР-дің Ульянов облыстық Партия Комитетінің хатшысы Геннадий Васильевич Колбин сайланды. Наразылық митингісі тек осы асығыс шешімнің төңірегінде болып отыр.

Қазақстан басшылығы ортасында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшылары, басшылары арасында лайықты адам болмағаны ма? Тіпті қазақстандық,

ұлты орыс басшыларына да сенім болмағаны ма? Мұндай жағдайда қазақ жастарының наразылық білдіріп, алаңға шығуы негізсіз деуге бола ма екен? Қазір Алматыдағы алаңға шыққан жастарды алдан не күтіп тұр? Жазалау орындары мыңдаған жастарды қанға бөктіріп, ит қосып, су шашып, бронетранспортер арқылы қуып, қыздардың арын таптап, маскара қылықтар жасап жатыр екен.

«Времядан» берілген хабар бойынша бәрі керісінше айтылды. Қазір Қазақ ұлтшылдығы деген ұғым қалыптасып отыр.

Михаил Сергеевич! Біздер Мәскеу жоғары оқу орындарында оқитын аспирант-студент жастар жоғарыдан қабылданған асығыс шешімге қарсымыз. Алматыдағы Жаңа алаңға шыққан жастардың талап-тілегі дұрыс деп есептейміз, оларды жазалау орындарының шараларынан құтқаруыңызды өтінеміз. Қайта құрудағы гуманистік көзқарасыңыз бен әділ шешіміңізді күтеміз.

Мәскеу қаласы Жоғары оқу орындарының аспиранттары, студенттері.

18. XII. 1986 жыл

* * *

Маған 1986 жылғы 18-желтоқсанда Мәскеу жоғары оқу орындарында оқитын аспирант-жастардың бұл талап хатын Қазақстан Экономика министрлігіне іссапармен келген Лариса қарындасымыз өзімен бірге ала келген екен. Мұхтар Шахановты іздепті. Әлдебіреулер менің телефонымды берген болып шықты. Біз кездесетін орын бұрынғы Жаңа алаң деп шештік.

Сөйтсем, Ларисаның әкесі қазақ, шешесі украинка екен. Мен оған Жаңа алаңда болған оқиғаны, одан кейінгі арнайы құрылған Мұхтар Шаханов бастаған комиссияның жұмыстары туралы әңгімелеп бердім. Лариса болса 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының дүмпуі Қызыл алаңға жеткенін қысқаша әңгімеледі.

– Сіздерге қажет болар, бұл оқиға тарихта мәңгілік қалады, – деді Лариса. Ол жоғары білімді экономист, қазір Мәскеуде қызметте. Сәті келіп Алматыға жолы түскен соң, 8 жыл сақтап жүрген маңызды құжаттың көшірмесін ала келіпті. Әттең қол қысқа, жұмысбастылық. Қонақ ретінде

күтіп ала алмағаныма өкіндім. Ол да асығыс екен. Қызыл алаңға шыққан біраз жастардың тізімін де алдым. Ішінде Нұрлан інімнің де есімі жүр.

Лариса Жұмағалиева деген қарындасымыз осындай бір ерлік жасапты. Сөз арасында мен:

– «Алматыда сол Желтоқсан оқиғасында интернационал отбасы (семьясы) қазақ халқының көрнекті құралына айналып еді, ал сен неге алаңға шықтың? Көзің көк, атың – Лариса?» – дегенім бар әзілмен.

– Әкемнің қаны жеңіп кеткен ғой, тәйірі, – деп ол да қалжыңмен жауап берді.

Еске түскен бір қызықты жайтты айта кетпесе болмас. Бұдан бірер жыл бұрын Қазақстан Республикасы Конституциялық сотында Мұхтар Шаханов пен Хасен Қожахметовтың шағымы бойынша іс қаралды. Желтоқсан оқиғасына кінәлі деген азаматтардың бір тобы қатысты бұл сотқа. Қайсы біреулері қатысқан да жоқ. Кінәлі деген беделді бір азамат:

– Алдымен мәселені Мәскеуден бастайық. Бұл сотқа Геннадий Васильевич Колбин қатыспай жауап беруден бас тартамын, – деді. Тағы біреулері Михаил Сергеевич Горбачев қатысуы тиіс деген уәж айтты. Зал толы халық. Аудармашылар да жанын беріп жұмыс істеуде. Әрине, Желтоқсан оқиғасына басты кінәлі Г.В. Колбин қайда еді ол кезде, сот жүріп жатқан сәтте. Сот ұзаққа созылды. Бір сәт менің есіме атақты маршал Михаил Тухачевскийдің туған қарындасы Валентина Тухачевскаяның маған:

«Сіздердің Колбиндеріңіз 1992 жылы 26-желтоқсанда жүректен қайтыс болып кетті. Төрт бөлмелі үй алғанына төрт-ақ ай болып еді. Бізбен көрші болатын» деген телефонмен берген хабары түсті. Залдың шетіне таман отырған мен:

– Жарандар-ау, қайтыс болып кеткен марқұмды Қазақстанға, Конституциялық сотқа қалай шақырмақсындар? – дедім.

– Қашан өлді, қашан, қашан? – деген дауыстар естіле бастады.

– 1992 жылы 26-желтоқсанда! – деп залдан шығып кеттім. Біраз адам сенерін де, сенбесін де білмей абдырап қалды.

1986 жыл, 16-желтоқсан... 1992 жыл, 26-желтоқсан...

Жаңа алаңнан Қызыл алаңға дейін жеткен желтоқсан оқиғасы халқымыздың тарихында мәңгілік қалатынына көзім жетті.

*«Жас Алаш»,
17 желтоқсан 1994 жыл.*

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

әлі де жүректі қариды

Мен бұл жөнінде ертелі-кеш бір жазуға тиісті едім. Бірақ бірқатар шындықтың беті ашылып, біраз нәрсе орнына келгендіктен және өзім жөніндегі әділетсіздік сөз жүзінде болса да түзетіліп, кінәсіз екенім жұртшылыққа ресми түрде жарияланғаннан кейін, бұл жайында басқалармен жарыса сөз қозғап жату маған ретсіз көрінген. Шынын айтсам, соның бәрін бастан қайта кешіргендей еске алып жату оңай да емес еді.

Желтоқсан оқиғаларын тексеру жөніндегі қоғамдық комиссияның екі жылға созылған жұмысы аяқталып, нәтижесі баспасөзде жарияланды. Республикамыздың ең жоғарғы заң шығарушы орны оның қорытындыларымен негізінен келісті. Ұсыныстарын да ешкім теріс деген жоқ. Сөйтіп, комиссия жұмысы аяқталды. Міне, содан бері де бірсыпыра уақыт өтті.

Сондықтан сонау сексен алтының аязды күндерінде астананы дүбірлетіп өткен оқиғалар жайында айтамын деген сөзді дәл қазір айтып, жабулы жатқан дүниені қайта қопарайын деген ойым жоқ еді. Енді соған итермелеп, дереу қолыма қалам алуыма «Казахстанская правда» газетінде жарияланған бір сұқбат себеп болды.

Әңгіменің не жайында болғанын оқырманның есіне сала кетейін. Өткен күзде кейбір азаматтық қозғалыс өкілдерінің талап етуі бойынша республиканың Конституциялық соты 1986 жылғы Алматыда болған Желтоқсан оқиғаларына байланысты қолданылған жазалау шаралары жөнінде іс қозғамақшы болған.

Жаңағы Конституциялық сот төрағасының орынбасары И.Роговтың сұхбаты дәл осы қарсаңда жарияланды.

Бұл тұста бізді ойландырған нәрсе – жаңағы газет материалының тақырыбында тұжырымдалған пікір: «Процесс «по декабрю» – не политический». Демек, Желтоқсан оқиғасына байланысты сот процестерінде, басқа да жазалау шараларында саяси сипат жоқ деп үзілді-кесілді айтылып отыр. Мен бұл жерде редакция қызметкерінің «по декабрю» деген сөзді не себепті тырнақшаға алып отырғанын қазбаламай-ақ қояйын. Бірақ осы тұста жаңағы сұхбатқа қатысушы әділет сақшысының мына бір сөздерін келтірмеске, тіпті, ылаж жоқ.

«Біз нақты істер бойынша қабылданған қандай да бір сот шешімдерін әсте де қайта қарамақшы емеспіз; зәуеде белгілі бір лауазым иесі адамдардың іс-қимылдары Конституцияға жатпайтындығы процесс үстінде анықталған жағдайда да оларды жазалау біздің міндетімізге жатпайды. Оқиғаларға саяси тұрғыдан баға беру немесе қайта баға беру – біздің шаруамыз емес».

Конституциялық сот төрағасының орынбасары осылай деп отырғанда, сұхбат тақырыбының: декабрь процесі – саяси процесс емес деп түйюінің өзі оған саяси баға бергендік болып шықпай ма екен? Жарайды, шықпай-ақ қойсын дейік.

Сонда қалай болады? Біздің соңғы бес-алты жылда ұзақ-ұзақ айтыстардан, қайта-қайта тексерулерден кейін Желтоқсан оқиғаларына берген бағамыз далада қалады да сол оқиғалар жөніндегі ең алғашқы ресми хабарларда айтылғандай, мұның өзі астана алаңындағы бір топ тәртіп бұзушылардың және соларға қосылып кеткен маскүнемдер мен нашакорлардың бассыз бұзақылық істері ғана болып шыға ма? Қайырлы болсын! Әлде саяси әрекетке қарсы қолданылған шараларда саяси сипат болмайтын да жағдай бола ма екен? Адам қай заманда, қай қоғамда да саяси қылмысы үшін саяси қуғынға ұшырамаушы ма еді? Немесе саяси күрескерді заңсыз жәбірлеген, жазалаған, өлтірген қылмыстарға саяси сипат бермей-ақ, жай бір қатардағы қызметті қиянат деп қарауға бола бере ме?

Осы сұрақтардан кейін мен сол күндері өз көзіммен көрген жайларды қайтадан еске алып, түгел баяндауды өзімнің азаматтық борышым деп санаймын.

...17 желтоқсан күнгі Орталық алаңда басталған оқиғаны мен таңертеңгі сағат он-он бірлер шамасында естідім.

Қызмет бабымен келе жатып, алаңның тұсынан өткен бір адамдарым айтып келді.

– Әдеттен тыс көрініс. Алаңға бір топ жастар жиналып алып, әлдеқандай наразылық сөздер айтып жатыр. Біз көп кідіре алмай, өтіп кеттік. Соны сізге хабарлап тұрмыз.

Әрине, тосын хабарға мен де елең еттім. Дереу тағы бір-екі қызметкерді шақырып алып, істің мән-жайын біліп келуге арнайы жібердім. Олардың айтып келгендері де алғашқы хабарға ұқсас. Нақтылап анықтағандары – кешегі Пленум шешіміне қарсы наразылық тәрізді көрінеді.

Міне, қызық! Мұндай пікірді топтанып алып, көшеге шығып айтпақ түгіл, сыбырлап екеуара да айта алмайтын заманда бұл қандай әрекет? Осындай секемді оймен Орталық Комитеттегі жігіттерге телефон шалып едім, олар да ашылып ештеңе айтпады. «Білмедік», – деген қысқа ғана жауап қайырысты.

Сөйтіп, отырғанда түскі демалыс болды. Тау жақтағы арнайы асханадан тамактанайын деп шықтым да, барар жолда Орталық алаңға соқтым. Айтқандай-ақ, алаңның дәл орта тұсында шоғырланған жастар көрінеді. Жалпы қарасыны төрт-бес жүздей-ау деп шамаладым. Әр түрлі ұран сөздер айттысып, өзара дабырласып қояды. Бөтен, оқшау қимылдары жоқ.

– Бұлары несі-ей? Мұны ұйымдастырып жүрген кімдер екен? – деген бір көңілсіз ой үстінде аз тұрдым да әрі қарай жүріп кеттім.

Үнсіз тамағымды ішіп, сол күпті көңілмен қайтар жолда алаңға тағы соқтым. Жұрт қарасыны манағыдан гөрі көбейе түскендей. Машинаны бір бұрыстау жерге тоқтаттым да, жаяулап топтың шетіне таман келдім. Көрініс сол қалпы. Өздерімен өздері дабырласқан жастар. Мінберге шығып сөйлеп жатқан ешкім жоқ. Кейбіреулері серуенге жиналған адамдар сияқты тіпті жайбарақат. Тек анда-санда ғана: «Қазақ басшы!» деген дауыстар естіледі. Жастар шоғырын шет жағалап жүрген милиция қызметкерлері көрінеді. Біраз уақыт үнсіз бақылап тұрғанда, бірен-саран таныс адамдар да ұшырасты. Сірә, мен сияқты жолай соққандар болуы керек. Бір жоғары оқу орнының қызметкерін жолықтырдым.

– Мыналардың ішінде сендердің де студенттерің бар ма? – дедім, сәлемдесіп, жөн сұрасқаннан кейін.

– Жок, біздің адамдар мұндай жерде жүрмейді, – деп мардамси жауап берді әлгі ұстаз.

– Е, жөн екен, – дедім де жайыма кеттім.

Қызмет орныма қайтып келгеннен кейін де, әрине, алаңсыз отыра алмадым. Қайта-қайта алаңға кісі жіберіп, жағдайды біліп отырдым.

Бір кезде біздің даңғылды бойлап, төменгі жақтан қалың шеру келе жатқаны көрінді. Біреулер есіктің алдына шығып, біреулер терезеден сығалап, қарап тұрмыз. Кәдімгі Май, Қараша мейрамдарындағыдай мерекелік шеру. Алдыңғы саптағылар Лениннің портретін көтеріп келеді. Әр тұста ұлт саясатына байланысты ұрандар көрінеді. Ешкім кіжініп жұдырық та көрсетпейді, ешкімнің атына ашу-ыза да білдірілмейді.

Колонна жоғары қарай өтіп кеткеннен кейін біраздан соң алаңға жіберген қызметкерлерім айтып келді: Бейбітшілік және Фурманов көшелерінің алаңға өтер қиылыстарында милиция адамдарынан тосқауыл қойылған екен. Соны бұзып өтеміз деген шерушілер мен өткізбейміз деген милиция қызметкерлері арасында қақтығыс болыпты. Жастар бәрібір алаңға өтіп, күндізгі бой көрсетулерін қайтадан жалғастырыпты.

Сонсоң республика мен астананың бірқатар басшылары Орталық трибунаға көтеріліп, жастарға сөз арнапты. Олардың тарауын өтініпті. Бірақ одан ешқандай нәтиже болмаған көрінеді.

Қызмет аяғына таман мен Үкімет үйіне, республика мекемелері мен қала басшыларының жедел кеңесіне шақырылдым. Оны Үкімет төрағасының өзі өткізді. Кеңестің қысқаша мазмұны: қалада төтенше жағдай қалыптасып тұр. Сондықтан әрбір мекеме басшысы өз ұжымдарына ие болсын. Әсіресе, жұмысшы жатақханаларына бақылау күшейтіліп, алаңдағы оқиғаның жұмысшы жастарға таралуына жол берілмесін. Осыған әрбір басшы тікелей жауап береді. Кеңсеге келіп, бөлімше басшыларына кеңесте болған әңгімені жеткіздім де, қосымша тапсырмалар беріп, өзім алаңға кеттім. Келсем, күндізгі көрініс мүлде өзгеріп кеткен. Жастар қатары қалыңдап, аралары тығыздалып, мінберге жақындай түскен. Алдарынан қатар тізілген солдаттар мен милиционерлер тосқауыл болып, ілгері жібермей тұр.

Тағы бір өзгеріс: алаңдағы биік бағандар басына бірнеше жерден қатты дыбысты динамик орнатылыпты. Содан музыка айналып, ән айтылып жатыр.

Мінберде тұрған Орталық Комитеттің кейбір бюро мүшелері мен әкімшілік орындарының басшылары музыка толастаған кезде жастарға арнап сөз айтқан болады: «Жастар, бұларың ұят!», «Заңға қайшы келеді», «Тәртіп бұзуға болмайды», «Үйлеріңе, жатақханаларыңа қайтыңдар!» деген сияқты дәрменсіз сөздер жастарға естіліп те, әсер етіп те жатқан жоқ.

Көрініс көңілге қаяу салады. «Апыр-ай, бұларды ұйымдастырып, мынадай қолайсыз іске ұрындырып жүрген кімдер екен? Мұның аяғы жақсылыққа апармайтын болды-ау!» – деген ауыр оймен салым суға кеткендей болып, трибуна артындағы аздаған ресми адамдар арасында біраз тұрдым да, тағы да жұмысқа кеттім.

Қызмет аяғы бізде түнгі онға дейін созылады. Ең тосын, ең шұғыл хабарлар ылғи Мәскеумен байланыс жабылар кезде келетін әдеті. Біздің өзімізден берілетін ресми жаңалықтар да қызмет аяғына қарай әзір болады.

Кеңсеге келгеннен кейін менің естігенім: артымнан, сағат сегіздер шамасында өрт сөндіргіш машиналар шығарылып, жастарға мұздай суық су шашылыпты. Бірақ онымен жұрт тарамаған. Екі арада қақтығыс болып, біраз техника істен шығарылыпты. Зақым көргендер де бар сияқты. Бұл енді ашық тайталастың басталғаны.

Сол күні біз осы оқиғаға байланысты ақпарат құралдарына ешқандай хабар бергеніміз жоқ. Ол туралы ешкімнен нұсқау да болған жоқ.

Сонымен бүгінгі жұмыс күнін аяқтап, қайтар жолда алаңға тағы бір соғайын десем, айдаушы баспайды: жолды жан-жақтан бекітіп тастапты, ешкімді жібермейді, дейді. Амал жоқ, үйге қайттым.

Кешкі асты ықылассыз ішіп, көрген-білгендерімді үй ішіне ренішпен айтып отырғанымда, ОК-дан телефон соғылды. Түнгі сағат 2-де облыстық Саяси ағарту үйінде республиканың, облыстың және қаланың біріккен партия активінің жиналысы болады екен, соған шақырылдым.

Кеңестегі ахуал дәл майдандағыдай, әдеттегі дабыр-дұбырдан түк нышан жоқ. Әркім іштен тынып, сырттай

түйіліп, түнеріп қалған. Жиналыс төралқасына жайласқан басшылармен бірге Мәскеуден келген көп адамдар көрінеді. Олардың өздері де әдеттегіден тыс сұсты.

Өзгермейтін жалғыз-ақ дәстүр: сөйлейтін адамдар да, сөйленетін сөздер де белгілі, күні бұрын анықталып қойған. Сол тәртіппен жиналыс басталып кетті. Айтылған сөздердің жалпы мазмұны мынадай: Орталық алаңға жиналған жастардың көбі – қоғамдық тәртіпті аяққа басқан бұзақылар, маскүнемдер, нашақорлар. Солардың жолсыздық істерін анық, ұлтшылдық пиғылдағы бір топ адамдар іліп әкетіп, оқиғаға өте қолайсыз реңк беруде. Сондықтан республика жұртшылығы бұл оқиғаны жазғырып, қатаң айыптауға тиіс.

Жиналысқа ертерек келіп, алдыңғы қатарлардың бірінен орын алғанмын. Жаңағы сөйленіп жатқан сөздердің арасында артыма бұрылсам, желке тұсымда республиканың қала шаруашылығына қатысы бар, өзіммен көңілдес, басшы қызметтегі бір жігіт отыр екен. Содан сыбырлап сұрадым:

– Алаңда қазір не болып жатыр?

– Бәрі таратылды. Он бес-жиырма минөттің ішінде түгел қуып тасталды.

Осыны естуге ғана шамам келді. Әр жағын ойға салып, таразылап жатуға мұрша жоқ. Қайтадан мінбер жаққа құлақ түрдім.

Сөйленген сөздер рухында қаулы қабылданып, – қатысушыларға нақты тапсырма берілді. Қазір, осы жиналыстан шыққан бойда, тура жұмыс орындарыңа барасыңдар да, коллегия, партком, партбюро мүшелерін дереу шақыртып аласыңдар. Оларға актив жиналысының рухын жеткізесіңдер. Әрбір ұжымдағы жұмыс күні бүгін ашық партия жиналысынан басталатын болсын. Әрбір еңбек ұжымы алаңда болған оқиғаны бір ауыздан жазғырып, оның қандай да бір көріністеріне қатаң тойтарыс берілісін.

Жиналыс біткен кезде тағы да артыма бұрылып, жаңағы жолдасқа тіл қаттым. Барар бағытымыз бір болған соң, бірге жүрейік дедім. Сөйтсем, оның бүгінгі түнгі қам-қарекеті басқаша болып шықты.

– Ана жақта әлі көп шаруа бар, – деді ол алаң жақты мегзей. – Бәрі былығып жатыр. Соны тазалап, тәртіпке келтіру керек.

Мен ондағы болған жағдайды сонда да көз алдыма елестете алмадым. Өйткені қай жақтан болса да шектен шығарлық қимыл болар-ау деген ой тіпті қаперге кіріп-шыққан жоқ еді.

Жиналыстан жаңағыдай тапсырма алған бір топ бастықтар қаланың түн басқан тылсым көшелерінде үнсіз келеміз. Әрқайсымыз өз кеңсемізге таянған бойда бөлініп қалып жатырмыз. Орталық екі көшенің қиылысындағы мекеме келіп, кабинетте бірсыпыра уақыт қимылсыз отырып қалдым. Не болды? Енді не болады? Мұның аяғы немен тынбақ?

Бұл, әрине, менің өз ішімдегі сұрақтар. Қазір жұртты жинаймын. Тиісті шараларды қолданамыз. Ондағы айтылар сөз, әрине, басқаша болмақ.

Сонымен, іске кірісіп кеттім. «Бір-екі сағаттың ішінде керек адамдар тегіс жиналды. Ұжымның түгел қатысуымен ашық партия жиналысын өткізіп, айтқандай-ақ, жұмыс күнін сонымен бастадық.

Бұдан арғы қызметті төтенше жағдайға бейімдегендей етіп ұйымдастырдық. Әркім өзінің орнында болсын. Ешкім ешқандай бейсауат кетпесін. Тапсырма алған адам қашан кетіп, қашан келгенін өзінің тікелей бастығына хабарлап тұрсын.

Осыдан кейін негізгі қызметімізге байланысты қам жасауға кірістік. Алаңдағы ахуал қандай? Қалада нендей оқиғалар болып жатыр? Кешегі күннің нәтижесі жайында тиісті орындарда жинақталған мәліметтер бар ма? Басқа өңірлердегі, облыс орталықтарындағы жағдай қандай? Осының бәрінен хабардар болып, түскен мағлұматтарды жинақтап отыратын жедел топ құрдық.

Кеңсе жұмысын осылай бір арнаға салып, реттегеннен кейін, сағат он бірлер кезінде Орталық Комитетке кеттім. Айдаушының кешегі сөзі рас екен. Өзіміз күнде жоғары қарай көтеріліп жүрген Фурманов көшесінің алаңға ұласар тұсы жабылып қалыпты. Енді онда бару үшін Ленин даңғылымен Қажымұқан көшесіне дейін барып, Орталық Комитеттің үйіне жоғары жақ желкесінен түсе алады екенбіз.

Келсек, Орталық Комитет үйінің сырт жағын қоршап тастаған БТР, БМП машиналары. Қаптаған солдат. Бәрі де қару-жарақты. Солардың ара-арасымен сыналап, зорға өттік.

Алаң дәл кешегі күйінде сіресіп тұр. Қарасыны тіпті көбейіп кеткен. Енді олардың алдындағы тосқауыл да күшейтіліп, мінбердің дәл алдынан екі қатар жуан шынжырдан ұзын керме тартылыпты. Одан бері қарай ешкімді өткізбейді.

Екі жақ бүйірде де күзет. Ресми адамдар трибуна түбіне тек арт жақтан ғана келе алады.

Партиямыздың бас штабында әдеттен тыс тыныштық. Орта буын бастықтар жағы үнсіз қимылдап, үлкен кабинеттерге кіріп-шығып жүр. Ал қатардағы қызметкерлер үрпиісіп, өз орындарынан алаң жаққа көз қадайды. Бұрынғыдай көрген жерден амандасып, жұмыс жайын сөз қылып жатқан біреуі жоқ.

Келген ізіммен кері қайттым. Кешеден бергі көңілді күпті қылған күдікті ойлардың алғашқы сұмдығын мен өз көзіммен осы жолы көрдім.

Машинаға отырып, Орталық Комитеттің сырт жағымен қайтып бара жатыр едім, жолдың оң жағында, 15-20 кадамдай жерде бір топ солдат жап-жас қазақ жігітін ақ қарға жығып салып, темір етіктерінің тұмсығымен, өкшесімен тепкілеп жатыр. Жігіттің аузы-басынан аққан қан ақ қарды қып-қызыл қылып жосылтып тастапты. Жүрегім тас төбеме шығып, тұла-бойым түршігіп кетті. Жан-дүниемнің бір тіні үзіліп кеткендей сезіндім.

Сол жағыма көзім түсіп кетіп еді, мұнда да дәл сондай көрініс. Бұл, тіпті алаң жақта, барша жұрттың көз алдында. Одан әрегіректе тағы бір топ солдат жеңіл киінген жалаңбас қазақ баласын екі жағынан қолтықтай сүйрелеп келеді. Олардың істейтін ісі де дәл мыналардікіндей болса керек.

Қастарында үп-үлкен лауазымды офицерлер үнсіз қарап жүр. Жаңағы жолмен ерсілі-қарсылы ағылып жатқан жеңіл машиналар. Бәрі де АТГ сериялы. Бәрінде де бастықтар. Бірақ бірде-біреуі тоқтап, не араша түспейді, не «бұларың қалай?» демейді.

Мен екі көзім бұлдырап, машинаның артқы орындығында отырмын. Айдаушым орыс жігіті еді.

– Ну, это уж лишнее, – деп сол ғана күбір етті.

Міне, осы сәттен былай қарай менде күрт өзгеріс ба-сталды. Әлдекімдерге деген ыза-кек кеудемді кернеп кетті. Осыны ұйымдастырушыларға ма, жоқ, жаңағы тілсіз жауыз жендеттерге ме? Ол жағы әлі белгісіз еді. Бірақ қалай

болғанда да, қылар қайраның жоқ. Тілімді тістеген күйі кете бардым.

Сол кеткеннен кешке дейін бұл жаққа жолағаным жоқ. Жұмысымды істеп отыра бердім. Қызмет аяғына таман осы оқиға туралы лента келіп түсті. «Алматыдан хабар» деген бейтараптау тақырыппен берілген шағын ғана ақпарат. Кезінде баспасөзде жарияланғандықтан, оның мазмұнын баяндап жатпай-ақ қояйын, жалғыз-ақ еске саларым: бұл оқиға қоғамдық тәртіпті өрескел аяққа басқан бір топ бұзақылардың ісі етіп көрсетіліпті.

Қалада бүлінген, бұзылған үй-жайлар, көпшілік орындары, тағы басқа жәйттер туралы мағлұмат келтіріліпті.

Қалыптасқан тәртіп бойынша бұл жайында жоғары жаққа хабарлауым керек еді. Оны істегенім жоқ. ТАСС-тың көрсеткен схемасы бойынша тиісті арналар арқылы бергіздім де, қас қарая, сол ала көңіл күйде Орталық алаңға кеттім.

Екі күнге созылған оқиғаның ең шырқау биігіне жеткен кезі енді келген екен. Алаңды түп-түгел кернеп кеткен қалың нөпір, иін тіресе теңселіп, теңіздей толқиды. Қыстың қыраулы түнінде аязбен суарылған салқын лебін ішіне бүккен ауыр толқынның алдыңғы легі орталық мінбердің тас қабырғасына тақалып барып тоқтапты. Күндізгі шынжыр қоршаудың алдынан қаз-қатар тізілген әскерлер енді алдарына темір қалқан ұстап, ентелеген жастарды кеудеден итергендей іркіп тұр. Шинель сыртынан кенеп шекпен жамылған, бастарында темір телпек. Кәдімгі бес қаруын сайлап, жорыққа аттанғалы тұрғандай, әбден жарақтанып алған. Алаңның екі жақ басында өртенген машиналардың қаңқасы бықсиды. Жайшылықта көлеміне көңіл аудармай, әрілі-берілі өтіп кетіп жүрген жаңа алаңның шын аумағын аңғару үшін, оған сірестіріп адам толтыру керек екен. Іштерінде ине шаншарға орын жоқ десе болғандай, иық сүйесе сығылысқан қалың топ тұтас бір алып денедей баяу қозғалып, батыл қимылдың тегеурінін танытқандай. Оның қасында мына мінберден айтылған басалқы сөздер тіпті болымсыз естіледі.

Оларды болымсыз ететін тағы бір жәйт – солардың көз алдында, мінбердің сол жақ қанатында, милицияның қара машиналарына қолға түскен жігіттер мен қыздарды желкелеп, шаштан сүйреп әкеліп тығып жатыр. «Қара құзғындарды»

тізбек-тізбегімен жөнелтіп жатыр. Енді бір тұста тұмсықтарына тұмылдырық кигізген әскер бөлімдерінің қасқырдай қарасұр овчаркалары тұр. Бос жіберсе-ақ болды, кімді болса да бас салып, жарып тастауға бар.

Ауыр ойдың талқысына түсіп, мінбердің арт жағында біраз тұрдым да, тұла-бойым зіл-батпан күйде үйге қайттым. Кейінгі сойқанды ертеңіне естідім: менің артымнан көп ұзамай, алаңға арнайы әзірленген шабуылшы әскер бөлімі шығарылыпты да, бейбіт тұрған қарусыз қалың топты бейне бір дәуперінің мылқау долылығындай аяусыз айуандықпен бастан-көзден соққылап, бықпырт тигендей қуып тастапты.

Бір-біріне жанаса, қаперсіз тұрған қалың топ бір шетінен жау тигендей дүрлігіп, бірін-бірі баса-жаныша жөңкілгенде, талай адам соққыға жығылып, талайлары табан астында тапталып, қас-қағым бір мезетте апалаң-топалаңы шыққан. Кешегі кешкі курсанттардың күрек соққысы мынаның қасында ойыншықтай болып қалыпты да, нағыз қызыл қырғын, қан жоса қасап алаңда тұрған қазақ жастарының басына бүгін орнапты.

Арнайы жаттығудан өткен жендеттердің дойыр соққысынан топылдап құлаған жастарды бір бүйірде күтіп тұрған милицияның қара машиналарына тиіп жатқанда, қызыл жағалылардың қалған жасақтары қашқан жастарды көше-көшенің бойынан қуып жүріп ұстаған. Сөйтіп, олардың өлген-тірілгеніне қарамастан, үсті-үстіне соққылап, топ-тобымен апарып қамай берген.

Жаңғырығы осы уақытқа дейін басылмай келе жатқан Желтоқсан оқиғасының Орталық алаңдағы көрінісі осылай аяқталып еді. Бас сауғалап алдымен қашқан шеткерірек топтары құтылып кетті де, қалың ортада қамалып қалып, қолға түскендері барлығына кінәлі болып шықты. Сондықтан оларға ешқандай аяушылық болған жоқ.

* * *

Желтоқсаннан кейін республиканың жаңа басшылығы екі жылдан астам уақыт бойы Қазақстандағы «ұлтшылдық зардаптарын» жою жөнінде аса бір зымияндылықпен ойластырылған ашық та, астыртын да жұмысты белсене жүргізді. Соның ішінде қарауылдың қатал нысанасына алынғандар басшылық жұмыста жүрген интеллигенция өкілдері еді. Сәл ғана сезік тудырып, сенімсіздікке

ұшырағандардың бірде-біріне аяушылық болған жоқ. Қайта аттестациялау, қоғамдық мінездеме беру, жұртшылық пікірінен өткізу деген сияқты ойдан шығарылған желеулермен талай адамдардың артына шала байланып, қуғынға ұшырай бастады. Ұзақ жылдардан бері ҚазТАГ-тың басшылығында болып зор сенім аркалап жүргенде, аяқ астынан айыпты болып, сондай зобаланды бастан кешірген «бейбақтардың» бірі мен.

Бұл оқиға 1987 жылдың 19 маусым күні болды. Танертен жұмысқа келіп, енді іске кірісе бастағаным еді, «вертушка» аталатын Үкімет телефоны сылдыр ете қалды. Орталық Комитеттің Идеология бөлімінен екен.

– Алматы облыстық газеттерінің бүгінгі нөмірлерінде сот процесі жөніндегі ҚазТАГ хабарымен қоса берілген фотосурет қайдан жүр? – деген сұрақ естілді трубкадан.

Мен әлі газеттерді қарап үлгерген жоқ едім. Әдетте баспаханадан әкелінген бүгінгі газет нөмірлерін бір шолып, өз хабарларымызды «түгендеп» өтуден басталатын. Мен соған кірісіп үлгермеген бойда телефон бастырмалатып барады.

– Білмеймін, біз ешқандай сурет берген жоқпыз, – дедім мен.

– Қараңыз онда, «Огни» мен «Жетісуды». ҚазТАГ-тың фотосуреттері деп жазулы тұр ғой.

Бір қолым трубкада, екінші қолыммен газеттерді ашып қарасам, расында да біздің өткендегі хабарымызға қосымша екі фотосурет басылған. Астында біздің фотохрониканың екі қызметкерінің аты-жөні тұр. «Бұл қайдан келді?» деген күдікті оймен:

– Жарайды, анықтап, өзім хабарлайын, – дедім де, трубканы орнына қойып, дереу аталған қызметкерлерді шақырттым. Сондағы анықталғаны: осыдан екі күн бұрын, 17 маусым күні, республикалық және облыстық газеттерде Желтоқсан оқиғаларына қатысқан бір топ адамдардың қылмыстық ісін қараған сот процесі туралы ҚазТАГ хабары жарияланған. Астаналық облыстың екі газеті сол хабарды кешіктіріп, бүгін, 19 маусым күні беріпті. Және, жай бермей, біздің фототілші түсірген фотосуреттермен қоса беріпті. Суретте екі кадр бар: бірінде үкімді жариялап тұрған сот мүшелері, екіншісінде – сол үкім жарияланған кезде тік түрегеліп, сымға тартылғандай болып тұрған айыпкерлер. Астында аты-жөндері жазылған.

Сөйтсем, 16 маусым күні, сот жүріп жатқанда, ҚазТАГ-тың бір фототілшісі ТАСС-тың тапсырмасымен сот залынан екі кадр түсіріп алыпты да, ертеңіне бильд-аппарат арқылы ТАСС-қа айдапты. Ал фотохроника бас редакторының орынбасары сол суреттердің бақылау данасын редакция қызметкерлеріне көрсеткен екен, олар дереу сұратып алып, газеттеріне басып жіберіпті.

Өз беттерімен жасаған әрекеттері үшін екеуінің де жазаланатындарын айтып, қатты ескерттім де, Орталық Комитетке телефон соғып, мән-жайды түсіндірдім. Сонсоң өзім халыққа білім беру жөнінде болатын республикалық актив жиналысына кеттім. Түс әлетінде жиналыстан келсем, телефон аппараттары безілдеп, мені іздеп жатыр екен. Баяғы Орталық Комитеттен. Манағы әңгіме бойынша менен жаз-баша түсінік талап етеді.

Істің аяғы дауға айналғалы тұрғанын сезіп, бұйрық әзірлеттім де, кінәлі екі қызметкерге әкімшілік жолымен жазалау шараларын қолдандым. Соның негізінде баяндау хат жазып, қызмет аяғында Орталық Комитетке тікелей өзім апарып бердім.

– Ендігі әңгіме бюрода болады, – деді бөлім меңгерушісі зілденіп.

Одан шыққан бойда 6-қабатқа көтеріліп, Біріншінің көмекшісіне кірдім де болып жатқам әңгімені баян еттім.

– Басқа шаруалары жоқ болған соң істеп отырғандары болар. Алаңдамай, үйіңізге қайтыңыз да, демалыңыз, – деді көмекші.

Соның сөзінен кейін көңілім орныққандай болған. Бірақ ол білмейді екен. Ертеңіне, сенбі күні жұмысқа келісімен бюроға шақырылдым. Бұрын бюро мен секретариат мәжілісіне тұрақты түрде қатысып отыратын мен бұл жолы жауапкер ретінде ерекше рәсіммен шақырылдым. Қасыма бірінші орынбасарым мен фотохроника бас редакторының орынбасарын ертіп ала келу тапсырылды. Мәжіліске әзірленген құжаттармен таныспақ болып, жолай бөлімге соғып едім, мәселенің мазмұны баяндалған анықтама маған көрсетілмеді. Қысқаша ғана қаулының жобасымен таныстырылдым. Маған партиялық қатаң сөгіс жарияланып, қызметтен алу жөнінде ұсыныс әзірлеген екен.

Бірақ дәл солай бола қояр деп сенгенім жоқ. Өйткені өз қолыммен істеген қылмысым жоқ, бұрынғы жұмыстарым жөнінен де ешқандай ескерту, мүдіріс болған емес. Ал енді соңғы сот процесі жөніндегі хабардың тексін өздерімен келісіп алғанмын.

Мәжіліс кең көлемде шақырылған екен. Астаналық облыстың, қаланың, қалалық аудандардың, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары түгел осында. Баяндама жасаған бөлім меңгерушісі А. Устинов менің үстіме бар пәлені үйіп жатыр. Бір кезде ол: «Исмагулов выставил под-судимых героями», – деді. Сонда барып жүрегім зырк етті. Істің шындап насырға шауып бара жатқанын енді ұғындым.

Газеттерде басылған суреттерге өз басымның ешқандай қатысы болмаса да, кінәні мойындап, жауапкершілікті тікелей арқалауыма тура келді. Кемшілікті жоямыз, мұндай жағдайға енді жол бермейміз, деп ағымнан жарыла сөйледім.

Содан кейін бірлі-жарым бюро мүшелері сөйледі. Өз бастығым – З. Камалиденов баяндамашыдан бетер зіркілдеп кетті. Мен жөнінде бір ауыз араша айтпады. Бір кезде Біріншінің өзі сөз алды. Сол кездегі Колбиннің кейпі әлі күнге көз алдымда. Ашуланғанда өңі қып-қызыл болып, да-усы қиқылдап, буынып қалушы еді. Бұл жолы да дәл сөйтті. Екі қолын сермеп сөйлегенде бет-ауызы жыбырлап, етжеңді мұрынының ұшына дейін селкілдеп кетті.

– Осының бәрі тегін емес, – деді ол айқайлап. – Желтоқсан оқиғасының жартыжылдығына орайластыра, әдейі істеліп отыр. Сот процесінің дәл он алтысына тағайындалуында, он жетінші маусымда сот процесінен хабар жарияла-нуында астарлы мән бар. Әлдекімдер республикадағы жағдайды ушықтыруға мүдделі. Әлдекімдер осыны әдейі ұйымдастырып отыр.

Осылай тепсініп келіп: күні кеше осында бір топ қазақ студенттері мас болып алып, көшеде көрінген орыстарды сабапты. Тіпті әйелдер мен балаларды үйлердің подвалы-на қуып тығып, енді біразын үй төбелерінде қуып жүріп дүрелепті, – деп соқты. Бастық басымен осындай өтірікке беті шіміріккен жоқ.

Содан бір кезде «Жетісу» газетінің редакторы Мамадияр Жақыповқа қарап шүйлікті.

– Егер осы таяу күндерде, – деді бірінші хатшы қаһарын төгіп, – осы облыстың бір жерінде әлдеқандай бір қолайсыз

оқиға болса, соған сіз жауапты боласыз. Соны ұйымдастырған сіз деп тауып, мен сізді тура түрмеге жаптырамын.

Осыны естігенде, өз халімнің не боларын білмей отырған мен қаламдас жолдасқа жаным ашып, қатты аяп кеткенім есімде.

Сөзін аяқтай келіп, Колбин мен жөніндегі жобаны талқыға салды. Ешкім мені қорғап бір ауыз сөз айтқан жоқ. Сол екі арада жанұшырып, мінберге шықтым.

– Мен қырық жылдай партияға мүшемін. Еңбек жолымды соғыс кезінде, он бес жасымда, аудандық баспаханада әріп теруші болып бастап едім. Көп ұзамай, редакция аппаратына алынғанмын. Содан бері 44 жыл бойы партиялық баспасөзде қызмет істеп келемін. Сол жылдар ішінде партияның талай жауапты тапсырмаларын орындадым. Енді зейнетке шығуыма он айдай ғана уақыт қалды. Жіберген қатемді маңдай теріммен өтеп кетейін. Соған мұрсат берсеңіздер екен. Сіздерден өтініп сұраймын, – дедім.

Сәл ғана жібігендей болған Колбин бюро мүшелеріне қарап:

– Ну, как, товарищи? – деп еді. Маған араша бола ма деп үміт артқан бастығым З. Камалиденов жұлып алғандай:

– Ни в коем случае! – деді.

– Жарайды ендеше, мәселе осымен бітті.

Сөйтп, мен қас-қағымның арасында барымнан жұрдай болып, аласталып шыға келдім.

Енді не істеу керек? Қайда барып күн көру керек деген сұрақтың төңірегінде дағдарумен сенбі, жексенбіні үйде өткіздім де, дүйсенбі күні, қайтпаған көңіл, шықпаған жан дегендей, бұлдыр үмітпен Орталық Комитетке, өзімнің көп жылдар бойы бауыр басқан өрісім – Идеология бөліміне келдім. Дегенмен бір жылы шырай, жақсы сөз естірмін деген дәменің жетегінде келгенмін.

– Сіз өзіңіз қызық екенсіз. Пәлен жыл басшы қызметте жүрсеңіз де тәртіпті білмейсіз бе? Осындай кезде қайдағы бір демалысыңызды айтып, хатшының алдына мәселе қойғаныңыз қалай? – деп бөлімнің бастықсымақ бір итаршысы өзіме дүрсе қоя берді.

Мен ұмытайын десем де бұлар ұмыттыратын емес. Жаңағы сөз мені талқыдан басталып, тамұқпен аяқталған сенбінің кешіне қайтып апарды.

Бюродан шыққаннан кейін, сең соққан балықтай болып үйге келгенмін де бір-екі сағат дамылдап жатқанмын. Бір кезде қызметтен телефон соғылды.

– Кешкі сағат 5-те коллективтің жиналысы болады. Орталық Комитеттен адамдар келеді екен, соған сізді де келсін деп жатыр.

Бүгін қысқа күн, ҚазТАГ-та шағын кезекші топ жұмыс істейтін. Сірә, бүгінгі оқиғаға байланысты барлық қызметкерлерді әдейілеп жинап жатқан болар деп ойладым да, айтылған сағатта кеңсеге келдім.

Хатшы мен бөлім меңгерушісі келіп жиналыс өткізді. Жұртты бюроның қаулысымен таныстырып, менің қызметтен босатылғанымды хабарлады.

Әрине, көп жылдан бері бір үйдің адамдарындай болып, тату-тәтті қызмет істескен коллектив бұл хабарды ауыр сезіммен қабылдады. Жұрттың бәрі тым-тырыс. Хатшы «Сұрақ бар ма?» – деген кезде, шыдамады білем, агенттіктің техника жағын басқаратын жауапты қызметкер орнынан тұрып:

– Әрбір сурет үшін бір директор орнынан алынатын болса, бұдан былай бізде басшы тұрақтамайтын болар? – деді.

Хатшы аңтарылып қалды. Мен ышқынып кеттім. Себебі, өз адамдарын азғырып, бюроның шешіміне қарсы әзірлеп қойыпты деп, мына екі бастық мен жөнінде жаңадан мәселе көтеруден тайынбайтынын сездім. Онда партиядан қуыламын. Ол кездегі менің ұғымымда партиялықтан айырылу – өліммен тең. Сондықтан орнымнан ұшып түрегеліп, сөз алдым.

– Жолдастар! Сіздерден ажырап қалу мен үшін қаншалықты қиын екенін өздеріңіз де түсінерсіздер. Бірақ амал жоқ, бюроның шешімі әділ, мен кінәлімін. Көруге тура келеді, – дедім.

Осыдан кейін бөтен сөз болған жоқ. Жиналыстан шығып, кабинетке келіп отырған сәл үнсіздіктен кейін хатшыға қарап, өз басымның соңғы мәселесін айттым:

– Мен кезекті демалысқа шыққалы жатыр едім. Ол жөнінде кезінде өздеріңізбен де келіскенмін. Санаторийге жолдама әзір. 25 маусымнан бастап демалысыма кете берсем, басқа мәселелерді өздеріңіз шеше жатасыздар ғой, – дедім.

Екі бастығым да үндеген жоқ, сүйей салды бірденелер айтты да, кетіп қалды.

Мына кабинетте отырған бишікеш бастық соны бетіме салық қылып тұр. Бұл бөлімнен енді маған қайыр жоқ екенін сездім де, шығып жүре бердім. Біріншінің өзіне сұрануға тура келді. Дес бергендей, Колбин төменде жұртты қабылдап жатыр екен, соған жазылып, жұмыс аяғына дейін кезек күттім.

Кешегі қаһарынан қан жауған Бірінші бүгін тіпті өзгеріп қалыпты. Істерін істеп алғаннан кейін, маған аяушылық білдіргендей, алды-артымды орап, алдаусырата қарсы алды. «Енді қандай жұмысқа барғыңыз келеді?» – деген сауалды алдыма өзі тартты. Мен енді ешқандай шен сұрамайтынымды айттым. «Екінші мамандығым әдебиетшілік еді, ғылыми дәрежем де бар. Көптен бері көкейде жүрген ойдың орайы енді келгендей. Сондықтан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына жіберсеңіздер екен», – дедім.

– Менің қарсылығым жоқ. Камалиденов жолдасқа барып айтыңыз, – деді Колбин. Жүгіріп 6-қабатқа көтерілдім. Осы әңгіме басталғалы бұл хатшының алдына бірінші рет кіруім.

– Вы меня подвели, – деді хатшы тырсыып.

Үнсіз бетіне тесіліп қарадым. Бірақ, әлі де күнім түсіп тұрғандықтан, ішкі ойымды сыртқа шығарғаным жоқ. Менің тағдырым талқандалып жатқанда, бұл өзінің мансабын күйттеп отыр. Сондықтан әлгі сөзге жауап бермей, өз шаруама көштім. Бірінші хатшыда болғанымды, ғылыми қызметке сұранғанымды айттым.

– Ни в коем случае! – деген әзірейіл сөзін хатшы тағы қайталады. – Сізді ол институтқа жіберуге болмайды, – деп біржола кесіп тастады. Қайтадан Біріншіге келдім.

– Жарайды, алаңдамаңыз. Бөлімге айтармыз, ендігісін сол жақпен шешіңіз, – деді Колбин.

Келесі күні ілгері басқан аяғым кейін кетіп, Устиновтың алдына келдім. Ол да түк көрмегендей жылмаң қағады. Шамасы, алдын ала тапсырма алған болуы керек, менің өтінішімді естігеннен кейін тіпті ықыластанып:

– Е, оны істейміз. Мен Әбділдинге телефон соғайын, солай қарай бара беріңіз, – деді. Мен жолдама қағаз сұрадым.

– Жоқ, оның қажеті жоқ. Біздің ауызша айтқанымыз да жетіп жатыр.

(Мен мұның бәрін адам тағдырының билік орындарына қаншалықты тәуелді болғанын көрсету үшін айтып отырмын).

Сөйтіп қазір өзім істеп жүрген М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына уақытша аға ғылыми қызметкер болып орналастым да, құжаттарымды конкурсқа тапсырдым. Мың болғыр, мұндағы жолдастар мені оң қабақтарымен қарсы алды. Оларына рахмет.

Бірақ жоғары жақта мені қудалау әрекеттері бір-екі жыл бойы тынған жоқ. Не үшін қызметтен босатылғанымды көрсетіп, газетте хроника шыққанына қарамастан, істің мәнін бұрмалайтын теріс пікір айтылып, «Жұртшылық пікірі» дейтін айдармен арнайы хабар берілді. Содан кейін Жоғарғы Кеңеске депутаттық өкілеттігім тоқтатылды. «Жазушы» баспасымен жасалған шарт бойынша Ю.Бондаревтің «Таңдау» атты романын аударып апарсам, жоспардан шығарып тастапты. Соның соңында бір жыл салпақтауға тура келді.

Өзгесі өзге-ау, тіпті ҚазТАГ-тан кетіп бара жатқанда, есебімді дұрыс айыртпай, шөміштен қаққандарына не айтарсың? Оның мәнісі былай болды. Сол кездегі тәртіп бойынша, мен кезекті демалысқа шығарда, Үкіметтің арнайы қаулысы бойынша бір айлық жалақы көлемінде әлеуметтік-тұрмыстық көмек алатынмын. Демалысқа шығу мерзімін түгел өтеп, енді жолдама алу қамына кіріскенде, мен сол заңды қаржымды алған болатынмын. Енді қызметтен босап қалғаннан кейін, пайдаланылмаған демалысымның есесін төлерде, жанағы өзіме тиесілі комок ақшаны ұстаттырып қалыпты. «О, жалған-ай!» – дедім де кете бердім.

Сөйтіп жүргенде, 60 жылдығым келіп қалыпты. Бұрын да мерейтой деп даңғазалап жатпайтын басым қаннен-қаперсіз жүр едім, бір күні Жазушылар одағынан телефон соғылды.

– Жүмеке, қысқаша өмірбаяныңыз бен фотосуретіңізді әкеліп беріңіз. Буклет шығарамыз. Құрмет грамотасына да ұсынылып жатырсыз, – деген бір жылы хабар алдым. Жазушылар одағының мүшелеріне көрсетілетін осындай құрмет болушы еді, әйтеуір содан мақұрым қалмағанымға шүкір деп ойладым.

Бірақ оным жәй есекдәме болып шықты. Арада біраз күн өткеннен кейін, одақтағы жолдастар маған қайыра қоңыраулатты:

– Жұмеке, ғапу етіңіз, буклет шықпайтын болды. Жоғары жақ сіз жөніндегі ұсыныстарды өткізбеді. Өмірбаяныңыз теріліп, клишеніз де дайын тұр еді. Ескерткіш болар, соны алып кетіңіз, – деді.

Оған да көндім. Енді осымен тыныш болармын деп жүр едім. Бір күні институттың партия бюросына Орталық Комитеттен хат келіпті. «Сіздердің есебіңізде тұратын коммунист пәленше Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат еді. Жұмыстағы кемшіліктері үшін қызметінен босатылғандықтан, енді Орталық Комитет құрамында қалуын негізсіз деп ойлаймыз. Осы жөнінде пікірлеріңізді айтсаңыздар екен», – деген мәселе қойылыпты.

Тағы да мың болғырлар дейін, бұл жолы институт коммунистері мені әлі жете білмесе де, принциптілік танытып, Орталық Комитет қызметкерлерінің пікіріне үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Сөйтіп, партияның кезекті съезіне дейін мен Орталық Комитет құрамында қала бердім.

Бірақ, оның есесіне, жасым 60-қа толып, зейнетақымды алуға әрекет жасағанымда, қызметтен босатылған кінәм үшін министр мәртебесіндегі лауазымға тиісті одақтық дәрежедегі дербес зейнетақыдан қағылдым. Бұл менің Желтоқсан оқиғаларына байланысты көрген соңғы құқайым еді.

Арада үш-төрт жыл өтіп, жағдай мүлде өзгерген кезде, менің мәселем Орталық Комитеттің Бюросында қайта қаралып, 1987 жылғы қиянат шешім бұзылды. Ол жөнінде баспасөзде жарияланды. Сөйтіп, кеш те болса, әділет жеңді.

Қазір Желтоқсанға берілген теріс баға да өзгерді. Ол жөніндегі жұртшылық өкілдерінен құрылған комиссияның қорытындысы баршаға жария етілді. Жазықсыз жапа шеккендердің бәрі ақталды. Абақтыға алынып, сотты болғандары босатылды. Бір қарағанда, бәрі де орнына келген сияқты.

Бірақ... Әлі де көптеген «бірақтар» бар. Мені де сол «бірақтар» ойлантады.

Ең бірінші ойлантатын нәрсе – Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары. Әсіресе себептері. Бұл жерде мен осы оқиғаның тікелей туу себептерін айтамын. Жайшылықта партия мен Үкімет саясатына қайшы пікір айтудан жасқанып

жүретін жұрт кенеттен ашық қарсылық көрсетуге қалай барды? Соншама жастарды дүрліктіріп, көшеге шығаруды ұйымдастырған кімдер? Бұл сұрақты мен жоғарыда да ішінара қойғанмын. Сол сұрақ күні осы уақытқа дейін менің көкейімнен кетпейді.

Басында бейбіт бой көрсету түрінде болып, аяғы ашық көтеріліс сипатын алған бұл қимыл ешкімнің ұйымдастыруынсыз өзінен-өзі стихиялы түрде тууы мүмкін бе?

Жоқ, мүмкін емес, деймін мен. Дейтінім, коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің талай зорлықты істері бұрын да болған. Тіпті, халықты жаппай қырып-жойып жатқанда да ешкім бас көтере алмаған. Әсіресе, отызыншы жылдардың ортасынан бермен қарай ашық қарсылық атымен жойылған. Ашық қимыл түгіл, жасырын пыш-пыш әңгіме үшін де бас кететініне әркімнің-ақ көзі жеткен. Соны біле тұрып, біздің заманымызда өздігінен ол кезде кім наразылық шеруіне шығатын еді?

Шықпайтын және шыға да алмайтын. Ол үшін жастарды әбден қыздырып және әлденеге сендіріп, көзжұмбай қимылға көтеру керек болатын. Тіпті беттері қайтып жатса да, үсті-үстіне өршелендіре түсетін бір өтімді әдіс керек болатын. Әйтпесе бір түннің ішінде астананың әр тұсындағы оқу орындарынан уәделескендей болып, топ-топ жастар шыға ма? Қолдарына ту, портрет ұстап, саяси ұрандар көтеріп келе ме?

Егер әркім өздігінен стихиялы түрде шықса, алғашқы күннің кешінде милиция мен әскери училищенің курсанттары арқылы берілген қатты соққыдан кейін-ақ, біразы жараланып, қамауға алынып, қалғандары бет-бетімен ыдырал кеткен жастар келесі күннің ертеңінде қоршаудағы алаңға қайтадан бұзып-жарып кірер ме еді?

Сөз жоқ, оны істей алмас еді. Ал істеген болса, олардың соңынан қалмай, қайта-қайта қайырып әкеп, қайрап салып жүрген біреулер бар екені айдан-анық.

Бірақ іс насырға шауып, өрімдей жастар қанға боялып жатқан кезде сол ұйымдастырушылар бой көрсете алды ма? Жоқ, бұғып қалды. Сондықтан олар халық жоқшылары, көтеріліс көсемдері дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Бейбіт

жастарды апатқа айдап салған арандатушылар күйінде қалып қойды. Алғашқы ниеттері дұрыс болған күнде де, олар екіталай кезеңде жан сауғалаған қорқақтар болып шықты.

Ұйымдастырушыларды қалайда табамын, жалғанның жарығына алып шығамын деп талай кіжінген Колбиннің өзі де таба алмағаны – олар мықтап тұрып жасырынған болды.

Бірақ көтеріліске көсемдер табылды. Шынымен халықтың қамын ойлаған нағыз қаһарман ерлер өздерін кейін танытты. Ең бірінші қаһарман: «Жастарды итке талатып, соққыға жыққан сұмдықты көргенше, кешегі қан майданда қаза тапқаным жақсы еді», – деп Колбиннің алдында қасқайып тұрған ақын Жұбан Молдағалиев болатын. «Осындай озбырлығың үшін халық алдында жауап бересің», – деп сес көрсеткен жазушы Сафуан Шаймерденов те ер еді.

Сол ағаларының үлгісін көргеннен кейін, олардан да асқан батылдыққа барып, нартәуекелге бел байлаған – Мұхтар Шаханов. Халықтың қасіреті мен жас боздақтарының қаны сұраусыз кетейін деп тұрған қысталаң шақта Кремльдің мінберіне суырылып шығып, дүние жүзіне жар салған Мұхтардың ерлігі қазақ халқының азаттық тарихында алтын әріппен жазылуға лайық. Тусаң – ту!

Осы тұста тағы бір еске алатын жәйт – Желтоқсан оқиғасы болып жатқан кештердің бірінде ақын Мұхтар Шаханов Мәскеудің Останкино телеорталығында өзінің шығармашылық кешін өткізіп жатқан. Осы жайында берілген КОТА хабарында былай деп жазылған:

«Уақыт келбеті» деген жинаққа енген өлеңдер, балладалар, поэмалар туған өлкеге деген сүйіспеншілікке толы» («Социалистік Қазақстан», 21 желтоқсан 1986 жыл).

Мұхтарды кейінгі ерліктерге де жігерлендірген оның туған халқына, сүйікті Қазақстанына деген осындай шексіз перзенттік махаббаты еді.

Желтоқсан зардаптарын жоямын деген желеумен Колбин ел азаматарын шет-шетінен қуғынға салып, қойдай тоғытып жатқанда, Ұлттық Ғылым академиясында: «Надо прекратить процесс по декахизации!» – деп үн көтерген академик Салық Зимановтың сөзі де осындай ерлікке жататын еді.

Енді Желтоқсан оқиғасының маңызы жайында бір-екі сөз. Әңгіме тек Желтоқсанның зардаптары жөнінде ғана, со-

ларды жою жөнінде ғана болып жатқан кезде, оның маңызы жөніндегі бір батыл пікірді 1989 жылы, осы Алматыда аударма жөніндегі халықаралық конференцияда сөйлеп тұрып, Мұрат Әуезов айтып еді. «Күрессіз, қан төгусіз ешбір халық бостандыққа жеткен емес. Сондықтан Желтоқсан құрбандарының қаны босқа кетпейді. Қазақ халқының бостандығы жолындағы болашақ күрескерлерге ол бұдан да асқан ерліктің үлгісі болады», – деп еді ол.

Сонсоң егер Желтоқсан оқиғасы болмаса, біздің қазіргі тәуелсіздікке жете қоюымыз да екіталай еді. Кейбіреулер: «Қазақстан, қазақтар егемендікке оп-оңай жетті. Одақ ыдырап жатқанда қазақтарға дербестік өздігінен келді», дегендей жорамал айтады.

Бекер сөз. Ешбір халыққа бостандық аспаннан түсе қалмайды. Күні кеше Желтоқсан оқиғасын бастан кешпеген халық сол көктен түскен тәуелсіздікті оп-оңай қабылдай ала ма? Желтоқсанда төгілген қанды көріп, ішінен қан жылаған басшы империя құлап, әркім бет-бетіне кетіп жатқанда абдырамай, ел тізгінін қолына алып, асқан батылдықпен тәуелсіздікке қарай бастап жөнелмесе, біздің қолымыз соған жетер ме еді? Ол дербестікті бізге біреу әкеліп берер ме еді?

«Бес жүз жылда бір ғана сәті келетін тарихи мүмкіндікті» пайдаланып қалған басшы – эне, нағыз қаһарман сол. Дана да сол, батыр да сол. Кешегі Желтоқсан шеруінің басында жүрмесе де, жүруге лайық және жүрдім деп айтуға моральдық хақысы бар азамат сол.

Сол азаматтың арқасында, сол басшының ырқымен Желтоқсан оқиғасының әділ бағасы берілді. Жазықсыз жапа шеккендер арашаланды. Бірақ... әлі де көңілге өкініш ұялататын жәйттер бар. Әсіресе жоғарыда аталған жұртшылық комиссиясының көптеген ұсыныстары аяқсыз қалғаны қынжылтады.

Мәселе әлдекімдерді әшкерелеп, жазалауда емес, біреуден біреудің кек алуында емес. Ең басты мәселе – халықтың бостандығы жолында қанын теккен, азап шеккен жас азаматтардың ерлік үлгісін жолбикелерден бөліп алып, қастерлеуде. Олардың осы күнге дейін жәбір шегіп жүргендерін қатарға қосып, алдарынан азаматтықтың кең жолын ашуда. Әрине, соларды сорлату арқылы өздерінің

бас пайдасын ойлаған арамбез мансапқорлар да тайтандап, қоғам есебінен игілік көріп жүрсе, кешегі құрбан болған боздақтардың аруағына бұл да бір шетіндік болар еді.

Өйткені Желтоқсан ызғары ойлаған сайын әлі де жүректі қарып, денені түршіктіреді.

*«Халық кеңесі»,
28, 29, 30 сәуір 1993 жыл.*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына

Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы Басқармасының ҰСЫНЫМЫ

Құрметті Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты!

КСРО аталатын бұрынғы империяның мемлекеттік билігі мен Қазақ КСР аталатын оның отарының қуыршақ билігі 70 жылдан астам уақыт бойына тек жекелеген адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да құқықтары мен еркіндіктерін дөрекі һәм жазасыз тапап келді. Және де оларды халыққа қарсы жасаған қылмыстары, заң, ахлақ пен адамгершілік қағидаларына қатысты шектен шыққан зорлық-зомбылықтары үшін жауапкершілікке тарту үміті де мүлде жоқ еді. Сол үміт тек қазір, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты құрылған соң ғана, пайда болды деп сенгіміз келеді.

Осыны бетке ұстаған «Азат» қозғалысының Басқармасы «1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты шешілмеген проблемалар жөнінде» мәселені талқылап, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1990 жылдың 24 қыркүйек күнгі «Алматы қаласында 1986 жылдың 17-18 желтоқсанында болған оқиғаларға байланысты жағдайларды түбегейлі бағалау жөніндегі Комиссияның қорытындылары мен ұсыныстары туралы» Қаулысы тоталитарлық заманға тән формалистік, объективсіз рухта қабылданғандықтан, толыққанды құқықтық және саяси бағадан жүрдай үстіртін құжат болып табылады деген бірауызды пікірге келді. Бұл,

әсіресе, 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары мен олардың зардаптары үшін КСРО мен Қазақ КСР мемлекеттік билігінің ең жоғарғы органдарының, сол органдардың өкілдері болып табылатын жекелеген жоғары лауазымды тұлғалардың жауапкершілік салмағын анықтауға қатысты бөлігіне тән жағдай.

Қазақ КСР ЖК Төралқасының Қаулысында Алматы қаласы мен Қазақстанның басқа да елді мекендерінде болған шерулерге қатысушыларға қатысты сол шерулер кезінде және олардан соң қабылданған ресми шешімдер мен нақты іс-әрекеттер КСРО мен Қазақ КСР Конституцияларына сәйкес болды ма деген сұрақ жауапсыз қалды.

Ал, енді, белгілі топтардың «орыс тілді» тұрғындар желтоқсан оқиғалары бойынша сот процесін «түсінбейді»-міс деп, «қорқыныш» тудыруына келсек, бұл – желтоқсан қасіреті үшін кінәлілерді жауапкершіліктен алып қашудың қарапайым амалы. Ал, қазақстандықтардың осынау әділетті істі қолдайтындығына біздің күмәніміз жоқ.

Осы мәселелерді Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қарауына ұсына отырып және оның адалдығы, объективтілігі, тәуелсіздігі мен принциптілігіне толық сенім білдіріп, «Азат» қозғалысының Басқармасы мыналарды қажет деп есептейді:

1. Тек Мәскеудің республикаға бірінші басшыны сырттан өктемдікпентағайындауығана емес, өз тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін толыққанды дамытуға, өзін өзі ұлттық айқындауға, туған республикасын саяси және мемлекеттік басқаруға қарапайым жағдайлардың шын мәнінде болмауы да қазақтардың іс жүзінде Қазақ КСР Конституциясының 68-бабын пайдалана алмайтын отарланған халық екендігін айқын куәләндіріп тұр, сондықтан қазақ ұлтының құқықтары ерескел аяқ асты болғандығын ресми түрде растауды.

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1990 жылдың 24 қыркүйек күнгі Қаулысына объективті құқықтық және саяси баға беруді.

3. Республиканың бейбіт азаматтары шерулерін басып-жаншуды және биліктің соған орай жасаған іс-әрекеттерін тек «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» мен басқа да халықаралық актілерде ғана емес, КСРО мен Қазақ КСР-ның сол кезде күшінде болған Конституцияларында

да (46, 48, 52, 54, 55, 75 баптар) қарастырылған олардың құқықтары мен еркіндіктерін өрескел бұзу деп мойындауды.

4. – КОКП ОК Саяси бюросының 1986 жылғы 18 желтоқсан күнгі «Алматыдағы оқиғалар туралы», КОКП ОК-нің «Еңбекшілерді интерұлттық және отаншылдық тәрбиелеу жөніндегі қазақ партия ұйымының жұмысы туралы», Қазақстан КП ОК Бюросының 1986 жылғы 19 және 23 желтоқсан күндеріндегі, ЖК мен МК Төралқаларының желтоқсан оқиғалары бойынша Қаулыларын;

– КСРО мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестері Төралқаларының шешімдерінсіз төтенше жағдай енгізілуін және шерушілерге қарсы әскер қолданылуын;

– Әскери бөлімшелер, ПМ, МҚК, Прокуратура мен сот органдарының адам өлімдеріне алып келген жаппай ұрып-соғу, адам аулау, заңсыз тұтқындау, тінту, телефонмен сөйлесуді тыңшылау, бейкүнә адамдарға қатысты заңнан тыс үкімдер шығарған сот процестерін жүргізу тәрізді іс-әрекеттерін;

– Қазақ КСР Жоғарғы Соты коллегияларының Төралқалары мен Пленумдарының аталған заңсыздықтарға негіз берген шешімдерін;

– Өздерінің заңды, конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға тырысқан және ешқандай қылмыс жасамаған азаматтарды жаппай ұрып-соғу, заңсыз тұтқындау және сотпен жазалау, негізінен қазақ жастарынан құралған шерушілерге Алматы зауыттарында арнайы жасап шығарылған құралдармен қаруланған славян тектілер өкілдерін қарсы қою арқылы ұлтараздығын қоздыру шараларын ұйымдастырушы адамдар ретінде 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының себептері мен салдарын зерттеу жөніндегі Парламенттік комиссия материалдарында көрсетілген, сондай-ақ, онда аталмаса да, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жаңа зерттеулері барысында анықталуы мүмкін нақты лауазым иелерінің (Елемесов, Мирошник, Айтмұхамбетов, Тетеркин, Басаров, Мызников, Волтунов және т.б.) іс-әрекеттерін;

– Желтоқсан оқиғаларын бұрмалап, жалалы қалыпта көрсеткен және қазақ халқының ұлттық ары мен абыройын қорлаған КСРО мен Қазақ КСР-ның бұқаралық ақпарат құралдары жарияланымдарын, Қазақстан КП ОК, Қазақ

КСР ЖК мен МК аттарынан республика тұрғандарына бағышталған үндеулерді, лауазым иелерінің сөздерін – осының бәрін Конституцияға қарсы, заңсыз және қылмысты әрекеттер деп мойындауды.

5. Қазақстан Республикасының Бас прокурорын:

– Қазақстан Республикасы қылмыстық Кодексінің тиісті баптары негізінде бүкіл аталған фактілер бойынша және нақты тұлғаларға қатысты қылмыстық істер қозғауға;

– Қайрат Рысқұлбековке қатысты қылмыстық істі қайта қарауға міндеттеуді.

6. Президентті, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетін және жергілікті әкімдіктер басшыларын 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты жұмыстан, оқудан шығарылғандардың, Алматыдан, облыс орталықтарынан, басқа да қалалар мен поселкелерден қуылғандардың, №1 СИЗО, КПЗ мен қабылдағыш-реттеуіштерде және т.б. қамалғандардың, түрлі дене зақымдарын алғандардың, жарымжан, мүгедек болып қалғандардың баршасының саяси һәм әлеуметтік құқықтарын қалпына келтіруге міндеттеуді.

7. Барлық қаза болғандарды, ұрып-соғылғандарды, тұтқындалғандарды, жұмыстан, оқудан шығарылғандарды, елді мекендер мен пәтерлерден қуылғандарды, жарымжан болғандарды және де басқа жазалар мен қудалауға ұшырағандарды 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты зардап шегушілер ретінде мойындап, олар шеккен материалдық және аһлақтық зардаптардың орнын толтыруды.

«Азат» қозғалысы өкілдерінің қажетті мәліметтер беру жөнінде ресми орындарға жасаған сұраныстары ойлағандай нәтиже бермегендіктен, хабарлаймыз:

– 4 және 5 пункттер бойынша қажетті тізімдер, цифрлар мен фактілер ПМ-де, МҚК-де, прокуратурада, соттарда, Қазақстан Компартиясы ОК мұрағатында және басқа мәлімет көздерінде, сондай-ақ, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының себептері мен салдарын зерттеу жөніндегі Парламенттік комиссия материалдарында бар.

8. Қазақстан Республикасының қазіргі Жоғарғы Кеңесін, Президентін және Министрлер Кабинетін, олардың ең жоғарғы өкімет органдары бола тұра, 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары кезінде және одан соң жаппай заңсыздықтар мен

сол үшін кінәлілер болмағандай түр көрсеткендері, сөйтіп, нақты жоғары лауазымды қылмыскерлерді бүркемелеп, жауапкершіліктен алып кеткендері үшін сотқа жауапкерлер ретінде тартуды.

Басқарма Ж.М.Қуанышәлинді Конституциялық Сотқа қосымша уәж, дәлел, түсініктемелер беру үшін сот отырыстарында «Азат» қозғалысының өкілетті өкілдері тобының жетекшісі болуға өкілеттейді.

**Қазақстанның азаматтық «Азат»
қозғалысының Басқармасы.**

1992 жылдың 5-қазаны

ҚАҚ «Азат» төрағасының бірінші орынбасары

Ж.М.Қуанышәлин

ҚАҚ «Азат»-тың штаб-пәтері:

480012, Алматы қ.,

Виноградов к-сі, 85, 109-бөлме,

тел. 62-79-40

(ҚР КС ісінің 1-томы, істің 4-7 беттері)

Тап осындай мазмұндағы **ҰСЫНЫМ ҚАҚ «Азат», ҚРП және ҚХДП «Желтоқсан»-ның 1992 жылғы 11 қазан күнгі бірігу съезінде де қабылданып, Конституциялық Сотқа тапсырылды (ҚР КС ісінің 1-томы, істің 8-11 беттері)**

Парламентке аманат

ӘДІЛ СОТ ПЕН АҚИҚАТТАН КІМДЕР ЖӘНЕ НЕГЕ ҚОРҚАДЫ?

Базбіреулер 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларын тезірек ұмыттыру үшін қаншалықты тырысса да, ол жұртшылық есінен кетер емес. Бұл түсінікті де: осынау бүкілхалықтық қасірет төңірегіндегі көптеген жағдайлар күні бүгінге дейін белгісіздік бүркеніші астында жатыр.

Мен, сондықтан да, мұндай қанды сойқан туған жерімізде енді қайтып қайталанбауы үшін өз алдарына оның себептері мен салдарын тұмшалап жатқан сол түнекті сейілтп, ақиқатын айқындау мақсатын қойған Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы, қуғын-сүргін көргендер: композитор Х.Қожа-Ахмет, халық әртісі Ә.Мәмбетов, бұрын-

ғы милиция қызметкері А. Нәлібаев, мұғалима Ж. Сәбитова, бұрынғы ҚҚП ОК-інің іс басқарушысы А. Статенин, жазушы А. Сейдімбеков, жұмысшы В. Чистяков, республикалық ұйғыр газетінің бұрынғы бас редакторы Т. Назаров, бір кездегі студент Б. Ни және басқа іс қозғаушылар (ішінде ақын М. Шаханов та бар) Конституциялық Сотта қазір көпшілікке мәлім сот процесін бастаған болатын.

Бұл процесті тарихи құбылыс десек, еш артық айтқандық болмайды. Осы істі қарауға кірісу арқылы Конституциялық Сот өзін тек азаматтардың құқықтарын, жалпы алғанда демократия мен құқық принциптерін қорғау кепілі ретінде мәлімдеп қана қойған жоқ, алдағы уақытта үнемі солай болады деген үмітті де оятты.

Өзінің рухы мен мазмұны жағынан бұрын-соңды болып көрмеген осы сот процесінде бір кезде қаһары бет қаратпаған Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Прокуратура, тіпті, Жоғарғы сот, 70 жыл бойы елімізді жеке дара заңсыз билеп, небір қылмыстар жасаған Коммунистік партия, сау адамдарды «жындыларға» айналдырып, жараланғандар мен майып болғандарға жәрдем көрсетуден бас тартқан Денсаулық сақтау министрлігі тұңғыш рет заң алдында ашық жауапкершілікке тартылып отыр...

Сот процесі басталғалы бері сот мүшелері мен сарапшылардың үлкен тобы біздердің талаптарымызға сәйкес қыруар жұмыс тындырған бір жылдан астам үзілістен соң, 1994 жылдың 18 қаңтарында, ол қайтадан жалғасты. Алайда, Министрлер Кабинеті және басқа жауапқа тартылушы мекемелердің ойдан шығарған талаптарына бола үш күн мәжілістен кейін оны тағы да үзуге тура келді. Ол талаптардың ар жағында олардың авторлары үшін «қолайсыз» бұл процесті тежеу, немесе, қолдан келсе, мүлде тоқтатып тастау ниеті мен мұндалап тұрған болатын. Сондықтан біз іске қосылған осы «тежеу механизмінің» жұмысы мұнымен шектелмесе керек деп топшылаған едік.

Айтқандай-ақ, ол Тамара Калееваның «Казахстанская правда» газетінде (19.03.94) «Желтоқсан-86»: тарихты қандай сотпен соттаймыз?» деген айқай тақырыппен жарияланған салақұлаш мақаласы түрінде алдымыздан шыға келді. Бұл мақаласын «денсаулық үшін» бастап, «жа-наза» айтумен аяқтаған автордың «шеберлігіне» таң-тамаша

қалғаннан басқа лаж жоқ! Алғашында: «Ақиқат ауадай қажет», – деп сендірген журналист одан әрі бүкіл ой желісін желтоқсан оқиғалары туралы ақиқат... қажет емес, тіпті зиянды һәм қауіпті екендігін дәлелдеуге арнапты!

Мақаланы өзге іс қозғаушылармен бірге талқылап, пікір алысқан соң мен көкейімде бұрыннан-ақ ұялаған мынадай пікірдің дұрыстығына әбден көзім жетті: «желтоқсандықтарға» қатысты зорлық-зомбылық, заңсыз әрекеттер үшін кінәлі өкімет орындарының өкілдері, әсіресе, лауазымды адамдар, бұл істің ашық тексерілуі барысында осы уақытқа дейін жұртшылықтан мұқият жасырылып келген өздерінің барлық қылмыстары, осы қасіреттің жан түршіктірер ақиқаттары толық жария бола ма деп өлердей қорқады!

Біздер, іс қозғаушылар, соңғы бір жыл ішінде осынау алапат істі дайындауға тікелей қатысып отырғандықтан, оның төңірегінде болып жатқан көп жағдайдан хабардармыз. Істі басқа жаққа бұрып жіберу немесе тоқтатып тастау мақсатында қандай күштер және нақты кімдер бас біріктіргенін де білеміз. Сол үшін олар қандай тәсілдерге бармады дейсіз!

Конституциялық Сот пен оның мүшелеріне қысым да көрсетілді. Бұған шыдамағандар да бар. Бірақ, оның есесіне, қысымға төтеп бергендері өздерінің судьялық атын, азаматтық парызын, арлары мен ұяттары алдындағы борышын абыроймен орындап, бұған дейін тас құпия болып келген архивтер мен мекемелерден баға жетпес материалдар жинады.

Тіпті, Конституциялық Соттың өзін басқа соттарға қосып жіберу арқылы «жұтып қоюға» да тырысты. Одан ештеңе шықпаған соң, Конституцияның тиісті бабын өзгертіп, Конституциялық Сот туралы заңдарды «желтоқсан ісіне» қарсы «түзетіп» тынды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер Министрлігіне, Прокуратураға ілгеріде қабылданған өз шешімдерінің күшін жоюға нұсқау берілді. Президентті істің қаралуына қарсы итермеледі, жекелеген судьяларды азғырды...

Мақсатқа жету үшін қандай сылтаулар келтірілмеді дейсіз: желтоқсан оқиғаларына саяси бағаны Жоғарғы Кеңес Президиумының комиссиясы берді ғой (ал, шындығында бұл тек Жоғарғы Кеңестің өз міндеті), демек, оған құқықтық баға

берудің қажеті қанша-мыс, бұл қоғамның тұрақсыздануын, тіпті... «ұлттаралық араздық пен қақтығыстарды» туғызады-мыс, «сессияны, сайлауды бұзады», «Президент пен оның айналасындағыларды күйелейді»-міс, мұны «орыс тілді» тұрғындар түсінбейді-міс, т.б.

Реті келгенде, осы соңғы уәжге байланысты бұрын да айтқанымды қайталай кетейін: Құдайға шүкір, республика тұрғындары, соның ішінде «орыс тілділер» де, бірімен бірін «сүзістіре» салатын милау «тобыр» емес. Оның үстіне, тоталитарлық жүйе мен оның ресми құрылымдары, нақты лауазым иелері жасаған қылмыстарды жария ету жұртты «сүзістіреді» дегенге кім сенеді? Халқымыз осындай «үрейлерді» қоздыру арқылы жауапкершіліктен құтылуды көздеп отырғандардан ақымақ емес.

Президенттің кеңесшісі Қ.Сүлейменовке сілтеме жасап, «іс қаралмайды, бұл жөнінде сотқа нұсқау берілген» деген сесті лақап та таратылды. Сонымен қатар, істің ашық қаралуына қарсы бір топ судья процесті іштей ірітудің амал-тәсілдерін іздей бастады. Кейін олардың жазғандары да қолымызға тиді. Бұлар өздерін процесс үстінде де көрсетіп, түкке тұрмайтын, көбісі мәжіліске шығарылмай-ақ, судьялардың өз арасында оп-оңай шешілетін формальды мәселелерді қасақана сағыздай созып отырып алды.

Ақыр аяғы, Министрлер Кабинетінің ыңғайымен судья А.Нұрмағамбетовті (істі қарауға қарсылардың бірі) дәл процесс басталар алдында Германияға баратын топқа енгізіп жіберді. Мұндай «шұғыл аттаныстың» мәнісін білмегендіктен біз бастапқыда оған онша көңіл аудармаған болатынбыз, кейін ғана түсіндік: соттың хатшысын тікелей міндетінен жұлып алып, оған еш қажеті жоқ «Еуропа саяхатына» аттандыру, біз сенімсіздік білдірген Л.Башаримова, С.Ударцев және В.Малиновский сияқты сот мүшелері процестен шеттеген жағдайда іс қарауға керекті судьялар саны (кворумы) жетпей қалу үшін әдейі жөнелткен екен! Осы жерде өзінен-өзі сұранатын сұрақтар туындайды: «қажет» болғанда соттың өзінің рұқсатынсыз-ақ (ал бұл заңды өрескел бұзушылық!) «чемоданға салғандай» етіп, шетелге жөнелте салуға көнетін (тіпті, қысым көрсетілген күнде де), өзінің тікелей міндетінен қашқақтайын, қасиетті судьялық

антын бұза салатын бұл не қылған судья? Саяси қуғын-сүргін құрбандарының құқықтарын қалпына келтіруден тайсақтайтын мұндай адамдарға мемлекет тағдырын, Конституцияның, азаматтар құқықтарының сақталу кепілдігін қалайша сеніп тапсыруға болады?!

Міне, Тамара Калееваның мақаласы да «желтоқсан ісіне» қарсылардың осындай тыйым салынған тәсілдері қатарына жатады. Бір ғана айырмашылығы – бұрын тосқауылды шымылдық сыртынан, аппараттық әдістермен (соның ішінде «қамшы мен қалаш» әдісі де бар), сот мүшелері арасына жасанды іріткі салу арқылы қоюға тырысса, енді ештеңеден қымсынбай, қажетті қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоймақ. Шамасы, кейбіреулердің «қысылғаны» соншама, осының бәрін бүркеніш астына жасырғаннан басқа еш амалдары қалмаса керек!

Мақала баршамызға өте таныс «әрине, солайы солай ғой, бірақ...» схемасы бойынша бәрін үзілді-кесілді жаппай теріске шығару ниетіне құрылған. Аталмыш сот процесінің «қажетсіздігін, зияндылығын һәм қауіптілігін» дәлелдеу үшін автор ақты қараға, қараны аққа айналдырудың бүкіл амал-тәсілдерін қолданған. Мұнда қисынсыздық та, біржақтылық та, ұғым-түсінік алмастыру да, фактілерді бұрмалау да, жалған мағлұмат беру де, қарапайым журналистік этиканы бұзу да, бәрі, бәрі бар...

Бұл жерде мен Т.Калееваның осы жолдар авторының арнамысына тиетін оспадарлықтарын айтып отырған жоқпын. Оны журналистік ар-ұятына (егер, әрине, онда ар-ұят болса) қалдырдым. Менің айтпағым – мақаладағы желтоқсан оқиғалары, сот процесі, судьялар мен іс қозғаушылар туралы «пайымдаулар». Сөзім дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейін.

Мақаланың басында «өз» желтоқсанын еске түсіре отырып, «ақиқат үшін күрескер» жол-жөнекей мынаны хабарлайды: «Бұл күні автобустар өртеніп, әйнектер шағылып жатты және біздің терезенің алдында өршеленген тобыр кездейсоқ (астын сызған мен. – Ж.Қ) тап болған инженер А.Савицкийді өлтірді».

Біріншіден, «өршеленген тобырдың» (басқаша айтқанда – ереуілшілердің) үрейлі іс-әрекеттерін айтады екен, со-

нымен қатар ол неге мынадай заңды сұрақ қоймайды: автобустарды кім өртеді және сол тобырдың ішінде жүздеп, мыңдап жүрген Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері машина өртеушінің тым құрығанда біреуін сол жерде неге ұстамаған?

Ал, мұндай сұрақты оқиғалар кезінде Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы және көп нәрсеге куә болған С.Әбдірахманов Конституциялық Сот алдында қойған болатын: «17 желтоқсанда машиналарды кім өртеді? Ереуілшілерді қатыгездікпен ұрып-соғуға кім бұйрық берді? Халықтарды біріне-бірін қарсы айдап салуды әдейілеп ұйымдастырған кімдер? Мен арандатушы бұзақылардың ұйымдасқан топтарын көрдім. Оларды ұстауға ешкім тіпті әрекеттенген де жоқ. Бүкіл алаң бейнетаспаға түсіріліп жатты. Олар кімдер? Егер Конституциялық Сот тым болмағанда осы сұрақтарға жауап берсе, ол, меніңше, тарихи міндет биігінен көрінер еді». Оқиғалар кезінде осындай бұзақылықтар жасаған арнайы топтар туралы юрист С.Ивастов, басқа куәлер де айтқан еді.

Екіншіден, марқұм С.Савицкийге қанша жаны ашыса да, оның «кездейсоқта тап болған» бейсауат қала тұрғыны емес, түнгі қырғын ішінде солдаттар мен курсанттардың және милицияның тұзағынан аман кеткен ереуілшілердің «түбіне жету» міндетін атқарған, өкімет тілімен айтқанда, «халық жасақшыларының» ішіндегі ең белсенділерінің бірі болғанын журналистің қалайша білмеуі мүмкін?

Біздер, іс қозғаушылар, тергеу орындарынан С.Савицкийдің шын өлтірушілерін табуды талап етеміз. Өйткені, мұны да автобус өртеушілер сияқты «ұсталмайтындар» жасамады деуге еш кепілдігіміз жоқ. Ал инженерді көшеге заңсыз шығарып, ереуілшілерге қарсы жұмсаған күнәһарлар қазір белгілі: Колбин, Бабков, Меңдібаев, Шулико...

Бірқазатуралы айтатұрып, сонымен қатар Е.Сыпатаевтың, Қ.Рысқұлбековтің қандай жағдайда өлтірілгендіктері туралы, қаза болған Л.Асанова, С.Мұхаметжанова, Р.Қожаназарова хақында, әбден қорқытып тасталған ата-аналары күні бүгінге дейін есімдерін айтып, ашық жоқтауға батылдары бармай отырған, әзірге іздері мұқият жасырулы басқа да құрбандар жөнінде, өмір бойы мүгедек, жарым-жан болып қалған ондаған адамдар хақында «әділетсүйгіш»

Т.Калеева неге үндемейді? Әлде ол үшін бір адамның ғана өмірі өзге көптеген қыршын кеткен өмірлерден қымбат та артық болғаны ма?

Ұсталып, соққы жеген 8,5 мың, түрлі қамауларға алынған 2,4 мың, Алматыдан, басқа да қалалардан қуылған, комсомолдан, оқудан, жұмыстан шығарылған, күнәсіз сотталған, жәбірленген мыңдаған адамдар туралы журналист неге ештеңе айтпайды? Әрқайсысы үш жүз беттен он томда жинақтаулы зорлық-зомбылық пен әділетсіздіктің, басқа да толып жатқан зұлымдықтың үлгілері туралы неге жұмған аузын ашпайды?..

Өйткені, «желтоқсанның» мыңдаған құрбандарының қайғы-қасіреті үшін Т.Калееваның жан-жүрегі ауырмайды! Оның өзі айтқанындай, «партия жетекшілерінің мінбелерден айтқан дәрменсіз сөздерін тыңдап тұрып, ереуілшілермен бірге қосыла шаттанғаны» да өтірік көлгірсу. Керісінше, ол бұрын да, қазір де «желтоқсандықтарға» колбин-камалиденов мінберінен шүйліге қарап, оларды аяққа тапталған құқықтарын қалпына келтіруге тұрарлық адамдар санатына да қосқысы келмейді. Өйткені олай жазу өзінің «әділетті» қаламына лайық емес деп есептесе керек. Басқасы басқа-ау, оның, әсіресе, басып-жаншу жағынан тәжірибелері ұшан-теңіз, тіпті, жастарға, өз халқына қарсы жасаған қылмыстарының ізін жасыру стратегиясын да алдын-ала есептеп қоюды ұмытпаған мемлекеттік лауазым иелерін «саяси күрес тәжірибесі, тактикасы мен стратегиясы жоқ» адамдар ретінде көрсету арқылы оларды ақтап алуға тырысуы – барып тұрған имансыздық!

Жоқ, желтоқсан ақиқатын анықтауға қарсы күштердің саяси тапсырысын орындаған Т.Калееваның ақиқатқа қызмет ету ойы да болған емес. Әйтпесе, ол «желтоқсандықтардың» ғана емес, жалпы қазақ атаулының соңына қолына шам алып түскендігі айдан анық ҚазМУ заңфагының бұрынғы деканы С.Ударцев пен оның «сенімді» орынбасары В.Малиновскийлерді «періште» етіп көрсету мақсатымен, желтоқсандағы олардың құрбандары туралы желтоқсан оқиғаларынан кейін іле-шала 30-шы қанды жылдар үлгісінде жазылған «формулировкаларды» архивтен қазып алып, беті бүлк етпей көлденең тартпас еді. Соған шыдамай өліп кеткен профессор С.Досымбековтің аруағына тиіспес еді. ҚазМУ-

дың бұрынғы ректоры, қазіргі Жоғарғы Кеңес депутаты Ө.Жолдасбековтің сол кезде қызметтен тап сондай «формулировкамен» қуылып, кейін оған тағылған айыптардың жалған болып шыққанын естен шығармас еді.

Жұрт назарын өзінің «камқорлығындағы» судьялардан, жалпы сот ісінен мүлде басқа жаққа аударып жіберу үшін іс қозғаушылардың бірі, «ударцевтердің» кесірінен бірнеше жыл туған елінен безіп кетуге мәжбүр болған Ж.Әлжановтың үстінен де тура сол үлгідегі «компроматтар» жинамас еді, сол үшін Жоғарғы Кеңес Президимы комиссиясындағы «негізгі міндеті» Т.Айтмұхамбетов, Ғ.Елемесов сияқты лауазымды заң бұзушыларды қызғыштай қору болған және кезінде Х.Әлжановты «малиновскийлермен» бірге қудалаушылардың алдыңғы сапында жүрген Жақсымбетовті «куэгерлікке» тартпас еді.

Арты лас үш судьяны «арашалап» алу үшін Конституциялық Соттың өзге мүшелерінің бәріне бірдей ешқандай ақылға сыймайтын «дәлелдер» көмегімен күдік көлеңкесін төндірмес еді.

Оның орнына ол марқұм С.Досымбековтың жесірі Роза апайдың әр жолынан көз жасы төгіліп тұрған шерлі хатын оқып, ондағы С.Ударцев пен В.Малиновский туралы мына сөздерге міндетті түрде назар аударар еді: «Ең адал, ең арлы азаматтар отыруға тиісті Конституциялық Сот мүшелігіне мұндайлардың өрмелеп шығуы ақылға сыймайтын нәрсе!».

Конституциялық Сот төрағасының орынбасары И.Роговтың, кезінде «желтоқсан ісін» өзі қозғап, сол кездегі республика басшылары Г.Колбин, Н.Назарбаев, С.Мұқашев және басқаларды орын алған заңсыздықтар үшін жауапқа тарту қажеттігі жөнінде баспасөзде пікір айтқаны үшін демократтарға ұнап қалған Роговтың бұл, кейін анықталғандай, «желтоқсандықтардың» құқықтарын қалпына келтіру немесе ақиқатты ашу үшін емес, Конституциялық Сотты басқа соттарға қостырмау үшін ғана жасаған әрекеті екенін, ал қазір бұл судьяның мүлде басқа жаққа жалтарып, сот процесіне қарсылардың сойылын соғып жүргені жөнінде ащы шындықты жұртшылыққа жеткізуге тырысар еді.

Әділет пен ақиқатты айқындаудан басқа еш бөгде мақсаты жоқ екені көзге ұрып тұрған Г.Ким мен С.Қасымовқа

сенімсіздік білдірудің орнына, оларға қол ұшын беруді өзінің азаматтық парызы санар еді.

Іс қозғаушылардың Г.Ударцев пен В.Малиновскийге тіпті де олардың бірі – декан, екіншісі – орынбасар, әйтпесе ұлттары «басқа» болғандықтан емес, қазақ студенттері мен оқытушыларына бүйідей тиіп, заңды аяққа таптағандары үшін сенімсіздік білдіргенін өте жақсы түсінсе де түсінбегендей түр көрсетіп, оқырмандарды әдейі адастырып-шатастыратын аярлыққа бармас еді.

Сот процесін «саяси ойын», ал іс қозғаушыларды «жылтырақ патриоттық сөз сөйлеу» арқылы арзан ұпай жинаушылар етіп көрсетуге ұмтылмас еді.

Қанды қырғынға кінәлі «ең жоғары лауазымды» бас жендеттер Колбин, Князев, Мирошник, Мирошхиндерді «басқа мемлекет азаматтары» болғандықтан мүлде «қозғамау» қажеттігін (сөз реті келгенде Т.Калееваның назарына сала кетейін: сізге ұнамаса да, біз қылмыскерлерді жауапқа **Халықаралық сот арқылы тартпақпыз**), жалпы алғанда, тіпті желтоқсан оқиғасын «басқа мемлекетте (Қазақ КСР) », «басқа Конституция тұсында» орын алғандықтан... тіпті тексеруге болмайтынын, ал Конституциялық соттың әлденеше бабы заңсыз (әрине, журналистің емес, біздің пікірімізше) өзгертілгендіктен, оның бұл істі «қозғау хұқығы жоқтығын», және де басқа толып жатқан сорақылықтарды жанын сала дәлелдеуге тырыспас еді.

«Халыққа әлдеқашан сөз емес, іс керек», – дейді, өзінің көлгір сөзден басқа шаруасы жоқ, сот процесінде іс күрекпен емес, сөзбен атқарылатынына да ақылы жетпейтін «күрескер» журналист.

Міне, қадірлі оқырман, желтоқсан оқиғалары туралы ақиқаттың ашылуына жаны қас күштердің Т.Калеева сияқты арзан «автордың» аузымен шындықты бұра тартуға дағдыланған ескі әдетімен» «Казправда» газеті арқылы көпшілікке таратып отырған насихатының сиқы. Бұл туралы үндемей қалу мүмкін болмағанын енді өздеріңіз де түсінген боларсыздар.

Сөз соңында енді Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде өз әріптестерімнің назарын **бұрынғы парламенттің желтоқсан құрбандары алдында қарыздар болып қалғанына аударғым келеді**. Өкінішке қарай, Заң бойынша сол парламент осы істі егжей-тегжей қарап, аяқтап

шығуы тиіс еді, бірақ оны істемеді, тіпті, бұл мәселенің Конституциялық сотта объективті қаралауына кедергі келтірді және желтоқсандықтарды «қуғын-сүргін көрушілер туралы Заңнан» тысқары қалдырды.

Осыған орай жаңа парламент сол қарызды өтеп, сессияның күн тәртібіне мына мәселелерді енгізуге тиіс деп есептеймін:

1. «Қазақстандағы желтоқсан оқиғаларына (1986 ж.) байланысты қуғын-сүргін туралы».

2. «Қуғын-сүргін көргендер туралы Заңды» қайта қарап, оған желтоқсандықтардың да кіргізілуі жөнінде.

3. Конституциялық сот төрағасы М.Баймахановтың «Конституциялық сотта желтоқсан оқиғалары (1986ж.) туралы істің қаралуының кідіру себептері жөнінде» баяндамасын тыңдау туралы.

4. Депутат В.Чернышевтың ескі парламент таратылуына байланысты Конституциялық Сотқа берген талабын судья В.Малиновскийдің (тағы да Малиновский!) еш негізсіз қабылдамай тастағаны кезінде тек заңгерлер ғана емес, жалпы жұртшылықтың да наразылығын тудырғаны белгілі. Сондықтан, меніңше, парламенттің «өзін-өзі таратуына» да айқын баға берілуі қажет.

5. Осы мақаладан Конституциялық Соттың тек В.Малиновский ғана емес, басқа да мүшелерінің (екі-үшеуінен өзге) өз дәрежелеріне сай емес екендігіне сіздердің көздеріңіз жетсе керек. Олай болса, жаңа парламентте Конституциялық соттың жаңа құрамын сайлау мәселесін де неге қарамасқа?

Мен заң шығарушылық ынта құқығы бар депутат ретінде аталған құжаттардың жобаларын ұсынуға дайынмын.

Осы жерде мен өзімнің жасы үлкен әріптесім, қазіргі парламент депутаты генерал М.Қалматаевтың Конституциялық Сотқа берген түсініктемесінен алынған мына сөздерді келтіре кеткенді мақұл көрдім: «Егер заңдылықтың бұзылуы туралы сөз етсек, онда ол жиналғандарды қуып таратудан басталды. Одан арғы жердегі армияның, милицияның (барлығы емес), МҚК-ның, прокурорлардың, судьялардың өрескел әрекеттерін айтып жатудың өзі артық. Жаппай заңсыздық орын алды. Мен мұны – фашизм дер едім!».

Меніңше, осы сөздердің ар жағында желтоқсан оқиғалары туралы ащы және әділ шындық жатқан сияқты. Ендеше

біздердің, халық қалаулыларының, ар-ождан парызымыз – сол ақиқатты ең жоғары мемлекеттік деңгейде аяғына дейін ашу. Және мұны біз кезінде халық депутаты А.Княгинин талап еткендей дәрежеде қолға алуымыз қажет. Қазір ресми түрде ол депутат болмаса да, Александр Александрович мен үшін әрқашан сол мәртебесінде қала береді. Және жаңа парламентте де ешкімді ұлттық, немесе, басқа белгілеріне қарай бөлмей, қуғын-сүргін, әділетсіздік көрушілердің бәрі үшін жан-жүрегі ауырып, оларды әрқашан қорғауға дайын тұратын өз княгининдеріміз табылады деп сенемін.

Біздің жас мемлекетіміз шын мәніндегі демократиялық және құқықтық мемлекет болуы үшін ол тоталитарлық жүйенің ласынан тазарып, оның қылмыстарын әшкере ету және оларды ашық айыптау арқылы сыннан өтуге тиіс. Әйтпесе, біз тағы да тоталитаризм жолына түсіп кетуіміз әбден ықтимал.

Жасарал ҚУАНЫШӘЛІ,
сот процесіндегі «Азат» қозғалысының
өкілетті өкілдер тобының жетекшісі,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

*«Халық конгресі»,
19 сәуір 1994 жыл.*

«МАҚСАТ – ОҚИҒАҒА ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ БАҒА БЕРУ»

Қысқаша анықтама: Қуанышәлин Жасарал 1949 жылы туған. ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. 1991 жылдан республикалық «Азат» азаматтық қозғалысы төрағасының бірінші орынбасары. 1994 жылдан республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Жоғарғы Кеңестің конституциялық заң шығару және адам құқығы жөніндегі комитетінің мүшесі.

– Жәке, сіз аштық жариялап жатқан желтоқсандықтардың талап-тілегін Жоғарғы Кеңеске жеткізуде шешуші рөл атқарып, ақыр соңында, тынбай еңбек-

тенудің нәтижесінде «Аштық жариялағандардың талабы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысының қабылдануына, сонымен бірге, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына парламенттік тексеру жүргізетін Жоғарғы Кеңес комиссиясының құрылуына қол жеткіздіңіз. Алдымен қояр сұрағым – комиссияның құрамына кімдердің енгенін қалар едіңіз және комиссия қандай бағытта жұмыс істейді?

– Комиссияның құрамына кімдер енетінін әзірге айта алмаймын. Ол жөнінде ақылдасамыз. Ал, енді, комиссияның қандай бағытта жұмыс істейтініне келсек, ол, әлдекімдер ойлағандай, желтоқсан оқиғасы үшін кінәлі болып қалғандарды тауып, қаралау және жазалау үшін құрылып отырған жоқ. Желтоқсан оқиғасын тексеру жөнінде бұрынғы Жоғарғы Кеңестің Президиумы 1990 жылы құрған комиссия кезінде жұмыс істеп, қазір бұл іс Конституциялық Сотта қаралып жатқанымен, заңдылық тұрғыдан оған әлі толық баға берілген жоқ. Комиссияның негізгі мақсаты да – оқиғаға заңдылық және саяси тұрғыдан баға беріп, халыққа ненің не екенін түсіндіру. Және де бұл жерде орыс немесе қазақ деп бөлудің қажеті жоқ. Желтоқсан оқиғасы кезінде зардап шеккен жастармен бірге өзгелер де, мәселен, зардап шеккен милиция қызметкерлері де адам, азамат ретінде жеңілдік алуға құқықты болу керек. Өйткені, бұйрыққа бағынып шыққан қарапайым милиционер де тек сол кездегі жүйенің құрбаны болып отыр.

– Өздеріңіз айтқандай, осыдан бұрын да бұл оқиға бойынша парламенттік комиссия құрылған болатын. Бірақ өкінішке орай, комиссия бұл істі аяғына дейін жеткізе алмады. Сіз жаңадан құрылмақ болып отырған комиссияның аталған істі соңына дейін жеткізе алатынына сенімдісіз бе?

– Әрине, бұрынғы комиссия құрылған кез – 1990 жылдар – Қазақстанда толыққанды тексеру жүргізуге мүмкіндік бермеді. Оның бір себебі – билік басында желтоқсан оқиғасына қатысы бар біраз лауазымды адамдар отырды. Солардың көпшілігі желтоқсан оқиғасына байланысты шындық халыққа жария етіле қалса, өздерінің де аты аталып қала ма деп қорқады. Сөйтіп, бұл мәселені айналып өтуге

барынша тырысты. Ал, енді, комиссия бұл істі соңына дейін жеткізе ме, жеткізбей ме деген сауалға келсек, шындықтың түбіне жеткен ешкім жоқ. Бірақ, қал-қадерімізше шындыққа мейлінше жақындауға тырысамыз.

– Жалпы мәжілісте конституциялық заң шығару және адам құқығы жөніндегі комитеттің төрағасы, қадірлі ақсақалымыз Салық Зимановтың аталған мәселе бойынша комиссия құруға жан-тәнімен қарсы болғанын аңғардық. Бірақ соның себебін түсіне алмадық.

– Шынымды айтсам, мен де Сәкеннің ұстанған бұл позициясын түсіне алмадым. Егер желтоқсан оқиғасы кезінде өзгеше бір қырымен көрініп қалса бір сәрі. Бірақ ондайы жоқ сияқты. Ақсақалымыздың бұл мінезі маған да жұмбақ болып отыр.

– Қазір мемлекеттік тілге қатысты Жоғарғы Кеңесте екіұдай пікір қалыптасып отыр. Әсіресе, «Евразия», «Прогресс» депутаттық топтарындағы бірқатар депутаттардың қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе беру туралы жасап жатқан іс-әрекеттері баспасөз бетінен көрініп жүр. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жоғарғы Кеңесте сөйлеген сөзіндегі тілге, қос азаматтыққа қатысты пікірлерінен кейін орыс тілінің туын көтерушілердің «құдайы» беріп, еркінсі түскендей. Яғни, тіл туралы мәселенің жақын уақытта парламентте қайта қаралатыны даусыз болып отыр. Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі парламенттің қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін сақтап қалуға мүмкіндігі жете ме?

– Мен айтар едім, жетеді деп. Өйткені, бұл өте күрделі мәселе. Яғни, Конституцияға өзгеріс енгізу керек. Конституцияға өзгеріс енгізу үшін парламентке ұсынылған мәселені депутаттардың ең кем дегенде үштен екісі жақтап дауыс беруі тиіс. Ал, қазіргі парламенттің жартысынан көбі өзіміздің қандастарымыз екені ақиқат. Әрине, олардың барлығы бірдей ұлт тілі үшін бел шешіп күресетіндер деп айта алмаймын. Сол үшін де парламент мүшелері арасында жүйелі жұмыс жүргізуіміз керек. Бұл мәселеге қатысты өз көзқарасым – Қазақ мемлекетінде мемлекеттік тіл тек қазақ тілі болу керек. Мұны мен бұрын да айтқанмын, қазір де айтамын, айта беремін де.

– Сіз, қатардағы институт мұғалімі белсенді оппозиционер болып кеттіңіз, «Азат» қозғалысы төрағасының бірінші орынбасарысыз. Сізді саясатпен айналысуға не мәжбүр етті? Саясатқа келу жолыңыз қандай?

– Мен, шынымды айтсам, саясатқа өте жас араластым. 1963 жылы қолыма 1959 жылы жүргізілген Бүкілодақтық халық санағының қорытындылары туралы кітап түсті. Сол кітапты қарап отырсам, Қазақстанда қазақтан орыс көп екен. Сол кездегі есеп бойынша қазақтар шамамен 2,7 миллиондай, ал, орыстар 3,9 миллиондай. Осыдан кейін барып демография мәселесімен айналыса бастадым. Республикалық газеттерге хат жазып, осының себептерін анықтауға тырыстым. Мектеп бітіргеннен кейін бұның барлығы сол кездегі коммунистік басшылық жүргізіп отырған отаршылдық саясаттың зардабы екенін түсіндім. Одан кейін де талай-талай жұмыстар істелді. Оның бәрін, әрине, айтып тауысу мүмкін емес. 1988 жылы қарашада сол кездегі ҚазПИ-де мұғалім болып жұмыс істеп жүрген Дос Көшімов екеуіміз институтта алғаш рет «Ана тілі» қоғамын құрып, ұлттық мәдениетті дамыту бағытында жұмыс істей бастадық. Ең бірінші қолға алғанымыз – қаладағы түрлі жарнама, мекеме мандайшалары, тағы басқа жазбалардың тек орысша ғана емес, қазақша да безендірілуіне, ал қазақшаларының дұрыс жазылуына мұрындық болу еді. Кейінірек «Ана тілі» қоғамын құру жөніндегі біздің бастамамызды Қыздар педагогтік институты, ҚазМУ студенттері қолдады. Содан кейін осы қоғам республикалық деңгейдегі «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына себепкер болды. Тағы бір айта кетерім, біз ҚазПИ-де осы жұмысты қолға алып жүрген кезде МҚК «ұлтшылдар» ретінде біздің соңымызға түсті. Тек қалалық партия комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Шәріп Омаровтың және қалалық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі Ақжібек Буриеваның көмегімен ғана қуғыннан құтылдық. Ал, 1991 жылдан бері қозғалыс төрағасының бірінші орынбасары болып келе жатырмын.

– «Азат» демекші, алғашында халық алдында үлкен беделге ие болып, үлкен қолдау тапқан бұл қозғалыс бертін келе өз ішіндегі ырың-жырыңның нәтижесінде беделін түсіріп алған сияқты. Қалай ойлайсыз, «Азат»

өзінің халық алдындағы беделін қайтарып алуға мүмкіндігі бар ма?

– Әрине, беделді жинаудан түсіріп алу оңай. Осыдан төрт жыл бұрын құрылған «Азат» қозғалысы республикадағы біраз нақтылы қимылдың нәтижесінде халық алдында беделге ие болғаны да рас, кейінірек уыстан шығарып алғаны да рас. Менің жеке пікірім – «Азаттың» беделі жай ғана түсе салған жоқ, бұл арнайы ұйымдастырылды. Өйткені, «Азат» көп жағдайда республикадағы болып жатқан оқиғаларды ашық айтуға тайсалған жоқ. Бұл республика басшылығына ұнамады. Және «Азаттан» қауіптенді де. Сондықтан «Азатты» ыдырату үшін ішіне іріткі салып жіберді.

– Сіз өткен жолы республикадағы радиоэкологиялық жағдай туралы айтып, Рысбек Ыбыраевтың атын атаған едіңіз...

– Бұл өз алдына үлкен әңгіме. Қысқаша айтсам, Рысбек Ыбыраев республикадағы радиоэкологиямен 25 жылдан бері айналысып келе жатқан ғалым. Мен Рекең ұйымдастырған экспедициямен бірге Семей полигонында болып қайтқанмын және екі жылдан бері радиоэкологиямен өзім де айналысып келе жатырмын. Бір сөзбен айтсақ, экологиялық апат аймағындағы халықтың генетикалық болашағы өте қиын. Сондықтан **қорымызды сақтап** қалғымыз келсе, Семей полигоны, Арал апат аймағы, т.б. жерлерде тұратын тұрғындарды экологиялық жағынан таза, мысалға айтсақ, солтүстік аудандарға, көшіріп қоныстандыру керек. Өзің білесің, Чернобыль атом электр станциясындағы апат кезінде Ресей, Украина және Беларусь үшеуі бірігіп, апат аймағында қалған тұрғындарды басқа жерлерге көшіріп, жағдай жасады. Ал енді 40 жыл бойы жарияланбаған ядролық соғыстың құрбаны болып отырған біздің тұрғындарымызға мұндай жағдай неге жасалмайды? Бұл тұрғыда жұмыстар жүргізіп жатырмыз, әлі де жүргізе береміз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Рысбек ҰРКІМБАЙ

*«Өркен»,
2 шілде 1994 жыл.*

Жасарал ҚУАНЫШӘЛИН:

**«ШЫНДЫҚТЫҢ БЕТІНЕ ТУРА ҚАРАП
ҮЙРЕНСЕК...»**

**(Материалдың Желтоқсанға тікелей қатысты
бөлігі алынды)**

Желтоқсан оқиғасы, оның болу себептері жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінде Конституциялық заңдар мен адам құқығы бойынша комитет бар екенін білеміз. Желтоқсан оқиғалары бойынша комиссия құрылып, оның іске кіріскенінен де хабардармыз. Міне, жоғарыда айтып отырған комитеттің мүшесі, Жоғарғы Кеңестің депутаты Жасарал Қуанышәлин – осы комиссияның жауапты хатшысы. Біз бүгінгі сұхбатымызда Жасаралмен осы комиссияның қазір не тындырғандығы, халқымыздың қазіргі тағдыры, болашағы туралы ой бөлісеміз.

– Бұл оқиғаның мәні ешуақытта жойылмақ емес. Мәңгілік мызғымастай болып тұрған алып Қызыл империяның құлауына алғышарттар жасаған – Желтоқсан оқиғасы дер едім. Әрине, оның алғашқы жемісін біз емес, алдымен со кездері КСРО-ның басқа халықтары көрді. Мәдениеті, саяси деңейі жоғары Балтық жағалауындағы мемлекеттер тәуелсіздіктің дәмін ерте татты.

Өздеріңіз білесіздер, бұл бақыт біздің халқымызға ең соңынан келді. Кейбіреулер маған мынандай қызық сұрақ қойып: «Кезінде конфедерацияны қолдап едің, енді неге қарсысың?» – дейді. Ау, қазіргі мен ол уақытты салыстыруға бола ма? О кезде тәуелсіздік қол жетпестей арман болып көрінетін, сондықтан алдымен, тым құрығанда, конфедерация дәрежесіне жетіп алсақ, азаттыққа да жақындай түсер едік деген тіршілік болатын, ол. Сөйткенше, Алла тағала бізге тәуелсіздіктің өзін сыйға тартты емес пе? Әрине, шыннайы тәуелсіздігіміз үшін күрес әлі тоқтаған жоқ. Қазіргі тәуелсіздігіміз әлі де тек сөз жүзінде қалып отыр. Алға қойған мақсат айқын – толық тәуелсіздік алу.

– Бұрын да комиссия құрылып, Желтоқсанның құпияларын, себептерін ашуға тырысты. Осы мәселе жөнінде Жоғарғы Кеңесте комиссия құрылғанын естідік...

– Рас айтасың, бұрынғы құрылған комиссия көп жұмыс атқарды. Бір өкініштісі – олардың жұмысы орта жолда тоқтап қалды. «Неге?» деген заңды сұрақ туындайды. Себебі біреу-ақ: Желтоқсан оқиғасына жауапты лауазымды адамдар бұған кедергі жасап отыр. «Азат», «Желтоқсан» қозғалыстарының өкілдері 1992 жылы бұл мәселені аяқсыз қалдырмай, мұны Конституциялық Сотта одан әрі қарауды ұсындық. Бұл ойымыз келер жылдың қаңтар айында ғана жүзеге асты. Міне, жыл өтті – сол іс бір орнында шыркөбелек айналып әлі тұр.

Сәуір айында парламент сессиясында осы мәселені тағы көтердім. Сыртта желтоқсаншылар 45 күнге созылған аштығын жариялап жатты. Мұны депутаттар қолдап, комиссия құрылды. Қарсы шыққан депутаттар да болды. Комиссияның алдына қойған негізгі мақсаты – бұрынғы комиссияның жұмысын аяғына дейін жеткізу. Комиссияның жаңа құрамы мынадай құжаттар әзірлеп жатыр: «Желтоқсан оқиғаларына саяси баға беру туралы» қаулы мен «Желтоқсанда зардап шеккендерді әлеуметтік-саяси ақтау туралы» заң жобалары. Бір айта кететін жәйт – Президенттің осы мәселе жөніндегі жарлығы орындалмай отыр. Премьер-министрдің арнайы шығарған қаулысы да әлі қағаз жүзінде ғана. Біздің алға қойған мақсатымыз – аталған заң мен қаулыны тезірек парламент талқысына ұсынып, қабылдану.

...Мемлекетімізге жаңа саясат ауадай қажет. Сөз ғана емес, іс те болса демін. Халқымызға шынымен жаны ашитын адамдар керек. Шындықтың бетіне тура қарай алатын патриот жандар ғана мемлекетімізді аяғынан тік тұрғыза алады деп есептеймін. Кәні, ағайын, шындықтың бетіне тура қарап үйренсек қайтеді? Бәлкім, халқымыз сонда ғана жоқшылықтан, күйзелістен құтылар ма еді....

Шындық демекші, сөз соңында айта кететін нәрсе – Желтоқсан оқиғасының себептерін әркім әртүрлі айтады. Әрине, оның болуына Қазақ елін басқаруға сырттан адам әкелу зор әсерін тигізгені рас. Алайда, кейінірек ашылған ақиқат та бар. Меніңше, негізгі себеп те – сол. Атап айтқанда, 1986 жылы Ресей отаршылдары тағы бір арамза ойдың ұштығын шығарды. Ол – Батыс Қазақстан облыстарын Ресейге қосу жоспары. Бірақ бұған Димаш ағамыз үзілді-кесілді көнбеді. Сондықтан да Горбачев ол кісіні тақтан тайдырып, оның орнына досы Колбинді қойып, әлгі

жымысқы жоспарын жүзеге асыруға тырысты. Біле білсеңіз, Желтоқсанда қазақ жастары ең алдымен осы қауіптің алдын алып, ата-баба жерін қорғап қалған болатын. Әлбетте, олар мұны біліп істеген жоқ, бірақ шындық – осы.

Енді бір айтатын нәрсе – Демократиялық қайта жаңару күні деп атап жүрген Желтоқсанның 17-сі күнін тойға, мерекеге айналдырмасақ деген ұсынысым, өтінішім бар. Бұл күнді халық қасірет күні деп есептеп, сол күні марқұм болып кеткен Желтоқсан қаһармандарының әруақтарына бас иіп, еске алу керек деп ойлаймын!

Сұхбатты жүргізген Ертай АЙҒАЛИҰЛЫ.

«Ана тілі»,

16 желтоқсан 1994 жыл.

Ж. ҚАЗАҚБАЛАСЫ (Хасен Оралтай)

1986 ЖЫЛҒЫ 17-18 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ОҚИҒАЛАРЫ

«Бүйүк Түрікелі басылымдары», Ыстанбұл, 1988.

Дүрбелеңді желтоқсан оқиғалары сол күндердің өзінде батыс елдерінде кеңінен мәлім болып, ойлы, саналы азаматтар тарапынан өзінің әділ бағасын алған еді. Бұл ретте біздің бауырымыз, Мюнхенде тұратын белгілі қазақ қайраткері, ғалым, жазушы Хасен Өралтайдың еңбегі айрықша. Біз оқырмандарға Хасекеңнің Ж. Қазақбаласы деген псевдониммен 1988 жылы Станбұлда, түрік тілінде басылған кітабын ұсынамыз. Еңбек өз қалпында, толығымен жарияланып отыр.

БІРЕР СӨЗ

1986 ж. 17-18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары туралы бұл еңбекті «Бүйүк (Үлкен) Түрікелі басылымдары» сериясының 10-кітабы ретінде ұсынып отырмыз.

1986 ж. 17-18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары өткен 70 жылдық кезеңде Кеңестік Ресейдің қанауындағы түркі мұсылмандар елінде орыс коммунистерінің шовинистік сая-

сатына қарсы болған ең маңызды және ең саналы қарсыласу. Өйткені 1986 ж. 17-18 желтоқсанда Қазақстанда болған бұл ұлттық қарсыласуға бала кезінен бастап, коммунистік рухта тәрбиеленіп келген және орыстандыруға икемделген қазақ түрік жастары ұйтқы болды. Осылайша қазақ түрік жастары өздерінің орыстандырып, біржола жойылуға және коммунистердің шовинистік саясатына қарсы екенін дәлелдеді.

Қазақ түрік жастарының 1986 ж. 17-18 желтоқсандағы ұлттық көтерілісі әлемдік қоғамдық пікірге зор қозғау салды. Алайда «түрікстаншылдықты» жақтағандай болып көрінген кейбір топтардың неге екені белгісіз, назарын онша аударма қоймады. Ұлттық сана-сезімі толық ояна қоймаған эмиграциядағы кейбір қазақтардың да, өкінішке орай, істің мән-жайын түсінбегені байқалды.

1986 ж. 17-18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғаларына қатысы бар мағлұматтың бәрін осы еңбекте жиынтық түрінде беруді көздедік.

1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері «Қазақстан – қазақтардікі!», «Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу хұқығының берілуін талап етеміз!» деген ұрандар көтеріп жаңа күресті бастаған бауырларымызға отаны мен ұлтының шынайы қорғаушылары ретінде ыстық сәлем жолдаймыз.

Түрікелі комитетінің басқармасы Батыс Алмания (Германия), Мюнхен

1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Қазақстанда болған ұлттық көтеріліс туралы

Алғашқы кезде 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғалар тек Қазақстанның астанасы Алматы қаласында ғана болды деп хабарланды. Бірақ кейінірек келіп түскен мәліметтер Қазақстанның тағы да бес қаласында дәл сол күндері, дәл сол сағаттарда сондай оқиғалар болғанын растайды. (Бұл туралы алдағы беттерде тиісті мағлұмат келтірілген).

Қазақ түрік студенттері ұйтқы болған 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы ұлттық көтеріліске және орыс коммунистерінің одан кейін Қазақстанда жүргізген тазар-

ту-жазалау әрекеттеріне тоқталмас бұрын, бұған дейін қазақ түріктері тарихында орыстарға қарсы болып өткен басқа да ұлт-азаттық көтерілістердің кейбірінің тарихын қысқаша баяндайық.

Қазақ түріктері түркі қауымдарының солтүстік-батыс тобының қыпшақ тармағына жатады. Қазақстан жері жағынан қазір де – орыс езгісінде қалып отырған түрік-мұсылман «республикаларының» ішіндегі ең үлкені. 1979 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 5289300 қазақ түркісі тұрады. Бұдан басқа РСФСР-да, яғни, Қазақстанның орыстар басып алған жерлерінде, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстан және Түрікменстан сияқты туыс республикаларда да қазақ түркілері өмір сүреді. Сыртқы Монғолияда жүз мыңнан астам, ал Шығыс Түркістанда 1,5 миллион қазақ түркісі бар.

1722 жылы орыс патшасы Петр-1 «Қырғыздардың (қазақтардың) ордалары бүкіл Азия елдерінің кілті және қақпасы болып табылады. Сондықтан бұл жерлер орыстардың қорғауына алынып, олар арқылы бүкіл Азия елдерімен байланыс орнатылғаны және Ресей үшін пайдалы шаралар жүзеге асырылғаны жөн» – деп өзінің отаршылдық мақсаттарын танытқан.

1723 жылы қалмақтардың қазақтарға шабуыл жасап, Сайрам, Ташкент және Түркістан сияқты қазақ түркілерінің жерлерін басып алуы орыстар үшін пайдалы болды. Қалмақтардың шабуылына ұшыраған қазақ түркілеріне орыстар да шабуыл жасайды және жаулап алынған қазақ түркілерінің жерлерінде бекіністер салып, өздерінің басқыншылық саясатын күшейтеді.

Орыстар бір жақтан әскери басқыншылық саясатын жүргізіп, екінші жақтан қазақ түркілерін алдау жолдарын іздестірді. Мысалы, қазақ түркілеріне елші жіберіліп, орыстардың билігі астына кіру жөнінде ұсыныс жасалады. Орыстардың мұндай талабына орай 1732 жылғы 10 қазанда өткізілген қазақ түркілерінің құрылтайы жасалған ұсынысты қабылдамай тастайды және орыстарға мынадай жауап қайтарады: «Біз сіздермен бейбіт өмір сүргіміз келеді, бірақ бағынышты болғымыз келмейді».

Бұл жауаптан кейін орыстар қазақ түркілерін былай деп қорқытты: «Орыс империясы қазақтардан қаймықпайды.

Қазақтарды Ресейдің қол астындағы қалмақтар, башқұрттар және Сібірдің қала халқы мен Жайық казактары-ақ бағындырып, қырып жібере алады».

Бұл қокан-лоққы казактарға қарсы бұдан бұрын басқалар жасап келген шабуылдардың және кейінгі кезеңдерге ұйымдастырылған қырғындардың бәрінің де орыстардың арандатуы арқылы жүзеге асқанын дәлелдейді. Бұл жайды Шығыс Түркістандық қазақ түркі тарихшысы Жақып Жүнісұлы былайша нақтылай түседі: «Орыстар қалмақтарды казактарға, казактарды қалмақтарға қарсы айдап салып, жауластырды, сөйтіп екі жақты да әлсіретіп, жерлерін тартып алудың жоспарын іске асырды».

1935 жылы Алматыда орыс тілінде басылып шыққан «Қазақстан тарихы» атты еңбегіндегі Сталин дәуірінің құрбаны болған профессор Санжар Аспандиярұлының «Қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылғандығы туралы пікір мүлде жалған, бұл – орыс шовинистерінің қисынсыз аңызы ғана» деген сөздері де осыны аңғартады.

3. У. Тоғанның «Түрікелі – Түркістан және оның таяудағы тарихы» атты кітабының 307-бетінде айтылғандай, қазақ түркілерінің ұлы ханы Абылай хан 1754 жылы өзі қалмақтарға қарсы ұрыс жүргізе отырып, орыстармен соғысып жатқан башқұрттарға көмек берген еді.

Жерінің кеңдігіне және қазақ түркілерінің жауынгерлігіне байланысты 19-ғасырдың екінші жартысының басына дейін, яғни Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы шәйіт болған 1846 жылға, тіпті 1873 жылға дейін орыстар Қазақстанды толық жаулап ала алған жоқ. Қазақ түркілерінің орыстарға қарсыласуы қазақ жерінің бір шетінде басылғандай болып көрінгенімен, екінші шетінде қайтадан өршіп, жалғасып жатты.

Мысалы, 1783-1797 жылдар аралығында Сырым батырдың жетекшілігімен Кіші жүздің рулары орыстарға қарсы көтерілді. Бұл көтерілісті Кіші жүздің ханы Нұралының інісі Айшуақ сияқты ықпалды кісілер қолдады.

1797-1814 жылдарда тағы да Кіші жүз казактарынан Қаратай сұлтан орыстарға қарсы көтеріліс ұйымдастырды. Бұл көтеріліс 1824 жылға дейін созылды.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басқаруындағы 1836 жылғы көтеріліс 1838 жылдың 12. 07. күні қанға боялып басылды.

1837 жылдың қараша айында Абылай ханның немересі, яғни Қасым ханның ұлы Кенесары Ақтаудағы орыс бекіністеріне шабуыл жасап, тағы да бір ұлттық көтерілісті бастайды. Кенесары Қасымұлының қарамағындағы күштер 1838 жылы Көкшетау мен Ақмоладағы орыс қамалдарына да шабуыл жасаған. Кенесары хан 1840 жылы Ташкент пен Оңтүстік Сібір аралығындағы сауда жолын өз бақылауына алады. Кенесары 1846 жылы шәйіт болды. Кенесары бастаған көтерілісті оның ұлы сұлтан Сыздық төре 1873 жылға дейін жалғастырды.

Қазақ түркілерінің бұдан кейінгі ірі ұлттық көтерілістерінің бірі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы болды. 1916 жылғы бұл көтеріліс кезінде қазақ түркілерінен кем дегенде 673000 кісі өлгені анықталып отыр.

1905 жылы ұйымдастырылған «Алаш» партиясының және 1917 жылғы 13 желтоқсанда Ұлттық құрылтайдың қаулысымен жарияланған Алашорда ұлттық үкіметінің 1920 жылдың соңына дейін орыстарға қарсы жүргізген белсенді күресі де қазақ түркілерінің ғана емес, бүкіл Түркістанның тарихында маңызды орын алады. Бұдан басқа Кеңес баспасөзінен сыртқа көп шыға қоймаған кейбір көтерілістер мем қақтығысулар туралы да қысқа әрі бұлдыр хабарларды кездестіруге болады. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газеті 1968 жылы «Алашшы Ағаевтың бандасы талқандалды» деп жазды. Әлихан Ағаұлы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орыс армиясының офицері болған. Кейінірек немістермен ынтымақтаса отырып, «Алаш қосындары» атты арнаулы әскери бөлімше ұйымдастырады да, елге (Түркістанға) оралады. Әлихан Ағаұлы туралы сырттағы түркістандықтарды, әсіресе, Түрікелі комитетін нысанаға алған Алматыда қазақ, кейін қырғыз тілдерінде жарияланған, сонан соң «Простор» журналында (Алматы, 1972, №№ 2, 3) орыс тілінде жарық көрген «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітапта айрықша айтылады.

1979 жылы Батысқа жеткен хабарлардан Қазақстанның «тың өлкесі» деп аталатын бұрынғы Ақмола, қазіргі Целиноград қаласында да демонстрация болғаны, қазақ түркілерінің осы өлкеде, яғни, ежелгі қазақ жерінде, соғыс жылдарында Еділ бойынан мұнда жер аударылған немістердің автономиялық құрылуына қарсы шыққаны

мәлім болып отыр. Бірақ жеткілікті мағұлмат алынбаған еді. Кеңестер одағы коммунистік партиясы Орталық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаевты сынға алған қаулысына (1987) қарағанда, орыстардың қазақ жерін немістерге бергісі келген пиғылына қарсы 1979 жылы Целиноград (Ақмола) қаласында шынында да демонстрация болған.

Басқа бір басылымдардың келтірген деректеріне сәйкес Ауғанстанда қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің денелерін 1980 жылдың көктемінде орыстардың мұсылмандарға арналмаған әскери зиратқа жерлемек болған әрекеттеріне қарсы тағы осындай оқиғалар белең алған.

1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері болған көтеріліс

Кеңес коммунистік режимінің адамзат тарихындағы ең қатыгез және халықты зұлымдықпен қорқыту арқылы бас идіру саясатына негізделген отаршыл режим екені, сондай-ақ адам хұқықтары мен әділеттен, әрі адамгершілік сезімінен мүлде жырақ тұрған орыс коммунистері сияқты билеушілердің басқаруында өткен 70 жылдық кезеңде қазақ түркілерінің жасанды ашаршылықпен, жаппай қырғынмен әсіресе, орыстандыру тәрізді зұлымдықпен бетпе-бет қалуы еске алынса, қазақ түркі студенттерінің 1986 ж. 17-18 желтоқсанда, Алматыны қоса есептегенде, Қазақстанның алты қаласында демонстрацияға шығуының басқа елдердегі студенттік қозғалыс қимылдарынан басқаша сыпаттағы үлкен маңызы айқын аңғарылады.

Орыс коммунистерінің отарына айналған мұсылман түркі өлкелерінің ішінде қазақ түркілерінің Ресейге бағындырылған күннен бастап зұлымдықпен орыстандыру әрекеттеріне айрықша душар болғаны шындық. Мәселен, орыстар мен басқа да славян тектес халықтардың едәуір бөлігі Қазақстанға арнайы орналастырылды. Осының нәтижесінде қазақ түркілері өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды. Жақында Лондонда жарық көрген «The harvest of sorrow: Soviet kollektization and The terrorfamine» атты кітабында Роберт Конквестің және басқа да авторлардың өз еңбектерінде келтірілген деректеріне қарағанда, 1930-1933 жылдардағы түрлі қырғындардан және орыс коммунистері

қолдан жасаған ашаршылықтан екі миллион қазақ түркісі өлген.

Қазақстанның астанасы Алматыда және басқа да бес қазақ қаласында 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері болған қазақ түркі студенттерінің ұлттық көтерілісі туралы тұңғыш хабарды Кеңестердің СОТА агенттігі берді. Оның қысқаша мазмұны мынадай: «Кеше кешкісін және бүгін Алматы көшелерінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің таяудағы пленумының шешімдерін қолдамаған ұлтшыл элементтердің арандатуынан туған оқиғалар болды... »

Кейінірек Мәскеу теледидары берген дәл осы хабарды 1986 ж. 18.12 күні сағат 18.30-да Будапешт радиосы да растады. Батыс елдерінің Рейтер, АП, ЮПИ, АФП сияқты ақпарат агенттіктері де Кеңес агенттіктеріне сілтеме жасай отырып, Қазақстандағы оқиғалар туралы хабар берді. Алайда олардың бәрі де көтеріліс түріндегі бұл оқиғалар тек Қазақстанның астанасы Алматыда ғана болды деп хабарлады. Шынына келсек, мұндай оқиғалар дәл сол сағаттарда Қазақстанның басқа да бес қаласында болған еді. Бірақ ол күндері мұны дәлелдеу мүмкін емес-ті. Дегенмен Алматыдан басқа қазақ қалаларында да сол күні дәл сондай оқиғалардың болғанын кейінірек түрлі ақпарат құралдары растады. Мысалы, Қарағандыға барған Рейтер агенттігінің тілшісі Гелен Уомак: «Алматының 750 километрлік солтүстік-батысында орналасқан Қарағанды қаласында да демонстрация болды. Бұл демонстрацияға 300 жас қатысты» – деп көрсетті. Тілші бұл мәліметті сондағы өзі сөйлескен қазақ түркілерінен алғанын да ескертеді. Кейбір өзге деректерде Қазақстанның басқа қалаларында да сол күндердің сол сағаттарында демонстрациялар болғаны айтылып, «тұтқындалғандар көп, бірақ олардың тағдыры әлі белгісіз» делінген.

Кеңес және Батыс агенттіктері ұлттық қозғалысқа қатысқан студенттердің «көшелерде орыс екендіктері аңғарылған кісілермен төбелескенін, машиналарды аударғанын, мемлекеттік бір дүкенді өртегенін» хабарлады. Кеңестердің АПН агенттігінің тілшісі Валерий Новиков «Алматыдағы университетте оқитын 19 жасар қызынан бұл хабарды естіген соң дереу оқиға болған жерге барғанын», онда «Қазақстан – қазақтардікі» сияқты «ұлтшылдық»

мазмұндағы кейбір ұрандар көтеріп, әрі айқайлап жүрген жастарды көргенін білдірген. Кеңес басылымдары Қазақстанның астанасындағы оқиғалар туралы айта келіп, ол оқиғаларға қатысқандарды және жетекшілік еткендерді «ұлтшыл элементтер», «қаңғыбастар», «маскүнемдер» деп көрсетуге тырысты. Бірақ кейінгі ресми мәліметтерден «қаңғыбастар», «маскүнемдер», «нашақорлар» сияқты ой-дан шығарылған жалалардың жалған екені анықталды.

Лондонда шығып тұратын «Гардиан» газеті Мәскеудегі арнаулы тілшісі Мартин Уолкердің түрлі деректерді пайдаланып, 1986 ж. 22. 12 күні берген хабарында Алматыдағы жағдайды қысқаша былай баяндады: «Алматыдағы демонстрацияға 10000-нан артық адам қатысқан. Демонстрацияға қатысушылар 17 желтоқсан, сәрсенбі күні түстен кейін коммунистік партияның орталығына үш жақтан шабуыл жасаған. Кейбір бөлмелерін қиратқан. Алматыға шұғыл түрде 70000 солдат жіберілген. Мәскеуден арнаулы 15 самолетпен тергеушілер де жіберілген».

Басқа кейбір агенттіктер Алматыдағы ұлттық қозғалысқа қатысқан қазақ түркілерінің саны бұдан да көп, тіпті 300000 адамдай болғанын айтады. Рейтер ақпарат агенттігінің 1987 жылғы 10 қаңтар күні Мәскеуден алып берген хабарында «Қазақстаннан Мәскеуге келіп түскен мәліметтерден 30 милиционердің өлгендігі анықталып отыр» делінеді. АФП (Франц-пресс агенттігі – Ф. Ә.) да 14-20 адамның өлгенін хабарлады. Тағы да сол «Гардиан» газеті Мәскеуден келген жолаушыларға сілтеме жасап, 1986 ж. 30-12. күні мыналарды баяндады: «Болған оқиғалардан кейін 1000 (мың) адам тұтқындалған. Демонстрацияға қатысқандар «Дербестікті – өзімізді өзіміз басқару хұқығын талап етеміз. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуын қалаймыз. Қытаймен біріккіміз келеді. Америка – бізбен бірге, Ресей – бізге қарсы. Колбин, Ресейге қайт!» деген ұрандар алып жүрген. Алматыдағы Темір жол институтында оқитын жас өзбек студент: «Жазулы ұрандарды оқыдық. Демонстрацияға қатысушылар айқайлап жүрді. Біз бәріміз қатты қорықтық» деп мәлімдеді. Мәскеудегі туыстарын көру үшін жаңа жылда Алматыдан осында келген бір орыс әйелі «Автобустармен сырттан Алматыға қазақтар ағылып келіп жатты. Демонстрацияға қатысушылар Алматы

жүргізушілерін өлтіреміз деп қорқытты. Демонстранттар Алматыдағы Брежнев атындағы алаңның құрылыстарынан ағаш сындырып алып таяқтар жасап жатты. Оқиғалар қазақтар мен орыстардың бір-біріне жау екендігін көрсетті» деді.

«Гардиан» газетінің Мәскеудегі арнаулы тілшісінің екінші мақаласында Алматы төңірегіне 70000 солдат жіберілгені айтылған. Батыс Германияда шығып тұратын «Ди Вельт» газеті де 1987 ж. 12 қаңтардағы санында «Гардианның» жазғандарын растайтын хабар жариялаған.

Ал Кеңестер Одағының премьер-министрі Николай Рыжков Финляндияның астанасы Хельсинкиде Батыс журналистерімен болған әңгімесінде жоғарыда аталған агенттіктер мен газеттердің Алматыдағы көтеріліске мыңдаған, он мыңдаған, тіпті 300000 адам қатысқандығы туралы хабарларын жоққа шығаруға тырысты. 1987 ж. 9 қаңтар күні «Вашингтон пост» газетіне берген интервьюінде премьер-министр Рыжков Алматыдағы оқиғаларға бірнеше адам ғана қатысты деген. Орыс премьер-министрінің бұл тұрғыда жалған сөйлегені Қазақстанның премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаевтың 1987 жылғы 19 ақпанда Алматыда Батыс журналистерімен өткізген әңгімесінен белгілі болды. Қазақстанның премьер-министрі Алматыдағы оқиғаларға 3000 адам қатысты деді.

«Вашингтон пост» газетінің арнаулы тілшісі Селестина Бойленнің Алматыға барып, Қазақстанның премьер-министрімен сөйлескені жайында 1987 ж. 19. 02 күні осы газетте жарияланған хабарына қарағанда, Қазақстан премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаев демонстрацияға қатысқандардың «ұлтшылдық танытқанын жоққа шығармаймыз, бірақ оларды басқалар азғырған» дей келіп, мұның алдында орыстардың демонстрацияға қатысушылар «қаңғыбастар», «маскүнемдер», «нашақорлар» еді деген тұжырымдарының негізсіз екенін аңғартқан. Сонымен бірге Қазақстан премьер-министрі демонстрацияға қатысқан студенттердің «Қазақстан – қазақтардікі» деп айқайлағанын және осындай жазуы бар ұрандар алып жүргенін де мойындаған.

Қазақстанның премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстандағы қазақтар мен орыстардың үлес салмағы

тең дәрежеде 39% екенін, олардан басқа Қазақстанда украиндықтардың, немістердің және орта-азиялықтардың (өзбектердің, қырғыздардың, түрікмендердің, ұйғырлардың) тұратынын атап көрсеткен. (Бұдан бұрын Қазақстанда орыстар көбірек болған, ал қазақтардың үлес салмағы 30%-ке дейін төмендеген еді). Алматыға барған Батыс журналистеріне Қазақстанның премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаев желтоқсан оқиғалары кезінде «екі кісі өлді, 200 адам жараланды, 100 адам тұтқынға алынды, 3 милиция машинасы мен 3 өрт сөндіруші машина өртелді, бір дүкеннің терезелері сынды» деген болатын.

Алматыдағы қазақ түркілерінің ұлттық қозғалысынан дәл екі ай кейін Қазақстанға баруына рұқсат етілген Батыс журналистерімен болған әңгімесінде Қазақстан премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаев «Демонстрацияға қатысқандардың арасында маскүнемдер, нашақорлар бар ма еді?» деген сұрауға «Екінші күні мастар болды, ал бірінші күні мастар да, нашақорлар да жоқ еді» деп жауап бергенді. Сонымен бірге ол студенттердің «тамақтану мен жатын орны сияқты заңды мәселені де қозғағанын» айтып өтті. Қазақстан премьер-министрінің бұл сөздері демонстрацияға қатысушыларды төмендеткісі келген орыстардың пікірлерінің шындыққа жанаспайтынын дәлелдейді.

Алматыға барған Батыс журналистері Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Еділ Ерғожинмен әңгімелескен. СОТА агенттігінің 1987 ж. 19 ақпан күні Алматыдан берген хабарына қарағанда, университет ректоры Ерғожин «Болған оқиғаларға қатысқан 14 студенттің университеттен және комсомолдан шығарылғанын» мәлімдеген. Бұған қоса ол «Бала кезінен бастап интернационалдық бағытта тәрбиеленген жандардың мұндай оқиғаларға қатысуы қынжылтарлық жай» деген.

«Правда» газетінің 1987 ж. 14 ақпандағы санында Қазақстан Ғылым академиясының президенті Асқар Қонаев пен оның орынбасары (вице-президент – Ф. Ә.) Сұлтанбек Қожахметовке қатаң сөгіс берілгені хабарланды. 1987 ж. 19 ақпан күні Рейтер және АП агенттіктері Алматыдан алынған хабарға сүйене отырып, Қазақстанның жоғары білім саласындағы істерге жауап беретін министрі Көпжасар Нәрібаевтың қызметінен босатылғанын мәлімдеді. 1987 ж.

21.02-дағы СОТА агенттігінің хабарына сәйкес, Қадырбаев кәсіподақтардың төрағалығынан, Сейілхан Аққозыұлы Жамбыл облысындағы жауапты қызметінен алынған және екеуі де Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшелігінен, ал көптен бері Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаевтың көмекшісі болып келген Дүйсетай Бекежанов партиядан шығарылған. 14 ақпан күні Серік Әбдірахмановтың комсомол ұйымының басшылығынан алынғаны белгілі болды.

Арнайы атап өтуді керек ететін бір жай – түрлі басылымдардың және ресми кісілердің Қазақстандағы оқиғаларға байланысты пікірлерінің түйісу нүктесі «демонстрацияға немесе ұлттық қозғалысқа ұлтшылдық сезімінің себеп болуы» туралы мәселе. Батыс және Кеңес басылымдары мен ақпарат құралдары «Демонстрациялардың басталуына Қазақстан коммунистік партиясының 74 жастағы хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, орнына Геннадий Колбин деген орыстың тағайындалуы арқау болды» деп көрсетуде.

Шынына келсек, 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Алматыда болған қазақ түркі студенттері көтерілісінің жалғыз себебі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, оның орнына Геннадий Колбин есімді орыстың тағайындалуы емес. Мұны тек кесені тасытқан соңғы тамшы деп есептеуге болады. Мәселенің негізгі себебі профессор, ғылым докторы Александр Беннигсеннің «Нью-Йорк таймс» газетінің 1986 ж. 30. 12-дағы санында көрсеткеніндей, әлдеқайда тереңде жатыр. Бұл мақаласында профессор Беннингсен Қазақстандағы көтерілістің мәнін былайша түсіндіреді: «Қазақтардың көтерілісі билігінде 50 миллион мұсылман шоғырланған Кеңестер Одағының әлемдегі ең соңғы көпұлтты империя екенін тағы бір рет еске салды. Бұл көтеріліс Кеңестер Одағындағы халықтардың наразылығының тұңғыш белгісі емес. Кеңестердің (орыстардың) Ауғанстанда қаза тапқан қазақ жауынгерлерін мұсылмандарға арналмаған әскери зиратқа жерлеуге тырысқан әрекеттеріне орай 1980 жылдың көктемінде Алматыда ұқсас оқиға болған-ды. Ресми топтардың Алматыдағы желтоқсан оқиғаларының себебін Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың орнына орыс

Геннадий Колбиннің тағайындалуымен байланыстыруы жеткіліксіз. Бұл көтерілістің себебі әлдеқайда тереңде және ұзақ тарихи оқиғаларда жатыр. Мұның тамыры қазақтардың 1916 жылғы қырғынға ұшырауына, 1930-жылдардағы Сталиннің коллективтендіру кампаниясы кезінде өлген БІР МИЛЛИОННАН астам қазаққа және 1986 жылы Горбачев бастаған антиисламдық саясатқа барып тіреледі».

Шынында да көтерілістің себебі тарихтың тереңінен келеді. Мәселенің негізі орыстардың отаршылдық пиғылына орай барған сайын жылдам қарқынмен жүргізіліп отырған тілден, діннен және ұлттық әдет-ғұрыптардан айырып, орыстандыруды мақсат еткен саясатына қарсыласуға барып ұласады.

Қазақ түркі студенттерінің бастауымен Алматыда өткен көтерілістің ұлттық қозғалыс сипатында болғанын транспаранттарда жазылған талаптар мен тілектер айқын дәлелдейді. Жоғарыда айтылған куәлардың сөздерін келтірген «Гардиан» газетінің жазғанына қарағанда, қазақ түркі студенттері «Дербестікті – өзімізді-өзіміз басқару хұқығын талап етеміз! Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына өз алдына мүше болуын қалаймыз, Қытаймен біріккіміз келеді. Америка – бізбен бірге, Ресей – бізге қарсы! Колбин, Ресейге қайт!» сияқты ұрандар алып жүрген. Бұл ұрандардың «дербестікті және Қазақстанның БҰҰ өз алдына мүше болуын талап етеміз» деген бөлігі түсіндіруді қажет етпейді. Қазақ түркілерінің орыс отаршылығынан құтылғысы келетіні анық. «Қытаймен біріккіміз келеді» деген ұран болса – көп мағыналы. Қазақ түркілері Қытайды жақсы біледі. Оның отары болып отырған Шығыс Түркістанға, сонда тұратын қазақ түркілеріне бұрын көрсеткен қысымын ұмытқан жоқ. Алайда Қытай қазір саясатын сәл өзгерткен. Шығыс Түркістанда аз да болса дін бостандығы бар. Ондағы түркі тектес халықтардың өкілдеріне шет елге шығуға, қажыға баруға рұқсат етіледі. Сырттағы түркістандықтардың да Түркістанға келіп-кетуіне рұқсат бар. Шығыс Түркістанда Батыс Түркістанмен салыстырғанда, едәуір молшылық және арзаншылық орнаған. «Қытаймен біріккіміз келеді» деген ұранды міне осы жағдайды және қазақтардың, орыс коммунистері айтқандай, «кеңес адамы» емес, Ресейден бөлек ұлт екенін айрықша көрсету үшін алып жүрген. Американың

қазақтарымен бірге екенін аңғарта отырып, қазақ түркілері оның бостандық пен адам хұқықтарын қорғаушы ретінде танылғанын, сондықтан тек белгілі бір халықтарға ғана көңіл бөлмей, бостандық пен адам хұқықтарынан мақрұм қалған барлық езілуші халықтарға, әсіресе, Ресейдегі түркі-мұсылмандарға назар аударуы қажет екендігін есіне салған. Ресейдің қазақтарға қарсы екенін білдіре келе жаңа орыс хатшысы Колбинге айтылған «Ресейге қайт» деген сөздердің бүкіл орыстарға «Қазақстаннан кетіндер» деген мағына беретіні анық.

Мәселенің негізгі себебінің орыс отаршылдығына және оның мақсаттарынан туындайтын басты қажеттілік болып табылатын орыстандыру саясатына қарсы шығу екенін Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының күн сайын шығып тұратын органы «Правда» газетінің Қазақстандағы газеттер мен журналдарға, әсіресе, олардың қазақ тілінде шығатындарына шабуыл жасаған мақаласы мейлінше айқын аңғартып отыр. «Правда» газетінің 1987 ж. 11 ақпандағы санында жарияланған бұл мақалада «интернационалдық тәрбие беру ісіне» көптен бері көңіл болмей келе жатқаны үшін «Оңтүстік Қазақстан», қазір «Гурьев» деп аталатын бұрынғы Үйшік қаласында шығып тұратын «Коммунистік еңбек», Семейдегі «Ертіс», Жамбылдағы «Еңбек туы жол» сияқты облыстық қазақ газеттері, комсомол ұйымының Алматыдағы республикалық органы «Лениншіл жас» сияқты газеттер сын нысанасына алынған. Орыс коммунистерінің «интернационалдық тәрбие» дегендері орыстандыру саясатының амалы екендігі Кеңестер Одағындағы жағдайды білетіндер үшін жасырын сыр емес.

«Правда» газетінің 1987 ж. 11 ақпандағы санында жарияланған аталмыш мақалада тағы да былай делінген: «Қазақ тілінде шығатын көптеген газеттер мен журналдарда, атап айтатын болсақ, «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде бір жақты, тек қазақтардың есімдері әңгіме болады, үнемі жергілікті халық өкілдерінің суреттері басылады. «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысына (Ахат Жақсыбаевқа) «Оқушыларыңызға орыс немесе басқа халықтардың әдебиетшілерінің шығармаларын неге ұсынбайсыздар?» дегенде ол «Біздің журнал аударма жариялайтын журнал емес» деп жауап берген...».

Бұл арада «Правда» газеті шабуыл жасаған қазақ тіліндегі басқа газеттер мен журналдарға тоқталмас бұрын жоғарыда аталған қазақ газеттері мен журналдарының «Правдаға», орыстарға ұнамаған тұстарынан кейбір қысқаша үлгілер келтірейік. «Оңтүстік Қазақстан» газеті Қазақстанда қазақ түркілері көбірек шоғырланған оңтүстік өңірдегі Шымкент қаласында шығып тұрады. Шын мәнінде орыстардың тек «Оңтүстік Қазақстан» газетіне ғана емес, бүкіл оңтүстік Қазақстанға көңілі толмайды. Мысалы, Рейтер, ЮПИ агенттіктерінің 1987 ж. 10 ақпанда көрсеткеніндей, Кеңестер Одағы комсомол ұйымының күн сайын шығатын үні «Комсомольская правда» газеті дәл сол күнгі санында жариялаған бір мақаласында 1986 ж. 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалар туралы былай деп жазған: «Алматыдағы оқиғаларға қатысқандардың көбі Оңтүстік өңірінен келген және кілең қазақша оқитын студенттер. Олардың жатақханалары да ұлттық белгі негізге алынып, бөлек салынған... »

«Правда» газеті шабуыл жасаған «Қазақстан әйелдері» – қазақ тілінде шығып тұратын айлық журнал. Шығарушылары мен авторлары, негізінен, қазақ әйел журналистер. Журнал бұрынғы сандарында бала тәрбиесіне, әсіресе, жастарды өз ана тілі – қазақ тілін құрметтеуге шақыруға көңіл бөліп келді. Сонымен бірге Қазақстанның түрлі түкпірлерінде қазақ бала бақшаларының жетіспеуінен ата-аналардың өз балаларын орыс бала бақшаларына беруге, сонан соң орыс мектептерінде оқытуға мәжбүр болатындығын қынжыла жазып келді. Журнал мұнымен де шектелмей, кейбір облыстарда (әсіресе, оңтүстік облыстарда) бастауыш және орта қазақ мектептерінің жабылып, қазақ балаларының орыс мектептеріне баруға мәжбүр етілгендігін сөз етті. Ал бұл жағдайдың «ұлттар теңдігі» идеясына қайшы келетінін еске салды (1982 ж. 2-санның 12-13 б.б. ж. б. сандары). Міне, сондықтан да «Қазақстан әйелдері» журналының мұндай бағыты орыстандыру саясатының көрінісі болып табылатын интернационализмге қарсы деп есептелінді.

«Правда» газетінде «тек қазақтардың суретін басады» деп сыналған «Мәдениет және тұрмыс» та айлық журнал. Бұл журналдың да өткен сандарында Қазақстанның ежелгі тарихи ескерткіштерінің суреттері жарияланып келді.

Олардың ескерусіз жағдайы тілге тиек етіліп, бұл орайда қажетті шаралар қолдану жөнінде талаптар қойылып отырылды. Сондай-ақ электр жарығына, ауыз суға, жақсы жолға және қазақ мектептері мен қазақ тіліндегі кітаптарға деген мұқтаждық журналға келіп түсетін оқушылардың хаттарын жариялау арқылы білдіріліп тұрды. Табиғи байлығы мол Қазақстанда қазақтардың мұндай жағдайда өмір сүруі дұрыс емес екендігі еске салынды. Аталмыш журналдың тіл туралы 1986 жылғы 12-санның 16-бетінде жарияланған «Ана тіліңді құрметте» деп аталған мақалада «бірнеше тілді жақсы білу – білімділіктің белгісі» делініп, «... ана тілің – арың... Басқа тілдердің бәрін біл, бірақ өз ана тіліңді ерекше құрметте...» деп айтылған. Журналдың сол санында жарияланған календарьда қазақ түркілеріндегі ай аттары келтіріліп, қазақ фольклорлық ансамблінің суреті берілген. Журналдың міне осындай тұстары «Правда» газетінің де, орыстардың да көңілінен шықпағаны анық. Орыстандыру саясатына кедергі болып саналғандықтан «интернационализмге» үйлесімді емес деп табылған.

«Правда» газеті сынаған «Жұлдыз» – Қазақстан Жазушылар одағының қазақ тілінде шығып тұратын айлық журналы. Бұл журналда Махмұт Қашқариден, «Құдатқу біліктен» алынған тарихи, әдеби, ғылыми-зерттеу мақалалары мен барынша деректі «Алтынорда» романы сияқты шығармалар жарияланды.

«Правда» газеті Қазақстандағы қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдарды сын нысанасы еткен өзінің 1987 ж. 11 ақпандағы санында жариялаған мақаласын тағы да жалғастыра түскен. 1986 ж. 16-желтоқсанда Алматыдағы кейбір қазақ газеттерінің «Жаңа ашылған қазақ балабақшасына қош келдіңіздер!» деген айдар бергеніне, ол мектепте сабақтың қазақ тілінде жүргізіле бастағанын арнайы атап көрсеткеніне шамданған. «Правда» газетіндегі сол мақалада тіпті: Қазақстан үкіметінің күнделікті ресми газеті «Социалистік Қазақстанның» 1986 ж. 16.12-дағы санында «Республикамыздың астанасы Алматыда тағы бір қазақ балабақшасының ашылуы шынында да тарихи маңызы бар оқиға» ретінде көрсетілді және жаңа ашылған балабақшаға келген балаларды «сүйкімді қаракөз балалар» деп сипаттап, «мұнда оқыту мен тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүргізілетін болады» деп ерекше қуаныш білдіруі сыналған.

Бұл арада қазақ тілінде шығатын газеттердің Қазақ Республикасының астанасында ашылған жаңа қазақ балабақшасын неге мұндай үлкен қуанышпен «жаңа қазақ балабақшасының ашылуы шынында тарихи маңызы бар оқиға болды» деп көрсетуінің себебін түсіну үшін сол газеттердің бұған дейінгі жазғандарына қысқаша шолу жасау керек сияқты.

Қазақстанның астанасы Алматыда тұратын халықтың басым бөлігін орыстар құрайды. Бір миллионнан астам халқы бар қаладағы қазақтардың саны жүз мыңның ғана төңірегінде. Қазақтар қаланың бір жағында емес, әр тұсында өте шашыраңқы орналасқан. Алматы қаласында қазақтардың қажетін өтейтін мөлшерде мектеп, әсіресе, балабақша жоқ. Бұл жағдай «Лениншіл жас» және «Қазақ әдебиеті» сияқты газеттердің беттерінде бұрын да бірнеше рет сөз болған. Мысалы, «Лениншіл жас» газеті 1984 ж. 23.02 күнгі санында жарияланған «Ана тілің – арың» деген мақалада Қазақстанның қалаларында қазақ балабақшалары жетіспейтінін атап көрсеткен. 1985 ж. 1-ақпан күнгі «Қазақ әдебиеті» газеті «Мәселенің екінші жағы» атты мақаласында балабақшалардың санын арттыру қажеттілігін әңгімелеген. Кейбір талаптар да қойған. 1985 ж. 20.03-дағы «Лениншіл жаста» жарияланған «Өмірдің негізі – балбөбек» дейтін мақалада балаларға ана тілін үйрету ісінің әлі де жеткілікті дәрежеде емес екендігі айтылған. Осыған байланысты миллионнан астам халық тұратын Алматы қаласында жалғыз ғана қазақ мектебі мен үш-ақ қазақ балабақшасының бары қынжылыспен аталып көрсетілген. Осы газет кейбір облыстарда қазақ балабақшаларының мүлде ашылмағанын еске сала отырып, олардың санын ұлғайтудың жолдарын ойластыруды ұсынады. Қазақ балабақшаларының болмауынан, балалардың ана тілін үйрене алмайтындығы, сондықтан кейбір ата-аналары оларды орыс мектептеріне беруге мәжбүр болатындығы жайында шағымданған оқушылар хаттары Қазақстандағы қазақ газеттері мен журналдарында жиі жарияланып тұрды. Оқушылар ана тілін қорғаудың халықтың болашағы үшін зор маңызы бар екенін талай рет арнайы еске салған-ды.

Міне осыған байланысты орыс коммунистерінің сыртқа бағытталған насихатында «тең құқықты тәуелсіз

ұлттық республика» деп көрсетіліп келген Қазақстанның астанасында жаңа қазақ балабақшасының ашылуын қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдар қазақ жеріндегі Байқоңыр космодромының ғарыш кемелерін ғарышқа өздері ұшырғандай немесе Қазақстанның мол жер асты байлықтарын басқаларға отарлатпай, өздерінің мүдделері үшін пайдалануға мүмкіндік алғандай болып қуанышпен хабарлаған еді. Қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдардың бұл қуанышты хабарының Мәскеуге ұнамағаны «Правда» газетінде жарияланған мақаладан айқын аңғарылады. «Правда» газетіндегі мақалада сын нысанына алынған қазақ тіліндегі басылымдардың бірі – «Білім және еңбек» журналы болатын. Қазақстан комсомолы айына бір рет шығарып тұратын бұл журналдың таралымы 72940 дана деп көрсетілген. «Правда» газеті бұл журналдың 1986 жылғы 11 және 12-сандарында жарық көрген педагогика ғылымының кандидаты, демография маманы Мақаш Тәтімовтың қазақтардың санына арналған ғылыми-зерттеу мақаласын өз сынына арқау еткен. Демография маманы Мақаш Тәтімов «Білім және еңбек» журналының екі санында жарияланған бұл мақаласында тарихи деректерге сүйене отырып бүкіл Ресей халқының өсу қарқынын ғылыми тұрғыда талдаған. Одан кейін Қазақстандағы жағдайға тоқталған. 1959 жылы 2795000 адам болған Қазақстандағы қазақтардың санының 1979 жылы 5289300-ға жеткенін, осы уақыт ішіндегі қазақтардың өсу қарқынын орыстардың өсу қарқынынан артық екенін көрсеткен. Және былай деген: «... Алдағы уақытта Қазақстан 40 миллион халқы бар көп ұлтты республикаға айналады. Мұның 65-70 процентін Қазақстанның өзінің негізгі халқы – қазақтар құрайтын болады. Бұл процесс біздің демографиялық өсу потенциалымыз толық жүзеге асқанша жалғасады».

«Правда» Қазақстан Жазушылар одағының апталық газеті «Қазақ әдебиетінде» жарияланған тағы бір мақалаға шүйілген. Сөйтіп, қазақ түркілері санының өсуі туралы зерттеудің өзін «ғылыми ұлтшылдық» ретінде қарап, оны «интернационализмге қайшы» деп көрсеткен. Бұл жағдай көп балалы әйелдерге «Батыр ана» атағын беріп, орыстардың көбеюін қолдап келгендердің түркі-мұсылмандардың сан жағынан өсуінен қалай қорқатынына куә болса керек.

«Правда» газетінің жоғарыда аталған 1987 ж. 11 ақпандағы мақаласының шабуылына ұшыраған газеттердің бірі Қазақстан комсомол ұйымының Алматыда күн сайын шығып тұратын органы – «Лениншіл жас». «Правда» бұл газеттің 1986 ж. 3-қазандағы санында жарияланған «Қаламмен жазылған қарумен өшпейді» атты ұзақ мақаланы ерекше қырына алған. Ол мақаладағы «... туған тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру – әрбір қазақтың, әрбір қазақ семьясының, жүрегі қазақ әрбір адамның, бүкіл қауымның бірден-бір міндеті... Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдерінің біріне айналдыруымыз керек. Бұл – бүгін біздің, ертең – жас ұрпақтың міндеті» деген сөздердің «ұлттық менмендіктің белгісі» ретінде айыптайды.

Ал орыс тілінің тазалығы және оны әркімнің оқып-үйрену қажеттілігі тұрғысында ұлттық менмендіктен де асқан орыс шовинистігін көрсететін ресми нұсқаулар Кеңестер Одағындағы барлық газеттер мен журналдарда жиі-жиі жариялануда. Партия жиындарында айрықша тапсырылады. Бұл жай ұлттардың теңдігі мен тең құқықтығы туралы сыртқа бағытталған насихат жүргізіп отырған Кеңестер Одағында орыс тілінен басқа тілді мадақтаудың, оқып-үйренудің қажеттілігін сөз етудің өзі қылмыс болып табылатынын тағы бір рет көрсетіп отыр.

«Правда» газетінің айрықша шабуылына ұшыраған «Лениншіл жас» газетінде 1986 ж. 3-қазан күні жарық көрген «Қаламмен жазылған қарумен өшпейді» атты үлкен мақала 1939 жылдан коммунист партиясының мүшесі, Кеңестер Одағы мен Қазақстанның жоғары кеңесіне сайланған, бірқатар жоғары оқу орындарында басшылық қызметтер атқарған, көптеген шығармалары жарияланған, кезінде Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болған, Қазақ энциклопедиясында белгілі ғалым деп таныстырылған, қазақ түркілерінен шыққан атақты ақын әрі жазушы Әбділда Тәжібаевтың «Лениншіл жас» газеті оқушыларына сұхбат-телефон арқылы жүргізілген әңгіме кезінде және газет редакциясына келіп түскен оқушылар хаттарына берген жауаптары негізінде дайындалған. Аталған мақала «Лениншіл жас» газетінің 1986 ж. 3-қазандағы санының бір жарым бетін түгелдей алған. Газетте көрсетілгеніндей, жазушыға

алғашқы сұрауды Қазақстанның Қызылорда облысынан Шәкизада Әбдікәрімов қойған.

Әдебиетте ар-намыс тақырыбының қалай игерілгені туралы оның сұрауына қазақ түркі жазушысы Әбділда Тәжібаев жауап бере келіп, бұл тақырыпқа мейлінше егжей-тегжейлі тоқталған. Қысқаша ол былай дейді:

«Қазақта «ар, намыс» деген екі сөз кілең қатар айтылады. Бұл сөздер біздің бүкіл мақал-мәтелдерімізде, ауыз әдебиетіміздің барлық түрлерінде, біздің эпостық ұлы дастандарымызда, барлық ақындарымыздың ерлікті толғауларында, әділдік, билік айтқан самғауларында, бүгінгі әңгіме-романдарымызда, лирика, поэмаларымызда біздің адамдық және ұлттық ой-сезімдеріміздің арқауы ретінде айтылады. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген сөзден бастап, «ар мен намыс» – бүкіл тіліміздің жалауын ұстаған сөздер.

Ар, намыс: қазақ қана емес, барлық тілдерде осы мағынада туып, осы мағынада ғасырлар бойында әрбір халықтың дәрежесін көрсетіп берген өлшеуіш сөз. «Мен адаммын» дегенді арымыз дәлелдегендей, «Мен – қазақпын» дегенді де арымызбен дәлелдейміз. Ар – адамның айбыны, намыс оның асынған семсері сияқты. Екеуі бірдей табылған жерде жеке адамның да, тұтас бір ұлттың да бүтіндігі, ірілігі, тазалығы бар. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Арын аяқасты еткен, құлқынға сатылған адамда намыс та жоқ. Ондайлар есепте бар, істе жоқ, санда бар, санатта жоқ...»

Қазақ түркі ақыны әрі жазушысы Әбділда Тәжібаев жас ақын Бақытжан Тобаяқовтың сұрауына орай әдебиет саласындағы кейбір сыншыларды ар мен мамыстың не екенін жете түсінбейтін адамдар ретінде сипаттаған. Жезқазған педагогикалық институты тарих пәнінің оқытушысы Абат Үржановтың ана тілін сақтау, аялау және қорғау, тіл тазалығы туралы мәселелерге байланысты қойған сұрауына қазақ түркі ақыны әрі жазушысы Әбділда Тәжібаев былайша жауап қайтарды: «Әрине, халық бар жерде тіл бар. Тіл бар жерде өнер бар. Өнер бар жерде жанкүйер бар... Әрбір халықтың ана тілі – оның бақыты, оның қуанышы. Өз тілінді білу, өз тілінде ер жетіп, ел қатарына қосылу – өмірден алған ең үлкен сыйың. Ана тілінде елдігінді, ерлігінді жырлайсың.

жырлары мен кисса-аңыздар кітаптары тез сатылып кетті. Алайда, қазақтардың санының өсуіне қарамастан, қазақ тілінде шығып жатқан кітаптардың тиражы барған сайын азаюда. Мұның себебі мені де қатты ойландыруда» деп кынжыла жауап берген.

«Правда» газетінің шабуылына арқау болған мақаладан телефон сұхбаты кезінде Әбділда Тәжібаевқа түрлі тақырыптарды қамтитын көп сұрақ қойылғаны белгілі болып отыр. Ақын солардың бәріне дерлік жауап берген. Біз олардың барлығын бұл арада келтіре алмаймыз. Біздің тоқталғымыз келгені – «Лениншіл жастағы» сол мақаланың Алматыдағы көтерілістен кейін «Правда» көрсеткен және орыстарға ұнамаған тұстары. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған мақалаға қарағанда, тарих туралы қойылған бір сұрауға ақын былайша жауап берген:

«Мен тарихқа да, тарихи тақырыпқа да жеңіл қарауға қарсымын. Тарихи тақырыпқа шығарма жазу модаға айналған жоқ (бұрынғы айтылған кейбір сындар еске алынууда – Ж. Қ.), енді ғана басталып енді ғана белең алып келе жатқан әдебиеттегі келелі жұмысымыздың бірі деп білемін.

Біз, жасыратыны жоқ, соңғы жылдарға дейін өз тарихымыздан өзіміз қашып, алысырақ қарауға, тереңірек үңілуге үркіп қалған халықпыз. Біз өзіміз ел болғанбыз, біздің тіліміз, мәдениетіміз, ерлік дастандарымыз болған деп айтуға да сескенбейміз. Олай сөйлеушілерге кінә тағатын, пәле жабатын «білгірлеріміз» өзімізден шыққан із... солақайларымыз тарих ғылымына да, тарих бойынша көркем шығарма жазуға да зиян еткен. Біз сондай бөгесіндерден енді ғана босанып келеміз».

1986 ж. 17-18-желтоқсан күндері Алматыда болған қазақ түркілерінің көтерілісінен кейін «Правда» газеті сынаған көп мақаланың бірі – «Лениншіл жастағы» мақалада 17 адам қол қойып, ақын әрі жазушы Әбділда Тәжібаевтың жауап қайтаруын өтінген хат пен оған ол кісінің жауабы да орын алған. «Правда» газетінің «Алматы қаласында жаңа қазақ балабақшасының ашылуын Алматыдағы газеттер үлкен айдармен хабарлады» деген сынына тікелей қатысты болғандықтан біз төменде хатты да, оған берілген жауапты да сол қалпында келтіріп отырмыз:

«Соңғы жылдары Алматы қаласында қазақ мектептері мен қазақ балалар бақшалары тым тәуір ашылып жа-

тыр. Бұлар негізінен ата-аналардың жан аямай жүгіруінен ғана ашылып жүр. Тиісті орындар мен мекемелер тарапынан әлі де енжарлық, салғырттық байқалуда. Кейде тіпті әлдебіреулер қызмет бабын пайдаланып, бұған кедергі де келтіруге тырысады. Ал мұны біздер алдағы уақытта қозғайтын күн тәртібіндегі жақсы нышан дейміз. Және бұл нышанның Қазақстанның тың облыстарында да күн тәртібіне қойылуын күтеміз. Осы туралы біздің әдебиет және өнер қайраткерлеріміз не ойлайды, атап айтқанда, ақын Әбділда Тәжібаев көкейінде қандай ой бар, соны білсек деп едік».

Газеттің сол санында жарияланған бұл хатқа Ә. Тәжібаев былайша жауап беріпті:

«Алматы қаласында қазақ мектептері мен балалар бақшаларын көбейту проблемалары алдағы уақытта ойдағыдай шешілуі керек. Бұл манағы айтылған қазақ тілі, қазақ әдебиеті мәселелерінің болашағына да байланысты ірі проблема. Мен мұндай мектептер мен балалар бақшалары Қарағанды, Целиноград, (бұрынғы Ақмола), Қостанай, Қызылжар, Көкшетау, Павлодар (ескі аты – Кереку), Өскемен, Семей қалаларында да ашылуы керек, қазақ мектептерінің жанында интернаттары да болуы керек дер едім».

«Правда» газетінің қазақ газеттеріне жасаған жоғарыда келтірілген хат пен оған ақын берген жауап айрықша аталып өтіліп, олар 17-18 желтоқсандағы Алматы оқиғаларының себептері болды деген «ұлттық менмендіктің», «ұлттық тұйықтыққа бейімділіктің», «ұлтшылдықты қоздыру мен елдегі ұлттардың арасын алыстатуға тырысудың» алдын-ала жасалған ишараты деп сипатталған.

«Правда» газеті, жоғарыда да көрсеткеніміздей, қазақ мектебі мен балабақшасының ашылуын, қазақ тілін жастарға оқып-үйретудің талап етілуін қазақтардың 1986 ж. 17-18-желтоқсандағы көтеріліске шығуына дем берді деп айыптай отырып, сонымен бірге орыстардың қазақтарға осы салада (оқу-ағарту саласында – Ж.Қ.) ешқандай мүмкіндіктер жасамағанын, қазақтарды орыстандыруға тырысқанын, қазақ мектептерін жапқанын, ал жаңадан ашылатындарына кедергі болғанын, халықтың талап-тілектеріне қарамастан, жылдар бойына қазақ тіліндегі кітаптардың таралымын саналы түрде азайтып келгенін естен шығарған.

Мұндай шаралардың нағыз ұлтшылдықтың, яғни орыс ұлтшылдығының дәл өзі екенін мүлде ескермеген.

Ашық аңғартпаса да, «Правда» газеті мен жалпы орыстардың «Лениншіл жаста» жарияланған Әбділда Тәжібаевтың телефон сұхбатында Ахмет Яссауидің Түркістан қаласындағы кешеніне байланысты сұрақтарға берген жауабын да жақтырмағаны анық.

«Лениншіл жас» газетінің жазуына қарағанда, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кешенінің ғылыми қызметкері Мұратбек Дүйсенбеков мынадай сұрақ қойған:

«...Өзіңіз білесіз, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің үлкен тай қазаны болған. Сол қазанды кезінде Ленинградқа, Эрмитажға алып кеткен. Қазір сонда сақтаулы. Сол қазанды қайтадан қайтарып алуға мүмкіндік болмас па екен? Ал егер мүмкіндік болмаса, оның көшірмесін түсіріп алсақ та, дұрыс болар еді. Екінші айтайын дегенім, 1990 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығы тойланбақ. Түркістанның біздер үшін қандай орны бар екенін сіз жақсы білесіз. Бұған келуші саяхатшылар мен туристер қазір өте көп. Біз олар келгендердің бәріне Түркістан туралы музей буклетін ұсынамыз. Бірақ соның өзі қазір таусылып қалды. Осындай буклет жасау туралы кезінде мен Мемлекеттік комитеттің председателіне де барғанмын. Бірақ айтылған сөз айтылған жерде ғана қалды. Әлі күнге дейін буклет мәселесін шеше алмай қиналып отырмыз».

Газетте жазылуына қарағанда бұл сұраққа қазақ ақыны әрі жазушысы Әбділда Тәжібаев былайша жауап берген:

«Түркістан қаласы бүкіл Орта Азия халқының есігі де, бесігі де. Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі салынғаннан кейін оның даңқы күллі әлемге тарап кеткен, дүние жүзіне мәлім. Түркістан өлкесі – қазақ тарихының ұлы белестерінің бірі. Бұл қаланың 1500 жылдық тойын тойлауға бүкіл жұртшылық, оның ішінде, әсіресе, тарихшы ғалымдарымыз ерекше әзірленуі керек деп білемін. Түркістан – қазақ бесігі, ұлт шаңырағы. Сондықтан, ол туралы бейтарап айту мүмкін емес. Музейге қамқорлық жасау керек, жасаймыз да. Ал енді Ленинградтағы қазанды қайтарып алмай-ақ қоялық. Сондықтан, өзің айтқандай, оның көшірмесін алған дұрыс. (Кейінірек бұл тайқазанның өз орнына оралғанынан оқушылар хабардар ғой деп ойлаймын – Ф.Ә.) Буклет туралы айтқандарың да өте орынды... »

Рейтер ақпарат агенттігі тілшісінің 1987 ж. 22-ақпанда жергілікті партия және үкімет қайраткерлерімен болған әңгімесінен кейін Алматыдан берген хабарына қарағанда, сол күндері Алматыда өткен Қазақстан журналистерінің құрылтайында «баспасөздің жастарды өз әскери міндеттерін атқаруға дайын тұруға тәрбиелеуі керектігі» аталып көрсетілген. Сонымен бірге, сол кезде сонда болған, яғни 1986 ж. 17-18-желтоқсандағы Алматы көтерілісінен кейін екі ай өткен соң Қазақстанға баруына рұқсат етілген Батыс журналистерінің бірі – Американың «Тайм» журналының Мәскеудегі бюросы жетекшісінің айтуына қарағанда, Алматыдағы орыс жастары қазақ жастарына, тіпті жалпы қазақ халқына деген дұшпандық сезімін ашық білдіретін көрінеді. Олар қазақтарды «Қонаевтың кетуіне ашуланып жүр... барлық нәрсеге өздері еңбек етпестен ие болып келді» деп кінәлапты. «Тайм» журналы тілшісінің Алматыдан берген хабарына сәйкес, Дінмұхаммед Ахметұлы жиі-жиі «Қазақстан бүкіл Кеңес Одағын етпен, сүтпен, болатпен қамтамасыз етіп отыр, есесіне өзі еш нәрсе ала алмайды» деп айтқаны үшін сыналған. Оның үстіне Алматыға көтерілістен кейін мол азық-түлік апарылған. Әдеттен тыс мол да сапалы азық-түлікке қол жеткен алматылықтар кезекте тұрып, «шіркін, жыл сайын бір көтеріліс болып, осы молшылық жалғаса берсе...» деп әзілдейді екен.

Ресми орындардың осыған дейінгі жасаған мәлімдемелері бойынша Ж. А. Сәбитова есімді мұғалім әйел бес жылға («Казахстанская правда», 1987 ж. 7-қаңтар), физика факультетінің студенті және комсомол ұйымының хатшысы Қ. Рахметов жеті жылға («Казахстанская правда», 1987 ж. 11-қаңтар) сотталған. Тағы да А. Омаров деген студент жазаға тартылған. Бұлар – ресми түрде газеттерде жарияланған мәліметтер. Жекелей алынған хабарларға сәйкес, «күн сайын жүздеген адам тұтқындалған. Өлгендер мен жараланғандардың саны да көп. Орыстарға ұнамаған қазақ түркі қызметкерлері мен жұмысшылары жұмыстан шығарылуда».

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1987 ж. 18-ақпан күнгі санында толық текстісі жарияланған Қазақстанның жаңа орыс партия хатшысы Геннадий Колбиннің Қазақстан журналистерінің құрылтайында сөйлеген сөзіне қарағанда,

орыс коммунистері енді қазақтарға жалтақтайтын болған. Мысалы, сол жиындағы сөзінде Колбин қазақ тілін оқып-үйренуді жақсартудың маңызын, қазақ еместердің де қазақ тілін үйрену қажеттігін, балабақшалар мен мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту керектігін атап өткен, сондай-ақ орыс тілінің роліне арнайы тоқталған. Колбиннің қазақ тілі туралы сөздері Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Мәскеуде шығатын «Правда» газетінде жарияланған және қазақ газеттерін сын нысаны еткен әйгілі мақаласында айтылғандармен салыстырылса, Геннадий Колбиннің сөзінде шындықтың болмағаны аңғарылар еді. 1986 ж. 17-18-желтоқсандағы қазақ түркілерінің көтерілісінен кейін орыс коммунистері тазарту, жазалау шаралары жүргізілетінін және мұның «интернационализм» сылтауымен бұрынғыдан да бетер орыстандыруға қарай бағытталатынын айқын аңғартты деп санауға болады.

**(Бұл мақала 1987 ж. 2 наурызда жазылды,
Ж.Қазақбаласы)**

ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан – тәуелсіз баспасөзі және сөз бостандығы бар ел болмағандықтан 1986 ж. 17-18-желтоқсан күндері алты қалада, тіпті кейбір басқа да елді мекендерде өткен ұлттық қарсыласу оқиғалары туралы жинақты мағлұмат алу мүмкін болмады. Сондықтан 1987 ж. 2 наурыз күні жазылған мақаламызда баяндалған кейбір жайларға қатысы бар қосымша мәліметтерді де төменде келтіруді жөн көрдік.

1987 ж. 21 шілде күні Франс-пресс агенттігінің (АФП-нің) Мәскеуден алған хабарына қарағанда «...өткен жылы Қазақстанда болған антиорыстық оқиғалардан кейін 1000 милиционер жұмыстан шығарылған. АФП-нің «Казахстанская правда» газетіне сүйене отырып көрсетуінше, Қазақстанның ішкі істер және әділет (заң) министрліктерінің 16000 қызметкерінің үстінен тергеу басталған.

1987 ж. 20-шілдедегі Батыс Германияның «Франкфуртер рундшау» газеті Мәскеудегі өзінің арнаулы тілшісі Элфие Зиегл 1987 ж. 19. 07 күні берген хабарды жариялады. Онда Қазақстанның астанасы Алматыда 2000 жастың жауапқа

тартылғаны айтылған. Батыс Германия газеті бұл хабарды Мәскеуде шығатын «Комсомольская правда» газетінің растағанын жазған. Осы жайды Рейтер, АФП агенттіктерінің Мәскеудегі тілшілері де 1987 ж. 18-шілдедегі хабарларында растаған.

1987 ж. 13-шілде күні АФП және басқа агенттіктер Қазақстанда орыс тілінде шығатын «Казахстанская правда» газетіне сүйене отырып, Мәскеуден алып берген хабарда ҚазТАГ-тың директоры Жұмағали Ысмағұлов «идеологиялық тұрғыдан зиянды мәліметтерді жариялауға рұқсат бергені үшін» орнынан алынған және оның өзінің Қазақстанда болған ұлттық демонстрацияларға қатысы бар делінген.

1987 ж. 25-маусымдағы «Казахстанская правда» газеті Қазақ мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры Өмірбек Жолдасбековтың партиядан шығарылғанын хабарлаған. Оған да «ұлтшылдық әрекеттерге көз жұма қараған» деген айып тағылған.

1987 ж. 8-мамырда Рейтер және АФП агенттіктері Мәскеуден Кеңестердің ТАСС агенттігінің Алматыдан алып берген хабарына сүйене отырып мәлімдеуіне қарағанда, 1987 ж. 30-наурыз күні Алматы маңындағы қазақ түркілерінің, яғни мұсылмандардың Кеңсай зираты қиратылған. Аталған агенттіктер қазақ астанасындағы қазақ зиратының қиратылуын елеулі оқиға деп көрсеткен. Осыған орай, 1986 жылы сол Алматы қаласында болып өткен екі күндік демонстрацияны еске салған.

1987 ж. 7-мамыр (Мәскеу). Рейтер агенттігі осы күнгі «Известия» газетіне сілтеме жасай отырып, Қазақстанда Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың орнына тағайындалған орыс Геннадий Колбинге орден берілгенін хабарлаған. Осыған байланысты Рейтер агенттігі 1986 жылғы желтоқсан айында Қазақстанда болған көтерілісті және сол көтерілістің шығуына Колбиннің Қазақстанға қызметке келуі себеп болғанын еске салған.

«Москоу ньюс» (1987 ж. 28. 06). Ағылшын және орыс тілдерінде Мәскеуде шығып тұратын бұл апталық газеттің 1987 ж. 28-маусымдағы санының 8-бетінде Валерий Новиков есімді орыстың «Алматы ақылға келуде» атты мақаласы жарияланды. Онда және басқа басылымдарда хабарланғандай,

1986 жылдың желтоқсан айындағы Қазақстан оқиғаларына байланысты сот болған. Қайда, қашан және қалай болғаны белгісіз орыс коммунистерінің бұл соты Қайрат Рысқұлбеков, Жұмаділбек Тайжұмаев, Қайыргелді Күзембаев, Түгелбай Тәшенов, Ертай Көпесбаев есімді қазақ түркі жастарына түрлі жазалар берген. Өлім жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбековке байланысты Мюнхендегі Түрік елі комитеті өз тарапынан кейбір бастамалар жасаған. Бұл туралы осы еңбектің келесі бөлімінде айтылған.

1987 ж. 22-қыркүйек. «Казахстанская правда» газеті медицина докторы Дәуреннің өкініш білдірген мақаласын жариялады. Қазақстан коммунистік партиясының орыс тіліндегі органы болып табылатын бұл газеттің көрсетуінше ғылым докторы Дәурен әлгі мақаласын өзін орыс құпия қызметінің өкілдері тұтқынға алып, жауапқа тартқаннан кейін бірнеше ай бойына түрмеде жатқаннан соң жазған. Доктор Дәурен 1986 ж. желтоқсан айының 17-18 күндері Қазақстанда болған ұлттық демонстрацияларды қолдағандардың бірі екен. Кейін жастарға жасалған зорлыққа шыдамаған. Бұған қарсы бір нәрсе істеуді ойластырыпты. Сондықтан құпия мәлімдеме дайындап, қабырғаларға желімдепті. Нәтижесінде – тұтқынға алынған. Кейін милиционер оған болған оқиғалардың ішкі сырын түсіндіріпті-міс. Сонан соң ол өкініш сезімін білдіріп, газетке мақала жазған. Қандай тәсілмен, қинаудың қандай түрімен доктор Дәуреннің мұндай мақала жазуды ұйғарғаны бізге белгісіз, бірақ Сталин дәуірінде тұтқындарды қинаудың мейлінше шебері болған орыстардың әлі де сол тәжірибесін ұмыта қоймағаны анық.

1987 ж. 20-қыркүйекте Рейтер ақпарат агенттігінің Мәскеуден хабарлағанына қарағанда, Қазақстан Коммунистік партиясының орыс тілінде шығатын органы «Казахстанская правда» газеті «Қазақстанда 200 000 мылтықтың рұқсатсыз ұсталып келгені анықталған, өткен 18 айда осындай рұқсатсыз ұсталып келген мылтықтармен 70-тей қылмыс жасалған» деп жазған.

Агенттік осыған орай 1986 жылдың желтоқсан айында Қазақстанда болған оқиғаларды еске алған.

Мәскеу, Рейтер, 1987 ж. 29-тамыз.

Орыс тілінде шығатын «Дружба народов» журналының 1987 ж. 9-санындағы сұхбатында Қазақстанның қазіргі

премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаев кезінде өзінің Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаев пен оның көмекшісі Дүйсетай Бекежановтың қудалауына ұшырағанын мәлімдеген. Осы әңгімесінде Нұрсұлтан Назарбаев реті келген бір сәтте Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінен «қазақ отан сүйгіштігі» туралы сұрағанын айтады. Назарбаевтың аңғартуынша, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев бұл сұрақпен оның бойына ұлтшылдық сезімін еккісі келген. Горбачев пен Колбинге жағынуға тырысқан Назарбаев енді оны өзінің ұлтшылдыққа қарсы екенін көрсету үшін пайдаланған және сөзін былайша жалғастырған: «Маған үйіңнен шықпа. Әйелің үйіңе тірі оралмайды. Қызың да өледі» дегендей қоқан-лоққы жасалды. Хаттар жазылды. Телефон соғылып тұрды. Кезінде өзіне осындай қоқан-лоққы жасалуына орай кімге шағымданғанын айтпаған Нұрсұлтан Назарбаев Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа «қазақ патриотымын» деп жауап бергенін білдірген. Кісі өз ұлты мен өз отанын басқасынан артық сүйетінін және қорғайтынын айта алмайтын халге тек коммунистік езгі, әсіресе орыс шовинизмі жағдайында душар болмақ. Назарбаевтың сөздері міне, осының типтік үлгісі болып табылады.

Ағылшынның «Гардиан» газетінің Мәскеудегі арнаулы тілшісі Мартин Уолкердің 1988 ж. 15 қаңтар күні берген хабарына қарағанда, Қазақстанда орыс тілінде шығып тұратын және Қазақстан коммунистік органы болып табылатын «Казахстанская правда» газеті 1986 ж. 17 – 18 желтоқсан күндері Қазақстанда болған оқиғалар жайында «коммунистік партия мен КГБ ұйымдастырған жоғары деңгейлі тексерудің қорытындысы шығарылды» деп жазған. Газет сондай-ақ – Қазақстан коммунистік партиясының бұрынғы қазақ бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев орнынан алынғаннан кейін Қазақстанның орыс тектес жаңа бірінші хатшысының оны қорғаған 1800 милиция қызметкерін, 18 прокурорды, 184 судьяны жұмыстан босату жайында бұйрық бергенін білдірген.

Сол «Гардиан» газетінің тағы да «Казахстанская правда» газетіне сілтеме жасай отырып хабарлауынша, орыс коммунистерінің өздері жылдар бойына жасап келген адамшылықтан тыс бір қылмысын Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа аударған. Қонаев пен оның жақтастарын өздеріне

қарсы келген адамдарды психиатриалық ауруханаларға жатқызды деп кінәлаған. Ал Москва мен Ленинградта т.б. орыс қалаларында бұл сияқты қылмыстың қаншама жылдардан бері орын алғаны белгілі. Тіпті халықаралық деңгейдегі жиындарда да қаралған. Бірақ орыстар мұны бұған дейін мойындамай келді. Енді ғана мойындап отыр. Өйткені, Қазақстан коммунистері ондай қылмысты Мәскеуден үлгі ала отырып жасаған.

Аталған газет сондай-ақ қазақ түркі студенттерінің демонстрациясына байланысты қылмысты деп табылып, 19 профессор, декан және басқа факультет басшыларының тұтқынға алынғанын хабарлаған. Ағылшын газеті тағы да сол «Казахстанская правдаға» сілтеме жасай отырып жазғанына қарағанда, Қазақстанның «Шымкент облысы партия ұйымының бірінші хатшысы мен басқа үш облыстың бірінші хатшысы, өзге екі облыстың хатшысы және көптеген сондай жоғары дәрежелі партия ұйымдарының басшылары қылмысты деп табылған».

Сол газет бұған қоса «заңсыз пайдаланылып келген 14000 қарудың жиналып алынғаны, мемлекет қарамағындағы малмен бірге 1500 000 бас жекеше малының бағылып келгені анықталғанын» көрсеткен, сондай-ақ қылмыскерлерден жаза ретінде 5 000 000 сом ақшаның өндірілгенін, ал 10000 адамның экономикалық тұрғыдан қылмысты деп табылғанын жазған.

Алайда, «Казахстанская правда» газеті, егер көрсетілген қылмыстар рас болса, бұған жауаптылардың 70 жылдық коммунистік тәрбие қалыптастырған адамдар екенін, ал бұл жағдайдың, мұндай қылмыстың тек коммунистік системада ғана орын алатынын айтпаған.

Өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы туралы мәлімдеме жариялағандар

МАЖАРЛАР (ВЕНГРЛЕР)

АП ақпарат агенттігінің 1987 ж. 20-шілдеде Австрияның астанасы Венадан хабарлағанына қарағанда, орыстар өлім жазасына кескен қазақ түркі жасына байланысты Мажарстанда (Венгрияда) 41 (қырық бір) адам қол қойған мәлімдеме жарияланған. Венгр зиялысы Миклош Харацти

Будапештен телефон арқылы Венадағы АП агенттігінің тілшісіне 41 венгр қол қойған бұл мәлімдемеді Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің төрағасы Андрей Громыкодан өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы Қайрат Рысқұлбековке кешірім жасалуы талап етілгенін айтқан. Мұндай өтініштің жүзеге асуы венгр халқын қуанышқа бөлейтіні жазылған. 41 адамның қолы бар мажар мәлімдемесі заказды хат түрінде Будапештегі Кеңес елшілігіне де жіберілген. Бұл мәлімдемеге Венгрияның Георгий Конрад, Ласло Раик, Габор Демски, Янош Кыц және Гаспар Миклош Тамаш сияқты белгілі жазушылары қол қойған.

ЧЕХТАР

АФП агенттігінің және басқа ақпарат құралдарының көрсетуінше, Чехословакияның адам хұқықтарын қорғау жөніндегі «Хартия – 77» атты тобы да өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы Қайрат Рысқұлбековке байланысты мәлімдеме жариялаған. Чех-мәлімдемесі 1987 ж. 5. 08 күні Батыс агенттіктері тілшілеріне де таратылған. Қазақ түркі жасының өлтірілмеуі талап етілген мәлімдеме Прагадағы Кеңес елшілігіне Юрий Сабата есімді адаммен жіберілген. Бірақ есімі аталған бұл кісіні жолда милиция ұстаған және мәлімдеме текстін тартып алған.

Чехословакияда жарияланған мәлімдемеге ішінде бұрынғы сыртқы істер министрі Х. Хнеупек бар 77 адам қол қойған.

ПОЛЯКТАР

Орыстар өлім жазасына ұйғарған қазақ түркі жасы Қайрат Рысқұлбековті босату жайында Польшада екі рет мәлімдеме жарияланған. Оларға байланысты Мюнхендегі Түрікелі комитеті кейбір істер атқарады. Мысалы, Анкарада шығатын «Иени форум» журналында төмендегі мәлімдемені жариялады.

Өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы

Өткен 1986 жылдың желтоқсан айының 17 – 18 күндері Қазақстанның астанасы Алматыда қазақ түркі студенттерінің ұлттық көтерілісі болды. Қазақ түркі студенттерінің бұл көтерілісіне кеседегі суды тасытқан соңғы тамшы ретінде

Қазақстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы қазақ Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен босатылып, оның орнына орыс Геннадий Колбиннің тағайындалуы себеп болған еді.

Түрлі ақпарат құралдары қазақ түркі студенттерінің жоғарыдағы аталған ұлттық көтерілісіне «300 000», «10000» адам қатысқанын, оны басу үшін орыстардың Алматыға 70000 солдат апарғанын» және «өлгендердің көп, жараланғандардың жүздеген» мөлшерде болғанын хабарлады. Алматыға барған Батыс елдері журналистерінің сұрақтарына жауап бере келіп, Қазақстан үкіметінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «көтеріліске 3000 адам қатысты. Екі кісі өлді. Екі жүз адам жараланды» деп көрсетті.

Кеңес баспасөзінде жарияланған мәліметтердің негізінде, Батыс елдерінің Мәскеудегі ақпарат агенттіктерінің 1987 ж. 19. 06 күні берген хабарына сәйкес, қазақ түркі студенттерінің ұлттық көтерілісіне қатынасқан архитектура институтының студенті Қайрат Рысқұлбеков өлім жазасына кесілген. Е. Көпесбаев, Т. Тайжұмаев есімді басқа екі студент он бес және бес жылға сотталған Т. Тәшенов деген ағаш шебері мен Қ. Күзембаев есімді электрмен дәнекерлеушіге он бес және он төрт жылдан берілген.

Түрлі ақпарат құралдарының білдіруінше және арнайы алған хабарымызға сәйкес, студенттер көтерілісінен кейін Қазақстанда қазақ түркілері жаппай тұтқындау, жұмыстан немесе оқудан шығару сияқты жалпылама тазарту шараларына душар болған. «... жүздеген, тіпті мыңдаған адамның тағдыры белгісіз...»

«Қазақстан – қазақтардікі!», «Біріккен Ұлттар Ұйымына жеке мүше болу хұқығын талап етеміз!», «Қазақстанға дербестік берілсін!» «Колбин, Ресейге қайт!» деген сияқты ұрандар ала жүріп, демонстрация ұйымдастырған студенттерге мұндай ауыр жаза берілуіне АЗАТ ДҮНИЕДЕГІ АДАМ ХҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУШЫЛАР ретінде өмір сүріп отырған түрлі ұйымдар мен қоғамдар, баспасөз үнсіз әрі селқос қалып отыр. Азат дүниедегі осындай үнсіздікті бұзуға және ондағыларды оятуға Польша әрекет жасады.

Рейтер мен АП агенттіктерінің 1987 ж. 29. 06 күні Варшавадан берген хабарына қарағанда, Польшадағы «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес ұйымы» 1987 ж.

26. 06, жұма күні Варшавадағы Кеңес Одағы елшілігі арқылы Михаил Горбачевқа хат жолдаған. 1987 ж. 29. 06, дүйсенбі күні Рейтер мен АП агенттіктері тілшілеріне бұл орайда мәлімдеме таратқан Польшаның «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес ұйымы» басшыларының бірі Ясек Чапутович «Қазақ студентінің өлім жазасына кесілуі дұрыс емес, үкім өзгертілуі тиіс екендігін» өздерінің Михаил Горбачевтің есіне салғанын айтты. Польшаның «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес ұйымының» басшысы аталған хатта азат дүниедегі және Батыстағы бостандық пен бейбітшілік сүйгіш жандардың бәріне өздерінің осы орайдағы үнін жеткізгенін баяндады.

Польшаның батысындағы Познань қаласындағы бостандық сүйер кісілердің де өз бетінше адамдардың қолын жинап, қазақ студентінің өлім жазасына кесілуінің дұрыс еместігін көрсеткені де белгілі болып отыр. Көп адам қол қойып, қазақ студентін өлім жазасына кескен үкімнің өзгертілуін өтінген басқа бір хат Познаньдағы кеңес консульдығына тапсырылған.

Адамгершілік, бостандық сүйгіштік және шынайы бейбітшілік атынан қазақ түркі студенттерінің проблема-сын қолдаған, азат дүниедегілерге және Батыстағыларға осы орайдағы өздерінің жан даусын жеткізген польшалықтарға бүкіл Түрікелі комитеті болып алғыс айтамыз. Шынайы бостандық пен бейбітшіліктің не екенін тек басына іс түскендер ғана біледі.

Осыған байланысты шынайы бостандық пен бейбітшілікті жақтаушылардың барлығын польшалықтардың азат дүние мен Батысқа арнаған үндеуіне қосылуға шақырамыз. Түркістанды және орыстандыру қауіпіне ерекше ұшырап отырған оның Қазақстан бөлігіндегі ауыр жағдайды, әсіресе, Түркиядағы ұйымдар мен баспасөздің есіне салғымыз келеді.

Түрікелі комитеті, Мюнхен, Батыс Алмания (Германия)

Қазақ түркі жасы Қайрат Рысқұлбековті өлімнен құтқару мақсатымен польшалықтар жариялаған екінші мәлімдемеге 70 (жетпіс) адам қол қойған. Лех Валенса бастаған 70 адам қол қойған бұл мәлімдемені тарихи құжат ретінде қабылдап, біз төменде оның ағылшын тіліндегі толық текстісін келтіріп отырымыз. (Ағылшын тілінен аударған Е. Берікбол)

**ССРО Жоғарғы Кеңесіне поляктың
70 көрнекті өкілдерінің Қ. Рысқұлбековке
кешірім берілу жөніндегі
үндеуі, 6 июль 1987.**

Жоғарғы Кеңес президиумына жолданған бұл ашық үндеу Варшавада 1987 жылдың 6-шы июнімен белгіленген.

1987 жылдың 19 июнь күні Польша Пресс Агенттігінің Москвадағы тілшісі «Казахстанская правда» газетіне сүйене отырып, 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда болып өткен оқиғаларға қатысы бар адамдарға Алматыда сот үкімі шығарылғандығы жөнінде хабарлады. Бұл оқиғалардың сипаты мен алғашқы тергеу жөнінде мағлұматымыз жеткілікті болмаса да, біз Алматы архитектура институтының 1-ші курс студенті Қайрат Рысқұлбековке шығарылған өлім жазасы деген үкімге байланысты алаңдап, қатерлі беймаза сезім кешіп отырмыз. Өлім жазасы – ең соңғы және қайрылмас кесім ғой. Жазаның мұндай түрі әлі қолданылатын елдердің өзінде де қатал үкім сотталушы қоғамдық тұрғыдан ақталуы мүмкін емес деп есептелген жағдайда ғана жүзеге асырылады. 18 жастағы балаға мұндай жазаның қолданылуы, оны Советтік академиялық заң жүйесінің мақұлдауы – біз үшін ақылға сыймас іс. Бұл – тым асығыс, әрі моральдық азғын үкім болып табылады. Біз кейбір үкімдердің белгілі есеппен, ең үлкен ескерту шарасы ретінде қолданылатынын білеміз. Алайда бұл, жағдаят кісіні қыршынынан қиюға сылтау бола алмайды деп санаймыз. Польша бірталай уақыт бойы көше бүліктерінің көрінісіне куә болды. 1956 жылы Познаньда екі жақтан: демонстрацияға шыққандар қатарынан да, қауіпсіздік күштері жағынан да бірталай жан қазаға ұшырады. Бірақ осы оқиғаларға байланысты іс қаралып, үкімдер шығарылған кезде жаппай бас көтерулер кезінде көптеген іс-қимылдардың делебе қозған жағдайда көрініс табатыны, сондықтан көпшілік ішіндегі жекелердің жауапкершілігі азайтылуға тиістілігі туралы социологтардың пікірлері ескеріліп, ешкім де өлім жазасына кесілмеген болатын. Сонымен қатар, көп кісі қатысты істерді шындық негізінде тексерудің толып жатқан қиындықтары бар. Қатты эмоциялық толқыныс және апай-топай үстінде өтетін жағдаяттар жөніндегі естеліктердің шындыққа жанаспа бермейтіні де белгілі.

ССРО Жоғарғы Кеңесінен бұл іске байланысты жоғарыда аталған жалпы адамзаттық тұрғыларды ескеріп, һәм дұрыс пайдалана отырып, өлім жазасының өзгертілуін өтінеміз.

Қол қойғандар:

Лех Валенса
Збигнев Ромашевски – физик
Ян Яозер Липски – жазушы
Чн Киелановски – биолог
Зофия Стефановска – әдебиет тарихшысы
Стефан Старчевски – филолог
Яцек Федорович – суретші
Яцек Тэйлор – юрист
Иежи Ястжембовски – журналист
Анна Шанявска
Ева Кулик
Ян Зиеня әкей
Северин Яворски – металлург
Владислав Сила-Новски – юрист
Бронислав Дембовски әкей
Богумила Янас
Бжегож Яшунски – журналист
Магдалена Богута – генетик
Адам Михник – тарихшы
Богдан Борусевич – тарихшы
Зофия Ромашевска – физик
Владислав Фразиниук – шопыр
Хелена Комаровска – журналист
Кжижноф Сливински – журналист
Ян Стжелецки – социолог
Ядвига Стжелецка – физиолог
Анджей Словик – шопыр
Стефан Братковски – журналист
Эдвард Венде – юрист
Анджей Браун – жазушы
Ханна Крал – репортер
Халина Миколайска – актриса
Иежи С. Сито – жазушы
Мариан Брандис – жазушы
Кристина Ласкович – өнер зерттеушісі
Лех Димарски – жазушы
Анжела Стейнсбергова – юрист

Кзеслав Садловски әкей
Ева Томашевска – физик
Клеменс Шаняевски – философ
Анджей Стелмаховски – юрист
Хенрик Янковски әкей
Марцин Пжибилович – инженер
Кристина Захватович – жобалаушы
Анжей Вайда – кинорежиссер
Кжиштоф Волицки – журналист
Мацией Янковски
Александр Пивонски – металлург
Ян Сикорски әкей
Збигнев Янас – техник
Зофия Куратовска – физик
Гжегож Богута – биофизик
Яцек Курон
Алина Пиенковска – тәрбиеші
Мацией Иловиецки – журналист
Ян Виниецки – экономист
Томаш Яструн – жазушы
Яцек Москва – журналист
Артур Миедзижецки – жазушы
Януш Клековски – музыкант
Иежи Кропивницки – экономист
Гжегож Палка – инженер
Зенобия Кита – филолог
Людвика Вуиец – физик
Елжбиета Иеджейук – математик
Ева Бербериуш – журналист
Збигнев Буяк
Тадеуш Иединак – шахтер
Хенрик Вуиек – физик
Януш Палубицки – тарихшы

НЕМІСТЕР

Батыс Германиянын «Ди Вельт» газетінің 1987 ж. 25. 08 күнгі санында және агенттіктер хабарларында көрсетілгеніндей, Батыс Германияның еңбек министрі Норберт Блюм орыстардың өлім жазасына үкім еткен казак түркі жасы Қайрат Рысқұлбеков туралы Батыс Германияның

сыртқы істер министрі Ганс Дитрих Геншерге хат жолдап, оны құтқаруға күш салуын өтінген. Еңбек министрі Норберт Блюм бұған қосымша Франкфурт қаласындағы Халықаралық адам құқықтарын қорғау қоғамының өзіне осыған байланысты өтініш хат жолдағанын да айтты. (Бұл қоғамға Түрікелі комитеті тарапынан осы жайында ескерілген болатын. Толық мағлұмат – алдағы беттерде).

Бонн, 1987 ж. 31. 08. Батыс Германияның (үкімет басындағы) Христиандық-демократиялық партиясының жастар бөлімінің төрағасы Христоф Борхер Кеңес Одағына үндеу жолдап, қазақ түркі студенті Қайрат Рысқұлбековке берілген өлім жазасының орындалмауын талап еткенін мәлімдеді.

Бонн, 1987 ж. 18. 08. Батыс Германияның Сыртқы істер министрінің орынбасары Хельмут Шафер Мәскеудегі Батыс Германия елшісінің Кеңес Одағы Сыртқы істер министрлігінде болып, қазақ түркі студенті Қайрат Рысқұлбековтің өлтірілмеуін талап еткенін хабарлады. Батыс Германия үкіметі сондай-ақ халықаралық қоғамдардың бақылаушыларының Қазақстан астанасы Алматыға барып, дербес түрде мәлімет жинауына рұқсат берілуін талап еткен. Хельмут Шафердің айтуынша, Ресей Сыртқы істер министрлігі Батыс Германия талаптарының тиісті орындарға жеткізілетіні жайында уәде берген.

Тағы да Батыс Германия Сыртқы істер министрінің орынбасары Хельмут Шафердің білдіруінше, «сыртқы істер министрлігі қол жеткізген мәліметтер Рысқұлбековтің әлі өлтірілмегенін, Шығыс Германия Коммунистік партиясының органы «Нойес Дочланд» газетінде 1987 ж. 25.06 күні жарияланған Рысқұлбековтің өлтірілгені туралы хабардың жалған екенін дәлелдейді». Бұл мағлұматты Хельмут Шафер жазбаша түрде Батыс Германия парламентіне тапсырған.

Бонн, 1987 ж. 8. 10. ДПА агенттігі Батыс Германияның үкімет басындағы Христиандық-демократиялық партиясынан сайланған депутат Вильфред Боемнің Батыс Германия Сыртқы істер министрінің орынбасары Хельмут Шафердің көрсетуіне сәйкес, Қайрат Рысқұлбековтің әлі өлтірілмегенін мәлімдегенін хабарлады. Депутаттың мұнымен қатар, «оның (Қайрат Рысқұлбековтің – Ф. Ә.) құтқарылуы үшін Батыс Германияның түрлі топтары мен жекелеген адамдары әрекет етуде» дегенін агенттік айрықша атап көрсеткен.

АМЕРИКАДА

Американың президенті Рональд Рейган өзінің 1987 ж. 19-шілде күні Езілуші ұлттар аптасына байланысты жариялаған мәлімдемесінде 1986 жылы адам құқықтары және тәуелсіздік үшін күрескен халықтарды санай келіп, олардың қатарында қазақтарды ерекше атап көрсеткен.

Американың Нью-Йорк қаласындағы «Фридом хаус» ұйымы 1987 ж. 3.08 күні Кеңес одағы коммунистік партиясының бас хатшысы Михаил С. Горбачев пен бас прокурор Александр Рекунковқа телеграмма жолдап, Қайрат Рысқұлбековтің өлім жазасына үкім етілуінің дұрыс емес екендігін мәлімдеген. Бұл ұйым орыс лидерлеріне жолдаған өзінің екі телеграммасының бір-бір данасын және төмендегі ағылшын тіліндегі хат текстісін Түрікелі комитетінің президенті Ысмайыл Пынарға жіберген.

08. 03. 87. 15. 50

Фридом хаус

Шығыс 21-ші көше

Нью-Йорк 10010

Бұл төмендегі мәлімдеменің расталған көшірмесі:

Бас хатшы Михаил С. Горбачевқа

Кремль

Мәскеу (Кеңестер Одағы)

Біз өткен жылы Алматыда болып өткен демонстрация кезінде милицияның қосымша қызметкерін өлтірді деген айып тағылған Қайрат Рысқұлбековтің ісі бойынша ресми хабарларды қарастырдық. Бұл іс бойынша мәлім болған жағдайлар кесілуге тиіс үкімнің өлім жазасынан әлдеқайда жұмсақ болуы керектігін айғақтайды деп есептейміз. Жігіттің жас екендігі және өлтірілу актісі демонстрация кезінде болыпты-мыс деген фактінің өзі-ақ жағдаяттың басқа да көптеген адамдар қатысып, қызбалықпен жасалғандығын көрсетеді. Басшылыққа алынуға тиісті бұл мәселелер кесімді үкім өлім жазасынан әлдеқайда жұмсақ болуы керектігін дәлелдейді. Бұл іс бойынша Сіз үлкен жанашырлық білдіресіз деп үміттенеміз.

«Фридом хаус»
Фридом хаус 48
Шығыс 21-ші көше
Нью-Йорк 10010
Бүкіл әлемнің Азаттық қорғаушылары.

Құрметті Пынар мырза!

«Фридом хаустың» Қайрат Рысқұлбековты қолдап, Бас Хатшы Горбачев және Бас Прокурор Рекунковтардың атына кеше жолдаған екі телеграммасының көшірмесін жіберіп отырмыз. Қайрат Рысқұлбековтың тағдыры қатыгез түйінсіз шешіледі деп біз де үміттенеміз.

Шын көңілден Элизабет Летчер.

ТҮРКИЯДА

Польшамен, Чехословакиямен, Венгриямен және Батыс Германиямен салыстырар болсақ, Түркиядағы ресми және ресми емес ұйымдар мен қоғамдардың қазақ түркі студентін құтқару үшін пәлендей әрекет жасамағаны аңғарылады. Ал Батыс Германияның Мюнхен қаласында орналасқан Түрікелі комитеті Түркия баспасөзі мен басқа да ұйымдарына жеткілікті материал жіберген болатын. Түрікелі комитеті таратқан ондай мағлұмат пен мәлімдемелердің кейбіреуі Анкарада шығатын «Иени форум» («Жаңа форум» – ауд.), «Янқы» («Жаңғырық»), «Әзербайжан» және Ыстамбұлда шығатын «Иени Баты Тракия» («Жаңа батыс Тракия») сияқты журналдарда басылды.

Түркиядағы күнделікті газеттерде Қазақстандағы 1986 жылғы демонстрацияларға байланысты жарияланған маңызды мақалалардың кейбіреулері мыналар:

Эргүн Гөзө. Қазақстан орыстардікі емес, қазақтардікі («Тәржұман» газеті – 1987 ж. 11. 01.):

Нұри Эсин. Қазақстан оқиғалары – Ресейдегі ұлттық қарсыласудың алғашқы көрінісі («Гүнайдын» газеті – 1987 ж. 17 – 01.):

Жошкун Кыржа. Кеңестік Ресейдегі түркілер («Хүррийет» газеті – 1987 ж. 30. 12):

Иылмаз Қзтұна. Қазақстан оқиғалары («Тәржұман» газеті – 1986 ж. 23. 12):

Зафэр Атай. Көтеріліс («Тәржұман» газеті – 1987 ж. 23.12).

1986 жылдың желтоқсан айында Қазақстанда болған оқиғалар туралы Түркиядағы кейбір журналдарда да мақала жарияланды. Мысалы, Анкарада шығатын «Иени форум» журналының 1987 ж. ақпандағы 178-санында «Түркілерді жоқ етуге бағытталған болгар-орыс ынтымақтастығы» және «Қазақ патриоттарының ұрандары» атты мақалалар жарық көрді.

Ыстамбұлда шығып тұратын «Түрік әлемі бойынша зерттеулер» журналының 1987 ж. сәуірдегі 47-санында басылған Хасен Өралтайдың «Қазақстан – қазақтардікі» деп аталған 18 беттік мақаласында Қазақстандағы желтоқсан оқиғалары туралы назар аударарлық мол мағлұмат берілген.

ҚАЗАҚСТАН ОҚИҒАЛАРЫНА АРНАЛҒАН СИМПОЗИУМ

1986 жылдың 17 – 18 желтоқсан күндері Қазақстанның алты ірі, т.б. кішігірім қалаларында қазақ түркі жастары ұйымдастырған орыс езгісіне қарсы демонстрацияларға байланысты 9-мамыр күні Ыстамбұлдағы журналистер қоғамының конференц-залында симпозиум өткізілді.

Көптеген белгілі адамдар қатысқан «Қазақстандағы соңғы оқиғалар» атты бұл симпозиумды Ыстамбұлдағы Шығыс Түркістан эмигранттарының одағы ұйымдастырды.

Шығыс Түркістан эмигранттарының одағы ұйымдастырған бұл симпозиум туралы түрік баспасөзінде оған оң баға берген біршама мақала жарияланды.

Мысалы, апталық «Иени дүшүнжэ» («Жаңа көзқарас» – ауд.) газеті өзінің 1987 ж. 15. 06-дағы санында осы симпозиумдағы баяндамаларға, сөйленген сөздерге кеңінен орын берген. Симпозиумда ғылым қайраткерлері, журналистер мен отставкадағы жоғары дәрежелі офицерлер шығып сөйлеп, Мехмет Әли Биранд есімді журналистің Қазақстандағы оқиғаларға баға берген мақаласындағы пікірлерінің қате екендігін аңғартты.

1987 ж. 12.05 күнгі «Миллийет» («Ұлт») газетінде Қазақстанға арналған сол симпозиумда отставкадағы генерал Сами Қарамысыр мен профессор, ғылым докторы Нәжмэддин Хажыэминоғуның сөйлеген сөздері басылған.

1987 ж. 11. 05-дағы «Иени нәсил» («Жаңа ұрпақ») газеті де Шығыс Түркістан эмигранттарының одағы Ыстамбұлда Қазақстандағы көтеріліске байланысты ұйымдастырған симпозиумның материалдарынан кеңінен орын бере келіп, осы симпозиумда сөйленген сөздердің бәрінің қысқаша мазмұнын жариялаған. Қазақ түркілерінің бұл қозғалысы орыс езгісіне қарсыласу екенін атап көрсеткен.

1987 ж. 11.05 күнгі «Сон һавадис» («Соңғы хабарлар») газеті де аталмыш симпозиумды кеңінен жазған. Суреттерімен қатар газет симпозиумға қатысқандардың аты-жөндерін де толық хабарлаған. «Қазақстан оқиғалары – орыстарға қарсы көтеріліс» деген тақырыппен газет ғылым докторы Реха Оғыз Түрікқанның сөзінен үзінділер басқан.

Шығыс Түркістан эмигранттарының одағы Ыстамбұлда өткізген «Қазақстандағы соңғы оқиғалар» атты симпозиумға 1987 ж. 10. 05-дағы «Түркия» газеті де орын берген. Бұл тақырып 1987 ж. 11. 05 күнгі «Тәржұман» («Түсініктемеші») газетінде де (суреттерімен қоса) орын алған.

Ыстамбұлда Шығыс Түркістан эмигранттарының одағы ұйымдастырған Қазақстандағы көтеріліс жайындағы симпозиумға Шығыс Түркістан эмигранттары (ШТЭО) одағының баспасөз органы болып табылатын «Доғу Түркістан» («Шығыс Түркістан») атты басылымның алғашқы санында да кең орын берілген. Бұл орайда ШТЭО-ның баспасөз органы «...Германиядағы Түрікелі комитеті жариялаған мәлімдемеде қазақ атымен байланысты одақтар мен қорлардың Қазақстандағы көтеріліске байланысты пәлендей әрекет жасамағаны айтылған...» деп көрсетті.

Кей сөздерінде «Қазақшыл» болып көрінгендердің Қазақстандағы оқиғаларға байланысты үнсіз қалғанына, қолға алынған шараларға қатыспағанына, тіпті кедергі болғанына Түрікелі комитетінің мүшелері өз мәлімдемесінде жиренішпен қарсылық білдіргені «Түрік жұрты» журналының 1987 жылғы 8-санында жарық көрген Махмұт Алашбектің «Қазақстандағы көтеріліс» атты мақаласында да айтылған болатын. Мақала авторы былай дейді:

«Азат дүниедегі саны ондаған мыңнан астам қазақ түркілері Қазақстан оқиғаларына байланысты өздерінің ағайындық борышын орындай алмады. Эмиграциядағы қазақ түркілеріне арнап КГБ ұйымдастырған Кеңестік насихат жүргізуші «Біздің отан» (қазіргі «Қазақстан» – ауд.) қоғамы оларды азат дүниедегі қазақтарды енжарлыққа тәрбиелеуде едәуір табыстарға жеткен сияқты. «Біздің Отан» (қазіргі «Шалқар» – ауд.) атты газет те азат дүниедегі қазақтардың арасына әлі күнге дейін өте жүйелі түрде таратылып отыр.

Федеративтік Германиядағы қазақ түркілерінің ұйымы болып табылатын Түрікелі комитеті желтоқсан оқиғаларын әлемге әйгілеуде едәуір табыстарға қол жеткізгенімен, оның Кеңестерге қарсы қызметі тар көлемде қалып қойды... »

Шығыс Түркістан эмигранттары одағының органы «Шығыс Түркістан» газетінде және «Түрік жұрты» журналында жарық көрген Махмұт Алашбектің мақаласындағы мәлімдемені тарихи құжат және сабақ боларлық мәнді мате-

риал деп қарап, оны төменде еш өзгеріссіз жариялап отырмыз. Мәлімдемеде былай делінген:

ҰЯЛМАҒАНДАР ҰЯЛСЫН!

1986 жылдың желтоқсан айының 17-18-і, сәрсенбі және бейсенбі күндері Қазақстанның астанасы Алматыда қазақ студенттерінің орыстарға қарсы демонстрациясы болды. Түрлі деректерге сәйкес студенттер ұйымдастырған бұл демонстрацияға 10 000 (он мың) төңіректегі елді мекендерден келген 300 000 адам қатысқан, өлгендер мен жараланғандар көп көрінеді.

Алғашқы кезде-ақ (қазақ басшыларынан) 1000 адам тұтқынға алынған. Демонстрацияны басу үшін 70000 (жетпіс мың) орыс солдаты жіберілген. Орыстардың көрсетуінше, демонстрацияның шығуына «ұлтшылдық» себеп болыпты. Ал Батыс баспасөзі діни және ұлттық сезімдер қазақтарды күреске рухтандырды деп түсіндірді.

Демонстрацияға қатысқан қазақтар: «Қазақстан – қазақтардікі!», «Дербестік, өзімізді өзіміз басқару хұқығы берілуін талап етеміз!», «Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу хұқығын талап етеміз!», «Америка – бізбен бірге, Ресей – бізге қарсы», «Орыстар, Ресейге қайтыңдар!» деп ұран салған.

Қысқы суықта мыңдаған қазақ түрмеге отырғызылып, шәйіт болғандардың ата-аналары жас орнына көзден қан ағызып жатқанда, ал әлем баспасөзі тек ұлтшыл қазақтар туралы жазып жатқанда, «Қазақпыз» деп көлгірси кеудесін керген басқаларымыз не тындырдық?!

Қазақ атымен одақ құрып, қор ұйымдастырып, бірақ ұлттық-түркілік сезімнен жұрдай болған, қазақ екендігін тек дастарқан төңірегінде бас қосқанда, Қазақстаннан шақыру келгенде, сыйға домбыра мен құйтабақ немесе кітап алғанда, Қазақстаннан келген фольклорлық ансамбльдерді көргенде ғана есіне түсіретін «батырлар» не бітірді?!

Дауымызды, қырылып жатқан діні бір, қандас бауырларымызды жақтап шықтық па?!

Өкінішті-ақ!

«Дереу көшеге шығайық, жан-жаққа мәлімдеме жіберейік!» дегендерді бұрынғыша, коммунистер мен солшылдар сияқты сөйлеп: «Бұлар – ҰҚП-шылар (ҰҚП –

Ұлттық қозғалыс партиясы – Ф. Ә) басымызды бәлеге салады» деп қараладыңдар. «Біз саясатқа араласпаймыз» деп монтайсыдыңдар.

Кезінде «Қанаудағы түркілердің дауы бір» деген оймен Болгарияға қарсылық білдіру демонстрациясына қатысқысы келгендерге «Бұл – ҰҚП-ның ісі, қауіпті ғой, саясат қой бұл» деп білгішсінген бейшаралар тағы да қарсы болдыңдар.

Енді келіп, «Қазақстан – қазақтардікі» деп жанын, болашағын қауіпке тіккен бауырларымыз үшін үнсіз, бейбіт демонстрация ұйымдастырудан, әлем баспасөзіне мәлімдемелер таратудан да қаштыңдар.

«Ресей қазағына бола басымды бәлеге салмаймын. Болгариядан өте алмаймын» деп пәстік жасадыңдар.

Әрқашан, әр жерде саналы және санасыз түрде «Қазақстан қазағы», «Ресей қазағы», кашмирлік, пакистандық, савандық (Саван – жер аты. Ауд.) деп жауларымызға ғана пайдалы бөлінушілікке барып жүресіңдер. Содан кейін тағы да қазақ атымен қоғам құрып, қор ұйымдастырдық деп кеуде қағасыңдар.

«Қазақстан – қазақтардікі!» деп орыстарға қарсы шыққан бауырларымыз өлтіріліп не азапталып, жаппай түрмеге отырғызылып жатқанда жаңа жылды мейрамдаушылар! Құмар ойнап, үйінде жиын құрғандар! «Ресей қазағына бола басымды бәлеге салмаймын. Болгариядан өте алмаймын. Түрікелі комитетінің кесірінен бәленше өте алмады» деушілер! Ұялсаңдаршы! Өздеріңнің осындай қылықтарыңнан ұялғайсыңдар!

Өз мүмкіндіктеріне сай түрлі тілде және түрлі елдердің баспасөзі мен ғылыми ұйымдарына «Қазақстан – қазақтардікі!» деп орыстарға қарсы демонстрация ұйымдастырған қандас және діні бір бауырларымыз туралы егжей-тегжейлі мағлұмат таратқан һәм таратып жатқан, үнемі орыстардың шабуылына нысана болып отырған ұлтжандылықты және осы жолдағы саясатты бар жүрегімен қабылдаған құрылымнан Алла разы болсын дейміз!

Бұл мәлімдемені тарихи құжат әрі сабақ болар деп жарияладық. Әркім өз арының үнімен оқысын және ойлансын!

1987 ж. 26 қаңтар

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ЕЗГІСІНЕ ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮРІКЕЛІ КОМИТЕТІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Батыс Германияның Мюнхен қаласындағы Түрікелі комитеті 1986 жылдың желтоқсан айының 17-18 күндері Қазақстанда орыс езгісіне қарсы болған көтеріліс туралы 1986 ж. 18 желтоқсан күні түстен кейін хабар алды. Сол күні-ақ жағдайдың маңыздылығын атап көрсетіп, Мюнхендегі, Кельндегі, Батыс Берлиндегі және Батыс Еуропаның басқа қалаларындағы қазақтармен байланыс жасады. «Стокгольм, Батыс Берлин, Париж, Кельн, Бонн және Мюнхенде үнсіз, бейбіт демонстрациялар ұйымдастырайық, Хельсинки келісім-шартына сай жұмысын жалғастырып отырған Вена конференциясы ғимаратының алдында мәлімдеме таратайық. Баспасөзге мағлұмат беріп тұрайық. Бұл үшін бүкіл түркістандықтарды жұмылдырайық» деді.

Алайда, «Үлкен Түркістан», «Түркістан проблемасы» деп көлгірсіп келген «түркістандықтардың» және сөз жүзінде «қазақшыл» болып көрінгендердің үнсіз қалғанын қынжылыспен атап өту керек. Міне, сондықтан да комитет жоғарыдағы мәлімдемені жариялады.

«Түркістаншыл» және «Түркістан бірлігінің қорғаушылары» болып көрінгісі келгендердің 1986 жылғы желтоқсан айының 17-18 күндері Қазақстанның алты қаласында бірдей бұрқ еткен көтеріліс жайында үнсіз қалуы кімнің әлі де қандай ішкі есебі бар екенін сәулелендіргендей болды.

Англияның Оксфорд қаласында шығып тұратын «Зе централ Азиан ньюслеттер» басылымының 6-томының 1987 жылғы ақпан айындағы 1-санының 7-бетінде және Анкарада шығатын «Иени форум» журналы мен «Тәржұман» газетінің 1987 ж. 11. 01-дағы санында жарық керген Эргүн Гөзәнің мақаласында аталып көрсетілгеніндей, Түрікелі комитеті Қазақстанда болған ұлттық көтеріліс туралы әрқайсысы жүздеген беттен тұратын төрт томдық құжаттар жинағын құрастырып, таратты. Осы құжаттардың негізінде көптеген мақала жарияланды. Бұлардың кейбіреулері ретінде Батыс Германиядағы «Бундесинститут фюр оствиссеншафтликхе унд интернационале штудиен» институты жариялаған зерттеуді, «Енкаунтер мэгезин», мен «Уолл стрит джорнал»

газетінде (1987 ж. 19.03) басылған мақаланы және «Иени форум» журналының 1987 жылғы 1-ақпанындағы 178-санының 10-бетінде орын алған мақаланы көрсетуге болады.

Түрікелі комитеті 1987 ж. 26-қаңтар күні Кувейтте басталмақшы Ислам конференциясының жоғары мәртебелі басшылығына да арнайы өтініш жолдады. Түрікелі комитетінің бұл өтініші туралы «Түркия» газетінің 1987 ж. 20-қаңтар күні Ыстамбұлда басылған санында «Қазақстан оқиғалары Ислам конференциясында» атты хабар берілген. Түрікелі комитетінің жоғары дәрежелі Ислам конференциясының басшылығына арнайы жолдаған өтінішінің толық текстісі және осыған орай баспасөзге таратқан мәлімдемесі «Иени форум» журналының 1987 ж. 1 ақпандағы 178-санының 25-бетінде жарияланды. Сол «Иени форум» журналында жарияланған мәлімдеме мен өтініште былай делінген:

ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Құрметті мырза!

Бұдан біраз бұрын, өткен 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері, Қазақстанның астанасы Алматыда болған қазақ студенттерінің орыстандыруға қарсы көтерілісіне байланысты 240 беттік құжаттар топтамасын жіберген едік. Онда сізден қазақ түркі бауырларымыз душар болып отырған зорлық-зомбылықты әлемдік қоғамдық пікірге жеткізуді түркілік – мұсылманшылық және адамгершілік атынан сұраған болатынбыз.

Бұл хатпен бірге жақында Кувейтте ашылатын Ислам конференциясының жоғары мәртебелі басшылығына жолдаған өтінішіміздің көшірмесін де жіберіп отырмыз. Газетіңізде жариялап, бізге қолдау көрсетер болсаңыз, өзіңізге шексіз алғысымызды арнар едік.

Қазақстаннан алынған жаңа хабарларға қарағанда, студенттер демонстрациясы өте ауқымды болған. Ол жетпіс жылдан бері жүргізіліп келе жатқан орыстандырудың жүзеге аспағанын дәлелдеп отыр. Бірақ, өкінішке орай, қазақ түркі бауырларымыз әлі де ойранға душар болып қалуда. Олардың жан даусын дүние жүзіне жеткізуде көмекші болыңыз.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Алматыда болған қазақ студенттерінің демонстрация-

сы кезінде «30 милиционер өлген». Қазақтардың шығыны белгісіз. Аз болмағаны анық. Мәскеудегі «Известия» газетіне дейін жеткен хабарлардан Алматы көшелерінде қазақтардың үздіксіз шабуылға ұшырауда екені мәлім болып отыр. Мысалы, осы «Известия» газетіне хат жазған бір қазақ әйелі «шешесінің қазақ болғандықтан көшеде жәбір көргенін» айтқан. Бұған қоса қазақ студенттері жаппай оқудан шығарылып, оқытушылар жұмыстан қуылып, еңбек түзеу лагерьлеріне жіберілуде, түрмелерге отырғызылуда. Оларды арнаулы тәсілдермен «тәрбиелеу», қудалау қажеттігі туралы жоғарыдан нұсқаулар берілуде. Қазақ түркілерінің демонстрациялар кезінде «Қазақстан – қазақтардікі!», «Өзімізді өзіміз басқару хұқығын талап етеміз!», «Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу хұқығы берілуін талап етеміз!», «Колбин, Ресейге қайт!» деп жазылған транспаранттар алып жүруі және ұран салуы олардың, орыс коммунистері айтқандай, «бұзақы», «маскүнем» «жарымес» болмағанын дәлелдейді.

Кеше түркістандықтар, бүгін Ауғанстан душар болып отырған коммунизм (орыс отарына айналу) қауіп кезекпен басқаларға да жетуі мүмкін екендігін көрсетуде.

Ысмайыл ПЫНАР,
президент.

**Ислам конференциясының
Мюнхен Бас хатшысына
1987 ж. 12.01
Жидда
Сауд Арабиясы**

Бісмілләһ ирраһман ирраһим

Жоғары мәртебелі Бас хатшы мырза!

Өзіңізге белгілі, 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Қазақстанның астанасы Алматы қаласында қазақ студенттерінің екі күнге созылған демонстрациясы болды. Бұл туралы Кеңестердің СОТА және ЖБА агенттіктері де хабарлады. Демонстрацияға қатысқан студенттердің «Қазақстан – қазақтардікі!» деп жазылған транспаранттар алып жүргені және көшелерде машиналарды қиратқаны, бір дүкенді өртегені анықталды. Демонстрацияны ұйым-

дастырған студенттер жайында «ұлтшыл элементтер», «бұзақылар», «ішкіштер», «нашақорлар» сияқты коммунистерге тән сөздер айтылды.

Батыс баспасөзі және басқа ақпарат құралдары 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Қазақстан астанасы Алматыда демонстрацияға шыққан студенттердің «Қазақстан – қазақтардікі!», «Дербестік талап етеміз!», «Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу құқығын талап етеміз!» деп жазылған транспаранттар алып жүргенін және ұрандағанын хабарлады. Осы оқиғаларға куә болған адамдардың білдіруінше, Алматыдағы демонстрацияға қатысу үшін басқа қалалардан, жақындағы елді мекендер мен ауылдардан көп қазақ келген, демонстрацияны басу үшін орыстар 70 мың солдат апарған.

1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Алматыда қазақ студенттерінің бастауымен болған бұл демонстрацияның негізгі себебі 74 жастағы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, орнына орыстың тағайындалуы емес. Ол тек кеседегі суды тасытқан соңғы тамшы ғана. Демонстрацияның негізгі себебі, француз профессоры Александер Беннигсеннің «Монд» және «Нью-Йорк таймс» газеттерінде атап көрсеткеніндей, әлдеқайда тереңде жатыр.

Қысқаша қасиетті хадистерге айтылғандай, «Бір мұсылманның қасіреті басқа мұсылмандардың да қасіреті болып табылады», «Мұсылман – мұсылманның бауыры». Қазақтар да діні бір бауырларыңыз. Қазақстандағы орыстандыру әрекеттері мен соңғы оқиғаларға байланысты күшейе түскен орыстардың зорлық-зомбылығының жоғары мәртебелі ислам басшылығының жиынында қаралуын қамтамсыз етулеріңізді мұсылманшылық, адамгершілік және адам хұқықтары атынан өтінеміз

Ысмайыл Пынар,
Түрікелі комитетінің
президенті

Жәнібек Оралтай,
Түрікелі комитетінің
хатшысы

Түрікелі комитеті өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы Қайрат Рысқұлбековті құтқаруға да тырысып бақты. Бұл тұрғыда мәлімдемелер де жариялады. «Эмнести интернейшнэл», «Европа парламенті», «Фридом хаус» сияқты ж.б. көптеген халықаралық ұйымдарға өтініштер жіберді. Түрікелі комитетінің осындай шараларының нәтижесінде

мәселе Батыс Германия парламентінде қаралды. Михаил Горбачевқа телеграмма жіберілді. Дипломатиялық әрекеттер де жасалды. (Бұл туралы жоғарыда айтылған).

Түрікелі комитетінің Қайрат Рысқұлбековке байланысты мәлімдемелері «Иени Баты Тракия», «Иени форум», «Яңқы», «Әзербайжан» журналдары мен «Тәржұман» газетінде жарияланған. Түрікелі комитеті мәлімдемелерінің бірін 1987 ж. 31.08 күнгі санында «Яңқы» журналы мынандай мазмұнда берді:

РЫСҚҰЛБЕКОВ ӨЛІМ ЖАЗАСЫН КҮТУДЕ

Венгр және Польша зиялылары Рысқұлбековтің өлім жазасына кесілуіне қарсылық (протест) білдірді.

Аты: Қайрат Рысқұлбеков.

Жасы: 21-де.

Тағылған кінә: Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қазақ түркісі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, орнына орыс Геннадий Колбиннің әкелінуіне байланысты 1986 ж. 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғалар кезінде бір милиция қызметкерін өлтірді.

Үкім: өлім жазасы.

Қазақ түрік Қайрат Рысқұлбековке берілген, бірақ орындар күні әлі белгісіз болып отырған өлім жазасына қарсылықты алғаш білдіргендер – Польша мен Венгрия зиялылары.

Польшалық зиялылар және адам хұқықтары үшін күрес ұйымдары Кеңес Одағының лауазымды адамдарына төрт жеке хат жіберді. Кеңес Коммунистік партиясының бас хатшысы Горбачевқа жазылған алғашқы хат почтамен Варшавадағы Кеңес Одағы елшілігіне жіберілгенін Польшадағы «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес ұйымы» мүшелерінің бірі Я. Чапутович растады. Хатта 18 жастағы қазақ түрік Қайрат Рысқұлбековке берілген өлім жазасына қарсылық білдірілген, бұл жазаның әділет туралы заманауи түсінікке нұқсан келтіретіні, оның орындалуы Кеңес одағында жаңа басталған реформалар қозғалысының беделін түсіретіні айтылған. Тілек – жазаның орындалмауы болатын.

Бұл хаттың тағы бір ұқсас нұсқасын «Бостандық және бейбітшілік үшін күрес ұйымының» Познаньдағы бөлімшесінің мүшелері Кеңес Одағының сондағы консулдығына табыс еткен.

Кеңес Одағы жоғары совет президиумына жіберілген басқа хатқа 70 адам қол қойған. Қайрат Рысқұлбековке кешірім жасалуы өтінілген, бұл хатқа қол қойғандардың ішінде «Ынтымақ» қозғалысының лидерлері Лех Валенса, Збигнев Буяк, Адам Михник пен Яцек Куран, атақты кинорежиссер Анжей Вайда, социолог Клеменс Синявски, католик монахы Иозеф Глемп және жазушы Мариан Брандистердің есімдері бірден көзге түсті.

Қазақ түркі жасына берілген жазаның орындалмауын, оған кешірім етілуін өтініп жазылған келесі хатты Горбачевқа белгілі поляк жазушысы Ян Пономаровски мен архитектор-оқытушы Збигнев Пономаровски жолдаған.

Совет өкіметінің басшылары Горбачев пен Громыконың атына венгр зиялылары дайындаған көп адамның қолы бар хат Будапештегі Кеңес елшілігіне тапсырылған. Халықаралық Ассошейтед-пресс агенттігі, венгр жазушысы Миклош Харацидің айтқандарына сілтеме жасай келіп, хатқа қол қойғандардың ішінде сәулетші Ласло Паик, философтар Янош Киш пен Гаспер Миклош Тамаштыц, баспагер Ференц Койцегтің, жазушылар Гиорги Конрад пен Габор Демскидің есімдері бар екенін хабарлаған.

Поляк және венгр зиялыларының бастамасы Кеңес Одағынан тыс жерлерде, Европада тұратын қазақ түркілерінің арасында кеңінен қолдау тапты. Мюнхендегі Түрікелі комитеті мәлімдеме жариялап, поляк және венгр зиялыларының мұндай парасатты қадамына қарамастан, адам құқықтары жөніндегі басқа ұйымдар мен қоғамдардың бұл мәселеге жете көңіл бөлмегенін қынжылыспен атап көрсеткен.

Ешкім 18 жасар қазақ түркі студентінің шын мәнінде қылмысты я қылмысты емес екенінің байыбына бармаған. Қазақстанда болған оқиғалар кезінде бір милиция қызметкері өлген, ал Қайрат Рысқұлбеков осы оқиғаға қатысқандардың бірі ретінде ұсталған және сотталып, өлім жазасына кесілген. Тілек – бұл жазаның орындалмауы еді.

Түрікелі комитеті «Эмнести интернейшиэл», «Европа парламенті», «Фридом хаус» сияқты ұйымдар мен шет ел баспасөзі органдарына ағылшын тілінде хат жолдаған болатын.

Түрікелі

Түркістан Ұлттық Азаттық комитеті

8000 Мюнхен 38,

Постфакс 380 245

Батыс Германия

15 июль 1987

Құрметті айымдар мен мырзалар!

Советтік Қазақстанда өткен жылы желтоқсан айында болған демонстрацияларға қатысқандығы үшін өлім жазасына кесілген қазақ студентіне кешірім беру жөнінде Польшаның 70 белгілі диссиденттері, ойшылдары және діни басшылары 1987 жыл 5 июль күні Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесіне үндеу жолдады. «Ынтымақтың» («Солидарность» – Ауд.) негізін қалаушы, бейбітшілік сақтау саласындағы Нобель сыйлығының иегері Лех Валенса бас болып, бұл үндеуге қол қойғандардың тізімінде дүниежүзілік белгілі кинорежиссер Анжей Вайда, социолог Клеменс Шанявски және католик монахы Иозеф Глемп сияқты адамдар бар.

Азаттық жолында болашақта өткізілуі мүмкін демонстрация атаулыны күнілгері тұншықтыру мақсатында өлім жазасы құбыжығын алға тартпақ кекшіл тоталитарлық механизмнің құрбандарына жаны ашып, оларға тілектестік білдірген, өкінішке орай, тек поляк жұртшылығы ғана тәртізді. Бұл студенттің қылмысы бар болса, ол тек азаттық пен егемендікке ұмтылыс қана: бірақ оның жанкешті әрекетінің сыр-сипаты батыс жартышарының азат және демократиялық қоғамына беймәлім қалған сияқты.

Алайда, тоталитарлы механизмнің адамзат атаулыға қарсы бұдан да үлкен қылмыстарына жол бермеу үшін барлық езілген адамдар тек Польшаның ғана емес батыстың демократиялық халықтарының бәрінің де қолдауына зәру. Бұл жас студент – азаттық сөзін айтуға батылы барған неше мыңдаған аты белгісіз құрбандардың бірі. Батыс тек белгілі сот істеріне ықпал етумен шектелмей, солар арқылы қапас дүниедегі тіршілік кешіп отырған миллиондаған езілген

адамдарға көмектесудің кез келген мүмкіндігін пайдалануға тиіс.

Қазақстандағы оқиғалар, аталмыш өлім жазасы және Советтік Азиядағы езілген халықтар жөнінде кеңірек мағлұмат алмаққа Мюнхендегі Түрікелі Комитетімен жалғасуларыңызды өтінеміз.

**Құрметпен Сіздердің
Ысмайыл Пынар,
Түрікелі комитетінің президенті**

1986 ж. 17-18-желтоқсан күндері Қазақстанда болған қазақ түркілерінің ұлттық көтерілісі туралы ағылшын тілінде жарық көрген екі мақаланы осы жерде беруді жөн деп таптық. «Алматы көтерілісі» атты бірінші мақала Англияда шығатын «Энкаунтер» журналының 1987 ж. маусымдағы санында, ал екінші мақала Нью-Йоркте шығып тұратын «Глобал афейрз» журналының 1987 ж. II томының 3-санында жарияланған. Екі мақаланың да авторы – С. Эндерс Вимбуш.

Ғылыми сілтемелер мен түсініктемелер

1. Б.Хайыт. Түркістан Ресей мен Қытай арасында. Ыстамбұл, 1975, 49-6.

2. Сонда (Б.Хайыт 1982 жылы халықаралық түркологиялық конгресте бұл тақырып бойынша баяндама да жасаған. Қараңыз: «Үлкен Түрікелі басылымдары», № 7, Измір, 1983).

3. Б.Хайыт. Аталған еңбектің көрсетілген беті.

4. Жақып Жүнісұлының «Іле айдыны» журн. 1981 ж. 1-санындағы мақаласы (Шығыс Түркістан).

5. Л.Тиллет. Ұлы достық. Солтүстік Каролина университеті басылымы, 58-83 және 148-237-6.6.

6. Б.Хайыт. Аталған еңбек, 210-6.

7. Х.Оралтай, «Алаш» – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. Ыстамбұл, 1973, 31-73-6.6.

8. «Правда» газ., 1987 ж. 16 шілде.

9. «Нью-Йорк таймс» газ., 1986 ж. 30.12 (проф. А.Беннигсеннің мақаласы): «Уоллстрит журнал» газеті (С.Андерс Вимбуштың мақаласы).

10. Х.Оралтай. Қазақ түркілері. 2-басылуы. Ыстамбұл, 1976, 34-6.

11. Рейтер (Қарағандыдан), 1987 ж. 14.09 күнгі хабар.

12. Қазақстандағы күнделікті газеттердің біріне хат жазған оқушылардың бірі космодром ретінде пайдаланылып отырған Байқоңырдың қазақ жері екенін атап көрсете келіп, «Қазақтардан қашан космонавт шығады?» деп сұраған.

13. Бұл сөздерімен Әбдідда Тәжібаев орыс коммунистері дәуірінде қазақ түркілерінің тарихы тұп-тура БЕС рет өзгертіліп, қайта жазылғанын және Сталин кезеңінде Алашшылар мен олардың жақтастарына сатқын біреулердің шабуыл жасағанын нұсқап отыр. Сөз болып отырған «Правда» газетіндегі мақаланы да газеттің Қазақстандағы арнаулы тілшісі деп көрсетілген Т. Есілбаев есімді сатқынның немесе осы есімді қолданған орыстың жазғанын бұл арада сабақ болсын деген оймен әдейі атап өтуді жөн көрдік.

14. Қазақстанның тың өлкесінде салынған жаңа қалалардың халқының көбі – орыстар. Онда қазақ мектептері мен балабақшалары жоқтың қасы. Хат авторлары міне осыған байланысты Қазақстанның тың облыстарында қазақ мектептері мен балабақшаларын ашудың қажеттігін еске салуда.

15. Қазақстанда қазақ тілінде шығатын кітаптардың санының жылдан-жылға қасақана азайтылуына байланысты бір топ қазақ жазушылары ақындары мен ғалымдары кезінде «Қазақ әдебиеті» газетіне ашық хат жазған. Бұл мәселе бұдан кейін де көптеген оқушы хаттарында көтерілген. Тіпті, өткен жылы Мәскеуде болған Кеңес Одағы жазушыларының жиынында одақтас республикалардағы осындай жағдай туралы айтылғанда Қазақстан арнайы мысалға келтірілген.

16. Қазақ түркілерінің ұлы ханы Абылай ханның және басқа бірқатар қазақ ұлыларының қабірлері Ахмет Яссауи кешенінің әулісінде орналасқан.

Түрік тілінен аударған Фадли ӘЛИ



МӘҢГІЛІК МАХАББАТ

Арада жиырма жыл өтсе де, Желтоқсан көтерілісінің белгісіз қалған құрбандарының саны жеткілікті. Кейде анау аспандағы жұлдыздардың санына жете алмайтынмыз сияқты, құпиясы әлі күнге ашылмаған көтеріліске қатысты шындық айтылмай, құрбан болғандардың саны да анықталмай қала ма екен деген күдік те көңілді кеу-кеулейді. Бірақ, Желтоқсан көтерілісінің шындығы билікте емес, халықтың қолында екеніне дау жоқ! Белгісіз болып келген құрбандардың арасынан журналист Ерқайрат Дүйімбаевты бірінші кезекте айтқымыз келеді. Тәуелсіздік үшін алаңға барған Ерқайрат Дүйімбаевтан бастап, одан бергі уақыттың ішінде қанша журналист құпия жағдайда қаза болды?! Ерқайрат Тәуелсіздікпен бірге басталған сол қара тізімнің ең басында тұр десек қателеспейміз. Кезінде Қазақ радиосының әдебиет бағдарламасында және «Солдат», «Юридическая газета», «Фемид», «Культура», «Время по...» басылымдарына қызмет еткен, танымал да талантты журналистің алаңда болғанын осы күнге дейін біреу білсе, біреу білмейді... Онымен алаңда бірге болған сүйікті жары Ақмарал Дүйімбаева (Ерқайрат марқұм оны өмір бойы еркелетіп Мара деп атаған!) жолыққанда, сөз бастау екеумізге бірдей қиынға түсті.

Мүшел жастағы сынақ

Қысқа амандық пен таныстықтан соң, Ақмарал әңгімесін бастай алмай қиналды. Оның жанына Ерқайраттың Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болғаны ғана емес, одан кейін оның жоқтаусыз қалғаны көбірек бататын сияқты. «Бұған кім кінәлі?» деген жиырма жылдан бергі сұрақтың да азабы тіпті, оның әр демінен сезіліп тұрғандай болды маған...

Жиырма жыл уақыт өткеннен кейін бұл туралы біреу сұрайды-ау, іздейді-ау демеген едім. Өзіміз де ойламаған жерден басымыздан кешірген сол 1986 жылғы 17 желтоқсан туралы біреуге айтуға мен бата алмайтынмын, – деп үнсіз қалды.

Сонан соң қалтасынан көлемді келген ер адамның қол орамалын шығарды. Бір жақ шеті ойылып, жыртылған жиі жуылғандықтан бұрыш-бұрыштары да жемтіктелген...

Ақмарал қол орамалды үстелдің үстіне ақырын жайды да, маған емес, өзіне-өзі айтқандай дауыспен:

– Бұл Ерқайраттың орамалы, – деді...

Мен хабарласқаннан бергі бір жеті ішінде оның түндерді ұйқысыз өткізгенін сездім. Әңгіме баяу басталып, ұзаққа созылды.

...1986 жылы Ерқайрат пен Ақмарал әлі үйленбеген болатын. Ақмарал мектеп бітірген соң, «Қазақстан кітап саудасында» жұмыс істеп жүрген. Ерқайрат та сол мекемеде уақытша жұмыс істеді. Екеуі сол кезде танысты. Бір қызығы, танысқан күні-ақ Ерқайрат мұны кафеге шақырды. Сол кафеде Ақмаралға әзіл айтқысы келген бір жігітпен Ерқайраттың қатты байланысып қалғаны да есінде. Мектепті жаңа бітірген жас қызға бірден ұнай қоймаған жігіттің мына қылығы неге екені белгісіз – Ақмаралдың көңіліне қатты қонды. Өзін тәлкекке бермеген Ерқайраттың мына ісінен кейін, ол өзін де керемет күшті сезінген... Сол сәттен, сол күннен бастап Ақмарал өзін асқар тауға арқа сүйеп жүргендей қанаттанды. Кейін, арада жылдар өткенде, өзінің де Ерқайратқа Алатаудай сүйеу болатынын ол кезде қайдан білсін!

Кафедегі кездесуден кейін, бұлар жиі жолығып, ұзақ-ұзақ сыр шертісетін. Ерқайрат жұбайынан ажырасқанын да Ақмаралдан жасырмады. Бірақ әңгіме одан әріге өрбіген емес: өйткені екеуіне де Ерқайраттың отбасындағы жағдайды сөз ету ойларына келмейтін...

1986 жылы Ерқайрат мүшел жаста болатын. 37-де. Әдетте мүшел жас кезінде адамның басына, әйтеуір бір сынақ түседі, әйтеуір бір қиыншылық төнеді. Ерқайрат үшін ол сынақ – Желтоқсан көтерілісі болды. Және ол бір күн емес, бір жыл емес, оның бүкіл ғұмырына, сүйікті жары Ақмаралға өмірлік сынақ болды.

Санадағы жаңғырық

Екеуінің де тағдырын біржола анықтаған сол күннің оқиғасы ешқашан ұмытылған емес, өйткені оны ұмыту мүмкін емес! Бірде жай ғана есіңе алсаң, бірде миыңда қар көшкіні жүріп жатқандай, одан қайда қашып құтыларыңды

білмей, айналаң тығырық бір әлемде жүргендей болып, өзінді қоярға жер таппайсың...

Ерқайрат бар естелігін о дүниеге өзімен бірге ала кетті... Ал Ақмаралдың есінде қалғаны, 17 желтоқсан күні бұл әдеттегідей Қазақстан суретшілерінің көрме залына келді. Ерқайрат осында қызмет істейтін. Жұмыста ұзақ отырып қалған оны күтіп, екеуі көрмені түнгі сағат 11-лер шамасында жапты.

– Алаңда таңертеңнен бері жастар жиналып, бейбіт шеруге шығып жатыр екен, біз де барып қолдау көрсетейік, – деді Ерқайрат.

Екеуі қол ұстасып, дәл бір мерекеге бара жатқандай көңіл күйде Фурманов көшесінің бойымен жоғары қарай жүрді. Алаңға жақындаған сайын, бұларға қарсы лек-легімен ағылған адамдар толастамады. Екеуі жол бойы Ерқайраттың таныстарын көптеп кездестірді. Қысқа-қысқа сөйлескен олардың көбі... қашып бар жатты. Қара басының қамын ойласа, екеуі соларға ілесіп жалт беріп, кейін қайтқан болар еді. Бірақ мұндай ой Ерқайратқа келген емес. Оған қарап, бұл да көңіліне ешбір секем алған жоқ. Алаңды жан-жақтан кинокамераға түсіріп жатқаны туралы да кейбіреулер айтты үлгерді. Не нәрсені де өз көзімен көріп, баға беруге дағдыланған Ерқайрат алған бетінен қайтпады.

Өлі есінде, екеуі алаңға тиіп тұрған биік үйдің алдындағы қоршалған шағын алаңқайға көтерілді. Алаңда иін тірескен халықты не шығармай, не кіргізбей тұрған қоршаудан өту мүмкін емес еді. Олар үй жанындағы алаңқайда өздерінен басқа тағы бірнеше жұпты көріп, соларға барып қосылды. Ерлі-зайыпты адамдардың арасында егде тартқандар да бар екенін байқап үлгерді. Өйткені, дәл осы кезде Ақмаралдың көңіл түпкірінен көтерілген қорқыныш бойын мұздатып, төбе құйқасы шымырлап бара жатты. Қаруланған курсанттар мен жасақшылар жолындағы адамдарды адам демей, онды-солды соққыға жығып, өздеріне жол салып, адамдарды таптап, бұларға қарай лап қойып келеді. Ерқайрат мұны қолынан жұлқи тартып, қоршаудан төмен секіруге ыңғай танытты. Биіктік біршама болатын. Төмен қараған Ақмарал ағып жатқан мұздай суды көріп, Ерқайратты кейін тартқаны есінде. Мынандай биіктен секіріп, аяқтары сынбаған күнде де, жолындағысын көзсіз таптаған мына нөпірден құтылмайтындары туралы ой да зымырай зырқырап санасын тіліп өтті. Сапер күректерін алға ұстаған курсант-

тар мен арматурамен қаруланған жасақшылар легі көзді ашып-жұмғанша бұлармен бетпе-бет келгенде... Еркайрат Ақмаралдың басына өзінің бас киімін қалай кигізіп үлгергенін қыздың өзі де байқамай қалды. Курсанттар әр жұпты жеке-жеке қоршап тұра қалды да, ерлерді әйелдерден бөліп алып, аяусыз тепкілей бастады. Қыздар мен әйелдер де соққыға жығылды.

Мұнан әрі бәрі қорқынышты түске айналды...

...Есінде қалғаны, қолдары артына қайырылып байланып, қардың үстінде отырғаны. Еркайрат та бұған жақын жерде, қардың үстінде отыр екен. Бет-аузы қанға бөккен. Әскерилердің балағаттау сөздерінен құлақ тұнады. «Бейбіт адамдарға қол көтергендерің адамгершілікке жатпайды! Әйелдерді соққыға жыққандарың айуандық!» деп айқайлап жатқан әйел даусын естігенде, Ася Сүлееваны таныды.

Ұсталғандардың біразы Әуезов аудандық ішкі істер бөлімінен бір-ақ шықты. Тергеу басталмай жатып, қорқытып-үркітудің небір әдістері, қорлау мен зорлау туралы анайы түрде айтылып жатыр. Екі қатар тұрған курсанттар мен әскерилердің арасынан өткізіп, адамдарды соққыға жығу да Ақмаралдың көз алдынан өтті, өзі де басынан кешірді. Әскерилер бұларды өлген әкесінің құнын қайтарғандай бар күштерін салып, құшырлана соққыға жықты. Аудандық ішкі істер бөліміне түскендердің ішінде сау адам жоқ, бәрі жарақат алған. Бірақ ешкімге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілмеді. Бұл да есінде...

Мұның бәрі көз алдынан өтіп жатқанда, бар ойы «Еркайрат қайда екен?» деумен болды. Бірақ ол аудандық ішкі істер бөліміне жеткізілгендердің арасында болмай шықты. Жауап алар кезге келгенде Ақмаралдың аты-жөнін, мекен-жайын сұрап, мұның ата-анасы шақыртылды. Мүмкін, әкесі Алтынбек Кенжековтің танымал өнер адамы екені ескерілген болар. Басындағы жарақаты таңылмастан, тергеуге шақыртылған қағазын қолына ұстап, ата-анасына еріп, бұл таң ата үйіне жетті...

Үздіксіз тергеулер басталды. Бүкіл «Қазақстан кітап саудасы» мекемесінен көтерілске қатысқан екі адамның бірі – Ақмарал екен. Бірден жұмыстан шығарылды. (Сонан кейін бес жыл бойына мұны еш жерде жұмысқа алмады). Тергеудің арасында Ақмарал Еркайратты іздеумен болды. Қай ішкі істер бөліміне телефон шалса да, «17-18 желтоқсан

күнгі оқиғаға қатысып па еді?» деген күдікті сұрақты бірінші кезекте қояды. Мұнан кейін амалсыз, Ерқайраттың анасына хабарласып, Ерқайраттың Сызғанов атындағы институтта жатқанын білді. Операциядан кейін ауыр халде екенін естіді. Ол жерге кіруге рұқсат жоқ. Ол жатқан палатаға милициядан кезекшілік ұйымдастырылған. Институт директорының сол кездегі орынбасары (аты-жөні өкінішке орай есінде жоқ!) екеуінің жүздесуіне мүмкіндік жасады. Сол күндері ұлты қазақ деген кез келген адамға саяқ жүру өте қауіпті екенін де ол кезде білмейтін. Бірде сондай жасырын кездесудің ыңғайын күте-күте жалыққан соң, өз ойымен өзі болғысы келіп, көп қабатты үйдің ең жоғарғы шатырына дейін шыққаны бар. Түнгі қалаға қарап тұра берер ме еді, соңынан үш-төрт адамның аяқ дыбысы естіле бастады. Олар мұны алғашқы бетте түн қараңғылығынан байқамай өтіп кетіп, кері бұрылғанда, Ақмарал лифтіге кіретін есіктің артына тығылды. Екі-үш орыс жігіті мұны айнала іздеп, жаяу біраз төмен түсіп, қайта оралған кезде, лифт те келіп жетті-ау! Бұл лифтіге тез кіріп, лифт түймесін тез басқаны сонша, жүгіріп келгендер есікті ұстап үлгермей қалды. Жүрегі кеудесін жарып шығардай дүрсілдей соғып, құлағы ешнәрсе естімей бітіп қалғаны сонша, сыртқа шыққанда айналасындағы дыбысты біраздан соң ғана естіп, есін жиыды. Қазірге дейін, мұның бәрі есіне түскенде қорқынышты түс сияқты елестейді...

Қанды Желтоқсанда, алаңда Ерқайраттың бас киімі мұны ауыр соққыдан аман алып қалса, бұл жолы да Алла өзі көмекке келген болар, әйтеуір, тағы бір ажалдан аман қалды.

Бірнеше айға созылған тергеуден соң, Ақмарал мен Ерқайратты тергеу орындары жайына қалдырды десе де болады. Кейін өздері білгендей, екеуінің тергеуде айтқан сөздері бірдей болып шыққан. Мүмкін, сол дәлдік болар, әлде іс қарағандардың арасында әділетті, қазаққа жанашыр біреу болды ма, бұлар жазаға ұшырамады Бірақ, екеуінің бар ғұмырына жететін, Желтоқсан салған жан жарасына ұшырады.

Дүниеде ондай жар жоқ

...1987 жылы 9 қаңтар күні бұлар ЗАГС-ке арыз жазып, 14 ақпан күні Ерқайрат пен Ақмарал шаңырақ көтерді. Қазір Ерқайраттың көзіндей болған Дәнияр биыл мектеп бітірді.

2001 жылы дәрігерлер Ерқайратқа ең қауіпті дерттің диагнозын қойды. Дәрігерлердің айтуынша, бұл дерт бір кезде алған ауыр соққының зардабы болуы әбден мүмкін. Ал Ерқайрат ең ауыр соққыға 1986 жылы алаңда ұшыраған болатын. Мұнан кейін де үміт пен күдік араласқан екі жыл өте шықты. Ол 2003 жылдың тамыз айында қайтыс болды. Ерқайратты Ақмарал өз қолымен жуып, бетіне өз қолымен ақ жапты...

Көзі тірі кезінде Ерқайраттың өзін баладай аялап, қамқор болғанын есіне алғанда, Ақмаралға мұның бәрі бүгін ертегі сияқты. Ақмарал Мәскеудегі полиграфиялық институтқа оқуға түскенде, Ерқайрат кішкентай Дәниярға ешкімді де жолатпай, өзі демалыс алып бағып-қақты. Жас алшақтығына қарамастан, Ерқайрат мұны беталды, жөнсіз қызғанған емес. Бірге ғұмыр кешкен аз ғана он алты жылдың ішінде бір-бірін қабағынан танитын, айтар ойларын бір ауыз сөзден түсінетін. Сонан соң... бір-бірінің жан-дүниесіне көлеңке, кірбің түсіруден қаймығатындары сонша, Желтоқсан көтерілісі туралы екеуі де тіс жармайтын. Сөз етпейтін. Тіпті, қол созым жерде тұрған алаңның маңайын да басқылары келмейтін. Бір-бірінің ойын іштей түсінетіндері сонша, «Барайық!» деген сөзді бір-біріне өмірі айтқан да емес!

...Жақында Ауған жерінде соғысып, елеусіз қалғандар «Отанымыз бізді сатып кетті!» деп мәлімдеме жасады. Мұны баспасөз бетінен оқығанда, Ақмаралдың бар ішкі жан-дүниесі солқ ете қалды... Желтоқсан көтерілісінің қалай болғанын көздерімен көріп, жазықсыздан-жазықсыз аяусыз соққының астында қалып, түнгі алаңдағы жағдай немен аяқталғанын елмен бірдей көріп-біліп, ұзақ жылдар бойы үнсіз бұққан жанайқайларын ауғандықтар жеткізіп тұрғаны рас еді!

Р. С.: Ешқандай қағаз-қаламсыз, диктофонсыз, яғни ресми сұхбат емес, ауызекі әңгімелесуге ғана келіскен Ақмаралдың өтініші бойынша, бар жасайды үшінші жақтан сөз етіп, жеткізіп отырмыз. Ақмарал мен Ерқайраттың некелерін Желтоқсан көтерілісі қиып, тағдырларын біржола табыстырса, табыстыра тұрып, оларды ажал болып ажыратқан да... Желтоқсан демеске амал жоқ. Бар әңгіменің ең өкінішті жері де осы...

КОЛБИНГЕ КӨМЕКТЕСКЕНДЕР БОЛДЫ...

Соңғы кезде баспасөз және ақпарат құралдары арқылы Желтоқсан көтерілісінің 10 жылдығына байланысты көптеген материалдар жарық көрді. Жөн-ақ. Алайда, әңгіме сол оқиғаның «кейіпкері» әрі күнәһары Колбинге ғана келіп тіреледі де, оның идеясын іске асырушылар көз таса қалып, аты-жөндері аталмайды – яғни, шындық түгел айтылмайды деген сөз. Шын мәнінде осы тұста айрықша белсенділік танытып, жастарды қуғынға салған, соттаған, оқудан шығарған лауазымды адамдар аз болған жоқ және олардың көбі сол баяғы қызметінде, биік креслода отыр. Олардың көмегінсіз Колбиннің бір өзі тұтас ұлтты қорлап, намысқа тиер қылмыстар істей алмасы айтпаса да түсінікті. Қыр соңымыздан қалмайтын жаман әдетіміз – мансап иесін лауазымды орында отырғанда сынауға батпаймыз, тек «жау кеткен соң...» батырлығымызды танытуға құштармыз. Сондықтан да кейбіреулер «Күл болмаса, бұл болсын» деп, ойына келгенін істеп, ойқастайды. Ал, шенеуніктер арасында мұндай теріс психология қалыптаспас үшін әрі өздерінің іс-әрекетіне барлық уақытта жауапты екендерін сезініп жүруі үшін әманда дер кезінде сынау керек.

Әңгіме еткелі отырған оқиғамыз Желтоқсан көтерілісіне тікелей қатысты. Ол кезде Алматы сәулет-құрылыс институтында қызмет істеп жүрген едім және осы оқиғадан соң институт өмірінде қандай өзгерістер болғанын, қалай дамығанын жақсы білемін.

Желтоқсан оқиғасынан соң іле-шала институт ректоры С.М.Байболовты орталық баспасөзде барынша қаралап сынап, ақыры жұмысынан босатты да, орнына мамандығы мүлдем сәйкес келмейтініне қарамастан, Геодезия кафедрасының меңгерушісі П. П. Атрушкеевичті қонжитты. Хош деңіз, ректорды ұжым сайлауға тиісті болатын, бірақ жоғарыдан бұйрық келсе не шара!?

Жаңа ректор жаңа сыпырғыдан да өткен белсенділік танытып, құдіретті Колбин артқан «сенімді» толығынан ақтап шықты. Институт оқытушысы Ә. Уақовты жазықсыз соттатқаны туралы мақала кезінде «Казахстанская правда»

газетінің бетінде де жарияланып еді. Өзге оқу орындарына қарағанда Алматы құрылыс-сәулет институты жазықсыз қудаланған оқытушылар мен сотталған студенттер жағынан алда болды. **Солардың бірі – бейкүнә марқұм, аталмыш институт студенті Қ. Рысқұлбеков. Атрушкеевич ректор болып тағайындалғаннан кейінгі қысқа уақыт ішінде ғана 68 оқытушы жұмыстан шығарылып, 360 студент оқудан кетуге мәжбүр болды.** Ректор бас болып боздақтарды соттаған шақта ылғи қаралап мінездеме беріп, алаңда түсірілген суреттер бойынша жүзі таныс студенттерді қауіпсіздік қызметкерлеріне көрсетіп отырғанына бәріміз куәміз. Атрушкеевичтің сенімді адамы, бастауыш партия ұйымы хатшысының орынбасары А.А.Холодковтың кабинетінде жауапқа тартылған талай-талай жастың сағы сынып, жылап шыққаны да шындық.

Институт партия мәжілісінде ұлт кадрларын қуғындап, студенттерді орынсыз оқудан шығарғаны үшін Атрушкеевичтің атына сын айтылғанда, ақталу үшін айтқан дәлелі: «Институттан қанша қазақ кетсе, сонша орыс та кетті» деген бір ауыз сөз. Шындығында, жұмыстан шығарылған қазақтар – профессорлар мен доценттер болса, өзге ұлт өкілдері лаборанттар, майда мамандық иелері-тін әрі олар өз еркімен жұмыстан шығарылған еді.

Институттағы кемшіліктерді айтқаным үшін партия қатарынан қуылып, жұмыстан шығарылдым. Қуғынға түсу қандай ауыр, амал жоқ, араша сұрап СОКП ОК жанындағы партиялық бақылау комиссиясына 1990 жылы: «...**Тех, кто хотя бы раз посмел публично высказаться о его недостатках неотвратимо настигает возмездие, терпеть непослушание в своей вотчине Атрушкеевич не намерен. Мстит своим обидчикам жестоко...**» деп хат жолдадым. Арызым аяқсыз қалды. Колбин кеткеннен кейін-ақ Атрушкеевич демократ болып шыға келіп, депутаттыққа сайлана қалсын. Қандай әдіс-айламен депутат болғаны сол кезде «Егемен Қазақстан» газетінде жазылған. Республикамыз тәуелсіздік алғалы бері ел ұйытқысы бұзылмасын деп шенеуніктерге, соның ішінде басқа ұлт өкілдеріне кешірімпаздықпен қарап, көп кемшіліктерін елемей келеміз. Бірақ, әңгіме ұлтымыздың ары мен намысы ту болып желбіреген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жөнінде болып отырғанда

бұдан әрі мұндай жалпақшешейлік жараса бермес. Империя кезіндегі құлдық психологиядан арылып, әркімнің істеген ісіне орай баға берілгені жөн.

«Түркістан»,
16-24 желтоқсан 1996 жыл.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН ЖОЛ ЕДІ

Мен ол кезде ауыл шаруашылығы институтының малдәрігерлік факултетінің екінші курс студенті едім.

Д.А.Қонаевты ешқандай құрмет, ілтипатсыз орнынан алғандығы туралы суыт хабар жарылайын деп тұрған жараның бетін тырнағандай болды. Менімен бір бөлмеде тұратын жігіттер: менімен аттас Омаров Ерлік Сәлімұлы, Әбдіқаев Беглан, Молдабаев Саят, көрші бөлмеден Бейсенбаев Ерлан және Тоқан (фамилиясы есімде жоқ, Жамбыл облысының баласы болатын) сол күні түнімен әркім өз ойымызды ортаға салдық. Біздің халықты төменгі сатыға теңегені, шахматтың пешкісіндей көріп, кемсіткені ашу ызамызға тиді. Сол кезде Тоқан бөлмеде ақ төсенішті столға жайып, жігіттер ұран жазайық деді. Мен ары ойланып, бері ойланып, «біз көшпенді халықпыз, көшпенділердің көсемдері болады, оны халық өзі сайлайды, сондықтан «Әр халыққа – өз көсемі» деп жаз дедім. Сол сөзді Тоқан матаға түсірді.

Таң атты. Жиналып астына түссек, декан бастаған ұстаздар тобы есіктен шығармай тұр екен. Сол сәтте жатақхана коменданты Алик деген жігіт пен біздің студенттер кеңесінің төрағасы Ерлік Сәлімұлы бізге ақырын келіп «подвалды ашық қойдық, сол жақпен шығындар» деді. Подвалдан мен, Беглан, Саят, тағы аты есімде жоқ, ол да кейін оқудан шығып кеткен бір мұртты жігіт – төртеуіміз шығып үлгердік. Қалғандары шыға алмай қалды.

Содан төртеуіміз алаңға қарай бет алдық. Сол кездегі Агропром ғимаратының шығыс жағына келіп тұрдық. Жұмысқа бара жатқан орыс әйелдері бізге бажырая қарап, Агропромның ғимаратына кіріп жатты. Менің қасымдағы Беглан қысылып, «ешкім жоқ, қайтайық» деді. Мен оған көнбедім. 15-20 минуттан кейін фонтанның төмен жағынан

20-30 адамның қарасы көрінді. Олар бізді көріп, жоғары қарай өрледі. Біз де оларға қосылдық.

Қатарымыз кәдімгідей көбейіп қалды. Бәріміз трибунаның алдына келдік. Бізді дереу курсанттар қолдарын айқастырып қоршап алды. Соның арасында Сәтбаев көшесімен қолдарына «Демократия» деген жазуы бар ұран ұстаған топты көре салып, біздер курсанттарға қарсылық көрсетіп, оларды қуалай бастадық. Сол топ бізге келіп қосылды. Сол жерде Тоқан өзіміздің ұран жазылған матаны қойнынан шығарғаны сол еді, ол қолдан-қолға кетті.

Алаң жастарға толды. Сол уақытта трибунаның алдына оператор келіп, бізді суретке түсіре бастады. Қастарындағы Мұқашев деген кісі бізді кіші алаңға жиналуға үгіттеді. Қолында рупор ұстап алған. Біз оған келіспедік. Біраз уақыттан соң адам саны көбейді. Біз адам санын одан әрі көбейту үшін шеруге шықпақ болдық. Сонымен бір топ Жазушылар одағына жол тартты. Ал біз оқудың қара шаңырағы ҚазПИ-ге бет алдық. Сол кездегі Ленин көшесімен біз төмен қарай келе жаттық, қолымызда ұран жазылған плакаттар. Көшедегі автокөліктерді жолдың шетіне ығыстырып, жол ашып отырдық. Панфилов паркіне 100 метрдей қалғанда кішкене ғимараттың табалдырығынан егделеу, зор денелі бір кісі тұрып, екі қолын жоғары көтеріп, бізді қолдағанын көрсетті. Әлгі ғимараттың алдынан өтсем осы күнге дейін сол адам көзіме елестейді.

ҚазПИ-дің бас ғимаратына келсек, милиция қызметкерлері толып жүр. Достық пен Қазбек би көшелерінің қиылысында бізді суретке түсіріп жүрген машинаны байқап қалып, терезесін алақаныммен ұрғаным есімде. Одан әрі Гоголь көшесімен жүргенде жол-жөнекей «дүкен сөрелеріне тас атпаңдар, жоламаңдар» деп бір-бірімізге айтып жүрдік. Сөйтіп ЖенПИ-дің Гогольдің төмен жағындағы үлкен қос жатақханасына келсек, есікте милиция қызметкерлері тұрғандықтан ешкім есіктен шыға алмай, балконға барды... Сол кезде арамыздан Айтжанов Қуат деген курстасым есікте тұрған милиционер орыс жігітін итеріп тастап, есікті бұзып ашты. Қыздар сыртқа шыға бастады. Қасымда тұрған Мұқашев бізді тағы да кіші алаңға үгіттеді. Біз оған көнбей бүгінгі Байтұрсынов көшесімен жол-жөнекей адамдарды ілестіріп, алаңға қайта келдік. Трибунаның батыс

жағынан курстасым Бейсенбаев Ерланды кездестірдім. Сол жерде бірнеше милиционерлер: «Ауылдан келіп алып, құтырдындар. Сендерге не жетпейді?» деген сөздер айтты.

Камалиденов бастаған топ трибунадан бізге «тарандар, айтпесе күш қолданылады» деп қорқытты. Бейбіт шеруге шыққан біз одан әрі өршеленіп кеттік. Біраз уақыт өткен соң қолдарында әйнек қалқан, шоқпар (дубинка) ұстаған бәрі бірдей еңгезердей орыс солдаттары бізді ұрып-соға бастады. Қыздардың ащы дауыстары естіліп жатты. Соққы бас-көз демей, құлақ, шекеден тиіп жатты... Бейбіт шеруге шыққан біздер осылай соққыға ұшырадық.

Кеш батып, жатақханаға қарай жылжыдық. Сәтбаев пен Держинский көшелерінің қиылысында әскери үш машинаны балалар істен шығарып тастапты. Сол жерде бір курстасым милицияның ала таяғын қолына ұстап айналдырып жүр екен. Мен оған таяқты таста, бәле боп жүрер дедім. Бірақ ол керек қылмады.

Жатақханада таңға ұйықтамай сақ отырдық. 18 желтоқсанда таңертең ректор бастаған топ бізді жатақхананың оқу залына жинап алып жиналыс ашты. «Бұл Қазақстанды кім басқармады? Голощекин, Мирзоян...» Қойшы, әйтеуір тізбектеп жатыр. «Шаяхметов те басқара алмады, қазақты қазақ басқара алмайды» деп намысқа тиетін сөздер айтты...

Жиналыстан соң сыртқа шығайық десек есік тарс жабық. Сыртта шығындар деп айқайлаған дауыстар шығып жатыр. Есікті тепкілеп әкетіп барады. Вахтада тұрған институттың шаруашылық жөнінен проректоры «есікті сындыратын болды, ашындар» деді. Есік ашылысымен біз сыртқа лап қойдық. Шыға салысымен, біз сияқты қамалып отырған балалар бар шығар деп политехтың жатақханаларын аралап шықтық. Жатақханалар қаңырап тұр екен.

Сәтбаев пен Сейфуллин көшелерінің қиылысында ГАЗ-52 маркалы машинасын балалар тоқтатып қойыпты. Жан жағы айқара ашық тұр. Үстінде ұсақ-түйек темірлер жатыр. Қолға ілетіндей үлкен зат жоқ. Ұзындығы 30-40 см жіңішке темір тауып алып алаңға бармақ болдым. Сол кезде бір қыздың «Қорқақтар» деген ащы дауысын естіп, намыстанып алаңға қарай бет алдым.

Мир мен Сәтбаев көшесінің қиылысында қалқан ұстап алған әскерлер жолды бөгеп тұр екен. Ол жақтан кіре ал-

май, байланыс техникумы арқылы ішке өрледім. Алдымнан балалар шықты. Араларында бірінші курстың студенті, жаңылмасам аты Серікқали, соны көрдім. Мен шегінбеңдер деп айқайлап тұрғанда, бір орыс милиционері менімен жағаласа кетті. Екеуіміз алысып жатқанда, тағы 5-6 милиция келіп киімімді түріп тастады. Мені сүйреп көшенің арғы бетіне алып шықты. Үкімет үйінің батыс жағында тар алаңда бізді тепкіге салып, тізімге ала бастады. Мен аты-жөнімді өзгертіп айттым. Содан кейін бір милицияның қараңғы машинасына әкеліп тықты. Бір-бірімізді көрмейміз, бірақ сөйлесіп барамыз. Қасымдағы жігіттерді сұрастырсам, Зоовет институттың қысқы сессияға келген сырттай оқитын бөлімінің жігіттері екен. Машинаның бет алған бағытын шамамен бағдарлап қоямын. Қасымда біздің институттың 1 курс студенті уайымдап отырды. Мен оған қайда апарса да бірге боламыз, не көрсек те бірге көреміз дедім. Сонымен бізді Каргалинканың трассасына екі-екіден әр жерге түсіріп кетті. Менің қасымдағы 1 курс студентінің басы жарылған, аяғынан жүре алмайды, үстіміз қан, киіміміз жыртылған. Мен оны сүйемелдеп «Орбитаға» келе жатқанда жолдың шетінде әскери шенді адамды көрдік. Ол жолдың шетіндегі УАЗ машинасының қасында тұрып, бізден көз алмай қарап тұрды. Біз тасалап биік үйлердің арасына кіріп кеттік. Үйлердің арасымен аялдамаға келіп, сол жерден автобуска отырып жатақханаға оралдық...

Желтоқсан оқиғасы мұнымен бітпеді. Жеген таяқтан бүйрек тұсым және қос қолдап ұрғаннан құлағым ауырып жүрді. Ауруханаға барып қаралудан қорықтым. Ол жерде бізді біреу андып отырып ұстап алатындай сезіндім. Нағыз азап күндер енді басталды, күнде тергеу, қорқытып, үркіту. Осындай сорақылықты мен сияқты талай қазақ баласы көрді. Қара көз қарындастарымыз бен аға, інілеріміз солақай саясат кесірінен мүгедек атанды.

Бір күні институттың актив залына жиналындар деген бұйрық келді. Біздің курс дереу жиналды. Трибунада органның келген егде екі орыс азаматы отыр екен. Алдарында, аты есімде жоқ, біздің курста оқитын Жаркенттің баласы тұр. Сөйтсем әлгі жоғарыда айтқан милицияның ала таяғын ұстағаны үшін мәселесін талқылап жатыр екен. Менімен группалас қыз Еркенова Марал трибунаға шығып, жігітті

арашалап сөз сөйлеп, көзіне жас алды. Отырған бәріміз қыздың сөзіне қосылдық. Сөйтіп шулап жатып әлгі баланы арашалап қалдық.

Тағы бір курстасым өзіммен алаңда бірге жүрген Бейсенбаев Ерлан желтоқсан оқиғасынан кейін ол комсомол комитетінің хатшысымен аралары жақсы болмай, пәтер жалдап жатақханадан шығып кетті... Қасында Әлібек, Қошпан деген балалар бірге тұрды. Оларды бір күні кешке милиция басып алып кетіпті. Қошпан келіп бізге болған жайды айтты. «Бізді бір қазақ прокуроры қатты тергеуге алды, столдың үсті толған сурет. Сенің де қырыңнан түскен суретіңді көрдім, бірақ мен танымағандай болдым» деді. Ерланды алып қалып, қалғандарын жіберіпті.

Кейіннен Ерланның соты болды. Сотқа барған балалар кіре алмады. Сөйтіп Ерлан сотталып кете барды. Соғыс ардагері әкесі, көп бала тәрбиелеп өсірген анасы Жазушылар одағына барып, Олжас Сүлейменовтың көмегімен, екі жылдан соң ақталып келді. Ол кезде біз оқуды бітіріп жатқан кезіміз еді. Оны көріп, қайта қауышқанымызға риза болдық.

Желтоқсанның жемісі – тәуелсіздігімізге он бес жылдың жүзі болыпты. Осы жас тәуелсіздігімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай аялап сақтауға біз әлі де мүдделіміз. Осы тәуелсіздікпен құрдас өзімнің ұлым бар. Осындай жеткіншектерді Отан сүйгіштікке патриотизм рухында тәрбиелеуге біз міндеттіміз.

Желтоқсан жаңғырығы әлі де санамызда. Ол сол кездегі қазақ жастарының ар-намысын, мұқалмас жігерін айғақтап



тұрғандай. Аяз бен суықты елең қылмай мұзды алаңда шырқалған «Менің Қазақстаным» әні бүгінде тәуелсіз мемлекетіміздің әнұранына айналды. Желтоқсан оқиғасына арналып ескерткіш тұрғызылды. Империяның бұғауын жарып шығып, Тәуелсіздікке бастар жолға нұсқаған Желтоқсан көтерілісін жасап тарихтағы үлкен миссиямызды орындадық. Қамал бұзылып, алда жарық күн нұр шашты. Бүгінде елімізді әлем таныды. Алайда елімізде адам құқығы, ұлттық құндылықтар сияқты дүниелер қазақ хақына ауадай қажет. Бірақ қазақта «көш жүре түзелер» деген сөз бар емес пе. Әрбір қазақ елге, руға бөлінбей осы ортақ мүддеге ат салысса нұр үстіне нұр болар еді.

*Ерлік ОМАРОВ,
Алматы қаласы.
18. 09. 2006 жыл.*

«ЖЕЛТОҚСАН – БІЗДІҢ ТАҒДЫРЫМЫЗ»

дейді Ертас Отарбаев

17 желтоқсан күні өзі ерекше күн болды. Естіген жаңалық қай-қайсымызды да сең соққан балықтай есенгіретіп тастады.

Түстен кейін, ол уақытта жүріп жүрген қызым ғой, солар жұмыс істейтін цехта темір келтектер жасатыпты. Бір кезде бізді шақырып басымызды қосты да: «Мынадан бір-бірден алындар. Көшеге шығып, елдің шырқын бұзған жастарды жөнге келтіресіңдер. Олардың кім екенін бәрің де естіп жатырсыңдар ғой. Балабақшаларды қиратып, сәбилерді қырып жатыр дейді. Бұл маскара жағдайды түсініңдер. Бүйте беретін болса, әрқайсымыздың үйді-үйімізге келіп, сойқан салады. Сол үшін алдын алу қажет», – дейді. Қарап тұрсақ, бізді үгіттеп тұрғандар шетінен көккөз ағайындар екен. Апыр-ау, ішінде емге бір қазақ болсайшы!

Қазақ жігіттерінің ішінде де бетің бар, жүзің бар демей айтарын айтып салатын айбатты азаматтар аз ба? Солардың бірі: «Сендер не деп тұрсыңдар? Бізді өйтіп бұзбаңдар! Ондай айтаққа еретін ит емеспіз. Біз жұмысқа келдік пе, ендеше осында боламыз. Еш жаққа шықпаймыз. Ешкімге қарсы тұрмаймыз», – деп еді, қалғандарымыз қоштай жөнелдік.

«Егер жұмыс болмаса, жатақ орнымызға барып тып-тыныш жатармыз», – дедік.

Сол уақытта Киров заводында еңбек ететін жұмысшы қазақтар аз. Әрбір цехта алты-жеті қазақтан ұшырасса, ол да жаман емес. 180-200 кісінің көп бөлігі орыс ұлтының өкілдері. Алматыны жайлап алған, жалақысы жоғары, жайлы орын, үйді де береді, басқа да жағдайларды жасайды. Қазақтар енді-енді қалаға үйіріліп жатыр. Бізден бұрынырақ келгендердің бастан кешкен машақаты жетеді. Үйдің кезегіне де «бес жылдан кейін» деп, шектеп кешеуілдетіп қояды. Одан кейін сырғытудың тағы да бір сылтауын табады. Енді үй алудың реті келе қалса, қазаққа не бірінші, не ең соңғы қабаттан тиеді. Соған да шүкір дейді. Қайран қазағым өте қанағатшыл, көнбіс халық қой. Келімсек ұлттар соны малданып басынады. Әредікте басымыз қосыла қалса: «Бұл не сонда? Қаншама цех бар, заводтың әкімшілігі бар, ішінде бір ауыз толтырып айтатын қазақ жоқ. Сонда біз қай мемлекетте еңбек етіп, тірлік кешіп жүрміз?» дейміз ағымыздан ақтарылып. Осы ішкі наразылығымыз қосыла берді, қосыла берді. Мәселен, мен жұмыс істейтін цехта бес-алты қазақ болсақ, бәріміздің атқаратын шаруамыз – станокқа май құю. Осы да жұмыс боп па? Бізді қолымыздан келетін, одан тәуірірек жұмысқа неге көтермейді? – деймін мен. Индустриялық техникумда оқып, диплом алып келгендерді мастер етсе болмай ма? Қарап отырсам, арамызда сауатты, қабілетті жігіттер жетеді. Сөздері де бар, іскерлігі де бір бойынан табылады. Осы сөзімді біреу ұнатты, біреу ұнатпады. Өйткені мен бұған дейін темір жолда істеп, біраз өмір көрген, ысылып келген азды-көпті тәжірибем бар еді. Орыс ағайындарға жақындау жүретін, ішіміздегі әңгімені «дос қой» деп айтып қоятындар да ұшырасты. Не десе, о десін, мен ақиқатын айтып жүрдім. Сөйтіп буырқанып-бусанып жүргенімізде сексен алтының 17 желтоқсаны жетті.

Күндізгі жұмыстағы бастықтардың тірлігі анау. Бір құлағымыз сыртта боп елеңдеп жүрген бізге: «Алаңда қырғын боп жатыр. Бүкіл қаланың студент жастары, жұмысшы қыз-жігіттері сонда. Не істейміз?» деді бәрін көзімен көріп келген бір жігітіміз. «Бізге не жорық? Не бітіріп отырмыз? Ол жақта қазақ жастарын аямай жатса, біздің бүйтіп жылы бөлмеде жантайып жатқанымыз жарыспас», – дедік бір-бірімізді

қолдап. «Алтын бастың амандығы жақсы. Ұрыс-шайқассыз, ақылға жүгінейік. Бұл қазақтың талабы жөн ғой», – деді тағы біреу. Сонымен, барайық деп шештік.

Алаңға төрт жігіт бардық. Барсақ, алаң дүйім елден иіліп тұр. Суырылып шығып сөз айтқандардың дені: «Арандатуға ермендер. Тып-тыныш, айқай-ұйқайсыз, төбелессіз талабымызды айтып тұрайық. Тапжылмай бір күн тұрайық, екі күн тұрайық. Күн тұрайық, түн тұрайық, кетпейік. Біз жалғыз емеспіз. Үш күннен асса, өздері де шыдамай, біздің дегенімізге амалсыз құлақ асады», – дейді. Бірақ, бұған жеткізбеді, отты өздері тұтатты. Елді еріксіз ашындырды. Бір шеттен үш бірдей сушашқыш – өрт сөндіргіш машинасын жіберді. Үшеуі жайындай жүзіп, суық суын жолын дағы адамдарға атқылап келеді. Содан арғы жаққа өтіп, кері қайтқанда бөшкесіндегі суы таусылып қалды. «Жігіттер, мыналар тағы да суға барады. Бұларды жібермейік!» – деген сөзге еріп, үстілеріміз малмандай боп машиналарға қарай жүгірдік. Екеуі шығып үлгерді, ал үшіншісінің терезелерін таспен атқылап, тоқтаттық. Жүргізушісі тұра қашты...

Қалың ел алаңға қайта ұйлықты. Сол кез бір шеттен милицияның бір «Волгасы», артынан ерткен «ППМ» машинасы, «жедел жәрдем» машинасы бар, халықты жара-мара алаңның қақ ортасын кесіп келеді. Сол кезде бір жақтан ызалы, ашынған дауыс естілді. «Әй, жігіттер, ағайындар, бауырлар! «Жедел жәрдем» машинасын өткізіндер, ал ана екеуін ұстандар» дейді. Жан-жақтан анталай ұмтылған кезде, былай сытылып шығамын деген «ППМ» машинасы жиекте өсіп тұрған шыршаның екеуін қирата-мирата өгіп, үшіншісіне барып тұмсық тіреді. «ПАЗ-ик» машинасы ғой, есігін ашып қалсақ, бес-алты милиционер отыр екен. Бізді адамсың ба, итсің бе демейтін «дөйлерге» не істейік, үшеуі алды-артына қарамай қашып үлгерді де, үшеуі қолымызға түсті. Ашулы жұрт оларды қайтып мұнда келмейтіндей етіп сабады. Ал, машинаны отқа орадық. Сол уақытта... Иә, арада жиырма жыл өтті ғой, енді несіне қорқайын, тіпті әлемге үрей ұялатқан Кеңестер Одағының өзі де жоқ қой!.. Кабинасын ашып жіберіп, бардачогынан майлы шүберекті алып, бағындағы майға бір малып, шырпымды жақтым да жібердім. Соны жасаған – мына мен!.. Машина лапылдап жанды. Біз соның шуағында біраз кептірініп, жылы-

нып, әл жинадық. Қайтадан шайқасқа түстік. Әй, ол күнгі қақтығыстарды, жан беріп-жан алысқан айқастарды айтып шығу мүмкін емес шығар...

Бір есімде қалған оқиға: алаң қуатты прожектордың жарығымен жарықтандырылып тұрғанда артымыздан «уралаған» сарбаздар қуалауға шықты. Дүрліккен ел, айқасарға жөні түзу қару жоқ, төмен қарай Фурманов көшесімен қашып барамыз. Біраз жерге дейін жеткенде, артыма қарасам, бес-алты солдаты бар офицер таяп қалыпты. Менің қалтамда тасым бар болатын. Тоқтай қалдым да алдында резеңке сойылын ыңғайлап жұтынып келіп қалғанан көздеп бір-ақ ұрдым. Анау шалқасынан түсті. Сол кезде: «Жігіттер, қашпандар, бері қайтыңдар!» – деп бар дауысыммен айқай салдым. Құлағанды қалдырып, солдаттардың бәрі кері қарай тұра-тұра қашты. Мен құлағанның қолындағы ұратын шокпарын алып, енді бір сойқанды салайын деп алаңға қарай бара жатыр едім, москалдау келген бір аға: «Айналайын, қолыңдағы сойылды маған берші. Өзің ортаға кірмей-ақ кой», – деді. «Жоқ, аға, мыналар қарусыз елді жамсатып бітірді ғой, енді мен көрейінші олардың әуселесін», – деп едім, алдыма тізерлеп отырып алды... Кім біледі, андып жүргендер көп, араңдап қалмасын деп аяды ма, әйтеуір қолымдағы қаруды алып алды. Бұл резеңке емес, қатты темірден жасалған, бірақ ұстауға жеңіл құрал еді.

Одан кейін де отты алаңға талай кірдік. Көп машина өртенді. Несін жасырайын, соның төртеуіне қатыстым. Бәрі бізді күйдіргеннен кейін ұлтымызды басынғаннан соң болған қарсы әрекет емес пе? Адам ашумен не істемейді? Ақылмен де тұрдық қой. Айтылмаған сөз қалмады. Арада елшілер жүрді. Олар жақтан келгендер, мінберге шыққандар өз тілінде сөйледі. Қазақпын деген Басаров сияқтылардың аузынан «Жатаққа қайтыңдар! Жаман болады, қару қолданамыз! Соттаймыз...» – деген сөздер ғана шықты. Прокуроры да, министрі де, секретары да соны айтты. Тек қана жазалау, аямау – айтатындары... Соның өзін де ұқпады ел. Елдің арасында түн ортасы ауғанша жүрдім...

Ертеңінде жұмысқа кешікпей бардым. Таң атпай айқай-шу басталыпты. Бес-алты қызымыз қолға түсіп қалыпты. «Жоғары жақтан талап етіп жатыр, құртыңдар деп жатыр» дейді бастықтар бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай.

Сонда айтатын уәждары орнықты болса-ау, шіркін! «Сендер өкіметке қарсы шықтыңдар. Партияға қарсы шықтыңдар. Советтер Одағын құлатқыларың келеді» – дейді. Олардың кейбірі жұмыста жоқ, бірақ содан қарамай алаңға барғандарын жақсы біледі. Әсте таң атпай милициядан ба, аудандық партия комитетінен бе телефонмен хабарлап қойса керек. Біз күндегі әдетімізше бір минут та кешікпей цехта болдық. Бәрі жып-жылмағай... Күдік алатын ештеңеміз байқалмады...

17-18 желтоқсан күндері аңду, тексеру күшейді. Жатақханалардың есіктері түні бойы милицияның бақылауында болды. Кім келді, қайдан келді, қалай келді – аңдып отырып, ұстап алады. Бәрін құжаттайды. Біз солай екенін біліп, терезеден түсіп, аман қалдық. Екінші қабаттағы жігіттер төсеніш матамен жоғары тартып, кіргізіп алды. Бөлмеге кіріп, аяғымды шешіп, төсегіме жақындай бергенде сырттан тарсыл естілді. Бес-алты адамның ұзын дәлізбен жанұшырып, ұстап алайық деп жүгіріп келе жатқаны көрініп тұр ғой. Сол күйі одеалымның астына оранып жата кеттім. Есікті аш деген де жоқ, сырттан керзі етікпен күштеніп бір тепті. Ілгегі жұлынып, шалқасынан ашылған есіктен екпіндеп кірген олар бәріміздің төсегімізде ұйықтап жатқанымызды көріп, «бәрі орнында екен» деп шығып кетті. Бәрі басқа ұлттың өкілдері. Қолдарында темір таяқтары... Сонда құдай сақтады. Егер жамылғымды көтеріп қалса, онда, сөз жоқ, ұсталып едім...

«Құдай мені сақтады-ау! – деймін жұмыста жүріп. – Әйтпесе мен де көптің бірі емес пе едім?» Мысалы, екінші күні барған жатақханадағы жігіттердің он алтысы жұмысқа шықпай қалды. Олар үшінші күні де, оныншы, жиырмасыншы күні де жұмысқа келмеді. Сонда олар қайда кетті? Солардың бірі Берік деген жігіт. Ол өскемендікпін дейтін. Мен бұл жөнінде бұдан бұрын да газет жігіттеріне айтқанмын, бірақ олар жазбады.

17-18 желтоқсан – қаны бар қазақтың ызасы қайнаған күндер ғой. Алматының Жаңа алаңы – соның буырқанған нүктесі болды. Егер намысы үйде жатуға дес бермеген, қызметінде отыра алмаған, аудиторияларға көгендей алмаған қазақ қыздары мен жігіттері болмаса, Желтоқсан көтеріліс болып күллі әлемді алаңдатпас еді. Көтеріліс, қанды

қақтығыс болмаса, әрине, адамдар күйзелісі, материалдық шығындар болмас еді. Біз секілді қатысушылары төрт машинаны өртетуге қатыстым, қақтығыстардың қақ ортасында жүрдім деп айтпас та еді. Бұл мақтанатын да нәрсе емес. Бірақ, сол кездегі жүйе, іріп-шіріген билік машинасы бізді осылай етуге еріксіз итермеледі. Бізде өз-өзімізді ұстайтын, одан әрмен тұншықтыра беретін әддіміз қалмады. Содан кейін халықпен бұлай ойнауға болмайтынын, ұлт мүддесіне мұрын шүйіру өзін біліктімін, жанашырмын дейтін билікке жараспайтынын есіне салдық. Бұл бір кездері қылмыс саналса, енді уақыт өзгерді. Желтоқсанға берілген көтеріліс деген атау орныға бастады. Алаңда атоялаған жастарымыз, оларды арашалауға араласқан аға, апаларымыз мемлекеттік марапаттарға ұсынылып жатыр. Әрине, осыдан кейін болған-қойғанды ашық айтудан несіне жалтарайын?!

Мен осыған дейін төрт машинаны өртеуге қатыстым десем, тыңдаған кейбір кісілер:

– Сонда сен қалай аман қалдың? Жұртты жаппай ұстап, жазалады. Қайтіп ұсталмадың? – дейді сенер-сенбестерін білмей.

Әрине, сену-сенбеу елдің еркі. Ақиқаты әлгіндей. Ал, енді ұстай алмаса, ол жағы сол кездегі тергеу-тексеру жүргізгендердің ісі. Менің бақытым – ұсталмағанымда. Біреулеріне осылай десем, енді біреулеріне:

– Сонда қалай, сеніңше? Мен мақтанып, «төрт машинаны өртеуге қатыстым, мынадай-мынадай қақтығыс оқиғаларында қатысып, мұнша әскерді шоңқайттым деп, өз-өзімді ұстап беруім керек пе?» – деймін.

Иә, қалай дегенде де Желтоқсан – біздің тағдырымыз. Бүгінде сонымен мақтанамыз. Керек кезінде көшеге шыққанымызға, алаңда жиналған ондаған мың елмен бірге қазақ халқының талап-тілегін қасқайып тұрып айтқанымызға марқаямыз.

Қанша қудалау, қаншама қыспақ болса да ел елдігін жасайды. Арада өткен жиырма жыл аралығында өз басым соған куә боп жүрмін. Халық тағдырымен, ұлт мүддесімен санасу керек дейді менің де, оның да, бәрі-бәріміздің жұдырықтай жүрегіміз...

Жазып алған Сұлтанғали ҚАПАТАЕВ.

ӨМІРІМІЗДІ ӨКСІТТІ...

Алаңда қолға түстік. Бәріміз ұрылған-соғылғанбыз. Біреуінің көзі көгерген, екіншісінің басынған аққан қан маңдайына қатып қалған. Ана жерге апарамыз дейді, орын жоқ. Мына жақтың қамайтын жерін сұраса, тағы да апарған адамдарды сыйдыра алмай жатыр. Содан не істейді, қаланың сыртына қарай әкетті. «Өжеттің жанынан өтіп бара жатқанда: «Жігіттер, мені осында қалдырып кетсеңдерші», – дедім. «Енді шықпайсың ба?» – деді. «Шықпаймын, ертең жұмыс қой», – дедім.

Содан үйге қарай кетіп бара жатсам, қалада жұмыс істейтін ауылдың жігіттері түнгі кезектен қайтып келе жатыр. Бетім ісіп кеткен, басымда үлкен жара. Даусым да өзгеше шыққан шығар. Олар мені танымай қалды.

Үйге сүйретіліп әрең келдім. Жаттым. Сол жатқаннан екі күн орнымнан тұра алмадым. 19-ы күні қиралаңдап жүруге жарадым-ау. Емханаға баруға тура келді. Енді жұмысқа бірдеңе деу керек қой. Ем жасайды, қағаз береді деген дәрігерім:

– Ничего было на площадь ходить, – дейді. Сөйтті де мүлде қарамай қойды. Бір боқтадым да кеттім.

Не болса да жұмысқа барайын дедім. Абай даңғылы мен Бауман көшесінің қиылысында аялдамада тұрғанбыз. Қызыл жағалы солдаттар мен милиционерлер қасымда топтанған қазақ жігіттеріне қарай тұра ұстылды. Бірін де ұстай алмай, қайта айналып аялдамаға келді. Тып-тыныш тұрған маған жармасып, машиналарына салып алды. Қанша қарсыласқанымға қарамай күштеп мінгізді. Содан Әуезов аудандық ішкі істер бөліміне әкелді. Кімсің? Қайдансың? Бет-аузыңа не болған? Қойшы, әйтеуір сұрайтын сұрақтары көп. Бірінен кейін бірі қыспаққа алып, кешкі тоғызға дейін ұстады. Арасында айтпайтындары жоқ. «Своего архара хотели посадить» – дейді. Бірінші хатшылыққа өз қазақтарыңды қойғыларың келді дегені ғой. Ұрғанына да, тепкеніне де көндім. Қарсыласып абырой табасың ба, одан бетер тепкілейді. Түп-тура палачтар ғой олар. Тергеушілері бұл

жақтың кісілері еместігі көрініп тұр. Бұрын да жазып алған мекен-жайымды, жұмыс орнымды тағы да қайталап жазды. Барар жер-басар тауымның қайда екенін құжаттарымнан нақтылады. Қараңғы болғанда бір-ақ жіберді. Оңымнан да, солымнан да суретке түсіріп алып қалды. Сөйтсем соңыма шырақ алып түскені екен бұл. Маза бермеді-ау!

1987 жылдың 7 қаңтары күні таңғы сағат бесте есікті тарсылдата соғып бір кісілер келді. Сөйтсем, МХК-ның мықтылары екен. Әлі де жарақаттарым жазылып бітпеген. Ет қызумен білмеген болуым керек, кейін сырқырап ауырып шыдатпайтын жерлерім көбейді. Жұмыс жайына қалған. Ұйқы қашқан. Түнімен дөнбекшимін. Денем ауырып шыдатпайды. Міне, сондай жағдайда түрмесіне тықты. Тыныстайтын ауасы жоқ, тас қабырғаның арғы жағына бір кірген адамның шығуы қиын екен. Ұру-соғу, тергеу-тексеру. «Қанша машина өртедің?» дейді. «Қанша солдатты жарақаттадың?» дейді. «Мүмкін өлтірген орыстарың да бар шығар» – дейді. Не керек істеген қорлықтары қалмады. Әуелгіде шыдап бағып, артынан өз-өзімді ұстай алмай қарсыласатынды шығардым. Содан соң-ақ жазалауды күшейтті. Бәрі жабылып тепкілеп, қол-аяғымды байлап-матап тастайтын болды. «Целинный» кинотеатрының жанынан қанша өтсек те, ол маңда адамды қорлайтын осындай орын барын кім ойлапты. Сөйтсем, нағыз тамұқ сонда екен. Подвалында жоғарыдан өтетін қара құбыр бар. Торлы темірмен мені көтеріп, екі қолымды соған асып байлап қойды. Оңбағандар «жыны басылсын» деген болу керек! Содан салбырап тұрдым. Тұрғаны не, аяқ жағым, тіземнен төмен жағым ыстық батареяға тиіп тұр. Біп-ыстық. Кемі сексен-тоқсан градустық ыстық қой ол! Оларға да керегі сол, есімнен танып қалсам да, солай қорлаған. Тиген жерлердің бәрі күлдіреп күйіп қалған. Еттерімнің пісіп кетпегеніне тәубе деймін! Әйтпесе, мен өстіп жүре алар ма едім? Батарея күйдірген денемнің бәрінде өмірі өшпейтін із – тыртықтар қалды.

Ал, оған дейін ше? Есіме түссе әліге дейін денем түршігеді. Ұйқыда жатсам, шошып оянамын. Себебі, күйіп қалған жерлер жара болып жазылмай, жүре алмай, не орнымнан жөндеп тұра алмай қиналдым-ау... Дәрігерлерге барғанда олар атып жібере жаздайды. «О, декабрист» – дейді. Ауырып, шыбын

жаныңның шырқырағанына қарамайды, қатып қалған дәкені тартқылап... Ой-ой айтуға аузым бар-майды-ау, бармайды... Иттер-ай, иттер десейші!.. Ыза болып, менде мың жылдық өші бардай қинайды... Қашан майлап, қайта таңып біткенше бір-бір өліп тірілетін едім...

Түрмедегі азапты күндерім осылай өтті ғой.

Ешкімге жолықтырмайды. Сырттан хат-хабар алдырмайды. Адвокат деген жоқ. Айтсаң, «саған оның не қажеті бар, сен қылмыскерсің!» дейді...

Қысқасы, мен үшін жүргізілген тергеудің түрі осылай болды.

Он шақты күннен кейін бір қазақ тергеуші әке-шешемді ертіп келіпті. Әсте Жамбылдан алдырылған тергеуші-ау деймін.

– Міне, әке-шешенді көріп отырсың. Сен енді мына қағаздарға қол қоя сал, – дейді. Көрген қорлығым жанымды жеп, жарақаттарым есімді тандырып тұрғанда оның не қағаз екенін сұрамаппын да. Берген қаламсабымен сүйектетіп қол қоя салыппын. Бір жағы оны анық білетіндей, өзім үшін күресетіндей хәлде емес едім. Өйткені, жүйкем бұзылды. Ақыры сол сырқат жүйке ауруларын емдейтін жерге апарды. Бір ай шамасында қараған болды да, «қазіргі жағдайда дұрыс, соттауға болады» деген секілді қағаз берді. Бірақ, мен үшін сот процесі созылып төрт рет өтті. Неге десең, мені көрдім, білемін, бәрін бүлдірген осы деп куәлікке жүрген кісілердің сөздері бір жерден шықпайды. Темір торлы машинамен сотқа әкелсе, алдын ала дайындаған әлгі куәсымақтары келмей қалады. Өстіп-өстіп уақыт сырғып өте берді. Оның үстіне жүйкесі бұзылған мен сияқты «қылмыскердің» сөзі үйлесе бере ме? «Алаңға барған жоқпын!» деймін қасарысып. Болмаса, «мен вообще сендерді білмеймін!» деймін. Сондай-сондайдан кейін, алаңға барғаным аз болғандай, қалтама анаша салып қойыпты. Оның өзін сот басталғанда естідім. Елең-алаңда ұйқылы-ою жүріп, «бол-болдың» астына алғанда інімнің курткасын киіп алыппын. Сол кезде алып кетуге келген «тәртіп сақшылары» лып еткізіп қалтама шегетін бәлені сала салған. Не дейсің? Қалай ақталарсың? «Әй, көкелер, киім де менікі емес! Інім анаша тұрмақ темекінің не екенін білмейді» деймін. «Әй, сен

не деп тұрсың, сен анаша шекпесен, мына нәрсе қайдан тап болды?» дейді де бір тебеді...

Қашан да күштінің к... диірмен тартады. Бірақ, қазаққа қарсы жасаған мына тірлігі, әй, білмеймін, не деп болатынын... Ол аздай, қазақтың бір азаматы маған куәлікке жүргізген кісілерінің түрін қараңыз: бірі литван, екіншісі кореец, үшіншісі кавказдық, төртіншісі орыс екен. Соларға менің алаңнан түсірілген суретімді көрсетеді. Литван жігіт бірден білмеймін, бұны көрген жоқпын деп адам екенін аңғартты. Ал, аналар тергеушілердің айтқанын істеді, сөздерін қайталады. Сөйтіп, Ыдырысованың алдына бардым. Істі болдым. Бұл кезде желтоқсанға деген көзқарас өзгере бастаған. Бір жағы ауру-сырқаулығым да септесуге себеп болған шығар. Маған қойған біраз соттау жөніндегі тармақтары өзгерді. Бәрібір, құр кетпедім ғой...

Психикалық ауытқуы бар адамдарды жауапкершіліктен айырушы еді. Шын мәнінде солай болуға тиіс. Ал, маған келгенде оның өзгеше сипат алып, ескерілмеуі – қамауда отырып, осындай жағдайға келгендігім болса керек. Оған жеткізген кім? Өздері! Алайда мені дені-басы тәуір, «жазалауға жарайтын» қылмыскер ретінде сотқа жеткізді, алдарынан өткізді, азды-көпті белгілеген жазаларын өтетті. 2000 жылы ақталдым.

Бірақ, аурумын. Ешбір жұмысқа жарамаймын. Психикалық ауытқуы бар, жүйке аурулары қатарында тіркеуде тұрған адамға жұмыс бере ме?! Екінші топтағы мүгедек ретінде ақша аламын. Жанбағысым сол...

Адам бақытты болу үшін өмірге келеді дейді. Ал, мен... жастық шақтың қызығын да көрмедім, үй болып, жар сүйе алмадым. Өмірімізді өксітті... Бәрі-бәрі сол бір Желтоқсанның зардабы. Біз соның қаһарманымыз. Қазір солай бағалап, айрықша құрмет көрсетпегенімен, түбі оған да жетерміз... Тек қана аман болайық...

Жазып алған Гүлмира Талғатқызы.

ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БАСТАУЫ

Біздің жатақхана Республика алаңына өте жақын еді, бар болғаны 500 метрдей ғана. Ертесіне 17 желтоқсан күні таңертең 9-10-дар шамасында жастардың Брежнев атындағы алаңға жиналып жатқанын есітіп, көзбен көрейік деп алаңға барғанбыз.

Алғашында 300-400-дей халық бірте-бірте жиналып, алаң халыққа толды. Ұлттың рухы – қайсар жігіттер мен қыздардың көп екенін көріп, жүрегіміз қуанды. Алаң бірте-бірте жастарғалықа тола бастады. Орталық Комитетінің Бюро мүшелері мінбеге шығып жастарды таратуға шақырулары шеруге қатысушылар жағынан наразылық ретінде айқай мен ысқырыққа ұласты. Шеруге қатысушылардың тарауын, алаңнан кетуін талап етіп жатты. «Сендер комсомолсыңдар, жоғары оқу орнының студентісіңдер, жатақханаларыңа барыңдар. Ертең оқытушыларың партияның саясатын түсіндіреді, тарқамасаңдар қиын болады», – деді.

Менің байқауымша, барды бағаламай, ішкі қажеттілікпен халық пікірімен санаспай, Мәскеудің өзімбілермендікке салынуы жастардың көкейіндегі алау оттың тұтануына апарғандай. Жүрегінде оты бар, елім деген өрімдей жастарды алаңға осылай алып шыққан-ды. Ол алауды «қызыл империя» да, желтоқсанның ызғарлы суығы да қайтара алмас-ау деп топшылады, жастардың жүзіне қарап тұрып.

Жігіттер де, қыздар да қызғаны соншалық бірінен кейін бірі шығып сөйлеп жатты. Үстінде әдемі қызыл польтосы бар апайдың мінбеге шығып, халықты топтасуға, отаршыл үстемдікке төзбеуге шақырып сөйлегенін өз көзімізбен көріп, рухтандық.

Бір кезде алаңды қоршап алып ешкімді шығармай, ешкімді кіргізбей ұстауға бұйрық берілсе керек. Ары-бері қозғалуымыз қиындап қалды. Алаңға бет алған демонстранттардың жаңа топтары қоршауды бұзып кіріп, қақтығысулар басталды.

Алаңдағы солдаттар бізді алаңнан ығыстыра бастады. Шеруге жиналғандар шырша бұтағымен қорғану үшін ұра бастады.

Сол күндер қыстың ең қысқа күндері болатын, тез кеш болып қалғанын да, әскер санының көбейіп кеткенін

де байқамаппыз. Сапер күректерімен қаруланған әскери курсант-шекарашылар, темір қалпақ киіп, қолдарына қалқан ұстаған солдаттар бейбіт шерушілерді резеңке қолшоқпарымен ұрып, алаңнан қуалай бастады. Біздер бір-бірімізбен сығылысып тұс-тұсқа каша бастадық. Сол кезде мен шалынысып құлап қалдым да, солдаттар резеңке қолшоқпармен (дубинка) басымнан ұрып есімнен танып қалыппын. Жарты, әлде бір сағаттан кейін есімді жиғанда, бір қазақ солдаты «жедел жәрдем» машинасына апара жатқанын сезіп, «ағатай, мені жіберіңізші, өзім қайтам» деп сұранып едім, ол тез кетіп қал деген ым жасады. Маған да керегі сол, есімді жинап, бар пәрменіммен қайта айналып бейбіт шерушілерге қосылдым. Бірақ, толқынмен ары-бері жүре алатын түрім жоқ, қайта-қайта отырғым келеді, басым айналады, құсқым келеді. Әрине, резеңке қолшоқпардың басыма дүркін-дүркін қатты тиіп, миым қозғалғандығы, жағдайымнан білініп тұр, оның үстіне алдында бізді алаңнан қуып шығу үшін өрт сөндіргіш машинасымен біздерге мұздай суды бар екпінмен шашқанда үстіміз мұз болып қатып, құлап қала жаздағанбыз.

Алаңда жүре беруге шамам келмейтінін біліп жатақханаға қайтайын десем, бір топ жігіттеріміз кәдімгідей қызып кеткен, «қазір, қазір» деп қояды қайтуға намыс жібермейді. Ал өзім жатақханаға қайтайын десем, жақын маңдағы көшелерде, үйлердің кіре беріс алаңқайларында, жатақхана айналасында бас сауғалап жүргендерді итпен қуып ұстау, жазалау жалғасып жатыр екен. Бұл түнгі 12-нің шамасы болса керек. Қайта алмасымды білдім және алаңда жүре берсем міндетті түрде мені ұстап әкететінін біліп, телерадио комитеті жақтағы кішкене су ағатын жолдың жиегіндегі көпірдің астына кіріп тығылып жаттым. Сол кішкене су ағатын арықта, көпірдің астында біраз (бір құдай біледі қанша уақыт жатқанымды) жан сауғалап жаттым. Желтоқсанның қарлы, аязды суығы денемді қарып бара жатыр, басым да ауырып делі-кұл болып, есім кірелі-шығалы күйе дірілдеп жаттым. Жүргіншілердің аяғы басылды-ау дегенде жатақханаға 300 метрдей бар еді, сүйретіліп келдім жатақха, наға. Біздің жатақхана өзіндік басқару (самоуправление) жүйесінде еді. Комендант та, студенттік кеңестің төрағасы, кастелянша, вахтер бәрі де өзіміздің студенттерден құрылған еді. Кезекші вахтер тезірек кіргізіп алып,

коммунист студенттердің барлығын институтқа жиналысқа алып кеткенін, ешкім жоқта аман-есен келгеніме қуанып жатыр.

Ертеңіне деканаттағылар мен оқытушылар әр жатақханаға кезекшілікті тәулік бойы қойып, әр үш сағат сайын тексеріп, оқу корпустарын да тексеріп, кешке сыртқа шығатын есіктердің бәріне құлып салынды. Ректоратта 5-ші курс студенттерімен жиналыс болды. Институт бойынша оны ұйымдастырған «біз болыппыз». Мен әншейін сыр бермей, миымның шайқалғаны туралы бір адамға бір сөз айтпай, жиналысқа кұр сұлдерім қатысқаным болмаса, «тірі өлік» болып отырдым. Әрине, ол кезде ауруханаға, емханаға барып көрінуге қорқамын, себебі тергеудің астында қалып, бір сәтте істі, қылмысты болып түрмеге қамалып кетуің ғажап емес еді... Менің сол түнгі жан күйзелісімді тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Өзімнің қатты қиналғаным сонда шығар. 17, 18, 19 желтоқсанда өз көзқарасымыз бен пікірімізді бейбіт түрде білдіруге шыққан біздерді Компартияның демократиясы осылай жаншып, қырғынға ұшыратты. Желтоқсанның қырғынды үш күні өтісімен, іле-шала жер-жерде жиындар өткізіле бастады. Біздерге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі Цветков деген күнде институтта жиын өткізеді және Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен тергеушілер лекциядан, сабақтан тіпті сынақтан алып кетіп, «жоғарыдан алаңға шығындар деп кімдер нұсқау берді?» деп қайдағы бір сұрақтарды беріп, ығырымызды шығаратын.

Көрсетілген суреттерден менің суретім табылмай, мен әйтеуір «сөгістен» аман қалдым...

Желтоқсан – жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелейтін, үлкен тағылым аларлық мектеп болуы керек. Біз осы ұлы қозғалыстың мәнін жастарға терең түсіндіріп, Отанын сүйуге, патриот болуға баулуымыз керек. Өйткені желтоқсан көтерілісі – егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің бастауы болды.

Керімхан ДҮЙСЕНБИЕВ,
Оңтүстік Қазақстан облысының
Қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің қызметкері.

ПЫРАҚ МІНГЕН ҮШ ЖІГІТ

Бұлар кімдер болды екен дейсіз бе?

Ендеше біліп алыңыз: үлкені Тұрсынжан, одан кейін Махмұт, ең кенжесі – Айтберген. Ағайынды үшеу, бәрі де Құлмановтар. Аталарынан дарыған ұсталық өнердің қырсырына тереңдей үңіліп, бабаларымыздан қалған мұраның жоғалғанын тауып, кетеуі кете бастағанын бүтіндеп өз тірліктерімен өздері боп жүргенде қазақтың басына қара бұлт үйірілді. Өздерін Албан атаның ұрпақтарымыз деп есептейтін, соны ерекше мақтан көретін үшеуі бірдей атқа қонды. Тура табаны күректей жетпіс жыл бұрынғы аталары мен ағаларындай намысты ту етті. Олар Жәмеңке батырдың «Бала өлгенше, шал өлсін! Орыс алғыш болса, біздің жанымызды алсын, бізді атсын!» деген ұранмен елдік туын тіктесе, бұлар «Қазақты – қазақ басқарсын!», «Біз теңдікке жүрсек те, кемдікке көнбейміз!» деген тегеурінді талаппен алаңға барды. Ду-ду елдің ортасына түсті. Оған бір кірген қазақтың намысы қыз-қыз қайнайды екен дейді...

Ендеше, өздерін сөйлетейік!

– Қазақ жастарының Жаңа алаңға жиналып жатқанын жолда естідім, – дейді Махмұт. – Ұстазымның үйіне бара жатқан бетімнен бұрылып, бірдеңеден қалғандай алаңға келдім. Сол уақыттың өзінде алаңның екі жақ бетін машиналары кесе-көлденең қойып, жауып тастапты. Ортада қырық-елудей ғана кісі тұр. Солардың арасына мен де бардым. Артынша айналамызды милиционерлер қусырып қыса түсті. Апыр-ау, не болар екен, қатарымыз көбейер ме екен деп үрке қарап тұрғанымызда зооветинститут жақ беттен бір қора елдің келе жатқанын, дабырлаған дауыстарын естіп қалдық. Қолдарында көтерген ұрандары бар. Тура Октябрь мерекесіне шыққандай лекті көрген кезде көңіліміз көтеріліп-ақ кетті. Олар тақай бергенде Желтоқсан көшесі жағын бекітіп, ешкімді жібермейміз деп тұрған солдаттар біреу бұйырғандай алдарын ашып жіберді. Бір кезде Достық даңғылы жақтан шыққан лек көрінді, оған Байсейітова көшесін өрлеп көтерілген ел үстемелей қосылды. Түс әлетінде атшаптырым алаң лықа толды. Содан алаң бір

босамады-ау. Келіп жатқан жұрт, кетіп жатқан жұртта қисап жоқ. Жұмыс күні болған соң, кесірі болмасын деп күнделікті нан жеп жүрген қызметі мен оқуын да ұмытпағандар ғой, олар.

Халықтың қарасы көбейіп, алаң лық толған сайын, Алматы көшелері наразы шерушілерінің үнімен, қазақ әнімен асқақтаған сайын биліктің зәресі ұшты. Алматының ішіндегі милициясы, әскері, қала берді шекарашылар, өрт сөндірушілер училищесінің курсанттары аз көрініп, сырт жақтан адамдарды жазалаудың неше түрлі айла-шарғысын үйренген әскерін жүздеп, мыңдап әкеле бастады. Ол аз десеніз, қасқыр иттерін абалатып және әкелді. Бірақ, ит қанша жыртқыш, қабаған болғанымен қалың халықтан ығады екен, оны да көрдік...

Су шашқан кезде үстімдегі қазақы жалбағай тұмағым мұз боп қатып қалды. Пальтом да сауыс-сауыс мұз... Осыдан кейін, әй бір, ашындық-ау!.. Неге ашынбайық, тып-тыныш қана тұрдық, наразылық ойымызды әнмен жеткіздік, сөзбен айттық. Бұның бәрі біздің Конституциямызда көрсетілген. Сөз, баспасөз, жиналыс бостандығын шектемейді делінген. Біз заңмен белгіленген сол шектен шыққан жоқ едік. Ал, мыналар жау көреді, соты да, прокуроры да, милициясының басшылары да құртамыз, аямаймыз дейді. Айтатындары тек қана «кет». Оған көне қоятын біз бар ма? Өйткені Советтік заң біздің жақта, ал мыналар соны көпе-көрнеу бұзып отыр дейді заңмен жақсы қаруланған ағалар. Оның үстіне жастардың арасында атақтары дардай, ел білетін, қадірлейтін үлкен кісілер жүр. Бірақ, бәрібір. Үлкен үй жақ аямауға, қыз демей, ана демей қырып-жойып соғуға, қалайды алаңды тазартуға бұйрық берді. Олар бір соқса, біз де бір соқтық. Әйткенмен қаруы күшті, қалқаны мықты әскерлер ойнақ салды-ау... Біз де қайтпадық. Не болса да көрейік дегенге біржолы бекіндік. Бұған дейін аузымыз буылып келді емес пе. Өздерін тәртіп сақшыларымыз, әскерміз деп момын елді қырып-жойып жүргендерге қол көтергенімізді, машинаны өртегендердің жанында болғанымызды, оларды білетінімізді айта алмай келдік. Декорациялық ағаштарды сындырдық, көшелерге қойылған ұзын орындықтардың ағаштарын босатып алып, солармен қаруландық. Әйтпесе оларға қарсы тұру мүмкін емес еді.

Адамнан айла артылмайды. Бір жігіттер қолдарындағы ұзын таяқтарын өрт сөндіргіш машиналардың двигателіне тыға қойып, шыр айналып тұрған қалақшасын кілт тоқтатып, жүргізбей тастады. Жүргізушілері кабиналарынан тұра-тұра қашады. Оған жата кеп күлеміз... Осы аралықта «уралаған» үрейлі дауыс естіледі. Прожектор жарығының астында сапер күректерінің жүзі жарқ-жарқ етеді. Сойылдары төбемізде ойнайды. Біз де аямаймыз. Таспен ұрамыз. Сөйтіп арпалысып жүргенде елдің арасынан Тұрсынжан көкемді көріп қалдым.

– Махмұтжан, өз-өзінді сақта, абай бол! – деп ағалық камқор үнін естіртіп үлгерді сол аралықта.

Бірақ, жазалаушы әскерді қусақ да қауіп, олардан қашсаң да қауіп еді. Бір қарасам, Айтберген жүр жанымда. Қасында Хасен Қожахметов ағамыз. Ол кезде танымаймыз.

– Әй, жігіттер, майлы шырша жақсы жанады. Қазір қарап тұрыңдаршы, – деп біреуінің түбінен от қойып жіберіп едім, лапылдаған жалын ойнақшып төбесінен бір-ақ шықты. Өзімше маз боп екіншісіне жүгіре беріп едім, жанымызда жүрген әдеміше келген жігіт қолымдағы күкіртке жармасты.

– Мұндай бассыздыққа баруға болмайды! Басқасы да жетіп жатыр ғой. Ойланса, ойланатындай қарсылық жасап жатырмыз, – деді.

Кейін білдім ғой оның кім екенін. Ол – бейбіт заманда, сонау жетпісінші жылдары ұлттық кемсітушілікке жол бермейік деп айтып, жазып, сол үшін жазалы боп жүрген Хасен ағамыз.

Алаң қым-қиғаш сапырылыс, майдан даласы дерсің. Тек қана танкпен бомбылаушылар самолеттер жоқ демесең, қалған кеңестік қарудың біразы осында әкелініпті. Анадайдан екі әскери машина көрінді. Дереву алдын бөгеп, бүйірінен тоқпақтап, таспен атқылап тоқтауға мәжбүр қылдык. Жүргізушілері жерге түсе сап қашты. Бұның ішінде не бар деп біреуінің артқы есігінен кірсек, екі жәшік ракета-ница жатыр. Әскерде болған жігіттер бірден соған жармасты.

Осы жерде Айтберген әңгімеге араласып:

– Қараңызшы, осындай қарумен шығып, оны бізге қарсы қолданса, оларға жарасады. Ал, біздің жақ қарсы әрекетке көшіп еді, «бұлар бұзақы, наркоман, ішкіш, қоғамға жат элементтер» деп, айтпаған жаман сөздері, тақпаған теңеулері қалмады.

– «Наркомандардың» біреуі мен ғой. Егер ұстала қалсам, мені де көк есекке теріс мінгізіп, қамап тастар еді. Өйткені, ракетницаны алдым. Бірақ, мен қалай ұстауды, қайтіп ату-ды білмейді екенмін. Менің атқаным қырын кетеді. Енді бір жігіттің атқаны Орталық комитет үйінің терезесін қиратып өтіп, іліп қойған пердесін өртеп жіберді. Міне, сол кезде бүкіл басқарушы аппараттың мықтылары бізге төбеден «қызыға» қарап тұрғанын көрдік. Одан кейін бәріміз арқаланып кеттік. Әркім өзінің батыр бабаларының атын ұрандатты. Біз «Райымбек бабам, қолдай гөр!», «Райымбек, Райымбек!» деп алға қарай лап қойдық. Алдымызда мықты тосқауыл бар екен. Бес қаруы бойында, жұтқынып, тұрған жасақтар атырылып-атырылып шыға келді. Бұл бізге ой салды. Онысын өздеріне қарсы қолданайық дедік. Үлкен үйлердің қалқасына көп жігітті қалдырдық. Өздеріміз біршама топ болып шабуылға шықтық. Біздің аз екенімізді көрген олар соңымыздан «уралап» берді. Біз кері серпіліп, жасырынып тұрған жігіттердің қармағына әкелдік. Мықтымсынған алғы лекті қоршауға алып, біз де біразын жамсаттық. Ішінде шенді офицерлері де бар екен. Ұруын ұрғанымызбан, анау айтқандай қинаған жоқпыз. Несін жасырайық, пистолетіне тимесек те, солдаттардың қалқандары мен шоқпарларын, күректерін тартып алған кездеріміз болды. Алайда олардай кәсібилікпен қолдана алмадық.

Аналардың бізге қарсы құрал ретінде жұмсауының бір мысалы ретінде сапер күректерін қалай қолданғанын айтайын. Күректің қырымен ұрғанда тура ұзыныңнан сұлап түсесің. Мынау құлап қапты-ау демейді, жабылып тепкілейді. Мен де бір рет сондай жағдайға түстім. Сонда бүрісіп басымды ғана қорғай беріппін. Керзі етікпен дүңкілдетіп теуіп жатыр, теуіп жатыр.

Екі қабырғамды ішіне кіргізіп жіберіпті. Ал сапер күрегі пальтом қалың болғаннан кейін кесіп өтіпті де, етімнің біраз жерін тіліп жіберіпті. Кім біледі өлтіріп тастар ма еді, біздің жігіттер қайта шабуылға шыққанда тастай қашты...

– Бойында қазақ қаны бар кімді де тығырыққа тіреген, амалсыз алаңға шығарған ызғарлы желтоқсан күндерінде мен Алматы облыстық Мәдениет бөлімінің халық творчествосы жөніндегі жауапты қызметкері едім. Оң-солымызды жақсылап танып, ұлттың рухы, болашағы, бостандығы

жөнінде толғанысты әңгімелерге араласа бастағанбыз. Жаста болсақ өреміздің осылайша өсуі қалай болды, неден болды, кімдер әсер етті деген сауал қазіргі әңгіме үстінде ойыма оралып отыр. Қазақ жері ұлан-ғайыр. Бабаларымыз ғаламат байлықты ұстап қалғанда, өзінің мәдениетінен неге айырыла бастады? Алақандай ғана жерге иелік етіп отырған армяндар мен грузиндер өздерінің жазуын қалайша сақтап қалды? Енді ең ақырғы тірегіміз – тіліміз жойылып барады, дәстүр-салтымыздан айырылды. Бұның арты қалай болар екен? Осы сауал әсіресе өнер мен мәдениет, ғылы саласында қанымен, жанымен жұмыс істеп жүрген ағаларымызға ерекше әсер етті. Есенберлин романдары ой салды, Олжастың «АЗ и Ясы», тіпті тілін ұмыта бастағандардың өзін қатты оятты. Кинода «Қыз Жібектің» өн бойында көрініс беретін халқымыздың өткен кезеңі, қазақы болмысы, дәстүрі еріксіз ойланатын еді. Оның үстіне біз сурет өнеріне, колөнеріне қатысымыз мол болғандықтан мұражайларымызды аралаймыз. Осының бәрі біз секілді жастардың жүрегіне от берді. Осындай алмағайып сәтте Дінмұхамед атамыздың биліктен алынуы сәл ғана себеп болды. Іштей тұншығып жүрген елге сіріңкедей от қойып жібергендей әсер етті. Сондықтан халық «Қонаевты қорғаймыз!» деп ұрандатқан жоқ. Жүрегінің әмірімен көшеге шыққан жастарға қосылды, алаңға келді. Сол күні, қарап отырсам, біздің жұмысымыздан алаңға жалғыз мен ғана келіпін. Түскі астың алдында ертерек шығып кетіп алаңды қайыстырған қалың елдің арасында болдым. Кешке тағы да келдім.

Кейін қазақ жастарын кінәлау үшін мәскеушіл орталықтың, солардың сойылын соққан қан-сөлсіз, ұлттық намыстан жұрдай қандастарымыз айтып жүрген, жазып жүрген надандық туралы, көтерген ұрандарының сауатсыздығы хақындағы сөздерінің бәрі – жала! Шын мәнінде алаңға жиналған ел мәдениетті талап-тілекпен келді. Ұлттың мүддесін қозғаған ұрандарының бәрі дерлік оқулық кітаптарда жазылып жүрген. Пролетариаттың Ұлы көсемі деп үйреткен Владимир Ильич Лениннің еңбектерінде өз қолымен қағазға түсірілген қанатты ойлар еді. Жастар сонымен қаруланды. Кеңестер Одағының Конституциясын ұстанып, соның аясында сөз сөйледі, талап-тілектерін білдірді, бейбіт шерулер жасады. Бірақ, ең

өкініштісі, сол уақыттағы коммунистік билік үшін бұл сөз жүзінде ғана айтылатын, іс жүзінде қирата соққы берілетін үрейлі көріністер болатын. Сондықтан қазақ жастарының қарсылығы – кеңестік жүйеге қарсы бой көтеру ретінде қабылданды. Халық атын жамылған Компартия көсемдері өзінің жазалаушы механизмдерін шұғыл түрде іске қосты. Отыз жетінің ойранында, қуғын-сүргіннің кезінде жиған бар тәжірибелерін пайдаланып бақты. «Ойбай, не дейсің, ана жақта балабақшаны өртеп, сәбилерді өлтіріп кетіпті», «мына жақтағы бір мектептің оқушыларын қырып тастапты», «бәрін жасап жүрген қазақтар екен, тек қана орыстарды ұрып-соғып, өлтіріп жатыр» деген үрейлі хабарлар таратты. Рациямен хабарланды. Өзіміз «үш әріп» дейтіндердің тірлігі, кәнігі тәсілі болса керек, бұл. Бірақ, аңқау ел ә дегенде осыған сенді. Тіпті өзіміз де, «шынымен де солай ма екен?» деп, қалың ойдың ортасында қалдық. Бірақ алаңға жиналғандардың арасында пиғылы бұзықтар көзге түспеді. Түссе де, олар арандатушылар еді... Тәртіп орнатушыларға керегі осы болатын. Сол себепті де бейбіт елге бүйідей тиді, әуелі өздері қол көтерді. Ең шириғатын осал жеріміз – қыздарымызды сүйрелеп, ұра бастады. Қазақ қыздарын құрметтеген, халқымызды көбейтетін ұрпақ деп қастерлеген халық емес пе. Сонан соң аянып тұрсын ба? Бәрі солай басталды. Қазақ жігіттері қыздарды қорғады. Қыздар арқылы қазақ намысына араша түсті, ту етті. Бұл азаматтың азаматы ғана атқаратын айтулы іс дер едім мен.

Алматыдағы Желтоқсан көтерілісін қазақ жастарының атына ғана телу біржақтылық болар еді. Олай дейтінім, алаң – ақ жаулықты апаларымыздың да шырылдап, шырқырап жүргеніне куә. Қанды алаңнан өз басым қазақ мектебінің шынайы жанашыры Шона Смаханұлын, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің нағыз жоқшысы Мардан Байділдаевты, сол секілді қазақ халқының тарихын, дәстүр-салтын шұқшия зерттеп, дала өркениеті үшін шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген Жағда Бабалықов, Сәбетқазы Ақатаевты және басқа да жасы үлкен ағалар мен апаларымыздың талай-талайын көрдік. Сондай-ақ, біз білмейтін жасы үлкен кісілер көп, өте көп болды. Осы орайдан алғанда, Желтоқсан – халықтың бұлқынуы, ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс, нақтылап айтқанда көтерілістің нақ өзі болды.

Біз Қажымұқан мен Фурманов көшесінің қиылысына таяу жерде тұратын едік. 17 желтоқсан күні жұмысқа бара жатқанда алаңға таяу жерде шекарашы әскерлеріміздің тұрғанын көрдік. БТР-лармен келіпті. «Әй, мыналар бәріне бекінген екен, аямауға тас-түйін бекініп келген екен» дедік. Бірақ ұлттық рухпен қаруланған қазақ жастары бұдан қорқып, ыға қоймады.

Желтоқсан көтерілісі туралы көп ақиқаттың бетін ашуға айрықша үлес қосқан Мұхтар ағамыз құрған комиссия бұның бәрі әдейі ұйымдастырылған орталықтың жымысқы саясаты екенін анықтады. Расында солай ғой! Мысалы, біз 17 желтоқсан күні алғашқы қақтығыстардың кезінде алға қарай жұлқына шығып, артынша бұғынып қалған арандатқыш екі азаматты ұстап алдық. Әрекеті, аузынан шыққан сөздері күдік келтіргеннен кейін амалсыз қолын қайырып, қалтасынан құжатын алып қарадық. Сөйтсек, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері. Несін жасырамыз, кеудесінен түйіп-түйіп жібердік. «Тура өлтіреміз, мынауыңды қалтаңа сал да, тез арада табаныңды жалтырат!» дедік те куәлігін қолына ұстатып, үлкен үйге қарай құйрығынан бір-бір теуіп қуып жібердік...

Мәскеудің кеудемсоқтығы қазақ жастарын қатты ширатты. Сол күндері өзіміз «орысша сөйлейді, орыс боп кеткен» деп мұрнымызды шүйіретін қазақ қыздарының намысын көріп, қайран қалдық. Ойпырмай, қазақ қыздарының мінезі деген ғажап екен! Өздері сондай өжет те өршіл, сөздері тура мірдің оғындай.

– Қазақ қыздарының қаһармандығы болмаса, Желтоқсан мұншалықты дүркіремес еді! – дейді Махмұт. – Аяқ астынан ештеңе болмайды. Ұлттық өремізді өсіретін, намысымызды қамшылайтын сөз айтатын ағаларға жақын жүрдік. Айына екі рет өтетін Әуезов музей-үйіндегі университеттің сабағынан қалмайтынбыз. Ол жерде кімдер болмайды дейсіз?! Айтыскер ақындар келеді, дәулескер күйшілер өнерін ортаға салады. Ғұлама Марғұланның телегей-теңіз әңгімелерінен кейін мен қазақпын демеуге әддіміз қалмаушы еді. Оның директоры Рахманқұл Бердібаев ағамыздың өрелі ойларын естуге Алматыда оқитын жастар лек-лек боп үзбей келетін. Тілдің жайы, қазақ мектептерінің мүшкіл халі, солтүстік облыстарымыздың орыстанып бара жатуы ашын-

дыратын. Осының бәрі жинақтала-жинақтала келе, ақыры копарылысқа әкелді. Димаш атамыздың әп-сәтте босатылуы, адами құрметтен қағылуы жай себеп қана дейтініміз сондықтан.

Біз алаңға шығу арқылы ұлтымыздың алдындағы парызымызды өтеуге ұмтылдық. Өйткені, әрқайсымыз өзіміздің қазақ екенімізді сезіндік. Әрбірімізді ұлттық намысымыз камшылады. Бізді неге басынады? Фарабиді туған топырақ, Сұлтан Бейбарысты өмірге келтірген аналар, Шоқан мен Ыбырайды, Абайды айтып мақтанатын қазақтан өзін-өзі басқаратын бір ұл шықпады дегенге арландық. Токтат, мұндай жосықсыздыққа жол бермейміз. Әуелі жерді иеленген ұлтпен санас, келісімін ал деуге бардық. Кеудемізде елге, жерге, ұлтқа деген сүйіспеншілік сезіміміз буырқанып тұрды. Әрқайсымыз біз шықпағанда кім шығады деген оймен бәріне бас тігіп, алаңға барғанбыз. Мен бірінші рет қолға түскен кезімде екі жақтың тартысында қалдым. Солдаттар екі қолымнан өздеріне қарай тартса, біздің жігіттер екі аяғымнан ұстап алған. Әйтеуір біздің жақ қаптап кетіп, босатып алды. Әйтпесе мен де милицияның торына түсіп, түрмеде жатар едім. Екіншісінде аяғымнан шалып жықты, арқамнан сапер күрегімен ұрды. Онда да біздің жігіттер алып қалды. Ал, үшінші ретте қашамын деп «Береке» дүкенінің арт жағындағы қуысқа барып қаппын. Бұл кезде түннің бір уағы. Олар әбден күшейген. Жастардың үлкен топтарының бөлшектеп жарып, қоршауға алып, қасқыр иттерін шабаландырып шыққан сәт болатын. Бірге жүрейік, бір-бірімізді адасып қалмайық деген ағатайым Тұрсынжан мен інім Айтбергеннің қайда, қай топта кеткенін білмеймін. Біз отыз шақты адам жансауғалап, қай жерде паналайтын тесік, қай подъезд ашық болса, далбаласап қашып-пұшып тығылып жатырмыз. Азая-азая бес-алтауымыз ғана қалдық. Төмен қарай жүгіріп отырып, құрылыс техникумының жатақханасының артынан бір-ақ шықтық. Бір кезде алдымыздан шыға келген офицер пистолетін аспанға қаратып атып жіберді. Айналасындағы солдаттар бізді төрт-бес орайды, сапер күректерімен жасқап тура терезенің түбіне әкеп тіреді. Басшысы рациямен біреулерді шақыра бастады. Сонда әлгі жігіттің кім екенін білмеймін, арамыздан біреу бар даусымен «Аруақ!» деп айқайлай атырылып, қолына

рация ұстаған офицерді қақ тұмсықтан бір-ақ қойды. Ана байғұстың бас киімі бір жаққа ұшты да, жалп етіп құлады. Солдаттар не болғанын білмей аңтарылып тұрып қалыпты. Алдымыз ашылды, сонымен ор текеше атырыла-атырыла жөнелдік. Қашамын деген бір жігітіміз шұңқырға түсіп, ұсталып қалды. Ал, қалғанымыз қашқаннан қашып Абай даңғылына бір-ақ шықтық. Жолдың шетіне тоқтаған жеңіл машинадан біреу ақшасын төлеп түсіп жатыр екен. Шофері қазаққа ұқсайды. Соның ішіне бірімізден кейін біріміз сүңгіп, «кеттік, кеттік» дей беріппіз. Мүшкіл халымызды түсінді-ау деймін, заулата жөнелді. Сол кездегі Ленин даңғылына жеткенде екі жігіт түсіп қалдық, қалғандары ары кетті. Сол уақытта кімсің, қайдансың дейтіндей емеспіз. Бәріміздің ойымыз бір еді, біз бір-ақ едік қой! Қазақты басынған қалай екен, ұлтты қорлауға бола ма екен, соны түсіндірейік, сезінсін дедік. Бәрімізді Алматының алаңына апарған осы ой емес пе еді? Жөнсіздік жөнсіздікті тудырды. Ашынғаннан кейін өздерінің жасағанын өздеріне жасадық. Дәл сол күндері қазақ жастарын биліктің дегеніне еріп, кінәлағандар аз болмады. Кейін ондай ағаларымыз, апаларымыз «саясат солай еді ғой» деп ақталған болды. Себебі, біздің күресіміздің әділдігін әлем қолдады, адал ниетті адамзат құптады, араша түсті.

– Сонымен, ары қарай не болды? – деймін Махмұттың ойын іркіп.

– Абай мен Лениннің қиылысындағы аялдамаға барсақ, бір балағының жыртығы жалбыраған Айтберген мен Тұрсынжан екеуі жүр. «Қашып құтылса, осында соғатын шығар деп едік» деп інім құшағын ала ұмтылды. «Әйтеуір амансың ғой?» деп ағатайым да кеудесіне қысып жатыр.

Сонымен, ағайынды үшеуіміз тіке жүрсек, жол-жөнекей аңдыған милиция мен солдаттардың қоршауына тап болармыз, одан да «алыс та болса жақын» демекші, қаланың Көктөбе жақ бетіндегі бұлтарыс-қалтарыс көшелердің жықпыл-жықпылымен аяңдап, Горный-Гиганттың үстіңгі жағы арқылы барайық дедік. Сөйтіп үйге таң алдында эзер жеттік.

– Тура қан майданның қақ ортасынан шыққандай күй кештік, әбден шаршадық, – дейді Айтберген. – Мен де екі жақтың «көкпары» болдым. Жазалаушы жақтың бір сарбазы шалбарыма жармасып, тартқанда бір балағы дар ете түсіпті.

«Қорқаулар түнде жортады» демекші, олардың барынша зұлымданған кезі түн қараңғылығы болатын. Әскерді Сәтбаев жақтан да, Желтоқсан жағынан да аямай төкті. Қайткенде алаңды босатамыз деді. Тіпті сол маңдағы үйлердің айналасының бәріне қарулы солдаттар қойылды. Алаңның кіре беріс, шыға берісі бос қалмады. Бірақ солай етудің өзі олар үшін оңайға соққан жоқ. Шын мәнінде, қазақ жастары қайсарлық көрсетті. Сұлтандар мен Әлия, Мәншүктердің, Төлеген мен Нұркендердің зұлым фашистерге қарсы күресте ерекше ерлікпен көзге түсуі бекер емес екен. Бойымызда сол ағалар мен апалардың қаны бар екен. Соны көрсеттік-ау деймін. Күллі әлемнің назарын аударған Алаң – қазақ үшін қасиетті орын болу керек. Онда құдыретті қазақ рухы аспандаған. Алаңнан кетсек те, ертендер тағы да шығамыз, қазақ үшін, ұрпақ үшін керекпіз, өзімізді аман сақтайық деп кеттік. Мысалы, ең ақырында Ауылшаруашылығы институтының жатақханасынан ары қарай Абай даңғылына дейін жер бауырлап жылжып бардық. Әйтпесе көзге түсіп қалатын едік...

Міне, азап пен машақатқа саналы түрде барып, азат ойдың туын желбіретіп, оған жау боп жармасқан озбыр күштермен арыстанша алысқан ағайынды үш жігіттің ортаншысы осылай дейді. Оны тыңдап, айтар ойымыздың бәрін ізімді басқан інілерім ақтарды ғой деді ме, Тұрсынжан әңгімеге көп араласа қойған жоқ болатын. Тек осы жерде ғана:

– Бәрінен де қанды оқиғадан кейінгі қуғын-сүргінді айтыңыз, – деді қалың ойды серпіп тастап. – Қылмыскерді, мемлекеттің жауын үй-үйден іздеді, мекеме-мекеме, ауыл-ауылдан іздеді. Өздерінше «тапқан» болды. Сонан кейін әрқайсысын аямады, соттады. Алаңда қырғаны аз көрініп, енді «әділ заңның» шешімімен аямай жазаласақ деді. Дегендеріне жетті де... Бірақ, бәрінің шегі бар ғой. Шексіздік о дүниеде ғана! Ал, оған дейін Алланың дегені болады. Желтоқсан көтерілісінен кейінгі науқан да басты кінәліні ұстай алмағандықтан бәсейе берді. Ол бәсейген сайын әділеттің үні өктем шыға бастады.

– Міне, сол уақытта біз «Желтоқсан» қоғамын ұйымдастырушылардың қатарынан табылдық, – дейді Айтберген. Өзі шешен де нық сөйлейді екен. Айтарының

бәрін көкейге жұптап барып қана сыртқа шығаратын әдеті бар екен. Бұл да бекер емес. Ісіне сенгендіктен, мәселенің байыбына барып, зерттеп-білгендіктен артық сөзсіз дөп айтады. – Өйткені, жазықсыз жазаланып, түрме тозағының ішінде тұншыққан жігіттерді босату қажет болды. Жапа шеккен қаракөз қарындастарымыз, апаларымыздың ендігі тағдыры бізге байланысты деп білдік. «Егер біз жүгірмесек, онда кім жүгіреді?» дедік. Парызымызға қарыз болмайықшы дедік. Неше түрлі хаттар жаздық. Олар халықаралық ұйымдарға да жолданды. Бірінен кейін бірін Мәскеуге жөнелттік. Алматының прокуратурасын да, сол кездегі орталықтың құқық қорғау министрліктерін де өнер, қоғам қайраткерлері, спорт саласының майталмандары қол қойған хаттармен төпеледік. Қала берді аштық жариялаумен де қарсылығымызды білдірдік. Бұрынғы Ленин алаңына киіз үй тіккен біз едік. Ашыққан елмен бірге болдық. Сендер жалғыз емессіңдер деп күндіз-түні қастарынан табылдық. Мұндай әрекеттеріміз жеміссіз болмады. Сотталғандар жарық дүниеге шетінен шыға бастады. Істері қысқартылды, артынан жаппай ақтала бастады. Президентіміз Тәуелсіздіктен кейін Жарлығын шығарды. Осының бәрі сырт көз үшін өз-өзінен келгендей, рет-ретімен болып жатқандай сезілер. Бірақ, арғы жағында жай көзге көріне бермейтін тынымсыз әрекет, күресіміз бар екенін елдің біле жүруі үшін айту керек. Бұл мақтан үшін емес, сабақ болу үшін, «мен елімді жақсы көремін, Отанымды сүйемін, ұлтымның азаматымын» деген сөзді тек қана қажет кезінде, өзін көрсетіп қалатын сәтте ғана айтатын «ақылдылар» сабақ алсын, олай жасау ұят екенін шынайы сезінсін, жүрегімен ұқсын, ұл-қыздарын, немерешөберелерін ондай әдеттен аулақ болуға тәрбиелесін деп әдейі баса айтып отырмын Сізге!

Айтбергеннің «Сіз» деп отырғаны – мен! Ол маған айту арқылы күллі елге, көзі ашық, көкірегі ояу адамдарға ой сап отыр. Адамгершіліктің ақ жолынан аттамау қажеттігін өздерінің істері мен сөздерінің бірлігін баяндай отырып, өрісті еткісі келеді. Әйтпесе биылғы – Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы аталып өтетін жылы ағалар мен апалардың біразын таныдық қой. Көтеріліске халықаралық стандарттар негізінде баға берейік, көтерілісшілерге статус бергізейік, нағыз қаһармандарын марапатқа ұсынайық

деген мәтіндегі хатты алып барып, соған халқының сөзін сөйлеп жүрген, мақтаны боп жүрген ұл-қызы ретінде қол қоюын өтінгенде, маңдайымыз тура қара тасқа тигендей болды. Айтберген соны естіген. «Е, олар аман болсын! Бала-шағасын, немерелерін ойлайды ғой. Басқаларымыз ақымақпыз, біз болашағымызды ойламаймыз», – деп тістене кіжініп еді.

Әттең... иә, әттең дейсің! Олармен кешегі қанды алаңда қақтығысқандай ашық ұрысқа шыға алмайсың. Өйткені, олар – өзің, қандасың, бауырың. Мына сайқал саясат, билік бөлісі, атақ-абырой бөлісі оларды осындай мүсәпір, бейшара қалыпқа салды. Ондайлар сонысымен ерекше. Қайран халықтың, аңқау қазақтың сеніміне әдемі сөзімен, жып-жылмағай ойларымен ендеп алған. Бірақ, қашанға дейін сөйтер екен дейсің? Желтоқсан көтерілісіндегі қаскөй биліктің жымысқы саясатының әшкереленгеніндей, күндердің күнінде шынайы бейнесімен ашылар. Оған дейін уақыт керек. Көп уақыт, қазақтың санасын оятатын алтын уақыт...

Роза БҰХАРБАЕВА:

«ЖЕЛТОҚСАННАН СОҢ ЖЕТІ АЙ ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРДІМ»

1985 жылы фосфор заводына жұмысқа орналастым. Техникалық бақылау бөлімінің 2 лабораториясында тексеруші боп жүргенімде Алматыда жастардың үлкен наразылығы туралы хабар дүңкілдеп жетіп жатты. Олардың талабы оң екенін жүрегіміз сезді. Бірақ, өзімізбен бірге қызмет істейтін орыс ұлтының өкілдері басқаша қабылдап, жастарды жазғыра бастады. Бөлім бастығы Тамара Васильевна Крутьконың өзі бас боп: «Бұлар битіне семірді. Қой соңында жүр еді, оқыттық-тоқыттық, мәдениетке үйреттік. Енді міне, төбемізге шығып, әбден есірді. Оларды аямау керек!» – деп еді, басқалары іліп әкетті. Алматыда орыстардың таяқ жеп жатқанын, әлденеше балабақшаны қиратып, балаларды бауыздап кеткенін, оқушыларды жарақаттап, ұрып-соққанын осы төндіріп айта жөнелді. Жай ғана оңашада айтып қойса мейлі дер едік, бәріміздің басымыз қосылған жалпы жиналыста бірінен кейін бірі шығып, ісі қазақты, қазақ жастарының

бұзақылық қылығын ауызға алып, айыптай бастады. «Итін ұры десе намыстанатын қазақ» емеспін бе, «Жоқ, олай емес! Бәрін өз көзімен көріп келген кісілердің айтуынша көресіні қазақтарға көрсетіп жатқан «спецназдың» жасақтары екен. Жастар жазықсыздан-жазықсыз таяқ жепті. Әрбірден соң бейбіт шеруге шыққан қыз-жігіттердің әрекетінде қандай қайшылық бар? Конституция бойынша ойларын еркін айтуға, көшеге шығуға ерікті емес пе?» деп қызынып сөйлеп едім, бірден іштен шыққан жау боп шыға келдім.

Қандай ұлтты болса да жаппай қаралауға әсте болмайды. Өзім наным жеп, еңбек етіп жүрген ұжымда да қырын сөйлейтін орыс ұлтының қайбір өкілдері ерекшеленіп шыға келді. «Орыстардан қандай жамандық көрдіңдер? Бүкіл жақсылықты жасады. Әрбірден кейін сенің осында еңбек етуіңнің өзі біздің ұлттың арқасы!» – деді бірі.

Қорлықтың үлкені – ұлтты жазғыру екен! Менімен бірге жұмыс істейтін қазақ қыздар маған қарады. Араларындағы ересегі мен едім. Кішкене екі қызым бар-тұғын. Жасым жиырма тоғызда. Бұларға бірдеңе айтып, ой таластырып жеңе алмайтынымызды білдім де, қасымдағы қыздарға: «Осылар не десе о десін. Ауыз өздерінікі. Бәлкім, әдейі арандатып отырған да шығар. Біз ештеңе естімеген болайық. Осының өзі оларға берген соққы болады», – дедім. Бұған дейін аразмызда бір орыс отырса да, соның көңіліне қарайлап орысша сөйлеуші едік. Енді тек қана өз тілімізде сөйлесеміз дедік. Әбден ығына жығылып, көпшік қойғанға жаман дағдыланыпты. Адамгершіліктері жетсе, біздің бір сөзіміз болса да үйренсін дедік.

Сол күннен бастап өзгердік. Басымыз қосылып қалатын түскі астың кезінде өзіміздің әңгімеміз ортақ. Күнделікті күйбең тіршілік әңгімесін айтып, күлетін жерінде күлсек, бірі болмаса бірі жүгіріп келіп, үстелімізді жұдырығымен тас еткізіп қойып қалады. «Сендер кімге күліп отырсындар? Мүмкін бізді мазақтаған шығарсындар. Қане, орысша сөйлеңдер!» – дейді бұйырып. Осы жарылардай боп ызыланған кейпіне күле қарап: «Сен неге бүйтесің? Әңгімеміз мүлде басқа тақырыпта. Ал, түсінгің келсе, қазақша үйрен. Оған көңің келмесе, сен үшін аударып берер жайымыз жоқ», – дейміз. Бұл сөзімізге тіпті шамданады. Дерев бастыққа барып, сыртымыздан жаман-

дайды. «Роза жай жүрмей, жанындағы қазақ қыздардың бәрін бүлдірді. Бізді күлкі етіп жатыр», – деп бір барса, одан кейін жұмысымыздан кемшілік іздей бастады. Оның бірден-бір тәсілі – үш ай сайын тапсырып тұратын аттестация еді. Бұл жанымдағы қыздарға психологиялық жағынан жұмыстан шығартып жіберу түк емес еді. Өз жұмысымды бес саусағымдай білемін. Оның әрберден кейін тілге қатысы жоқ. Өндіріс қой. Сынаққа кіргенде бүкіл жауабымды қазақша бере бастадым. Қызық үшін қалай жауап бергенімді айтып көрейінші. Мысалы, шихтования бөлімшесінен шыққан агломерат екінші цехқа келіп түседі. Одан кейін мынадай конвейермен пеш цехына жеткізіледі. Одан ары қарай шикізатқа айналады деген секілді жұмыстың жай-жапсарын тігісін жатқызып баяндай бастасам, «мы не поняли, по-русский отвечай» дейді. «Нет! Я отвечать не буду. Мен қазақ мектебін бітіргемін. Мен қазақ ауылында өскемін. Сіздерге керегі жұмысым ғой, жұмысымда мін жоқ. Ешқандай тәртіп бұзған емеспін. Ендеше маған қоятын қандай кінәларыңыз бар?» дедім. Осы үшін ерегесіп маған «екі» қойып жіберіпті. Арада бір ай өткен соң сынақ тапсыруға тағы да келемін. Тура өткендегідей жай қайталаанады. Билеттегі орысша сұрақтардың бәріне қазақша заулатып жауап бере бастаймын. Күнделікті айналысып жүрген ісім ғой. «Кез келген сұрақтарыңа кідіріссіз жауап беремін. Бірақ жауабымды қазақша айтамын», – деймін қасарысып. Сонымен, екінші рет «не аттестован» деп жіберді. Үшінші жолы келгенімде дәл солай боларын ішім сезген. Арғы жағында жұмыстан қууға ілік бар. Расында, дәл солай етті. Кадр бөліміне барып, қалайда бастау әрекетін бастап жіберді. Бұдан мен ыға қоймадым. Ақыры бастадым ғой, аяғына дейін көрейін дедім. «Алашағым қалса да, айташағым қалмасын» дейтін атам қазақтың сөзін ту етіп: «Сендер мені қуғыларың келетінін анық білемін. Бірақ менің де өзімнің азаматтық құқығым бар. Мен соны бұзбауды талап етемін. Жауабымды аударып беретін аудармашы әкеліңдер», – дедім. Сонымен, олар техникалық қауіпсіздігі бөлімінде жұмыс істейтін Бақыт деген келіншекті әкелді. Оның тілі менің сөздерімді жатық жеткізуге толық жетпеді. Оларға керегі осы екен. Жымыңжымың етеді.

– Бақыт, сенің мына аударуың бойынша мен «кұлаймын». Оданша сен аудармай-ақ қойшы, – деп күлдім. Сөйтсем, Бақытымның беті боп-боз. Құдай-ау, адамға ұқсап күлуге де, сөйлеуге де қорқады ғой. Қараңызшы, мысымызды қалай басып тастағанын!

Аттестация созылып-созылып мамырға келіп тірелді. Түнгі кезектен кейін ауыл жаққа барып келгенімде, кіреберісте тоқтатып қойды.

– Сіз жұмыстан шығарылғансыз, – дейді күзетші.

– Қалай, қашан шығарылдым?

– Мен білмеймін оны. Жоғарыдан сондай бұйрық келген.

Мен сізді ішке жібере алмаймын, – дейді жолды бөгеп.

Кейін бұйрықпен таныстым. Онда «не соответствует занимаемой должности. Уволит по ст. 364» деп жазылған. «Сонда қалай? Бұған дейін бәрі жақсы боп келді. Онда жұмысты жаңа бастағанмын, енді соны аяқ астынан атқара алмай қалыппын. Бұл не сонда? Желтоқсан оқиғасы жаратпай қойды ма? Анығын айтыңдаршы, сонда мен неден жазып қалдым?» десем, тіке қарай алмай жүздерін бұрып әкетеді. «Менің бар жазығым – ақиқатты айтқаным. Сендер соны қатты ауырладыңдар. Бәріне жазықты ең әуелі өздерің. Жұмыста отырып, бүкіл елдің көзінше қазақтарды жамандайсыңдар. Көптіктеріңді пайдаланып аз қазақты жазғырасыңдар, көпе-көрнеу жала жабасыңдар, жерін басып, нанын жеп жүрген халықты ұнатпайсыңдар. Мен соның жөнсіз екенін мәймөңкелемей беттеріңе айттым. Міне, менің бар кінәм осы боп тұр. Сендер мені осы үшін жұмыстан шығардыңдар» десем, сөздерінің соңы миңгірге ұласады.

Бәрібір әрекетсіз қалмадым. Заң кеңесшілерінен сұрасам, үш айға дейін қудаланып, өз орныма баруыма мүмкіншілігім болған екен. Бірақ, ақиқаттың жолы ауыр келеді емес пе. Заңға шорқақ мен сол уақытты білместіктен өткізіп алыппын. Бір жағы оған ерік берді ме? Мені жұмыстан қуғаны аз көрініп, енді қыздарым Айбике мен Акеркені балабақшадан шығартудың әрекетіне көшті. Ол заводқа қарайтын балабақша еді. Оның меңгерушісі Фатима Бұралқиева деген әйел. «Сіз жұмыстан босадыңыз, енді қыздарыңызды бұл балабақшада тәрбиелей алмаймыз», – дейді. «Әпке, үлкен қызым биыл мектепке барады. Бір-екі ай жүре тұрсын» десем, кәсіподақ комитетінен сондай нұсқау түскен, мен оны

орындамай тұра алмаймын дейді. «Әпке, бәрін біліп отырсыз ғой. Мыналардың жасаған қиянатына сіз де қосыласыз ба?» деп едім, жағдайымды түсінді.

Қыздарымның жайын біржақты етіп бола бергенімде, «паспорт режимі» деген бірдеңе шықты. «Қайда тұрып жатырсыңдар?» дейді. Мен бірінші топтағы мүгедек орыс жігітінің үйінде тұрып жатқанымды айттым. «Ол жігітке бұл үй керек болмаса, біз оны қайтып аламыз. Бізде үй кезегінде тұрғандар өте көп» деп, тұрғын үй басқармасын да соңыма салды. Мәселе айналып сотқа барды. Міне, сол кезде ашуға міндім. Төсекке таңылған мүгедек жігітті құндақтаулы сәби секілді көтеріп таксиге мінгізіп апардым. Сот процесі өтетін екінші қабатқа да өзім-ақ көтеріп шығардым. Соттың төрайымы Габоева деген әйел еді.

– Желдің қай жақтан тұрғанын мен жақсы білемін, – дедім, ә дегенде-ақ. – Сондықтан ештеңе демеймін. Үйдің иесі ретінде бәрін мына орыс азаматының өзі айтсын.

– Мен бірінші топтағы мүгедекпін. Қолымдағы дәрігерлік комиссияның қағазында басқа кісінің мәпелеуі керектігі жазылған. Өмірлік мүгедекпін мен. Бұл жағдайға заводта жұмыста жүргенде тап болдым. Зейнетақыны да заводтан аламын. Менің атымдағы баспананы зорлықпен тартып алуға ешкімнің де құқы жоқ, – дей бастап еді, істі жүргізуші әйел бірден тұрғын үй басқармасының атынан келген кісіге шүйілді.

– Үй иесінің мынадай түрін көріп-біліп отырсыңдар. Оның үйінде тұрып, жігіттің бар жағдайын жасап, күтімге алған екі балалы әйелді баспанасыз қалдырамыз дейсіңдер. Жұмыстан қуғандарың аз ба еді? Мен әділіне жығыламын. Заңсыздыққа бара алмаймын. Үй иесі Новичков Валерий Владимирович мына әйелді шығар десе, мен сол кезде ғана шығара аламын, – деді.

Сонымен үйде қалдым. Қолыма сот шешімінің бір данасын берді.

Енді жұмысқа байланысты қуынуға кірістім. Осы аралықта баяғыда өзіммен пікірлес боп жүрген қызметтес қыздарымды қарсы қойып үлгеріпті. Біреуінің үй алғысы келеді, екіншісі жұмыссыз қаламын ба деп қорқады. Сондықтан «аш пәледен қаш пәле» деген шығар... Жарайды, онда әділдікті әріден іздейін, біреу болмаса біреу сөзімді

сөйлер деп, аудандық атқару комитетіне шағымдандым. Мені ақиқатты айтқаны үшін қуалады, екі баламен жұмыссыз қалдым дедім.

Сонымен, заводта жиналыс өтті. Ана жақ әдеттегідей жабыла жамандауға көшті. «Бұл барып тұрған ұлтшыл. Алматыдағы жастардың арасында болмадым деп өкінеді. Сонда көрсететін едім дейді...» Расында, сендердің мұндай қорлықтарыңды көргенше сойылдың астына түсіп өлуім керек еді дегенмін. Күйінгенде айтасың ғой бәрін де!

– Әлі де сол сөзімнен танбаймын. Намысыма тиіп, себепсізден-себепсіз қудаласаңдар, мен соған үнсіз жүріп көне беруім керек пе? Өздерің сондайға шыдар ма едіңдер? – деп өздеріне жармастым. Бірақ бұдан ештеңе шықпады. Солар жеңді. «Ретімен көрейін дедім. Бұл күйі қалдырмаймын, сотқа дейін барамын», – дедім.

Алты ай өткенде ісім Завод аудандық сотында қаралды. Сафонов деген судья жағдайды егжей-тегжейлі сұрастырып, жұмыстан негізсіз қуылғанымды айтты. Айтуынша, сол қызметке лайықсыз болсам, онда сол кәсіпорыннан қабілетіме сай жұмыс тауып берулері керек екен. Олар бұл заңдылықты бұзған боп шықты.

– Мені тіпті аулаға аттап бастырмай қойды, – дедім.

– Осылай болды ма? – деді судья кәсіпорын басшылығы атынан келген кісіге.

– Енді жұмыстан шығарылған адамды кіргізбейді ғой, – деді анау.

– Жұмыстан шығарылу туралы бұйрық қысқа жазылыпты. Шағым беруші тапсырған бұйрық пен заводтың кадр бөлімі берген бұйрық екі басқа. Бұның қайсысы дұрыс? – деп екі жаққа алмакезек қарады.

– Мен орталық табельныйдан алдым, – деп едім:

– Мына бұйрықтың біреуі өзгертіліп, қайта жасалған. Енді осының анық-қанығына жетейік. Бәріңіздің көздеріңізше орталық табельныйға телефон шалайын, анықтайық, – деді де цехтың бастығымен заматында сөйлесті. Бұйрық кітабындағы жазу менікімен бірдей боп шықты.

– Міне, істің мән-жайына енді қаныға бастадым. Бұхарбаеваға қиянат жасағанға ұқсайсыңдар. Одан да ары нақтылау үшін енді кадр бөліміндегі бұйрық кітабын алдырып көреміз. Ол қалай екен?..

Сонымен бұйрық кітабын алдырды. Көрді. Мына кулықты қарасаңызшы, менің атыма шығарылған бұйрық қағазы әпшақ, тура жаңадан толтырылған сияқты.

– Жәбірленушіні шығарған кезде перчаткамен жұмыс істеп пе едіңіздер? – деді күліп сот төрағасы.

– Ол уақытта мен еңбек демалысында жүр едім, – деп жалтарды заңгеріміз.

Сол күнгі сот процесіне прокуратураның да өкілі қатысқан. Өзі егделеу келген ағай еді.

– Қарағым, тып-тыныш қана жұмысыңды атқарып жүре бермедің бе? Бүкіл ұжымды ала тайдай бүлдіріпсің, – деп өзінше ренішін білдірді. Міне, соны естіген кезде көзіме лықсып жас келді.

– Көке, не болғанын сіз білмейсіз ғой. Егер мені қуғынға салғандардың қорлау сөздерін естісеңіз... Бойында ұлтқа деген қасықтай қаны бар кім-кім де шыдап тұра алмас еді. Менің бар кінәм қарсы тұрғаным, қазақтың намысын жыртқаным. Қай қазақ та солай етуі керек қой!..

– Қолдан қайта жасалған бұйрық қағаз үшін қылмысты іс қозғауға болар еді. Біз үйтпей-ақ қояйық. Бұхарбаеваның осы уақытқа дейін шығарған материалдық шығыны лаборатория цехының бастығы Юрасованың есебінен өтелсін дейін. Істі сонымен бітірейік. Кінәсізден-кінәсіз қызметтен қуылған Бұхарбаева өз қызметіне қайта қабылданын, – деді.

Мен жеті айдай сарсаңнан кейін ұжымға қайта қосылдым. Жүзім жарқын көрінгенімен, жүрегімде ауыр із қалды. Сондықтан да бұл әңгімені осындай келеңсіздік қайталанбаса екен деген ниетпен еске алып отырмын...

Роза Ақашқызының осы әңгімесін тыңдап отырған Марат ӨМІРБЕКОВ: «Бізді қайта тәрбиелегісі келді ғой» деп, сөзін ары қарай жалғастырды.

– Мен бұрын сауда саласында қызмет етіп едім. Кейін Жаңа Жамбыл фосфор заводына кассирлік қызметке ауыстым. Айлық ақшаларын беріп тұрғаннан кейін жұмысшыларға дейін таныс болып кетеді екен. Біреуімен күліп амандасасың, екіншісімен әзілің жарасады. Желтоқсан көтерілісінен кейінгі күндердің бірінде әдеттегідей Роза Ақашқызымен хал-жағдай сұрасып жүздесіп едім, басшылықтың адамдары маған одырая-одырая қарады.

– Марат, сен оған жолай берме. Ол жаман кісі. Нағыз ұлтшыл. Жанына жанасып кетсең болды, орыстарға қарсы айдап салып, бұзады, – дейді.

Алматыда басталып, республикамыздың барлық жерлерінде дерлік қозғау салған Желтоқсанды ұйымдастырғанда жоғары билік әуелгіде дегеніне жетті. Қазақ халқын ұлтшыл атандырып, жазалау арқылы басқа ұлттарға сабақ жасағысы келді. Бірақ, уақыт өте келе биліктің харам пиғылы өз-өзінен әшкерелене бастады. Өйткені, қазақ табиғаты таза, пейілі кең халық қой. Орыстар да адал, әділіне жығылғанды сүйейтін халық. Бірақ горбачевшіл топтың шырмауына ілігіп, алматылық жұмысшы, студент жастарды жаппай кінәлағандар біз еңбек ететін кәсіпорында да анық байқалды.

Сол бір ауыр күндерде «іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» дегендей, күйзеліп жүрсек, бригадиріміз Николай Васильевич (фамилиясын ұмыттым) өзінше осы тақырыпта саяси сабақ өткізбекші болды.

– Алматыда жастар бұзақылық жасады. Бәрі нашақор, ішкіш екен, – деп біздің көзімізді ашпаққа әңгіме бастап келе жатыр еді, көкірек көзі ояу жігіттердің бірі:

– Әй, Коля, басқа басқа, ал сен бізге ондай әңгімені айтпа. Бәрі неден шықты, кім соған алып барған? Осы жағын неге ойламайсындар? – деп аузына құм құйды...

Жазып алған Тоганай Талғат.

Сембай БЕКСЕЙІТОВ:

«ҚАНДЫ АЛАҢ БӘРІНЕ КУӘ!»

Ол уақытта мен құрылыста жұмыс істейтінмін. Жүргізіп жатқан құрылыс орнымыз Гоголь мен Мұратбаев көшелерінің қиылысында еді. 17 желтоқсаннан бастап бір айлық еңбек демалысына шыққанмын. Таңертең киімдерімді алып келейін деп, автобуспен сонда барғанмын. Қайтарда Абайға дейін жаяу көтеріліп, стадионның алдынан 66-шы автобуска отырдым. Сонда үйден шығып, барып-қайтуыма екі сағаттай уақыт кеткен. Қайтарда «гармошка секілді» автобусымыздың ішіндегі елдің жартысының астамы бүгінгі Ұлттық кітапхананың алдынан түсті де, алаңға қарай

шұбырды. Бұрынғыдай ашық-жарқын жүз жоқ. Әуелгіде оған мән бермегенмін. Автобусымыз қозғалып, өтіп бара жатқанда көрдім: алаң жақта көп ел жиналып қалыпты. Сол кезде жанымда отырған москал кісі: «Димекенді орнынан алыпты, орнына Ресейден Колбин деген бір орыс келіпті. Енді бізді тағы да орысына басқартатын болды ғой. Бұл қазақтың өз еркі өзінде дейсің бе?» – деді. «Не дейді? Не дейді?...» – деппін үстіме әлдекім сұп-суық суды сар еткізіп құйып қалғандай...

Осыны естіген соң, келесі аялдамадан түсе салысымен жоғары қарай өрледім. Тура бірденеден қалғандай болып кері жүріп, Фурмановпен жоғары көтерілдім. «Океан» дүкенінің бұрышында дөңгелек жүзді қазақ келіншек екпіндеп сөйлеп тұр екен. «Қазақстанды – қазақ билеу керек! Ұлттар туралы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің айтқан ойлары бар, бұлар соны бұзып отыр. Біз бұған қайткенде де көнбейміз. Ол – біздің заңды құқығымыз» дейді. Анадай жерде милиционерлер жай ғана бақылап тұрды. Әлгі әйелдің жалынды үні, құдай біледі, соларға да әсер етті. Себебі, көбі қақа жігіттер болатын. Менің де арқам қозып, тағы да айта түссе екен деп тұрмын. Айналасында ошарылған ел әр жер-әр жерден құптап, «дұрыс, дұрыс» деп жатыр. Тағы да біреулер сөйледі. Жарты сағаттай тұрғаннан кейін қолымдағы сөмкемді апарып тастап, қайта келейін деп жоғары өрледім. Келіншегім үйде екен. «Әй, сен не естідің? Теледидар, радио ешқандай хабар берген жоқ па? Жаңа мен алаңның жанынан өтіп едім, қызық боп жатыр. Қонаевты қызметтен алды, орнына Колбин деген біреуді әкелді» деп жұрт қаптап жиналып жатыр», – деп едім, «не дейді...» деді ол да бағанағы менің сөзімді қайталап.

Шайымызды ішіп болған соң, екі қызымды шанаға отырғызып, бір баламды жетектеп, үй ішімізбен мұражайдың артымен аяндап алаңға қарай жүрдік. Бері ашыққа шыққанда қарасақ, ат шаптырым дейтін алаңымыз тура құмырсқаның илеуіндей қыз-қыз қайнап тұр екен. Бұның өзі бізге ерекше күш берді. Тіпті дегбіріміз қашып, жүрісімізді жылдамдатып бара жатыр едік:

– Шырақтарым, мына балақайларыңмен қайда бара жатырсыңдар? Әскерін де, жасақшыларын да қаптататын түрі бар. Осының арты жақсы болмайды-ау. Тілімді

алсаңдар, балалармен ол жаққа бармандар, – деді жүзінен жылылық табы шашырап тұрған қартаң кісі.

Сонымен, әйелімді үйге қайтардым. Көп кешікпей қайтамын ғой деп мен кеттім. Қайдағы қайтқан?! Исі қазақтың намысты ерлері жиналған алаң құшағына қаусырып босатпады. Үкімет үйі жақ бет қаптаған әскер. Оның етек жағы нөпір ел. Ашу-ызасын ақтарған халықтың сөзін есту қиын. Күшейткіш деген аты бар қалақшадан шыққан дауыс он-он бес метрге жетпей жұтылады. Есесіне ЦҚ-ның хатшылары мен министрлер, прокурор, соттар сөйлеген кезде шығатын үн Алматының ана басына жетіп жатыр десе болады. Сол дауыстың өзі-ақ естігеннің бәрін елендетті. Бұл өзі не боп жатыр дейтін елдің табиғаты ол уақытта мүлде басқа еді. Қазір ғой желтоқсанда итке талатып, жанын жарақаттап, әбден зәресін ұшырған, қорқыныш пен үрей тұла бойларын әбден меңдеп алғаны соншалықты, жұрт Алматының алаңы десе қашатын болды...

Қазақта «Ине шаншар жер жоқ» деген теңеу сөз бар. Дәл сол күнгі алаңды әңгіме еткенде осы теңеуді қолданса, әбден жарасады. 25-30 мыңдай кісі алаңды ұстаса, содан бір де кем емес ел Алматының көшелерін шарлап жүрді. Солардың бірі боп арасында жүргеніме іштей разы едім. Жастық желігім басылмаған, орда бұзар отыздың ен ортасындағы кезім. Лықсыған елмен бірге мінберге біресе жақындап, біресе алыстап... Көсемдердің сөздерін бірде естіп, бірде естімей бесінге іліктік. Міне, сол кезде билік күш алды. Енді алаңды тазартудың неше түрлі тәсілдеріне көшті. Барынша аяусыз түрге ауыса берді. Мәселен, мына жақта қалқан ұстап, резікке сойылмен аямай сабап, бейбіт шеруге шыққан жастарды бықпырт тигендей етіп жүргенде, бүгінгі Желтоқсан көшесі жақтан суын атқылатқан өрт сөндіргіш машиналар легікеп қалды. Одан қашып, лықсыған толқын секілді, екінші жаққа бір-бірлерін итере, кимелей серпілген ел жолындағыларын таптап кете жаздады. Мен мінбер жақта едім, не болғанын анық біле алмай қалдым. Сұрастырсам: «Су шашып келе жатқан машина бір-екі қыздың аяғын басып, мыжып өтті», – дейді. Әрине, осыдан кейін ашулы жұрттың одан бетер ызаланатын реті. Машиналарды өртеп, аударып-төңкеріп тастауы болуға тиісті жай. Шетелдерде осындай қақтығыстардың кезінде бұдан да сорақы көріністер болатынын теледидар-

дан талай рет көрдік қой... Ең демократияшыл елміз, оқыған мемлекетпіз, сөз бостандығы да, баспасөз бостандығы да ғажап дейтін біздің Кеңестер Одағында мынадай оқиға болады, оның қақ ортасында өзіміз жүреміз деген ой үш ұйықтасам түсіме кіріп пе?!

Алаң – біздің жиналатын ортақ нүктеміз болды. Ешкімді-ешкім танымайды десе де болады. Мәселен, өз ба-сым етене жақсы білетін бір адамды да жолықтырмаппын. Келдім де араларына кіріп кеттім. Дәл сол күнгідей бауыр-мал қазақты жер ортасы осы жасыма келгенше көрмеппін. Бәріміз лап қойып мінбер жаққа ұмтылдық. Тектен-текке таяққа жығылып, тепкінің астына түскен ару қыздарымызды көргенімізде, шыдай алмадық. Қазақтың жаны – қыздары, қазақтың жаны жері мен елі екен. Дәл сол күнгі көз алдымда боп жатқан көріністер мен еріксіз осындай ойға әкелді.

Адам қай кезде де күлкісін жоғалтпайды. Әсіресе, қазақтар солай. Ол ақырғы сәтінде де бәрін күлкімен жеңуге тырысатынын, содан күш алғысы келетінін білдім. Шынында, біздің ұлтымыздың қанында өміршендік бар. Әйтпесе қараңызшы, бір ғасырдың өзінде ғана бұл қазақтың басынан келер зұлмат өтпеді? Қырылды, миллионлап қырылды. Мыңдап, жүз мыңдап қан майданда елім үшін, жерім үшін, Сталин үшін деп бораған оққа қарсы шапты, жер жастанды. Бірақ, қайран қазақтың қанындағы қасиеті, кең байтақ жерінен, соны жаратқан бір Алладан алған шапағаты өрге сүйреп келеді. Оның үстіне өткен жүз жылдықта ба-стан кешкен машақаттың бәрі саясат жасаушылардың қысастығымен, қала берді үлкен ұлтқа басымдық беруімен жүзеге асты. Әрине, жеткен жетістіктеріміз де көп, өте көп. Оны жоққа шығарудан мен де аулақпын. Ал, бірақ 1986 жылдың желтоқсан айындағы орталықтың өктемдігін есіме алсам, жүрегім өз-өзінен мұздап сала береді...

Иә, бұл жолы біздің қазақ тағы да ықпады. Қойдай жуас халық еді, шыдай-шыдай шегіне жетті, сонан соң бір-ақ сәтте көтерілді. Ел екенін, ұлт екенін, қазақ атын алған республи-касы бар екендігін йдай әлемге паш етті. Оған жеткізген – Горбачевтің билігі. «Жаса, қазақ!» деп ұрандаттық. Осы ұранмен бізді бұқтырғысы келген қалың әскерге қарсы шаптық. Олай етпеске амалымыз қалмады. Қарсылыққа қарсылықпен жауап бердік. Сол күнгі түнде әбден қаруланған

әскер төбеден төмен қарай аямай сокқының астына алып қуалады. Сонда биік үйлердің балкондарында тұрған адамдар да құр тұрмай, үстілеріне су шашып, «жауыздықты тоқтатыңдар!» деп айқайлағанын естідік...

Ызғарлы алаң үрейлі еді. Сондағы қыздарымыздың батырлығына әлі күнге дейін қайран қаламын. Осылар бірдеңеге ұрынып қала ма деп жаны ашыған қартаң кісі:

– Айналайын алтындарым-ау, сендер үйлеріңе қайтсаңдаршы. Мына жауыздар өлтіреді ғой, қайтыңдар, – деп еді, осыны естіген екі қыз:

– Ата, қазағымыз үшін бүгін өлсек, арманымыз жоқ! – деді жарысып. Шын жүректен шыққан сөздері еді. Естіп тұрып бәріміз разы болдық. Сондағы қаршадай ғана екі қыздың көрсеткен қайсарлығын, қайтпас-қайсар мінезін көрген әрбір азамат шыдап тұра алмас еді. Олар біздің жігерімізге жігер қосты. Екі аралықта жүгіріп жүріп жеткізген тастарымен талай рет мұздай қаруланған қарулы жасақтарды тырқырата қуаладық.

Сол сәттер тура күні кешегі оқиға еді.

Қанды алаң бәріне куә!..

Жазып алған Гүлмира Талғат қызы.

Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ

«КАЗАХСКОЕ ДЕЛО»

Мұхтар Шаханов

...1989 жылы 2 қыркүйекте «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» газеттерінде Қазақ КСР Жоғарғы Советінің арнаулы депутаттық комиссиясының төрағасы Қ.Ғ.Мырзалиевтің ҚазТАГ тілшісіне берген сұхбаты жарияланды. Сұхбат «Ат ауыстырып мінейік, ағайын...» деп аталған. Бұл әңгіме іле бірқатар облыстық газеттерде көшіріліп басылды. Ол комиссия жұмысының алғашқы қортындылары туралы тілші қойған сауалға былай деп жауап берген.

«...Қазір Желтоқсан оқиғаларына қайта оралғанда, біздің көбіміз өткенімізге ғана көз жүгіртіміз. Ал біз болашағымызға – ертеңгі күнімізге неліктен көз тікпейміз?

Тек болашақты ескергенде ғана 86 жылғы оқиғалар мен оның зардаптарын шыншылдықпен және стратегиялық жағынан дұрыс бағалауға болады ғой. Қай ұлттың өкілі екенімізге қарамастан, біз мұрагерлеріміз – өз балаларымыз бен немерелеріміз үшін, өзіміздің ортақ мұраттарымыз үшін бір-бірімізге деген өкпе-реніштен арылуымыз керек. Көзқарастардың ушығуы неге апарып соғуы мүмкін? Ол әманда қауіпті, өйткені оның астарында кекшілдік, зұлымдық пен қатыгездік жатады.

Меніңше осы арада бір кезде швед ақыны, Нобель сыйлығының лауреаты Эрик Карлфельдт айтқан: «...Женіс тілеме, жарасым тіле» деген сөзін ойға алған орынды тәрізді. Қазіргі жағдайда ең алдымен парасаттылық көрсетіп, қанша қиын болса да, өзіміздің бұрынғы қателіктеріміз бен жансақ басқан қадамдарымызды мойындауға батылдық жасауымыз керек. Рухани және моральдық жағынан шын жүректен тазарғымыз келсе, бір-бірімізге қамқорлық жасауға ұмтылмасақ, біздің бәрімізге өмір сүру де, ілгері басу да өте қиынға түспек».

Сонда қалай, болашағымыз үшін өткеннің бәрін ұмытуымыз керек пе? Жастарымыздың тұщы етіне ащы таяғы тиіп, қыздарымызды, намысымызды қорласа да мейлі ме? Сол Желтоқсанның жастары болашағымыз емес пе еді?

Жастарымызды соққыға жығып, бодандығынды біл дегендей тепкілеп, итке талатып, сапер күректерімен соғып, білгенін істесе, бір-бірімізге деген өкпе-реніштен қалай арылуымыз керек. Империяның ұлтты рухсыздандыру саясаты осы емес пе? Орынды жерде ренішті айтып, намысты қорғағанның не айыбы бар?

Әлеуметтік әділетсіздік болмаған жерде көзқарастар ушығады. Ал көнбістерде өзіндік көзқарас болмайды. Желтоқсан туралы көзқарасын табанды ұстанған Мұхтар Шахановтың арғы жағында кекшілдік, зұлымдық, қатыгездік жатыр дегенге кім сенеді? Сахаров па?.. (сол кезде ол өмірде бар еді) Ельцин бе?.. Жоқ әлде Евтушенко ма?.. Оның үстіне сол уақытта көзқарастар тұтас ұлттарға емес, тоталитарлық жүйеге қарсы болды ғой. Баз біреулер Мырзалиев мұны сол кездегі қоғамдық жүйеге байланысты айтты дер. Кінәні солай аударып салып, жауапкершіліктен тайқып шыға келу опонай. Бірақ сол бір қатал уақытта да ешкімге жалтақтамай

азаматтық сөзін, өзіндік көзқарасын батыл айтқандар да болды. Ақын Жұбан Молдағалиев Жазушылар одағындағы Колбинмен кездесуде Желтоқсан жастарына қатысты өз көзқарасын ашып айтты. Жалған интернационализмді әшкерелей келіп: «Мен сондай ұят оқиға және оның артында не болғанын естігенде, жасырып қайтейін, осы күнге дейін өмір сүргеніме өкінемін...» – деді. Жазушы Бейбіт Қойшыбаев Желтоқсан оқиғаларын талқылауға арналған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы аппаратының партия жиналысында: «Адамгершілік тұрғысынан келсек, біз ешуақытта да 17-20 жастағы біздің балаларымызға, қыздар мен жігіттерімізге қарсы таяқ, сапер күректерін, водомет, түтіндету құтыларын жұмсаған, сондай-ақ қасқыр иттерді айдап салған жекелеген әскери қызметшілердің қылықтарын ақтай алмаймыз», – деп айтқаны әлі жұрттың есінде. Ұлттық намысы қамшылаған жандар өз көзқарастарын осылай батыл айтты. Ал батыл айтылған мұндай сөздер құлаққа ушықтырғаннан да бетер естіледі. Ал Шахановтың көзқарасы әманда тоталитарлық жүйеге қауіпті болды.

Эрик Карлфельдтің әлгі сәуегейлігі қандай жағдайға байланысты айтылған? Намыстары тапталған Желтоқсан оқиғасы жастарының қолайына, табиғатына келе ме екен? Комиссияның міндеті Желтоқсан көтерілісінің ақ-қарасын анықтап, ақиқатына жету емес пе еді. Мырзалиев оны неге бітістірумен шатастырып отыр?

«...Әр ұлт өзін-өзі билеу керек!», «Әр ұлтқа – өз көсемі!», «Қазаққа – қазақ басшы!», «Лениндік ұлт саясат жасасын!» деген ұранды талаптар ұстап, алаңға шыққан жастар шынымен-ақ жаңсақ басып, қателесті ме? Бұл олардың бодандықтан тәуелсіздікке ұмтылуының алғашқы қадамдары емес пе еді! Мұнда олар мойындайтындай қандай қателіктер бар? Қазақ халқы кімдерге қамқорлық жасамады? Келімсектерге төрін беріп, өздері ауызғы бөлмеде отырғанын Мырзалиевтің ұмытқаны ма? Сонда олардың қайтарымы қайсы? Қайта тілімізді мүлдем жойып, орыстандырып жібере жаздағанын біліп тұрып, қалай білмегенсіміз? Тілі, салт-дәстүрі үшін алаңға шыққан жастарды рухани және моральдық жағынан таза емес деп кім айтты? Жат тілмен өмір сүру де, ілгері басу да өте қиын болған соң жастар алаңға наразылықтарын білдіруге шықты ғой. Комиссия төрағасы Қадыр

Мырзалиевтің шалқайғандарға еңкейгені қалай? Сайып келгенде Мырзалиевтің бұл сұхбатының төркіні өткен іс өтті, енді бәрін де ұмытып, баяғыша, боданша өмір сүрейік деген ой қалыптастырады екен.

«Желтоқсан жаңғырығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Әлжанов:

– Мырзалиевтен мұндайды күтпеп едік. Сұхбат желтоқсандықтардың ашу-ызасын келтірді. Сенген серкеміздің сөзі осы болса, басқа комиссия мүшелерінен не үміт, не қайыр. Зоовет, Ауылшаруашылығы, Политехникалық, Медицина институттарының студенттері жиналып, Мырзалиевті осы сұхбатына байланысты кездесуге шақырдық. Кездесу Медицина институтының үлкен залында өтті. Оған комиссия мүшелерінен бөлек үкімет адамдары да қатысты. Студенттер Мырзалиевтің аталмыш сұхбатын қатты сынға алды. Оның білімділігіне, дүрдей атағына кәміл сенген едік. Қатты алданғанымызға опындық. Бұл кезде Мұхтар Шаханов Мәскеуде сессияда болатын. Оның келуін тағатсыздана күттік.

– Мұха, Желтоқсан комиссиясының ісін өз қолыңызға алыңыз. Мырзалиевке сенуге болмайды екен. Онымен біз бүгін «еркектерше есеп айырысамыз».

Шаханов істің насырға шапқанын сезді. Ашу қысып, қанына қарайған жігіттерден бәрін де күтуге болатынын білді.

– Жігіттер, Қадыр қазақтың классик акыны, – дей беріп еді, арамыздағы шымыр денелі жігіт киіп кетті.

– Мұха, қазақ ақынға кенде емес. Дәп қазір қазаққа өзіңіздей азамат ақын зәру!

Шаханов қатқыл үнмен:

– Жігіттер, райларыңнан қайтыңдар. Егер Қадырға қол тигізетін болсаңдар, онда мен сендердің ұсыныстарыңнан бас тартамын. Мырзалиевтей ойшыл ақын қазақта аз. Тіптен жоқтың қасы. Сондықтан оны құрметтендер, – деп басу айтты.

Амал жоқ Шахановтың айтқанына көніп, жатақханаларымызға тарадық.

Эпопеядан үзінді.

«...Сөздің ашығы бұл комиссияға сенсек ел алдында ұятқа қаларымыз айқын еді. Тіпті олардың бірнешеуінің бізге

қарсы жұмыс істейтіні де ешкімге құпия емес-ті. Егер біз бұл аса маңызды шараға қоғамдық күштерді кеңірек тартпасақ ұтылатынымыз сөзсіз. Осы арадағы біздің басымыздың жөнді істеп кеткен бір жері – Жоғарғы Кеңес қаулысына көмекші ретінде жуырда өзіміз құрған «Адам құқын қорғау жөніндегі қоғамдық комитетті» ендіріп жіберуіміз. Әрі сол қаулыда комиссия әртүрлі мамандық өкілдерінен эксперттік жұмысшы тобын құруға құқылы деп көрсетілген. Сондықтан мен қолынан іс келеді деген белгілі ақын-жазушыларды, қоғам қайраткерлерін, Ішкі істер министрлігі мен МҚК саласында қызмет еткен зейнеткерлерді, заңгерлерді топ-тобымен өзіме шақыра бастадым. Тексеруге тиісті 8 салаға 8 жұмысшы тобын құрдық».

Төлеген Әлжанов:

– Жұмысшы топтары іске қауырт кірісті. Бір топ Шахановтың тапсырмасын алып кетіп жатса, екінші топ тапсырмаларын орындап келіп жатты. Жоғарғы Кеңес үйіндегі біз жұмыс істеп отырған бөлменің шамы түнгі сағат төртке дейін өшпейтін. Кей күндері тәулігіне 3-4 сағат ғана көз шырымын алатынбыз. Таң атқаннан іске қайта кірісеміз. Шағымданып келген желтоқсандықтарды қабылдаймыз. Қанша құжаттар жиналды. Соларды сұрыптап, реттеп, пікірлесе отырып анықтамалар жазу оңай ма. Тиісті мекемелер талап еткен құжаттарымызды бірден бере салмайды. Көбіне Шахановтың өзі келіп, не телефонмен хабарласқан соң барып қолымызға тиетін.

Мұхтар Шаханов:

«...Қараша айының алғашқы аптасында Мақтай Сағдиев шақырды.

– Қалай, комиссия жұмысының етек-жеңі жинақталды ма? Келесі аптадағы сессияға қойсақ қайтеді? – деді ол.

– Маха, әзіліңіз бе, шыныңыз ба? Бұл мәселеде нағыз әділетті шешімге қол жеткізу үшін әлі бізге ең кем дегенде төрт-бес ай уақыт қажет, – деп таңданыс білдірдім.

– Ендеше былай болсын, – деді Мақтай Рамазанұлы. – Комиссия құрылған күннен бері қандай жұмыс атқарды. Сол туралы сессияда өзің баяндама жасайсың.

– Шілдеден қыркүйекке дейін Қадыр Мырзалиев басқарған комиссия жұмыс істеген. Маған жеткен мәлімет бойынша Қадекенді өздеріңіз шетелге жіберіпсіздер. Ол

топтың қандай іс атқарғаны жайлы бізде мәлімет жоқ. Комиссияның тең төрағасы ғой, сондықтан Қадыр ағаның келуін күтейік, – деп едім Мақтай Рамазанұлы басын шайқады.

– Сөздің ашығы, ол кезде ауыз толтырып айтарлық ештеңе жасалған жоқ. Сондықтан өзіңнің баяндаманды енгізейік. Бірақ баяндама сенің жеке пікірің болып жүрмесін. Оған бүкіл комиссия мүшелері қол қоюға тиіс, – деді.

Япырай, комиссияның жұмысшы топтары екі қолдарын төртеу ете алмай жанталасып жатқанда Мырзалиевтің шетелге кетіп қалғаны қалай?

Комиссия мүшесі, Алматы архитектура-құрылыс институтының аға оқытушысы Н. Фокина:

– Сол уақытта біз күндіз-түні тынбай жұмыс істедік. Тең төраға Қадыр Мырзалиевтің аты-жөнін естігенім болмаса, көрген емеспін. Қазір сондағы Мырзалиев мына кісі деп көрсетсе де танымас едім, – дейді.

Жұмысшы тобының мүшесі Төлеген Әлжанов:

– Ішкі істер бөліміне, Республика прокуратурасына баратын кезде ол кісіге алдын-ала хабарланатын. Тап баратын күні ол кісі келмей қалады. Желтоқсан көтерілісі күндері алаңға 10 мыңнан астам жастар шықты. Бұл – ұлт! Бұл – халық! Ал оларды билік қалай басып жаншыды? Айтып жатудың қажеті бола қоймас. Тек Мырзалиевтің жастарға, ұлтқа жаны ашымағаны күйіндіреді. Ол қай облыста, қай ауданда болмады. Қадыр ақын келді деп сондағылар басын алдына қойып, үлкен құрмет көрсеткен жоқ па. Сол халықтық құрметтің Қадырдан қайтымы болуы керек еді ғой. Желтоқсан көтерілісі халықтың – жан жарасы. Біле-білгенге Желтоқсан көтерілісі халықтық сын болатын. Өкінішке орай, халық жазушысы сол халықтық сыннан өте алмады.

Қадыр Мырза Әлінің 2004 жылы «Атамұра», баспасынан «Иірім» атты эссесі жарық көрді. Сол кітаптан үзінді.

«...Желтоқсан оқиғасынан кейін бір күні маған Қасым (Қасым Қайсеновты айтып отыр) ағамыз телефон соғып:

– Сенімен жолыққым келеді, – деді. Ол мені Жазушылар одағында күтетін болды. Сол уәделі жерде кездестік. Оңаша бөлмелердің бірінде отырып сөйлестік. Әңгіме басталар-ба-сталмастан ағамыздың еңкілдеп тұрып жыламасы бар ма! Неге? Не үшін? Не болып қалды? Түсінсем бұйырмасын!

– Қасеке! Қасеке! – дей бердім. – Сабыр! Сабыр! Не болып қалды? – дедім не істерімді білмей.

– Аямады ғой, аямады. Шырқыратып сабады ғой жастарды! Көрдім! Өз көзіммен көрдім! Бәрін де көрдім! Бәрін де! Бірақ дәрмен жоқ. Түк істей алмадым. Өйткен партизандығым құрысын! Фашистердің өзі олай қорлай алмап еді. Қорлатпап едік! Бұлар қорлады!

– Біз бере алмасақ та, жазасын Құдай берер! Сабыр етіңіз, Қасеке! – деп жұбаттым.

– Бұлар баяғыда бір рет өсіткен! Шаяхметов орнынан түскенде «Біраз тайрандап едіңдер, бостандықтарың бітті осымен! Бітті осылай, калбиттер!» – деп сабаған шетімізден. – Қасекең өксіп-өксіп алды да кілт тоқтады. Содан кейін: – Осыны айтайын деп келдім. Ал қош бол, бауырым! – деп шығып кетті.

Қасекеңнің маған келіп, осылай шер тарқатып жүргені мен ол кезде Желтоқсан оқиғасына байланысты мемлекеттік комиссияның төрағасы болатынмын». (205-206 бб.).

Қан майданда от кешіп жүріп, көрген азабына жыламаған Қасым ақсақалдың алаңда қатты соққыдан жан ұшыра шыңғырған өрімдей қыздарды, қарулы солдаттармен айқасып жүріп қанға боялған ұлдарды көргенде бауыр еті езіліп жылаған. Сонда бәлкім «Мен кім үшін, не үшін соғыстым?!» деп опынған да болар. Батырдың жылағанын көргеннің өзі қандай ауыр десеңізші. Үш жылдан бері ішіне беріш болып қатқан шерін комиссия төрағасы ғой деп Мырзалиевке тарқатқан екен. Батырдың сол көз жасы, дәрменсіз қалпы қалай оның жүрегін қозғап, жанын селт еткізбеді?! Шешуші шақта бәріне қолын бір-ақ сілтеп, шетелге кетіп қалғанына қарағанда шынымен-ақ Желтоқсан жастарына жанының ашымағаны ғой. «Жоқ, Қадекең – халықтық тұлға! Оның ондайға баруы мүмкін емес!» дегің-ақ келеді. Бірақ Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында болған оқиғаларға байланысты мән-жайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның құжатынан оның қолы қойылмағанын көргенде әлгі қимастығыңнан ештеңе де қалмайды екен.

Уақыт – емші! Уақыт – қатал сыншы! Уақыт – төреші! Уақыт – әркімді өз орнына қояды!

Сол құжатты дайын болған кезде Шахановты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы Ануфриев шақыртқан. Құжатты парақтап отырып, кейбір бөлімдеріне қабағын шытып, аса қош көрмейтін сыңай танытты. Соңында тізілген комиссия мүшелерінің арасынан Мырзалиевтің қолы қойылмағанын көріп:

– Мырзалиевтің қолынсыз Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына жіберуге болмайды. Оның шетелден келуін күтіңіздер.

– Мырзалиев бұл комиссия қорытындысына қарсы болмайтынына кәміл сенемін. Уақытты босқа созудың не қажеті бар?

– Жоқ, ол тең төраға. Сондықтан оның қол қоюы өте маңызды.

– Владислав Григорьевич, байқауымша сіздерге уақытты созған тиімді көрінеді. Жарайды, сіздің дегеніңіз-ақ болсын. Бірақ сіз әуелі менің мына сұрақтарыма жауап беріңіз. 1986 жылы сіз қайда қызмет істедіңіз?

Ол тіксініп қалды.

– Талдықорған обкомының бірінші хатшысы едім.

– Демек Желтоқсан күндері Талдықорған қаласындағы жастардың толқуын білесіз.

– Мен онда Мәскеуде іс-сапармен жүргенмін.

– Мәскеуде жүріп те нұсқаулар беруге болады.

Мырзалиев шетелден келгенше, біз де уақытты босқа өткізбей Талдықорғанға барып, жастардың қалай жазаланғанын анықтаймыз. – Шаханов орнынан тұра бергенде Ануфриев қолынан ұстай алды.

– Мұхтар Шаханович, маған екі сағат уақыт беріңіз. Содан соң сізге жауабымды айтайын, – деді кібіртктеп.

Шаханов келісті.

Ануфриев бір жарым сағаттан соң Жоғарғы Кеңеске келіп, комиссия құжатының сессия қарауына ұсынылуына қарсылығы жоғын мәлімдеді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттары 1989 жылы 14 қараша күнгі мәжілісте Желтоқсан жөніндегі комиссияның дайындаған соңғы құжатын қараған. Оны депутаттардың қалай талқылағанынан халық бейхабар еді.

Ал сол құжат қалай дайындалып, сессияда қалай қаралды.

Эпопеядан үзінді.

«...Алғашында аңғармаған екенмін. Комиссия жиынына біздің шақыруымызсыз қатысып отырған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Заң бөлімінің меңгерушісі А.Әбдрахманов: «Баяндамаға Желтоқсан оқиғасы кезінде көп адам шығыны болды деген қауесет анықталмады деген сөйлем кіргізейік» – деді.

– Жолдас, Әбдрахманов, – дедім ызалана. Біріншіден, сізді мұнда кім шақырды? Екіншіден, бұл сала әлі толық тексерілмеген. Комиссия мүшелеріне өз пікіріңізді алданала күштеп таңуға сізге кім рұқсат берді? Жоғарғы Кеңестің бөлім меңгерушісі түгілі, төрағасы болсаңыз да ондай құқыңыз жоқ. Бөлмеден шығып тұрыңыз!

Әбдрахманов басын төмен салған күйі зыта жөнелді.

– Әбдрахмановтың ұсынысын дауысқа салайық, – деді Исаев. Өзара келісіп алса керек. Менің қарсылығыма қарамай әлгі ұсынысты комиссия мүшелері қолдап ала жөнелді. Мені жақтап төрт-ақ адам дауыс берді. (Комиссияда барлығы 23 адам болды). Сөйтіп көлденең көк аттының пікірі баяндамаға енді.

– Енді маған бәрі де түсінікті, – дедім қызынып. – Ертең баяндаманың қалған бөлігіндегі пікірлерден де бұрылып кетпеулеріңіз үшін қол қойыңыздар.

Он алты депутат баяндамаға қол таңбасын түсірді. Тек Қазақ КСР Бақылау комитетінің төрағасы Б.Исаев пен Әділет министрі Д.Досполов қана баяндаманы негізінен қуаттағанымен, жекеленген тұстарына келіспейтіндіктерін жазып берді».

Шаханов баяндамаға КОКП Орталық Комитетінің қаулысынан «Қазақ ұлтшылдығын» алып тастау туралы ұсыныс ендірген еді. Ол комиссия мүшелеріне: «Егер депутаттар қолдап жіберсе жеңістің үлкені сол болады. Бұл КОКП Орталық Комитетін Саяси Бюросымен қосып тұмсықтан ұрғанмен бірдей» – деп түсіндірді. Баяндаманы соңғы рет талқылауда Б.Исаев «Қазақ ұлтшылдығы» мәселесін комиссия жұмысының ең соңында жасалар құжатқа енгізейік» деп сиыр құйымшақтандыра бастаған кезде Шаханов онымен келіспей қасарысып тұрып алды. Тең төрағаны Ф.Шалахметов пен Е.Мергенов жақтады. Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен Әбдірахмановтың ұсынысын көпе-көрнеу өткізіп жібергені Шахановтың жанын күйдірді. Сағдиевтің: «Бірақ

баяндама сенің жеке пікірің болып жүрмесін. Оған бүкіл комиссия мүшелері қол қоюға тиіс» – деген ескертуінің астарында астыртын келісімдер жатқанын Шаханов сонда ғана білді. Горбачевтің де көздегені осы еді.

Эпопеядан үзінді.

«...Сессияда менің баяндамам жарты сағатқа созылды. 450-ден астам депутат ұшқан шыбынның ызыңы білінердей үнсіздікпен тыңдады. Мен орныма отырысымен мінберге Қазақ КСР Жергілікті өнеркәсіп министрі И.Еділбаев көтерілді.

– Алаңға шыққан жастардың бәрін ақтап алуға тырысушылық – әбестік, – деді министр. – Олардың ішінде нашақорлар мен маскүнемдердің, бұзақылардың болғанына өз басым куәмін. Қазір халық ол қасіретті ұмытуға айналды. Сондықтан ескі жараның аузын тырнап, жаңғыртудың не қажеті бар?

Депутаттардың үлкен бөлігі дүркірете қол соғып жіберді».

Халықтық қасірет ешқашан да ұмытылмайды. Міне, содан бері 20 жыл өтті. Қане ұмытылғаны! Халық қашан Желтоқсан көтерілісінің ақиқатына жетпей, саяси бағасын алмай тыншымайтынын бұрынғы министрдің ендігі көзі жеткен де болар. Бітеу жара да ауық-ауық сыздап, жаныңды ауыртпай ма?!

«...– Бұл комиссияға мүше болып енгеніме өкінемін, – деді одан кейін сөз алған Б.Исаев. – Шахановпен тіл таба алмайтыныма көзім анық жетті. Осы күнге дейін біраз мәселе зерттелді, жинақталды. Менің ұсынысым: комиссия жұмысын тоқтатайық!

Әр тұстан Исаевты қолдаған дауыстар естілді».

Шаханов ұлттық мүддені қолдап шырылдайды. Оның картасы ашық. Ал Исаев ше? Кімнің сөзін сөйлеп отыр? Абайша айтсақ, осы қазақтың мансапқа келгенде ар-намысты белден басатыны несі? Бірікпесек кім көрінгенге жем боламыз дуден жағымыз талды. Ал жұртты біріктіретін не? Шындық, әлеуметтік әділеттік емес пе! Оны Исаев секілділер бұра тартса, қалай бірігудің жөні болады? Желтоқсандықтардың шындығын тәрк етіп, биліктің ыңғайымен біріккеннен қандай опа таппақпыз?

«...Комиссия мүшесі, «Казахстанская правда» газетінің редакторы, депутат Ф.Игнатов «ПМ және оның әскер

бөлімшелері сол кезеңнің заңына сәйкес бұйрықты орындады. Сондықтан олардың кінәсі жоқ деген тоқтамға келуіміз керек дейді».

Ал Шаханов сол бұйрықты берген кім деп шарқ ұруда.

«...Заң тарапынан инедей қателік кеткен жоқ. Мәселенің осыншама деңгейде шиеленіс табуына жастар бұзақылығы себеп болды, – деді Қазақ КСР прокуроры Ғ.Елемесов. – Ұлтаралық бірлікке сына қағатын сол зерттелген саладағы мына комиссияны міндетті түрде жабуымыз керек».

Қазақ мұндайды «Сезікті бұрын секіреді» деп сілейткен. Елемесовтікі қалай да шындықтан қашып құтылу. Өз қолымен істегенін мойнымен көтергісі келмейтіні көрініп-ақ тұр.

«...Баяндама кілең өтірікке құрылған», – деп айқайлады залдан бір депутат.

– Олай деуге болмайды, – деді Ғаділбек Шалахметов орнынан тұрып. – Бұл жалғыз Шахановтың ойы емес. Ол комиссия мүшелерінің ортақ пікірін баяндады.

Еркін Мергенов мені қорғай бастап еді, депутаттар тұс-тұстан айқайлап, кейбіреулері жер тепкілеп сөйлетпей тастады. Бірақ ол комиссия жұмысы енді ғана жандана бастағанын, оны жабу үлкен әділетсіздік болатынын айтып үлгерді.

Ленинскі қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, депутат Савченко шығып:

– Жолдастар, ұлттар арасындағы бірлікке қауіп төндіргені үшін бәріміз Шахановқа сенімсіздік білдірейік, – деді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы В. Ануфриев маған араша түскендей кейіп танытты.

– Жолдастар, Шаханов – белгілі ақын, қоғам қайраткері, КСРО халық депутаты. Оны депутаттықтан алып тастау Қазақстан Жоғарғы Кеңесі депутаттарының еркінде емес, – деді ол. – Менің ұсынысым, бұл комиссияның жұмысын тоқтатып, тек жұмысшы тобын сақтап қалалық. Кейбір қылмысты істер ашылар болса ПМ және МҚК қызметкерлерімен бірлесе отырып шешім қабылдайтын, соның төңірегіндегі арыз-шағымдарды тексеретін топ жұмыс істесін. Осыған келісеміз бе? Ендеше дауысқа салайық.

Масқара! Осы мәселе дауысқа қойылғанда өз көзі-құлағыма өзім сенбедім. 450-ден астам депутаттың бізді жақтап

5-і ғана дауыс берді. Кейіннен 23 комиссия мүшесінің екі-үшеуінен басқасының бәрі өзі мүше боп енген мүдделі іске қарсы жұмыс жасағанын анықтадық. Азаматтығы мен сатқындығы ылғи итжығыс түсіп жататын қайран өмір-ай! Өртеніп кете жаздадым.

Жұмысшы тобы құрылды. Тең төрағалыққа тағы да Қадыр Мырзалиев екеуіміздің есіміміз аталды.

– Мен бұл комиссияның құрамына кірмеймін. Зорлап сайлауларыңызға құқыларыңыз жоқ! – деп айқайлады.

Бір депутат: «Қайткен күнде де Шахановты тең төраға етіп қалдыру керек. Әйтпесе жұрт түсінбейді» – деді. Сессия төрағасы ай-шайға қарамай дауысқа салды да, бекіттіріп жіберді.

... – Сіздер бұл қылықтарыңыз үшін ертең-ақ ұялатын боласыздар. Жалпы мен бір жағынан сіздерді аяймын. Әділетсіздік азабына жолыққан, жазықсыздан-жазықсыз қаншама жыл түрме есігінен сығалаған, тіпті өмірімен ерте қоштасқан адамдардың көз жасын, қасіретін түсінуге азаматтықтарыңыз жетпеді. Естеріңізге сақтаңыздар, біз бәрібір бұл істі аяғына дейін алып барамыз! – дедім де залды қақ жарып өтіп есіктен шығып кеттім. Кетіп бара жатып, бастарын төмен салған елімізге кеңінен танымал, өзіміздің әнші, жазушы, журналист депутаттарды көрдім. Кейінгі жылдары өзін ұлттың нағыз қамқоры ретінде көрсетіп жүрген, сол тұста үлкен бір баспасөзді басқаратын сыйлы ағамызбен де көзіміз түйісіп қалды. Ол да бетін басқа жаққа бұрып әкетті».

Көп ұзамай елге Шаханов комиссия ісін аяқсыз қалдырды деген қауесет таратылды.

Қалың халыққа күні бүгінге дейін белгісіз болып келген бұл жайдың да беті ашылды. Шындық шірімейді деген осы. Кеш те болса халыққа жетті. Шахановтың болған жайды жазып отырғанына еш күмәніміз жоқ. Сол депутаттардың көбі бүгінде арамызда. Оларды қазір де ар-ождандары мазаламайтыны хақ. Өйткені, «Апыр-ай, сонда біздікі бекер болыпты» деп опынғандарын естіген де, көрген де жоқпыз.

Грузиндер ше? Біздің республикадағыдай жайды олар да бастан кешті ғой. Анатолий Собчак бастаған тәуелсіз комиссия Грузия республикасының Жоғарғы Кеңесі депутаттарымен кездескенде бәрі де бір ауыздан Орталықтың

озбырлықтарын қатты сынаған. Өз іштеріндегі ұлтты сатқандарын да аяп қалмаған екен. Міне, бірлік! Міне, ұлттық намыс!

Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттары сол сессияда Шахановты қанша жөнсіз сынаса да, оның сағын сындыра алмады. Ол өз қолдаушыларымен ақылдасып, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атына мұндағы әділетсіз шешімге қарсылығын білдіріп, бес беттік шағым жазды. Шаханов Желтоқсанның шындығы үшін күресін солай жалғастырды.

*«Түркістан»,
30 қараша 2006 жыл.*

Құнанбай ЗИЯШ:

«ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ ЖАМБЫЛДЫ ДА ШАРПЫҒАН»

15 желтоқсан күні Жуалы ауданының Шақпақ ата (бұрынғы Кременевка) ауылына жүз бас ауыл тұқымды сиыр алуға барғанмын. Бара салып іс біте ме, екі күн қарайлап қалдым. Шаруаны реттеп қайтып келе жатсақ, Күйік асуының басын милиция бекеті мен Тараз жақ еңістегі милиция бекеті арасында машиналар иінтіресе кептеліп тұр. Қыс ауасы, жол жалтыраған мұз, бірдеңе болды-ау деп ойладым. Не боп қалды десем, автобустағы жолаушылар, сөйлескен жүргізушілерім «Алматыда қиын боп жатыр, – дейді. – Содан мына жақтан барамыз деп шыққан жастарды жібермей, тексеріс жүріп жатыр».

Теледидарды көретіндей, радио тыңдайтындай жағдай жоқ, таудың бір түкпіріндегі фермадан шыққанмын. «Әй, айналайындар, мен жұмыс жайымен жүр едім» дегеніме қарамай, мені бір топ кісімен бірге Ақкөлдегі милиция бөліміне алды да кетті. «Милиция мен дәрігерге күнінді салмасын» деуші еді, кімсің, қайдансың демей, әкеліп аяқ басарға орын жоқ тар бөлмеге тықты да жіберді. Сонда желтоқсан көтерілісі туралы отырған кісілерден аз да болса естідім. Машинам айдалада қалды, өзімнің шаруам ол қалды, басшылар күтіп отыр. Ызам келіп, есікті тақылдаттым. Менімен

бірге отырғандар да күйініп жүр. Алматыға бара жатқан бірі жоқ. Біреуі қалаға баласына бара жатса, екіншісі дәрігерге көрінуге шығыпты. Араларында оқып жүрген студенттері де ұшырасады. Қысқасы, бәрін әкеліп қамай берген ғой. Әйтеуір Алматының бағытында жолға шыққандарды ұстап әкеле берген...

БХСС-тің бастығы жүр екен соны шақырып алып:

– Ауданға хабар берші, мүмкіндік болса, аудандық атқару комитетінің төрағасы Полищукпен сөйлестір. Аудандық кеңестің депутатымын. Құжатымды үйде қалдырып кетіп-пін, – дедім. Міне, мен содан кейін ғана босатылдым.

Қақаған қыс кезі. Анаған жармасып, мынаған жалынып жүріп машинам тұрған жерге зорға жеттім. Келсем, машинамның суы қатып қалған. Оталмайды. Кімді танымын, кім сүйрей қойсын? Азаптанып жүріп түнгі 12-лер шама-сында үйге кірдім-ау...

Сыртта жүремін деп күллі жаңалықтан бейхабар қалыппын. Не болғанын ойы орнығып, көп нәрсеге ақылмен қарай бастаған қызым айтты. «Қазақстанды неге танымайтын, ел білмейтін орыс басқару керек? Егер Алматыда болғанда, мен де сол жастардың арасында жүрер едім. Олардікі дұрыс!» – дейді. Одан қалған әңгімеге таңертеңнен кешке, түн ортасына дейін әлденеше рет қайталаған үкімет хабары, жастардың іс-әрекетін айыптап сөйлеуші тарландарымыздың айтқан сөздерінен қанықтым. Әйтеуір тек қана айыптау... Қазақ жастарының бұзақылығы, орынсыз мінезі үшін өздерінше беттерін басып, ұялған ақын-жазушы, артистер, басшылық қызметте еңбегі сіңген қазақтар, майдангерлер. «Біз тату елміз. Біз ондай емеспіз. Басқа ұлттарға деген ықыласымыз ғажап... Соғыс уақытында шешенге де, қарашай, кәріске де пана болғанбыз. Тыңды көтеріп, ерлік жасағанбыз... Қазақты алаңға шыққан бұзақы, көргенсіз, басымен кеткен қыз-жігіттермен шатастыруға әсте болмайды...» – дейді. Үйретіп қойған сондай: не десе де – дейді, үр дейді – үреді... Бұдан басқа не дейін? Апыр-ау, намыс, намыс, ұлттық абырой, парызы, келер ұрпақтың алдындағы қарызы дегеннің қалай болатынын бағамдай алатын жағдайдан да асырып жіберіпті-ау! Халықтың ойын айтады, сөзін сөйлейді деген нарқасқаларымыздың түрі анау... Сонда жерінің, елінің мүддесін көздеп, өзімізде де мемле-

кет басқаратын, басшы болатын азаматтар бар ғой десе, оны жазғырамыз. Сонда бұл не болғаны?.. Өз жерінен келіп, басқа елден пана табады, үлкен бір халықты басынып, ойына келген ойранын жасайды, бірақ олар – ақ, олар пәк. Ал, өзінің тиісті Конституциялық құқын талап етіп, қарсылық білдірген қазақ аяқ астынан ұлтшыл бола қалады. Неге олай? Адамзаттың ақылы мен абыройы, ар-намысы деп дәріптейтін Компартияның сөзі осы ма сонда?.. Қой, бұлай болмайды. Мен де өз ойымды айтып қалайын деп, үйдегі «Ромашка» машинкамен үнпарақ жазуға отырдым. Тағы да көз алдыма екі күнде көргендерім көлбеңдеді. Апырмай, ұсталып жатқан да, айтар ойын айта алмай ашынып, шаруасынан қалып, қиналып жатқан да кіл қазақтар. Жеңіл машина мінген орыстар зулатып өте шығады. Алматының бағытында олар үшін көк жанып тұр. Бұл не сонда, а? Тағы да сол сұрақ миымды инеше сұққылайды. «Көкөтай, мені Асаның бұрылысына дейін апарып тастандаршы» деп қаншауына жалындым, теріс қарайды. Жо-жоқ, бұл жақсы емес... Бізді тура мал секілді қорлады-ау! Мәселен, өзім мал маманымын. Малды іріктеуші едік, мыналар бізді де сөйтті-ау... Ой-өрісімізге қарамады, нәсілімізге, ұлтымызға мән берді, күйеледі... Жоқ, бұлай етуге әсте болмайды деп, елге арнаған сөздерімді қысқа ғана ойларыммен түйіндедім. Оның әрбір сөзі санамда жатталып қалыпты.

«Құрметті бауырлар! – деп бастап едім оны. – Ертең, яғни 20 желтоқсан күні таңертеңгі 10-да Орталық алаңға шығып, Алматыда боп жатқан оқиғаларға өз пікірімізді білдірейік. Біз бұзақы емеспіз! Біз маскүнем емеспіз! Біз анашақор емеспіз! Мұндай келеңсіздікке жол берілмесін. Тек қана бейбіт мақсатта жиналайық! Қазақ халқын ұлтшыл деп қорлаған шешімге қарсы наразылық акциясын өткізуге бойында намысы бар бәрі-бәріңізді шақырамыз».

Міне, осы мәгінді бір бетке әлденеше данадан сыйдырып, 500-дей етіп көбейтіп алдым. Астымда «УАЗ-ик». Қалаға кіргеннен кейін, химика-механика техникумында кластасым Тұрғынбек математикадан сабақ беретін еді, оған жолықтым. Бір кластасым Сәмиға Қоңырова сол техникумда директордың орынбасары болатын, оған да бардым. Бір кезде үстімізге Кеңес деген жолдасым келіп қалды. Ол да сонда мұғалім болатын. Бәрі де құптады, қосыламыз деді.

Дегенмен абай болайық дегенді де ескертті. Күнде тексеру, қатаң бақылаудың астында екен. Біраз студенттері ұсталыпты... «Қазақ үшін алаңға баруымыз керек қой», – деді бәрі. – «Студенттерді ұйымдастырамыз».

Қалада оқу орындары көп. Соның бірі өзім жақсы білетін медучилище. Соған барсам, есімдері елге танымал қаламгер Әлдихан Қалдыбаев, Бақтияр Әбілдаев, Елен Әлімжанов ағаларым жүр. Бұрыннан жақсы танымын. Сәлемдесейін десем, танымайтын түр танытады. Анадая жерде үстеріне қара киінген бір кісілер жүр. Оларда нем бар, білетінім болған соң, кішілік жөнімен сәлем берген кезде сәлемімді алмады деп, өкпелеп қалдым. Кейін осыны өздеріне айтсам: «Ойбай-ау, бәріміз үрейден ешкімге қарай алмай қалдық қой! Сонда кезекшілікке жіберіп еді. Үш күн бойы ұйқы-күлкісіз жүрген адамдарға не дерсің?» – дейді. Жастарға басу деп келген өздеріне сенбей, арттарынан аңдытып қойыпты. Қараңызшы, қазақ болған соң болар, сенбейді. Содан кейін, әйтеуір қарайып жүре тұрайық деген...

Медучилищеге кірдім де, әлгі жағдайдан кейін келген ізіммен кері шықтым. Енді дайындаған үнпарақтарды не істесем екен? Оны қайтіп таратамын деген оймен машинаға отырдым. Қой, бұл қағаздарды қаланың әр бұрышына бұрқыратып шашайын. Ел көшедегі қағазға да қарайды ғой. Ол үшін жұрт қалың жүретін нүктелерге баруым қажет деп, өзім оқыған Жамбыл мектебіне қарай тарттым. Одан қалалық аурухананың маңына бардым. Көше көк мұз. Әлгі бұрыштарға барған кезде терезенің жоғарғы шетін ашып қалып, аспанға қарай атып-атып жіберемін. Әйтеуір қолымдағы қағаздарымды таратып, көңілімді бір демдеп үйге келдім. Ертеңге дейін жақсылап тынығып алайын деп күндегімен ертерек жатып қалған едім. Түн ортасында есікті біреулер ұратын сияқты көрінді. Ұйқылы-ояу құлақ түрсем, «Құнанбай, біз ғой, есігінді аш» дейді. Таныс дауыс сияқты. Бұлар түнделетіп неғып жүр деп, үстіме бірдеңені іле салып есік аштым. Арғы жақта екі милиционер тұр. Оларды да жақсы танымын. Аудандық уголовный розыскының бастығы Асқар, екіншісі ақын Совет Әлімқұлов ағаның ұлы Әлібай.

– Көке-ау, не болды? – деді бірден. Сөйтсем қараңғыда көрмей қалыппын, арғы жағында облыстық МХК-ның қызметкері тұр екен. Ол шіркін әбден ысылған, ысқаяқ

неме білем, әй-шайға қарамай бірден машинкама жүгірді. Қолындағы қағазбен салыстырып еді, бәрі келіп тұр.

Бізбен бірге жүріңіз, киініңіз, – деді.

Не керек, бала-шағамның көзін жәутендетіп, әйелімді жылатып мені ештеңеге қаратпай алды да кетті. Содан қаладағы Коммунист даңғылынан жоғарырақта абақтыға қамады. Ол уақытта оның мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің түрмесі екенін қайдан білейін, жатқан соң азабын да, тозағын да көре жүріп білдік қой...

Мені жалғыз кісілік камераға жатқызды. Айнала тас қабырға, тас еден... Жантаятын да жер жоқ. Е, бұл жерде көп ұстамай, ананы-мұнаны сұрап жібереді екен деп ойладым. Қайдан-н... Жарты сағаттан соң жауаптың астына алды. Өздері үш кісі. Түстері суық, көздері ызғар отына толы.

– Мына орындыққа отыр, – деді бірі.

Отыра бергенімде екіншісі орындықтың аяғынан бар пәрменімен тепті де жіберді. Тас еденге шалқамнан түстім. Шалқамнан түстім деймін, құйрығым тас еденге тиер-ти-месте дәл сегізкөзден еңіретіп үшіншісі тепті. Мұндай қорлықты өмірі көрмеппін. Тура күйреп түстім-ау, күйреп түстім... Орнымнан кирендеп эзер тұрдым. Көзім қарауытып кеткендей болды.

– Отыр! – деп зекіді бір қазақ. Екінші тергеуші құлап жатқан орындықты тұрғызды. Енді тұрайын десем, бойымды қорқыныш билеген. Үшеуіне кезек-кезек жасқана қараймын.

– Неге тұрсың? Отыр! – деп бұйырды көк көз орыс.

Иә, әуелгі кездесу осылай басталды. Бұлардың тергеуге алу тәсілін, алдындағы жауап берушіге көрсететін айла-шарғылары мен ұру, тебу жолдарын әбден зерттедік қой. Ондайдың мыңын көрген кісілер: «Шалқалай құлап бара жатқанда бүйректен де тебеді. Із қалмайды. Енді тұра беремін дегенінде қолындағы сойылмен тізеден соғады. Ал, еңкейіп қалдың ба, онда соққы көк желкеңнен тиеді. Олай болмау үшін өтірік болса да талып қалған жақсы», – деп үйретті.

Мен әуелгі кезде әлі тыңмын, денсаулық бар: тепкеніне де, ұрғанына да шыадам. Желкемнен ұрған кезде, арғы жағын білмей қалдым. Сүйретіп камераға апарыпты. Қанша жатқанымды құдай білсін, бір шамада көзімді аштым. Есім жиылды-ау деген кезде темір есік шиқылдап ашылды. Сөйтсем тергеуге әкетуге келіпті...

Қойылатын бір сұрақ. Айналыдырып әкеліп тағы қояды. Жартымды жауап ала алмаған соң, ызаланады... Арты ұру, тебу, аузына келген боқтық сөзбен сыбау...

Таң бозарған шамама өлімші халде камераға әкелген. Күні бойы өз-өзіме келе алмай жаттым. Мұндайда еденнің тас екенін де ұмытады екенсің. Астыңнан сыз өткенін де сезбейсің. Берген быламығына, сап-сары жылымшы суына қарау қайда-а...

Кейін білдім, бұл шіркіндер түнге қарай құтырады екен. Алдын ала қағаздарын толтырып қойған. Үнпарақты қалай тараттым, қалай жаздым... Енді осыны тарату үшін кімдермен жолықтың, соны айт дейді. Тіпті барған, кірген есік, тесіктеріңе дейін білетін боп шығады. Ол аз десең, куәлері бірінен кейін бірі әзір. Жап-жас жігіттер, өмірі көрмеген, тілдеспеген жас қыздар мені көрген, білген боп шығады. Иттер-ай, қалай-қалай үйретіп қойған десейші!. Әсте оларды да ұрып-соғып, қорқытып-үркіткен шығар. Бұлар не десе де мақұл... Айтқандарын сөзбе-сөз қайталайды...

– Сенің үнпарақ таратқаның рас қой? – дейді қадалып.

– Машинкамды көрдіңдер ғой, сонымен бастырдым. Таратқаным рас. Одан танып тұрған жоқпын. Тағы да айтам: ешкімнің қолына ұстатқан емеспін, көшеге шаштым. Жел айдалаға айдап әкеткен шығар, – деймін бұған дейін де мың қайталаған жауабымды нықтап.

– Неге тараттың? Әлде сен Кеңес өкіметінің жауысың ба? – дейді.

– Менен жаулық іздемеңіз, жолдас тергеуші, – дей бергенімде оң жақ бүйірімнен бір тебеді. Қисайып барып тас еденді құшамын...

Міне, біз сондай қоғамда өмір сүрдік. Отыз жетінші жылдың зобалаңы сөз болса, ағаларымыз бір-бірін неге ұстап бере-берген десек, оның осындай құйтырқысы болған екен. Олар жиіркенішті тәсілмен «халық жауларын» таба берген, таба берген... Бізді тергегендер сондай мектептің қыр-сырын әбден меңгерген кәнігі кулар екен, әй, көрсетті-ау!..

Мен біраз кісі тергеді. Солардың арасында айрықша дараланған біреуінің шені мен фамилиясы есімде қалып қойыпты. Ол – майор Бердияров. Сол азамат екі-үш жылдың әлетінде полковникке дейін өсті.

Зейнеткер полковник, МХК-ның полковнигі Бердияров-ты жиырма жылға жуық уақыт өткенде көрдім. Қолына сүйенетін таяқ ұстап қалыпты...

– Аға, – дедім «ағадан» садаға кеткір ағаны өзіме қаратып, – мені таныдыңыз ба?

– Таныдым, таныдым, – деп құшақтай алды. Баяғы қаныпезерлік мінезден жұқана да қалмапты. Қарап тұрып, қалай өзгерген деп басымды шайқадым.

– Сіз мені не үшін сонша қорладыңыз? Қараңызшы, менде денсаулық дейтіннен бірдеңе қалды ма? Мені осындай аянышты халге жеткіздіңіздер ғой... Әйтпесе елу үш деген жас па мен секілді ер азаматқа?.. – дедім баяу ғана. – Басыма пластмасса салдырттым, белімнің бәрі шодыр-шодыр, аяғымды еркін баса алмаймын. Жүрек шіркін дімкәс. Соны қайтсем емдетемін деп жылына үш-төрт рет Алматыдағы Кардиология институтына жатып шығамын.

– Айналайын, ол кезде... иә-иә, солай болды ғой... Енді жұмыс талабы қатал, солай болды... Кешір, қарағым. Мен сені бұлай жүздесіп қалады деп ойламаппын... – дейді мүләйімсіп.

– Өліп қалады дедіңіз. Мен оны білемін. Тіпті сол камерада өліп кетсе, өлтірсем деп барыңызды салдыңыз. Әйтпесе сіз секілді тергеген, тергеуші аты бар орысты да көрдік. Есіңізде ме, фамилиясы – Кравчук. Өзі мәскеулік тергеуші. Арнайы келген. Бірақ ол қарап тұрушы еді. Басқа да орыс тергеушілердің алдынан өттім. Алайда олардың бірде-бірі дәл сіз секілді жауыздық жасаған жоқ. Сіз сияқты есімнен тандырған, аузы-мұрнымнан, құлағымнан қан ағызып ұрған емес.

– Олар біздің үстімізден қарады ғой, қарағым. Сендер білмейсіңдер. Олар бастықтарымыз еді. Амал жоқ, осындайға бардық. Жасадық, жасатты ғой...

– Үнемі жанды жерімнен ұрушы едіңіз ғой, аға-ау!.. Жаныңыз ашымайтын. Өзімнің қандасым ғой, бұның да бала-шағасы, үйінде балам аман шықса екен деп құдайдан мың рет тілегін анасы бар шығар демедіңіз. Ал, ұлты басқа тергеушілер «бір ұрғанда естен танып қалғандай сүлқ түс, сонда ешкім тимейді» деп жанашырлық жасады. Сіз сөйтпедіңіз де ғой, аға. Міне, мен солардың ақылын тыңдап аман қалдым. Енді қазір жасаған жауыздығыңызды айтып алдыңызда тұрмын, – дедім.

– Апырай, ә?! Апырай... – дей берді. Енді қайтсін, кеш те болса түсінген, опынған түрі шығар.

– Аға, қай елсіз?

– Жаныспын.

– Мен жанбаймын, аға. Біз қазақтығымызды былай қойғанда құда-жекжат, ағайын-туыс боп келетін адамдармыз ғой. Неге өйттіңіз?

– Енді қайтейін, қарағым. Жұмыс қой, жұмыс...

– Аман болыңыз, аға. Сіздің сондай тәрбиенізді көріп өскен толқын, бүгінгі сақшыларымыздың арасында өзіңізден асып түсетін шәкірттеріңіз де бар шығар. Сіз жасыңыздың үлкендігін, өмір тағылымын молырақ көргендігіңізді мaldанып, өткен ісіңізге қатты өкінетініңіз туралы соларға айтыңыз. Ешкім жау емес. Бәріміз бір қазақтың баласымыз. Қазақтың көп болғаны, дені сау болғаны керек. Әйтпесе санымыздың аздығын айтып басынған сәттердің талай-талайын көрдік емес пе?! – дедім қоштасарда.

Бұл мендегі ашудың әбден басылған кезі еді. Әйтпесе мендегі кек, жинақталған ызаның тегеуріні қатты болатын. Кезі келер, кездесерміз. Әңгіме сол уақытта болсын. Қолымда пышақ болса, келгенін бауыздап өлтірермін, әйтпесе жолда жатқан тастың бірімен бетіне ұрып, өшпейтін із қалдырармын деуші едім. Енді олай ететін де жағдай жоқ. Жүрегім шыдамайды. Сәл ренжісем, шаншиды. Қатты күлсем, ашиды. Бұл оңбағандар, тіпті күлкімізге дейін тартып алды ғой...

* * *

Түрме торының арғы жағында көрсетпеген қорлығы мен азабы қалмаған тергеушілер жиырма жылға жібереміз деді. Арада біраз уақыт өткенде кемі он бес жылың болады деп қорқытты. Соңында он жыл отырасың деп кеміте түсті. Бірақ мен тоғыз ай дегенде жарық әлемге шықтым-ау!.. Неге олай болды? Өз басым ойлаймын, қырып-жойып қамаған, айдауға жіберген әуелгі дүрмек өтті де, бірте-бірте соттың өзі артын бағып жазалайтын кез келді.

Қайрат Рысқұлбековпен балалық шағы бірге өткен Қайрат Сатқұлов он бес жылға сотталды. Ол соның бес жылын абақтыда өткізді. Өзі ауғандық. Өлім отының ортасынан келген екен демеді. Бірақ бәрін мойнына ала салған

соң, апыр-топыр сотын өткізіп, жіберетін жерге жіберген. Сот процесі жүріп жатқанда-ақ оның жағдайы онша емес болатын. Басқа көзге қарамай тұрған соң, зардапсыз кетпейді екен. Адамның жүйкесіне әсер етеді, ойы орнында тұрмайды. Сондай жағдайда абақтының арғы жағына түскен желтоқсан қаһарманын аяй ма? Офицерлердің өзі ұрғызады. Бұл орысқа қарсы шыққан деп бірін-біріне айдап салады.

Егер сотталғанда, онда, сөз жоқ, мен де сондай азапты жолдан өтер едім. Және қандай күйде ораларымды бір құдай ғана біледі...

Менімен бірге ғылым кандидаты Сұлтан Байболов, Қазбек Арықов, Тұрғын Тұрысбеков қамалып, тергеуге алынды. Солардың арасында ең аз жатқаны Тұрғын. Ол түрме азабын бір айдай көрді. Ішіндегі ең ұзақ ұсталғаны – мен. «Үнпарақтың авторы осы ғой, азаптай берсек, әбден титықтатсақ, арғы жағында тұрған ұйымдастырушыны өзі-ақ ұстап берер деп дәмеленсе керек. Бірақ, қадалып сұраған сайын «бәрін жазған мен, бұлардың еш қатысы жоқ» деген жауаптан бір танбадым. Соның өзінде бұл шіркіндер менімен ғана шектелмей, ағайын-туыстарыма да көресіні көрсетіпті. Бірге қызметтес болған жора-жолдастарымның да әбден мазасын алған. «Сендердің де қатыстарың бар екен, Құнанбай сөйтіп айтты» деп төндіріп, есін кетіреді. Бүлдіріп қойған бірденесі жоқ, момақан ғана мені түрмеге тыққаннан кейін, әрине, бәрі де қоянжүрек боп қалады, қорқады. Сол үрей мен бостандыққа шыққаннан кейін де олардың бойынан арыла қоймады. Әлі күнге үрке қарайды. Аулақтан амандасып, телефонмен де абайлап сөйлесіп, сақтанумен жүреді. «Аулақ болайық» деген шығар...

Қазір бәрі де артта қалды. Енді ақиқатты айта берсем, ешқайсысы ренжи қоймас. Өзімнің туған бауырларым келіп, қол көтеріп: «Сен бізге бәле болдың ғой! Бәрімізді айдай әлемге қарабет қылдың. Қызметтен қуылғанмыз былай тұрсын, шетімізден соттайтын болды», – деп жер қылды. Содан не істеп қойыппын? Түсінеді деген бірге туғандарың солай ауырсынған соң, басқаларға не жорық!

Үлкен бір шаруашылықтың бас зоотехнигі боп жүрген мен жұмыссыз боп қалдым. Содан 1992 жылға шейін жүрдім... Балаларымның анасы да жау көрді. Соның бәріне себепкер – ұлтжандылығым. Қанша қиналып, күйзеліп жүрсем де,

түбі бір жақсарарын, көзқарас, түсініктің өзгерерін жүрегім сезді. Сол күндер ертерек жетсе екен деп, асықтым. Ал, оған дейінгі көрген жан азабы, машақатты көтеруге күш-жігер, темірдей төзімді жүйке керек еді...

Әңгіменің аяғында: – Желтоқсан көтерілісінің көрігі ең қызған жер – Алматы десек, оның шарпуы күллі елімізді қамтыды. Жамбыл облысында да дүрбелең күндер өткенін, талайлардың тағдыры тәлкекке түскенін өзімнің осы естелігім арқылы елге жеткізе алдым ба, алмадым ба, білмеймін, – деді Құнанбай Зияш.

– Жо-жок, жүрегіңіздің мұңын шерттіңіз. Әңгімеңіз тас жүректерге де жететін шығар, – дедім күліп...

Әңгімені қағазға түсірген Талғат Айтбайұлы.

Гүлнәр ОМАРОВА

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ:

тарихи қажеттілік және адамның еркіндігі хақында

Қазақ халқының, қазақ мемлекетінің дүние жүзі елдерінің алдында алатын өзіне тән орны, тарихы, бірегей мәдениеті, өзіндік қазақ (дала) өркениеті бар, әлемдік өркениеттердің құрамдас бір бөлігі екендігі бүгінгі күні дүниеге аян. Белгілі отандық ғалым, проф. Е.Омаров «Ұлт жоқ жерде, өркениет те жоқ» (Адамзат өркениеті. А., 2005, 13 б.) – дейді. Біздің ұлт ретінде егемендік алуымызға алтын көпір болған, сәтсіздікке ұшыраса да Кеңес Одағы елдерінің демократиялық қозғалыстарының қалыптасуына, ұлттық санасының оянуына терең әсер етіп, әлемдік деңгейге дейін көтеріліп дамыған АҚШ, неміс, чех, поляк, венгер т.б. елдердің зиялылары мен демократияшыл топтары тарапынан қолдау тапқан 1986 ж. желтоқсан қозғалысын біз бүгінгі күні дұрыс танып біле алдық па? Тарихи процестің ақиқат шындығы қандай? Желтоқсан феноменінің болмысын, табиғаты мен мәнін, мазмұнын дұрыс танып біліп, одан сабақ алу, айшықтау бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі. Белгілі отандық тарихшы М.Қозыбаев: «Ә.Кекілбаев желтоқсан құбылысының тұңғыш рет статусын анықтауға ізденіс жасағанын айту керек... желтоқсан феноменін демократиялық, ұлт-азаттық

реңдегі реформаторлық қозғалыстың жарқын прологы ... деп таныды. Әбекең мынадай түйін жасайды: «Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы одақтас республикалардың Орталық өктемдігіне үнсіз қарсылығына жария сипат бітірді. «Дауыл алдындағы үнсіз тыныштықтың» астан-кестенін шығарды. ... коммунистік идеологияның сенімінен біржола айрылуын тездетіп берді. 1. Ұлттың өзін-өзі тану сезімінің оянуын; 2. Одақтас республикалардың егемендігіне серпін берген; 3. Әлемдік маңызы бар (социалистік лагерьдің күйреуінің басталуы) аса салиқалы көп сипатты әлеуметтік сілкініс – атышулы тарихи феномен ретінде бағаласа да артық емес» – дей келіп «1986 ж. Ресейдегі 1905 ж. еске түсіреді. Санкт-Петербургта қанды жексенбі болса, Москвада желтоқсанда қарулы көтеріліс болды. Алматыда осы екі құбылыс үш күннің ішінде өтті. «Желтоқсан – 1986» – 1731 жылдан басталған ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі, оның азаттық пен бостандыққа апаратын ұзақ жолының биік бір белесі. Ол бізге осы бір жақсылығымен, қайырлылығымен қымбат» (Тарих зердесі. I к. 13-14 бб.). – дейді. Ә.Кекілбаев пен М.Қозыбаевтың ой-пікірлері астасып жатыр.

Кеңес Одағы тұсында ұлт саясаты бұрмаланып, ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-мәдени дамуы мен рухани дүниесі, салт-дәстүрлері, тілі, ділі, әр ұлттың жеке дара тарихи тамыры көзге ілінбей ұлтаралық қатынастардың бұрмалануына, бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік идеологияға бағынған қоғамымыздың отарлануына тағы басқа да көптеген теріс іс-әрекеттердің әсерінен ұлттық идея, ұлттық өзіндік сана деген ұғымдарды ойлауға мүмкіндік бермеген тоқырау заманы болғандығы белгілі. «КСРО-ның ұлттық-мемлекеттік құрылымы мен оған территориялық жағынан байланысты халықтардың этникалық құрамының қоғамдық санасында «этникалық Отан» ұғымы кеңістікте берік бекіп, нақты көрініс тапты» – дейді шетелдік зерттеуші Лаллука С. (Теоретический и прикладной аспект // Социологические исследования. №7, 2000, с.92.).

Б.О.Қойшыбаевтың 1986 ж. 25 желтоқсанда өткен, 1986 ж. желтоқсан оқиғаларын талқылауға арналған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі президиумы аппаратының партия жиналысында сөйлеген сөзінде: «Партия өміріндегі кілт бұрылысқа дейінгі ахуалында масаттанушылық, ойына не келсе де

істеу, шын мәніндегі жағдайды боямалап көрсетуге тырысу, насихат және идеология жұмысының нақты өмірден алшақтығы – 17-18 желтоқсан күнгі оқиғаларды бірте-бірте «дайындаған» болатын-ды. Сол себептен де біз интернационалдық тәрбиелеу бөлігіндегі тіке бетбұрыс стратегиясын, қоғамдық өмірдің революциялық қайта құрылысын творчестволық тұрғыдан қабылдай алмадық. Біздің идеологиялық-насихаттық машинамызға әбден сіңген формализмнің интернационалдық тәрбиеде кең қанат жайғандығы осы күндері айқын білінді. ...Сол күндері Ленин шығармаларына қайта бір көз тастап көргендер, көшеге шыққан жастардың пайдасына шешілер көп нәрсені табар еді. Олар Лениннің портреттері мен еңбектерінен алынған үзінділер жазылған транспорттарды бекерден-бекер алып жүрген жоқ қой. ...бұқараға ұлт мәселесін қазіргі кезең тұрғысынан түсіндірудің орнына, біз асыл азаматтарымызды алаңға милиция мен әскери күштерді жұмылдыруға жұмсадық, қаншалықты өкінішті болса да мұның өзі 17 желтоқсан күнгі сағ. 7-ден кейінгі жағдайлардың болуына әкеп соқты.

Адамгершілік тұрғысынан келсек, біз ешуақытта да 17-20 жастағы біздің балаларымызға, қыздар мен жігіттерімізге таяқ, сапер күректерін, водомет, түтіндету құтыларын жұмсаған, сондай-ақ құтырған иттерді айдап салған жекелеген әскери қызметшілердің қылықтарын ақтай алмаймыз. ... Өсіп келе жатқан ұрпағымыздың әкелерінің революциялық дәстүрлеріне адал боп, шын мәніндегі интернационалист болып өсуі үшін барлығын істеуіміз керек, бұл біздің борышымыз. ... Біз қаласақ та, қаламасақ та, әдептілікті бұзу – ұлттық намысты төмендету боп саналады. ...саяси сауатсыз адамдар пленум шешімін мақұлдай қоймаған жастарды «бүкіл орыс халқына қарсыласты» деп ұқты» (Алматы 1986 Желтоқсан. А., 1992. 18-19 бб.) – деп болған тарихи процеске сол 1986 жылдың өзінде-ақ тарихи шындықты айтып баға беруі бір жағынан тарихи қажеттілік, яғни бүгін болмаса да ертең айқын болатын «абсолютті реалдылық». [абсолют (от лат. absolutus – безусловный, неограниченный; реальность от позднелат. Realis – вещественный, действительный – (существующее в действительности)] (Философский энциклопедический словарь. 1983, с.5, 572). «Сол кезде алаңдағы

жастарды ұрып-соғу қатігездік» деп қарсылық танытқан Бейбіт Қойшыбаевты партиядан шығаруды Совет аудандық партия комитетіне тапсырған екен. Мен ауданның 1-і хатшысы Қадырбековаға: «Сөгіс бергізіп қана коммунисті құтқарып қалыңыз» – деп ОК-ң жауапты қызметкерінің талабын көлденеңдеттім. Айгүл Көбентаева ерлік жасап, солай етті де» – дейді жазушы Софы Сматаев. (*«Жас Алаш», 31 қазан, 2006*).

Тарихи процесті дұрыс түсінуде тарих философиясының алатын орны ерекше екендігі белгілі. С.Е.Нұрмұратов «Қоғамды, адамды, тарихи процесті жан-жақты қарастыру әрекеті түбінде «Ақиқат заңын» іздеуге алып келеді. Әрине, «Ақиқатқа сәйкес келу» принципі басымдылық танытқанда ғана философиялық методологияның барлық әдіс-тәсілдері құбылысты нақты және адекватты түрде айқындауға мүмкіндік алады. Әрбір ғылыми ізденістердің жекелеген шындығы, шығармашылық ізденістердің жекелеген шындығы шығармашылық ізденістердің нәтижесі екені белгілі. Бірақ олар «Ақиқат заңына», яғни руханилыққа сәйкес келгенде ғана адамзат игілігіне жаратылатын құндылық болып табылады» (Тарихи процесс және түсіну /Материалы конференции «Совр. мир. мнений посв.пам. К.Шулембаева. 2002. с.93) – дейді.

Желтоқсан көтерілісі «абсолюттік ақиқат» күйінде тарих қойнауына тапсырылмас бұрын бұл шындықтан сабақ алып, руханилыққа сәйкестендіре отырып, танып біле алсақ, мүмкін бұл тарихи процесс сол кезде ғана құндылыққа айналар ма еді.

Ең алдымен бұл құбылыс бүкіл қазақстандықтардың көз алдында болғандықтан бүкіл еліміз бірі қалмай куә болды. Әсіресе иісі қазақтың, ұлттық намысы бар қазақтың көкейіне қайғы-шер ұялатқан, жүрегі «қазақпын» деп соғатын жандардың жан дүниесінде ұмытылмастай өшпес із қалдырып, қайғы мұңға бөлеген дүниені дүр сілкіндірген оқиға болғандығына ешкім шүбә келтірмес деп ойлаймыз. «1986 ж. көптеген адамдардың тағдырына таңба түсірді. Ал оның көпшілігі жастар болатын. Халық Қонаевтың орнынан алынуына ғана емес, Колбиннің келіссіз келісіне қарсы көтерілді. Қазақстанмен қайдағы бір бейшара республика сияқты санасты. Сонан соң жаппаған жалалары жоқ. Мен

өзім Орталық Комитеттің есебінен «Сүлейменов автомат асынып орыс бөбекжайын атып, қыруға аттанды» деген ой түйдім. 100-ден аса адамды түрмеге тықты. «Лениннің ұлттық саясаты жасасын» деген ұранды ұстап шыққан жан 7 жыл түрмеге кесілді. Бұл бассыздық емес пе? Мен шамам келгенше бәріне ара түстім. Алматы оқиғасы үлкен сабақ беріп өтті» – дейді белгілі қазақ халқының жазушысы, қоғам қайраткері О. Сүлейменов (*«Жас Алаш», 15 қазан. 1991*). «Бүкіл әлем назарын бұрған, күллі Совет Одағы тоталитарлық жүйеге қарсы демократиялық қозғалыстың басы болған Алматыдағы 1986 ж. желтоқсан оқиғасын зерттеуге баға беру ісіне араласып, бұған жүздеген жылдар бойы татулықта бірлікте өмір сүріп келген екі ұлттың бір-біріне кінә өкпе артуы мүлде орынсыз екендігін шиеленіскен оқиға Орталықтың әкімгер, ұрдажық саясатынан туғандығын дәлелдедік» (*«Алматы ақшамы». 8 қараша, 1991 ж. О.Сүлейменов, М.Шаханов «Қазақ жастарына ашық хат»*).

Бір мәселенің басын ашып айту керек деп ойлаймыз. Орыс халқы мен отарлық мемлекеттің идеологиясы деген мәселе. Ресей мемлекеті өзінің этникалық кеңістігінде тұрғанымен елде сонау ертеде басталған саяси-тарихи жағдайлар мен осы мемлекеттің саяси идеологиясының әсерінен алдыңғы қатарлы орыстың көрнекті интеллигенциясы, ғалымдар, ақын-жазушылар, көрнекті өнер, кино, музыка т.б. қайраткерлері шетелдерге кетуге мәжбүр болып, шет елдерде жүріп «Кіші Ресейді» – «Малая Россияны» құрды. «Работы эмигрантов... не были свободны от критических, резких выпадов против советского строя, и очевидно, что их патриотизм не был связан с планами социалистического преобразования России. Тем не менее за рубежом они выступали как представители русской культуры, той ее линии, которую невозможно было продолжать в условиях массовых необоснованных репрессий против русской интеллигенции, пролеткультовских искривлений в области культурной политики, а затем и неуклонно усиливающегося идеологического диктата, не признававшего на разномыслие даже внутри марксизма.

П.А.Сорокин и через сорок с лишним лет после своей высылки из СССР вспоминал: «В начале коммунистической революций советское правительство (на самом деле, идео-

логи Пролеткульта. – Авт.) хотело создать особую «пролетарскую» математику, физику, химию, технику и биологию вместо «буржуазных» математических, естественных и технических наук. Примерно через три года безуспешных попыток осуществить эту цель глупый прожект был полностью отвергнут. «Однако и впоследствии нигилистическое отношение к великим традициям мировой и национальной культуры оставалось для многих одним из главных критериев бескомпромисной революционности» дейді орыс ғалымдары М.А.Маслин мен А.Л.Андреев (*Отв.ред. Е.М.Чекарин. О России и русской философской культуре. Философы русского зарубежья. М., 1990. с. 9).*

Олар шетелдерде жүріп мектептен бастап, институт, ғылыми-зерттеу орталықтарын, кітапхана, архив, министрліктер т.б. құрып, орыс ұлтының ұрпақтарына «орыс халқына берілген, орыс ұлтын сүюге» тәрбиелеу жолында жанқиярлық істерге барғанын айтуымыз керек. Сол мемлекеттік идеология, саясат бір халықты бірнешеге бөліп, кезіндегі Совет үкіметіндегі Ресей мен шетелдердегі орыстардың көзқарастары бір-біріне қарама-қайшы болса бүгін мемлекеттік идеология өзгерген соң оларды орыс халқына, ұлтына деген құштарлық біріктіре бастады. Мәселен, «Декрет... разрешивший оканчивать высшие учебные заведения... только лицам пролетарского и крестьянского происхождения. Даже сыновьям и дочерям армейских офицеров или сельских священников людей чаще всего более чем скромного достатка – к высшему образованию отрезывался путь. Студентам-медикам кончившим курс в Московском университете, предстояли выпускные экзамены. ...Добрая их половина была не – пролетарского и не – крестьянского происхождения... они обратились к правительству с ходатайством о том, чтобы им, уже 5 лет обучавшимся медицине, было все-таки, в виде исключения, разрешено экзамены сдать или, если это невозможно, уехать за границу, чтобы там закончить свое медицинское образование. И в том, и в другом было отказано. Тогда группа студентов, чел. 30, заперлась в одной из аудиторий Московского университета, по жребию или добровольно двое, кажется, из них перестреляли всех прочих и сами застрелились после этого. ...Дело было в идеологии – не коммунистической, – а

в тоталитарности ее. Захватом всех областей жизни и духовной жизни вышла за пределы политики... чуждых политике людей, вроде меня, сделала врагами своей политики. Уеду, сказал я себе, ...после коллективного самоубийства московских студентов-медиков, (1924 г.) что дальше мне оставаться в России невозможно... Тирания захватившей власть тоталитарной идеологии страшнее всех тираний, когда-либо существовавших на земле. Смерть московских студентов свидетельствовала об этом.» – дейді Ресейден кеткен көрнекті жазушы, ойшыл В. Вейдле (*Диаспора: Новые материалы. Вып. 3. СПб, 2002. с.116-117*).

Қазақ декабристері мен Москва университеті студенттерінің өліміне әкелген тоталитарлық идеологияның тигізген әсерін айдан анық байқауға болады. Сондықтан орыс халқының емес, орыс мемлекетінің сол кезде ұстанған империялық саясаты мен отарлық, мемлекеттік идеологияның әсері екенін, дұрыс түсінуіміз керек деп ойлаймыз. Жоғарыда аталған Москва студенттерінің өлімінен кейін Ресейде көптеген жоғары оқу орындарының оқытушылары, профессор ғалымдар өз еріктерімен шет елдерге кетеді, кейбір профессор оқытушылар шет елге кетуді де жөн деп таппай өзін-өзі өлтірумен аяқтайды. Бұл туралы сол кездегі мерзімді баспасөзге жазуға тыйым салынып, бірнеше жылдардан кейін ғана шет елдерде жазу мүмкін болған екен. Қазақстанда да байдың балаларын оқытпай қуғынға ұшыратқан қаншама қазақты елден кетуге мәжбүр еткен саясат белгілі.

1989-1996 жж. Желтоқсан феномені туралы жәй халық арасынан шыққан оқиғаны көрген жастар мен студенттердің мерзімді баспасөз беттеріне шыққан мақалаларынан, олардың бұл мәселені зерделей бастағаны байқалды. Желтоқсан феноменін мемлекеттік дәрежеде танып білуді көтерген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, Ә.Кекілбаев, М.Шаханов, О.Сүлейменов, сонымен қатар Ш.Айтматов, отандық тарихшылар, академик М.Қ.Қозыбаев, академик М.Қойгелдиев, профессорлар Т.Омарбеков, С.Е.Нұрмұратов, А.Егеубаев, Ф.Әли, Б.Тілегенов, Ә.Әлімжанов, Халық қаһарманы Қасым Қайсенов, Спанова Р., Сабильянов Н., Т.Зейнәбіл, А.Тасымбеков, К.Табеев, Т.Шәріпжанов, Т.Айтбайұлы, журналистер: Т.Данияров, С.Бейісбай, А.Кәкен, Н.Қуан-

тайұлы, Т.Беркімбаевтар, Айтмаханов Қ., Сейбол С., Р.Бейісқұлов т.б. көптеген авторлардың желтоқсан көтерілісі туралы сөздері, мақалалары, әңгімелері мен еңбектері шықты.

«1991 ж. 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандағы 1986 ж. желтоқсанның 17-18 күнгі оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау» туралы Жарлығы шықты. (*«Қазақ әдебиеті», 20 желтоқсан, 1991 ж.*).

Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің өскендігін көрсетті. ...Жастар бұдан әрі кез келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» дейді. «1986 ж. ...тоталитарлық мемлекет жағдайында мұның өзі саяси жарылысқа тең. ...Алматы жарылысы пілте сияқты Балтық, Грузия, Әзірбайжан, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Латвия, Эстония, Ресейдің өзінде де демократиялық күштердің тоталитарлық диктатураға қарсы ашық көтерілуі бірінен соң бірі жалғаса берді. Кеңестер елі сол тоқтамаған күйі өзінің қирау шегіне бара жатты. Одақтың күні келмей қоймайтын қирау кезеңін ұзарта түсу жөніндегі жоспары жүзеге аспайтынын білген Назарбаев КСРО халық депутаттарының I съезінде жантісілім еткелі жатқан елдің батасын шығарды. Енді Қазақстан ешкімге кіші іні де, ешкімге жұмсақ төс айыл да болмайтынын, өз жолымен жүретінін жария етті» (*«Егемен Қазақстан». 15 желтоқсан, 2005. 7-8 бб.*).

Отандық тарихшы, академик М.Қ.Қозыбаев «Тарихта тіпті үлкен соғыс өрті тұтанғалы тұрған сәтте екі жақтың ақылды, өрелі азаматтары жүйелі сөзге тоқтасып, тарасқан мысалдар аз емес. Алысқа бармай-ақ өзіміздің дана билер, көсем хандардың көнекөз қарттардың басуымен талай дау-дамай бейбіт жолмен шешіліп келгенін еске алсақ та жеткілікті. Сондықтан желтоқсан оқиғасын да ушықтырмай шешуге әбден болар еді. Жастардың алаңға жиналу мақсатын білмей жатып милиция, әскер күштерін асығыс шақырғанымен... нәтиже бермеді. Жүйе жазалау армиясын жақтады. Шындығында олар «жазалаушылар, карательдер еді» – дейді. Сонымен қатар М.Шаханов бастаған

комиссия: «5700 әскері бар Алматы гарнизоны, ССРО Ішкі істер министрлігінің арнайы әскері – 5449, әскер бөлімі (ә/б), Алматыдан 7552 (ә/б), Қаракемерден (Алматы обл.) 6654 (ә/б), Фрунзеден әкелінген 5450 ә/б, Ташкенттен 3408, 5452, Челябинден 5426 ә/б, Новосібірден 5427 ә/б, Уфадан 5424 ә/б, Свердловскіден, Тбилисиден келген 2169 адам, жұмысшылар жасағы 10 мыңнан 15 мыңға дейін, баршасы 19 мыңнан 24 мыңға дейін қатысты» (2, 311) – дейді.

К.Табеев қазақстандық батырларды 1825 ж. Сенат алаңына шыққан көтерілісшілермен салыстырады. Қазақ декабристері Одақ көлемінде ең бірінші рет бел байлап Орталықтың отаршыл саясаты мен озбырлығына үзілді-кесілді бой көтерді. Одақтың құлауына әкелген 1991 ж. тамызымен үндеседі, – деп әділ санайды. Т.Бейісқұлов желтоқсан қозғалысын «Совет өкіметі тұсында бұрын-соңды кездеспеген құбылыс» деп таныды, (2. 298-299).

М.Қойгелдиев: «Әрбір республикаға – өз көсемі!»... т.б. «ұран сөздер қозғалыстың әлеуметтік талаптар ауқымынан шығып, айқын саяси сипат алғанын көрсетеді... қаралы жастар қазақ елінің 18 ғасырдан бері Ресей империясы алдына әлденеше рет қойып, ылғи да тауы шағылып, жеңіліс тауып келе жатқан ең өзекті талап-тілегін тағы да білдірді. Ешқанда да асыра сілтеусіз, бейбіт түрде, үлкен ұстамдылықпен мәдениетті түрде білдірді. 18-19 ғасырда отарлық үстемдікке қарсы... ру-тайпа ақсүйектері, сұлтан-төрелер бастап шықты. ХХ ғ. ...ұлт зиялылары мен жаңа ғана қалыптаса бастаған саяси элита келді. 1986 ж. желтоқсанда орталық алаңда мемлекеттік мәселесін зиялылар да емес, басқарушы саяси топ та емес жұмысшы және студент жастардың қосын немен түсіндіруге болады? ...жастарға желтоқсан күндері ашық қолдау көрсете алмағандығы үшін қоғамдық пікірде ұлт зиялыларын айыптау орын алып келді. Зиялылар әрқашан қоғамдық қозғалыста алдыңғы сапта көрінген, халықтың, ұлттың ең кәусар тілегін білдірген, ұлтына жөн сілтеген. Қарапайым халық, алаңға шыққан жастар осы міндетті өз мойнына алған зиялыларды көргісі келді, оның соңына еруге даяр екендігін әлденеше рет білдірді де. Өкінішке орай ондай биіктен көрінуге даяр зиялылар қауымы жоқ болып шықты. Оқиғалар бұлтартпай осы ащы шындықты алдыдан көлденең тартты да отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында ертеден келе

жатқан салт бар: ел дағдарысты тұйыққа тірелгенде көпті көрген ел ақсақалдары жиналған топтың алдына шығып, екі жақты бірден бәтуға келуге шақырар еді. Дәстүрлі шабысынан көптен бері жаңылысқан ХХ ғ. соңындағы қазақ қоғамында ондай ақсақалдар жоқ болып шықты. ...Дегенмен акцентті өзгерткім келіп отыр, анығырақ айтқанда... зиялылар қауымының... жетпіс жыл бойы кеңестік идеологияның тепкісінде болып, қызметінде Компартияның нұсқауларын басшылыққа алып үйренген зиялылардан дағдарысты сәтте дербес жігерлі әрекет күту әділетсіздік болары хақ... СОКП ОК-нің кадр саясатындағы бұл бағытының дұрыс екендігін көрсетіп берді. ...Сондықтан нақақтан күйіп бара жатқан желтоқсан жастарына араша түсу оның қаперіне де келген емес. Жетпіс жыл бойы өзін еңбекші халықтың билігі ретінде жариялап келген билік алаңға жиналған жастармен байсалды келіссөз жүргізіп, белгілі бір ортақ шешімге келуге тырысқан да жоқ. Халықтың пікірімен санаспайтындығын, оған тобыр деп қарайтындығын көрсетті», – дейді (*ҚазҰУ хаб. Тарих. Сер. №4, 70 б.*).

С.Е.Нұрмұратов: «1986 ж... Кеңестік жүйенің «ұлтсыздандыру саясаты» алғаш рет Алматыда қарсылыққа ұшырады. Қазақ жастары өз елінде демократиялық принциптердің орнауын, ұлттың өзін-өзі билеуге құқы бар екенін әлемге паш етті»– дейді (*Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. 170 б.*).

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: желтоқсан оқиғасына «Жастардың тоталитарлық жүйеге Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылған қарсы шығуы» деп баға берді (2, 307). Отандық тарихшы, академик М.Қ.Қозыбаев: «1986 ж. Алматы желтоқсаны бунт болып басталды, халық... заңды өкіметке, билік жүргізуші Коммунистік партияға наразылық білдірді. ...реформаторлық пиғылдағы жастарды жүйе амалсыз... көтеріліске шығуға мәжбүр етті... демократиялық ұлттық қозғалыс өрбіді... қозғаушының күші демократиялық рухта басшылыққа алған ұлттың реформатор жас буын еді» (2, 320-321).

Жазалаушылар «Метель – 1986» атты әскери операциясына... даярланды... 1. Бұл билік пирамидасының баршасы келісіп жасалған мемлекеттік дәрежедегі әскери-саяси авантюра деп бағалау орынды. 2. «Метель – 1986»

«тәртіпсіздікпен» күрескен жоқ, ұлттың аңсаған, өзін-өзі билеу құқын талап еткен реформаторлар ұрпағына ашылған соғыс – қанды қырғын. 3. Жазалаушылар көтерілісті қанды қырғынға ұластырды, авантюраны өздері қолдан жасады... денсаулық мекемелеріне 540 жаралы әкелінді, 204-і госпитальға жатқызылып, 1700 адам жарақаттанды. Шын мәнінде емханаға қорқып көріне алмағандар саны көрінгендерден бірнеше есе артық болуы мүмкін. Ұсталғандар 8500. Прокуратура 5324 адамнан, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 850 адамнан жауап алған, 99 адам сотталып, екеуі ату жазасына кесілген» (2, 313, 317, 319 бб.) – дейді Манаш Қозыбаев.

Отандық тарихшы М.Қ.Қойгелдиев: «Желтоқсан оқиғалары тұсындағы империялық Орталықтың әрекеті 1916 жылғы патшалық биліктің Қазақстандағы көтеріліс ошақтарын жаншып басуға бағытталған әрекетін еске салады» – дей келіп, М.Қойгелдиев «1916 ж. көтеріліс қарсаңында Қазақстанға келіп қоныстанған орыс және басқа европалық шаруалардың саналы түрде қаруландыру шараларын іске асырды... тағы бір елеулі нәрсені айтпай өту мүмкін емес. Қазақстанды отарлау ісіне патшалық билік пен мұнда келген переселендер арасында өзара түсінушілік және қолдаушылық болғаны тарихтан мәлім факті. Өкішіке орай, коммунистік партияның жетпіс жылдық «интернационализм» саясаты сынға түскен сәтте жергілікті европалық тұрғындардың белгілі бір бөлігі Отарлық биліктің зорлықшыл саясатын қолдайтындығын танытты. Әсіресе, Алматы сияқты астана тұрғындарының ұлттық құрамын қалыптастыруда ұстанған Орталықтың стратегиялық саясатының қаншалықты қауіпті екендігін желтоқсан оқиғалары еш бүкпесіз анық көрсетіп берген еді» (12. 10) – дейді.

«Б.Тілегеновтың «Сексен алты» романы желтоқсан көтерілісінің қалай туындағанын, негізгі себептерін өте шынайы әсерлі көрсеткен» дейді С.Сматаев («Жас Алаш», 31 қазан, 2006 жыл).

Қ.Рысқұлбековтың ақтық сөз өлеңін жазған автор Т.Шәріпжанов және басқа да көптеген авторлардың еңбектері мен мақалалары бар. Әйгілі партизан-жазушы, Халық қаһарманы Қасым Қайсенов «тарихта алтын әріппен жазылатын ұлы оқиға» деген мақала жазды («Қазақ сар-

базы», 2002. 13 желтоқсан). Бұл авторлармен шектелмей желтоқсан феномені әлі де сансыз шығармалардың, еңбектердің жазылуына мұрындық боларына сеніміміз мол. Отандық белгілі философ, академик Ә.Н.Нысанбаев «Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігі үшін 260-тан астам ұлт-азаттық көтеріліске шыққан, соның соңғысы 1986 ж. желтоқсан көтерілісі болды» (*Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. А., 2002. 42 б.*) дейді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарлы профессорлары көптеген оқытушылар желтоқсан жайында мақалалар жазып, өз студенттерін мақтаныш ететіндерін бейнеледі. Біз кейде жас студенттерімізге әртүрлі себептермен ұрысатын едік дей келіп Медицина университетінің доценті С.Ешмұқаметов: «Жастардың алаңға шығуының ар жағында үлкен саяси мән бар екенін ол кезде басқа ұлт өкілдері тұрмақ, өзіміздің қазақтың біреуі түсінсе, екіншісі түсінбеді. Желтоқсанда алаңға шыққан бауырларым тек қазақ халқын ұйқысынан оятып қана қойған жоқ... бүкіл Одақтың халқын ұйқысынан оятып кетті. ...бүкіл дүние жүзіндегі ұлттардың намысына қозғау түсіріп кетті ...бұғып, дегеніне жүріп құл сияқты күн кеше берулеріне болмайтынын тұңғыш рет түсінген қазақ жастары екеніне осы күні мақтанамыз. Бүгінгі таңдағы түбегейлі өзгерістер мен демократиялық бетбұрыстардың шымылдығын ең бірінші рет ашқан қазақтың жүректерінде жалын оты лаулаған ұл-қыздары екеніне қалай ғана масаттанбайсың... желтоқсан оқиғасын еске алсам: өне бойым түршігеді, көзіме өксіктің ащы запыраны тығылады, жүрегім қан жылайды... қолдарына ұрандарын көтеріп, еш қарусыз шыққан жастардың бейбіт шеруінің аяғы қанды қырғынмен аяқталды. ...әділеттілік іздеп шыққан ақ жүрек ұл-қыздары желтоқсанның қақаған аязына қарамастан суық сумен атқылап, ақ қар, көз мұздың үстінде домалатып, қанға бояп, темір күректермен, темір таяқтармен ұрғылап... өлтіргенін өлтіріп, өлмегенін есінен тандырып абақтыға қамап тастады... 1905 ж. жұмысшылардың бейбіт шеруіне қарсы оқ атып, қаңтардың 9-ы күнін тарихта «қанды жексенбі» деп атап, патшаны қанішер, жауыз деп жүрміз. Желтоқсанда болған қанды қырғынның қай жері кем: қырғын емей немене, алаңға шыққан жастардың 8515-ін ұстап, оның 5000-дайын қаланың сыртына апарып, қарға лақтырып тастаған... біздің боздақтардың бүкіл халықтың жүрегіне

шоқ тастап үлгергенін, ол шоқтың бірте-бірте ұшқынға айналып, ұшқыннан жалын лаулайтынын, ол жалынды өшіру ешкімнің қолынан келмейтінін сол кездегі тоталитарлық жүйенің басшылары сезбеді» (*Дүниені дүбірлеткен дүрбелең. «Жас Алаш». 14 желтоқсан, 1991 жыл*) деп желтоқсан оқиғасының шындығын мәні мен мазмұнына егжей-тегжейлі жауап іздеуге тырысып, толғанады.

1987 ж. 20 шілде, Венадан хабарлауына қарағанда... Мажарстанда (Венгрия) 41 адам қол қойған мәлімдемеден... Кеңес Одағы Жоғары кеңесінің төрағасы А. Громыкодан өлім жазасына кесілген қазақ түркі жасы Қ. Рысқұлбековке кешірім жасалуы талап етілген. Чехословакияның адам құқықтарын қорғау жөніндегі «Хартия – 77» тобы Қ. Рысқұлбековке байланысты мәлімдеме жариялаған,... 77 адам қол қойған. Қ.Рысқұлбековты босату жайында Польшадан 2 рет мәлімдеме жасалған, 70 адам қол қойған. Германияда Еңбек министрі Ноберт Блюм Христоф Борхер Кеңес Одағына үндеу жолдап қазақ түркі студенті Қ.Рысқұлбековке өлім жазасы орындалмауын талап еткен... түрлі топтар мен жекелеген адамдар Қ.Рысқұлбековтың құтқарылуы үшін әрекет етуде делінген. Америкада Р. Рейган 1987 ж. 19 шілде күні жариялаған мәлімдемесінде 1986 ж. адам құқықтары және тәуелсіздік үшін күрескен... қазақтарды ерекше атап,... «Фридом хаус» ұйымы 1987 ж. 3.08. Кеңес Одағы Компартиясының бас хатшысы М.Горбачев пен бас прокурор А.Рекуновқа телеграмма жолдап Қ.Рысқұлбековтың өлім жазасына үкім етілуі дұрыс емес екендігін мәлімдеген. Түркияда да Х.Оралтайдың 18 беттік мақаласы және Түркияда шығатын газеттер желтоқсан оқиғалары туралы жазды. (*«Желтоқсан құрбандарын жоқтау»*. А., 1992. 92-93, 97-98 бб.).

Осылайша желтоқсан оқиғасы әлемдік деңгейге көтерілген, дүние жүзі елдерінің демократияшыл топтары мен көкірегі ояу саналы, намысы бар азаматтарының тарапынан қолдау тапты. М.Қозыбаев: «Желтоқсан арты 1937-1938 жж. сияқты күрескер ойшыл қауымды жаппай (тотальнай) репрессияға ұшыратты» (1, 299) дейді.

Желтоқсан оқиғасы шетел баспасөзін қатты қызықтырды. Шетелдегі отандастарымыз комиссияға төрт томнан тұратын көптеген жарияланымдарды жинап тапсырды. ҚазКСР Жоғары кеңесінің президиумы, КСРО халық депутаты,

ақын М.Шаханов басқарған комиссия осы құраммен 1990 ж. қаңтарынан жұмысқа кіріскен. Оның жұмысына 200-ден астам жоғары дәрежелі мамандар – заңгерлер, дәрігерлер, социологтар, политологтар, философтар, демографтар, экономистер, тәртіп сақтау органдарының қызметкерлері, шығармашылық интеллигенция және адам құқықтарын қорғаудың Латвия лигасы, Арал, Балқаш және Қазақстан экологиясы проблемалары жөніндегі қоғамдық Комитет, «Невада-Семей» ядролық қаруларға қарсы қозғалыс секілді қоғамдық ұйымдардың өкілдері тартылды (3. 34 б.).

1986 ж. желтоқсан оқиғасының хабары алуан түрлі тарихи жағдайлардың әсерінен әлемнің 40-тан астам елінің этнодиаспоралық кеңістігіне таралған шетелдердегі қазақтарға да жетіп оларды да бей-жай қалдырмады.

Міне, осы шетелдегі қазақтар тарихи отаны Қазақстанда болған желтоқсан оқиғасы туралы хабарды қабырғасы қайыса қинала қабылдап, тілеулес бола отырып, моралдық-рухани қолдау көрсетіп, қолынан келген қолғабысын тигізіп, өзінің жақындығын білдіріп үлкен жұмыстар атқарды. Сол кезде Мюнхенде «Азаттық» радиосында қызмет еткен отандасымыз Х.Оралтай: «Алматыдағы қазақ жастары бастаған наразылық ереуілдер болыпты, ... оған қарсы катал шаралар қоданыпты» деген хабар «Азаттық» радиосына 1986 ж. желтоқсанның 18-і, Мюнхен... 2-де жетті. Мен қызметтестерді жиналысқа шақырдым: «...Коммунистер халқымызды зәбірлеуде ... қазақ жастарын, «маскүнемдер... бұзақылар т.т.» деп сипаттауда... Әлем жұртшылығына түсіндіруге тырысайық... біз шеттегі қазақтар советтік әкімшіліктің Алматыда істеп жатқан жауыздығына үнсіз наразылық өткізейік... бұл ереуіл, 70-жылдық советтік әкімшілік тарихындағы жаңа бір бетбұрыстың басталғаны. Біз соған лайық істерге кірісейік дедім... «Желтоқсан оқиғалары» кітабының 39-40 беттерінде басылған... ереуілге Алматыдан 10 мың адам, елді мекендерден 300 мың адам қатысқан... 1000 адам тұтқынға алынған... ереуілді басу үшін 70 мың орыс солдатты жіберілген... ереуілге қатысқандар: «Қазақстан – қазақтардікі!», «Дербестік, өзімізді өзіміз басқару құқы берілуін талап етеміз!»... деп ұран салған... шейт болғандардың ата-аналары жас орнына көзден қан ағызып... Қазақстан қазақтардікі» – деп жанын болашағын қауіпке тіккен бауырларымыз... өлтіріліп не азапталып,

түрмеге отырғызылып жатқанда... «Ресей қазағына бола басымды бәлеге салмаймын. Бұлғариядан өте алмаймын.. деушілер! Ұялсандаршы... ереуіл ұйымдастырған қандас бауырларымыз туралы егжей-тегжейлі мағлұмат таратқан Түркелі комитетіне және оның істеріне Алла разы болсын. Бұл мәлімдемені тарихи құжат әрі сабақ болар деп жарияладық. Әркім... өз арының үнімен оқысын және ойлансын!» – дейді тарихшы, жазушы Хасен Оралтай. («Елімайлап өткен өмір». *Ыстанбұл*. 1999. 325, 331-332 бб.).

Бұл оқиға туралы Қытай (Т.Зәкенұлы «Желтоқсан жаңғырығы бізге де жеткен»//«Қазақ елі», 1996, 13 желтоқсан); Қарақалпақстан (Қ. Әділ «Қарақалпақстан желтоқсан күндерінде» // «Қазақ елі», 1996, 13 желтоқсан); Моңғолия (Мауқараұлы А. Желтоқсанда Уланбатырда не болды?//«Қазақстан-Затан». – 2004, 15 желтоқсан (№51) 7 б.; Мауқараұлы А. Желтоқсаным – жалауым: Моңғолия қазақтары Алматы оқиғасын қалай қарсы алғаны туралы естелік // «Қазақстан-Затан». – 2002, 13 желтоқсан (№50) – 38 б.); Түркия (Қара А. Түркия желтоқсан оқиғасы туралы не біледі? // «Егемен Қазақстан», 1996. 17 желтоқсан); Мюнхен-Германия («Қазақ баласы» Х.Оралтайдың желтоқсан оқиғасына байланысты жазған еңбегі жайлы // «Жұлдыз», 1992, №2: Әли Ф. Әлемге бар дауысымен жар салған – Х. Оралтайдың 1986 ж. «Желтоқсан оқиғалары» деген кітап туралы //«Егемен Қазақстан», 1991, 14 желтоқсан), Өзбекстан, Ресей т.б. алыс-жақын шетелдердегі отандастарымызға да қатты әсер еткендігін байқауға болады. Мәселен, сол 1986 ж. Улан-Батырда тұрған А. Мауқараұлының әңгімесінен үзінді келтіріп өтейік: «Мен Алматы оқиғасы туралы Алматыға диссертация қорғауға кеткен Қ. Сартқожаұлынан естідім. Мамандық жетілдіруге шетелден келген қазақтарды елдеріне қайтарып жатыр. «Өнен» деген Моңғолиядағы партиялық газеттен «Алматыда мас қазақ жастары үкіметке қарсы бүлік шығарып жатыр» деген хабарды оқыдық. Бұны естіген Алматыдағы Моңғолиядан барған қазақ студенттер қайғыға толы қазақ жастарының қиын шын жағдайын хатпен жеткізген. Бұны естіген біз Баян Өлгей, Улан-Баторда әр жердерде топтасып көшеге шығып үнемі осы желтоқсан оқиғасы туралы қабырғамыз қайысып айтумен болдық. Сөйтіп жергілікті газетке жоғарыда аталған фактілердің жалған екенін айтып мақала жария-

лап, Моңғолия еліне шындықты білдіруді жөн деп таптық. Таратылып жатқан хабарлардың жалған екендігін екі ауыз сөзбен жазып «листовкалар» тараттық, Улан-Батордың бұрыш-бұрышына жиналып Германиядағы «Азаттық» радиосына «біз қазақ жастарын қолдаймыз» – деп хат жаздық. 1986 жылдың аяғы, – жиналған сайын қазақстандық қазақ жастарының жанқиярлық іс-әрекетін айтумен болдық. 1987 ж. жаңа жылда Улан-Баторға Қазақстанның «Жұлдыз» журналының жаңа нөмірі келіпті, журналдың мұқабасы, яғни сырты «қып-қызыл», ал «Жұлдыз» деген сөзді қап-қара үлкен әріппен жазған, ішін ашсам желтоқсан туралы ешнәрсе жазылмаған. Шындықты жазған шығар деп ойлаған едім, қас қағым сәтте көзімнен жас ыршып шықты. Осы кезде қасымдағы қазақ кісіге мына белгі шырқыраған қанға боялған жастардың артынан қара жамылып қазақ адамдар, қаралы жиынды бізге осылай білдірген екен ғой деп айттым. Алматыдағы оқиғалар туралы неше түрлі аңыздар естідік. «Алматыда жастар, біраз адамдар алаңға жиналып Құрманғазының күйін шертіп, кетпей ұзақ отырып алыпты» деген әңгіме естідік. Шындықты осылай жеткізген адамдар шын мәніндегі жағдайды бастырмалата жеткізгені ме. Жасым 29-да еді, жаныммен жылап отырып «Жұлдыз» журналының сыртқы белгілеріне қарап, мұнайып қиналатынмын. Сол журналдың сол қызыл мұқаба, қара жазумен шыққан нөмірін өзіммен Қазақстанға алып келдім. Әлі үйімде сақтаулы» – дейді бұл күндері Қазақстан азаматы, «Заман-Қазақстан» газетінің тілшісі, «Алтын қалам» баспасының қызметкері А.Мауқараұлы.

Желтоқсан оқиғасына қатысқандарды «қазақ ұлтшылдары, бұзақылары, маскүнемдер» т.б. теріс әрекеттерді таңып айыптаған болатын. Кез келген адам белгілі бір ұлттың өкілі. Оның «кір жуып, кіндік қаны тамған» туған жері – ата-мекені, ата-қонысы болады. Бұл жер олардың қасиетті жерлері, тарихи Отаны. Адам дүниеге «шыр» етіп келгенде анасының тілін естіп, сол әлдімен өсіп-өнеді, сол ұлттың салт-дәстүрлерін, тілін, дінін бойына сіңіріп, осы мәдениетпен сусындап өседі ғой. Осыдан барып өзі туылған әлеуметтік-мәдени ортаға, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады. Міне, осыдан келіп, «Отан-анаға», «Ата-мекенге» деген махаббат – қимастық туындап ұлтқа деген ыстық сезімдер, «ұлтжандылық» пайда болады. «Этностың

ұлттық келбетін сақтауына әсер ететін құбылыстың туған жерге, туған елге, ана тіліне, діліне, дініне деген ыстық сезімдері ұлт болып ұюға итермелейтін «Отан-анаға» деген шексіз махаббаттың: **ұлттық рух түрінде көрінуі**; ұлттың өзіндік санасының күшті де қасиеттілігінде болып табылады.» (Омарова Г. Этнодиаспоралық кеңістіктердегі қазақтар // «Ақиқат». 2002. №9. 50 б.). Қазақ халқының фольклорында аңыз болған батырлық жырларында елін жаудан қорғай білген батырдың бейнесіне соншама көркем сөздерді арнауының негізі де сонда жатыр. Желтоқсанда қаза болған асыл да, аяулы халқының нағыз қаһарман азаматтарын және сол көтеріліске қатысқан жалындаған бүлдіршін жас қайсар қыздар мен қыран жігіттерді алаңға алып шыққан да жоғарыда айтылып отырған ең бірінші туған жерге, Отан-анаға деген шексіз махаббаты. Отанның тағдыры шешіліп жатқанда оған немқұрайды қарамау ұлттық намысының терең тамыр жайғандығын білдіреді. Сол желтоқсан оқиғасына қатысқан Алматы медицина институтының доценті Сұлтанбек Ешмұқаметов желтоқсанның 17-і күні студенттерінің артынан алаңға келіп өз студенттері педиатрия факультетінің 3-і курс студенттері Ақмарал мен Ақзипа, 5 курс студенті Төлебай және т.б. көріп, «мұнда неғып келдіңдер дегенімде ұлттық намысымыз айдап келді деп жауап берді.» («Жас Алаш». 14 желтоқсан, 1991) деген сөздері жоғарыдағы пікірлерімізге дәлел деп ойлаймыз. Қазақ қай жерде де қазақ екенін мақтанышпен жырлаған қазақтың ұлтына деген махаббаты кеңістіктерге бөлінбеген халық.

Танымасаң танып ал, мен – қазақпын,
Жағам – жайлау, көңілім – көл қазақпын.
Ұлысым бай, іргелі ел – қазақпын,
Ырысым сай, нұр жері кең қазақпын.
Мен емеспін кешегі өшкен қазақ,
Құба жонда тентіреп көшкен қазақ.
Мен боламын: қойнауға қой қаптатып,
Қала салып, білім ап өскен қазақ.
Қобыланды қазақпын – батыр елмін,
Қозы-Баян қазақпын – тату елмін.
Қожанасыр қазақпын, аңқау елмін,
Абай туған қазақпын – ақын елмін –

деп моңғолиялық ақын Кәкен Жаужұңұлы жырлаған «Қазақпын» өлеңінде «қазақ» деген ұлтқа, туған жерге, елге деген қаншама төгілген ыстық мейірім мен махаббат сезіледі. (*Армысың атамекен. Өлгий, 1992, 43 б.*)

Желтоқсан ереуілшілері «Менің Қазақстаным» әнін салып бейбіт қарусыз алаңға шықты. Осыдан да олардың бойындағы ұлттық ар-намысының күштілігін, ұлтжандылық пен ұлттық рухының беріктігін «ертеңін ойлайтын ер», «ертеңін ойлайтын қыз» барына бүгін мақтана аламыз. «Абайдың адамтану ілімінде «толық адам» туралы түсінігінде Ар, Намыс, Ұят ең басты, негізгі ұғымдар» – деген еді белгілі отандық философ І.Е.Ерғалиев. (*Философия как духовная деятельность. Астана, 2003, с. 240*).

Абай атамыз адам мен пенде, есті мен есер, жақсылық пен жамандық, ар, ұят, намыс туралы философиялық ойтұжырымдарын жасап кетті. Пенде мен адам жайлы адамның қылығын көрсетеді Абай атамыз. Мәселен: «Алтынды көрсе періште жолдан таяр» деген сөз бар қазақта. Абай 29-шы сөзінде: «періште алтынды не қылсын, өзінің көрсе қызар сұмдығын қостағалы айтқаны» – дейді. «Пенде үшін баю жолында бәрі де айырбастаулы, сатылмалы – «Ел», «Отан», «Халық», «Ұят» деген ұғымдар – ол үшін жат сөздер. Қарнын ойлаған пенде халықтың қамын жемейді». Адамның адамдығы, ең игі қасиеті жан сақтау емес, оны күту – арын сақтау. Адам болудың бір шарты ұятты бойға сіңіру. Абайдың түсінігінде адам бойындағы адамгершілікке жат қылықты өз мойнына артып, өзін-өзі сөгу, өзінді-өзің адал, дұрыс жолға салу дейді І.Е.Ерғалиев.

Абай адамның өзін адам етіп тұрған ар, ұят, намыс екеніне баса назар аударады. Яғни қазақ халқы бірлікте, еліміздің тәуелсіздігі берік мызғымастығы үшін, берекелі, біртұтастықта болу үшін жоғарыда Абай атамыз айтқан «Ар», «Намыс», «Ұят», І.Ерғалиев айтқан «Отан», «Ел», «Халық» деген құндылықтарды әрқайсымыз жүрегімізге жақын топтастыра білсек, осы құндылықтардан өз қажетімізге жарайтын руханилықты тауып жадымызда сақтай білсек, осы рухани құндылықтар жан дүниемізде қалыптасқанда Абай атамыз айтқан «толық» немесе «жетілген адам» деңгейіне көтерілуге мүмкіндік туындар еді. Осыған орай біз рухани дүниемізді байытуымыз керек деп ойлаймыз, С.Нұрмұратов: «рухани құндылықтардың материалдық құндылықтардан

айырмашылығы әрбір жанның ішкі потенциалын ашуға көмектеседі... адамның шынайы болмысының нығаюына игілікті әсер ететін, оның тұлғалық дамуына өзек болатын еркіндігін жасампаздықпен, шығармашылықпен паш етуге мүмкіндіктер ашатын ақиқаттың нұрлы құбылыстары» (13. 51 б.) дейді. Бүгін елбасымыз Н.Назарбаевтың елімізді жоғарғы деңгейге көтеру мақсатында еліміз 50 ең мықты мемлекеттің қатарына кіруге бүкіл ел болып талпынудамыз.

Еліміздің тәуелсіздігіне жол салып кеткен әрбір желтоқсан боздақтарының бойындағы, жүрегіндегі шынайы ұлттық намыс көп адамның жан дүниесінде кездесе ме? Біз келер ұрпақ алдында келешекке барар жолға қандай құндылықтарды қалдырамыз. Біздің немесе дүние жүзі қазақтарын біріктіретін ұлттық идеямыз қандай? Ертеде грек ойшылы Сократ: «Өзіңді өзің танып біл» дегендей қазақ халқына қатысты барлық рухани құндылықтарды, әсіресе кеше өткен Желтоқсан феноменін дұрыс танып, ертеңгі ұрпағымыз дұрыс түсініп, одан сабақ алатындай күйге жеткізе алдық па? Сонымен қатар біз болашақ жас жеткіншектерді «ұлтты», «Отанды» сүюге тәрбиелеуге баса назар аудара отырып, тарихи Отандағы және дүние жүзі қазақтары өмір сүретін көпмәдениеттер тоғысқан әлеуметтік-мәдени ортада жаһандану дәуірі басталған 3-ші мыңжылдықта жұтылып кетпеу үшін ең басты ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетімізді басқа тілдер мен мәдениеттердің ықпалына ұшыраудан таза сақтау мәселесіне жеткілікті назар аударылуы керек деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылған желтоқсан оқиғасы кезіндегі бұзақылықпен теңестірілген «ұлтшылдық» бұл теріс жағынан емес, бұл ұлтшылдық нағыз Отанын қорғауға, сүюге бағытталған қарусыз жастардың іс-әрекеті, жалындаған жүрегіндегі Отанға деген от шашқан қайсар сезімдері тоталитарлық жүйенің мемлекеттік идеологиясына қанжардай қадалды. А.Ермолдина деген «Жас Алаштың» оқырманы Қ. Аймахановтың сөзін есіне алады: «Есінде ме? Сол бір желтоқсанның 16-сы күні қазақ халқының жанды жерін кенеттен басталған пленум шешімі қамшымен осып-осып өткені. Үлкендеріміз тағы қамшыға мойын ұсынып, жауырындарын төседі. Ал, жастардың мұндай қорлыққа шыдағысы келмеді. Олар өз ойын айтуға шындығына жетуге алаңға келмеді ме? Сонда кім түсінді? Кім тыңдады бізді?

Қайта халықты қорғайтын армиясын төккен жоқ па?» («Жас Алаш», 17 желтоқсан, 1991).

Қ. Аймаханов айтқандай «үлкендеріміз тағы қамшыға мойын ұсынды» – дегені сонау ерте замандарда басталған отарлану саясаты елімізде жалғасып жатқан кез еді ғой, желтоқсан оқиғасы басталған кез. Қаншама жылдар бойы ӘБөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, М. Шоқай тағы басқа қаншама қазақтың асыл азаматтары, қыздары сол отарлық мемлекеттік идеологияның құрбаны болды десеңізші. Дегенмен біздің болашағымыз үшін қасық қаны қалғанша жаудан елін қорғаған батырларымыз, зиялыларымыз, алашшыларымыз бен басқа да көптеген үлкендерімізді мақтанышпен еске аламыз. Бүгінгі күні де мақтанышпен еске алатындай бізге үлгі, өнеге көрсететіндей үлкендердің барына қуанамыз. Әсіресе әрбір желтоқсанға қатысқан студенттер мен жастардың сол қиын кезеңдерде Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шахановқа деген ерекше ағалық, әкелік сезімді ауызбен айтып жеткізу қиын. Сол желтоқсан оқиғасынан кейінгі кезде Олжас пен Мұхтардың есімін көзге жас ала отырып бүкіл студенттер әңгімелеген кездер болған. Түрмедегі жастарға туған әкесі де әкелік қамқорлық жасай алмаған көмекті Олжас пен Мұхтар жасады, осы ерлігін жатақханаларда ұзақ әңгімелейтін еді жастар. Олжас пен Мұхтарға осы жасаған жақсылығын қандай сөзбен айтып жеткізуді білмеген еді. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – деген сөз бар. М. Шаханов КСРО-ның съезінде желтоқсан мәселесін көтеріп, сөз сөйлеуі сол кездегі саяси идеология үшін теріс әрекет. Бұған академик А. Сахаров, қырым татарлары, месхет-түрік өкілдері алғашқылар болып рахмет айтқан және Алматы, Семей, Ақтөбе, Орал т.б. тіпті Қазақстаннан тыс Саратов, Таулы Алтай, Ташкент, қырғыз қазақтары алғысын білдірген («Ана тілі», 9 қараша, 2006). Сол желтоқсаннан кейін жаппай түрмеге отырғызу басталғанда Олжас көптеген студенттерді түрмеден аман алып қалды. Саяси идеологияның құбылып тұрған қиын кезінде өздерінің жеке басын қауіпке тігіп М. Шахановтың КСРО жиылысында сөйлеген сөздері, О. Сүлейменовтың (ол кезде студенттерді туыстары да милициядан босатып алу тіпті мүмкін болмағандықтан) жастарды түрмеден босатуға көмектесуі, олардың адамгершілік қасиетінің жоғары деңгейін, Отан алдындағы парызын

сезінуі, адамдық тұрғысынан түсінуі, жоғары ұлттық намысының күштілігі, ұлттың жас жеткіншектеріне жаны ауыратыны, бір сөзбен биік тұлғалардың тұлғалық бейнесін айтып жеткізу қиын.

Қазақстанның көп жылдар басшысы болған, халқының адал перзенті, желтоқсан кезіндегі ерекше тұлғаның бірі Д.А.Қонаевтың үкіметтен кетуі үлкен оқиғаға әкеліп соғып, алаңға бейбіт қарусыз шыққан жастар керекті дұрыс жауап ала алмай арты трагедияға айналды. «Оқиғаны Д.А.Қонаевтың қызметтен алынуы, Колбиннің келуімен байланыстыратындар сөзсіз қателеседі... оқиғаның себептері бұған дейін пісіп жетілген болатын. Алматы оқиғасы – жәбірленген ұлттық сезімнің терең түпкірінен қайнап шыққан ашу-ыза мен тегеурінді қарсылықтан бұрқ етті... Ұзақ жылдардан бері аталмыш интернационалдық тәрбиенің объектісі тек қазақтар болып келді... мұндай «тәрбие» қорлану сезімін тудырмай қоймайды. «Д.А. Қонаевтың Қазақстанда бірінші басшы болғанына қарап, қазақтар өзін-өзі билеу правосының толық жүзеге асырылғаны былай тұрсын, тіпті шамадан асыңқырап кеткен екен» деп ойлайтындар да бар. Ал, іс жүзінде жағдай мүлде олай емес қой. Мәскеусіз, Кремльдің емеурінінсіз Қонаев не істеп еді? Не істей алуы мүмкін еді? Соны сезіну үшін қандай данышпандық керек?..» деген еді белгілі отандық саясаткер, қытайтанушы Айтан Нүсіпханұлы. (*Нүсіпханұлы А.Қайғыңды қазақ, арқаладым... шығ. I т. А., 2002, 35-36 бб.*). Тәуелсіздік алғаннан кейін 1991 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев үкіметке келгенде сол трагедияға қатысқан жастар, студенттер сол 86-шы жылғы талабы орындалғанына, «Ел басқаратын бір қазақтың табылмағаны ма?» – деп алаңға шыққан жастардың арманы орындалғанына, орны толмай тұрған нәрсенің орны толып, еліміз егемендігін алып, басқа дамыған елдермен теңесе, өлгені тіріліп келгендей көзге жас алып, қуанып сол желтоқсанда көз жұмған достарының, замандастарының бұл қуанышты бөлісе алмағанына қабырғасы қайыса, жүрегіндегіні ішке бүгіп қалған еді.

Соңғы кездері алаңға жыл сайын тәуелсіздік күні барған жас деңгейі әр түрлі 30-дан, 40-тан асқан шамадағы кейбір қыз-жігіттердің тәуелсіздік ескерткіші алдында үнсіз жылап тұрып, бірін-бірі танымаса да бір-біріне қарап, көзге жас алып, үнсіз тұрып кеткен сәттер ешуақытта ұмытылмайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың егемендігімізді алғаннан кейінгі де сын сағаттарда еліміздің болашағы үшін дұрыс бағытпен елімізді бейбіт қатар алып келуі үлкен көрегендіктің белгісі деп ойлаймыз.

Елбасына деген ойын қазақ халқының қоғам қайраткері, жазушы, ЮНЕСКО-ғы Қазақстанның өкілі О.Сүлейменов: «Оның бойында қырағылық пен табандылық, есеп пен шабуыл сәтін күте білу, бәрі-бәрі бар. Оның үстіне Қазақстандағы тыныштық тұтанғалы тұрған секілді (мен жағдайды іштей танып, жақсы білемін, сондықтан да бұлай айтуға хақым бар) кез келген қауіпті қимыл мен сөз арты үлкен өртке ұласып кетуі мүмкін. ...Назарбаев саясатшы ретінде жүйенің мызғымастығы мен күйреуі тәрізді екі дәуір қақтығысына бейімделе алды» – дейді (б. 1). Белгілі отандық тарихшы М.Қойгелдиев: «Желтоқсан қозғалысы қазақ елі үшін мемлекеттік тәуелсіздіктен биік құндылықтардың болуы мүмкін емес екенін көрсетіп берді. Ал, осы үш ғасырлық қанды күрестен соң қолымызға тиген мемлекеттік дербестікті сақтап, нығайтуға еліміздің жас өркенінің орны әрқашан ерекше болмақ. Француз еліне Жанна де Арк, чех еліне Ян Гус... қандай қасиетті есім болса, қазақ елі үшін Қ.Н.Рысқұлбеков те сондай қасиетті» (12. 10) дейді.

Желтоқсанда құрбан болған боздақтарға арналып зар заман жыры туған:

Ләззат Асанованың анасы: «Мынау неткен зар заман, Жүректегі тар заман...» десе,

Сәбира Мұхамеджановаға: «Алаштан озған жүйірігім, Алтын дінгек қазығым. Аққудай аппақ нәзігім...»,

Қ.Рысқұлбековке әкесі: «Бөрілі байрақ ту алған... Махамбет пен Исатай бата берген батыр ма ең?!»

Ербол Сыпатаевқа: «Ербол, Ербол атыңды, ер болсын деп қойдым ба, Қайғы шерін заманның, қозғасын деп қойдым ба?». (40-41, 43-44, 49 бб.)

Осылайша желтоқсанда шейіт болғандарға арналып шығарылған зар заман толғауларынан артында қалған замандастары, көзінен жас орнына қан аққан ата-аналарының қайғыға толған көңіл-күйін байқауға болады.

Асқар Егеубаевтың Қ.Рысқұлбековтың аруағына бағыштадым деп бастаған «Желтоқсан» поэмасында желтоқсанда болған құбылыстың айна қатесіз шындығын бейнелейді. Ол: «Ешқандай заң, ешқандай қоғам құбылыстың күдіксіз жа-

ратылысын кәміл талдап, күмәнсіз дәл үкімін шешіп, кесім айта алмайды. Желтоқсан оқиғаларын да сол қатігез тағдыр күтіп тұр. Өйткені тарихи құбылыс – табиғи дамудың жалғасты буыны, ал қоғам мен оның заңы қадым заманнан бері дәуірдің қызметші құралы ғана. Асқақ ақиқат үш өлшемге – Уақыт, Кеңістік, Болмыс – әрдайым бірдей сәйкес келе беретін жалпақ Шындық емес. Заң жобасы қай заманда да жалпақ Шындыққа жүгінеді. Оны әлгі әділ төреші дейтін Тарих та, Уақыт та атқара алмайды: дер кезінде әртүрлі психологиялық-әлеуметтік, саяси жағдайлар кедергі болса, кейінірек кей сәттері көмескіленеді, кей сәттері естен шығады, қоғам түлеп, адам танымы өзгереді. Желтоқсан оқиғасынан Кеңес елінің... бақұлдасу, арыздасу жөні басталып кетті. Қазіргі тілде: Ғұмырлық Сот процесі десек те дұрыс. Бұл тарихи, ұшы-қиырсыз, ұзақ процесс. Ар соты. Жан соты. Сана соты. Ешбір Үкімге, Тоқтамға қанағаттанбайтын Халықтық Процесс. Жылдар, ғасырлар өткен сайын алдыдан әр қырынан көрініп, Халық жүрегінде зіл қаратас күйі көшіп отыратын жұмбақ түйін. Бұл ұлы Процестің куәлері – Көз, Көңіл, Өмір – Көз көрген, Көңіл түйген, Өмір аңғартқан елес, суреттер Болашақ үшін осы Куәлер қадырлырақ» – дей келіп, автор:

– Есім кетті, ес шықты, апа не істедім?...
Көз алдымды тұман басты, кеш, ана...
Желтоқсанның ақ қырауын ызғарын,
Қолаң шашқа орап алған қыздарын...
Тұрды Абайым шомып ойдың бұлтына,
Шоқаным тұр танданғандай жұртына...
Туған Отан, туған қара шаңырақ
Түзелгенсің талай тозып, қаңырап...
Алтын Отан
Атамекен, кіндік жұрт
Мәңгілік сен.
Біздің тірлік – бір күндік:
Адам қылып қасиеті мың күннің
Қасіреті жерге тығар бір күннің.
Шүберектей жанға түйіп намысты,
Бастан кешкен талай қырғын шабысты:
Аштықты да соғысты да көрген жұрт,
Өз бармағын өзі шайнап налысты... –

деп 1986 ж. тәуелсіздік үшін болған ұлт-азаттық қозғалыстың табиғаты, мәні мен мазмұнын ішкі жан дүниесімен желтоқсан феноменінің ақиқат шындығын тебірене бейнелейді. (*«Жас Алаш», 1991, 18 желтоқсан*).

Сол кезде Қазақтың қыздар педагогикалық институты тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Арзабек Исабекұлы Бадановтың жылап, егіліп, күйініп тұрып: «Бітті, біздің қазақтың тұқымы қалмады, біздің қазақты құртып жатыр, қыздарды, ұлдарды темір дубинкамен ұрып жатыр, енді ұлдарда да, қыздарда да бала болмайды, қазақтың ұрпағын құртты» деген күйініш сөздерін сол кездегі студенттердің бәрі бүгінге дейін ұмытпайды. Сонымен қатар тарих факультетіндегі ұстаздар, тарих ғылымдарының докторы, академик К.Р.Аманжолов (биыл 2006 ж. қайтыс болды), тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Н.Нұрпейісов, тарих ғылымдарының докторы, профессор В.З.Галиев, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Қойгелдиевтердің адамгершілік тұрғысынан студенттерге ерекше қамқорлық танытуын бүгінгі шәкірттері ұмытқан жоқ.

Желтоқсан қозғалысы туралы отандық журналист, ғалым Н.С.Кенжеғұлова «1986 ж. желтоқсан көтерілісінің Қазақстан баспасөзінде жазылуы» тақырыбында диссертация қорғаса, Түркиядағы қазақ диаспорасының арасынан шыққан отандасымыз Абдухап Қара шетелдік баспасөз беттеріндегі желтоқсан қозғалысы туралы деректер негізінде Стамбул қаласында диссертация қорғады.

Желтоқсан феномені отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан зерделеу басталғанымен, әлі де тоқ етері айтылып болмаған тың мәселе. Жан-Марк Гонен, «экспресс» (Франция) журналының тілшісі желтоқсан қозғалысы туралы: «жергілікті халық енді Мәскеудің диктатурасына төзе алмайды. Балтық жағалауы республикалары мен Грузияның тәуелсіздік талаптары бой көрсеткенге дейін де Қазақстан 1986 жылғы желтоқсанда алғашқы болып, «температураның көтерілуінің» ауыртпалығын басынан өткізді ... жергілікті басшыны талап еткен жастар Алматы көшелерінде екі күн бойы шерулер өткізді» (*Есмағамбетов К.Қазақтар шетел әдебиетінде. А., 1994, 177 б.*) – дейді.

Желтоқсан феноменін мемлекеттік тұрғыда танып білуге талпынған отандық ғалымдардың ой-пікірлерін айшықтай түсетін болсақ Елбасы Н.Назарбаевтың бұл тарихи процестің «жарылысқа тең» екендігін көрсетуі бұл мәселенің ауқымының әлдеқайда кең екендігін байқатады. Мемлекеттік қайраткер Ә.Кекілбаев күрделі бірнеше тұжырымдар жасайды: Одақтас республикалардың күресіне дем берген; Әлемдік маңызы бар; «реформаторлық қозғалыс» т.б. Яғни желтоқсан феномені бір ғана ұлттың емес бүкілодақтық кеңес елдері азаттығына жол ашқан дүниежүзілік саяси сипат алған құбылыс. «Реформатор – реформа сөзінен, яғни қоғамды түп-тамырымен өзгерту – реформалау дегенге келіп саяды. М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Ә.Нысанбаев бұл сонау ертеде (1731 ж.) басталған ұлт-азаттық күрестің жалғасы, Евразиялық (М.Қозыбаев), жалпыұлттық саяси (М.Қойгелдиев) сипат алған Кеңес Одағының (СССР) ыдырауына әкеліп соққан жалпыхалықтар аралық өркениеттік құбылыс деп ойлаймыз.

Сонымен қатар басқа да отандық ғалымдардың, көптеген тарихи процестің куәсі болған отандастарымыздың пікірлері баспасөз беттерінен байқалғандай желтоқсанда болған тарихи процестің тамыры тым тереңде екендігін көрсетіп отыр, бұл тарихи процестің құлашы өте кең өреде әлем кеңістіктеріне жетіп, таралып қана қоймай өркениеттік тұрғыда жалпы-адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қаралып, ұсыныстар жасалған күрделі тарихи процесс болғандықтан желтоқсан феномені күрделі терең ғылыми-зерттеуді қажет ететін тарихи проблема. 1986 ж. желтоқсан Кеңес Одағының құлауына әкелген құбылыс екендігін Н.Назарбаев, Ә.Кекілбаев, М.Шаханов, О.Сүлейменов, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев т.б. пікірлерінен айқын байқаймыз.

М.Қозыбаев, С.Ешмұхамбетов, парламент депутаты Б.Тілеуханов («Түркістан», 9 қараша, 2006) желтоқсан қозғалысын 1905 ж. қанды жексенбімен салыстырады. Ғалымдардың ойлары бір арнадан шығып астасып, сабақтасып бірін-бірі толықтырып отырады.

Олай болса бұл тарихи процесті өзінің табиғи кең ауқымындай саралауға, кең ауқымда атауға мүмкіндіктер туындап отыр. 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 күндері Алматыда болған тарихи процесс:

1. Кеңес Одағы ұлттары мен ұлыстарының ұлттық өзіндік санасын оятқан, азаттық алуына дем бере отырып, күшті қуатты тоталитарлық мемлекеттік компартияның саяси идеологиясының жойылуын тездеткен, алғаш бастап берген; себепші болған;

2. Жалпыұлттық, бүкілодақтық, халықаралық саяси сипат алған дүниежүзілік маңызы зор, қоғамды отарсыздандырып, демократия жолын ашқан, Кеңес республикаларына еркіндікке жету жолын көрсетіп берген;

3. КСРО-ның ыдырауына Кеңес республикаларының еркіндігіне, азаттығына әкелген мемлекеттік төңкеріс болып табылады.

Желтоқсан феноменін зерттеуге талпынған тарихшы, философ, әдебиеттанушылар, социологтар, журналистер мен т.б. мамандар шетелдің демократияшыл топтары, адам құқы жөніндегі оңшыл бағыттары, сол оқиғаға қатысқандар, құбылысты халық арасынан байқағандар, кейінгі кездердегі зерттеушілердің бәрі 1986 ж. желтоқсанның 17-18-де болған оқиғаны «оқиға» емес қазақ халқының тоталитарлық жүйеге қарсы ұлт-азаттық қозғалыс екендігін, бұл көтеріліс еліміздің егемендік алуына «алтын қазық» болған, кеңестік тоталитарлық жүйенің келмеске кетуіне арналған алғашқы қарсылық болғаны жөнінде өздерінің ойларын білдірді. 1986 жылғы желтоқсанда болған ұлт-азаттық көтеріліс Ресейдегі 1905-1907 жылдардғы жеңіліске ұшыраған революция сияқты азаттық алуымыздың «ұлы дайындығы – репетициясы» болған Кеңестік жүйенің ыдырауына әкелген жалпыұлттық, бүкілодақтық, дүниежүзілік саяси сипат алған төңкерістердің бастамасы болды.

«Өркениетті ел болғандықтан республиканың дамуы баянды болуының бір кепілі өзіміздің рухани-мәдени дүниеміздің тарихи өткеніне қайта үңілу, оларды ой елегінен қайта-қайта өткізу, тарих қатпарында қалған рухани дүниеміздің жанды тамырларын қайта қалыптастыруымыз керек». (Омаров Е.С. *Адамзат өркениеті*, А., 2005. 13-14 б.б.).

1986 ж. желтоқсан төңкерісі қоғамымызды, Кеңес республикаларын отарсыздандырып біртұтас социалистік

система СССР-дің құлауына әкелген, жалпыұлттық, жалпыхалықтараралық дүние жүзілік саяси сипат алған өркениеттік құбылыс ретінде кеңес елдерінің, дүние жүзі елдерінің тарихына енді.

Бұл тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталған бүкіл-одақтық төңкерістердің бастамасы – желтоқсан көтерілісінің қайнар бастауы, яғни басталу себептері, бағыты анықталды, ал ендігі жерде бұл революцияның басталу кезеңдері, сатылары, көтерілістің маңызы дүниежүзілік, жалыадамзаттық құндылық тұрғысынан өз елімізде ғана емес, сол кездегі Кеңес Одағы елдері мен дүние жүзілік деңгейде саяси сипат алуы «ақиқат заңдылығы» тұрғысынан әділ бағасы беріліп, тарихи шындықты айшықтау керек деп ойлаймыз. Бұл тарихи қажеттілік. Желтоқсан феноменін тарихи шындыққа сәйкес танып білу А.Егеубаев айтқандай: «Ар соты», «Жан соты», «Сана соты» – әрбір еркін қазақстандық пен ҚАЗАҚТЫ толғандыруы керек деп ойлаймыз.

Желтоқсан феноменін танып білуге ұмтылыстың тереңдегенін әсіресе «Егемен Қазақстан» т.б. газеттер арқылы соңғы кезде «Тоғанай Т» баспасының директоры, «Алматы 1986 Желтоқсан» кітаптарының құрастырушы-авторы Талғат Айтбайұлының «Желтоқсандықтар, үн қатыңыздар!» – деген хабарлама жасап, осы құбылыстың «ақиқат шындығын» білуге деген ұмтылысы бұл тарихи процесті зерделеуді тездетеді. Бұл желтоқсан феноменін, біріншіден, дұрыс танып білуге, екіншіден, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұны кейбір желтоқсанға қатысушылар сол бір қайғылы оқиғаны еске ала, қинала, мұңая қабылдағаны шындық. Өйткені кейбір оқиғаға қатынасқандар өздері туралы деректі (мүмкін) ешкім бұрын сұрамағандықтан бұл мәселе желтоқсанға қатысқандардың кейінгі өмірі қиналумен, өмірі өксімен, кейбірі мүгедек болып өткендігін мерзімді баспасөздерден көріп, оқып жүрміз. Желтоқсан көтерілісі бүгінгі ұлттық еркіндігімізге өміріміздің жарқын болашағына жол салып берген алтын көпір болды.

ЖҮРЕГІМДЕ ІЗІ ҚАЛДЫ ЫЗҒАРДЫҢ...

Сол күні бірінші Алматы жаққа барғанбыз. Қайтарда таксиге міндік. Жанымызда фольклор зерттеуші-ғалым Мардан Байділдаев бар.

– Горбачевтің мұнысы дұрыс болмады! – деп күйінді ол кісі. – Димекене қырын қарап, өзінше мінез көрсетіп жүр еді, дегеніне жетті. Үлкенін сыйламаған – ұлиды. Саяси бюрода ол кісіден үлкен кімі бар?.. Мен айтпады демендер, бұның аяғы жақсылыққа емес, жақсылық емес...

Ағаның сөзінен кейін бәріміз үнсіз отырып қалдық. Байқауымша, бәрі іштей күйзелген ойдың құшағында.

Машинамыз Жазушылар одағының алдына келгенде Мардан аға түсіп қалды. Неге екені, жүрегім алаңға қарай бұрды да тұрды. Шаруам болмаса да таксимен бүгінгі Желтоқсан мен Тимирязев көшелерінің қиылысына дейін барып, одан кері қайттым. Сабақ түстен кейін еді. Оған да қатысқан болдым. Күніміз өте көңілсіз өтті.

Кешінде бөлмелес жігіттердің біреуі ертең Жаңа алаңда наразылық митингі өтетінін айтты. «Осында келіп хабарлап кетіпті. Шығатындарың – шығындар, сонда бүкіл қала жиналады» депті. Сонымен, бөлмеден бөлмеге кіріп, жатақхананың шамы түні бойы жанып тұрды десе де болады. Адамда бұйрыққа көнбейтін, еркіне салса итермелеп қайда болса да алып баратын сезімдер болады. Сол сезім бізді келесі күні алаңға апарды. Қолымызға транспорттар, портреттер көтеріп қаланың орталық көшелерімен шеруледік. Ойымыз таза. «Біз мемлекеттің жауы емеспіз. Бізге мемлекеттің атын иеленген халықтың арасынан шыққан, ең құрығанда осында туып-өскен, қазақтың салт-санасын, дәстүрін ұғатын оң ниетті адам керек дедік. Біз мал емеспіз ғой. Американың индеецтері емеспіз. Біз – қазақпыз!» – деді отты жігіттер. Қараңызшы, осында тұрған қандай қылмыс немесе қылмыстың нышаны бар? Сол себепті ән салдық. Арлы-берлі өтіп жатқан кісілердің қатарымызды көбейткенін қаладық. Ойымызды дұрыс қабылдаған үлкен-кішілер қосыла берді-қосыла берді. 25-30 мың кісімен толатын бұрынғы Брежнев алаңы аузы-мұрнынан болды. Адамдар нөпірі бір үзілмеді.

Келіп жатыр, кетіп жатыр. Әрине, елдің былай дүрлігуі, бір нүктеде жиналып талап қоюы – Қазақстанда мұндай дәрежеде бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс. Үкімет үйінде ұйлыққан басшылардың көздері атыздай болды. Олар төңкеріс жасайды деп қатты қауіптенді. Бірақ, алаңға жиналған, Алматының көшелерінде шерулеген мың сан халықтың, оның ішінде басқа өкілдері де бар, мақсаттары айқын еді. Әйткенмен, өктемшіл билік оны ұғып, санасты ма? Бұлар тек қана күш көрсетуге бейім екенін, ортызыншы жылдардың опалаң-топалаңында жинаған мол тәжірибелері бар екенін ә дегенде-ақ көрсетті.

– Алпысыншы жылдары Теміртауда, содан кейін Шымкентте болған елдің наразылығын аямай басқан. Атқан, ондап-жүздеп абақтының арғы жағына айдаған. Бұлар қажет кезінде халықты арандатудан да тайынбайды. Сондықтан барынша ұстамды болайық, артық сөзге бармайық, – деді биік мінберден сөйлеген ойлы кісілер.

– Тараңдар! Тараңдар! Тарамасаңдар қамаймыз, жаза-лаймыз... Қиын болады, – деді прокурорлар.

– Жатаққа қайтыңдар, – деді бір көсем.

Міне, осындай сөздер, халықтың шамына тиетін сөз айтып, қазақтың қасиетті сөзін бұзып сөйлеп күлкі болды. Оған олар ызаланды. Күш қолдануға ықыластана кірісті. Сөйтіп, кешкілік мезгілде бейбіт шерудің соңы, алаңдағы әдемі талаптың ақыры айқай-ұйқайға ұласты, қақтығыстар кең етек алды. Енді бір-біріне басу айтатын, ақылмен кідіретін шектен шығып кетті. Мен алаңды әп-сәтте қуып тазартуға құлшынған, қару қолданған, бас-көзге қарамай тепкінің, соққының астына алған қалың әскерге қарсы әрекет жасаған халықтың ортасында жүрдім. Жалаңаш қолмен кімді жасқап, жайпағандайсың. Оның үстіне музыканттардың жаны өте нәзік келеді. Шашынан сүйрелеген, сойылға жығылған қыздарды көргендегі жан дүниемнің қалай-қалай бұлқынғанын айтып жеткізе алмаспын. Бет-аузы қанға боялып, жан даусы шығып жылаған қыздың жанына барып, алаңнан былайырақ алып кетейін деп жүргенде өзімді де мұрттай ұшырды. Одан кейінгі итше тепкілеп, сүйрелеп салғаны – машина. Сонымен бір топ етіп милиция бөліміне жеткізді. Бет-аузымыз қан-қан, тап-тала күйінде оңымыздан да, солымыздан да суретке түсірді, саусақтарымыздан таңба

алады. Сол кіргеніміз кірген, шығармады. Екі күн өтті, үш күн, бес күн өтті – күнде тергеу... Уақытша ұстау изоляторларынан Сейфулиннің бойындағы түрмеге апарды. Сондағы тергеген беті тыртық ақсары жігіттің қылығы өтті-ау! Құдай біледі, ол мені ғана емес, талай қазақ жастарының қанын ішкен шығар. Өзі қаланың мектебін бітіргенге ұқсайды. Көбіне орысша сөйлейді, сол тілде жауап алады. Қазақша сөйлесем, күлкі боп қаламын ба дейтін сияқты. Қазақ болуға намыстанып жүрген жан мені қандасым деп аясын ба, айтқаныма көнбедің, қылмысыңды мойындамадың деп өзінше күйіп кетіп теуіп жібереді, оңтайына келген жерімнен жұдырығымен аямай түйіп-түйіп қалады.

– Мен нені мойындайын? Маған ешкім шық деген жоқ. Жатақханаға келіп, барсаң да барасың, шықсаң да шығасың деген әңгімені айтқан кісіні білмеймін. Өзім бардым, – деймін.

– Ана досың ше? Бөлмелесің...

– Николай Александров па? – деймін.

– Қайдағы Александров? Ол «батыр» Қайролла Мұхамеджанов. Көрдің бе, сен бөлмелес досыңның да атын жасырасың. Әдейі айтқың келмейді. Айтшы, екеуің кашаннан бері бірге жатасыздар? – дейді ежірейіп.

– Курстасым емес қой. Ол биыл ғана түсті. Өзі Николаймын. Мені Коля дей беріңдер деген.

– Жоқ, сен өйтіп мәймөңкелеме! – деп шапалағымен аямай бетімнен бір-ақ салды.

Осымен тергеу күнінің тағы да біреуі өтті...

Келесі күні мазалаған жоқ. Түн ортасы кезінде темір есік сақыр ете түсті.

– Қонаров, сыртқа шық! – деді өктем үн. Тергеуге алып кетуге келген милиционер екен. Қиналып орнымнан тұрдым, ілби сыртқа шықтым. Тергеушім жұтынып тұр. Езуінде мысқыл.

– Төрлет! – деді даусын көтеріп. – Сен бүгін бәрін мойныңа аласың. Өз еркіңмен бәрін айтатын боласың. Әйтпесе...

Осы кезде ішім қылп ете қалды. Не бүлдіріп қойып едім? Мынаның сөзінің парқы жаман. Мені бір жерден оңдырмай ұстаған сыңайлы деп абдырап тұрып қалдым да:

– Жолдас тергеуші, мен болған-қойғанның бәрін жіпке тізгендей етіп айттым ғой, – дедім.

– Жок, сен әлі айтқан жоқсың. Өзі айтсын, бәрін мойындасын деп осыған дейін шыдадым. Өзіңнің де уақытыңды алмай, менің де уақытымды жемей айтасың ба? – деді.

– Нені?.. – дедім өз-өзіме келіп.

– Онда мен саған көрсетейін, содан соң өзің-ақ сылқ ете түсесің. Сайрап беретін боласың, – деп суырмасын аша бастады. Қағаздың қытырлаған дыбысы естілді. Ақырын бері шығарғанда «Бұхора хохихоты» деген жазуды көзім шалып қалды. – Мынаның ішінде не барын айт, қане!

– Ол... – деп келе жатыр едім, сөзімді кілт тоқтатып тастады.

– Сенің бұлталақтарыңның шегі осымен бітті. Мынау – анаша. Сен нашақорсың! Нашақор ретінде ұсталдың, бұзақысың, енді осы бойы кете барасың.

– Жолдас тергеуші, бұл анаша емес! Мен темекі дегеннің иісіне шыдамайтын қазақпын.

– Ендеше бұны чемоданыңның түбіне неге тығып, бүкіл елден жасырып жүрсің, а?..

– Ешкімнен жасырған жоқпын. Ол туралы Коля да жақсы біледі. Маған да берерсің деген.

– Сонда не бұл? Сен тағы да менің басымды қатырғалы тұрсың ғой. Оданша айт шыныңды. Анаша екенін мойында, – дейді.

– Анаша емес ол, біздің сорлы жерге өсетін еркек сексеуілдің қарабүрі. Әйелімнің төркіндері Шығыс Қазақстан облысынан еді, сонда апарып ексек шығар ма екен деп күз басында ала келіп едім. Коля Ресейдің қазағы ғой, мен де апарып егейінші деген...

– Қойсайшы! – деді кіжініп. – Біз бұны тексереміз. Анаша екенін анықтаймыз. Міне, сол кезде болады әңгіме...

Сонымен, бір жаққа апарып тексерген шығар. Келесі жолғы тергеуге әкелгенде жанында әдеміше келген орыс келіншегі отырды.

– Бұл анаша емес, анаша мұндай болмайды, – деді ол.

Сол күні қамаудан босатты. Қаладан шығушы болма деді. Қайда барамын, бұратылып, аяғымды сүйретіп Садуақас Балмағамбетов ағаның үйіне бардым. Ол кісі менің ұстазым, «болашағыңнан үлкен үміт күтемін» дейтін асыл жан: «Е, батыр-ау, амансың ба, әйтеуір?» – деп қалбалақтап қарсы алды. «Аманбыз ғой... » – дедім күмілжіп. «Осыдан олжа-

лысы жоқ. Бәрін естіп жатырмын. Институтта да күнде шу, күнде тексеріс. Аттарыңды айтып дүрліккен жұрт, әйтеуір... Оқудан шығарып тынады-ау деймін. Ғазизаға кіріп шығу керек шығар» – деді жанашыр ниетпен.

Әкесі де неше түрлі қуғын көрген, аталары жеке басқа табынудың құрбаны болған Ғазиза Жұбанова асыл адам еді!

– Сайлаужан, амал жоқ, оқудан шығаруға тура келіп тұр. Сен өзіңді жоғалтып алма. Бұдан да жаман жағдайлар боп тұрады. Бірақ, қашанғы тұрар дейсің. Кезі келер... Сен оған дейін Талдықорғанға барып, бір мектеппен келісіп қойдым, музыкадан сабақ берерсің, – деді.

Ғазизааппаймен Садуақасағаныңшынайы қамқорлығымен бұл қорлықты да артқа салдым. Кейін оқуымды да бітірдім. Бірақ, ызғарлы желтоқсаннан із қалды. Екі қызымды анасыз өсірдім. Онымен тұзымыз жараспады. Желтоқсан... тағы да Желтоқсан...

Жазып алған Тоганай Талғат.

ЖӘМЕҢКЕ БАТЫРДЫҢ НЕМЕРЕСІМІН

Иә, әйгілі 16-жылғы Албан көтерілісіне бас болып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге мысалына айналған Жәмеңке батырдың туған немересімін.

Бірақ, 86-ның ызғарлы күндерінде маған әйгілі батырдың ұрпағы екен деп қараған жоқ. Ұлым Талғат та, қызым Гүлмира да соққы алды. Бәріне басты себеп – талап-тілектерімізді көзбе-көз жеткіземіз деп Жаңа алаңға баруы. Енді туған анасы емеспін бе, күні бойы үйге келмеген соң мен де алаңға бардым. Ұл-қызымды іздедім. Ешкімді аямай ұрып-соғып топалаң жасап жатқанда, әйтеуір екеуін де таптым-ау! Бірақ, одан не пайда, солардың амандығын ойлаймын деп жүріп, милиция машинасының астына түстік. Екеуіміз де жаракаттандық. Қызымның аяғы сынды.

Өзім төрт баланың анасымын. Жолдасым Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға түскен 1972 жылы көшіп келген едік. Содан өзім отыз жыл бойы балабақшада қызмет істедім. Әрине, өмір болғаннан кейін неше түрлі оқиғалар бастан өтеді. Алайда Желтоқсан көтерілісі оны көзімен

көргендердің өздері ғана емес, ұрпақтары да ұмыта алмайтын қасірет боп қалатын шығар...

Көтерілістен кейін кінәлілерді, ұйымдастырушыларды тіміскілеп іздейтін күн туды. Мен үсті-басымның жара-жара болғанына карамай тергеуге алындым. Совет аудандық, қазіргі Алмалы аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері Цой Юрий Владимирович деген соңыма шам алып түсті. Жұмысымнан да маза кетті. Үйде де реніш басталды. Оның бәрі әуелі отағасыма таяқ боп тиген шығар. Балашағасын дұрыс тәрбиелемеген, әйелін бетімен жіберген деп шүйілді. Содан желтоқсан деген сөз айтылса, әбден зәрезап боп қалғандығы сондай, «ойбай, ол туралы айтпа» дейтін жағдайға жетті. Неге десең, балаларыңның алдынан шығады, қызметте өсірмейді, қысастық көрсетеді дейді. Сондықтан осының өзін олардан қашып, ұрланып жүріп ақ қағазға түсірдім...

Алаңға мың сан адам шықты. Ешқайсысы жаулық ниетпен шыққан жоқ еді. Бірақ сол уақытта саясаттың тізгінін ұстағандар оларды жаудан әрмен жек көрді. Неге өйтті?..

Осы сауал дәл осы жасыма дейін ойландырады. Келешек үшін ойланамын. Немере, шөберелерім мұндай қиянаттан аулақ болса екен, еркін өмір сүрсе екен деп армандаймын. Бір-ақ рет келетін өмірде алаңсыз, адам сияқты өмір сүргенге не жетсін!

Күлән ҚАНАПИЯЕВА,
Алматы қаласы.

«ТҮРМЕНІ түсімде де көрмесем екен»

*Бұл алаңға шыққандығы үшін үш жылға кесіліп,
Құсмұрында отырып қайтқан Үсіпхан Сейтімбетовтің
зана ойы емес...*

Әркім-әркім-ақ осылай дейді. Түрменің несі жақсы? Аты қалай суық болса, заты одан да сойқан ғой оның. Дәмін татып, көріп қайтқандардың айтуы солай.

– Алматыдағы Сейфуллин даңғылының бойындағы түрмеде сегіз кісілік камерада 22 адам жаттық. Тап-тар, ауа жетпейді, қапырық... Әжетханасы да сол бөлме, асханасы да осы қапас қуыста... Нәжіс исі мұңкіп, қолқаңды атады. Біз де бір мал болдық... сөйтіп ұстады... – Үсіпхан сөйлеп отыр. Көз алдыма тас қабырға, торлы терезе тұра қалды. Ол тар тесікке қанша үңілсең де көк аспанды көре алмайсың. Арғы жақтағы жайдары өмірді жауып, тұмшалаған қамал-қабырғалары биік. – Сол жерде алты ай жаттым. Шын бақыт – бостандықтағы еркін күндерің екен. Парықтай алмайды екенбіз. Бағалай білмейді екенбіз...

Түрме деген пәленің қандай болатынын Үсіпханның аузынан естіп, тітіркеніп отырмын. Күнде таза ауаға бір сағатқа ғана алып шығады дейді. Онда да «сейілететін жері» – түрме үйінің төбесі. Кеңдігі – жатқан бөлмелеріндей екеу болар. Айналасы екі кісінің бойындай биік дуал. Оның үстінен тікенді темір тартылған.

– Көктем исі мұрнымызға келеді. Ауаны кеуде кере жұтамыз. Сонан соң Көктөбе жақты бір көрейікші деп бір-бірімізді көтереміз. Қоршаудың биіктігі сондай, алыстағы Алатау, сонан кейін телемұнараның төңірегіндегі жасыл желек көзімізге әзер шалынады...

Міне, бұл – күні кеше ғана студент әріптестерінің, жұмысшы-жастардың Алматы көшелеріне шерулеп шығуына ұйтқы бола білген бір азаматтың түрмеде тартқан тақсыреті.

Қапасқа қамайтындай, намысына тиіп, қорлайтындай не бүлдірді? Кімнің ауласына тас лақтырды?.. Оны өзі де білмейді. «Социалистік заман – демократия заманы. Еңбек етуге, оқуға, демалуға, ауыра қалсаң – тегін емделуге жағдай жасалынған» деп сайрайды радио. Бұған Үсіпханның да айтар дауы жоқ, оқимын деп еді – алдынан даңғыл жол ашылды. Өзі сүйген мамандығын меңгеремін деп Алматының іргелі бір оқу орнында білім алып жатыр. Тарихты, әсіресе Коммунистік партияның тарихын тереңдетіп оқытады екен. Демократия дегеннің нендей пәрмені барлығын көк дәптерге конспектіледі. Ленин еңбектерінен үзінділер іздеді. Конституция тармақтарынан сөз, баспасөз бостандығы туралы ұсталғандарды машинасына күштеп мінгізе бастаған шағы еді бұл. Жеңіс деген II курстың студентін «УАЗға» отырғызып қойғанын байқап қалып, жабылып жүріп оны құтқарып алды.

Айтуынша, ешкімді ұрмаған. Үлкен ұлт өкілдерін тілдемеген. Алаңда тұра бермей, сап құрып шерулеп Ауыл шаруашылығы институтына барған, одан ары Ленин даңғылына шыққан. Бүгінгі Достық даңғылымен төмен түсіп, Совет көшесіндегі ҚазПИ-ге сокқан. Жатақханаларына барған. Есіктеріне құлып салып, күзетте тұрған ректораттың, деканаттың адамдары ішке енгізбеген. Қыздар педагогикалық институтына барар бағыттарын біліп алып, КНБ-ның кісілері бөгет болыпты. Содан қайтып айналып алаңға келіпті. Бұл уақытта алаң мұздай қаруланған әскер мен милиционерлерге толы болатын. Ашықтан-ашық арандату әрекеттері басталған.

«Қой, мынаның арты жақсылық болмас. Айтарымызды айттық. Ұғатын Орталық жоқ. Енді қайтайық деп, келіншегім – Гүлнәр екеуіміз айнала қарауытпай жатақханаға оралдық», – дейді Үсіпхан.

... Дүниені дүрліктірген оқиға өтті де кетті. Желтоқсанның 23-і күні КГБ-ның кісілері қат-қат суреттер жапсырылған альбомдарын арқалап жетті. Жатақханада – коменданттың бөлмесіне, институтта деканның кабинетіне кезек-кезек шақырып, шырықтарын алды. Альбомның бірінен Үсіпхан да көшеде шерулеген топтың арасында кетіп бара жатқан өзін көріп қалды. Бір жерінде жұртты үйірген Құрманғазының

да суреті жүр. Күнде тексеріс, күнде тергеумен ақпан айы болды. Ұзамай Құрманғазы қамауға алынды. Үсіпханның да төлқұжаты тергеушінің темір сандығына салынды.

– Біздің факультеттің студенттері жылда Мәскеуге, Ленинградқа барып, дипломдық тәжірибелерін өткізетін, – дейді Үсіпхан. – Сол жылы «бунтовщиктер» деп Ресей жақ қақпасын жауып қойды. Содан Тбилисиге бардық.

Үсіпханның төлқұжаты тергеушіде дедік қой. Онсыз Алматыданшығаалмайтын. Олосыны тергеушіге түсіндірген. Татар жігіт еді, «жарайды» деп қолына ұстатыпты. Бұл оның өзіне кесір болып тиіп, қызметінен кетіпті. Наурыздың орта шенінде Тбилисиден оралғанда КГБ оны жанұшырып іздеп жатыр еді.

Осылайша, ол 16-сы күні қамауға алынады. 15 күн КПЗ-да жатады. Тас еден, тас қабырға... Сызды ауа. Денсаулығы жарамай, әскерден қалған. «Түрменің жағдайы кішкене жақсырақ болады», дегенді естігені бар, мені сонда ауыстырсаңдар екен деп өтінеді. «Ондағым – қамайтындары анық, құтылмайды екем, ендеше ертерек барайын, саушылығыма зияны тимесін дегендік еді» – дейді.

КПЗ-ға қамалған күнгі қызығы бар. Еңгезердей, сақалы сапсифан орыс жігітінің үстіне кіргізіпті. Анау барған бетте іші-бауырына еніп, өзінің не үшін түскенін тізбелейді. «Сен не бүлдірдің? – деп сыр тартады. – Ештеңені жасырма. Бәрін айт. «Волгамен» келген кісінің кім екенін айтсаң, бұлар сені ұстамайды. Ол Тоқпанов емес пе?» дейді.

Менің құпиямды білуге қамаған жалдамалы қуы болдың ғой деп түсініп, артық ауыс тіс жармай қояды Үсіпхан.

Ал енді Сейфуллин даңғылындағы түрмедегі көрген күнінің қандай болғанын жоғарыда аз-кем болса да әңгімелеп өттік. Алексей Петрович деген КГБ тергеушісінің сұрқиялығын айтқанда Үсіпханның зығырданы қайнайды. Гүлнәр екеуін де Жасөспірімдер мен балалар театрында қалдыратын болған екен. «Немене, сен соншалықты таланттысың ба?» деп кекепті. Алматыда қалатын «блатнойсың ба?» деп шамына тиіпті. «Мына көрші камерада жатқан қыздардың даусын естіп жүрсің. Егер шыныңды айтпасаң, әйелінді күні ертең-ақ әкеліп солардың қатарына қосамын» деп мұқапты. «Әлі үйлену тойың да өтпепті.

Сен кемі он жылға кетесің. Одан кейін не өмір, не қызық қалды дейсің?.. Ақ «Волгамен» келген кісінің кім екенін айтып, өздеріңді алаңға баруға мәжбүр еткен адамның аты-жөнін атасаң, онда сені босата салуы да ғажап емес» деп сайқалданыпты.

– Қамаса – қамасын! Онсыз да отырмын ғой, – дедім. – Кейін Қазақ КСР Қылмысты істер кодексінің 60, 65-баптары бойынша үш жылға күшейтілген режиммен соттады. Жігіттер «шағымданайық, жеңілдік жасар» деді. Бірақ бізге ешқандай рахым болмайтынын ұқтым. Мына қапаста отырып, ауруыма ауру қосқанша зонасын көріп қайтайын. Ол жақ мынаған қарағанда тәуір ғой дедім. Ондағым – бостандыққа ертерек шықсам, театрға келсем деген ниетім еді...

Сөйтіп, Үсіпхан зонаны да көрді. Құсмұрында өздерімен бірге алаңда болған алты жігіт отыр екен. Баяғы, өздері милиция машинасынан құтқаратын Жеңіс сонда жүр. Бірге болады.

Желтоқсан оқиғасы бойынша іс қайта қарала бастаған шақта, әуелгі шапағатын көргеннің бірі Үсіпхан екен. 1988 жылдың 1-желтоқсаны күні босап шығады.

Иә, осымен Үсіпхан Әбдікерімұлы Сейтімбетовтың айтар «жыры» аяқталды десек, онда қателесеміз. Кеше намысты ер болып алаңға барып едің, көрмеген қорлығың қалмап еді деп ешкім маңдайынан сипай қоймапты. «Жетім бұрышты» жағалаған. Әлі күнге дейін басында баспанасы жоқ. Бірақ, бір медет етері – жасынан сүйіп өскен мамандығы бойынша сахнада жүр. Ел көп баратын «Ең әдемі келіншектегі» Абдолланы сомдады, «Өмірзаяда» – Шыңғысханды шығарды, «Зар заманда» Есет батырды есте қаларлықтай мүсіндеген талантты актер деп қырық қатпарлы өнерінің әр қырынан шалып, шығармалық тұлғасын жасауға болар еді. Өнері қалай мақтауға да лайықты. Әйтсе де әуелі тәуелсіздік туының желбіреуіне азамат ретінде қосқан айрықша ісін ғана жазайын деп, сол бір ауыр күндерде басынан кешкендерін ой тезінен өткізгенді жөн көрдік...

*«Арай» журналы,
№9-10, 1996 жыл.*

ҚАРЫЗДАРМЫЗ САҒАН, ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ!

Үйлену тойлары желтоқсан оқиғасымен орайлас келген екі жас қол ұстасып алаңға тартты, бейбіт шеруге қатысты. Кейіннен бұл өздеріне пәле боп жабысты. Үсіпханды «саяси қылмыскер» деп ұстап әкетті де, Гүлнәрді «сенімсіз жан» ретінде қайта-қайта естен тандыра тергеумен болды. Соның бәрін Гүлнәр жасымай көтере білді, шаңырағын шайқалтпады.

Ұмытпаса 1987 жылдың 10 наурызы болатын. Алматыдағы Кеңес (қазіргі Алмалы) аудандық ішкі істер бөлімінде Үсіпханның үстіндегі аппақ күртешесін, мойнындағы галстугін, белбеуі мен құлақшын, сағатын сыпырып, түйіншек етіп Гүлнәрдың қолына ұстатты. Екеуі қоштаса да алмады. Сол сәтте Үсіпхан «саяси қылмыскер», ал Гүлнәр тергеу мен тексеруде жүрген «сенімсіз жан» еді.

Тергеу, жауапқа алу жұмысы содан кейін басталған. «Сендер не істедіңдер? Қалай болды? Кім не деді?» деп, білгісі келіп, тосыннан қоятын сұрақтары өте көп. Және тергеу жүргізетін орындары да әр жерде. Қажет десе, деканның бөлмесінде-ақ сұрақпен сансыратады. Қорқытып-үркітеді. Соттаймыз, түрмеде шірітеміз деп зәрелерін алады. Түстерінен кісі шошы-ғандай, ызғарлы...

Олардың оқу залына оңа-шалап, қалай жауап алғанын есіне алса, Гүлнәрәліге дейін қоянның көжегіндей күй кешеді. Талай рет соны түсінде көріп, шошып оянған. Орындыққа отырғызып қойып, төртеуі төрт жағынан зіркілдейді дейсің. «Сұрағымызға тез-тез жауап қайыр. Ойлануға уақыт жоқ» дейді жан алқымға алып.

Шынында, ойлануға мүрсат бермеген. Бірінің сөзін бірі жұлып алып, есін шығаруға асыққан. Бұл барынша шатаспауға тырысқан. Бірақ, берген жауабына олар қанағаттанбады. Сонан кейін: «Сен жасырып отырсың. Ақиқатын айтқың келмейді. Бәлкім, курстастарыңды алаңға алып барған өзің шығарсың? Себебі, сен – комсоргсың. Комсоргты бәрі тыңдайды», – деп те шүйліккен.

«Бәріміздің барғанымыз рас. Бізді ешкім үгіттеген жоқ. Мынау кінәлі еді деп мойнына тұзақ ілетін ұйымдас-тырушыны бәрібір таба алмайсыздар», – деген бұл.

«Біз біліп отырмыз. Кінәлі – сенсің! Өйткені, алдап отырсың.

Біздің заңымыз бойынша, қылмыскерді жасырған адамның да жазаланатынын білетін шығарсың?» – дейді аналар.

Гүлнәр үндемейді. «Әр ұлтқа – өз көсемі!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!» деген сияқты ұран көтерген жастармен алаңға барғаны болмаса, қоғам мүлкіне қиянат жасаған қылмыскерді көрмесе, машина өртегендердің арасына қосылып, әлдекімді соққыға жықпаса – не демекші?!

«Онда боссын!» – деген бірі зілденіп.

Сөйтіп, төртеуі аяғын ілби басып бөлмеден шығып бара жатқан Гүлнәрдің соңынан сынай қарап тұрған.

Ертеңінде қайта шақырды. Тәсілдері өзгерген. Бұл кездесуге әбден әзірленгендері осыдан-ақ белгілі еді.

– Гүлнәр, кеше «әкем Көкшетау қалалық ішкі істер басқармасында жұмыс істейді» дедің бе? – деді қарсы алдында көз алмай қараған тергеуші.

– Иә, әкем – Балташ өмір бойы милицияда қызмет етіп келеді.

– Ағаң – Зарап та органда ғой? – дейді екіншісі.

– Дәл солай, – дейді бұл кешегі жауабын қайталап.

– Енді бүгін шыныңды айтпасаң, әкене де, ағаңа да тіпті қиын болады. Екеуі де қызметтен қуылады. Сені дұрыстап тәрбиелемегені үшін жауапқа тартамыз. Саған керегі сол ма? Оларды аясаң, онда алаңға шығуға мәжбүр еткен кісінің аты-жөнін жасырмай айтасың.

– Мен бұдан бұрын да шынымды айтқан едім, – дейді Гүлнәр. – Тағы да қайталаймын: біз алаңға өзіміз шықтық...

– Бұл – өтірік! Біз бәрін білеміз. Оны достарың айтқан. Бәрін бастаған өзің екенсің. Асқар Токпановпен телефон арқылы сөйлескенсің. Ол не деді? Айт, енді сенде жасыратын ештеңе де қалмады, – деп тұқыртты төртеуі.

Гүлнәрдің Асекеңе телефон шалғаны рас еді. «Ағай, біз алаңға барғалы жатырмыз. Сіз бұған не дейсіз?» деп сұраған. Талайды көрген адам ғой: «Не деймін сендерге? Өз бастарың – өздерінде... Сендердің қай-қайсың да менен ақыл

сұрайтын жаста емессіңдер, есейдіңдер» деген. «Жок, Асқар Токпанов одан басқа да бірдене деді. Оны сен жасырып отырсың» деп соншалықты шүкшиғандарына қарағанда, сол кісіні ұстап беруі керек екен...

«Токпанов ағайға жала жаба алмаймын. Ол кісінің ешқандай кінәсі жоқ. Ол кісі таза, таза адам...», – деп бұдан бұрын да талай айтқан сөздерін қайталап, Гүлнәр жылап жіберді.

Тергеушілер оған бәрібір сенбеді. Қыр соңынан қалмады. Қайтсек те ұстаймыз, қылмыскерді табамыз деп бекінген. Биден сынақ алу кезінде де бір кісісі қатысып отырды. Кейін театрға жұмысқа барғанда да Гүлнәр сыртынан әлдекімнің үнемі бағып жүргенін іштей сезіп жүрді.

Бұл уақытта Үсіпхан 30-жылдары талай-талай қайраткер ағаларымыздың түбіне жеткен Сейфуллин даңғылының бойындағы абақтыда жатыр еді.

– Екікүнніңбіріндебарамын. Бірақкездестірмейді. Сонда да баруымды қоймаймын. Бір жүздестіретін деген үміт қой менікі. Әйтеуір қай кезде бармайын, еңсем биік болды. Себебі, менің жолдасым кісі тонап түскен жоқ. Қоғам байлығына қол сұқпады. Өзіндей намысшыл жастармен бірге алаңға барды, – дейді ол.

– Үсіпхан мен жолдастарыңа құрылған сот процесіне қатысқан боларсың? – деймін мен.

– Қатыстым. Алаңға барған курстастардың бәрі де бөлініп-жарылмай залда отырды. Осының өзі-ақ оларға дем берді, жігерлендірді.

Дегенмен, олар қаншалықты ақ, таза болса да қамалуға тиіс еді. Себебі, жоғарыдан жоспар солай жасалды. Сотталушылардың бәрі де оны білді. Оған Гүлнәр да дайындалды. Қалайда сыр бермеуді, мүжіліп, мойымауды ойлады. Жанды жейтін, тұнжырататын түнекті сәттер әлі алда. Бірақ, түбі жақсы болуға тиіс деп ұқты.

Кейін Үсіпханның соңынан Құсмұрынға іздеп барды. Аш қой, қиналып жүр ғой деп екі чемодан тамақ алған-ды. Машина ұшыраспады. Бес шақырымдай ауыр жүкпен жаяулады. Күн де салқын еді. Ауыр жол әбден шаршатты.

«Саяси қылмыскердің артынан барған Гүлнәрдің де арына тиетін ауыр сөздер әзір екен. «О, декабристің әйелі екенсіз ғой» депті алдынан шыққан түрме күзетшілері.

Осылайша ол «алаңға жастарды бастап барғаны үшін, жасаған ауыр қылмыстары үшін» үш жылға сотталған күйеуі Үсіпханмен Құсмұрында кездесті.

– Шашын тап-тақыр етіп алып тастаған. Киімдері қап-қара. Түрі де өзгеріп кеткен. Барғанша айтар әңгімем көп сияқты еді, әлгі ұсқынын көрген соң сөйлей алмай қалдым. Бір-бірімізге ештеңе дей алмай, томсырайып үнсіз ұзақ отырдық, – дейді Гүлнәр.

Иә, мұндай оқиғаны айту да, еске түсіру де, бастан кешіру де тіпті қиын. Гүлнәр Балташқызы Сейтімбетова осының бәрі-бәрін өз жүрегінен өткізді. Қандай қиыншылық болса да шыдады. Соңында жеңіп шықты.

«Ыстық-суығы басылмаған екі жас араға «жазалы жылдар» салып қайта қауышты. Бүгінде Нарғыз, Абылай есімді қос бүлдіршін тәрбиелеп отырған бақытты әке-шеше. Кейде екеуі бір спектакльде қатар ойнайды.

Гүлнар Шерхан Мұртазаның «Сталинге хатында» түрме тозағына түскен аяулы Тұрарын азалаған Әзизаның тұлғасын сомдады...

Бұл – бертіндегі бір жұмысы. Ал, осыдан он жыл бұрын ше?.. Намыстан күйіп-жанып алаңға шыққан... Сонда қазақтың өзі екі жарылған. Біреулері қайтсем орындықта қаламын деп пендешілік пиғылдың құлы болды. Ондайлар ұлтынан гөрі қара басының пайдасын артық көрді. Сөйтіп, жастарды жазалаушылар жағында жүрді. Енді біреулер «аямайды-ау аналар, қырып салады-ау!» деп шын жылады. Кейбірі «қарсылықтарыңды білдірдіңдер, енді үйлеріңе қайтыңдар» деу үшін алаңға барды. Міне, сонда олар өрімдей-өрімдей қыздарымыздың қайтпас-қайсар мінезін көрді. Олардың бойынан Әлия мен Мәншүктің қасиетін анық байқады. Бірақ, ең өкініштісі сол – қара көз қарындастарымызды қанға бөктіріп жатқан «өз жауларымыз» еді...

Бүгін «қазағым, халқым» деп намысқа мініп алаңға барған аяулы қазақ қыздарын аялайтын күн, ардақтайтын күн.

Гүлнәр солардың бірі ғана...

*«Егемен Қазақстан»
8 қаңтар 1997 жыл.*

Сәуле САТЫБАЛДИЕВА:

«АДАМ БОП ҚАЛУ – АБЫРОЙ»

1986 жылы ҚазПИ-дің 3-курсында оқып жүргенмін.

17 желтоқсан күні әдеттегідей сабаққа бардық. Екінші парымыз философия пәні еді. Сабақта отырған кезімізде бүгінгі Достық даңғылы жақтан қатты шу естілді. Тура футболдан матч өткендегідей. Бәріміз терезеге қарасақ, көп адам шеру құрып тура институттың алдына келіп қалыпты. Соңы көрінбейді. Шептің алдында жүрген жігіттер біз жаққа қарап бар даусымен сөйлей бастады.

– Ей, азаматтар! Қазақтық намысы, қаны бар адамдар! Республикаға халқымыздың ықтиярынан тыс шешім жасап, ешкім білмейтін ұлты басқа біреуді жіберіпті. Біз соған қарсылық танытып жүрміз. Алаңға барамыз дегендерің жүріндер, қатарымызға қосылыңдар! – деген сөздерінен кейін бәріміз дерлік дүрліге ұмтылды. Шыға беріс есікті бекітіп тастаған, екен, қиратып, терезелердің төменгі көздерін сындырып, әйтеуір шерулеткен лекке қосылдық.

Осындайда еске түседі, группамыздан бір-ақ қыз қалып қойды. «Мен қазақстандық емеспін» деді. Түркіменстаннан келіп оқитын студент еді.

Қаланың көптеген жоғары оқу орындарынан студенттер, завод пен фабрикалардың жұмысшылары, құрылысшылар, тіпті мектеп оқушылары да жүр. Араларында басқа ұлттың өкілдері де болу керек. Қолдарында Лениннің портреттері, Лениннің өзіміз талай рет ақтарған кітаптарындағы ұлттар теңдігі, еркіндігі, тәуелсіздігі жөніндегі қанатты сөздері. Соларды биікке көтеріп, Қазақстан туралы, бейбітшілік жөнінде әндерді шырқап Бейбітшілік көшесімен жоғары көтерілдік. Жол-жөнекей қатарымыз одан да молайды. Брежнев атындағы алаңға барғанымызда ел біршама көп жиналып қалыпты. Бір кезде орта жастар шамасындағы әйел кісі мереке сайын мемлекет басшылары тұрып, шерулеген елге қарап қол бұлғап тұратын мінберге көтерілді де:

– Бұлар жаман, аямайды. Бүкіл өмірін еліне, жұртына арнаған Қонаевты бір-ақ күнде керек етпей алып тастаған биліктен ешбір жақсылық күтпендер. Әлгінде күйеуім, қызым үшеуіміз келе жатыр едік, милиция күйеуімнің қолын

қайырып алып кетті. Енді міне менің өзімді ұстап тұр, – деді. Қызын, шынында да, бір милиционер ұстап тұр екен, ол шыңғырып көп жылады. Сол кезде айналамызда тұрған жігіттер «ана кісіні босат» деп шу-шу етіп еді, бірақ милиционерлер жібермеді. Жігіттер әйелді босатуға тұра ұмтылды. Бір қақтығыс осылай басталды. Құрқол адамдарды аясын ба, резіңке шоқпарларымен бас-көзге қарамай сабап, қуалауды бастады. Қарсылас жақ ол аз болса былай етейікші деп, арамыздан тұрғандарды жекелеп әкеткісі келді. Біз бір-бірлеріміздің қолымыздан қыса ұстап, оған ырық бермедік. Бірақ әбден ысылған күш қойсын ба, қасымыздағы бір жігітті дырылдатып әкетіп бара жатты. Анау, әрине, қарсыласты. Сол кезде бас-көзге қарамай ұрып-соғып, тепкілеуге алды. Көз алдымызда жігіттің үсті-басы қан болды. Оны құтқарамыз деп тұра ұмтылған сәтімізде бес-алты қызды ұстап алды. Араларында мен де бармын. Бәрімізді апарып машинаға салды. Қарасам, ішімізде курстасым Есенқұлова Гүлнәр да жүр. Бізден кейін қолға түскендерді тағы да әкелді. Сегіз-тоғыз қыз болдық. Ортамызда бір жігіт қана бар еді. Милиционерлер машинаның ішінде бізді тепкілей бастағанда, азамат екен, аяқтарына жатып алып, бізді қорғады. Менің қолымнан тартып алып, ана бұрышқа қарай лақтырған кезде алдымды жауып ұрып-соғып аман алып қалды. Бірақ тепкіні де өзі жеді, әйтеуір бәріне шыдады. Ол азаматтың ерлігін қалай ұмытарсың! Кім болады екен, аты кім – білмейміз. Сол жігіт бар ма екен? Қайда екен?.. Одан кейінгі тағдыр жолы қалай-қалай жалғасты екен?..

Енді керісінше, қазақтың сондай бір «жігіті» жөнінде де сөз реті келгенде айта кетейін.

Біз машинамен ұзақ жүргендей болдық. Бір жерге жеткізді-ау, әйтеуір. Қабылдайтын жерде екі қазақ, бір орыс күтіп алды. Аты-жөнімізді, қайдан екенімізді, не істейтінімізді үлкен дәптерге жазып жатыр. Орыс еңгезердей неме екен, осылардың бір жерінде бірдене тығылып қалды ма, түсіріп алайын дегендей сілкіп-сілкіп жатыр. Гүлнәр ыза боп кетті-ау деймін, «Шіркін, осыдан босап шығып, қолыма түсер болса, мына аққұлақтың құлағын шайнап-шайнап тастар ем» деді. Сол-ақ екен, қазақ милиционер оның не дегенін әп-сәтте анаған айтып берді. «Мына қыз сенің құлағыңды шайнаймын» дейді дегенді естігені орыс: «Я сейчас вам по-

кажу!» – деп Гүлнәрді темір тоқпақтың астына алды, одан кейін бізді де құр қалдырмады. Мұндай жауыздық елімізде болады десе, сенбес едік. Бәрін көрдік. Өзімізді қорғайтын милиционердің сықпытын білдік. Өзіміздің қазақ дейтін жігіттің түрін таныдық. Міне, бұл – сорлылық! Орыс ұрып-соғып жатса, сендерге сол керек деген секілді мәз боп миығынан күліп қарап тұрды. Сол арқылы о бейшара өзінің орыстарға деген адалдығын көрсеткісі келді ме екен...

Бір әйел, орыс әйел, ол да қалыспай шапалақпен бетімізден ұрды. Киімдеріміздің тігісіне дейін тексеріп жатып, аузына келген жаман сөздерін айтты, аяғымен тепті. Мен студенттік билетімді қолтығымның астына тығып қойып едім, тіміскілеп соны да тауып алды. Қатты ерегіскенім сонша, мен фамилиямды қанша қинаса да айтпап едім. Кім екенімді содан білді. Енді қамайын десе, орын жоқ. Босатар ма екен, не істер екен деп тұрғанда әлгі орыс әжетханадан бірі кіріп, бірі шығып жатқан ер кісілерді көрсетіп: «Сейчас их будут судить. Ты еще молодая, я тебе помогу, ты останешься здесь», – дейді. «Нет, нет» дедім бірден. Сөйтіп тұрғанда бір мосқал кісі әжетханаға кіріп бара жатқанда, көзді ала бере далаға қарай тұра қаштым. Қашып шықсам, менімен бірге әкелген қыздарды «УАЗ-ик» машинаға мінгізіп жатыр.

– Гүлнәр! – деп бар даусыммен айқайлап, соған қарай ұмтылдым.

– Не болды, Сәуле? – деп ол да маған үрейлене қарай қалыпты.

– Сен құлағын шайнаймын деген еркек маған қал дейді... Мен қаштым. Не болса да екеуміз бірге көрейікші, Гүлнәр, – дедім.

Сөйтіп солармен бірге кеттім. Тағы да ұзақ жүргендей болдық. Қайда әкелгенін білмейміз, әйтеуір бізді түсірген кезде иттердің шабалана үрген даусын естідік. Ішке кіргізгенде құлағымызға ұлдардың шыңғырған аянышты даусы естілді. Көзіміз тас төбемізге шықты. Жаннан жан қалмады. Өлетін жерге енді келіппіз дедік бір-бірімізге.

Бәрімізді бір бөлмеге қамады. Мен жиырма бесінші боп кірдім. Таң атқанша жетпіс болдық қой. Ішінде бір сауы жоқ. Қолы сынып біреуі келді. Көзі домалана шығып, бір әйел кірді. Соны көрген кездегі қорыққанымды айтыңыз... Адамның көзінің асты дөп-дөңгелек, қып-қызыл болатынын сонда білдім... Ыңырсыған, қиналған ел. Өзімізше

бір-бірімізге көмек береміз, жараларын таңамыз. Осы аралықта тергейтін кезегі кеп қалады. Онысы әрбір жарты сағат сайын жалғасады. Тергеуден талықсып әрең босайсың. Қайталанатын бір сауал. «Кім ұйымдастырды?» – дейді. «Білмейміз». «Жоқ, білесіндер, айтыңдар!» – дейді. Сонымен, уақыт таңға таяғанда жап-жас бір қызды әкелді. Ұмытпасам, есімі – Жүзім. Халық шаруашылығы институтының бірінші курсының студенті екен. Түрі ұлдан аумайды. Аяғын сүйретіп әрең кірді. «Не болды?» десек, жылайды. Түрі ер балаға ұқсап тұрған соң, жанды жерінен тебе берген. Бұл жылап, қыз екенін айтқан. Аналар сенбей шешіндірген. Міне сондай да сорақылықтарды көрдік, естідік қой...

Көрші бөлмелердегі жігіттерді қинағанын, азаптағанын естіп жатып, өзіміздің қиын жағдайымызды ұмытып кеттік. Ертерек таң атуын тіледік. Тікемізден тік тұрдық. Пальтомызды төсеніп қисаюға орын жоқ. Құдай біледі, қолға түскен партизандарды неміс-фашистері де бүйтіп қорламаған шығар дейсің...

Таң алдында бір кісіні әкелді. ҚазМУ-дың заң факультетінде мұғалім екен. Қолы сынған. Заң білетін кісі емес пе, «маған прокуратураның адамын шақырыңдар» деді. Көп өтпей ол да келді. Жап-жас жігіт екен.

– Айналайын, түсің жылы қазақтың бір баласы екенсің. Мына қыздарымды ұрмай-соқпай терге, – деп өтініш жасады.

Әлгі жігіт әрбірімізді жеке-жеке шақырды да: «Мен сендерді шығаруға көмектесемін. Бірақ сендер бұдан кейін алаңға бармаймын деп қолхат беріңдер. Әйтпесе осылай жатқан күйі жата бересіңдер. Арты қиын болады. Ертерек шығып кетудің жайын ойлаңдар», – деді. Ал, біз: «Не жазығымыз бар? Ұрып-соғып, сүйрелеген өздері ғой», – дейміз. «Жоқ, өйтсендер сендерді жатқызса береді, түсініңдер», – дейді. Ақыры айтқанын жасадық. Біріміз қалмай қолхат қалдырып, кешкі бестер шамасында босап шықтық. Сөйтсек, «Целинный» кинотеатрының жанында жатыппыз...

Курстастарымыз бізді түні бойы іздепті. Жатақханаға келсек, алдымыздан деканымыздың орынбасары Қоянбаев ағайымыз қарсы жолықты. Сондай жақсы кісі еді. «Әй,

азаматтар-ай! Әйтеуіраман-есенсіңдерме?» – деді. Шұрқырап қарсы алған курстастарымызға қарап: «Мыналарға ыстық-ыстық шай беріңдер, жақсылап күтіңдер», – деді.

Түні бойы жата алмай шықтық. Денеміздің таяқ тиген, тепкі дарыған жерлерінің бәрі күп боп ісіп кеткен: сырқырайды, сыздайды, шыдатпай ауырады. Қолынды қайырып, тірсегіңнен бір тепкенде қарсыласуға шамаң келмей құлай береді екенсің. Не тамтығымыздың қалғанын... Аяғымыздың тамырлары білеу-білеу боп жарылып-жарылып кетіпті...

Келесі күні сабаққа бардық. Оқудан қуудың әрекетіне кіріскен екен. Он шақты қызды бірден комсомолдан шығарды. Осымен біткен болар деп жүрсек, жетоксанның 22-сі күні оқудан шығару туралы бұйрық беріп қойыпты. Оның өзін өте айлакерлікпен құйтырқы етіп ұйымдастырды. Факультеттің жиналысын ашып, тілін безеген белсенділерді сөйлетті. Мұндайда ақылы тасып кететіндердің жұлқынатын әдеті емес пе! Оңбаған да біз, ұлтын масқаралаған да біз, ұлы орыс халқы мен қазақ халқының арасына сына қаққандар да біз... Естіп тұрып шыдай алмадым. Адамды тектен-текке күйдіру ғой. Деканымыз Хаджиков деген орыс болатын, содан араша күткендей боп: «Бізді жазықсыз ұрды. Біздің құқымызды таптады. Мен арыз жазамын», – десем, ағына жығылады деген деканым: «Ты еще жалуешься, а?.. Тебя будут судить там!» – деп айқайға басты. Оған әлгі пысықайлар қосылды. «Сенікі дұрыс емес. Бәрің сатқындық жасадыңдар. Отанға опасыздық қылдыңдар», – дегенге дейін барды-ау!..

24 желтоқсан – менің туған күнім еді. Ауылға өзімнен бір курс жоғары оқитын әпкем барса, оған шешем: «Сәуле барды ғой. Оның жай жүруі мүмкін емес. Ол өлді, өлді!..» – дей беріпті.

Себебі, мен кішкентайымнан өте намысшыл боп өсіп едім. Өршіл едім. Әкем сол мінезіме разы боп: «Менің Абайым», «Бала Шоқаным» осыдан бірдеңе шығады», – дейтін еді.

Шешем бір метр ақ матасын алып, Рәбиға апайға барыпты. «Менің қызым қай жерде өліп жатыр, соны білейін», – десе, құмалағын шашып жіберіп: «Қызың тірі, міне жүр», – депті.

Содан әке-шешем туған күнімде институтқа келсе, мені шығарып жатқан жиынның үстінен шығады. Екеуі менің тірі

болғанымға қуанды. Ал мен екеуінің атына ұят келтірдім-ау деп қысылып жылап едім, әкем: «Мен саған ешбір ренжімеймін, балам. Халықтың басына келген іс еді, сен тік көтердің. Қазір кінәлағанмен, ненің не екенін, кейін ұғады. Ел күлсе, күлсін! Сен еңсеңді түсірме, жүр үйге», – деді.

Әкем басшылармен сөйлесіп жүріп, фермаға сауыншы етіп орналастырды. Бұл жұмыс мен үшін тіпті азап болды. Фермамен екі аралық бес шақырым, оны жаяу жүрем. Апта сайын «УАЗ-ик» мінген кісілер іздеп келеді. «КГБ-дан келдік» дейді. «Милициядан келдік» дейді. «Комсомолдан келдік...» Қойшы, не керек, айтатындары бір сөз, қоятындары бір сұрақ: «Тыныш жүрсің бе? Істеген істеріңе өкінесің бе? Қарашы, ел-жұрт алдында әке-шешенді қалай абыройсыз еттің... Тіпті туған ауылың, мектебіңе маскара болды...» Құдай-ау, бір сәтте-ақ бәрі намысшыл, бәрі отаншыл бола қалыпты! Не дейін?.. Әйтеуір ертерек жыл бітсе екен, уақыт өтсе, тезірек өтсе екен дедім. Қанша қиналсам да кісі баласына тіс жармадым. Ауылдың өнерпаз жастарының арасына бардым. Кітапханадан шықпадым. Бос уақытым болмаса деп, өзіме-өзім жұмыс таптым. Сонымен жылымық кезге де жеттік. Қалап түскен оқуыма қайта қабылдандым. Осыдан екі жыл бұрын жер-жебірімізге жеткен сабаздардың қатарына қайта келдім. Өкініштісі сол, сол шіркіндер «біз қателесіппіз, бізден бір білмесік болды» демеді-ау... Солай болуға тиіс сияқты. Бұл не сонда?.. Адамдық болмыс қайда? Кісілік келбетті неге жоғалттық?.. Міне, осы жағы сол кездерде қатты мазалап еді. Бірақ сыртқа шығара қоймап едім. Желтоқсанның жиырма жылдығы кезінде еріксіз ауызға алып отырмын. Адам қай кезде де адам боп қалу керек қой!

Әр ұлт өз атына көлеңке түсірмейтін, рухын аспандататын іс-әрекетке асық болу керек! Күні кешегі гorbачевтік саясат орыс халқының абырой-беделіне нұқсан келтіретін, күллі әлемнің алдында ұлтының бетіне шіркей болатын қасіретті жасатты. Орыс халқының атымен жасатты. Сол арқылы қазақты «ұлтшыл, жаман халық» деп жарнамалағысы келді. Ұлттың, ұлыстың жаманы болмайды. Сондықтан «Халық – құдайдың бір аты» дейді атамыз қазақ. Біз қасиетті қазақ атына кір келтірмеу үшін Алаңға шықтық, қандай ауыртпалық, азап болса да – төздік, илікпей көтердік. Әрине, кезінде күле қарағандар, тіпті аулақ болғысы келгендер, сөйтіп өздерінің «білімдарлығын, ақылды, интернационалистігін» айғақтай

түскісі келгендер кезікті. Және бірді-екілі емес, біршама екен. Қырындау жүргізілген кеңестік саясат, Лениндік принциптерден ауытқыған Горбачевтік бағдар ондайларды тәп-тәуір-ақ еліктіргендігін көрдік. Шіркіндер арқаға қаққанға малданып, бізді өрелерінің жеткенінше сыбады, іргемізді қоғамнан, қазақ атынан алыстатқысы келді. Туған ауылыма барғанда, сауыншы боп ақ-адал енбек етіп жүрген менен тағы да «ұлтшылдық, бұзақылық» қылықтарын іздеді. Біз түзік екенімізді дәлелдеу үшін, «ұлықтар» мақтағанға дандайсып, адасқандарына көз жеткізу үшін тағы да азап пен ауыртпалыққа арқамызды тағы да тоса тұруға тура келді.

Қатарымнан кешігіп болса да өзім ұнатып түскен оқуды бітірдім. Бітірер жылы жақсы оқыған курстастарыммен бірге қалада жаңадан ашылып жатқан Алаштың үлкен арысы Міржақып Дулатов атындағы орта мектепке қызметке шақырылды. Бұл да бір қуаныш болды. Қазағы үшін қуғын-сүргін көрген, көз жұмған Міржақып атамыздың рухы жебейді деп қуана-қуана бардым. Әлі де қиыншылықтың қыспағында жүрміз. Жалақымыз төмен. Ондай ақшамен жүз жылда да үй ала алмаймыз. Алайда сол бір шақта Алматының көшелеріне шыққаныма, Аланда қазақ халқының абыройын аспандатқан ұландар арасынан табылғаныма өкінбеймін. Егер біз шықпасақ, онда не болар еді?..

Иә, не болар еді? Мен ойлаймын, егер қазақ жастары бұлқынып өзгеше мінез білдірмесе, халқымыздың сүйегіне ғасырлар бойы ұмытылмас таңба түсетін еді деп. Өзіміз рухының биіктігін ауыздан тастамайтын Кавказ халықтары, Балтық жағалауындағы елдер «Қазақтар не деген сорлы!» дейтін еді. Намыссыз дейтін еді. Тіпті іргеміздегі бауырлас елдерге күлкі болатын едік. Бұлардың рухы өліп кеткен, «орыс болғың келсе, әуелі қазақ бол» деген сөз бекер айтылмаған екен» дегенді еститін едік. Сексен алтының жастары сол табадан құтқарды, Қазақ атын әлемге әйгіледі. Ендеше солардың арасында болғаныма мен неге мақтанбауым керек?

Иә, біз адамдық абыройымызды, қазақтық қасиетімізді қорғаған қайсар рухты қыз-жігіттерміз. Уақыт толқыны сол кезден алыстатқан сайын даңқымыз арта беретініне, ұрпаққа үлгі-өнеге бола беретінімізге көзім жете түсті...

Жазып алған Гүлмира Талғатқызы.



жігітті Мемлекеттік Хауіпсіздік Комитетінің кісілері көп іздеді. Айғақ жетерлік. Куәлері де көп еді. Алайда қамай алмады... «Неге? Қулығы да, сұмдығы да аста-сып, бірінен-бірі өтетін кезде қолына дауыс күшейткішті ұстап, алаңда жалындап сөйлеп тұрған суреті бар еді ғой. Оны курстастары да растап: «Алаңға алып барған старостамыз Нұртай Сабильяновтың өзі» деді. Қай күні, қай сағатта, қай жерде болғанына дейін айтады. Ендеше темір тордың арғы жағына жіберу үшін бұлтартпайтын бұдан артық қандай дәлел керек?..

МҮМКІН ЕМЕС», – дерсіз.

НҰРТАЙДЫҢ өзімен әңгімелеспесем, мен де солай дер едім. Ол қызмет ететін «Сарыарқа» акционерлік қоғамының үйінде әлденеше рет жүздесіп, егжей-тегжейлі сөйлескен соң көңілімдегі күдікті ой да бірте-бірте сейіле берген.

«Қылмыстыны» іздегендер неше түрлі айла-шарғыға барғанын талай естідік қой. Әлдекімнің жасамаған тірлігін жасады деп айтып берсең, сені мазалауды қоямыз, жақсылыққа – жақсылық» деп аярланғанына алданып, айтқанына көнгендер де, арбауына мәз болғандар да ұшырасты-ау сол кезде. Желтоқсаннан кейін жазықсыз жазаланғандардың бәрі дерлік социалистік сүргіннің сынынан өткен осындай үйреншікті тәсілдің құрбаны балғандықтарын айтады. Нұртайды да сөйтіп пайдаланғысы келген екен. Алдына өзі танитын талайлардың аты-жөндері жазылған тізімді тосып, бірдеңе деп қалатындай емексісе керек. «Бәрін білем, бәрін танымын. Ешқайсысының қоғамға қастық қылғанын да, жанындағыларға жаулық жасағанын да көргенім жоқ. Енді мен секілді олардың өздерімен сөйлесіңіз» – деп, тойтарып

тастапты. Соңда басында қалпағы бар мосқал кісі, басқа сөз таба алмай, қысылғанынан: «Енді... қазақпыз ғой, қазақпыз ғой» дей беріпті.

Бұл Н. Сабильяновтың соңынан шам алып түскен сегіз айдан кейінгі МХК қызметкерімен болған ақырғы жүздесу еді.

– Ал оған дейін қалай болды? Неден басталды өзі?.. Алаңға кімдермен бардың? – деймін рет-ретімен білгім келіп.

Тыңдап отырсам, Нұртайдың әңгімесі де желтоқсанның сол бір ызғарлы күні алаңға барғандардың айтқанымен ұқсас. 16-сы күні кешкілік теледидар хабарын естіген соң түні бойы ұйықтай алмай шыққан. Берекесі кашқан. Ертеңінде сабаққа барғанда мұғалімдерінің де қуқыл тартып, күйзелген кейпін көреді.

– Алғашқы лекция «Кеңестік құқықтанудан» еді. Ол пәннен бұрын тергеуші болып қызмет істеген Ұлан Есбергенов деген ағайымыз дәріс беретін. Лекция жайына қалып, тақырыбымыз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы болды. «Ағай, бізді босатсаңыз кайтеді, алаңға барамыз» дедім. Ол кісі біраз үнсіз отырды. «Менің де сендермен бірге ілесіп кеткім келіп тұр. Әттең, сабақ... Ректораттан тексеру болады...» деді Ұлан ағайымыз. Осыдан кейін группаластарымның бәрін ертіп алаңға бардым.

Сол күні алаңға апаратын басты жол Байсейітова көшесі жағынан еді. Лек-лек болып ағылған елмен бірге Нұртайлар да өтеді. Содан күні бойы алаңда болады. Іштегі кернеген шерді сыртқа шығарғысы келгендер дауыстары жеткенше айқайлап сөйлейді. Алаң үлкен. Араның ұясындай гуілдеген жұрт. Бір кезде, кімнің әкелгені, әйтеуір дауыс күшейткіш (мегафон) пайда бола кетеді. Әскерде де ұлттық кемсітушіліктің талайын көрген, Алматыда да жігерін құм ететін арға тиер оқиғаға куә болып, күйініп жүрген Нұртай да өзін-өзі тежей алмай сөз сөйлейді. Сол-ақ екен, жаныңдағы жолдастары жабыла көтеріп, бәрінен биіктетіп жібереді.

– Айқайлап айттым-ақ деймін. Бірақ даусым шықпайды. Елдің де естігісі келген болуы керек, «мегафонды берсеңдерші, мегафонды» дегенін құлағым шалды. Мегафонды алдым, ойымның жеткенінше сөйледім, – дейді Нұртай.

МХК-ның тоқсан тоғыз дана етіп шығартып, таратып жүрген суреті – ашынып сөйлеп тұрған сол сәтінде түсіріліпті. Бірақ оны қайдан білсін, місе тұтпай, мемлекет қайраткерлері мерекелі күндері қол бұлғап, сөз сөйлейтін мінберге қарай төрт-бес рет шығуға әрекеттенді. Бәрінде милиционерлер алдынан қақпайлап, жібермеді.

Бесін ауа жастарға басу айтып, ақылға шақыру үшін Назарбаев, Камалиденов, Мұқашев мінберге шыққан. Әйтседе ешқайсысы елді ұйытатын мардымды сөз айта алмады. Бұл жұртты одан әрмен ашыңдырды. Алаңдағы қақтығыстың көбейгені содан кейін еді. Әскер әкелінді. Өрт сөндіргіш машиналар көбейді.

Қас қарайды. Кешкілік аяз күшейді. Қарын да ашты. Бәрібір жастардың алаңды тастап кеткісі келмеді.

– Бізді алаңнан ығыстырудың ең онтайлы тәсілі – су шашу деп шешсе керек, – дейді Нұртай. – Іркес-тіркес жылжыған машиналар сұп-суық суды атқылады-ай келіп. Біз Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғимаратына қарай шегіндік. Үсті-басымыз су болды. Сонда да райымыздан қайтпадық, машиналар өтісімен алаңдағы бастапқы орнымызға қайта бардық. Ызадан көзіміз қанталады. Енді бұдан артық қорлау бола ма?!

Атамыз қазақ мал екеш – малды да теппе деп үйретеді. Қорлама дейді. Ит қосып қуалап, ойына келген ойранын жасаған соң өзін адаммын деген кім-кім де ашынады, қауқарының жеткенінше қарсыласады, қайрат қылады. Сондықтан алаңда әлденеше машинаның отқа орануы, дүкен, мекеме терезелерінің шағылуы – болуға тиісті құбылыс еді. Әрі-беріден соң соны ұйымдастырып, жасаған МХК-ның өз кісілері десек те қателеспейтін сияқтымыз. Өйткені, арада он жыл өтсе де қиратып-бүлдірген, аударып-төңкерген, өртеген адам мынау екен деп алқымнан алатын бірде-бір кінәлінің табылмауы еріксіз осылай дегізеді.

Алаңның мұз айдынға айналғанын, көз қарықтырған прожектор жарығының айқыш-ұйқыш жарқылдағанын, дулыға киіп, қалқан ұстаған, күрегін ойнақтатқан солдаттардың «уралап» ұмтылғанын, таяқ, тас-кесекпен «қаруланған» жастардың жазалаушыларға жанұшыра тойтарыс бергенін Нұртай көзімен көріп қана қоймай, ортасында жүрді. Екі-үш рет қоршауда қалып, оңбай таяқ жеді. Әйтеуір ширақтығының арқасында сытылып шықты. Сөйтіп, түннің бір уақытында жатақханасына оралған.

Арқа тұсы ауыра берген соң шешініп қараса, резіңке сойыл тиген тұстары білеуленіп ісіп кетіпті. Пальтосы жыртылған.

Ертеңінде түк болмағандай курткасын киіп институтқа барған. Ректордың өзі бастап, күллі әкімшілік есіктің аузында тұрды. Факультет деканы жанына топ кісіні ертіп, студенттерді түгендеді. Бірақ қашанғы қарауыл болсын, аудиториядан алыстасымен-ақ Нұртай ергісі келгендерді ертіп көшеге шыққан.

Алаң құрсаулы қоршауда еді. Мұздай қаруланған әскерилердің ешкімді аяйтын түрі көрінбейлі. «Менің Қазақстаным» әнін шырқап, шерулетіп Фурманов көшесімен жоғары көтеріліп келе жатқан олардың алдынан шығып, бықырт тигендей етті. Таяққа жығылғаны – таяққа жығылды. Қашып құтылғандары ұзап барып, қайыра бас тоғыстырды. Қатарларын көбейтіп, тағы да алаңды бетке алған.

«Қазір ойласам, біздің жасағанымыз көзсіз ерлік екен, – дейді өткенге қиял кездірген Нұртай. – Жолдастарымыздың қан-жоса болып тепкіге түскеніне қарамай, отқа ұмтылған көзсіз көбелекше алаңға қарай қайта-қайта жұлқыныппыз...»

Сәтбаев даңғылының «Океан» дүкені жақ бетінде тұрған автобуска бір жігіт қарғып мініп, руліне жармасып, алаңға қарай айдай жөнелген сәті қалай ұмытылар?.. Қолдарына білеу темір ұстаған «батырларыңа» да жан керек білем, қажарылып, ығыса беріпті. Міне, осы мезетгі пайдаланған шерушілердің біраз бөлігі автобусты қалқалап алаңға өтіпті. Ал, өтіп үлгермегендері резіңке сойыл мен сапер күрегінің соққысы астында қалмау үшін табаны жерге тимей қашыпты. Госпитальдың биік қоршауынан қарғып түсіп, әйтеуір аман құтылғандардың бірі Нұртай болатын.

Арада айдан астам уақыт өткенде осының бәрі алдынан шықты. МХК-ның тергеушілері құды қасында жүргендей ой-ына салсын... Бәрібір ол саспады. Алаңға барғанын да, елдің ортасында сөйлегенін де жасырмады. Себебі, сәл бұлтарса болды – күдік күшейіп, қылмысы қоюланып, қатты қыспақтың астында қалатын еді. Міне, осы жерде оны барынша салқын-қанды болуға үйреткен Ұлан ағайының ерекше ықпалы болды.

– Сөйлеген сөзің, даусың жазылып қалған жоқ қой? – деді ол кісі.

– Бар айғақ – альбомдағы сурет қана болу керек, – деді Нұртай.

– Еңдеше саспа. Өзінді жинақы ұста. Сөзіңнен шатаспа, – деді ұстазы. – Сен – факультеттегі белсеңді студенттердің бірісің. Топ старостасысың. Сондықтан да алаңда басқаларға қатты шиеленіске бармайық деп тоқтау айтуға қақың бар емес пе?..

МХК-ның екі қызметкері Нұртайды ақпан айының жиырмамынан кейін сабақ үстінен алып кетті. Соған дейін ай жарымдай уақыт асықпай зерттепті, үстінен материал жинапты. Жора-жолдастарынан түсінік алған, деканаттың анықтамасын да тігіп қойыпты. Қайда туып-өскенін де біліп алған; әскердегі қызметі, институт қабырғасындағы тірлігін де жіпке тізгендей жайып салып отыр. Екеуі көз тайдырмай қадалып ананы да, мынаны да сұрағанымен, сөзінен жаңылмады.

«Жарайды, бүгін боссың, Сабильянов жолдас», – деді өзіне майормын деп куәлік көрсеткен шені үлкені.

Желтоқсанның 20-сы күні-ақ МХК қызметкерлері Халық шаруашылығы институты оқу корпусының екінші қабатынан оңаша бөлме алған-ды. Нұртайды күн сайын демей-ақ қояйық, екі күннің бірінде сонда шақырып алып сұрамағандары қалма-ды. Оларды қызықтыратын нәрсе көп еді.

Институт ректоры Мамыровтың үстінен де материал жинағылары келді. Декандарының да өмірбаянына шүкшиды. Айналдырып келіп, альбомдарды алдына тастады. «Мынаның ішіндегілердің қайсысын танысың?» дейді. «Біз сені ақ жүрек азамат деп білеміз, қол ұшыңды бер» деп қиылады. Сөздері іші-бауырын елжіреткендей. Бірақ, біреудің Отан сатқан опасыздығын көрмесе, кісі өлтіргеніне куә болмаса, кімге жала жапсын?..

– Біз саған сендік, Сабильянов жолдас! Бүкіл құжатың мына папкіде. Сен біздің алақанымыздасың. Үш жыл бойы бақылаймыз. Берген жауабыңнан кішкене ауытқудың шеті шықса болды, істі болдым дей бер. Бес жылға қамаласың, – деді соңғы рет жүздескенде шені үлкені шақшиып.

– Ескерткендеріңізге рақмет. Қылмысым анықталса, қамаудан аман құтылатыныма өзімнің де күмәнім бар, – деді Нұртай.

Бәрібір Н. Сабильяновтың тергеуде жүрген күндері көлеңке түсірмей кетпеді. Аты-жөні Лениндік стипендияға

ұсынылған тізімнен алынып тасталды... Суреті «Құрмет тақтасынан» сыдырылды... Аудандық партия комитетінің партияға өтуге берілген анкетасы басқа біреуге бұйырды... Институтқа ұстаздыққа қалдырылғалы тұрған жерінде Жамбылға жіберілсін деген ұсыныс алдын кес-кестеді.

– Жок, бұларыңыз қиянат! – деп қасарысты Нұртай. – Менің арым да, жаным да таза. Алматыда қалуым керек. Астана қазақтарының санын бір кісіге болса да көбейтуім қажет...

Осылайша ол Алматы электротехника заводына экономист болып орналасты. Жастығына қарамай, қызметті қалай атқарды десейші! Бастықтары санасты. Ұжымның көңілінен шықты. Мұның өзі азды-көпті көргендерінен алған тағылым жемісі еді.

– Кішкене кезімізден еліңе еңбек ет, адал қызмет қыл дегенді құлағымызға құйып өсірді. Ол уақыттың мұғалімдерінің қандай екенін білесіз. Ал, әкем Салих – Ленинградты қорғауға қатысқан қарт солдат. Анамыз Қасенхан – тоғыз бала тәрбиелеген кісі. Сол кісілер менің ар туыындай болып алдымда тұрды.

Нұртайдың ауырлықты айналып өтпей, қашан да алдыңғы сапта жүруге ұмтылуы – үйдегі, түздегі текті тәрбиенің ықпалы. 1979 жылы мектеп бітірісімен комсомол-жастар бригадасына барып шопан болды. Одан қатарынан қалмай, әкесі қан төккен жерде әскери қызметін өтеді. Қайтып оралған соң, өзі туып-өскен Семей жерінің Шыңқожа ауылында құрылыс жұмысына араласты. Орыспен де, неміспен де қимас дос болды. Аспандата ән салды. Міне, осындай жігітті алаңға шығып қойдың, ұлтшылсың деп соңына шам алып түсті-ау, ә!..

Не деген опасыз, құйтырқы дүние еді десейші! Советтік Отаным деп арын да, жанын да аямаған Асқаровтай азаматтарын табанға таптаған қоғамның күні батып бара жатқан аянышты сәті екен ғой, сөйтсек бұл. Бірақ, ол кезде қайдан білейік оны...

Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы соның күллі Кеңестер Одағындағы алғашқы көрінісі болыпты.

Ал, алаңда айбынды сөз айтқан Нұртай – азамат екен. Солай екендігін сіз де, біз де бүгін айқын ұқтық.

Оны төреші уақыт ұқтырды...

*«Арай» журналы,
№6, 1996 жыл.*

АДАСҚАН ЕЛДІҢ АРМАНЫ

Не нәрсеге болса да уақыт төреші десек те, сол уақыттың өзі де төреліктен бойын аулақ салатын кездері болады екен. Тарих айтар көп шындықтың ақырғы қонысы ақиқат болса, сол ақиқаттың өзі де тек Алланың алды болар.

Кейде шындық дегенің түбі бір айтылар дейміз. Ол қай шындық? Кімнің шындығы? Менікі ме, жоқ, сенікі ме? Біздікі ме, жоқ әлде олардікі ме? Бұл тірі жалғанда ақиқаттың алдын көрмей кететініміз де сол бір бітпес – дай, айғай-ұран, дәлелдеу болар...

Осы ойлардың орайына қарай айтпағымыз, кеше ғана өткен 86-жылғы Желтоқсан көтерілісі «Ұлт-азаттық көтерілісі» деуіміздің жауабына жауабымыз соңында. Бұл өткен үш күн, үш түн ұлтымыз үшін (біреулер үшін де) тарихи болған жағдай. Тек дау айтпай саралап-сараптап ақ-қарасын айырып баға берер уақыт жеткен болса, соның бір айғағы ретінде аз да болса кәдеге жараса деген ниетпен пікір айтып, көрген іске куә болған жайды айтуды парыз деп білдік. Сол кезде қызметін театрда, жартылай ҚазМУ-де боп екі ортада жүрген кезіміз. 1986 жылы дәл 16-желтоқсан күні түс ауа кешкілік №32 деген автобус жол үстінде бұзылып (қазіргі желтоқсан көшесінің бойында), содан жаңа алаңдағы жаңадан ашылған кітап дүкенінен кітап ала кетейін – деп жаяу тарттым. Бұл сол уақыттың кешкі 4-5-тері болар. Шамасы 100 шақты бір қауым ылғи қазақтар жиналған топ тұрды алаңда. Жас шамалары ересектеу жандар. Тұстарынан өте беріп, өндеріне көз салсам, маған бір «қаралы жиын» сияқты боп көрінді. «Е, бір қазақ өлген екен, мынау соған бола жиналған жұрт-ау» деп онша елең қылмай кете бардым. Кейіннен ой жіберсек бұл сол күнгі таңертең сағат 10-да, Кремльден келген В.Разумовский деген атқарушы хатшының пәрменімен Димекенді орнынан алған кездің кеші екен.

Бұл жерде ешқандай жастар болған емес. Жастардың жиналып топ құрып алаңға бет алған кезі 17-желтоқсанның таңы. Осы күнге дейін көңіліме күдік әкелетін топ сол (ағалар)

тобы. Қасапханадағы қой бастаған серкенің сатқындығы іспеттес болады да тұрады. Кім білген?.. Бірақта, әйтеуір бекер топ емес... «Оқиға» – деген атауды атасақ, сол атауға лайық осы ғана сол күнгі. Ол күн бар болғаны осы бір түкке тұрмас бір көріністей боп өте шықты.

Оқиға басы ертеңгі 17-желтоқсанның таңы болды. Тағы сол алаң, тағы да өте шықтым автобуспен. Кешегі шоғыр әжептәуір топқа айналған. Сондайлық әкетіп бара жатқан ештеңе жоқ. Әлгі әскер, милиция деген дәл сол уақытта атымен жоқ. ҚазМУ-дегі шаруаларымды аяқтап түс ауа қайта оралғанда таңертеңгі көрініс мүлдем басқадай сипат алған. Солдаттар емес тек милиция құралы мен екі жақ қақтығысуды бастаған. Аналар қуып әлек, жастар жағы ұрандап олар да милиция тобын қайта-қайта ысырады. Реті келген бір сәтте белсенділеу біреуінен жөн сұрадым. «Бұл не айғай?» – деп. «Ой, аға, мен өзім де онша білмеймін, күнде жатақханаға бір-екі ересек адам келіп: «Намыс қайда, елімізге аты-жөні белгісіз қайдағы бір орысты отырғызыпты. Кәзір жариялылықтың кезеңі, алаңға келіңдер, митингі болады деді. Содан митингі болады деп келсек, ешкім жоқ. Ал ана милициялар бір-екі азаматымызды тұтқындап жібермей тұр. Содан, міне, арты шатақ боп жатақханадағы бар жігіттер жиналып ақыр аяғы осы болды» дейді. Мұндайда не айтарыңды білмейді екенсің. Бар айтқаным: «Сендер өздерің пәлеге ұрынбай тұрғанда институттан бір басшы әкеліп, мәселені сол арқылы шешіңдер» дедім де кете бардым. Шынында бұл оқиғаның арты саяси көрініс алады деп дәл сол жерде ешкім де ойламаған болар. Шындығында бар саяси дайындық 17-нен 18-не қараған түнде болды. 18-күні таңертең театр басшысы Райымбек Сейтметов бәрімізді жинап алып жиналыс өткізді. Рекеңнің айтқаны: Ана жақта не боп жатыр, барғаның бар ма? – деді Иә, мен болдым, көрген-білгенім осындай-осындай дедім де қойдым. Содан Рекең: «Байқандар, қолға түсіп олық жеп қалмаңдар. Бізді министрдің орынбасары И.Попов жинап алып, ит терімізді басымызға қаптады. Бұл иттің иттігін білсекші. «Міне саған ұлт, міне саған қазақ!» – деп айтпағаны жоқ. Ал ана аты белгісіз сайланған орысты қалай сайлаған жоғарғы жақ? Сайлағыш болса өз орыстарымыз да бар емес пе Қазақстанда. Горбачевтің мұнысы дұрыс болмады» – деді де қойды. Дәл

сол сәтте басшың бұдан артық не айтсын. Ал ана көп бара бермендер дегені, дәл өзім үшін «бар» дегендей көрінді. Сол уақытта М.Горбачевтің жариялылығын бәріміз де қолдап жақсы көргеніміз рас. Дегенмен мына қылығы ойымызға от тастағандай болды. Бәрі жадымда, сол күні ақша (аванс) алатын кезіміз. Біраз жігіттер жиналып, Димекеңнің орнынан түскенін, оның орнына аты-жөні белгісіз біреудің келгенін әңгіме қылдық. Өткен жолы М. Горбачевтің Ақмолада жиналыс өткізіп, сонда Димекеңнің жасын сыйламай, Алматыға соқпай, жиналыс өткізіп, қорлағанын сөз еттік. Қойшы содан өзім бастап:

– Әй, жігіттер, жүріңдер не боп жатқанын өз көзімізбен көрейік, – дедім. Жасырары жоқ, біз үшін бұл бір қызық қана сияқты болды. Дегенмен қанша жерден қызық болса да намысқа тиетін жағдай еді.

Содан театрдан шығып дәл ЦУМ-ның алдына келгенде Горький (Жібек жолы) көшесімен бір топ қазақ жігіттері ұзын темір бос трубаны көтеріп алып, соны барабандатып, әйтеуір адам ұқпас бірдеңелерді айтып шулап, ұрандатып келе жатыр. Бір қайран қалғаным, Лениннің тік қараған сұсты әдемі портретін ту қылып ұстап келе жатқаны болды. (Осындай портрет тек алаңда жалғыз болды). Аң-таң боп қарап тұрмыз. «Осы біздің қазақтар шынында қызық, мынасы несі-ей?» – деген болсашы, мынау не жабайылық – деп өзара әңгіме қылып, топ жақындағанша қарап тұрдық. Біз сияқты ЦУМ-ға жиналған бір қауым ел бәрі де қызықтап тұр.

Шынында, бұлардың мына қылығына намысымыз келіп тұрғаны рас еді. Өйткені қарап тұрғанның көбі орыстар. Әлгі қалың топ дәл алдымызға кеп тоқтады. Өңкей жастар. Бір сәт тым-тырыс боп бір-бірімізге бетпе-бет қарап қалыппыз. Содан орталарынан аққұба өңді бір жігіт суырылып шығып, ақырын басып кеп дәл алдымызға кеп тоқтады. Екі көзі жасқа толып, бәсең үнмен:

– Ағалар-ау, қайдасыздар? Неге бізді бастамайсыздар. Бізді мына күйде кім бастайды. Ағалар-ау, – деді де көзінен жасы моншақтап, булықты да қалды. Тағы да тым-тырыс үнсідік. Тіпті сол сәтке бүкіл Алматыда тым-тырыс тыныштық орнағандай болды мен үшін. Бүгінге шейін сол жігіттің сол көз жасы мәңгілік жауабы жоқ сұрақ болып,

көз алдымнан бір кетсейші... Осы сәтте дәл желке тұсымнан орыстың екі әйелі: – Вот, дикари! Что они хотят вообще? – дегені. Құдай-ау, дәл сол сәтте не күйге түскенімді білмеймін, қалай жалт бұрылып салып жібергенімді білмедім. Осы мезетте қалың отарға қасқыр шапқандай, қасымдағы театрдың бар жігіттері, артқы топқа тұра ұмтылып, ұрып-соғудың көкесі басталды да кетті. Тіпті жаңағы колонна боп келген жастардың өзі сасып қалды. Бірақ та сол арада тез ес жиып, өзімізді тоқтаттық. Қашқан ел ЦУМ-ға есікті сындыра-мындыра қойып кетті. Қуған біз жоқ. Тек әлгі қалың топтың алдына қалай түскенімізді білмейміз: – «Кеттік алаңға!» – деп Коммунистік көшесімен (Абылай хан) өрге тарттық. Сонда болған театрдың жігіттері: Тұрсын Құралиев, Балтабай Сейітмамытов, Бақытжан Әлпейісов, Бақтияр Қожықов, Кеңес Нұрланов, Сәкен Рақышев, Тимур Мақажанов тағы біраз азаматтар (көбі есімде жоқ).

Біздің жасымыз ана жастарға қарағанда ересектеу болған соң, қалың топқа қанат бітті.

Осы күнге шейін кім бастағанын, Шәмші мен Жүмекеннің «Менің елім» әні басталды да кетті. Түгел сөзін біліп жатқан бірі жоқ, тек қайырмасына келгенде ұрандатып айтпай қалғаны және жоқ. Сол сәтте есіме түскені Мұханның (Әуезов) «Өлеңнің мәйегі қайырмасында ғой» – деп тауып айтқаны.

Бұзақылықтың да түр-түрі болады ғой, сонда да есте қалғаны. Ұшқыш формасын киген екі орыс азаматы көше бойлап келе жатқан топты көріп, өз-өзінен қорыққандарынан сол кездегі обкомның шынылы есігін шаға-маға қойып кеткені. Тіпті оларға ұмтылған жан болсашы. Тағы бір болған жәй, дәл «Балалар әлемі» магазинінің алдында пирожки сатып тұрған орыс әйелі қолындағы шанышқышын шошандатып – «О, окаянные, сволочи!» – деп көше толы келе жатқан бізге (топқа) тұра ұмтылғаны. Әлгі жерде өзіміз бас боп құтқарып қалмағанда мына ашынған жастардың тепкісінен о дүниелік болатыны хақ еді. Жаман қатынына дейін билік айтып, басында ойнағысы келеді. Бұған не дерсің? Бұл орыс астамшылығының әбден шегіне жеткен бір көрінісі еді.

Сол жойқын күшпен тура Жазушылар одағының алдына келдік. Жігіттерге айтып топты тоқтаттық. «Айналайын жа-

стар! Мынау ғимарат – Жазушылар одағының үйі. Кәне, бәрін бірдей «Сәкен, Илияс, Бейімбет!» деп бірдей ұрандаңдар» – деп өзіміз бастап, бірнеше қайыра, жер күңіреніте ұранға бастық. Дәл сол сәтте «Сәкен, Илияс, Бейімбет» – деуімізге бір себеп болған жай, әлде тарихшылығымнан ба, жоқ әлде сол кезеңде жариялылықтың ықпалы болды ма, әйтеуір қалай айтсақ та ұрандаттық. Көрген көзде жазық жоқ. Одақтың екінші қабатынан үлкендеу қазақ әйелі көз жасын тия алмай жылап тұрса, екінші бір жазушы ағатайым терезені тарс жапты. Үнсіздік. Соден неде болса деп, «Олжас! Олжас! Олжас!» – деп (хормен) тағы айғайға бастық. Ондағы ойымыз бір шықса ел алдына осы ағамыз шығар деген ой ғой. Дәл сол кезде Олжастың Москвада болғанын кейін ғана барып білдік. Бірақ өз білуімде Олжас болғанда шығатын сияқты. Біз одақ үйі алдында ұзақ тұрдық. Неге екенін білмеймін, әйтеуір көш бастар бір ағаның сөзі керек болды.

Бір қарасақ, кімнен хабар жеткенін, алды-артымызды «сиреналатқан» милиция машиналары қоршай бастады. Сәл шегінсек олардың бас салатын түрі бар. Бір-екі жігіт: «Бір пәлеге ұрынбай тұрғанда қайтайыққа басты». Сол кезде топқа қарасам, топтың біразы қаланың балалары сияқты. Сөзге жоқ. Бірдеңе деп айтуға қазақшалары шамалы, айтпайын десе булығып жүр. «Қой, нар тәуекел! Жігіттер енді шегінсек өлгеніміз. Арттарыңа қарандаршы кімнен қорыққандаймыз» – дедім. Шынында сол кезде артқы топтың саны қосыла-қосыла мыңға жуықтаған. Ал милиция саны болса азар болса төрт машинадай (автобус). «Ия, аруақ!» – деп біз де ұмтылдық, олар да жол ашып, көзден ғайып болды. Сондағы жігіттердің тұтанған өңдері есіме түссе, осы күнге шейін көңіл алабұртып, көзіме жас оралады.

Қайтпас-қайсар қазағым-ай!..

Сол бетімізбен Абай көшесіне дейін келіп, Мир (Желтоқсан) көшесіне шығып тура алаңға кеп бір-ақ тоқтадық. Осы жерде бір айта кетерім, біздің Ленин портретін тік ұстап келе жатқанымызды Радио комитетіндегі азаматтар түгелдей терезеден көріп қарап тұрған. Кейін өздерінің: «Ойпыр-ай, Ерсайын, біз сендерді бірден таныдық. Не деген жүрек сендерге біткен! Қалай қорықпайсыңдар?» – дегені есте. Кейін тергеу кезеңінде бізді сатпаған осы азаматтарға деген алғысымыз шексіз.

Әйтпесе «әне, солар» – десе беткеніміз ғой. Олар: Таңат Досбаев, Алтынбек Халықов, Токтарбек Қамшыбаев есімді орталық радио қызметкерлері еді. Сол сияқты театр басшысы Райымбек Сейтметов ағамыз да бар ісімізден хабардар боп отырып, сатқындыққа барған емес, тек қолдаумен болды. Мүмкін ұлтжандылық деген осы болар. Біле білгенге бұл уақыт сатқындықтың бел алып, бедел көздейтін кезі еді.

Бір қарасам, алаңның бір шетін ала машинаның үстінде Роза Бағланова апай қолында микрофон: – Балаларым! Мен не көрмедім. Мына істерің дұрыс емес. Тарандар, ұят болады – деп сөйлей бастап еді, топ ортасынан ашынған біреу: – Оу, апа! Бізге үгітіңнің қажеті жоқ. Одан да бізбен біргемісің, жоқ па? – деп айғайлап еді. Роза апай: – Өй, айналайындарай, әрине мен сендермен біргемін, біргемін дегені. Сол кезде бүкіл жастар тобы: – О, апамыз бізбен бірге, кеттік алаңға – деп, алаңдағы мінбеге қарай ұмтылды. Енді бір сонау шетте Досхан Жолжақсынов топ құрып, сөз сөйлеп жатты. Бұл жерде байқағанымыз жиналған жастар тобының іздегені «көш бастар» ел ағаларының сөзі еді. Өкінішке орай ондай дуалы ауызды сөз иелері болмады. Егерде дәл сол сәтте ұйымдастырушы топ құрылып, араларымыздан басшы сайланып, үкіметпен екі арада келіссөз басталғанда әңгіме мүлдем басқаша сипат алар еді. Бірақта, олай болған күннің өзінде ондай саяси мәмілеге жібермейтін де күш бар еді. Ол уақыттың заманы басқа еді ғой. Сол кезде есімде қалғаны (қоғамымыздың белгілі қайраткері) ағамыз: «Бекер арандайсыңдар-ау. Жоғарыда тақ таласы жүріп жатыр. Сендердің мына ереуілдерің біреудің ұпайын түгендеп жатыр. Не білгендерің бар?.. Байқандар» – деп, ауыр күрсініп толғанған еді. Уақыт солай еді... Соның дәлелі, трибуна жақтан бір-екі ағаларымыз: – Әй, көп шуламай, араларыңнан бір-екі делегат жіберсендерші, сөйлесейік, – деді. Жиналып, мәмілеге келместен, ана бір шеттен қасына бір-екі адамды алып Тимур Мақажанов (театр актері) ішке қарай өтіп кетті. Одан білгеніміз, Колбинмен екі арада мардымсыз түрде әңгіме болса керек. Колбин әңгіме әлпетін саясиландырмай Тимурмен грузинше әзілдеп сөйлесіп, Грузияда билік құрғанын, h h тағы сол сияқты құрғақ әңгімелермен шығарып салған. Басында айтқандай «ұйымдастырушы» топ құрылғанда мүмкін әңгімеміз басқадай болар ма еді.

Үкімет өз құрығының ұзындығын тағы бір дәлелдеді. Бір жылдай уақыттан соң театр боп Москваға барғанымызда тура аэропорттың басында сол Тимурды КГБ өкілдері траптан күтіп алды. Және әрі қарайғы қызметімізде арамызға кісі салғаны есімде. Сол кезде Д.Рыбаковтың «Дети арбата» деген кітабы шығып, қолға тимей жүрген кезі еді. Сол жақтан қосылған сол орыс қызы арқылы, сол кітапты екі күннің ішінде Тимур екеуіміз оқып шықтық. Жаңағы орыс қызы сол кітап арқылы неше түрлі әңгімеге тартумен болды. Бәрін сезсек те іштей тынумен болдық. Сақ болмасаң өте қауіпті кез еді. Сол кезде «арандатушы» деген қауесеттің гулегені осы бір жағдайға байланысты еді. Көбіне соққының көбірек болған тұсы Фурманов көшесі болды. Милиция тобы ойға қуады, Абай көшесіне дейін, сол тұсқа келген соң біз қуамыз өрге қарай. Аяқ асты толған милицияның бас киімдері. Тепкінің салмағы екі жақта бірдей болды. Талай милицияның адамдарын аяқ астынан өзіміз арашалап алдық. Ашынған жастарды өзіміз тоқтатпасақ, тура өлтіретіні ақиқат еді. Өз қазағың шырылдағанда жаның ашымай тағы да тұра алмайсың. Бір кезде Фурманов бойындағы құрылыс техникумының тұсында төрт қызды бір топ милиция солдаттармен қосылып тепкінің астына алды. Бұл кезде біздің қашып келе жатқан бетіміз еді, ана жан айғайды естігенде, жойқын күшпен қайта ұмтылып, бағанағы бағанағы ма, соққының көкесін енді біз көрсеттік. Қуа жүріп алаңға қайта жиналды. Келген бетте өрт сөндіретін машинаның төртеуі тұра ұмтылды. Әбден ыза буған жастар қойсын ба, машинаның шоферлерін лақтырып тастап, рульге өздері мініп алып зырылдатын. Енді тоқтатпасақ өзімізді-өзіміз таптайтын түріміз бар. Сасқанымнан машинаны тоқтатып, ана жігітті түсіріп кілтін лақтырып жібердім. Енді біреуі барып сол кезде судың шлангісін ағытты. Жер дүниені су алды да кетті. Сол мезетте арт жақтан ГАИ-дің машинасы жалынға оранды. Міне, осы мезеттен бастап олар қууды тоқтатып, жоғарғы ақ үй жақта тек шеп құрып тұрумен болды. Есімде қалғаны бұл тұста көбіне СХИ-дің жігіттері басым болып, ерекше қимыл танытты. Осындай аласапыранда күннің суықтығы да білінбеді. Тек ең ауыры бел шыдамайды екен. Қайта-қайта жүрелеп отырумен болдық. Содан Желтоқсан жағына келсем бағанағы алып келген Ленин портретінің

дал-дұлы шыққан. Ішім удай ашыды. Лениннің «Әр ұлт өзі-өзі билесін» – деген сөзіне қанаттанып келіп едік, енді оның өзі, міне, мынандай жағдайға ұшырады. Бар үміт үзілгендей болды. «Бүйткен үкіметінің...» – деп іштей бір сыбадым да, кешкі жұмысқа театрға қайттым. Сол күні кешке театрда «Ақан сері» спектаклі боп, соңынан «Жұлдыз» ресторанында Мәкіл Құланбаев ағамыздың торқалы тойы өтті. Тек аты. Соңынан Асқар Тоқпанов ағамызды бір көше бойы үйіне шығарып салдым. Сол кездегі Асекең жайлы әңгіме ол өз алдына.

Үгітімізге ел ермеген соң Бақытжан Әлпейісов екеуіміз алаңға қайта келдік. Бұл 18-күнгі кешкі 11-12-дің кезі. Алаң тазартылған, тек лек-лек боп кетіп жатқан әскери жасақтар. Бақытжан екеуіміз өзара тез келісе қойдық, ана ұзын үйде апамыз қатты ауырып жатыр еді, соған келе жатырмыз – дегендей сылтау еді.

Бір уақытта орыс офицері бастаған жасақ қасымыздан өте беріп, екеуімізге естірте «Молодцы ребята!» дегені. Бұл сөз осы күнге шейін жұмбақ. Неге бұлай деді? Мүмкін, ол офицердің көзі көк, өзі сары болғанмен ұлты басқа ма, жоқ әлде оның да осы қоғамнан көрген теперіші көп болды ма? Жауапсыз сұрақ. Сол түні алаңнан қайтқан ең соңғы қазақ Бақытжан екеуіміз болдық. Әйтеуір бір құдайдың сақтағанынан қолға түсіп құрықталмадық. Кейін қолға түскен басқа азаматтардың «сот процесі» басталғанда ғана барып, бойымызды үрей билей бастады. Әсіресе өзім көрген сотта аласа бойлы қазақ сотының «орысша сөйлендер, оңбағандар» – деп қалшылдағаны, осы күнге шейін мысынды басып, жігерінді құм қылып, бас көтертпестей күй кештіреді екен.

Амал жоқ, тек булыққан кекті үніңе ғана ес беріп есеңгіреумен болады екенсің.

Ертеңінде Сабира апам (Майқанова) барып бар көрген-білгенімді айтып, сонау 1937 жылы да қазақтан елді сатқан өкімет адамдарының болғанын айтып зарлайын. Сонда Сабира апай: «Ей, балам-ай, сол 37 жылдары күйеуімнің арқасында (жолдасы Әбдіғаным нарком қызметкері болған) өкімет адамдарымен аралас-құралас жүрдік. Талайы өкімет қызметінде болса да іштен тынып, айтарларын айта алмай, айтқаны атылып кете барды. Сендер не білесіңдер? Тарихы

шатасқан елді одан сайын шатастырып, жариялылықтың заманы» – деп, тағы бір орға құлайсыңдар-ай. Тарихы құрғыр бір қайталанды десеңші. Тек ақырын берсін құдайым», – деген сөзіне бүгінгі күннің өзінде қандай жауап айтуға болады? Болмаса келер жылы Москваға барғанымызда орыс профессорының: «Бұл мен үшін кішігірім революция. Қазақтардың бұл ісін бар әлем естіді. Әлем алдында үкіметке ұят. Менің білетінім, адамның жеке басын қорлау қашан да қауіпті» – деген сөзі бүгінде өз бағасын алғандай.

Тіпті бертін (1992 ж. май айында) гастрольдік сапармен барған кезіміз. «Көктерек» ауылындағы Қайрат Рысқұлбеков бауырымыздың үйіне бас сұғып, құран оқиық десек, сондағы әлдекімнің, «Е, ол үйге несіне барасыздар, қолдан жасалған герой ғой» – деген сөзіне не деуге болады? Солай десе де, болмай бардық. Аула ішінде Қайраттың әкесі Ноғайбай ақсақал қарсы алды. Анасы Дәметкенге балаларына құран оқып, қолдарына ақша ұстаттық. Одан басқа не амал? «Ерсайын, Семейден болсаң ел-жұртыңа сәлем айт, Қайратымның басын көтеріп ескерткіш орнатып, бір көшеге атын берді. Мың да бір рахмет. Ал, әзірше өз елім ескеріп, ерім деп отырған жоқ. Өлместің күні. Қайратым отымның басында туып, Отанының ұланына айналғанына тәубә деймін деді. Қожа Ахмет бабамыз: «Көрім тастай қараңғы, иманым ғой шырақ боп жанатын» деген екен. Сол сияқты Қайрат бауырым иманың шырақ болсын деп, көп отырмай қош айтысып, кете бардық. Сол кезеңде де, бүгінде де сол бір сұрақ: Алаңға не үшін бардық? Дәл «тәуелсіздік» үшін ғана десек жалаң болар. Әсіресе жастар ашынғаннан барды. Оның ең басты себептері. Үйсіз-күйсіз өмір кешіп, әсіресе қолдан жасалған (тек қазақтар үшін) «прописка» деген қорғанның қорлығына шыдамау. Қайда да жұмыс іздеп барсаң, тек қара жұмыс. Жұмыс болғанда да ең ақысы аз қара жұмыс. «Құрылыс» қана (дипломың болса да). Одан қалса көше сыпыру. Тіпті ерегесе, ол да жоқ. Оқуға түсу болса азаптың азабына айналды. Ауылға қайтсаң өкімет малдың соңына салды. Барар жердің бәрі тығырыққа айналды. Қалаға келіп орысша білмеген жастардың қорлығы өз алдына. Дегенмен осындай шешімін таппаған мәселелер бүгінде де актуальды. Тек айырмашылығы ол кезде ұлттық теңсіздік еді. Ал бүгінде өз билігіміз өзімізде болғанмен

осы айтқан мәселелер түбегейлі шешілді деп айта аламыз ба? Жоқ. Сондықтан ойланар мәселелер әлі де алда. Тек үкімет ендігі жерде өз ұлтын өзі алдамасын. Қоғамдағы жеке бастың теңсіздігі қашанда қауіпті. Мәселе кім билегенде емес. Осыншама азаптансақ та, «жариялылық» деп зарлап жүріп, байқаса да, байқамаса да тәуелсіздікке жол ашқан М.С.Горбачевқа рахмет айтып, реті келсе Боралдай жақтан, ауыл сыртынан болса да, көше атын беру керек. Не де болса құланның қасынуына, мергеннің басуы дөп келді.

Толыққанды «тәуелсіздік» ұғымының ащы запыраны әлі де талай жауабы қиын сор-соқпаққа жетелей береді. Дегенмен Ел тәуелсіздігіне тәуба дейік.

Сол бір аласапыранға баға берсек, ол Желтоқсан Ұлт-азаттық көтерілісінің сонау тарих қойнауынан рухы оянып, кешегі Кенесары, одан бертін 37-нің құрбаны болған рухтың, 50 жылдан соң атқан таңының рухы билеп, аманат еткен ел ерлерінің арманы еді. Рух оянды, рух биледі! Ұрпақ орындады. Ұлт-азаттық көтерілісінің анықтамасы дау айтпастай дәлелденді. Ұлт – қазақ, азаттық – арман, көтеріліс – ақиқат! Бүгінде мемлекетіміздің елдігі, ұлттық тәуелсіздігіміздің ақиқаттығы рас болса, онда кешегі желтоқсан – ұлт-азаттық көтерілісі де соның баянды көрінісі. Өз тарихымызды өзіміз қорламайық. Көбімізді мойындатпай тұрған күш – іштарлық. Мен неге болмадым? Мен неге бастамадым? Мен неге?.. неге?.. неге?.. – деген кертартпа кесір ойлар. Әйтпесе үйде отырып алаңға бармаса да іштей қынжылып, күйікке күйген Сабира апай (Майқанова), алаңдағы Роза апамның (Бағланова) үкімет атынан трибунаға шығып тұрса да, «мен сендермен біргемін, қашанда» – деген бір ауыз көңіл-күйіне бола ендігі жерде сын айтсақ, ол біздің білімсіз мініміз болмай ма?

Сол кезде тек бір сәттің өзінде алаңда 15-20 мыңдай халық болса, ол үш күннің ішінде 70-80 мыңдай көлемде көрініс берді. Яғни бәріміз де болдық, әрқайсымыз қолдан келгенше үлес қостық. Соған бола ендігі жерде атақ-даңқ пен атаққа, болмаса таққа бола талассақ ендігі жерде елдігімізге сын. Бүгінде талай елдер тәуелсіздікке қол жеткізе алмай, тарихына тұғыр болар айтулы күндерін айта алмай отырғанда, барымызды бағалай алмай, жақ-жақ боп жарысқа түсіп жүрген біздің алауыздығымызға жол бол-

сын. Өткен тарихтың қай-қайсысына да көз салсаң осындай екі-үш күндік аласапыранның айналасында тарих тізгіні күтпеген жағдайда басқадай бағыт алып, ел еркіндігі ел күтпеген жағдайда басқаша шешімін тауып отырған.

Бұл да ойланар жай.

Қашанда өткен тарихтың артынан ой қозғап айтпасынды айттыратын мынандай бір қанатты сөз бар: Революцияны ойлап табатындар – данышпандар, іске асыратындар – фанаттар, қызығын көретіндер – оңбағандар!

Міне, біздің де айтпағымыз осындай ойлардың қалтарысында халықтың қалыс қалмауы. «Мен де болғанмын» деп, арзан атақтың ар жағынан ар төгіп, «айтарым бар» – деп айтысқа айналдырмайық. Тәуелсіздіктің күресі даудың жолы емес, ел болар елдің намысы.

Халық боп қалыптасу бір басқа да, ұлт боп ұйысу бір басқа. Біз қазақ халқы баяғыдан халық боп қалыптасқан ұлтпыз. Тек ендігі мақсат-мүддеміз: Ұлт боп берік ұйысу ғана. Ендігі жерде неге болса да имандылық танытып, сол үшін қай-қайсымыз да ұйытқы болуға атсалысайық.

Жасарал ҚУАНЫШӘЛІ

Желтоқсан ескертеді:

**ЖАУ ЖОҚ ДЕМЕ – ЖАР АСТЫНДА,
БӨРІ ЖОҚ ДЕМЕ – БӨРІК АСТЫНДА**

Әлқиса

Бірде танысымның машинасымен келе жатып, жолдасыммен әңгіме арасында радиоқабылдағышта Желтоқсанға қатысты жүріп жатқан хабарға самарқау ғана құлақ түріп отырғанмын. Он бір жыл ішінде талай рет айтылып, әбден таптаурын болған ой-пікірлер: «Мәскеудің Қазақстанмен санаспай, басшылыққа өз адамын жібергені... Назарбаевқа дейін кеңестік Қазақстанды басқарған ондаған бірінші хатшының тек екеуі ғана қазақ болғаны... Ғасырлар бойы қазақ халқының отаршылдық езгіде болып, өзін өзі басқара алмауы... Бірте-бірте жинақталған ашу-ыза бұрқ етіп, ұлттық сананы оятуы...»

Бәрі дұрыс, алайда мәселенің бетін ғана қалқыған хрестоматиялық деңгей. Көңіл толмайды...

Сөйтін отырғанда, хабарды жүргізуші журналистің: «Желтоқсан оқиғасын тереңінен қозғап айтқан әңгімеңізге көп рахмет!» – демесі бар ма! Сол-ақ екен, көкейімде әлдебір наразылық оты лап етіп, тіпті екі бетім дуылдай ала жөнелді. Ішімнен: «О, тоба, қайдағы тереңінен, қайдағы тереңінен!» – деп түңіле қайталап отырғанымды сәлден кейін ғана аңғардым...

Содан маза болмады. Жатсам-тұрсам демей-ақ қояйын, бірақ бірнеше күн бойы осы сөздер («Қайдағы тереңінен!») әлсін-әлсін ойыма оралып, көкейімді тескілей берді. Ақыр аяғы шыдамадым. Оқиға жөнінде тек атаулы күн тұсында ғана әңгімелеп, өзге уақытта ауыз ашпау – міндет емес шығар деген оймен қолыма қалам алдым.

Бастан өткен

1987 жылдың қаңтар айы болса керек. Ол кезде Абай атындағы ҚазПИ-де оқытушымын. Бір күні институт парткомына шақырды. Барсам, ректорат, партком, кәсіподақ комитетінің басшы-қосшы өкілдері арасында ә дегеннен-ақ кім екендері жазбай танылатын екі бейтаныс пен қарасұр өнді дембелше милиция майоры күтіп отыр екен. Алдарындағы стол үстінде неше түрлі фотосуреттер шашырай жайылып жатыр. Желтоқсан оқиғасына байланысты «мыстан аулау» науқаны қызып тұрған шақ, ішім қылп ете қалды!

Майор аты-жөнімді, қызметімді сұрады. Айттым. Асықпай бір фотосуретті алып, маған қадала қарап сәл тұрды да, қолыма ұстатты. Брежнев алаңы, иін тірескен жастар, орта тұсында – өзім! Фотосурет сәл бұлдырлау шыққан, бірақ бет әлпетім, мұртым айқын көрініп тұр.

Майордың сұқ саусағы суретімді нұқып қалды: «Мынау сіз бе?» Қорғаныс рефлексім іске қосылса керек, ойланбастан: «Жоқ, маған ұқсас біреу шығар», – деппін. Ал өзім ойлап тұрмын: мені мына тұрған институт өкілдерінің қайсысы көрсетті екен? Осы кезде оң жағымда тұрған кәсіподақ комитетінің төрағасы Г.Селютин: «Сен мұрт қойып жүретін едің ғой», – деп, зымияндана күлді. Зығырданым қайнап кетті. Сөйтсе де, сабыр сақтауға тырысып бақтым: «Рас,

мұрт қоятынмын. Алайда мен оны 17 желтоқсанға дейін қырып тастағанмын». Майор фотосуретті қайтып алды да, тағы да бірнеше секунд маған тесіле қарап тұрып, келте қайырды: «Бара бер».

Шынын айтсам, сол тексерістен кейін құпия қызмет адамдары не себептен маған қайырыла соқпай, жайыма қалдырғанына күні бүгінге дейін қайран қаламын. Әйтпегенде, менің одан былайғы тағдырым қандай болар еді? Оны бір Алланың өзі ғана біледі...

Иә, Желтоқсанның ішке бүккен ірілі-ұсақты жұмбақтары аз емес. Әр жұмбақтың ар жағында – сан қилы тағдырлар. Жеке адам тағдыры, ел тағдыры, жер тағдыры...

Ақиқат, қайдасың?..

Өткен он бір жыл ішінде маған Желтоқсан жұмбақтарын зерттеп, шешу бағытында жүргізілген бірқатар іс-әрекет, шаралардың басы-қасында болуға тура келді. Соның ішінде ауқымы мен маңызы жағынан айрықша атап өтуге лайық екі жұмысқа қысқаша тоқталып өтейін.

1. 1992 жылы Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы өзінің ІІ съезінде Конституциялық сотқа Желтоқсан оқиғасына қатысты бұрынғы КСРО және Қазақ КСР өкімет орындары мен лауазым иелерінің жауапкершілігі хақында іс қозғату туралы шешім қабылдап, талап қоюшылар тобының жетекшісі ретінде мені тағайындады (ол кезде мен қозғалыс төрағасының бірінші орынбасары болатынмын). Бірнеше ай бойы үлкен қиындықтармен жүргізілген дайындық нәтижесінде (өздеріне «тықыр таянғанын» сезген нақты өкімет орындары мен лауазым иелерінің бұл іске өршеленген қарсылығы – өз алдына бөлек әңгіме тақырыбы) сот процесі 1993 жылдың қаңтар айында ашылды. Содан неше түрлі құйтырқы кедергілер мен тосқауылдарға толы зерттеу-тексеру сот жұмыстары тура екі жылға созылып, қалың-қалың он екі томнан тұратын орасан зор материал жинақталды. 1995 жылдың қаңтар айында парламент делегациясы құрамында Брюссель сапарынан оралсам, еш ақылға сыймайтын сылтаумен сот процесінің тоқтатылғаны туралы «жаңалық» күтіп тұр екен. Сөйтіп, құпияға толы Желтоқсан «қазанының» енді-енді ашыла бастаған қақпағы қайтадан тарс жабылды.

2. 1994 жылдың наурыз айында мен депутаттыққа сайланып, көп ұзамай жаңа парламенттің адам құқығы жөніндегі төменгі комитет төрағасы ретінде бұрынғы Жоғарғы Кеңес Президиумының Желтоқсан оқиғасы бойынша белгілі комиссиясының орта жолдан тастап кеткен жұмысын аяғына дейін жеткізу мақсатымен енді Президиумның емес, тікелей Жоғарғы Кеңестің өз комиссиясын құру мәселесін күн тәртібіне ұсындым.

Сол-ақ екен, тағы да өршеленген қарсылық басталып кетті. Бір қызығы – комиссия құру ісін көптеген қазақ емес депутаттар қолдап жатқанда, бірқатар өз қандастарымыз барынша қиырайып, қырсығып бақты.

Парламент ішінде болған бұл күрес тура бір жарым айға созылып, оны сырттан 45 күн бойы саяси аштыққа отырған (Қазақстан тарихында болмаған оқиға!) «Желтоқсан» қоғамдық комитетінің бір топ мүшесі қолдап, ақыры жеңіспен аяқталды. Мен комиссияның жауапты хатшысы болып сайландым. Әттең, біздің бұл ісіміз де жоғарыда аталған сот процесінің аяғын құшты: комиссия жұмысы енді қыза бастағанда, парламент Конституциялық Соттың шешімімен заңсыз таратылды да, онымен бірге комиссия да жойылып кетті!

Мәселенің мәнісіне келсек...

Желтоқсан оқиғасының негізгі себебі қандай? Ол стихиялы түрде болды ма, әлде ұйымдастырылды ма? Соңғысы болса, ұйымдастырушылар кімдер? Олар алдарына қандай мақсат қойды? Оқиға кезінде шын мәнінде қанша адам қаза болды? Бұл үшін нақты кімдер кінәлі? Олар жауапкершілікке тартылуға тиіс пе, емес пе? Тиіс болса, оларды қандай сот орны қандай жауапкершілікке тартуы керек? Оқиға кезінде және одан кейін қаза болғандарға, жарақат алғандарға, денсаулығынан айырылып, ауру, мүгедек болып қалғандарға, оқудан, жұмыстан шығарылып, басқа да қуғын-сүргін, қудалау көргендерге, жазықсыз сотталғандарға және т.б. мемлекет тарапынан өтемақы (компенсация) төленіп, әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс пе, жоқ па? Тиіс болса, қандай заңмен, тәртіппен, мөлшермен?..

Бәлкім, бүгінгідей әркім өз басымен әлек болып кеткен аумалы-төкпелі, аласапыран заманда, Желтоқсан оқиғасының о бастағы өткірлігі бәсеңдеп, шынайы маңызы көмескілене бастаған кезеңде бұл сауалдар, былайғы

уақытты айтпағанда, тіпті осындай атаулы сәттің өзінде тап осы қалпында жалпы көпшілікті мазалай да бермейтін шығар. «Сезікті секіреді» дегендей, бұл мәселе көтерілсе болды, кірпідей жиырыла қалатын айыпты топ өкілдері ғана емес, жан тыныштығынан өзгені керек қылмайтын тоғышарлар да: «Болары болды, бояуы сінді, мұны қазбалай бергеннен не пайда?» – деп, көсемси қалуы да әбден мүмкін.

Ендеше біз неге Желтоқсан оқиғасын қайта-қайта «қазбалап» жүрміз? Біреулерден кек алу үшін бе? Еріккеннен бе? Әлде «саяси ұпай жинау» мақсатында ма?

Жоқ, әрине. Өз басым Желтоқсан оқиғасының себеп-салдарын айқындап, ол туралы өтірік пен шынның, ақиқат пен аңыздың арасын қолдан келгенше ажыратып алу, ең алдымен, өткеннен сабақ алу үшін, со кезде орын алған қылмыс пен қатеге ендігәрі жол берілмеуі үшін, мұндай қасіреттің келешекте қайталанбауы үшін, біздің тарихи жадымыздың тағы да әлдебір жалған идеология шылауына түсіп, бұрмаланып кетпеуі үшін ауадай қажет деп білемін.

Себептер мен салдар

Қандай да болсын күрделі тарихи оқиға бір сәтте пайда болған бір ғана себептен емес, ұзақ уақыт ағымында біріне бірі жалғаса келе бірте-бірте қордаланған, күрделенген әлденеше себептерден нәр алып, пісіп-жетіліп, туындап жатады. Және де сол себептердің бәрі емес, тек біреуі ғана оқиғаның нақты туындауына шешуші әсер етеді, негізгі себеп рөлін атқарады. Және бір қызығы, кейде (тіпті көбінесе) негізгі себеп қосалқы себептердің көлеңкесінде көрінбей қалуы, ал, соңғылары көзге бадырайып көрініп тұруы, сөйтіп, негізгі себеп ретінде қате қабылдануы ықтимал. Ол-ол ма, тарихта себептің салдары себеп ретінде қабылданатын жағдайлар да кездеседі.

Меніңше, Желтоқсан оқиғасына байланысты қалыптасқан (немесе қалыптастырылған) қазіргі көзқарастарда осындай жағдаяттар салқыны анық байқалады.

Мәселені айқындап алу үшін тым әріге бармай-ақ, тап сол кезде орын алған қоғамдық-саяси хал-ахуалды жадымызда жаңғыртып көрелікші.

1985 жылдың сәуір айында өткен СОКП ОК-нің Пленумы «социалистік қоғамды демократиялық бағытта қайта құру»

жөнінде бүкіл әлемге жар салып, «тоқырау заманына» нүкте қойғандай сыңай танытты. Империя көлемінде түрлі реформалық өзгерістер де бой көрсете бастағандай болды. Осылайша жылжып өткен уақыт ағымы 1986 жылдың аяқ шеніне «аман-есен» жете бергенде... Қазақстанда Желтоқсан оқиғасы бұрқ ете түсті.

Жетпіс жыл ішінде «ұлт мәселесі түбегейлі һәм бұлтарыссыз шешілуі арқасында адамдардың жаңа тарихи қауымы – Кеңес халқы қалыптасып, ол халық өзінің баршаға ортақ ұлы социалистік отанында, тату-тәтті интерұлттық отбасында тұрып жатқан» жағдайда бұл, әрине, тек «аға халыққа» ғана емес, «бұратаналардың» да көбісіне ашық аспанда кенет күн күркіреп, найзағай ойнағаннан бетер үрейлі әсер етті («ұлтшылдарды» айыптап шыға келген «қазақ зиялыларын» еске түсіріңіз). Сонымен қатар Желтоқсан оқиғасы Мәскеудің халықаралық аренада қалыптаса бастаған «демократиялық» пердесін эп-сәтте сыпырып тастап, оның астындағы сол баяғы ұлыдержавалық-империялық бет-бейнесін айдай әлемге әшкерә етті.

Бұқаралық санада (массовое сознание) бұл оқиғаның негізгі себебі – республика жұртшылығы бұрыннан жақсы білетін және сыйлайтын Д.А.Қонаевтың орнына Кремльдің бірінші басшы етіп Қазақстанға еш қатысы жоқ Колбин деген әлдекімді сырттан тағайындай салуы деген ұғым қалыптасты. Бұқаралық сананың көзге көрініп тұрған (көрсетілген) фактіні ғана нысанаға алып, оны мәселенің өзегі ретінде қабылдауы – қалыпты құбылыс, өйткені мұзтаудың ұшар басы арқылы оны тұтас елестету қандай қиын болса, көпшіліктің күрделі қоғамдық-саяси фактінің ар жағында жатқан терең тамырларды көріп-білмек түгіл, елестетуі одан да қиын. Әсіресе бұл тамырлардың қалың жұртшылықтан сенімді жасырынған жоғары кабинеттер мен биік креслолар «тереңдеріне» кетіп жататынын ескерсек...

Желтоқсан тамырлары

Олар Қазақстан басшысын ауыстыруда емес (бұл – себептің салдары, бейнелей айтқанда – жер бетіне шыққан мәйек), Кремль кабинеттерінде, империя басшыларының қазақ жеріне қатысты әріден келе жатқан құйтырқы, зымиян һәм арамза отаршылдық саясатында жатыр.

Тарихқа сәл тереңдей үңілер болсақ, бұл саясаттың бадырайған іздері Ресей-Қазақстан (метрополия-отар) қарым-қатынастарының өн бойында ХҮІ ғасырдан бері қарай сайрап жатыр. Патшалық Ресейдің «жер мен халық жинау» («собрание земель и народов» – осы сөз тіркестрінің өзінде қаншалықты құбыжық мағына жатыр десеңізші!) басқыншылдық-отаршылдық принципін жүзеге асыру үшін арнайы пайдаланылған қандыбалақ жаулаушы күш – казачество шабуылдарынан бастап (Көшім хан – Ермак заманы), күні бүгінге дейін түрлі әдіс-тәсілдермен жалғасып келген қазақ жерлерін басып алу саясатының тікелей нәтижесі – Қазақстан шекарасын жағалай «орыс жерлеріне» айналған кешегі Ата-баба қоныстары: Астрахань (Хажы-Тархан), Нижний Новгород (Царицын-Сарысу), Саратов (Сарытау), Омск (Омбы), Челябинск (Селебе), Тюмень (Төмен) облыстары, Алтай өлкесі, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қытай мен Ресей (Аждаһа мен Аю) арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес шығыстағы көршімізге кесіп берілген Іле, Тарбағатай, Алтай жерлері (онда тұратын 1,5 миллион қандастарымыз қазір жаппай қытайландырылып жатқаны белгілі)...

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Қазақ Автономиялық Республикасының тұңғыш астанасы болған Орынбор қаласы мен осы аттас облысты Ресейге қосып алған соң Кремль қазақ жерінің өзге өңірлерін де (әсіресе, орыстар жоспарлы түрде көптеп қоныстандырылған аймақтарды) «қанжығасына байлау» мақсатында небір аяр жоспарлар құрып, оларды іске асыруға тырысты.

Бұл саясат Хрущев кезінде айрықша белсенді сипатқа ие болды. «Тың және тыңайған жерлерді игеру» желеуімен онсыз да келімсектерге толы қазақ жерінің ауқымды аймақтарына (30 миллион гектарға жуық) тағы да миллиондаған «бағындырушыларды» («покорители») тоғыту арқылы қазақ «элементін» славян «элементімен» ауыстыру науқаны, Қазақстанды өлкелерге бөлу «реформасы» жүзеге асырылды. Оның ішінде алдымен тікелей Мәскеуге бағынатын, ал кейін Ресейге түбегейлі қосылуға тиіс болған тың өлкесіне ерекше мән берілді.

Сонымен қатар Никита Сергеевич қазақтың есесінен «асқан жомарттық» танытып, өзгелерді де «жарылқау»

саясатын жүргізді. Оңтүстіктің бірқатар аудандарын Өзбекстанға қосып жіберді, Қазақстан басшылығына Юсуповты тағайындап, Жетісуда ұйғыр сепаратизміне жол ашып берді. Осындай тактика арқылы Кремль «бір окпен екі қоянды атып алуды», атап айтқанда, біріншіден, жерін талан-таражға салып, қазақ елін бұрынғысынан бетер әлсірете түсуді, екіншіден, «бөліп ал да, билей бер» империялық принципімен түркі халықтарының арасына сына қағып, араздық отын тұтатуды көздеді. Сарыарқаның қақ ортасынан жер ойып беріп, «Еділ бойы немістері» проблемасын шешуге әрекеттенген Брежневтің «жалпақшешейлігі» де осы қатарға жатады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жалпы көлемі 4,2 миллион шаршы километр құраған қазақ жерінің 1,5 млн. ш.к. жат қолына беріп, Қазақстан қарамағында 2,7 млн. ш.к. қалдырған, оның өзінің 1,1 млн. ш.к. ең тәуір, құнарлы, шұрайлы, сулы-нулы өңірлеріне славяндарды қоныстандырып, қазақтарды өмір сүру үшін ең қолайсыз шөл және шөлейт аймақтарға (резервацияларға) қуып тығып, өз атамекенінде депортацияға ұшыратқан бұл қатыгез саясаттың аржағында бүкіл түрік дүниесінің қара шаңырағы, бел омыртқасы болып табылатын Қазақ Елі мен Жерін ханталапайға салып, мемлекет ретінде жойып жіберу, оның орнына үндістердің сүйегі үстіне орнаған Америка Құрама Штаттары үлгісімен келімсектер мемлекетін құру мақсаты тұрды.

Жаңа отаршылдық (неоколониализм)

1985 жылдың сәуірінде М.С.Горбачев бастаған «Кремль кеменгерлері» бүкіл әлемге «зұлымдық империясы» ретінде әбден жеккөрінішті болған КСРО-ның жексұрын келбетіне «сүйкімдірек» өң беріп, халықаралық аренаға «жаңарған» кейіппен алып шықпақ болды. Алайда бұл тек шымылдық қана болатын. Ақиқатында Мәскеу Ресейдің ұлыдержавалық – отаршылдық саясаты мен идеологиясынан бас тартқан жоқ.

Патша өкіметі құлаған соң оның мұрагері КСРО отаршылдық саясатты «әдемі» ұрандар көлеңкесінде жаңа әдіс, тәсіл, амалдармен қалай жалғастырса, «қайта құрылып», «жаңаруға тиіс» болған КСРО алдында да тап

сондай міндет тұрды. Мұның бұлтартпас дәлелі – «қайта құру», «демократия», «күқык», «жариялылық», «адам жүзді социализм» («социализм с человеческим лицом») тәрізді даңғырлаған әсіреқызыл ұрандар даңғазасымен бүркене отырып, Кремль байырғы «жер жинау» саясатының Қазақстанға қатысты кезекті жоспарын сәуір пленумынан соң іле-шала дереу күн тәртібіне қойып, «темірді қызған кезінде соғып қалуға» жанталасты. Ол – мұнай мен газға кілкіп тұрған республикамыздың батыс аймағын Ресейге қосып алу жоспары болатын. Әлбетте, саяси тұрғыдан мұны «қазақтың өз қолымен», басқаша айтқанда – республиканың сол кездегі бірінші басшысы Д.А.Қонаевтың (жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдасы болсын!) атынан жүзеге асыру Мәскеуге өте тиімді еді. Бұл тұрғыдан алғанда, уақыт тезінен мүдірмей өткен тамаша тарихи «тәжірибе» де жоқ емес: осыдан 250 жыл бұрын Кіші жүздің «өз еркімен» Ресей құрамына кіруі кейін Қазақстанның оған отар болуымен аяқталғанын кім білмейді.

Саяси Бюро Димаш Ахметұлының алдына Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) мен Гурьев (Атырау) облыстарын Орынбор облысымен біріктіріп, Орынбор қаласынан басқарылатын «ортақ экономикалық аймақ» құру мәселесін тікесінен қойды. Сылтау – «соншама байлықты игеру жалғыз қазақтың қолынан келмейді, бұған Одақ болып кірісу қажет».

Алайда Димекен жарықтық Мәскеудің өзіне жүктеген бұл «тарихи миссиясын» ақтамады. Керісінше, Горбачев бастаған жаңа отаршылдардың (неоколонизаторы) небір қысымына қасқая қарсы тұрып, илікпей қойды. «Қазақ – қиын халық, ол мұны түсінбейді. Қазақ үшін жер дауы – ең ауыр дау!» – деп, отырып алды.

Саяси Бюродағы «қол бұраулар» да, империяның сол кездегі «жылауық премьері» Рыжковтың жетекшілігімен Алматыға, Орал облысына неше мәрте келіп, осы мәселе бойынша қаншама «кеңестер» өткізген «жоғары мәртебелі» делегациялар да «қыңыр шалды» көндіре алмады. Бұған әбден көзі жеткен Горбачевтың енді Д.А.Қонаевты орнынан алудан басқа амалы қалмады. Жылдан астам уақытқа созылған бұл айқастың ақыры солай болды да. 1986 жылы желтоқсан айының басында Қазақстан басшысының «арызы қанағаттандырылып», ол қызметтен кетіп тынды да, орнына «генерал-губернатор» Геннадий Колбин тағайындалды.

Ал, енді, алаңға шыққан қазақ жастарына, жалпы желтоқсандықтарға келсек...

Әлбетте, олар мұны өз бетімен, стихиялы түрде жасаған жоқ. Бұл – ұйымдастырылған шара (бұған байланысты мәселе – бөлек әңгіме тақырыбы) және олардың, әрине, Қонаевтың орнынан кетіп, Колбиннің тағайындалуына алып келген түпкі себептерден де, оқиғаны кімдер ұйымдастырғаны, олардың нағыз мақсаттары қандай болғаны жөнінен де (бұл да келешектің әңгімесі) еш хабары болған жоқ.

Желтоқсандықтардың бар білгені олардың қолдарына ұстаған ұрандары мен сөйлеген сөздері шеңберінен аспады.

Солай бола тұра, желтоқсанның осы бір ызғарлы күндері Алаш азаматтарының қаны бекер төгілген жоқ, олардың көрген қорлығы, қуғын-сүргін, қайғы-қасіреті де өтеусіз кеткен жоқ! (Әрине, моральдық-рухтық тұрғыдан). Олардың өздері мұны білмесе де, бүкіл әлемге жария болып, дүниені дүр сілкіндірген сол отаншылдық бас көтеру арқылы олар өз ұлтының алдындағы қасиетті азаматтық парызын орындап, қазақ жеріне төнген аса қатерлі қауіптің бетін қайтарды! Қазақстаннан мұндай сілкіністі күтпеген Кремль аталмыш жоспарынан уақытша болса да бас тартуға мәжбүр болды.

Кезекті «операция»

Ия, империя басшылары о кезде өздерінің қара ниетінен түбегейлі, уақытша ғана бас тарқан болатын, өйткені қанағат дегенді білмейтін тойымсыз, ашкөздің ұйықтаса түсінен, оянса ойынан кетпейтін, көз құртына айналған Қазақстанның батысындағы «батпан құйрық» тым семіз, тым майлы еді.

Соншалықты мұқият есеппен дайындалған «жер жинау» жоспарының быт-шытын шығарған Желтоқсан оқиғасынан кейін есін жиған Кремль енді оны қайткенде орындаудың жаңа амал-тәсілін іздестіре бастады. Тапқандай да болды. Бірақ оны іске асыру міндеті Горбачевке емес, оның «мұрагері» Б.Н.Ельцинге «бұйырды» (Михаил Сергеевичтің тақтан таяр алдында бар үлгергені – 1990 жылы «Біз Ресейді қайткенде көгертеміз» атты өзінің арандатушы мақаласында қазақ жерінің үштен екісін «орыс жері» деп жариялаған кәрі қақпас Солженицынге ілесе алты облысымызды «Ресейден тартып алынған жерлер» деп мәлімдеп, отқа май құйып кеткені).

80-жылдардың аяғы-90-жылдардың басында Кремль эмиссарлары Қазақстанда сепаратизм, автономизм отын өршітіп, оның негізгі ұйытқысы ретінде 20-жылдары Мәскеудің өзі жойып жіберген («расказачивание» науқаны) өлі күш – казачествоны қолдан тірілтуге кірісті.

Бұл зұлымдық әрекет, әсіресе, Батыс Қазақстанда өте қарқынды түрде жүргізіліп, аса қауіпті сипатқа ие болды.

Сөйтіп, 1991 жылдың басында дайындық жұмыстарын негізінен аяқтаған Кремль «Орал казак әскерінің патша ағзамға қызмет етуінің 400 жылдық мерейтойын» Орал қаласында өткізу қамына қызу кірісіп кетті.

«Мерейтой» күні (өкінішке қарай, Орал облыстық кеңесінің «Орал өңірі халықтарының достық күні» атты саяси сауатсыз қаулысына сәйкес) сол жылдың 15 қыркүйегіне тағайындалды.

Сөйтіп, «уақыт тезінен мүдірмей өткен» және бір «тамаша тарихи тәжірибе» ретінде Мәскеу бұл жолы Ресейдің ежелден көршілес елдер мен жерлерді «жинау» (жаулап алу) үшін тағайындалған казачествоны іске қосып, «казак десанты» (шартты түрде біз осылай атайық, оның кодтық атауын, әрине, Кремльдің өзі ғана біледі) операциясын бастады.

Қазақстанның қазіргі тарихында әзірше ешқандай баға алмаған («жоғары мәртебелі» бір басшымыздың Оралда сөйлеген сөзінде «шіріген жұмыртқаға да тұрмайды» деп бағалағанын ескермесек), ал шын мәнінде тарихымыздан аса маңызды орын алуға тиіс 1991 жылдың Оралдағы қыркүйек оқиғасын бүгелі-шігелі сипаттауға көп орын керек, сондықтан қазір оны тек көктей шолып қана өтелік.

«Операцияның» күйреуі

Мәскеу отаршылдары дайындап жатқан сойқанды әрекеттің қандай мақсат көздейтінін өте жақсы түсініп, бұл жөнінде бірінші болып дабыл қаққан ақын (халыққа кеңінен танымал «Барып қайт, балам, ауылға» ән сөзінің авторы), сол кездегі Орал облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Айсұлу Қадырбаева бастап, «Азат» қозғалысы Орал облыстық бөлімшесінің төрағасы Аманжол Зинуллин және басқа азаматтар қостап, Алматыдағы өкімет орындарына қауіптің алдын алу жөнінде әлденеше рет талап қойғанына қарамастан «жоғары жақ», өкінішке қарай, селт етпеді.

Сондықтан қыркүйек айының басында «Азат» қозғалысының республикалық басқармасы бұл мәселені тікелей өз қолына алу жөнінде шешім қабылдады да, 13-қыркүйек күні Қазақстанның он екі облысынан 300-ден астам азаттықтар Орал қаласына жиналды. Тап сол күні жергілікті казак ұйымдарына «көмекке» Ресейден орыс казачествосының бас атаманы Мартыновқа ілескен 300-ден аса казак та келіп жетті.

Бұл жағдайда түрлі арандатушылық әрекеттер жасалып (кейін солай болды да), екі жақ арасында қақтығыс тууы, қан төгілуі әбден мүмкін екенін (Мәскеудің көздегені де сол болатын) ескерген «Азат» штабы 15-қыркүйек күні «Үнсіз бейбіт наразылық акциясын» өткізу жөнінде шешім қабылдады да, оған ант беріп, қол қойған 114 адам қатысты.

Бір жағынан, қантөгіске жол бермеу үшін, екінші жағынан, көздеген мақсатқа жету үшін азаттықтардың алдын ала ойластырып, іске асырған осындай және де басқа іс-шараларының арқасында Мәскеудің арам пиғылы бұл жолы да тас-талқаны шығып, «мерейтой» түгіл бас қайғы болған «казак десанты» маскараға ұшырап, аузын қу шөппен сүрткен қалпы сүмірейіп кейін қайтуға мәжбүр болды! Орал облыстық кеңесі қаулысының күші жойылды.

Отаршылдар есебі

Ол кезде өзінің егемендігін жариялаған Қазақстанда ашықтан-ашық мынадай отаршылдық «мерейтой» өткізуді жоспарлағанда Кремль қандай нақты есеп көздеп еді?

Біріншіден, егер бәрі «дұрыс» болып, «мерейтой» Мәскеу үшін «ойдағыдай» өткенде, бұл – Орал казачествосы бейнебір ешуақытта жойылмағандай, кеңес өкіметінің 70 жылы бойы бәз-баяғысынша «патша ағзамға» (Ресей империясына) қызмет еткендей, демек, казачествоны Қазан төңкерісіне дейінгі Орал жерінің «иесі» – әскериленген ерекше қауым ретіндегі «мәртебелі» қалпында Қазақстанға ресми мойындатумен (облыстық кеңес қаулысын еске түсіріңіз) парапар саяси акция болар еді.

Ал бұл, өз кезегінде, одан әрі Орал өңірінде (тікелей Ресейге қосып алудың алғышарты ретінде) казак автономиясын жариялауға «занды негіз» берер еді.

Екіншіден, әлдебір себептермен бұл «сценарий» жүзеге аспаған жағдайда «қосалқы сценарий» бойынша қазақ-орыс қақтығысы ұйымдастырылып, қан төгілуге, сөйтіп, «орыстілді отандастарды қорғау» сылтауымен Мәскеу дереу әскер кіргізіп, Орал облысын басып алуға, одан әрі, бәлкім, «Орал өңірі казак республикасы» («Приуральская казачья республика») болып құрылуға тиіс еді. Бұдан кейін. «Гурьев казачествосы» проблемасы да күн тәртібіне қойылар еді.

Тап осы «сценарийдің» Орал тәжірибесі негізінде «жетілдірілген нұсқасы» кейін Молдовада жүзеге асырылып, «Днестр өңірі республикасы» («Приднестровская республика») құрылғаны баршамызға белгілі.

Логикалық шегініс

Желтоқсан оқиғасының негізгі себебі ретінде «ортақ экономикалық аймақ» туралы осы мақалада сөз болған жағдаяттарды мен 1993 жылы Конституциялық сот процесінде ресми түрде мәлімдеп, осы проблеманы тексеру жөнінде талап қойған болатынмын. Залда сот процесін жіті қадағалап, әр сөзге мұқият құлақ түріп отырған журналистер үшін бұл мәлімдеме, сөз жоқ, үлкен жаңалық болды. Алайда, бір қызығы, сот процесі төңірегіндегі ұсақ-түйек мәселелерге дейін мән беріп, жұртшылыққа сирек те болса хабарлап, пікір білдіріп жатқан бұқаралық ақпарат құралдары тап осы мәселеге келгенде жұмған аузын ашпады!

Бұл үнсіздік күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Неге?

Орал оқиғасының себеп-салдарын тексеру үшін 1991 жылдың қазан айында үлкен қиындықпен құрылып (ол үшін Айсұлу Қадырбаеваға Алматыда он бір күн саяси аштықта отыруға тура келді!), қараша айында көп жұмыс атқарған ресми президенттік комиссияның көлемді анықтамасы тиісті орындардың назарына «ілінбей», әншейін қағаз ғана қалпында қалды. Неге?

Ойланыңыз, замандас...

Сөз соңы

Егер біз Желтоқсан оқиғасын Қазақстанның жаңа тарихы бастауына қағылған «қада» деп мойындасақ, оны тым абстракты қалыпқа салып, «демократиялық жаңғыру күні» деген жасанды шеңберге зорлап тыққыштаудан аулақ

болғанымыз абзал. Меніңше, оқиғаның төл тарихи-саяси болмысына сүйене отырып, 17-желтоқсанды «Ұлттық-отаншылдық ояну күні» («День национально-патриотического пробуждения») немесе «Ұлттық-азаттық көтеріліс күні» («День национально-освободительного восстания») деп айшықтаған дұрысырақ болар еді. Халқымыз үшін мәні зор бұл оқиғаның шын табиғатын ашып көрсететін мұндай атаудан үркектеудің ешқандай жөні жоқ.

Рас, 1986 жылдан кейін (әсіресе, соңғы жылдары) халқымыз басынан өткерген және өткеріп жатқан өте ауыр әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани һәм психологиялық хал-ахуалдар белгілі дәрежеде тым күшті «наркоз» ролін атқарып, қазақтар қоғамдық-саяси тұрғыдан қайтадан қалың ұйқыға кіріп кеткенге ұқсайды. Бірақ бұл – басқа әңгіме.

Желтоқсанда да, қыркүйекте де көшелер мен аландарға шыққан Алаш ұл-қыздарының отаншылдық сілкінісіне жалпылама «Ұлтым!» ұранымен қатар тұруға тиіс болған «Жерім!» ұраны жетіспеді. Бірақ, қайталап айтамын, бұл білместік – олардың кінәсі емес. Аталмыш оқиғалардың құпия түп-тамырында жер мәселесі жатқандығы кейінірек мәлім болуы – объективті заңдылық. Қалай болғанда да, желтоқсандықтар мен қыркүйектіктер ең алдымен ата-баба жерін қорғап қалды!

Желтоқсанға да, қыркүйекке де байланысты міндетті түрде аталып өтуге тиіс бір ақиқат: онда да, мұнда да ұлт мүддесі үшін бас көтергендердің басым көпшілігі – қазақ жастары, әсіресе студенттер. Желтоқсандықтар туралы жұртшылық көбірек біледі, сондықтан Орал оқиғасы туралы қысқа анықтама бере көтейін: 1991 жылдың 13-16 қыркүйек күндері он мыңнан астам адамның қатысуымен толассыз өткен, бұл өңірдің тарихында болып көрмеген нағыз бұқаралық сипаттағы митингілердің жиынтық портретін бейнелі түрде беру қажет болса, ол қазақтың жауқазын ұлқызы түрінде нақышталары сөзсіз.

Осы мақалада айтылған әңгімеге орай көпшілікке мәлім желгі бір аңыз еріксіз ойға оралады.

Қытай императоры Ғұн патшасынан алдымен астындағы тұлпарын, одан соң қойнындағы жарын талап өткенде, уәзірлерінің намысқа шауып, «берме» деген кеңесін тыңдамай, елін күші басым жаудың бүліншілігінен сақтау мақсатында патша екеуін де береді. Үшінші кезекте импе-

ратор патшалық шетіндегі бос жатқан «нашар» жерді талап еткенде, ұлы бабамыз «берейік» деген уәзірлердің басын алады да, халқының атқа қонып, соғысқа дайындалуына бұйрық береді.

Кемеңгер патша бұ жерде бірінен бірі туындайтын мынадай екі аксиоманы (дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат) көкейіне мықтап түйген болатын:

1. Ата-баба аманат етіп кеткен атамұра жерінің бір бөлігін болса да өз қолымен жауға берген халық түптің түбінде бүкіл жерінен айырылып тынбақ.

2. Жерінен айырылған халық – халық емес, жел қуған қаңбақ. Өйткені халықтың халық болып, мемлекеттің – мемлекет болып толыққанды өмір сүруінің бірінші шарты, тірегі – оның біртұтас ата-баба жеріне толық ие болуы.

Желтоқсан мен қыркүйек жұмбақтарының шешімін тауып, мәселенің ақиқатына жету мақсаты – әншейін ғана ғылыми-тарихи қызығушылық емес, аса маңызды саяси қажеттілік. Әсіресе, өз елінде күні бүгінге дейін сан жағынан (сапа жағын айтпағанда) тұрғындардың жартысынан сәл ғана асатын, оның үстіне, мемлекет тарапынан ешқандай отарсыздандыру (деколонизация) саясаты жүргізілмек түгіл, ауызға алынып, күн тәртібіне де қойылмауы салдарынан, жоғарыда айтып кеткенімдей, туған жерінің өмір сүруге ең қолайсыз өңірлерін мекендейтін, демек, жерге «ие» деген тек аты болмаса, заты жоқ қазақтар үшін жер мәселесі – өмір мен әлім мәселесі.

Осы тұрғыдан алғанда желтоқсан мен қыркүйек біз үшін ешуақытта назардан тыс қалмауға, естен шықпауға тиіс аса күрделі тарихи-саяси сабақ, қатаң ескерту болғаны ләзім. «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында». Қазақ жері – асты мен үсті толы тұнып тұрған байлық. Оған жауыға көзін қадап, құныға телмірушілер бұрынғыдан көбейе түспесе, азайған жоқ. Кімнің басында тағы қандай арам пиғыл, ниет, жоспарлар туындап, қордаланып, дайындалып, әйтпесе, тіпті, небір жымысқы амал, айла, әдіс-тәсілдермен қазірдің өзінде іске асырылып жатқанын кім біледі. Біз ол жұмбақтарды шешеміз дегенше аяғымыздың астындағы жеріміз «көшіп кетсе» қайттік?!

«Ақтөбе»,

31 наурыз 1998 жыл.

«МЕЙІРХАННЫҢ МӘСЕЛЕСІ»

Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерінде алаңға барып, итке таланып, сойылға жығылып, қан-жосасы шыққан жастарды жақтағандар да, жақтырмағандар да көп болды. «Қазақстан пионері» газеті редакциясындағы біріккен бастауыш партия ұйымының ашық жиналысында қаралған ақын Мейірхан Ақдәулетовтың мәселесі де ешкімді бейтарап қалдырмаған.

Осы оқиғадан бір ай шамасы бұрын ғана бастауыш ұйым Мейірханды партия мүшелігіне қабылдаған. Сонда «Білім және еңбек», «Пионер», «Балдырған» журналдары мен «Спорт», «Дружные ребята» және «Қазақстан пионері» газеттерінде (бүкіл басылым аттарын бұрынғыша алып отырмын – автор) тонның ішкі бауындай болып кеткен аға, апалары мен қатарлас қаламдастары әр қырынан келіп, қаламы жүйрік журналистің адамгершілігін, азаматтығын әңгімелеген. «Жүрегі таза жігіт» деген, «Сүйікті Коммунистік партиямыз Мейірхандай арлы азаматтармен толықса, Отанымыз еңселене түседі» деген. Сөйтіп, әр редакциядан бір-екі, ұзаса үш коммунистен құралатын бастауыш партия ұйымының мүшелері бір кісідей дауыс берді.

Арада ай өткенде барлық редакция – машинкашы, корректорына дейін қалмай – бас қосқан. Енді бұл жолы – нұсқау бойынша. Оны жүзеге асыруға Фрунзе аудандық партия комитетінің хатшысы мен ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі келіпті. Қозғалатын мәселе айқын. Ол бойынша: Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының шешіміне қарсылық көрсеткен жастардың Алматыда өткен бой көтеруіне тиісті баға беріліп, соған белсене қатысушылардың бірі ретінде Мейірхан Ақдәулетовты партия қатарынан аластату керек. Бәрі алдын ала келісіліп, шешіліп қойылған. Аудандық партия комитетінен арнайы жіберілгендердің айтуы солай.

Әншейінде жарқылдап, әзіл жарастырып отыратын жұрттың еңсесі езілген. «Кім не дер екен?» дегендей тосылған, артын баққан ауыр сәт. Үнсіздікті жиналысқа төрағалық етуші «Қазақстан пионері» газетінің редакторы Уәлихан Қалижановтың:

– Жолдастар, жоғары жақтың кесіп-пішіп, белінен басқан бұл шешімі дұрыс емес, – деген сөзі зілмауыр ойды бір серпігендей болды. – Бәріміз жүгінетін Жарғы бар емес пе? Неге оны ескермей, «бүйректен сирақ шығарамыз»?.. Мейірхан «халық жауы» емес қой. Оның мәселесі аудандық партия комитетінің бюросында емес, әуелі бастауыш ұйымда қаралуы керек еді. Партия мүшелігінен шығарыла ма, әлде басқадай шара қолданыла ма, оны бастауыш партия ұйымының мүшелері шешуі тиіс...

Міне, осы кез манағыдай емес: «Дұрыс, өте дұрыс. Біз білетін Жарғы солай дейді», «Мейірханның өзін тыңдайық» – деп, ел әр жерден үн қосты.

Бәрінің назары Мейірханға ауды. Ол қинала тістеніп әрең отырған. Енді оңай ма, керзі етіктің тепкісінен өту деген?.. Көзінің айналасы көкпеңбек. Бетінің ісігі қайтыңқырағанымен, қатты жарақаттан қалған таңбаға тіктеп қараудың өзі қиын. Оны азырқансаңыз, екі қабырғасы сынған. Денесінің бізге көрінбейтін жерлерінде тағы да қандай жара барын құдай білсін!..

– Бюрода да, басқа орындарда да ештеңе жасырмай, бүкіл шынымды айтып-ақ келемін. Тағы да қайталаймын: желтоқсанның 17-і күні кешкі 11 жарымда, Әшекен – Әшірбек Көпішев куә ғой, осында отыр, сол кісінің үйінен шыққанбыз. Жанымда Есжан Айнабеков бар, екеуіміз госпитальдың жанына келгенде алдымыздан бес солдат шыққан. «Қалтамызда журналистік куәлігіміз бар ғой, кездейсоқ бұзақылар емеспіз» деп ойлағанбыз. Мұрша бермеді. Жан даусымыз шыққанына қарамай, ұрып жығып, тепкінің астына алды... – Мейірхан одан ары даусы дірілдеп, көзіне жас тығылып, сөйлей алмай сыртқа шығып кетті.

– Жолдастар, оның айтқаны рас. «Бірдеңеге ұрынып қаларсыңдар, жата кетсеңдерші» дегеніме қарамай, үйлеріне кештетіп кеткен еді, – деді Әшірбек.

Ауыр да азапты тыныштық қайта орнады. Жұрт сарсылған.

Әлгіндей емес, өз-өзін демдеген Мейірхан қайта кірді. Қиналғанын сездіргісі келмей, ойын қайта жалғастырды.

– Ұсқынымды көріп отырсыздар ғой... Талдырып жығып, алып барған жерінде үш күн жатып шықтым. Қызметімді

айттым, коммунистігімді айттым, бала-шағамды айттым – бәрін айттым... Ештеңені жасырып-жапқаным жоқ. Енді мені «ұлтшыл» десе...

Мейірхан айтарының бәрін орыс тілінде жеткізген. Аудандық партия комитетінің атынан келгендерге түсінікті болсын дегені шығар, бір жағы. *(Осы материалды жазар алдында сұрастырып білсем, хатшы – Күләйхан Шойбекова екен, ал жанындағы европалық ұлт өкілінің аты-жөнін анықтай алмадым – автор)*. Бірақ мәселе онда емес қой. Олар болмаса, басқа біреулері келер еді. Жеткіз дегенін жеткізер еді. Мәселе абырой-атақтары елге жайылған аға-апаларымыздың онсыз да қабағы жарылып, қабырғасы сынып, денесі көк ала қойдай болып қана қоймай, ар-намысы тапталып тұрған аянышты кезінде ара түспесе де, азаматты арқаландыратын жылы сөз айта алмағандықтарында болып отыр.

Иә, бәрі өтті-кетті, артта қалды. Желтоқсанда жазаланған, оңбай жазаланған жазықсыз бір азаматтың басынан кешкенін баяндаймыз деп басқалардың шамына тимей, тоқетерін айтар болсақ: «Тып-тыныш қана үйінде жатпай, алаңға барып, несі бар?..» – деп, ашық айтқандары да ұшырасты. Бұл мәселесі «майшаммен» қаралып жатқан Мейірханға ғана емес, қазақ ұлтының намысын жыртып, алаңға барғандардың бәріне арналған айыптау еді.

Дегенмен «Кұранды» аударып бастырамын деп «үндеместердің» назарына іліккен, «Білім және еңбекте» саясатқа сай келмейтін әлденеше материалды жариялап, жоғарыдағыларға жақпай, «сенімсіздердің» санатына енген Ақселеу Сейдімбеков ағамыздың аузынан айтылған мына бір сөздер, басқаны қайдам, мені қатты тебіренткен.

– Мейірхан інім, – деген-ді ол. – Сағың сынбасын, бекем бол. Алдыңнан әлі талай қиыншылық шығады...

Шынында, Ақаңның айтқанындай болды. Кісіні қыспаққа алудың механизмі жан-жақты жұмыс істеді. Дәрігерлерге қаралайыншы деп №1 емханаға барып еді, олар қабылдаудан бас тартты. Әйткенмен адамға деген ықыласы қылаусыз бір қазақ дәрігерінің шапағаты тиді. Бетім енді бері қарайын деді-ау деген шамада мазасын алып милициясы келсін.

«Суретінді таптық», «Ананы танысың ба, мынаны танысың ба?» дейді... Жұма сайын осы.

Бір күні бас редактор шақырып алып: «Комсомолдың Орталық Комитетінен телефон шалып жатыр. Әйтімованы білесің ғой... «Ақдәулетов әлі күнге қызметте жүр ме?» дейді. Түсінерсің жағдайды, маған салса...» – деп келе жатыр еді, жұмыстан босату туралы өтінішін ұсынды.

«Кімнің кім екендігін басыңа іс түскенде біледі екенсің, – дейді Мейірхан. – Осындайда «жағдайың қалай»? деп сұрайтын үлкендердің, пана тұтар ағаларымыздың бір ауыз жылы сөзінің орны бөлек. Бөліп бермей-ақ қойсыншы ештеңесін, жылы сөзі...»

Үйде шиеттей бала-шаға ауыз ашып отырса, қайтіп шыдасын?! Редакциядан-редакция жағалаған. «Құрысыншы, бөлімде жұмыс істеп көзтүрткі болмай-ақ қояйын, корректорлық та жарар» деп «Жалын» журналына да барған. Тауы шағылып қайтты. Басқаға – өтірік, ал өзі үшін естігені ашынатын-ақ сөз еді. Ол уақытта Мұханның Желтоқсан әңгімесін қаузамай қоймаған кезі...

«Шындығында, алаңға не үшін бардым?» деп үйіне іштей күйзеліп оралды.

Ертеңінде «Баспалар үйіне» барған. Сейдахмет Бердіқұловтың «Жалын» баспасына директор болып ауысқанын білетін. Жаңа қызметімен құттықтап, өз жайымды айтайын деп есік ашты.

– Қайтейін-ай, енді?.. Көзді жұмып тастап ала салар едім, оған өзің сияқты төрт жігітімді алаңға барды деп лаң салып жатыр. «Жұмыстан шығар, шара қолдан» дейді. Олар да өзіндей жазықсыз. Қоғамға қылаудай қиянаты жоқ. Соларға қайтіп қорған болсам деп отырғанда, міне, өзің келдің. Қайтейін-ай, қайтейін?! – деп қамықты Сейдаған.

– Сізге үлкен рахмет, Сейдаға! – деп, ол кісінің шынайы ықыласына сондай разы болып шықты.

Мейірхан одан кейін де талай мекеменің есігін қақты. Бірақ, «алаңда қолға түскен, партиядан қуылған» адамға іші жылыған кісі табылмады. Ең соңында жаңадан құрылып жатқан «Арай» – «Заря» журналына ғана... онда да редакторлыққа бекітілген Әшірбек Көпішевтің тәуекелге барып, өзін жоғарыдағы «мықтылардың» соққысына қарсы

койғандығынан, шаруашылық басқарушысы – «завхоз» деген қызметке қабылданды.

Мұның бәрі, әрине, күнделікті күйбең, бала-шағаны тарықтырмаудың тірлігі, пендешілік өмір дейік. Анығы да солай емес пе?.. Ал енді Ақдәулетовтей ақжүрек, адал азаматтың көпе-көрінеу қиянатқа қиылған тағдыры ше? Құрбандыққа шалынған моральдық құқы ше? Міне-міне, енді бір ауыз сөз соны қорғау хақында.

– Ашық партия жиналысынан шыққан бойда Бас почтаға бардым, – дейді Мейірхан. – Бассыздыққа жол берілді. Мен коммунист едім. Журналистік парызымды өтеп, алаңдағы болып жатқан оқиғаны бақылауға еркім бола тұра сокқыға жығылдым. Әділдіктің орнығуы үшін қолұшыңызды беріңіз деген ойларымды баяндаған жеделхат жазып, Горбачевтың атына жолдадым. Келесі күні «жеделхатыңыз қабылданып, тіркелді» деген жауап келді.

Коммунистік партия ісінің жасампаздығына бәріміз сендік. Лениндік ұлт саясатының салтанат құратынына иландық. Коммунизмге жетеміз дедік. Сол қоғамның белсенді құрылысшысы болу үшін партияға өткендер қаншама! Мейірхан желтоқсандағы жазалаудан кейін де сенімінен айнымады. Партиялық билетін қайтып алу үшін шағымданды.

Осылайша «Мейірханның мәселесі» қайтадан қолға алынған. Аудандық партия комитетінде, көп кешікпей Алматы облыстық партия комитетінде қаралды.

– Меңдібаев обкомның бірінші хатшысы еді, – дейді ол өзімен телефон арқылы тілдескен ұзақ әңгімеміздің үстінде. «Мейірхан, шыныңды айтшы: алаңда ұсталдың ба, қайда қолға түстің?» деді қазақшалап. Тепкіге түскеніме, тағдырымның тас-талқан болғанына күйініп жүрген едім. «Адалымнан жарылып, ешкімді нандыра алмадым. Қазір алаңда қарсыласып, қан болып қолға түспегеніме қатты өкініп жүрмін» дедім...

Меңдібаев үндемепті. Бәлкім, уақыты өтіп бара жатқанын сезді ме, кім білсін...

*«Бірлік» газеті,
13 қыркүйек 1996 жыл.*

САТҚЫНДЫҚ БІЗДІ СЫНДЫРА АЛМАДЫ

Біз қазір де біргеміз! – дейді олар

Байниязов Бақыт, Әлжан Өтепов қазір Алматы қаласында тұрады. Біз алдымен Бақытты іздеп таптық, ол өз кезегінде Әлжан Өтеповтің де Алматыда тұрып жатқанын жеткізді. Жарықбасов Марат Қырғызстаннан келіп оқып жатқан қазақ жгіті болған, бірақ оның қазір қайда екенін Бақыт пен Әлжан білмейді. Біз 20 жылдан бері жұбы жазылмай, өмірдің бар ауыртпалығыны бірге көтеріп келе жатқан екі жгіттің алдына 1986 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің секретары болған Бірғаным Әйтімованың оларды кінәлап жазған хатын тастадық. Хат мұрағаттан алынған еді.

– ...Мұнан жиырма жыл бұрын Қазақстан ЦК ЛКСМ-нің секретары Бірғаным Әйтімова қол қойған хатта бір-ақ шындық бар, – деді, – Бақыт пен Әлжан, – ол – біздің оқудан шығарылғанымыз. Өзге айтылғанның бәрі жалған! Тіпті, дәл қазір Бірғаным Әйтімованы алып келіп біздің қарсы алдымызға отырғызса, біз оның көзінше бар шындықты айтып, дәлелдеуге дайынбыз.

Рас, біз алаңда болдық. Бірақ біз үшеуімізді алаңда емес, 18 желтоқсан күні Тимирязева көшесінің бойында ұстады. Сонан кейін, хатта «Бұл күні олар ректордың ешкім ешқайда шықпауы туралы бұйрығына қарамастан, жатақханадан қашып шыққан» деп көрсеткені де жалғандық! Өйткені, ол күндері ректордың ондай бұйрығы болған емес, жатақханадан студенттер еркін кіріп-шығып жатты. (Біз ол кезде зооветинституттың Держинскей мен Сәтбаев көшесінің қиылысындағы шетелдік студенттерге арналған жатақханасында тұратынбыз). Хатта «Олар шағымдануына болар еді» дейді. Сол Әйтімова 1986 жылы кезде бізге үкім шығарған соттардың «Енді 10 жыл бойына Алматыға қарай аттап баспаңдар! Келетін болсаңдар, қылмысты іс қозғаймыз!» дегенін біле ме екен? Оны білмесе, 1986 жылы біздің құқымыз туралы тіс жарып айтқан бір партия, комсомол қызметкері болды ма екен? Атын атасыншы?!

Хатта көрсетілгендей, Бақытқа қатысты мәселе комсомол жиналысында екі рет қаралған жоқ. Бір-ақ рет, онда да «ұйымдасқан» түрде өтті. Бүкіл группаның студенттеріне «біздің қатарымызда тәртіп бұзушы, бұзақылар болғанын қаламаймыз» деген қолхатты комсомол белсенділері күні бұрын жаздырғандарын біз кейін білдік. Бүкіл группадан Балзия есімді бір қыз ғана ондай қолхат жазудан бас тартты. Біз үшеуіміз сатқындық дегеннің не екенін сол жолы басымыздан кешірдік және оны ұмыту мүмкін емес...

Бірге ұсталған үшеуімізді бір-бірімізге қарсы қоюға әрекеттер жасалды. Сөйтсек, институт басшылары мен комсомол белсенділері үшеуіміздің арамыздан Бақытты оқудан шығару туралы шешім қабылдаған. Мұны Бақыт білмейді. Білетін Марат пен мен ғана. Біз жиналыс кезінде «Біз үшеуіміз бірге болғанбыз. Неге Бақыттың ғана мәселесін талқылап жатырсыздыр!» деп, Бақыттың жанына келіп тұрдық. Сөйтіп үшеуіміз бірдей комсомолдан, оқудан шығарылдық. Сол кезде комсомол белсенділері ІІ дүниежүзілік соғыстағы фашистерден де жаман, әлгі Украинадағы жергілікті сатқындардан жасақталған гестапо сияқты қызмет етті. (Қазақ «Іштен шыққан жау жаман» деген!) Олар фотоальбомдағы суреттер бойынша студенттерді іздеп табуға көмектесті, қайсы қайда жүргенін тиісті жерлерге хабарлап отырды. Сол кезде қазақ жастарын ашықтан-ашық сату әрекетін жүргізгендер – бүгінге дейін билікте. Қонаевты қаралағандар мен қазақ жастарының келешегіне балта шапқандар бүгінгі күні өзгерді деуге бола ма? Біздіңше, жоқ. Олар сол кезде қазақ жастарының, ұлтының, елінің қамы емес, отырған жылы орындарының қамын бірінші кезекте ойлап, соны қорғап қалғандар. Қазір де сол креслоның қамымен өмір сүріп жатыр. Әйтпесе, жіберген қателіктерін (мүмкін, тіпті, қылмыстарын!) түзету үшін 20 жыл оларға аз ба? Біздің, алаңға шығып, басы бәйгеге тігілген қазақ жастарының арқасынды билікке келген олар қазір халық үшін, әсіресе қазақ ұлты үшін не істеді? Тағы да қазақ жастарының басына алмағайып заман туса, (әрине, ондай заман тумай-ақ қойсын!) сол топтағылар бүгінгі президентімізден бастап бәрін тағы да сатып кетпесіне кім кепіл?!

Жансая СӘБИТОВА:

ЖЕЛТОҚСАНДЫ ЖІГЕРЛІЛЕР ЖАСАП ЕДІ

**Жастарымыз рухани жүдеп,
рухы мен жігері жасып бара ма деп қорқамын...**

Желтоқсан оқиғасының он жылдығына ерекше мән берілді. Әрине, өткенге оң көзбен қарап, көз жұмғандардың аруағын аунату, тірілеріне құрмет көрсету – адами парыз.

«Ойды-ой қозғайды» демекші, рухы бір күрескерлердің ұмытылмас ісіне лайықты сөз айтып, ықылас білдіру парызы сонау бір ОН АЛТЫНЫҢ сүргінін санамызда қайта тірілтті.

Бұл ұлт-азаттық қозғалысы болып тарихқа енгенімен, кеңестік дәуірде бұлтарыста қалған, ашылмаған, ауыз батып айта алмаған қырлары көп күрес екенін зердесі зерек жазушылар мен құпиясына еңдей білген ғалымдар, көбіне қазақ басылымдарында, әр тараптан тартып, ой өрбітті. Алайда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының сексен жылдығы ел басқарған азаматтар тарапынан ескерусіз қалды.

Сол бір жылдары қазақтың ең даласы қанға бөгіп еді...

Сол бір күңірену мен күрсініске толы күндері қазақ – жерінен, елінен жөңкіле көшіп еді...

Ғасырлар бойы шығысынан-батысына, оңтүстігінен – солтүстігіне еркін өтіп, қалаған бөктерін, жап-жасыл жазығын ең жайлау еткен кең қазақтың ақ патша алқымынан алып, тынысын тарылтты. «Бұл жердің иесі менмін!» деді көк көзді, жез мұртты оқалылар. Сөйтті де қарсы сөз айтқанды ғана емес, айтуға оқталғанды да, арада он-жиырма жыл өткенде алдымнан шығар-ау деген – ананың құрсағында бүлкілдеген сәбиді де, өзіне кектене қараған баланы да зеңбірек оғының астына алды. Сонда қазақ елі – қаралы, жұртының жаны жаралы болып қалған-ды.

Үкімет осыны ұмытты...

Ұмытпағаны, өзінше елеп-ескергені – Желтоқсан қозғалысы...

Әрине, әуелгісіне – өкінсек, кейінгісіне: осыдан он жыл бұрын қара күйені аямай жағып, енді арада жылдар өтіп, «қар жауып, із басылмай» тұрғанда ақылға жүгініп, тырнап болса да қара бояуын кетіре бастағанына шүкіршілік еттік. Еңсеміз кішкене де болса көтерілгендей болды. Тынысымыз

кеңі түсті. Осы бір оң үрдіске ұйтқы болған Желтоқсан оқиғасының он жылдығына байланысты қабылдаған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы еді. Үкіметтің бір ауыз жылы сөзі қай мемлекетте болсын жақсы істерге бастаған. Қаншама кездесулер ұйымдастырылды. Газет-журнал беттерінде, көгілдір экран хабарларында әңгіме өрбіткен ел ақиқатқа қарай бір адым жасады. «Тәуелсіз Қазақстан: 1986 жылдың желтоқсаны» атты республикалық ғылыми практикалық конференция қанды оқиғаға тың баға берді.

– Әуелгіде біз оны оқиға дедік. Содан соң оны қозғалыс деп атадық. Енді қарап отырсақ, Желтоқсанға көтеріліс деп баға беруге толық құқылы екенбіз. Өйткені, оның сипаты көтеріліс деген ұғымның классикалық талаптарына толық жауап береді, – деді Үкіметіміздің атынан баяндама жасаған Мемлекеттік хатшымыз, жазушы Әбіш Кекілбай.

Конференция мінберіне көтерілген Мұхтар аға Шаханов та көңілде қордаланған ойларын ортаға салды. Өзі тең төрағалық еткен Мемлекеттік Комиссия жұмысының қаншалықты қиыншылықпен жүргізілгенін тілге тиек етті.

– Сіздер Комиссия құрамындағы адамдардың тізіміне қарап, бәрі бір кісідей қызмет етіп, ақиқатты ашуға жанын салыпты дерсіздер. Жоқ, олай емес. Мен бес-алты кісінің ғана аты-жөндерін бүгін үлкен ілтипатпен атай аламын, – деді Мұхан.

Есімдерін күллі әлем білетін әр түрлі ұлт зиялыларымен аралас-құраластығы Мұхаңа көп жеңілдік жасапты. Сол уақытта түкірігі жерге түспей тұрған М.С. Горбачевпен болған кикілжіңді әңгімелер, ұлы демократ Андрей Дмитриевич Сахаровтың ақыл-кеңесі, қызметтен қуылып, қағажу көріп жүрген Ельциннің септігі... басқа да ұлт зиялыларының жүрек сыздатқан сәтте жақсы сөздер айтып, жебеу болуы күнде айтыла бере ме?.. Бірақ барша елдің бәріне бірдей жағу мүмкін емес. Мұханның қайтсем де жан ауыртқан Желтоқсанға байланысты ақиқатты айтып қалайын... сірескен саясаттың астарында бәленің бұғып жатқанын былайғы елге ұқтырайын, бәрі білсін, естісін, сезсін, көзі ашылсын... ұлтшылдықтың тонын жамылған оқиғаға оң баға бергізейін деп қиналған шақта амалсыз жасаған айла-шарғысының өзінен кінә іздеу сияқты

пендешілік пікірлер болмай қалмады. Мұхаң – ақын адам. Қызбалықтың жетегінде кетіп, ашынып та, ашуланып та қатты-қатты айтқан тұстары болды.

Қыңыр сауал беріп, өзінше ұпай жинағысы келген ондайлардың кісәпір сөзіне құлақ түрген жұрт қосыла күйінді.

Иә, қалай дегенде де қайраткер Шахановтың азаматтығын, ең бір қиын-қыстау сәтте халқына адал қызмет еткенін ешкім жоққа шығара алмас. Әйтпесе дәл сол тұста Кремльдің төрінде отырған Гарбачевтің алдына барып жүрген басқа да қазақтар бар еді... Кеудесіне депутаттық белгі тағып, ыңыранып, керілген, көшеге шықса көсем болған сондай мырзалардың аттарын, сала құлаш лауазым-атағын тізіп шығуға да әбден болар. Міне, солар неге аузын бұған өгіздей үнсіз отырды? Тіпті солардың кейбірінің Мұхаң сөйлеген сәтте жақтырмай, тыжырынып, ала көздерімен ата қарап, «интернационалист» болып отырғандарын да көгілдір экраннан күллі ел көрді. Сол ағаларымыздың азаматтығы, қазағым, халқым деп кеуде керетін мықтылықтары қайда? Меніңше, біздің ондай ағаларымыз халқының алдындағы перзентік парызына кішкене болса да... жо-жоқ, үп-үлкен нұқсан келтірді!.. Әйткені, олар өзінің дәйім құрметті болып жүре беруін ойлады... Бала-шағаларының болашағына «тосқауыл», келешекте алдынан шығар «шіркеу» балғысы келмеді...

Иә, ол ағаларымызды бүгін де сондай әсіре сақтығы, пендешіліктері үшін аяп, құрметтеу керек. Ұятты адамға – оның өзі де ауыр жаза. Әйтсе де өкініштісі сол, ондайлар қазағымның басына әлдеқандай күн туа қалса, тағы да үндемей қала ма деп қауіптенемін...

Бұл – патша отаршылығымен бірге санасына сыналап еніп, кеңестік саясат, орталықтың өктемдігі бойға әбден ұялатқан кісәпір мінез... өмір сүру тәсілі... биік мансапқа апарар «орнықты» қасиеті...

– Мен өз кезегімде қал-қадірімше күрестім. Аянып қалған жерім жоқ, – деген ойын ашық айтты Мұхтар ағамыз.

– Мұқа, Сізге үлкен рақмет! Әр азамат халқының алдында сіздей-ақ қызмет етсін! – деді залда отырғандар.

Кімнің кім екенін араласа келе аңғарасың. Мұхаң да білікті заңгер-ғалым, Парламент Сенатының мүшесі Сабыр

Ахметжанұлы Қасымовты, сөз орайы келгенде, ілтипатпен елге таныстыра кетті. Сәкең Желтоқсан ісіне Қазақ КСР Жоғары кеңесі құрған мемлекеттік комиссия құрамында да араласты. Ұзақ жылдар тергеу, сот саласында жұмыс істегендіктен, комиссия құрамындағы көп кісілер біле бермейтін мәселелерге байыппен еңдей білді. МҚК-нің тартпаларында, Ішкі істер министрлігінің кілттеулі сейфтерінде, прокуратура кеңселерінде жасырылған құжат-қағаздардың әлі де көп екенін, солар Желтоқсанға қатысты біраз шындықтың шымылдығын түретінін өте жақсы білген ол, кейінірек Конституциялық сотта жемісті жұмыстар жүргізді. Жанына өзімен пікірлес әріптестерді ұйыстыра білді. Олар: Георгий Владимирович Ким, Ордағали Ықсанов және Жолымбет Бәйішев сынды елімізге аса танымал заңгерлер еді. Міне, сол жігіттер шырғалаңның ішінен шындықты іздеп архивтер мен міз бақпайтын мекемелердің тас қақпасын ашты, жылайдай ызғарлы талайларды заң алдында жауап беруге мәжбүр етті. Ұлан-ғайыр материалдар жиналды; әрбір материалға талдау жасатты; алайда 12 томдық іске байланысты сот мүшелерінің хаттама құжаты даярланып, енді аяқталды дегенде іс тоқтатылды. Бұл, әсіресе, Желтоқсан көтерілісіне байланысты Конституциялық соттың тергеу тобын басқарған Сабыр Ахметжанұлына қатты соққы болды...

Жылдар алыстатқан сайын мән-мағынасы арта түсетін тарихи оқиғалар болады. Мен өзім Желтоқсан көтерілісін соның бірі деп білемін. Әрине, қақтығыс, қантөгіске жол берілген жерде неше алуан заңсыздықтар орын алады. Өз ісін жетік білетін жақсы заңгерлердің де көрінетін, көзге түсетін кезі сондайда. Бұл ретте Сәкең туралы жазылатын, айтылатын күндер келеді. Ол кісі сондай ерекше құрметке әбден-ақ лайықты заңгер-ғалым, қоғам қайраткері.

Желтоқсанның он жылдығына көршілес Қырғыз елі де ерекше мән берді. Ел Президенті Асқар Ақаев арнайы қабылдау жасап, Алматыдан барған бір топ желтоқсаншыларға ілтипат көрсетті. Әрбіріне ескерткіш сыйлық тапсырды.

Дүрмекті бас қосу үстінде ақындар да, тарихшы ғалымдар да сөз алды.

– Біз өзіміздің жастарымызға да разымыз, – деді аузы дуалы қырғыз ағаларымыздың біреуі. – Алматыда бауырлары-

мыз қанға бөгіп жатқанда, қалай шыдаймыз?» деп бір автобус болып аттанған еді. Бірақ, милициясы бар, МҚК-сі бар, қала берді – әскері, не керек, оларды Қордай асуынан асырмай, кейін қайтарыпты. Егер сол бауырларымыз бас көтеріп, батылдық жасамаса, дәл бүгін біз қазақ туыстарымыздың бетіне қарай алмас едік...

Әлгі сөзді естіп отырып, толқып, тебіренбеген кісі қалмады.

– Шоң рахмет, Сіздерге – қырғыз бауырлар! – деді қазақстандықтардың атынан сөз алған Қырғыстан Республикасындағы елшіміз, Қазақ елінің де, Қырғыз елінің де халық ақыны Мұхтар Шаханов. – Қазақтарды қанға бөктірді деп берген марапат қағазын кері қайтарып, үлкен өнеге көрсеткен, Таалайбек інім, сен де мың жаса!

Қырғыз ағайындардың құрмет-ықыласы осылайша естс қалды. Шақырып еді, алыссынбай бардық. Тіпті өз қаржымызбен барып-қайттық. Елеп-ескерсе, жердің қай қиырына да баруға, қалғи бастаған халықтың қаһармандық санасын оятуға әбден болады.

Ал, Алматыда, тура үйіміздің іргесіндегі мекемеде отырған аға-әпкелерімізді қайтіп сергітеміз? Олар 1986 жылдың желтоқсанында «ақылды» еді, сол ақылынан әлі де жаңылмапты. Жұртқа жаймайтын, бірақ министрліктер мен әкімшіліктер арқылы таралатын, сақтандыруға сондай сақ, елгезек, орындағыш... «Ой, бұл Желтоқсан болмағанда бізге тәуелсіздік жоқ еді ғой», «Желтоқсанға қарыздармыз, егемендікке қолымыз жетті. Желтоқсан – демократияға барар жолдың басы», – деп сайрағанда алдына жан салмайды! Бірақ, намысы жоқ. Солардың намыссыздығынан, жалған сөзінен жеріген Мұхтар ағамыз Ғалымдар үйіндегі алқалы жиында да, басқа кездесулерде де «қанының ішіне су көп араласқан», «қанының суы көбейген» дегенді қайта-қайта күйінішпен айтты.

Мен өзім Алматы облыстық әкімшілігінде болған кезімде: «Апырай, алыстағы қырғыз бауырларымыздай бола алмадыңдар ғой! Он жылда қанша рет шақырып, қабылдағанын, үлкен бас қосу жасағанын білмеймін. Мен өзім екеуіне қатыстым. Ал сіздер бір ретте шақыра алмадыңыздар. Қандарыңыз соншама сұйылып не көрінді?» – дедім.

Оларға не көрінсін? Бары сол болса, асып қайда барады? Кеше коммунист еді, әлі де сол коммунистік қалпын бұзбай жүр. Билеттері үйлерінде тығулы. «Кім біледі, алда қандай заман боларын?» деп, өткеннен үмітті болып жүргендері де аз емес...

Сондай үміттілер жоғарыда да отыр. Биліктің тізгінін әзірге бере қойған жоқ. Сондықтан да Желтоқсанға байланысты Конституциялық сот процесі аяқсыз қалдырылды. Күштінің аты – күшті: «Күштінің к...ті диірмен тартады».

Ауыл-үй құлазыды. Есік-терезесін тақтайлап, қала жағалап кешкендер көп. Қалада да жұмыссыздық, қымбатшылық. Жұрттың жайы кеткен. Аш, жалаңаш студенттердің әйтеуір оқып жүр деген аты. Сұрапыл соғыстың кезінде де мұндай болмаған шығар, әсте...

Міне, осындай қиын-қыспақты кезде Желтоқсанның он жылдығын атап өту қалай болар екен? Әйтеуір, тыныш өтсе деген үрейлі ой биліктілердің бәрін қатты мазалады. Ең қауіптісі жастар ғой, соларды сейілтейік деп, жоғарыдағы әлдекімнің нұсқауына сүйенген Алматы қаласындағы кейбір оқу орындарының ректорлары студенттерді он-он бес күнге ауылдарына «кезексіз демалысқа» аттандырды. Міне, сол ректорлар сексен алтының желтоқсанында студент жастарды жатақханадан шығармаудың айла-тәсілін қарастырып, күндіз-түні жатын орынды күзеткен, күзеттірген. Алаңға шығып кеткендерін жалма-жан қайтаруға жан-таласқан. Өйткені, жоғардан студенті алаңға барған ректорды қызметтен босатамын, партиялық шара қолданамын» деген сұсты хабар жеткен. Бүгінгі ректорлардың бойында да сол үрей, сол қорқыныш... Сол себепті де өтетін кездесу кештері кейіндетілді немесе мүлде өткізілмеді.

Ал өткізілгенінің өзі...

Иә-иә, өткізілгенінің өзі өкіндірді. Қатысқан студент қыз-жігіттерді қатты қорқытып, үрейлендіріп қойған ба, қайдам, сондай сұлық, құлықсыз күйде отырды. Еңселері түскен енжар жастарды көріп, көңілім құлазыды. Осыдан он жыл бұрын дәл осылардай жастар алаңға барған. Ән салған. Қолдарында транспоранттары болған. Ұлттар теңдігі туралы пікірлерін білдірген. Қазақ тілінің, қазақ мектептерінің басындағы ауыр мұнды ашынып жеткізген. Сол үшін

сойылға жығылған. Сонда да айтқанынан қайтпаған қайсар ұрпақ еді. Ал, мыналар...

Бұл менің Асфандияров атындағы мемлекеттік медицина институты студенттерімен болған жүздесуде көргендерім. Институт басшылары үрке қарайтындай, қорқып-сескенетіндей саясатқа қарсы, мемлекеттік мүддемізге қарсы ләм-мим дегем жоқ. Бар айтқаным баяғы – «листовка» бастырғаным, абақтыда көрген қорлығым, МҚК қызметкерлерінің жасаған жәбір-жапасы төңірегіндегі әңгімелер ғана. Обалы қане, отырғандар сөзімді тыңдады. Енді ән салайық, алаңға шыққан жастар Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін шырқаған. Біз де Қазақстанның көркеюі үшін шырқайық. Еліміз егеменді болды, тәуелсіздігін жариялады», – деймін. Бәрібір, зал толы жастар бейжай...

Сириялық бір студентке рахмет, менің сөзімнен кейін іле «Алтын күн аспаны» деп әнді бастап кетті. Мен қосылдым. Арасында «бәріміз шырқайық», «айтыңдар, қосылыңдар» деп қоямын. Бірақ, қосылған да, шырқаған да ешкім болмады. Менің қаракөз іні-сіңлілерім көңілсіз қалыптарынан айнамай, томсырайып тыңдады да отырды...

– Студенттер стипендиясын айлап алмайды, бәлкім, аш шығар? – деді менің күлази айтқан әңгімемді естіген бір кісі.

– Олар рухани аштыққа ұшырағандар. Біз оларды солай жазалап жатырмыз. Біздің тәжірибеміздің түрі солай ма деп қорқамын, – дедім мен.

– Енді қауіпті де қасіретті нәрсе – рухани жүдеушілік қой. Рухани күйзеліске ұшыраған, рухынан, жігерінен жаси бастаған кезде бәрі-бәрінен қауіптену керек. Сол себепті де, «Ойпырмай, 1986 жылдың желтоқсанында Алматы көшелерінде шерулеген, «Брежнев» алаңында орталықтық өктемдігіне қасарысып қарсы тұрған, қазақ рухын аспандатқан қыз-жігіттер мұндай емес еді» деген ой менің миымды шаққылап, жүрегімді жиі ауыртып жүр...

*Әдеби жазбасын жасаған **Тоганай Талғат***

*«Арай» журналы,
№3, 1997 жыл.*

ЕГЕМЕНДІКТЕ ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАРДЫҢ ДА ҮЛЕСІ БАР

Ауылдан келген біздер үшін сол желтоқсанның қанша қасірет әкелерін қайдан білейік?...

Қар қалың жауып, күн суытты. Пәтерімізде радио да, телевизор да жоқ еді. Жаңалықтан бейхабармыз. Таңертең ертемен жылу тұрмайтын үшқұдық пешке от жағып, шәй ішеміз де, сабаққа тартамыз. Нағашыбаев Нұртуған мен Әбдіреев Еламан, Мүкәримов Қайрат Алматы құрылыс техникумын бітіргелі жүр екен. Сержанов Мұрат Алматы темір жол институтының 2-курс студенті.

Сол күні бірінші сабақ математика болатын. Мен келсем студенттер жиналып қалыпты. Бәрі әлденеге дүрлігіп, күбірлесіп отыр екен. Апайымыздың көзінде жас: «Тез үйлеріңе қайтыңдар. Бірақ үйден шықпаңдар.», – деді. Жалынды. Шыр-шыр еткені әлі көз алдымда.

Үйге келсем жігіттер отыр. Ашуға булыққан түрлері ыза-лы.» Кеше түнде алаңдағы жастарды суық сумен атып, дубинкамен ұрып, итке талатып, тұтқындаған көрінеді. Көшеде қаптаған милиция, ДНД, солдаттар – үйге әрең жеттік, – дейді. Сол жерде ватманға «Әр елдің өз көсемі болуы керек!» деп жазып алып, жеңілдеу, ыңғайлы киініп көшеге шықтық.. Ботаника бульварымен Космонавтар көшесіне шықсақ – алаң жағын солдаттар қоршап тұр екен. Космонавтар көшесімен Абай даңғылына түстік. Көше толы жастар, студенттер, әртүрлі жастағы кісілер. Абай мен Масаншы көшесі қиылысында митингі болды. Абай көшесімен Фурманов даңғылына түсіп көтерілуді ойлап келеміз. «Атамекен», «Менің Қазақстаным» сияқты әндерді айтып келеміз. Мира мен Абай қиылысында қасымызға келіп тоқтаған автобустан түскен ДНД жасағы бізге қарсы лап қойды. Біз де қарсы ұмтылдық. Қолдарында газетке ораған арматуралар. Біреуі сол жерге таяқтан құлап қалды, қалғандары қашып автобус-

пен жоқ болды. Фурманов көшесінде жігіттер бір әскери машинаны аударып тастапты. Алаңды үлкен қалқандары бар, беттерін қорғайтын каска киген солдаттар қаз-қатар қоршап тұр екен. Адамдар келіп-кетіп дегендей, толас жоқ. Біз тұрмыз. Солдаттар дәл қасымызда тұр. «Үйлеріңе қайтыңдар!» – деп ескерткен болады. «Шыдаймыз!» – дейді жігіттер. Аяз күшейіп барады. Су шашатын, өрт сөндіретін машиналар қаптап, Фурманова жағында микрофонмен әлдебір министр сөйлейді. «Тараңдар!» – дейді. Кенет... не болғанын білмеймін, жақын тұрған солдаттар бізге дубинкаларымен лап қойды. Бізде қару жоқ, қыз-әйел, үлкен-кіші демей соққылай жөнелді. Қыздар мен әйелдер қашсын деп жалаң қолмен дубинкадан қорғап жүрміз. Қашып та келеміз. Олар бастырмалатып қуып берді. Бір қарасам «Океан» магазині тұсы екен, солдаттар бізбен алысып жүргенде топтың жартысы қашып үлгерді. Қалғанымыз Фурманов пен Сатпаев көшесінің қиылысындағы әскери госпитальдің дуалына қарай жүгірдік, дуалдан қарғымасақ қолға түсеміз. Биік дуалдан жандәрмен секіріп, Ленин даңғылына шықтық. Сирепшіз. Мен қатарлы қазақ жігіттері. Төбелес басталғанда өз жігіттерімнен ажырап қалдым. Жанталасып жүріп Ленин даңғылының бойымен, талдардың арасымен жоғары көтеріліп келемін. Көше толы милиция, машиналар екен. Өрең деп Әл-Фараби жағына сытылып шықтым. Одан қанша жүргенімді білмеймін, Марков көшесі-ау деп ойлаймын, ел аяғы басылсын деп көшедегі арыққа жата кеттім. Арсылдаған ит дауысы келеді. Аңдып жүрген солдаттар. Манағы алаңда жеген таяқтан сыздаған денемнің ауырмайтын жері жоқ. Шаршаппын. Сол басылсын деп суық қарда біраз жаттым. Көше жақтан фарын жарқыратқан машиналар толастар емес. Із кесіп жүр. Суық, аяз, арықтың ішінде екі сағаттай жаттым. Манағы алаңдағы айқай, ыза-қиқу құлағымнан кетер емес. Тап қазір біреуі жетіп келердей. Жігіттер не болды екен деп те қоямын. Қолға түсіп қалмады ма деп жаным шырқырайды. Ақыры бар күшімді жинап тұрып Весновканы жағалап, абайлап отырып Ботаника бульварындағы үйіме келдім. Үйге келсем Еламаннан басқасы түгел отыр. Енді Еламанды уайымдадық..

Танертең Еламан келіп тұр. Қасында морфлотта болған, әлі формасын шешіп үлгермеген қазақ жігіті. Екеуін ұстап алып, көгала торғайдай еткен. Ертеңісін мәліметтерді алып, қасындағы жігіттеріңе айт, ешқайда шықпайсыңдар, жауап аламыз деп босатқан.

Күнде келіп машинамен бізді жауапқа алып кетеді. Содан түнгі 11.00-де босатады. Күнде сұрайтыны: «Алаңға шықтыңдар ма?». Біз бәріміз келісілген жауаптан танбаймыз. »Киноға бардық». Бөлек-бөлек бөлмелерге апарып тергеді. Бірде мені тергеп отырған қазақ жігітінен қызметі жоғары орыс жігіті мені «қайдан?» деп сұрады. Ол Қызылордадан деп еді, «Бұлардың бәрі басмашылар, бәрін ату керек, қамау керек!» – деп зәрін төксін. Мен отырмын іштен тынып. Тергеушілер одан әрі қысады. Бәрібір бәрің сотталасыңдар дейді. Ауылдың аңқау баласы, алаңда бізді суретке тартып жатыр деп ойлаппыз ба? Сөйтсек суретке түсіріп алыпты. Суретпен іздеп, басты қатырды ғой. Ақыры дәлел таппай, бізді босататын болды. Еламанды сол түні ұсталды деп соттайтын болды. Оны Сейфуллин мен Мақатаев көшесі қиылысатын жердегі түрмеге алып кетті. Елден Еламанның әкесі келген. Бәріміз жабылып Еламанды алып қала алмадық. Еламанды төрт жылға соттады. Сот Байзақов көшесіндегі аудандық сот үйінде болды. Қандай өкінішті еді. Мұрат пен мені оқудан шығарды. Тек Қайрат пен Нұртуған дипломдарын алды. Елге кетті. Пәтерде жалғыз қалдым. Жауапта жүрген күндердің азабы бір бөлек әңгіме, желтоқсаннан кейінгі үш ай сансыратып кетті. Оқудан да шығып, далада қалдым. Март айында Алматыдағы ПМК-37 «Алматыжилстройға» монтажник болып жұмысқа кірдім. Пәтерге жігіттердің қарызын төледім. Соңымызда КГБ-ның адамдары. Олар құрылысқа да келіп тексерді, әйтеуір ешқайсымызды әкетпеді. Күндер, жылдар өте береді екен. Келесі жылы оқуға тапсырып, Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне оқуға түстім. Сурет салушы едім, архитектура сонымен қалды.

1991 жылы егемендік алдық қой. Не деген бақыт! Бірақ, егемендікті алуға желтоқсандықтардың да үлесі бар екенін еске ала бермейміз, сол өкіндіреді...

1. НАЙЗАҒАЙ ОЙНАҒАН КҮНДЕР

Мезгіл сәске түс. Лекция басталғанын хабарлап, қоңырау соғылысымен өзім кураторлық ететін бірінші курстағы студенттерімнің аудиторияға жапатармағай еніп, орындарына жайғасқанын көрген мен кафедраға қарай бұрыла беріп едім, алдымнан лаборант келіншек қарсы ұшырасты. Өңі сұп-сұр.

– Декан барлық оқытушыларды шұғыл шақырып жатыр, – деді ол аптыға сөйлеп.

– Тыныштық па?

– Тыныштық емес. Студенттер Колбиннің Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы боп келгеніне қарсылық білдіріпті.

Біз тез жиналдык.

– Алматы жастары Орталық алаңға (қазіргі Республика алаңы) жиналып жатқан көрінеді. Сіздер, жолдас кураторлар, өз студенттеріңізге әзір болыңыздар. Ол жаққа бірде бір студент аяқ баспасын. Бәріне жағдайды айтып, түсінік жұмысын жүргізіңіздер. Қазір ғана бізге Қазақ ССР-і Орталық партия комитетінен: «Алаңдағы берексіз у-шуға студенттеріңіз қатыспасын! Егер қатысса, бізден жақсылық күтпендер!» – деген қатаң тапсырма алдық.

Куратор жолдастар, ешқандай қорқытып-үркіткенім емес, егер өздерің жетекшілік ететін курстан бір студент алаңға баратын болса, бастарыңмен жауап беріп, қатаң жазаға ұшырайсыңдар, – деді деканымыз Козменко әр сөзін нығарлай сөйлеп.

Тез тарадық. Студенттерім жайғасып отырған әлгі аудиторияға келсем, жан баласы жоқ. Жүрегім бір сұмдықты сезіп, жүгіре басып, дереу университет тұсындағы аялдамаға келдім. Келсем, 22 студентім автобус күтіп тұр. Тойға бара жатқандай бәрінің көңілдері көтеріңкі, жүздері жарқын.

– Қайда барасыңдар? – дедім еңтігімді баса алмай.

– Орталық алаңға.

– Тілімді алып, қайтыңдар. Мұның аяғы үлкен шатаққа айналады. Сендер жассыңдар, жаным ашиды. Менің де өздеріңдей балаларым бар, – деп сезімдеріне тиіп, түсіндіре

бастап едім, әскери борышын өтеп келген ұзын бойлы, сымбатты, ер тұлғалы, шашы, қасы-көзі мойылдай қара Айдар Елтүзеров деген студентім:

– Ағай! Біз сізді көрген жоқпыз, сіз бізді көрген жоқсыз! – деді жігерге толы асқақ, өр үнмен кесіп сөйлеп.

– Солай ма?! – дедім мен де өктем үн қатып, ықтырып, өз дегеніме көндірsem деген үмітпен, мөлдір, тұнық жанарынан жанарымды алмай.

– Солай! – Ол тайсалмады. 22 студентімнің үшеуі әскери борышын өтегендер еді. Қалған 19-ы мектеп қабырғасынан жаңа келген, өмірдің ащы-тұшысынан әлі хабары аз сарыауыз балапандар болатын. Ендігі жерде соларға қарап:

– Тілімді алып, кері қайтыңдар, – деп едім, бәрі бір ауыздан:

– Қайтпаймыз, ағай, бізді үгіттеп әуре болмаңыз, – деді.

Үн-түнсiз керi оралдым. Деканымыз:

– Ешқайсың ешқайда кетпейсiңдер, – деп ескерттi. Түс қайта, сағат төрт шамасында ол бізді қайта жинап:

– Қазір бәріміз Орталық алаңға барамыз. Әрқайсымыз студенттерімізбен жеке-жеке сөйлесіп, кері алып қайтамыз, – деді.

Орталық алаңға бардық. Алып алаңда ине шаншар бос жер жоқ. Қаптаған жастар. Олардың кейбірі өз тұстастарының иықтарына шығып:

– Москва біздің ұлттық сезімімізді аяққа таптап, қорлады. Көсеміміз Лениннің ұлттық саясаты бұрмаланды. Тіліміз жойылу алдында. Бізге мүлде белгісіз Колбиннің керегі жоқ! – деген тәрізді ашу-ызаға, ренішке толы сөздерді айтты, сұрақтарына тиісті жауап алғанша құрбы-құрдастарын алаңнан кетпеуге шақырып жатыр.

Биік мінбеде Үкімет басшылары. Колбин көрінбейді. Микрофон ұстаған ұзын бойлы біреудің қолына қайта-қайта жармасып, микрофонды алып, сөз сөйлемек болған біздің журналистика факультетінің төртінші курс студенті Мира Берікболованы көріп, таң қалдым.

– Ойпырма-ай, мына қызымыз не деген өжет?! – деп іштей сүйсініп, бір жағынан ертеңгі күні басына бұлт үйіріліп жүрмесе игі еді деп тітіркене қауіптендім. Ақыры қасындағы адамнан микрофонды тартып алып:

– Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында бірде-бір қазақша бала бақша, бірде-бір қазақша мектеп жоқ. Бұл қазақтарды адам орнына санамаудың айқын дәлелі! – деген тәрізді қаныңды қайнатар ашу-ызаға, ренішке толы сөздер айтты. Кейін білдік, әлгі микрофон иесі Қазақ ССР-і Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Шевченко екен.

Үкімет мүшелері:

– Тарандар! Тарамасандар, күш қолданамыз, – деп қорқыта сөйлеп, жастардың намысына тиіп, жағдайды бұрыңғыдан да ұшықтыра түсті.

Бір сұмдықтың боларынан хабар бергендей кеш қабағы салбырап, айнала-төңірек қарауыта бастады. Студенттерімізге:

– Жүріңдер, қайтайық, – десек, үнсіз бастарын шайқайды. Тіпті бізді танымайтын жандардай сөйлескілері келмей, теріс айналып кетеді. Олардың илікпейтініне деканымыздың көзі жетті-ау деймін:

– Жарық барда факультетімізге жетіп алайық, – деп алаңға келген оқытушыларды ертіп, күнбатысқа қарай жылыстады. Алаңнан жүз, жүз елу метрдей ұзай бергенімізде, қарсы жақтан үш қазақ жігіті асқан жылдамдықпен жүгіріп келе жатты. Біреуі ұзын, екеуі орта бойлы. Бейне ұлы бәйгеден құр қалатын жандардай тұсымыздан зу етіп өте шықты. Сол сәт көз алдыма баяғының батырлары елестеді. Іле-шала Баукеңнің, Бауыржан Момышұлының: «Біздің арамызда қорқақ жоқ» – деген аталы сөзі есіме түсті.

Соңыма бұрылып қарап едім, алаң желді күнгі теңіз толқындай ығы-жығы көрініске толып кетіпті. Төбелестің басталғанын ішім сезіп, қатты тітіркене тіксіндім.

Ертеңіне-ақ тергеу, тексеру басталды. Жиналыстан жиналыс. Кафедра меңгерушім Сопкин:

– Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды дейсіңдер. Оған балаларын өз еркімен орыс мектебіне берген ата-аналардың өздері кінәлі. Басқа жақтан мысал іздемей-ақ қояйық, мына біздің оқытушымыз Мамытбек Қалдыбайұлы баласын орыс мектебінде оқытып жүр, – десе бола ма? Мен орнымнан ұшып тұрып:

– Петр Тереньтевич, сіз қателесіп тұрсыз. Менің балам 145-ші қазақ орта мектебінде оқиды, – деп едім, студенттер ду қол соқты.

Бір орыс студенті:

– Алаңға шыққандарды аяусыз жазалау керек. Уы денеге жайылып кетпес үшін қарақұрт, не жылан шаққан дене бөлшегін өткір пышақпен түгел кесіп алып тастау қажет! – деп кіжіне, сес көрсете сөйледі. Ой, ол күндері кім не демеді?

Үш студент қызым тар қапасқа қамалып, бір аптадан кейін ғана шықты. Ол үшеуі бір оңбағандардың айтақтауымен:

– Бізді алаңға барындар деп ұйымдастырып, үгіттеген оқытушымыз Мамытбек ағай мен ректорымыз Өмірбек Жолдасбеков, – деп мәлімдепті. Қалған 19 студентім:

– Бұл – жала. Қайта Мамытбек ағай бармандар деген, – деп маған ара түсіпті.

Бостандық аудандық милиция бөлімінің қызметкері, майор Шортанбаевтың қабылдауында болғанымда:

– Сіз қамалуға сәл-ақ қалдыңыз, – деді.

– Қалайша? Істің ақ, қарасын ажыратпай қамай бересіздер ме?

– Істің ақ, қарасы қашан анықталғанша азап шегетін едіңіз.

Кейін білдім, мені қамау жөнінде тиісті орыннан арнайы тапсырма болған тәрізді. Бағыма орай, кінәсіз екеніме көзі жеткен Шортанбаев азаматтық жасап, арыма ара түсіпті. Ол ұлттық қаны, намысы бар, әділетті жігіт екен. Кейін жағдаймен таныса келе оның талай студентімізді жазадан аман алып қалғанын білдім.

Есімде ұмытылмай қалған бір жағдай – университет оқытушылары бас қосқан үлкен жиында ректорымыз Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтың өзін еркін, өр ұстап, батыл да тапқыр сөйлеген сөзі. Жиналысқа Қазақ ССР-і Орталық партия комитетінің хатшысы З.Камалиденов те қатысып отырған еді. Өмекең оған қасқая қарап:

– Жеке басыңның мақсаты үшін маған жала жауып, Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырған сенсің деп мені қылмыскер етіп, тар қапасқа қамамақсың. Ол ойыңнан түк те шықпайды. Аққа қара жұқпайды. Кімнің кім екенін әлі уақыт көрсетеді. Халқымның, елімнің алдында арым таза! – деді.

Бұл сөз бәрімізге қуат беріп, еңкіш тартқан еңсемізді тіктей түсті.

Жасырып, жабары жоқ, арамызда кертартпа, кеше оқытушылар да кездесті. Көтеріліске қатысқан студенттерімізді кекетіп, арына тигендері де болды. Мысалы, менің бірінші курсымды бастап, алаңға алып барған Айдар Елгузеровты:

– Ей, Елбұзаров! – деп мазақтай күлген оқытушысымақты да ұшырастырдык. Керісінше, Тұрымтай тәрізді ұстаздар шырылдап, студенттерді жазадан аман алып қалуда үлкен ерлік танытты. Сол тұста менің ауырып, ауруханаға түскенімде, ол кісі:

– Сендер тіл алмай оқытушыларыңның жүрегін ауырттыңдар, – деп маған да қамқоршы болды.

Мен студенттерімді:

– Бұлар әлі балапан, мектепті жаңа бітіргендер, – деп қорғап бақтым.

– Ағай, бізді итке талатып, темір таяқпен, темір күрекпен ұрады деп ойлаған жоқпыз. Шынымызды айтсақ, бір жағынан жастардың көп жиналғанын қызық көрдік, – деген студентім Гүлзира Серғазинаның сөзіне қалай сенбессің?

Қамалып қалған үш студент қызымның жағдайын білгелі күнде милиция бөліміне барып, Жұмахан Шортанбаевпен сөйлесіп тұрдым. Заң бойынша олармен мені жолықтырмады.

– Сізден өтінем, үш қызыма зорлық, зомбылық жасалма-сын. Өзіңнің де бала-шағаң бар шығар? – дегенімде, майор:

– Маған сеніңіз, оларға ешкім зәбір көрсете алмайды. Мен өзім жеке бақылауыма алып отырмын, – деді. Мың болғыр Жұмахан (бүгінде Алматы облыстық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі) сөзінде тұрды. Бір аптадан кейін қыздарым тар қапастан аман-есен шықты. Сондағы қуанғанымды көрсеңіз. Мен, әсіресе, милиция қызметкерелері арасында да Желтоқсан жастарына жаны ашығандардың болғанына қуандым.

Республика прокурорынан шақырту алып, барғанымда, жас тергеуші жігіт даусын көтеріп, тықақтап:

– Сен Колбинге қарсы екенсің! – деп зілдене сөйлегеніне зығырданым қайнап, өзімді өзім ұмытқандай күй кештім.

– Сен, біріншіден, маған сіз деп сөйле. Екіншіден, мені Колбинге қарсы деп кім айтты?! – дедім алқымынан ала түсердей ашуға мініп. Ол тайсақтап, жөніне көшті. Мұндай

қан қайнатар, жүйкенді жүнше түтер қайғылы күндер де аз болған жоқ...

Тергеу бірнеше айға созылды. Сол тұстағы шеккен азабымызды, жер боп қорланған сезімімізді сөзбен айтып жеткізу қиын. Бәрінен өрімдей жас қыздарымыз бен ұлдарымыздың итке таланып, темір таяқ, темір күрек соққыларына жығылғанын, жендеттердің керзі етігі тепкісінен бауырларының, бүйректерінің езілгенін, ызғарлы аязда бірнеше сағат қар үстінде жатқанын еске алған сайын, құлдық, бодаулық өмірдің қандай қасірет екенін бар болмысыммен терең сезіне түскендей болам.

Найзағай ойнағандай әсер еткен сол сұсты Желтоқсан күндерінде екінші курс студенттеріне:

– Бақыт дегеніміз не? – деген сұрақ қойғаным бар. Ешқайсысы жөнді жауап бере алмай қиналды. Берген жауаптары жалпылама.

– Бақыт дегеніміз бір сөзбен ғана айқындалады, – деп қайта-қайта ескертіп, әлекке түстім. Ақырында бір студент (өкінішке орай, аты-жөнін ұмытыппын):

– Бақыт дегеніміз – бостандық, – деп жауап берді.

– Дұрыс, жарайсың! – деп мен оған ризалығымды білдірдім.

Біз тәуелсіз елдің нағыз бақытты азаматтарымыз. Бұл теңдесі жоқ шаттыққа оңай жеткен жоқпыз, оған талай ерлеріміздің төгілген қаны мен тері, көз жасы арқылы жеткенімізді ешқашан ұмытпауымыз керек. „Баянсыз жігіт жұлқынса да, жауға шаба алмас, дауға жарамас,, – деген ұлағатты сөзге мән бере отырып, Желтоқсан көтерілісі күндерінде халқымыздың намысы үшін арыстандай айбат шегіп, жолбарыстай қайрат танытқан ержүрек жастарымыздың ерлігіне бас ие отырып:

– Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы неде? – деген сұраққа, мен өзімше:

– Ержүрек жастарымыздың ашу-ызасы, намысы – жеріміздің тұтастығын сақтап қалуға да ерекше қызмет етті. Егер «басқа салды, біз көндік» деген құлдық сезім жетегіне еріп, үндемей қалғанымызда, солтүстік облыстарымыз, сөз жоқ, Ресейге, Маңғыстау Түрікменстанға, Оңтүстік Қазақстан облысы Өзбекстанға үлестіріліп берілер еді. Желтоқсан көтерілісінің ең үлкен маңызының бірі осында деп білем...

2. ЕРЛІК РУХЫ

Құлдыққа, бодандыққа қарсы бас көтерген 1986 жылдың 16-желтоқсан күнгі қазақ жастарының ашу-ызасы арнайы сынақтан өткен Үкімет қарулы күшінің жан төзгісіз ауыр соққысына тап болды. Талап-тілектерін бейбіт жолмен шешеміз деп үміттенген олар шектен шыққан қатыгездікті мүлде күткен жоқ еді. Халықтарға теңдік, бостандық әпердік деген Кеңес үкіметінің саясаты алдамшы екеніне анық көздері жеткен жастар қан жұтып, қансырап жатса да, алған беттерінен қайтпады.

Қанша құрбы-құрдастары соққыға жығылып, итке таланып, түрмеге түсті, қанша құрбы-құрдастары қол-аяғынан оңбай жараланып, қақаған қыста бірнеше сағат бойы қар үстінде жатып, мүгедек болды. Осының бәрін көре, біле тұра ешқайсысы жасып, жалтақтамады.

...18-ші желтоқсан. Қабақтары жауар бұлттай түйіліп, жанарлары ашу-ызадан от шашқан жастар Үкімет алаңына бүгін де көктемгі таскындай жан-жақтан толассыз құйылып жатты. Қандықол, қандыкөз қарулы әскерден сескенген бірі жоқ.

Сағат таңертеңгі он. Алаңға С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің бірінші курс студенті Асқар да келді. Жалаңбас. Қалың қара шашы кері қайырылмай жалдана көтеріліп, суық сорған түзу, қыр мұрыны сұрлана сорайып, боп-боз өңін сұстандыра түскен. Үстінде жұқалау сұр түсті пальто, аяғында бәтіңке.

Алаң толы өзіндей жастар. Әр тұстан:

– Біз күш қолданғанға қарсымыз! Екі күннен бері талай құрбы-құрдастарымыз соққыға жығылып, түрмеге қамалды, талайының бастары жарылып, қол-аяқтары сынды. Бұл не масқара?!

– Осының бәріне үкімет жауап беруге тиіс!

– Бізге өзіміздің республикамыздан шыққан басшы керек. Колбин кетсін!

– Ана тілімізде бала бақшалар, мектептер ашылсын! – деп айкайлаған ызалы дауыстар жан-жақтан естіліп жатты.

Жастардың қарсы алдарында ұзыннан ұзын шеп құрып, бұйрық күтіп тұрған қарулы әскер төбелесті бастап жіберді.

Бұл жолы қандықол жендеттер қулыққа көшіп, қалың нөпір жастар тобын бес-оннан бөлшектей қоршап ап, соққыға жығып, күнібұрын арнайы әкелінген машиналарға тиеп әлек.

Кеуделерін кек кернеген бейбіт шерушілер қоршауда қалған замандастарына қол ұшын бере алмай аласұрды. Олай ету енді еш мүмкін емес еді.

Шетінен бөлшектей қоршап, соққы астына алған жауыздар қарусыз жандарды жапыра қиратып, аяусыз жаншып, тоз-тозын шығаруға айналды. Өзек өртер өкініш-ұйымдаспаған, бір орталықтан басшылық еткен көсемі жоқ, қарусыз жастар бұл жолы да шегінуге мәжбүр болды.

– Аға, қоршауда қаласыз, қашыңыз! – деген нәзік дауысқа Асқар жалт қарай бере, бір жендеттің жас қызды ұшы сүйір, сабы қысқа күрекпен құлаштай ұрғанын, әлгі өрімдей қыздың шыңғыра құлап бара жатқанын көріп қалды.

– Миы шашылып кеткен шығар, – деп ойлап үлгерген ол бар пәрменімен алға жүгіре жөнелді.

Қанды алаңның батыс жақ шетіндегі көлденең көшені кесіп өткен ол енді жүгіргенін қойып, аздап ентігін баспақ еді. Сол мезетте соңынан қуып жеткен жендет резіңкі таяқпен оң аяғының тізесін көздей ұрды. Асқар көк мұз үстіне кескен теректей құлап түсті. Жалма-жан етқызуымен орнынан тұрмақ боп еді, тұра алмады. Бір кезде екі қыз екі жағынан кеп, қолтығынан сүйемелдеп:

– Жүріңіз, аға. Қолға түспей тұрғанда тез бұл жерден кетіп үлгерейік, – деп алға жетектей бастады. Аяғының зырқырап ауырғанын білдіргісі келмеген ол ернін тістеп, ақсандап келеді. Жүз метрдей жүргеннен кейін биіктігі кісі бойындай бетон қоршау-қабырғаға кезікті. Қабырға жанында сырықтай арық екі жігіт тұр. Жүгіріп келгендерді келгендей екі қолынан ұстап, тік көтеріп, қоршау-қабырғаның ар жағына асырып жатыр. Жүздерін тер көміп кеткен.

Екі жігіт Асқарға да көмек қолын созды. Ол солай аман қалды. Әупірімдеп машина ұстап, жатахқанасына жетті. Соққы тиген аяғы зырқырап ауырып, күп боп ісіп, жанын қоярға жер таптырар емес. Сыр бермей шыдап бақты. Шыдамасқа амалы жоқ. Жараланып ауруханаға түскендер дереу тиісті орындарға хабарланып, қылмыскерлер тізіміне тіркеліп жатқанын ол бірінші күні-ақ естіген.

Төсекке таңылып, орнынан қозғала алмай қалған Асқар төртінші күні дәрігер шақыртуға мәжбүр болды. Келген дәрігер еврей жігіті екен.

– Аяғыңды ірің жайлап кеткен. Тізенің ортасында сұйықтық болады. Ірің сол сұйықтыққа 3-4 миллиметр ғана жетпеген. Тез операция жасамасақ, аяғың жүрмей, семіп қалады, – деп жедел жәрдем шақыртып, ауруханаға алып кетті.

Дәрігер азамат екен, Асқардың Желтоқсан көтерілісіне қатысқанын білгенімен білмеген сыңай танытты. Ешкімге ештеңе деген жоқ. Ың-шыңсыз операция жасады.

Асқар университетіне аяғын тік басып оралды.

– Сен қайда кеттің? Бір жендет иығымнан темір күрекпен ұрып, талдырып тастады. Көмекке келер десем, ұшты-күйлі жоксың, – деп өзімен алаңға бірге барған курстас құрбы қызы ренжи өкпеледі.

– Керісінше, мен сені іздеп таппадым ғой. – Асқар басынан өткен жағдайды айтып еді:

– Міне, қарашы иттердің істегенін. Күрек жүзі иығымды кесіп түсуге сәл-ақ қалған, – деп курстас құрбысы көйлегінің жағасын ағытып, жарақат ізін көрсетті.

Көп ұзамай «Вечерняя Алматы» газетінде құрбысының суреті жарияланды. Енді оған ұсталып, тар қапасқа камалу қаупі төнді. Ол беліне түскен шашын қырқып, бұйралады, сәнді киімдерін жұпыны, ескі киімдермен ауыстырып, әлекке түсті. Көзілдірік киіп, суреттегі бейнесінен мүлде бөлек бейнеге енді. Сөйтіп ұсталмай, аман қалды.

Күнде тергеу. Үлкен аудиторияда бірінші курстың 90 студенті қатысқан жиналыс өтті. Оған Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің үш қызметкері қатысты. Біреуі Москвадан келген орыс, екеуі қазақ. Студенттерге:

– Нендей жағдай? Алаңға шығуларыңа не себеп болды? – деп сұрақ қойды. Екі қазақ жігіті көрер көзге еш қымсынбай Москвадан келген орыс жігітіне жағымпазданып, жағынып отыр. Бұл көрініс студенттердің ашу-ызасын еселей түсті.

Әлгі үшеу бұған дейін жатақхана бөлмелерін аралап, әр студентпен жеке сөйлесіп, біразын университеттен шығарып, біразын түрмеге қамап үлгерген еді. Ойлары – жастардың сағын сындырып, жасыту. Мына жиналысты өткіздегі мақсаттары да сол болатын.

Бірінші боп Ғазиз деген, жасы отыздан асып кеткен, коммунист студент сөз алды. Ол Жезқазған облысының бір колхозында партия ұйымының хатшысы боп істеген, өте сауатты, білімді, орысша, қазақша, екі тілде еркін, шешен сөйлейтін жігіт еді. Ұлт тағдырына байланысты Лениннің томдарынан үзінділер келтіріп:

– Жастардың алаңға шығуының себебін біле тұра білмеген боп, құйтырқы сұрақ қойып отырсыңдар. Сендер ұлттық саясатты бұздыңдар. Лениннің пәлен томының пәлен бетінде былай деген, – деп ой бір кетті дейсің ағып. Мұны күтпеген үшеудің көздері шарасынан шыға жаздады. Москвадан келген жігіт сасқанынан:

– Сен қылмыскерсің! Сөйлеп тұрған сөзің – қылмыс! – деп айқайлады.

– Қылмыс емес, шындық! – деп Ғазиз өршелене түсті.

Студенттердің оны қолдап, қолпаштай соққан қолы аудитория ішін жаңғыртып жіберді.

Ғазиз сөйлеп бітіп, орнына барып отырды.

– Тағы кім сөйлейді?

Аудитория құлаққа ұрған танадай жым-жырт. Көзге түсіп, ертеңгі күні тергеудің астында қалам ба дегендей ешкімде үн жоқ. Шынымен жастар жасып, айтар сөзін айта алмауға айналған ба? Кенет:

– Маған рұқсат етіңіз? – деп аудиторияның алдыңғы қатарында отырған Асқар қол көтеріп, орнынан тұрды.

– Рұқсат.

Ол мінбеге жайлап басып кеп:

– Мен қанды алаңдағы бір көрініске арнап жазған өлеңімді оқысам деймін, – деп төмендегі төрт шумақ өлеңді жатқа оқып шықты.

– Жүрегінде ұлттық намыс оянған,
Жас қыз жатты өз қанына боялған.
Он екіде ашылмаған бір гүлі,
Көрер қызық, бақытынан тоналған.

Ата-ананың әлпештеген бір қызы,
Мүмкін әлде бір сорлының жалғызы.
Қарақұстан тиген соққы талдырып,
Солып бара жатты қырдың бір гүлі.

Бір жігіттің армандаған ғашығы.
Қол жетпеген біреулердің асылы.
Болашақта мүмкін қазақ ақыны,
Сорлы өнердің тумай сөнген жалыны.

Жас қыз жатты соңғы деммен қырылдап,
Өлі жанға енді кімдер ұрынбақ?
Жиркенгендей жерде болған сұмдықтан,
Күн де батып бара жатты қырындап...

Асқар өлеңін оқып болғанда курстас студенттер орындарынан тік тұрып, ұзақ қол соқты. Аудиторияның орта тұсынан:

– Қанша қанға бөктіргенмен халқымыздың ерлік рухы жеңілмейді! – деген өр дауыс естілді. Келген үшеу бастары салбырап, қабақтары түйілген күйі жылдам басып, аудиториядан үн-түнсіз шығып бара жатты...

МЕНИ ҰСТАЗЫМ ҚҰТҚАРДЫ

Ол кезде Алматы қаласындағы энерго-құрылыс техникумының 2 курсында оқып жүрген кезім. Біздің топтың көпшілігі жатақханада тұратын, себебі ауылдан келген қаракөздер еді. Күндегі әдетімізше жатақханадан шығып, сабаққа келдік. Келсек, мұғалімдеріміз жоқ. Аудитория іші гу-гу әңгіме.

Мен топтың комсоргі болатынмын. Ол кезде комсорг болу үлкен бедел еді ғой. Комсоргтің айтқаны заң болатын. Ақыры отыра-отыра шыдамдылық, не болса да алаңға барайық деп шештік. Топтағы өзге де ұлт өкілдеріне: «Барасыңдар ма?» – деп едім, оларда үн болмады. Сосын өзімізбен қатар оқитын 2-топтың қыз-жігіттерімен және өзіміздің топтың бірге барамын дегендерін ертіп, алаңға бет алдық. Көліктерді тоқтатып тастағандықтан жаяу кетіп бара жатқанбыз, артымыздан қара терге түскен бір мұғалім қуып жетті. Ол кісі бізбен қатар оқитын топтың жетекшісі болатын. Бізге жетер-жетпестен айкайға басты. «Қайтпайтын болсаңдар, ертең оқудан шығартамын, ісім сендермен болсын» деген сияқты сөздерімен қорқыта бастады. Ол кісіні

тындайтындай менде хал жоқ еді, есіл-дертім алаңға жету болатын. Қасымдағылардың ұстаздың ығына жығылып, сөзін қостағандары да болды. Тұра берсек, жібермесін түсіндім. Маған шегінуге жол жоқ, тәуекелге бел будым. «Намыстарың болса, қалмаңдар!» – дедім де, қасымызға келіп, тоқтай қалған №32 автобусты жүгіріп кіріп кеттім. Мені осы сөзім әсер етті ме білмеймін, кібірткітеп тұрғандар автобусты қарай жүгірді. Кейін білдім, осы бір ауыз сөзім өзіме таяқ болып тиді ғой. Автобусты кісі көп, алаңға қарай бармаймын деп, біраз жүрген соң, бізді орта жолға түсіріп кетті. Бастапқыдай емес, тобымыз азайып қалыпты. Тағы жаяу жүрдік, шаршасақ та алаңға жеттік. Алаңға келген кезде өз көзіме өзім сенбедім. Теледидардан шет елдегі жаңалықтардан көргенімдей көрініс болды. Адамның көптігі қайран қалдырды. Қаз-қатар тізіліп, өлең айтып келе жатқан жастарға біз де қосылып кеттік.

Адамның көптігінен мен өз тобымнан адасып қалдым. Оларды тауып алайын деген оймен жолдың шетіне шығып, қарап тұрғанмын. Сол мезетте қасыма әдеміше келген әпкеміз жетіп келіп, «қазақпысың?» – деді. Мен: «Қазақпын» – дедім. «Олай болса, мына плакатты ұста!» – деді. Плакатты қолыма алып, көз жүгірттім. Онда былай деп жазылған: «Әр ұлттың көсемі өз ұлтынан болу керек!»

Осы бір жалынды сөздерді оқығанда, бір түрлі жігерленіп кеткендей болдым. Қасымдағы тұрған қызды танымасам да, плакаттың екінші шетін ұстауын өтініп едім, ол қарсы болмады. Сонымен, плакатты қолымызға ұстап, өлеңімізді айтып, алға қарай жылжыдық. Өлеңнің әсері ме, жоқ әлде ар-намыстың тапталғанын өз көзіммен көргендіктен бе? Білмеймін. Қарасам, ең алдыңғы қатарға шығып алыппын. Алдымызда темірмен құрсауланған омондар, оң жағымызда қолдарында сойылдары бар милиционерлер қаптап тұр екен. Жан-жағымызда не болып жатқанын түсініп болмастан, саңқылдаған дауыс зорайтқышты қолына ұстаған бір ағай бұйрық беріп жатты. Бір кезде қаптаған милициялар бізге қарай тұра жүгірді. «Қашыңдар, аналар бізді соғуға келе жатыр», – деді қасымыздағы біреу. Қатарда тұрғындардың жартысы артқа қарай жүгірді. Мен сияқты мүмкін емес дегендер орнымызда тұрып қалдық. Расымен, олар келе сала бас-көз

демей, яғни қыздарды да аямай ұрып-соға бастады. Мұндай сұмдықты көремін деп ойлаған жоқ едім, шошығанымнан тұрған орнымнан қозғала алмай, қаттым да қалдым. Мен есімді жинағанша болмады, сол жағымнан сарт етіп тиген таяқтан, жерге ұшып түстім. Жалт қарасам, арт жағымда еңгезердей орыс ағай қарап тұр. «Неге қашпайсың, оңбаған, кет үйіңе», – деп айқай салды. Мен жауап беріп үлгерместен, бір қазақ жігіті: «Олар ешкімді аямайды, қарындасым, қаш!» – деді де, мені қолымнан ұстаған күйі жүгіріп кетті.

Жер тайғақ, құлап жатқан, жылап жатқан үсті-басы қан-қан қыз-жігіттерді көргенімде, жүрегім езіліп, қорланғанымды сезіндім. Жанарыма жас үйіріліп, іштей қатты күйзеліп, бұл дүниеден безіп кеткім келді. Амал не, қолдан келер, қайыр жоқ. Сол кездегі менің көргенімді жан баласына көрсетпей-ақ қойсын. Сөзбен айтып жеткізе алмаймын. «Қанды жексенбі» деген киноны көргендер ғана түсінетін шығар.

Кешке таман әрең дегенде жатақханаға жеттім. Бірге барған қыздарымды жатақханадан таптым, аман-есен екендерін көріп қуандым. Іштерінде таяқ жегендері де бар екен. Сол күні жатақханада мұғалімдер кезекшілікке тұрып, бәрімізді түгендеп, қайта-қайта тексерумен болды. Ертеңінде мені милиционер келіп алып кетті. «Целинный» кинотеатрының қасындағы милиция бөліміне алып барды. Түсініктеме жазғызды. Көргенімді айтып, жазып берсем де олар маған сенбеді. «Сен үгіт-насихат жүргізіп, барлық топтағыларды алаңға баруға мәжбүрледің» – деді. «Шыныңды айтпасаң, қамаймыз» деп астыңғы қабатқа (подвалға) ертіп барды. Сөйтсем, астыңғы қабатқа студент жастарды қамап қойыпты. Көздері мөлдіреген қандастарымыз темір торға әрең сиып тұр, орын жоқ. Сондықтан болар, мені қайта үстіңгі қабатқа алып келді. Басқа кабинетке апарып, тағы да түсініктеме жазғызды. Алдында жазғанымдай тағы да жазып бердім. Әке-шешем туралы сұрап, «жұмыс орнына хабарлаймыз, партиядан шығарамыз» деді. Әкем ол кезде, қарапайым шопан болғанымен аудандық кеңестің депутаты, коммунист болатын. Мен әке-шешеме айтпауын өтініп едім, олар шыныңды айтсаң, айтпаймыз деді. Маған бәрібір сенбеді. Осындай жағдайлар күнде-күнде қайталана берді.

Сабақ үстінен де алып кетіп жүрді. Жүйкеме тиетін болды. Сол кезде маған көмекке келген кісі әлі күнге дейін ұмыта алар емеспін. Ол адам өзге ұлт өкілі болса да, өз қызындай қорғап алды. Сол кезде маған қорған болған, өз әкемдей болып кеткен, біздің топтың жетекшісі – Николай Николаевич Обухов еді. Н.Н. Обухов мен үшін өзінің әріптестерімен де ашық айқасқа түсті. Мені салған жиналысқа ол кісіні де қоса салды. Сонда да адам қайтпады. Ұстазым мені сол бір қиын кезде ақыл беріп, жігерлендіріп отыратын. Ұстазым да коммунист болатын. Ал менің соңыма тұсып алған, заң орындарына да айтып жүрген адам 2-топтың жетекшісі болып шықты. Ол апайымыз: «Артынан барғанымда мені тыңдамай, қасындағыларын үгіттеп алаңға алып кеткені үшін, бұл қызды оқудан, комсомол қатарынан шығару керек», – деген сөздерімен Н. Н. Обуховты мезі еткен болу керек: «Олай болса, мені де қоса шығар», – деді.

Содан кейін ол апайымыз мені қудалауын да қойды. Ал, өзімнің ұстазым менімен сұраққа да бірге барған күндері болды. Шынымды айтсам, ол жерде мен өзімді қалай ұстауымды, қалай жауап беруімнің керектігін үйрендім. Егерде ол адам болмағанда, мен де сотталып кете баратын едім.

Әлі есімде, «оқудан шығарылсын, комсомол қатарынан шығарамыз» деген сияқты сөздер қозғалды. Маған сөз бергенде: «Оқудан шығара беріңдер, тек комсомолдан шығармасаңдар болды», – дедім. Ұстазым осы сөзді ести сала шыр-пыр болды. «Осы сөздің өзі-ақ дәлел емес пе? Оның өз болашағын ойламай, Отанға деген сүйіспеншілігін көрсетіп тұрғанын осы бір ауыз сөзден түсінуге болады», – деп, тағы басқа дәлелдермен ешкімді сөйлетпеді. Ақыры сол жиналыста ұстазымның арқасында, комсомол қатарынан да шықпай, оқудан да шықпай, тек қана қатаң сөгіс алып, комсоргтықтан түсірді.

Ұстазымның арқасында оқуымды аяқтап, жолдама арқылы Улан-Удэ қаласына барып, жұмыс істедім. Қасымда өзімнің дос қызым алматылық Реутова Ольга Владимірқызы болды. Жат жерде ол екеуміз талай қиыншылықты бастан өткердік. Бірде екеуміз сөйлесіп отырғанда, туған жеріне деген сағыныштан ба, жоқ, әлде көрген қиыншылығынан ба, «қазақтың қадірін алыста жүргенде түсіндім» – деді

Оля. Сондықтан болар, кейіннен ол қазақ жігітіне күйеуге шықты. Жігіті өзімізбен бірге оқыған алматылық болатын.

Менің бұдан кейінгі өмірім тұрмысқа шығып, туған еліме оралуыммен жалғасты. Туған жерім Алакөл ауданы Үшарал қаласында тұрдым. Сонда өз мамандығым бойынша Алакөл аудандық электр жүйесінде инженер қызметін атқардым. Қоныс аударып, облыс орталығы Талдықорған қаласына көшіп келгендіктен, сырттай оқуға түсіп, заман талабына сай, мамандығымды өзгерттім. Алла бұйырса, болашақта психолог мамандығын аламын.

Гүлнәр КӨКСЕГЕНОВА,
Талдықорған қаласы.

Роза ШЫНТЕМІРОВА:

«ӘНІМДІ МӘЦГІГЕ ЖОҒАЛТҚАН ЖАНМЫН

Не үшін, кім үшін бардым алаңға!»

Ызғырық ескен Желтоқсанның сол бір күндері есіне түскен сайын денесі тітіркеніп, жүрегі бір аунап түскендей болады. Есіне түсіргісі келмейді! Бәрібір, бәрібір оралады сол ызғырық ескен күндер...

Розаны әдейі іздеп бардым. «Желтоқсанға қатысқаны айдай шындық. Бірақ оны ешкімге дәлелдей алмады. Басынан соққы алған. Көп қорлық көрді байғұс. Жарасы әлі толық жазылған жоқ...» деген бір танысымның сілтеуімен Алматы облысы, Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылында тұратын Роза Шынтемірованың үйінің есігін аштым.

– Мама! Қонақтар келді, қонақтар! – деп сегіз-тоғыз жасар балақан айқайлап үйіне кіріп кетті. Тап-тұйнақтай аула. Шап-шағын әдемі үй. «Отағасы құрылысқа епсекті кісі болар» деп ойлады. Әлгі балақаннан басқа тағы бір ересек бала жүгіріп келіп бізге сәлем беріп жатыр. Дөңгелек жүзді, аққұба келбетті жылы жүзді келіншек үйден шықты.

Іздеп келген Розамыз осы екен.

– Ол ызғарлы күндер жайлы айтқым, тіптен есіме түсіргім келмейді. Жаным ауырады. Жынданып кете жаздап,

қайта есімді жидым ғой. Бір емес, екі емес, ондаған жылдар қорлықтан көз ашпадым. Оған тән жарасы қосылса, нағыз тозақ сол екен, – деп Роза күрсініп қойды.

– Ол кезде мен Қыздар институтының студентімін. 5 жатақханада тұрдық. Бір бөлмеде үш-төрт қыз. Сәния, Бәкира, Гүлмира. Желтоқсанның 17-сі күні таңертең ондар шамасында төбемізге жай түскендей хабар естідік. «Қонаев түсіп қалыпты. Орнына орыс келіпті». Неге екенін кім білсін, қатты ызаландық. Көп ұзамай қайдан естігенін білмеймін: «Алаңға жастар жиналып жатыр. Наразылығын білдірмекші екен» деген дақпырт тарады. Қай шайтан түрткенін, орнымызда отыра алмадық. Ақыры алаңға бет алдық. Сәуле, Гуля деген қыздар бар жанымда. Сағат он екілер шамасында алаңда болдық. Шынында да, біраз адам жиналыпты. Гу-гу әңгіме. Плакаттар бар: «Әр ұлттың өз басшысы болсын!» Лениннің сөздері. Жұрт сөйлеп жатыр. Көп тұрдық. Кеш қараңғылығы түсіп келе жатты. Күн аяз. Алаң адамға толды. Қанша тоңсақ та бір ғаламат күш орнымыздан қозғалтпайды. Алдыңғы жақтан көрдік, солдаттар келіп шеп құрды. Олар біртін-біртін бізді жан-жақтан құрсаулай берді. Біздің жігіттер ағаш, тас алып қорғанбақшы болды. Төбелес басталды. Айқайлаған, шыңғырған дауыстар. Машинамен келіп су шашты. Күшті прожекторлар көз қарықтырады. Иттердің шабаланып үргені. Солдаттар ешкімді де аяйтын емес. Ұрып, тепкілеп жүр. Мен көпшілікпен бірге сүріне-кабына жүгіріп келемін. Сол кездері төбеме ауыр соққы тигендей болды. Көзім көрмей қалды. Ып-ыстық жылымшы сұйық ақты. Бетімнен, самайымнан... жанталасып тұрып жатып сүртемін, сүртемін келіп. Аузым жылымшы татиды. Құлап, жанұшыра қайта тұрдым. Әлдекімдер екі қолтығымнан алып демегендей болды. Жанұшыра жүгірдім. Ойымда: «Адамдардың аяқтарының астына қалмасам» деген қауіп...

Жырылып бір топ адам шетке шыға беріп едік, алдымыздан милицияның машинасы көлденеңдей берді. Есімде қалғаны, қырықтар шамасындағы милиционер татар жігіті:

– Мына жаққа қарай қашыңдар! Тез-тез! – деді. Әйтеуір, құтылдық-ау. Жатақханаға шалажансар күйімде жеттім. Үсті-басым қан-қан. Төбеме темір білік тиген-ау, сірә. Басым ауыра бастады. Қыздар йод жақты, қан тоқтамады. Есімді

эзер білемін. «Жедел жәрдем» шақырды. Олар дұрыстап карамады да. Бір жақсысы – қан тоқтады.

Дәл сол кезде мен ештеңе бағамдамадым. «Жазылады ғой» деп ойладым. Бүкіл ғұмырыма жетерлік ауру жамап алғанымды мен онда білген жоқпын. Алаңға барғаным менің басыма пәле болып жабысатынын, одан көп жылдар қорлық көретінімді білсемші. Адыра қалғыр сол өксікті күндердің ауырлығы сонша, кейде өзімді өлтіргім де келетін. Не үшін, кім үшін бардым екен сол алаңға?..

Тән жарасынан жан жарасы ауыр екен...

– Менің кеңестік жарқын өміріме, шуақты студенттік күндеріме алаңға барған күннің ертеңіне-ақ нүкте қойылды. Жақын достарым, сүйікті ұстаздарым менен теріс айналды. Мен бір құбыжық немесе халық жауы тәріздімін. Мен не бүлдіріппін сонда? Жазығым халқым, қазағым деп, намыс үшін алаңға барғаным ба? Аң-таңмын. Бейне түс көріп жатқандаймын. Достарым да, ұстаздарым да маған әзілдеп жүргендей. Бәрі де келіп бетімнен сүйіп, қайта құшағына алатындай.

Жо-жоқ! Басым зілдей болып ауырып отырған маған олар енді жылы көзқарас танытпады. Жалғыз қалдым. Дүниеде қанша зілмауыр қиындық болса да, қаншама жаныңды бұрап ауру қинағаныңда да, жалғыз қалғаннан ауыр емес екен.

Сүйретіліп аудиторияма бардым. Бәрі маған үрке қарайды. Көзге шыққан сүйелдеймін. Жиналыс жасады.

– Неге шықтың алаңға? – дейді деканым Өмірзақ Есназаров зілмен.

– Есің дұрыс па сенің? Кім ертіп барды? – дейді ұстазым Дәрмен Рахымжанов. Сұрақтар көп. Басымның іші шың-шың. Мың сан аралар шағып жатқандай. «Не үшін? Кім үшін?» сұрақ-аралар шағып жатыр миымды. Ақыры жарылып кеттім.

– Халқым үшін! Қазағым үшін бардым!

Шыр-шыр еткен менің үнім ешкімге жетпеді. Шыңғырғым келді. Аңырап жылағым келді. Бар күшімді жинап аудиториядан шығып кеттім. Ешкім тоқтатпады.

Бұл бұл ма, мені алда бұдан да ауыр күндер, айлар, жылдар күтіп тұр екен. Кейін өзіме-өзім таң қалдым. Қалай көтердім сол зілман ауырлықтарды?

Желтоқсанның 20-сында тергеушілер жетті. Сұрақтар: «Кім ертіп барды? Кім үгіттеді?» Суреттер әкеліп көрсетеді. «Мынау кімдер?» «Білмеймін» деймін мен қасарысып. Түн ортасында келіп кіріп, әлгі сұрақтарды тағы қояды олар. Өзім ауруыммен жанталасып жатсам да, оларға бәрібір екеніне көзім жетті. Не деген зұлымдық десеңші!

Мен баян тартатынмын. Өлең, ән айтатынмын. Отырыстың гүлі едім мен. Осы жанымдай жақсы көретін өнерімді сол оқиғадан кейін мәңгіге жоғалттым. Баянға жолағым келмейді. Жүрегім ауырады. Баянды оқытатын Сергей Константинович Ашлаков деген ұстазым болды. Ауырып, жабығып, кеудем өксікке толып жүрген ауыр күндері сол кісі маған көмекке келді. Ешкімнен қорыққан жоқ.

– Мына қыздың не жазығы бар? Өледі ғой бүйте берсе бұл байғұс, – деп өз қолымен апарып ауруханаға жатқызды мені. Мен ол кісінің жақсылығын ешқашан ұмытпаймын. Шынында да өліп те кетер ме едім, сол кісі араша түспегенде.

КГБ-дан екі адам келіп мені ұзақ әуреледі. Мәскеудің орыстары екен.

– Не көргеніңді жаз!– дейді. Мен қасарысып үидемеймін.

– Жаз! – деп айқайлады олар.

– Орысша білмеймін, – дедім мен қырсығып. Ақыры олар айтып тұрды, мен жаздым...

Оқудан шығарды. «Ұлтшылсың» деген айып тақты. Ауылға кеттім. Тоқсаныншы жылдары институтқа қайта келдім. Оқуымды жалғастырмақ ойда едім. Жолатпады. 1994 жылы қайта жалғастыруға мүмкіндік алдым. Оның өзінде де маған үрке қарайды. «Тәуелсізбіз. Неден қорқады екен?» деп ойладым. Ақыры өз факультетіме жолатпай, кітапханаға ауыстым.

Ерлік ұмытылмайды

– Мүгедекпін қазір. Желтоқсан көтерілісіне қатысқандар өтемақы алып жатыр деп естимін. Маған ақшаның қажеті жоқ. Аманым мен Есенім үшін, өзімнің намысым үшін «Желтоқсан көтерілісіне қатысушы» деген атақ берсе болды маған, – дейді Роза.

Көп емделіпті. Қытайға барып алтын ине алғаны кәдімгідей ем болған. Жолдасы Ақжүніс құрылысшы

екен. Ол көп көмегін, жан жылуын тигізген Розаға. Қазір Роза ұстаз. Қалай болғанда да, тән жарасы – бас жарақаты жиі мазалайды. Біз Розаны жұбаттық: «Еліңнің азаттығы үшін көтеріліске қатысқан қазақтың батыр қызысың» деп. Шынында да Роза және оның желтоқсаншы құрбыластары жасаған ерлікті халқы да, тарих та мәңгі ұмытпайды.

Ертай АЙҒАЛИҰЛЫ

«Ана тілі»,

10 маусым 2004 жыл.

Ұлман МҰХАМЕТЖАНОВА

МЕН ДЕ БІР КУӘГЕРІ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артында өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады».

Бауыржан Момышұлы

Желтоқсан...

Желтоқсан ызғары. 1986 жылғы оқиға талай қазақ жастарының жүрегінде өз ызғарын қалдырса да, сол қанды оқиға ел тәуелсіздігінің бастамасы ретінде ұлы өзгерістерге жетелегені даусыз.

Сол жылдар арман қуған жас кезім еді. Жүректе ана сүтінен дарыған Отанға деген сүйіспеншілік маздаған шақ.

Желтоқсан көтерілісіне қатынасып, оны өз көзіммен көріп, талай азапты жағдайларды өз басынан кешірген мен сияқты қазақ жастары қаншама!

«Тән жарасы жазылар, жан жарасы жазылмас» дегендей, өз қамы емес, ел қамы үшін алаңға шығып, жазықсыз жапа шеккендердің жан жарасының еміне не дауа?..

Алматы қалалық педагогикалық училищесінің мектепке дейінгі тәрбие бөлімін бітіріп, орыс балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істеп жүрген кезім. Жатақханада жатамын. Әрине, жатақхана үйсіз-күйсіз жүрген қазақ жастарының ол кездегі қол жетпес мекені еді.

Күнделікті жаңалықтарды қалт жібермейміз. Қазақтардың басы болған Д.А.Қонаевтың бірінші хатшы қызметінен босатылуы бүкіл қазақты дүр сілкіндіріп, ұйқысынан оятқандай әсер етті. Қазақ жастарының қаны қайнап, намыстарының оты ойнап, топталып алаңнан бір-ақ шықтық. Түрлі ұрандар, намысқа жігер беретін плакаттар алып, өз талаптарын айтып, үкіметтен үміттерін үзбей үш күн бойы «аязда лаулап жанған» жастар әлі көз алдымда. «Менің Қазақстаным», «Елім-ай», «Атамекен» әндерін асқақтата шырқап, топтасып қарсылық көрсеткенімен, қарулы күш табанында жаныштап, жастарды қанатын жұлған бозторғайдай шырылдатты. Талай қыздар мен жігіттер машинаға тиеліп апарылып, қала сыртындағы күресіндерге лақтырылып, қалғаны таяққа жығылып, итпен қуылып, айуандықпен зорланып, қақаған қара аязда жалаңаш шешіндіріліп жазаланып, тергеу орындарына тоғытылды. Біразымыз көше бойлап қашып, подъездерге тығылып, аман қалдық. Бірақ азапты күндер алда күтіп тұрғанын кім білген?

18 желтоқсан күні Алматы мақта-мата комбинатының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының бірлескен әкімшілік жиналысына шақырылдым. Мен жұмыс істейтін №233 ведомстволық балабақша жоғарыда аталған комбинатқа қарасты еді. Жиналысқа мені алып келу жатақхана меңгерушісі В.Н.Наумова мен балабақша меңгерушісі Е.Ф.Николаеваға тапсырылған екен, екеуі келіп ертіп апарды. Жалғыз мен емес, 10-15 қыз шақырылған екен.

Бір-бірден қабылдауға кіргізді. (Қыздар ерекше көзге түскендер). Маған 17-ші желтоқсан күні кешкілік топталып алаңға кетіп бара жатқан жастарға бірінші болып жатақханадан қосылғаным үшін өзім тұратын Мате-Залка көшесіндегі «Молодость-А» жатақханасындағы қыздардың алаңға шығуын ұйымдастырушылардың бірі деген айып тағылып, (12-13 адам жағалай отыр) тергеу басталды.

– Қайдан келдің?

– Қай оқу орнын бітірдің?

– Алаңға неге бардың?

– Үкіметке неге қарсылық білдірдің? – деген сияқты сұрақтардың астына алды. Бәрін баяндап, өз ойымды ашық айттым. Комиссия менің іс-әрекетіме теріс баға беріп, қалада тыныштық орнағанша ешқайда шықпайтыным жөнінде колхат жазғызды.

Соңында мені комсомол қатарынан шығарды. Жас маман ретінде үйдің кезегінде тұратынымды анықтап, жұмыстан шығарылатынымды, Мәскеу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетіне жолдама берілу кезегінен алынатынымды мәлімдеді. Сол күнгі қабылданған шешім мен үшін ең қатыгез шешім еді. «Сен – халық жауысың» деген сөздер айтылды. Бұл сөзден қатты шошышы едім. Өйткені әкем марқұм нағашы ағаларының 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылғанын өкінішпен еске алып отыратын. Сол есіме түсіп, есеңгіреп қалдым. Басқа қыздар да қабылдаудан жылап шығып жатты. Жатақханада, жұмыс орындарында жазаланушыларға деген көзқарастар өзгере бастады. Өз ортамызда біздерге – «декабристерге» үрке-шошып қараушылар пайда болды. Күнделікті араласып, бірге жүрген құрбы қыздардың өздері амандасып, қал-жағдай сұраудан қалды. Миығынан күліп, мүсіркей қарайтындар да табылды. Сөйтіп, ойламаған жерден «халық жауы», «декабрист» болып шыға келдік.

«Шыға келдік» деуіме себеп – ұсталғандардың ішінде болған Жұмабай деген қарақалпақстандық досымыз (фамилиясы есімде сақталмапты) Алматы үй-құрылыс комбинатында жұмыс істейтін еді. Ол да қолға түскен қыз-жігіттермен бірге автобуска «тиеліп» Қаскелеңнің арғы жағындағы жапан далаға апарылып, шала көміліп тасталған. Содан ес жинап, екі күн жүріп Алматыға әрең жеткен, кейіннен ауруға шалдығып, ақыры өмірден өтті. Ол әңгімесінде сол кезден шокпар иелерінің аямай ұрып-соққанын, зорлық-зомбылық көрсеткенін жыламсырай есіне алушы еді. Жатақханада бір секцияда тұратын Сәуле, Гүлмира, Нұрзияға да кейбір милиция қызметкерлері көрмегенді көрсетіп, өздерін қайта-қайта суретке түсіріп, тергеуге алып жүріп, ақыры үстерінен «қылмысты» іс қозғады. Менімен бірге алаңға барған Сәуле Махметова да талай азап шегіп, комсомол қатарынан шығарылып, жатақханадан қуылды. Оған өз айыбын өтеу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде күнделікті болып жатқан жаңалықтарға шолу жасап, Г.В.Колбин мен М.С.Горбачевтің «ұлы идеяларын» аурухана қызметкері мен аурулардың арасында насихаттау тапсырмасы берілді. Елім, Жерім, Ана тілім деп жүрегі соққан Сәуле құрбыма бұл тапсырманы орындау өте қиынға соқты, моральдық тұрғыдан азап шекті.

Желтоқсан оқиғасына байланысты жүрегімді ауыртатын тағы бір оқиға – көршім Ләззат Сағындықованың әпкесі Шолпан Орашеваның қазасы. Шолпан Орал облысы, Жәнібек ауданы, Қайрат ауылынан Алматы мақта-мата комбинатына жұмыс істеуге келген, жақында отбасын құрған. Жолдасы Нарынқолдың жігіті еді. Абай даңғылының бойында итпен қуылған, зорлық-зомбылық көрген жастармен бірге ол да соққыға жығылады. Өзі ауыраяқ болғандықтан аяқ асты толғатып, Төле би көшесінің бойындағы жедел жәрдем беру ауруханасына жетеді. Алаңға шыққандықтан оған қабылданбай, дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетілмегендіктен, сол күні қайтыс болды. Марқұмның денесін 18 желтоқсаннан 30 желтоқсанға дейін Орталық мүрдеханадан шығарып әкетуге рұқсат берілмей, туғантуыстары әбден әуреге түсті. Мүрдеханадан шығарғаннан кейін сүйегін елге самолетпен әкетуге тағы да рұқсат берілмей, ақыры тауар таситын поезбен әкетіпті. Шолпанның қазасы біздің қабырғамызды қайыстырды, жүрегімізді ауыртты. Артында еңіреп ата-ана, бауыр-туғаны, сіңлісі қалды. Амалдың жоқтығынан тек іштей егілумен болдық.

Тағы бір жағдай – Гүлдерайым Мейірбекованың ағасы Еркінбекке оқиға барысында «бұзақы», қалтасында пистолет болған, ескерткіштерді қиратқан деген жалған айып тағылып, 4 жылға сотталуға үкім шығарылған еді. Ағасының сотталуымен қоса өзіне де тағылған жаланы көтере алмаған Гүлдерайымның уайымы бәрімізге ауыр тиді. Осы жағдайлардың бәрін өз көзіңмен көріп, құлағыңмен есту нағыз қасірет еді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған «Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар ақталған деп саналсын» деген Жарлығына орай Еркінбек ақталды. Қазір Алматыда тұрады, үйленген.

Кілең қазақ жастары тұратын жатақханада азап шекпеген жастар кемде-кем. Желтоқсанның 18-31 жұлдызына дейін мені «үй тұтқыны» ретінде айыптап ұстады. Осы күндерім менің тек тергеумен, азап шегумен өтті.

Тағы бір өкінішті жағдай, алаңда аяқтың астында тапталып қалған сәтте оң жақ кеудеме зақым тиіп, кеуде

сүйектерім жарақаттанды. Кейіннен ұзақ емделіп, ақыры операция жасалынды. Әлі күнге дейін сол аурудың зардабын шегіп келемін. 70 жыл бойы қызыл империяның бодауында болған ұлтымыздың ішінде де шалажансар дүбәралардың оқиғаның одан сайын ушығуына әрекет жасағанын, яғни сатқындықты алғаш рет көрдік. Біздің халықтың ұлттық сана-сезімін оята отырып, елге, жерге, ұлттық мүддеге, ана тіліне деген тәрбиеге маңызды көңіл бөлу керек деп ойлаймын.

Сол оқиғадан кейін, міне, 20 жыл өтті. Биылғы жылы қыркүйектің 18 күні Елбасы өзі Алматы шаһарында Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына орай «Тәуелсіздік таңы» ескерткішін ашты. Мен сол сәтте үлкен толғаныста болдым. Көзімнен аққан жас тиылмай, өзіме-өзім әрең келдім. Көзден аққан жас қуаныш жасы еді.

Мен сол оқиғаға қатынаса отырып, еліме деген сүйіспеншілігім, отаншылдық рухым артпаса кеміген емес. Білім беру саласында бірнеше жыл қызмет етіп келемін. Жастарды Отаншылдыққа, имандылыққа, салауатты өмір сүруге, адамгершілікке тәрбиелеу абыройлы іс және оны іске асырудың жүгі жеңіл емес.

«Мен жастарға сенемін» деп М.Жұмабаев айтқандай, қоғамды алға сүйрейтін тәрбиелі де білімді азаматтар тәрбиелеу барша қоғамның ісі. Сол салаға үлесімді қосып жүргеніме өзімді бақытты санаймын.

*«Қазақ әдебиеті»,
20 қазан 2006 жыл.*

Әбиірбек ТІНӘЛІ

СОЛ ЖЕТЕУДІҢ БІРІ ЕДІ...

Республикалық «Жас Алаш» гезетінің 1999 жылғы 16 желтоқсан күнгі «Желтоқсан» көтерілісінің көсемі кім?» деген ҚазМУ-дың тарих факультетінің магистранты Бимырза Әлжапардың мақаласында маңызды мәселе көтеріліпті. Осы еңбегінде: «МҚК» деректеріне сүйеніп, Алматы театр және көркемсурет институтының студенттері қаладағы 6 оқу орнында және С.М.Киров заводының №8

жатақханасында «іріткі салу жұмыстарын жүргізген» деп көрсетеді. Тарих ғылымының кандидаты Бүркіт Аяғанов Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің мәліметтері бойынша: «16-желтоқсан күні кешкі 21.00 - 22.30 Алматы мемлекеттік көркем-сурет институтының жатақханасында С.Жұмаділов, А.И.Жұмашев, Қ.Р.Байбеков, Р.А.Тоқышева бөлмелерді аралап, өздерінің пленум шешімімен келіспейтіндерін айтып, студенттердің көтерілуіне мұрындық болған. Пікірталас барысында наразылықтарын Брежнев атындағы алаңға шығу арқылы білдіру жайлы ұсыныс жасаған. Дәл сол уақытта бұлардың курстастары Б.Ш.Иманғожаев, Қ.Айтмұрзаев, Ү.А.Сейтімбеков шет тілдер институтының № 1 жатақханасында азғыру, арандату жұмысын жүргізіп, ол онда қызу қолдау тапты» – деп көрсетеді.

Газет бетіндегі мақаланы оқыған соң Сағындықпен ауызба-ауыз сөйлескенді жөн көрдім. Қатар жүрген азамат жайында мен Сәкенді жете білмеген болып шықтым.

Қиын-қыстау өтпелі кезеңдерде Талдықорған театрын тұралатпай, өнер жанашырларының басын қосып, қол ша-намен қап-қап көмір тасып, қыстың көзі қырауда қасиетті театр ғимаратын аман алып қалғанынан хабардармын. Жеті жылдай осы театрдың директоры болды. Талантты актер. Ең бастысы, жақсылыққа жаны құмар. Әділдік үшін айтыса кететін шалт мінезі тағы бар. Іскер.

Оның «Хан Кене» спектакілінің сахнадағы кезекті даярлықтан шыққан беті осы екен. Онда Бұғыбай батырды ойнайды. Келісілген уақытта менің жұмыс орнымда кездестік.

Екі көзі ептеп қызарған. Бет жүзінен өзі сомдайтын образдың даярлығы онша оңайға түспегендігін көруге болады. Маңдайынан аққан тері екі самай тұсынан тамшылап ағып тұр.

Ә.Т. – Сәке, осы қалпыңызда әңгімені бастап кетсек қайтеді? Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толмақшы. Академик, тарихшы М.Қозыбаев ағамыздың күдік араласқан сұрағының жауабын қалай берер едіңіз? Аталған 7 азаматтың ішінде өзіңіз де аталып өтесіз. Шынында да, сол оқиға қалай басталып еді?

С.Ж. – Осыдан 20 жыл бұрынғы аталмыш оқиғаны осы күндері ойласам, денем түршігеді. Қазір жасым қырықтың төртеуінде. Ол кездері жиырманың төртеуіндегі жап-жас

жігіттерміз. Әскер қатарынан жаңа келген кезім. Өнер, рух деп театр көркем-сурет институтында оқып жүрген шағымыз.

Ә.Т. – Сөзіңіз аузыңызда, қай курста едіңіз? Ұстаздарыңыз кім еді?

С.Ж. – Мен 3 курста оқитынмын. Тәлімгеріміз белгілі актер, халық артисі КСРО халық артистері, КСРО Мемлекеттік және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарының иегерлері марқұм Ыдырыс Ноғайбаев және апамыз Фарида Шәріпова болатын. Сол күні сабақтан жатақханаға кеш қайттық. Келсек, жатақхананың фойесінде күбір-күбір әңгіме...

– Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты бүгін орнынан алыпты... Колбин деген біреуді әкеп қойыпты...

– Мынау деген масқара ғой, не істей аламыз?... – деген сияқты гу-гу әбігершілікке түскен әңгімелер.

Сабақтан шаршап келгенбіз. Ойымда ешнәрсе жоқ, бөлмеме кіріп кеттім. Телевизорды қоссам, Пленум шешімін қайталап беріп жатыр екен. Апырай, жаңағы жігіттердің айтқандары рас болды-ау дедім де, жүгіріп төмен түстім. Түссем жігіттер Пленум шешіміне қарсылығымызды білдіріп, бейбіт шеруге шығуымыз керек екендігін бір-біріне айтып жатыр екен. Бір ғана біз шықпайық деген шешімге келдік. Өйткені театр көркем-сурет институтында студенттер аз, сол аздың жартысы пәтерлерде, ал жартысы ҚазМУ-дың Қарасай батыр көшесіндегі жатақханасында. Бізбен бірге ҚазМУ-дың физика-математика факультеттерінің студенттері тұратын. Біздің студенттеріміз мұнда 1-2 қабатты ғана иемденген. Біз жігіттермен қалған оқу орындарының да жатақханаларын аралап шығып, жаңағы ойымызды баршасына жеткізейік деген тоқтамға келдік.

Сосын 7-8 қыз-жігіттер Иманғожаев Бақытбек, Айтмұрзаев Құрманғазы, Сейтімбетов Үсіпхан, М.Жұмашев, мен және тағы басқалар бар екіге бөліндік. Бір жартымыз мединститут, шеттілдер, ауылшаруашылығы, зоовет, ҚазПИ-дің, кірпіш заводының жатақханаларына бару керек болды да, қалған үшеуіміз – мен, Р.Тоқышева және М.Жұмашев осында қалып, жатақхананың барлық бөлмелерін араладық. Бөлмедегі қалған қыз-жігіттерге естіген жаңалығымызды тәптіштеп түсіндіріп, қазағымыздың намысын аяққа тапталмауына үгіт жүргіздік. Бірақ, ол кезде біз мынау орыс,

мынау біз деп ешқашан бөлінуді ойламаппыз. Тату тұрдық. Егер Қазақстанның басқа бір облысынан, болмаса жергілікті орыс азаматын қойса, мен ойлаймын, мұндай халге дұшар болмас еді-ау деп. Айдаладағы мені де, оны да, сені де білмейтін біреуді әкеліп қоя салуы, онсыз да жарылуға жақын тұрған жараның аузына тұз сепкендей болды ғой. Біз осыған ашындық. Құрамында 19 облысы бар Қазақстаннан Ел басшылығына бір адам табылмады дегенге біздер сене алмадық.

Араға уақыт салып екінші топ та келіп жетті. Олар жоғарыда аталған оқу орындарының жатақханаларында болыпты.

Ә.Т. – Одан соң не болды? Ортақ мәлімеге келдіңіздер ме?

С.Ж. – Иә, бәріміз ертең аман болсақ, орталық алаңда таңғы сағат 7.00 де кездесейік деп келісіпті. Бөлмелерімізге келген соң да өзара ақылдасулар болды. Алаңға барғанда құр қол бармайық, пе істеуге болады деген сұрақтар тасталды ортаға. Серік Аязбаев деген суретші жігіт болды. Ауған жерінде болып әскери борышын өтеп келген азамат еді.

Ортақ ақылымызға сүйене отырып, біздер ұран сөздер жазбақшы болдық. Не жазатынымызды ойлас-тырдық. 1948 жылы қабылданған Декларация туралы жазған конспектілерімізді ақтара отырып, осы дурыс-ау дегендерін теріп алдық. «Лениннің идеясы жасасын!», орысшалап: «Каждому народу – своего вождя» дегендей ұрандар қостық. Біз бұл сөздерді жазып дайындауға күнде дайындық жасаған жоқпыз ғой. Бәрі де аяқ астынан туған бастамалар. Жазатын бояу да, мата да табыла кетті.

Менің ойыма осы кезде ауыстыруға керек болып қалар-ау деген ақ жаймам есіме түсіп, дереу алып келдім. 3-4 бөліп жалынды сөздерді соған жаздық. Көрші бөлмедегі жігіттерге темекі сұрауға барсам, қисайған шифоньерлерін бір тұтам қызыл матамен жауып қойыпты. Темекі жайына қалып, жерден жеті қоян тапқандай, әлгі матаға да ақ бояумен ұрандар жаздық. Ленкомнатада ілулі тұрған Иличтің портретіне екі жағынан ұстайтын ағаш қағып, оны да көтеріп ала шықпақ болдық. Түнгі сағат 3-ке дейін дайындық жұмыстарын жүргіздік. Оңай болмады. Таңғы сағат 6 кезінде ояна салып, ұйықтап жатқандар болса жүгіріп жүріп, есіктерін тоқылдатып ояттық. Жатақханадағы бүкіл адамды түгелімен

жиып, 6.30-да қазіргі Байтұрсынов көшесімен жоғары өрлеп, Шевченкомен қиылысындағы шет тілдер институтының жатақханасына келіп айқайладық. Бұлар барлық жағдайдан хабардар. Өйткені, кеше түнде ескертілген.

Ә.Т. – Олардан неше адам шықты?

С.Ж. – Неге екені белгісіз, ешкім шықпады.

Ә.Т. – Содан?

С.Ж. – Сол көшенің қиылысындағы оң жақ бұрышта мед-институттың жатақханаларына барып:

– Жігіттер, қыздар! Егер алаңға барам десендер жүріндер, – деп қайта-қайта айқайладық.

Мұнда да өлі тыныштық.

Жүрегіміз әлденені сезгендей, бойымызда бұлқынған бұла күштің бар екенін сезініп, өзіміз-ақ кете берейік дедік.

Таңғы уақыт. Бір ауызды студенттер. Бірге айқайлаймыз! Бірге қуанамыз! Бір-бірімізге сүйеуіміз! Өйткені көпшілікпіз, халықпыз.

Содан айланып отырып, сол көшемен тіп-тік жылжи жүре, Сәтпаев көшесінің жанындағы политехникалық институтының жатақханасына соқтық. Айқайладық. Ешкім шықпаған соң біздер жаңа алаңға бірден тарттық. Бұл кез таңғы сағат 7-нің ар жақ-бер жағы.

70-80 адам деген не? Бір шоғыр ғана топпыз. Сағат 8-ге қарай милиционерлер келе бастады. Өйткені, алаңның үстінде Үкімет үйі бар ғой.

– Әй, бұл не тұрыс?

Алғашқыда тосылып қалдық. Бірлі-жарым адам күбірлей бастады. Бірақ ықпадық. Тартынатын не бар? Бойымызда жастық жалын. Жиылуымыздың себебін жан-жақтан айттып жеткізіп жатырмыз. Сөздеріміз бір жерден шығып жататын тұстары да болды. «Ертең істі боламыз-ау» деген қаперімізге де келмеді. Сол күні – атқан таңмен бірге ұлттық намысымыздың да оянып келе жатқан сәтін қатты сезінгендей болдық.

Сағат 9-ға таман шеңбер жасап милициялар қоршай бастады.

– Бұлай істеуге болмайды!

– Ертең бәрің де институттан шығасыңдар!

– Әке-шешелеріңе хабар беріледі!

– Бостан-босқа опық жейсіңдер! Қайтыңдар! – деген дауыстар естіліп жатты. Оған біз мән бере қоймадық.

Таңғы сағат 9-дан өте бере студенттер, жұмысшы жастар, өтіп бара жатқан жүргіншілер бәрі-бәрі жайлап алаңға жақындай бастады. Бізді қоршап тұрған шеңбердің сыртынан екінші шеңбер жасалынып, жаңадан жинала бастаған көпшілікті ішке қарай кіргізбеді. Ал, бізді сыртқа шығармады. Сөйтіп екі шеңбер сырттағылар мен іштегілерді бір-біріне жібермей тұрды.

Біз алаңның ең ортасында едік. Қолымызда көтерген лозунғыларымыз бар. Біз сырттағыларға:

– Әу, халайық, алдарындағы шеңберді бұзыңдар! Біз мына шеңберді бұзайық,– деп, бәріміз қол ұстастық та екі жақтағы қоршап тұрған қос шеңбердің сірескен сеңін бұзып, бір-бірімізге қосылып кеттік. Бір кездері алаңға адам сыймай кетті. Бірте-бірте жинала берді, жинала берді. Үлкен-үлкен кісілер де бар. Жоғары шенді әскери адамдар келіп:

– Қайтыңдар! Бұлай болмайды! Мұндай қарсылықтарыңды көрсеткілерің келсе, анау Ленин атындағы алаңға барыңдар! Сол жерде көрсетесіңдер! Мына жерде тұруға рұқсат жоқ! – деп жиі-жиі ескертіп жатты.

Алаңға жұрт толды-ау деген кезде, бұл сағат 11-ге таман уақыт болса керек, біз Сәтпаев көшесімен Фурмановқа дейін бардық та, одан төмен қарай жылжыдық. Содан соң Абай көшесімен оңға бұрылып, Ленин көшесіне дейін барып, сол көшемен төмен түсіп, 28-Панфиловшылар саябағына қарама-қарсы орналасқан театр институтының ғимаратына қарай колонамен өттік. Айтпақшы осы кезге дейін ауылшаруашылық институтының, зоовет институтының жанынан өттік, олардың есіктерінің алдында ректор, проректорлары тұрып алған. Ешкімді жібермейді. Қыздар мен жігіттер терезелерден секіріп, бізге қосылып жатты. ҚазПИ-дің тұсына келгенде байқағанымыз – есігін тас қып жауып тастаған екен. Сонда да қайдан, қалай шығып жатқандары белгісіз, онда оқитын жастар қашып шығып, қатарымызға қосылып жатқандарына куә болдық. Жүріп отырып Гоголь көшесі арқылы Қыздар педагогикалық институтының жатақханасынан бір-ақ шықтық.

Ә.Т. – Көпшілік көше-көшемен бейбіт шеру жасап келе жатты. Әрбір оқу орындарының тұсынан өткенде олар сіздерге қосылып отырған. Таңқалатыным, бәрі дерлік осы шерудің болатынан күні бұрын хабардар болған сияқты ма?

С.Ж. – Әбеке, осының бәрі «Жас Алаш» газетіндегі «Театр-көркемсурет» институтының 1-2 курс студенттерінің осы оқиғаны бастауына сене алмаймын» деген Манаш ағамыздың күдікті ойына айтылып жатқан, өз көзіммен көріп, қолыммен істеген нақты дәлелдерім болса керек.

Қайдағы бір екі ақ «Волга» машинасы туралы әңгімеленеді. Үлкен адамдар ұйымдастырды ма екен? деген ойлар айтылады. Ал шындығына келсек, бұлай болған жоқ. Бұл жастардың таза стихиялы түрде бастаған шеруі. Оның ошағы біздің театр-көркемсурет институтының жатақханасы дер едім. Бастаушылары: Бақытбек, Үсіпхан, Құрманғазы, Рауза, Мейрамғазы, мен және т.б. Жан-жақтағы барлық жатақханаларға да хабар жеткізген осы жігіттер!

Ал, енді, мен мұны «Желтоқсанның көсемі біз едік», «Бізді дәріптеу керек» деген мағынада айтып отырғаным жоқ. Бұл тарих үшін керек шындық.

Міне, 20 жыл болды. Бұның көсемдері кім? Үлкендері болды ма? Мүмкін, солар бастап беріп, жастар оны жасырып отыр! – деген сөздің бәрі ендігі жерде тоқталуы керек қой.

Жоғарыда айтылған жігіттеріміздің алды 5 жылға сотталып шықты. Ал, кейбіріміз одан аманбыз. Қалғандарымызға келесі кезек сендердікі деп жүргенде, 6 ай өтіп, бұл оқиғаның думпуі бәсеңси бастады.

– Жұмаділов, сені соттатпасам, мен осы КГБ-да жұмыс істемей кетейін!– деп, доңайбат көрсеткендер де болды.

Ал, енді жәбір-жапа шеккен адамдардың түгелге жуығы, Құдайға шүкір, аман-есен. Павлодар, Алматы облысы, Академиялық драма театрында еңбек етіп жатыр. Біразына Алматыдан баспана берілді. Адамдардың санасында болып өткен, оқиға уақыт өткен сайын көмескілене береді ғой. Бұл ретте күні кешегідей болып көз алдымда өткен желтоқсан көтерілісін зерттеушілер болса, әлгіндегі есімдері аталып өткен азаматтардың әрқайсысы бір-бір тұлға екені даусыз.

Ә.Т. – **Секе, халқымыздың сан ғасырлық армандап өткен тәуелсіздік жолындағы баскөтеруге қатысып, сан түрлі тағдыр кештіңіздер ғой. Осы жолда ел ағаларының ішінен сіздерге көмек қолын созған жан болды ма?**

С.Ж. – Бізді белгілі ақын Мұхтар Шаханов шақырып алды. Болып өткен дүрбелең жайында жұмыс бөлмесінде деректер алды. Оқиғаның бастан аяғына дейін не болғанын Мұхтар ағамызға түгелдей баяндадық. Ағамызды арқа тұттық.

Біресе КГБ-ға, одан прокуратураға, ІІБ-не біздерді кезек-кезек шақырады. Мен тіпті бірде осы айтылған жайттардың бәріне тоқталып, Шаханов ағамызға қағазға түсіріп бергеніме, бірақ оның еш жерде жарияланбағанына өзім әлі күнге дейін қайран қаламын.

Егер Мұхтар аға өз архивтерін ақтаратын болса, сол қолжазбалар әлі де болуы ықтимал.

Ә.Т. – Өтіп жатқан әңгімені әрі қарай сабақтасак.

С.Ж. – Сол күні менің бір байқағаным, тұрғылықты алматылық жас қыз-жігіттердің тілдерін бұраса да, қазақша сөйлеп, кеудене рух беретін әндерді бізге сүйеу боп орындағандары. Көздерінен от шашып, кеуделерінен намыс оты ұшқындап тұрды.

«Қазағым, әлі бар екенсің ғой! Құдай-ау, біз мәңгі өлмес халық болсақ екен!» – деген мақтаныш пен үміт сәтін мен де бастан кештім.

Сағат кешкі 5 болды. Әлбетте, түскі, кешкі ас та ішілмеді. Жан-жағымызға әскери машиналар келіп тоқтай бастады. Олар Үкімет үйіне арқаларын беріп қабырға жасап тұрдық. Бірақ, тап сол жерде бұзақылық жасаған немесе ішіп алған бірде-бір адамды көрмедім.

Ә.Т. – Машиналарды кімдердің өртегенін көрдіңіз бе?

С.Ж. – Міне, қазір сол жайында айтпақпын.

Бір сәтте милициялар «Қайтыңдар да, қайтыңдардың» астына басты. Жастарға күш көрсете бастады. Ал, жастар сол кезде мінез көрсетті. Енді, соншама мың адамның ішінен бірлі-жарым ерекше қарсылық көрсеткендер ұшырасты. Қалай болғанда да жаппай тас атқылады, қиратып-жойды деп көпке қара күйе жаға салу да қылмыс қой. Кешкі сағат 6-ға 15 минут қалғанда әскери адамдардың бастығы:

– Қуыңдар! Аланды тазартыңдар! – деген катал бұйрық берді. Әскерлердің басында каска, қолдарында қорғаныш қалқан, кеспелтек қара таяқтар.

Бәленің басы осы жерден басталды. Тып-тыныш ән айттып тұрған қыз-жігіттерді бұлар таяқтың астына алды да кетті. Сатыр-сұтыр басталды. Қолымызда еш нәрсе жоқ, құр қол тұрған біздер жан-жаққа тұра қаштық. Қаша-қаша дүркіреп, қарсы үйлердің алдына дейін келдік. Кімнің ойына келгенін білмеймін, қарама-қарсы екі үлкен үй бар ғой, соның ірге тасын мәр-мәр таспен қаптаған екен, сол тастарды жұлып алып, жерге ұрғылап жатыр. Ол өз салмағымен

жерге түссе қаусап қалатын тас екен. Сындырып жатырмыз. Әп-сәтте таспен қаруландық. Енді біреулер талды сындырып жатты. Бәрі де қу жанның қамы. Ешкімнің де жазықсыздан-жазықсыз өлгісі келмейді ғой. Жерден бәріміз тасты ала сап ілгері атамыз. Көптің аты көп. Мұндай кезде қалқаның да, касқаң да түк болмай қалады екен. Олар әрі қарай қашады. Біздің тас біткен кезде, олар бізді бері қуады. Үшінші рет қуып барып, кері қайтқан кезімізде біреудің қара таяғы желкемнен тиді. Басымды ала иығымды сырып тиген ауыр соққыдан құлап түстім. Құлап бара жатқан кезде жанымдағы қашып келе жатқан жігіттер қолтығымнан демеп, тік көтеріп сүйрей жөнелді. Егер бірден бұлай істемегенде, қарулы әскердің тепкісінде қалатыным сөзсіз еді. Құлап жатқан талай-талай қыз-жігіттерді машинаға тиеп жатты.

Айтпасқа болмас, біздің қазақ қыздарының батылдығын, намысшылдығын сонда көрдік қой! Ай мандайдан таяқ тиіп, қанға бөгіп жатса да, олар жігіттердің алдында, қауіп-қатердің өтінде болды. Жігіттеріміз қазақ қызының өрлігін көріп, шарыққа қайралған семсердей әрекет етуге барды. «Батыр да, алып та Анадан туады» – дейді ғой қазақ. Біз де қыздарымыз, аналарымыз үшін аянбадық. Мәселен, өзім басыма соққы тиіп бір сәт шеткеріректе есеңгіреп тұрдым. Сәл биікте тұрып қалған екенмін. Бір-біріне тап берген екі жақтың әрекетіне көзім түсіп кетті. О, тоба, мен мұндайды «Соғыс және бейбітшілік» деген кинодан ғана көргенмін. Алаңда құдды бір қалың көпшілік сахнасы жүріп жатқандай.

Екі жақ бір-бірін кезек-кезек қуады. Бұларынан түк шықпасын білген олар, бізге өрт сөндіргіш машинасып әкелді. Су толтырып алған. Бұл суға әк қосылады екен. Оны біз артынан білдік. Оның терезесіне темір тор қапталған. Іштегі адамдарына тас тимейді. Тек су шашатын адам ғана суды, шланганы бағыттап отыру үшін машинаның үстінде болады екен. Басында каска. Ал шашқан судың алдында тұру тіпті мүмкін емес. Тұрсаң қысымының қаттылығы сондай, жалп еткізеді. Суды қатар-қатар жүрген үш-төрт машина шашып келеді. Бәріміз жата-жата қалдық. Машиналар тұсымыздан өте бастаған кезде, қолымыздағы таспен атқылаймыз ғой баяғы. Соншама тас тисе де машинеге түк болмайды. Ал үстіндегі адамға тас тиді ме білмеймін, су шашатын шланга өз-өзінен бет алды су шашып ала жөнелді. Бір кезде әлгі машина тоқтады. Мына қызыққа қараңыз, алаңда

әрлі-берлі зуылдап «жедел жәрдем» машинасы жүр. Оған ешкім тиіспейді.

Тап осы кезде машина өртеу басталды. Сол жағымызда Фурманов көшесі жағындағы тұстан бір тентпен жабылған солдаттардың әскери машинасының өртеніп жатқанын көрдім. Бір қарасам Желтоқсан көшесінің жағынан жалғыз УАЗик келе жатыр еді, әлдебір себептермен өзінен-өзі трибунаға келіп соғылды. Ішінде толған милиционерлер екен. Бәрі түсе сала тым-тырақай қаша жөнелді. Осы кезде бір бейтаныс қара тон киген жігіт ішінен бір шүперек алып, бензобакқа малды да от қойып жіберді. Кім білсін, жәбір көріп қорланды ма екен, жоқ болмаса қарындасына хайуандар қол жұмсады ма екен, жоқ болмаса халқына нақақтан-нақақ жабылған жалаға төзбеді ме екен, білмедім... Бірақ, мен мұны болуға тиісті жәйдай көріп тұрдым...

Түнгі сағат 22.30 болды. Өзіңіз ойлаңыз, таңғы сағат 6 дан түнгі сағат 22.30 дейін аязда алаңда жүру дегеніңіздің не екенін. Көп қиыншылықты жастығымыз сездірмей жіберген болар. Бірақ, қылшылдаған аязға қылшылдаған жастық дәурен қарсы тұра алмайды екен. Оның үстіне ашпыз...

– Әй, жігіттер, жатақханаға барып, киім ауыстырып, тамақ ішіп қайтайық, жүріңдер! – деді бір жігіт. Үсті-басымыз сіресіп қатып қалған, тұла бойымызды суық алған. Жатақханамызға әупірімдеп эзер жетсек, бізді декан, мұғалімдеріміз іште күтіп отыр екен. Ал енді кіре қояйық десек, үсті-басымыз малмандай, сықыр-сықыр... қатып қалған сіреу мұз. Содан балкон арқылы іштегі балаларға іштен спорт киімдерімізді лақтыртып, лас киімдерді жіпке байлап ішке енгіздік. Сұраған ұстаздарымызға: «Жүгіріп келдік. Жанымыздағы депоның асханасынан тамақтандық... үйттік-бүйттікпен» ішке әрең кірдік. Біз де кірдік, кімнің қайдан келгенін тізімге ала бастады.

Ә.Т. – Ол кездегі ректорларыңыз кім еді?

С.Ж. – Дорженов деген қазақ. Бізге Халықшаруашылығы институтынан келген. «Кімде-кім алаңға шықса, онда өз обалдарың өздеріңе! Институтпен қоштаса беріңдер» – деді бізге. Әрбір жарты сағат сайын тізім бойынша тексеріп тұратынын қоса ескерткен. Ұзтаздарымыздың қадағалауынан кейін, амал жоқ, күні бойы сілеміз қатып келген біздер мұрттай ұштық. Шынында, әрбір жарты сағат сайын есік қағылып тұрды. «Жұмаділов барсың ба?!

Айтмұрзаев барсың ба?!» дейді. Біз «бармыз, бармыз» дейміз. Содан таңғы сағат 6-да өздері тұрғызып алды. Қолымызға сумкаларымызды ұстатып Никольский базарынан Панфилов саябағының жанындағы оқу корпусына дейін жан-жағымызды қоршап, алып келді. Бәрімізді акт залына айдап кіргізгендей болды. Сағат 9.00 ден бастап, КГБдан, Үкімет үйінен келгендер, қала берді өз ұзтаздарымыз кезек-кезек лекция оқыды. Сондағы айтатындары: – Бұл – бассыздық, бұзақылық. Бұлай жасауға болмайды! Тап осындай істі ішіп алғандар, наркомандар ғана жасайды. Сендерге не жетпейді? Кеңес өкіметінде бәрің тегін оқып, тегін емделесіңдер... – деген секілді мағынасы зор әңгімелерге саяды. Философиядан беретін бір мұғаліміз бар еді, ұлты еврей. Ол кісі бұл оқиғаға «махровый национализм» деген баға берді. Біз «Алла-ай!» деп, жағамызды ұстадық әлгі сөзге.

Бәріміз сабақта отырмыз. Әлгі мұғалім есік жақта. Шықсақ, шәуілдеп береді. Содан Данияр (Жақанов) деген курстасым екеуміз адам ойласа таба алмайтын жоспар жасап жатып, әуірімдеп далаға шықтық. Жаның жәннәтта болғыр, Данияр досым әңгімелесіп келе жатқанымызда кеше түнде папасы екеуі (Илия Жақанов) машиналарымен жараланған, таяқ жеген қыз-жігіттердің талайын үйлеріне апарып тастағанын айтты. Содан көшеде кетіп бара жатқан колоннаға барып қосылдық. Бұл – 18-желтоқсан еді.

Көпшілікпен көше аралап жүрміз. Қалың топтың алдында милицияның машинасы жүріп отырды. Төбесінде қызыл, жасылды жарық жылтылдайды. Ол қайда бұрылса, біз сол жаққа қарай бұрыламыз. Бұлардың құйтырқысын кейіннен білдік. Сөйтсек, қаланың басқа жерінде тағы да екінші колонна болыпты. Екі колонна бірімен-бірі кездеспеу үшін, әлгі пәтшағарлар рация арқылы байланысып, ылғи да бізді басқа жаққа бұрып әкетіп отырыпты. Дзержинский көшесімен келе жатқанымызда бізді екі жағымыздан қоршауға алды. Алдыңғы жағымыздан әскери көлік көлденең келіп тұра қалды. Желке тұсымыздан келіп, машинадан секіре-секіре түскен солдаттар тұра ұмтылғанда, бәріміз жан-жаққа бытырай қаштық. Біз үй-үйдің қалтарыстарына тығылып қалдық. Қоршауға алған көліктер кеткен кезде қайтадан жиналды. Ақыры айналып-айналып жатақханамызға келсек, тағы да мұғалімдер күтіп отыр.

Мен Даниярды үйіне жалғыз жібергім келмеді де: – Жағдай қиын кезде бұл жігітті ұрып кетуі мүмкін, – деп едім, оның да жатақханаға кіруіне рұқсат етті.

Содан үшінші күні, яғни 19-желтоқсан күні сабаққа бардық. КГБ-ның адамдары қаптап жүр. Бірінші, екінші күндері алаңға барғандарды, көшеде шерулегендерді суретке түсіріп алыпты. Біздерді бір-бірлеп сұраққа шақыра бастады.

– Әй, айналайын, мынауың не сенің? Сен мұнда не істеп жүрсің? – деді суретімді көрсетіп.

– Өтіп бара жатып амалсыз қосылып едім...

– Алаңда мінберге қар, тас лақтырдың ба?

– Жоқ.

– Алаңда болдың ғой?

– Болғанда... Қызығушылықпен барып едім, – деген жауаптармен тежелдім.

Содан алты ай бойы КГБ-ның ПБ-нің, прокуратураның тергеуінде болдым. Қыздарымызды оқу орындарынан шығарамыз деп, қорқытып-үркітіп, кейбіреулерінен болған істің анық-қанығын біліп жатты. Енді қайтсін, кейбіреуі жасыра алмай айтып қойды.

Біз жатақханаларды аралағанда көрген кейбір жігіттер сыртымыздан сатып жіберіпті. Бақытбек, Мейрамғазы, Құрманғазы тағы басқа азаматтардың сотталып кетуі осындай сатқындықтың нәтижесі еді. Кейде ойлаймын, егер мен сотталып кетсем, елдегі қарт ата-анамның күні не болар еді? Қарт кісілерге шындықты айтып қояйын, кім біледі деген оймен:

– Менің достарымды ұстап әкетіп жатыр. Алда-жалда бір нәрсе бола қалса, сіздер оған дайын болыңыздар. Және де менің осы ісіме кешіріммен қарасыңыздар, – дедім бір жолы ашығынан айтып.

КГБ-ның Виноградов көшесінде кеңсесі бар. Әлі есімде осы кеңседе таңғы 8-ден кешкі 8-ге дейін сан рет отырғаным. Бір күні сабақтан шаршап бөлмеге келсем, әлгі мекеменің жігіттері коменданттың бөлмесінде күтіп отыр.

– Жұмаділов, істеген істеріңді мойындайсың ба? – дейді.

– Мойындайтын еш нәрсем жоқ. Қар лақтырғаным жоқ, ән айтқан жоқпын, төбелеске қатысқан жоқпын. Алаңға жәй бардым, – дедім.

Тергеуші орыс айтты:

– Жұмаділов, мен сені бәрібір мойындатып, түрмеге жабамын. Оданша, жігіт болсаң, мен саған бір сөз айтам, өзің ақ мойындайсың. Ақ жамылғы есінде ме? – деді.

Жүрегім зырқ ете қалды. Ә, мұнда бұлтартпас айғақ бар екен ғой деп ойлап:

– Иә, есімде – дедім.

Тергеуші зымиян күлкісіне басып, ісінің дәл төбесінен түскеніне риза болғандай кейіп танытты.

– Лозунғыны кім жазды?

– Мен жазған жоқпын.

– Лозунғы жазғандарың рас па?

– Рас. Ақ жамылғыны жыртып, жыртып жаздық.

– Не деп жаздыңдар?

– «Лениннің идеясы жасасын», «Каждому народу – своего вождя» деген жазулар...

Бір күні прокуратураға келсем, Рауза Тоқышева деген қыз отыр.

– Сені де шақырды ма?

– Ия, – деді ол.

– Қыздарға қиын болды-ау. Қыздар тұрмақ жігіттердің өзі мүжіліп бітті. Сен қорықпа. Бәрі жақсы болады, – деп дем беріп отырғанымда, бөлменің есігі ашылды.

– Жұмаділов, Тоқышева кіріндер, – деді арғы жақтан.

– Сіздер, топтап сұрайтын болғансыздар ма? Бұрын бір-бірден шақырушы едіңіздер, – десем:

– Бұл «очный ставка» – дейді.

Мұндай сөзді мен бірінші рет естігендіктен, мағынасын толық түсіне алмадым. Екеуміз кірдік. Раузаны әбден қорқытып-үркіткен болу керек. Болмағанның бәрін болды деп жаздырып алған екен.

– Рауза, менің түбіме жететін болдың ғой. Енді бір 5 жыл арқалайтын болдым, – деп едім, прокуратураның тергеушісі:

– Сен неге орысша сөйлемейсің? Жаңа ғана аудармашы керек жоқ деп едің, – деп айқайлап жіберді.

Рауза екеуміз қатар отырған кезімізде оған жазған түсініктемесін оқытты. Түсініктемеде: «Мен біреуді ұрыппын. Оның шәпкесі ұшып түсіпті».

– Ау, Рауза, мен бұл жерде оны ұрған жоқпын ғой, – дедім жаным күйіп. – Қайта мен оларды тап осы жерде арасаладым.

Тергеушіге қарап:

– Өзіңіз ойлаңызшы, мен оны ұрсам, оның норка тұмағы ұшып түссе, мен оны қайтадан кигізер ме едім? Егер ұрсам неге сол тұмақты өзім киіп алмаймын? Керісінше мен оларға төбелеспендер деп ажыраттым. Солай ғой, Рауза? – деп едім:

– Иә, тұмағын кигізіп, Сағындық кетіп қалған, – деді Рауза. Бірақ тергеуші бұрынғы әңгімені өзгертіп: «Мына қыздар ұстап қалды. Ұстамағанда төбелесетін едім» дегізіп, бірібір кінәлі етіп қағазды қайтадан жаздырып алды. Тәуба. Әйтеуір біреуді соқтым дегеннен жеңілірек...

– Енді мен осы протокол бойынша сұрақ аламын. Егер сол күні, сол сағатта, сол адрес бойынша жәбірленуші табылып, ауруханаға түссе, онда сіз кінәлі боласыз. Сіз сотталып кетесіз.

– Жарайды, жақсы, көндім, – дедім амалсыз.

Құдай сақтағанда, тап сондай хабар еш жерден түспей, аман қалдым.

Ә.Т. – Сәке, көп жыл елдің бақытын ойлап, жазықсыз жапа шеккен, ардақты асылымыз Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев ақсақалдың қадір-қасиетін қалай түсінуші едіңіз?

С.Ж. – Димаш ата иісі қазақтың қадірлісі ғой. Біз ес білгелі елімізді басқарған осы кісі. Әскери борышымды Мәскеуде өтедім. Біз сонда жүргенде, Димаш атамызбен мақтанатынбыз. Елге үлкен еңбегі сіңген атамыздың жатқан жері жайлы болсын...

Димаш ата десе, қазақтың намысы еске түсуші еді. Сол атамызды орнынан алып, ұлтқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әлдебіреу келгені үшін де біз алаңға шығып, басымызды қатерге тіктік. Ол үшін мен мақтанамын.

Ә.Т. – Осындай рухты мәселелер көтерілгенде, өнер адамдары неге бірінші болып үн қатады? Сіз өнер адамысыз. Сотталып кетіп, елге берер өнерімді көрсете алмай қалмас па екенмін деп қорыққан жоқсыз ба?

С.Ж. – Өнер иелерінің туған халқының тарихын, тағдыр-талайын терең ұғынғанынан шығар деп білемін мұны. Халыққа етене жақын жүреді. Елдің мұңын біледі. Сондықтан да туған халқын өнер иесі бозторғайдай шырпыр болып қорғайды. Алайда осы қасиеттерді қаныма сіңірген бабаларымнан жаным артық емеспін ғой. Олар ел үшін, жер үшін, бүгінгі ұрпақ үшін не көрмеді?!

Ә.Т. – 1986 жылғы 16 желтоқсандағы Сағындық пен 2006 жылғы Сағындық ол күндері туралы қалай ойлайды екен?

С.Ж. – Ол кезде жас едік, оң-солымызды онша танымаған едік деп те ойласақ, біздің буын өкілдері сол кездің өзінде Ұлы істердің басы-қасында болды. Болашаққа айта жүрер оқиғаның куәсі болғаны үшін де марқаятын кісілер көп.

Бүгінде 44 жастамын. Менің ол кездегіден айырмашылығым онша емес-ау. Тек қана бұл Сағындық 1986 жылдан гөрі 20 жылға есейген.

Жаныма медет болар ойлар көп. «Аллажар» деген фильм шықты деп естимін. Ол біздің 20 жыл бұрынғы өткен өміріміздің бір өткелін жырлайтын кино шығарма екендігін көрмесем де, ішім сезеді. Ол экрандық дүние болса, біз экранда көрсетілетін алаңдағы қызыл қанды кешіп өткен кейіпкерлерміз...

Ә.Т. – Сәке, ақжарылған әңгімеңіз үшін рахмет. Өнердің, өмірдің өрінен көрейік!

Болат ШАРАХЫМБАЙ

ИМПЕРИЯНЫҢ КҮЙРЕУІ

немесе мен қалай желтоқсаншы болдым?

...Азаттық, бостандық деген ұғымды кім, қашан ойлап тапты екен?

Азаттық, бостандық деп жүрегі алғаш шиыршық атып бұлқынған кім екен?..

Бұл ұғымды кім ойлап тапса да шын мәнінде баламасы жоқ ғажап қой! Тіпті саналы – адам баласы өзі ойлап тапқан ақыл-ой құндылықтарының ішіндегі ең ұлысы десек те жарасар еді. Себебі, осы ұғымда үлкен өзгерістерге түрткі болатын, түрткі болып қана қоймай соған итермелейтін бір тылсым күш бар. Қуат бар!

Осындай бір тылсым күш қазақ даласын үш жүз жыл бойы атқақтап шығар арнасын таба алмай кезіп жүрді. Басын тауға да соқты, тасқа да соқты, құдды бір от пен семсер сияқты... Үш жүз жыл бойы қазақтың үш бұтындай қара қазанында қайнап пісті, жігері жанылды, намысы қайралды, рухы ұшталды. Сөйтіп қайта оралмастай көрінген тұлпар текті

дала рухы күлден қайта жаралып, зеңгір көкке көтерілген феникс – құс секілді қазаққа қайта оралды. Оралып қана қойған жоқ, адам бойына Алла дарытқан асыл қасиет күндердің күнінде бәрібір көрініс бермей тұрмайтынын жанары жарақат әлемге өстіп бір дәлелдеді. Бостандық сүйгіш бозторғай – жүрек бәрібір бір бұлқынбай қалмайтынын өстіп еске салды. Айтыңызшы, аспанға ұшуды, еркін бір көсілуді аңсаған адам үшін азаттықтан асқан қандай бақыт болуы мүмкін?! Міне, түбірі шіріп, дүбірі кеміген ескі дүниенің эп-сәтте астан-кестенін шығарған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі маған ең алдымен осынысымен қымбат, осынысымен құнды.

Шынын айтсам, желтоқсанның сол ызғарлы аязы соңғы кезде жиі түсіме енетін болып жүр. Өмірде куә болған, көзің көрген нәрсенің ешқайсысы із-түзсіз кетпейді дейтін сөз рас-ау, сірә... Әйтпесе содан бері де жиырма жыл өтті ғой... Ұмытылудың орнына ушығып келеді. Сол бір сұрықсыз күндердегі көңілсіз көріністер, жан алысып, жан беріскен сәттер, әлдебір әкірендеген солдаттың қаршадай бір қазақ қызының шашынан уыстап ұстап мұз үстінде сүйреп бара жатқаны, қыздың жанұшыра шыңғырғаны... жаныма маза бермейтін болып алды.

Ол кезде Шет тілдер институтының (қазіргі Абылайхан атындағы Әлем тілдері университеті – Б.Ш.) студенті едім. Сабақтың аяқталып қалған кезі. Қайтуға жиналып, бір топ сыныптастарыммен әлденені қызу талқыға салып келе жатқанбыз. Шыға берісте көптен көрмеген өскі досым Барлыбек Тыныбаев кездесе кеткені... Ауылдан келіпті. Ол Талдықорған жақтан болатын. Оның үстіне менен бес-алты жас үлкендігі бар. Обалы не, оның үлкенмін деп шалқайғанын бір де бір көрген емеспін. Арада «сіз, біз» дескен әдемі сыйластық қана. «Қазір Талғат шығады. Егер күйіп тұрған шаруаң болмаса, оңаша жерге барып шер тарқатайық, – деді Барлыбек мені кездестіргеніне қуанған кейіппен. – Көптен кездескен жоқпыз ғой». Мен неге қарсы болайын, қайта қуанбасам... Талғат та, Жұмабаев, маған алыс адам емес, осы институтта неміс тілінен дәріс оқиды. Түркістандық. Жерлес болғандықтан мен оны «ағам» деп, ол мені «інім» деп жүреміз.

Ұзақ күттіріп барып Талғат та шықты-ау. Мен көргендей емес, жүзінде толқу ма, абыржу ма байқалады. Ол келе: «Жігіттер, жоғарыда «ЧП» болып жатыр. Жаңа ғана радиодан хабарлады. ҚКП Орталық Комитетінің кезектен тыс V пленумы өтіпті. Қонаевты орнынан алып тастапты. Орнына Ресейдің Ульяновск облысынан Колбин деген біреуді тағайындапты» – дейді. Ойымызда ештеңе жоқ, жайбарақат тұрған бізге бұл хабар шынында төбемізден суық су құйып жібергендей әсер етті. Неге екені, бәрінен бұрын Қонаевты алып тастағаны менің шымбайыма қатты батты. «Сұраушысы, іздеушісі жоқ адамдай мұншама қорлағаны қалай?! – дедім ойымды ашық білдіріп. – Мұнымен олар жалғыз Қонаевты қорлап отырған жоқ, бүкіл қазақты қорлап отыр. Мазақтап отыр. Әйтпесе оны орнынан алып тастаймын десе, басқа жолы құрып қалып па?!» Менен гөрі ересек, көргені, көкірекке түйгені көп екі досым басу айтып, әрең басалқаға келтірді. Байқаймын, маған басу айтып, жайбарақат болып көрінгенімен, олардың да еңселері түсіп кеткен іштей мүжіліп тұрған секілді. Кеуделерін керген ашу-ыза қарайып беттеріне шықты. Бірақ, осының бәрін үнсіз ғана түсіністік. Ал, қазақ жастары ереуілге шығады, айтқанын екі еткізбейтін империялық әлімжеттікке қыр көрсетеді деген ой о баста түсімізге кірмеген...

Не керек, Максим Горький атындағы мәдениет және демалыс паркінен бір-ақ шықтық. Жұрт секілді біздің де мәдениетті демалғымыз келген еді. Көзден тасалау, бір бұрыштағы мейрамханаға бас сұғып, жайлы жайғасып отыра бергеніміз сол еді, даяшы келіп: «Кешіріңіздер, мейрамхана жұмыс істемейді» деп мәлімдеді. Сол мезет бір топ даяшы қыздар анадай жерде әлденелерді күбірлесіп тұрғаны есімде. Біз жаққа бір түрлі жақтырмай, үркектеп қарайды. Көздерінде үрей бар. Үшеуміздің ойымызда ештеңе жоқ. Апыл-ғұпыл жиналдықта та тысқа шығып, келесі мейрамханаға бас сұқтық. Ол жерде де жан баласы көзге түспеді. Жылан жалағандай жым-жырт. Сұрастырсақ парктегі бірде-бір мейрамхана жұмыс істемейтін болып шықты. Барлығы бір мезгілде демалысқа кетіпті... Не істеу керек? Қалаға шығайық, бірдемесі болар дестік. Шыға берісте такси ұстап, алдымен Гоголь көшесімен сырғып

отырып, Коммунистік проспектісі (қазіргі Абылай хан даңғылы – Б.Ш.) арқылы жоғары көтеріліп, Комсомол көшесіне (қазіргі Төле би – Б.Ш.) қарай бұрыла бердік... Кенет жігіт ағасы жасындағы (ұлты ұйғыр шығар деп топшылады) таксист: «Әңгімелеріңе қарап отырсам, бүгінгі оқиғадан бейхабар сияқтысыңдар ғой...» – деді қазақша тіл қатып. «Әңгіме Қонаевты алып тастағаны туралы болса, хабарымыз бар» – деді Талғат неге екені жақтырмай жауап қайырып. Қайтсін намыстан өртеніп бара жатса!.. «Жок, ол жайлы әлдеқашан мәлім болды ғой. Әңгіме түк те ол туралы емес. Осы шешіммен келіспейтін адамдар Брежнев алаңына жиналып, «Қонаевтың өзімен кездестіріңдер» деп талап қойып жатыр. Қазір елдің бәрі сонда жүр», – деді таксист. Іздегенге – сұраған, біздің де күткеніміз осы еді: «Ендеше, тартыңыз алаңға!.. Өз көзімізбен көрейік», – дедік.

Алаңға келсек біраз адам жиналып қалыпты. Көпшілігі өрімдей жастар. Бір бойшаң жігіт Үкімет мүшелері тұратын трибунаға шығып алып: «Қазақстанды қазақ басқарсын!», «Не болмаса қазақстандық орыс басқарсын!», «Біз Орталықтың отаршылық саясатына қарсымыз!», «Біз Пленумның шешімімен келіспейміз!..» деп ұрандатып жатты. Бұл ұрандар сол уақыт үшін өте қаһарлы болатын. Мұндай тегеурін мен көзсіз ерлікті күтпеген мен алдында аздап жүрексініп қалдым. Бірақ, ол бір сәттік қана босансу еді. Біраздасын ереуілшілердің қақ ортасында бұрқ-сарқ қайнап жүрдім. Әншейінде кездесе бермейтін таныстарымды да осы жерде жолықтырдым. Көкіректері толған рух, көздерінде от. Қайтпауға бекінген сияқты. Бәрінің айтатыны жалғыз сөз: ертең бейбіт шеруге шығайық, пленумның шешімі әділетсіз екенін түсіндірейік, наразы екенімізді білдірейік. Бәлкім, біздің пікірімізге құлақ асатын шығар... Сөйтіп, ертеңіне Брежнев алаңына жиналатын болып тарқастық.

Түні бойы көзім ілінбеді десе де болады. Әр нәрсе еске түсіп атар таңды мазасыз жағдайда қарсы алдым. Тап төбемнен телміріп тұрған төрткөз терезеге көзім түсіп кетіп еді, сонау тұңғыық түкпірінен жалғыз сәуле жылт ете түсті. Сол-сол екен артынша оған басқа жүздеген, мыңдаған сәулелердің жалтылы қосылып, жер-дүниені аппақ шұғылаға бөлей бастады. Бұл 1986 жылғы желтоқсанның 17-ісіндегі шұғыла болатын...

Мен қолдарына түрлі ұрандар жазылған транспаранттар ұстап, Азаттықтың ақ туын жоғары желбіретіп, Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін шабыттана шырқап келе жатқан демонстранттардың легін Комсомол мен Бейбітшілік (қазіргі Желтоқсан) – Б.Ш.) көшелерінің қиылысында кездестірдім. Шерушілердің ұзын саны шамамен 500-600-дей болып қалар. Олар бастарын жоғары көтере ақбас Алатауды бетке алып бара жатты. Анда-санда «Далой Колбина!», «Жасасын Қазақстан!» деп ұрандатып қояды. Сол сәттегі менің астаң-кестең болған көңілімді қазір сөзбен айтып жеткізу қиын. Әйтеуір, кеудемді түсініксіз бір күш кернеп кеткені есімде. Бізді алаңға бронотранспортерлерін қаз-қатар тізіп, мұздай құрсанған милиция мен ішкі әскер жасақтары қарсы адцы. Олар демонстранттарды тоқтатпақ болып қанша қайрат көрсеткенімен, лықсып келген қалың нөпірге қарсы тұра алмады. Алаң айбар шақырған халықтан теңселіп тұрды. Бұрынғы Брежнев (қазіргі Республика – Б.Ш.) алаңы бұрын-соңғы дәл бүйтіп аузы-мұрнына шыға толып көрмеген шығар... Ақиқатына жүгінсек, шеру бейбіт жолмен өтетін шығар деп топшылағанбыз. Қайдағы!.. Қайта Орталық Комитет үйі жақ мұздай қаруланған әскерилерге тола бастады. Олардың қарасы көбейген сайын жағдай күрт шиеленісіп келе жатты. Сөйтсек, алаңға шыққан шерушілердің біржола «сазайларын тартқызып», алдағы уақытта ешқашан мұндай «бейбастыққа» жол бермеу мақсатында аяусыз қимыл-қайрат көрсетуге жоғарыдан бұйрық түсіпті ғой. Желтоқсаншылар оны қайдан білсін. Алаңдағылар алаңсыз еді. Ақыры не болды? Қанжоса қақтығыс басталып, соңы қарулы шайқасқа ұласты. Бейбіт шерушілерге ит айтақтап, қып-қызыл қанға бөктірді. Одан қалса желтоқсанның аязында суық су шашып, сапер күректерімен соққылап, қолға түскендерін ұл-қыз, кәрі-жас демей аяусыз зәбірледі. Сөйтіп, жетпіс жыл бойы жарты әлемді жалпағынан басып жатқан, мәңгілік мызғымастай көрінген орыс империясының шын бет-пердесі сыпырылып түсті.

Сол күнгі алаңдағы қан төгісті тілмен айтып жеткізе алмайтын шығармын. Екі жақта бірін-бірі аяған жоқ.

Бастарында каска, қолдарында резеңке сойыл мен қалқандары бар солдаттар лап қойды. Осы сәттен бастап аландағы шиеленіс мүлдем басқаша сипат алды. Таяқты көп жеп, шашы жұлынғандар да, бет-ауыздарының дал-далы шығып, соққыдан жараланғандар да көбейе түсті. Дүрмекпен ілесіп жүргенде ымырт үйіріліп, қараңғылықтың қалай қоюланғанын да аңғармай қалыппыз. Кенет сол қанаттан өрт сөндіргіш машиналардың легі көрінді. Бірінің соңынан жүріп, адамдарға су атқылап келеді екен. Әбден ашуға мінген ереуілшілер оларға тас, кесек жаудырып, ақырында бірнешеуін аударып, өртеп жіберді. Артынша шайқасымыз қайта қызды. Жендеттерді қолға түскен нәрселермен атқылап, Орталық Комитет үйі жаққа қарай қуа жөнелеміз. Трибуна тұрған жерге жеткен соң оларға тың күш қосылады да, айқай салып бізді кері ығыстырады. Осындай текетірестен ары-бері ығыстыру бірнеше рет қайталанды. Бір кезде қара желетті солдаттардың қатары тағы күшейтілгендей болды. Арсылдаған төбеттердің дауыстарын да шалды құлағымыз. Уақыттың қай шамалар екенін білмеймін, кенет солдаттар әлдекімнің қарлығыңқы командасына жауап ретінде қалқандарын сарт-сұрт ұрып, алға шығарып қаз-қатар, түп-түзу сап түзді. Шынын айту керек, бұл бір әдемі көрініс еді: ертедегі Рим әскерлерінің тәртібін еске түсіретін. Бағаналы бері араның ұясы секілді ызындап, құжынап тұрған алаң сол сәт құлаққа ұрған танадай тып-тыныш бола қалды. Тағы да әлгі қарлығыңқы команда естілді. Осы дауыстың шығуы мұң екен, кенет әскерлер тығыз жүріп алға жылжи бастады. Сарт-сұрт.. сарт-сұрт... Бір кезде солдаттар мен демонстранттар қоян-қолтық араласа жүріп айқасты. Кімнің кім екенін біліп болмады. Рас, шерушілер алдында біраз қарсылық көрсетіп бағып еді, әбден қатыгезденіп алған жазалаушылар күш бермей кетті. Қуып жеткенін аямады. Сөйтіп адамдар бет-бетіне қаша жөнелді. Бірімен-бірі сығылысып, басып-жанышты. Әрине, өз орнында қалып қойғандар да болды. Олар оқиғаны өз көзімен көруге келген жай адамдар еді. Солдаттар бізге тиіспейді деп ойласа керек. Алайда, қызыл айқайға қызып алған жазалаушы жендеттер оларды да аяған жоқ. Айғайдан жан түршікті. Резеңке сойылмен соққылап, аяқпен тепкілеп, құлаған қыздарды шашынан алып сүйреді.

Құдды бір жендеттер адам аулағыш көк төбеттерге айналып кеткендей. Бұл бір қорқынышты көрініс еді. Шынын айтайын, сондағы мен көзіммен көрген қылмысты ешкім де ештеңемен де ақтай алмайтын шығар...

Дүрліккен дүрмектің жетегінде жанталаса зытып келе жатыр едім. Байсейітова көшесінің бойымен... Абайды кесіп өтіп, Құрманғазы көшесіне таяй бергенде, кенет арт жағымнан бір қыздың жанұшыра айқайынан кілт тоқтадым. Артыма жалт қарасам, он бес-жиырма қадамдай жерде бір солдат қаршадай ғана қазақ қызын жол жиегіндегі арыққа салып тепкілеп жатыр екен. Мынау жексұрын көріністен менің денем тітіркеніп, көзім қарауытып кетті. Ештеңе көрмей қалдым. Тұра арашаға ұмтылдым. Енді әлгі жендет қызды қоя салып, сойылын оңтайлап қарсы ұмтылды. Екеуіміз алысып-жулысып жүргенде, қыздың бой тасалап үлгергенін білемін. Ары қарайғы қыздың тағдыры қалай өрбігені маған беймәлім. Мен сол жерде қолға түстім. Амалын тауып сытылып қашып кетпек болып, қаншама қажыр-қайрат жұмсасам да, түк шығара алмадым. Еңгезердей еліріп алған дүлейдің бас-көз демей онды-солды сілтеген соққысынан ес жия алмай құладым. Одан арғысы еміс-еміс қана есімде... Арсылдаған иттер... Мұз үстінде үйіліп жатқан адамдар...

Ыңырсыған өлімші дауыстар... Формадағы екі кісінің жаралыларды ырғап-ырғап лақтырғаны...

Есімді жол үстінде жидым. Бірінші сезінгенім, қорғасын құйып қойғандай басым көтертпейді. Адамға алдымен жаман ой үйір ғой, өлген екемін деп ойладым. Денем өзімдікі емес секілді. Зілдей. Аяғымды абайлап қозғап көріп едім, жан бар сияқты. Сондағы іштей қуанғанымды көрсеңіз!.. Еңгезердей біреу көлденеңнен жатып алыпты. Былқ-сылқ етеді. Жанымды шығарып бара жатқан сол екен. Ауырсынғаннан дауысым шығып кетті. Сол-сол екен алда шоқиып отырған әлгі екеу елең ете түсті. Біреуі жартылай бұрылды да: «Ә-ә, декабрист есінді жидың ба?! Қалай, енді алаңға шығасың ба?!» деді не кекеткені, не жаны ашығаны белгісіз кеңкілдеп. Тұла бойымды ыза кернеді. Бірдеңе айтпақ болып оқтала түстім дө, өзімнің қандай жағдайға тап келгенім есіме түсіп, тілімді тістей қойдым. Жан-жағымды барласам, байқауымша он бес шақты өрімдей қыз-жігіттер

бірінің үстіне бірі шығып қалай болса солай жайрап жатыр екен. Кенет түкпірден бір қыздың жылаған жалынышты дауысы естілді: «Ағатайлар, менің ешқандай жазығым жоқ. Мені көшеден ұстап алды ғой... Әке-шешеме не бетімді айтамын енді?! Ағайлар, сіздерден жалынып сұраймын, мені қоя беріңіздерші!...». Бұрылып қарап едім, бет-ауызы күп болып ісіп кетіпті. Шашы алба-жұлба. Қайран қайсар қарындасым-ай! Не болып кеткенсің! «Жарым түнде қайда барайын деп едің?.. Оны бағана алаңға келе жатқанда ойлауың керек еді... Енді келіп жылайсың. Біз не?.. Біз бұйрықты орындаушы ғанамыз...». Жігіт ағасы жасындағы милиционердің дауысы күмілжіп шықты. Кәдімгідей қабырғасы қайысып тұрғаны байқалды. Сосын аздаған үнсіздіктен соң: «Жарайды, қызым, жаныңа бір қызды қосып берейік, осы арадан түсіп қал! Бірақ бұл туралы жан баласына тіс жарушы болмандар, жарай ма?» деді. Көлікті тоқтатып сол арадан екі қызды түсіріп кетті. Түн жарымда орта жолда қалған осынау қос қаракөздердің де кейінгі тағдыры белгісіз. Қайда екен? Не істеп жүр екен? Байқауымша, милиционерлердің үстіндегі формасы болмаса, бізге бүйрегі бұратын секілді. Иманжүзді көрінеді. Неде болса, жағдайымды айтып түсіндіріп көрейін дедім. Обалы не, әлгілер ағайын-туыстық, бауырмалдық қасиетінен айырылмапты. Іші-бауыры елжіреп тұрмаса да, түсінді. Тек: «Мына «ДТ» басқан түріңмен қайда барасың? Он қадам жасамай ұсталасың ғой... Қалтаңда такси ұстауға тиын-тебенің де жоқ шығар. Жағдайыңды түсінетін кім бар, тыңдайтын кім бар қазір?» деп күрсінді: «Не болса да өзімнен көремін. Жіберсеңіздер болды» дедім өжеттеніп. Ойларына не түскенін қайдам, әлгілер біразға үнсіз отырды да, бір бұрылысқа келгенде автобусты тоқтатып, мені түсіріп жіберді. Түсерде: «Болған оқиғаны тісіңнен шығарушы болма!» деп ескертіп үлгерді. Мен үндегем жоқ. Өйткені біз үнсіз түсініскеннің ғұмыры ұзаққа созылатынын сол сәтте мойындаған едік...

Өзім түскен бұрылысты зерделей тұспалдасам, «Каменканың» қақ ортасында қалдырыпты. Оған да шүкір! Айдалаға апарып тастап кетсе не істер едім?.. Айтпақшы, желтоқсан туралы айтқанда, менің жүрегіме ең ауыр салмақ түсіретін жайт менімен бірге автобуста болған

«қаруластарымның» тағдыры. Шынын айтқанда, оларды сол жолы қайда апарып тастады, тағдырлары не болды, тірі ме, өлі ме, ешқандай хабарым жоқ. Мен олар туралы ойласам неге екені өзімнен өзім қолайсыздана бастаймын. Кім біледі, өмір бойы білмей де кетуім мүмкін ғой... Дегенмен, олардың адамдар арасында алшаң басып дін аман-есен жүргеніне сенгім келеді. Жаратқаннан жалбарынып осыны тілеймін.. Сонымен негізгі әңгімеме оралайын. Менің жарақатым тым күрделі-тін. Бір тәуірі аяғыма зақым келмеген сияқты. Жүруге жарап тұр. Бір сәт жау шапқаннан кейінгі жаралы адамды көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Менің сол жолғы халім де тап солай еді.

Өзімді-өзім сүйрегендей жетектеп қала шетіне әрең іліндім. Жол-жөнекей бір-екі көліктің жарығы көрініп, қуанып қалып едім. Дал-дал түрімнен шошынды ғой деймін, тоқтамады. Ондайда әрине іші-бауырым езіліп, жаншылып кеткендей болады. Үмітіңнің күл-талқаны шыққаннан ауыр нәрсе жоқ екенін сонда ерекше сезіндім. Құдай-ау қандай жағдайға жеткенбіз?!

Не керек, әбден діңкелеп, аяқ-қолым өзіме бағынбай, өлдім-талдым дегенде Сайн мен Ташкент (қазіргі Райымбек – Б.Ш.) көшелерінің қиылысына жетіп құладым. Екі шекем солқ-солқ етеді. Аяқтарым дірдек қағады. Қанша қайрат қылсам да ары қарай жылжуға шамамның келмейтінін сезіп, жол жиегіне сұлай кеткенім сол еді, бір мың болғыр «Жигули» келіп тоқтай қалмасы бар ма... Жүргізуші еңгезердей жігіт екен. Кескіні ақсары еуропалық болғанымен, орыс емес-ау деп шамаладым. Ол машинасын маған жақын әкеп тоқтатты да, өзі түсіп, көрген түстей күмілжіп отырған мені қолтығымнан демеп артқы орындыққа жайғастырды. Менің әлдене айтқым келеді, бірақ шамам келетін емес. Бар болғаны қолымды көтеруге әрекет жасап, басымды изей беремін. Мен ол кезде Матросов көшесі, 20-сыншы нөмірлі үйде (Баянауыл көшесінің қиылысы – Б.Ш.) пәтерде тұрамын. Әлгі мың болғыр мырза жігіт бар болғаны тұратын мекен-жайымды ғана сұрады. Басқа ләм деп тіл қатқан жоқ, менен де ештеңе сұрамады. Тіпті жолпұлын да...

Міне, менің желтоқсан көтерілісіне қатысып, өзім басымнан өткізген, көзбен көрген, куә болған уақиғалар осын-

дай. Сол кезде көрген қорлық пен азап арадан көп уақыт өткен соң аздап көмескіленіп, саябыр тарта бастағаны да рас. Дегенмен Желтоқсанның салған жарасы жазылды дегуе ерте. Айта кететіні, мен өз ойымды, көргенімді ешбір бүкпесіз-қоспасыз жеткізуге тырыстым. Ештеңені жасырып қалмадым. Әрине, менің оқырмандарымнан: «Сонда, желтоқсанның 18-індегі ереуілге сіздің қатысыңыз болмады ма?» деген сыңайдағы сауалдың қойылатынын білемін. Білгендіктен де осы сұраққа жауап бере кетсем деймін: қатысым болғанда қандай! Бірақ, желтоқсанның 18-індегі ереуілге барғаныммен, екі күндік ұйқыдан қалғаным бар, кешегі алған соққылардың сызаты бар, сыр бере, бастаған соң шыдамай аланды ертелеу тастап шыққан едім. Ашығын айтсам, мен оған бір мысқал да өкінбеймін. Өйткені менің репрессияға ілінбей қалуыма осы ертелеу әрекет жасауым себеп болды ғой деп ойлаймын. Әйтпесе, тағдыр қандай сыбаға дайындағанын кім біледі...

Естеріңізде ме, «Желтоқсан деген бір ай бар» деп тебіренетіні Ақынның. Расында, диірменнің тасындай шыр айналған дүниенің шын ғапыл екендігін осы ай жақындаған сайын сезіне түсесің. Азаттықтың, бостандықтың не екенін жанымен ұғатындар жыл бойы желтоқсанның басталуы мен аяқталуын асыға күтетін секілдіміз. Бұл айдың қаншалықты құнды, қаншалықты қасіретті екендігі осыдан-ақ белгілі емес пе. Айтып өтетін бір нәрсе: сол күндердегі аланда орын алған көріністер жай текетірес емес, шын мәнінде өмір мен өлім үшін айқас еді. Қазір біреулер айтып жүргендей Алматы желтоқсаны жай толқу, қыр көрсету, қақтығысу, ығыстыру емес, басынан бақайшығына дейін қаруланған нағыз жазалаушы жендеттерге айбар көрсетіп, қарсы тұрған қаһармандық күрес болды. Міне, Алматының алаңын рух кернеген 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысына биыл жиырма жыл толады. Осыдан жиырма жыл бұрынғы жантүршігерлік оқиғаны еріксіз еске түсіретін жан сыздатар жарақат іздері толық жазылып біткен жоқ, әлі талай жүректе оқылмаған кітаптай сайрап жатқаны анық.

Ұлы Мәртебелі Уақыт күндердің күнінде бәрін де бәрібір орнына қояды. Өйткені бұл дүниеде ешкім де, ештеңе де жоғалмайды. Бәрі ескеріледі, бәрінің сұрауы бар...

БІЗДІҢ «ОТТЫ» КҮНДЕРІМІЗ

Ауылда мал бағып, кейін қала құрылысында жұмыс істеп, әскери міндетімді де өтеп келгесін 1986 жылы Қаз-МҰУ-дың журналистика факультетінің сырттай үшінші курсынан күндізгі екінші курсына зорға ауыстым. Екінші курстың пәндерінің көбі алдын-ала тапсырылып, менің сынақ кітапшамда белгіленгендіктен сабақтан жартылай босатылған едім. 17-ші желтоқсан күні сағат 10.00-ге Қазақ теледидары өлең оқып, пікір айтатын он шақты студенттің сондағы «Құрдастар» бағдарламасына қатысуын өтінген болатын. Мен жатақханадан оқу корпусына беттегенде алдымнан шыққан топ старостасы Қайрат Сақов Д.Қонаевтың зейнетке шығып, орнына Колбин деген орыс келгендігін және алаңда көтеріліс басталғандығын айтты. Сенер-сенбесімді білмесем де сабақтан балаларды жинап, алаңда орналасқан теледидар үйіне тарттық. Жақындағанда Тимирязев көшесі жағынан сақшылар бізді алаңға өткізбей, Фурманов көшесіне қарай бағыттады. Бұл көшеге жеткенде де тізбектеліп тұрып алған әскерилер бізді ығыстыра берді. Бұл жерден ереуілді алғаш көргенде өз көзімізге өзіміз сенбей кино көргендей әсерде болған едік. «Қазақ басшы!», «Қазақ басшы!» деген ұранмен кәдімгі теледидардан көретін капиталистік дүниенің көтерілістерінің әдісіне салып алған өзіміз сияқты қалың жастар танданбасыма қоймады. Әуелде бет алып шыққан теледидар бағдарламасының жайы басымыздан да шығып кеткен сияқты. Қалың топтың ықпалын көрген сайын бойымыздағы ұлтқа деген эмоциялық күш-қуат одан бетер жандана түсті. Менімен сырттай бөлімде бірге оқыған Гүлнәр Әшімова деген студент сап түзеген әскерилердің арасындағы дәліз тектес кеңістік бойымен тездере жүріп, үкімет мінбесіне қарай тартты. Мен соңынан қуып кеттім. Артта қалған Айнұр, Ұзақбай және басқа да студенттермен алаңда қайтып кездесе алмадық. Мінбенің қасына келгенде қолдарына қызыл байлаған ОКД мүшелері бізді кері ысыра берді. Биіктегі мінбенің қасында тұрып алып біз елге, ел біз тұрған жерге өте алмайтын жайға тап болыппыз. Арамыздағы шекара – қалың сақшылар мен әскерлердің қол ұстасып, иықтасқан тізбегі. Мақсаты – елді мінбеге

қарай өткізбеу. Бірде Гүлнар қызбалыққа салынып ақтарыла сөйлей бастады. Жан-жағынан фотоға, киноға түсірушілер көбейіп кетті. Болашағына қиын болмасын деп мен түсіріп жатқан аппараттардың алдын қалқалай бердім. Көп ұзамай ішінде ректорымыз бар бір топ қасымызға да келіп жетті. Ол бізге шүйліге келіп, қасындағы адамдарды тізбектей таныстыра бастады. Ұмытпасам арасындағы әйелді – консерватория ректоры, погоны бар тағы бірін КГБ генералы, қалғаны – ректорлар, тағы тағылар... дегендей болды. Есімдерін кейін қайта сұрап алуға дәтім шыдамады. Олар өздерінше тағы да ақыл айтып сабырға шақырмақ болса да, Гүлнар одан бетер қызбаланып сөзін сабақтай берді. Арасында өзімен бірге менің аты-жөнімді де айта кетті. Сондай-ақ, қазақ мектептері мен балабақшаларының ашылмай жатқандығын, өзінің Шығыс Қазақстан облысында қиындықтарға тап бола жүріп, бір қазақ мектебі мен бір бала бақшаны ашуды ұйымдастырғанын, елді жұмылдырып, жүздеген адамдардан қол жинағанын да айтып өтті. Әңгімеге әлдеқашан араласып кеткен менің де намысым тұрарға жер таптырмады. Алматыда ашылған қазақ мектептерінің кейбірі ақын Шона Смаханұлының бастамасымен жүзеге асқандығын айта беріп едім, олар сөзімді бөлді:

– Какой-то ақынның сөзін кім тыңдайды? Мектептің бәрін ашқан үкімет пен партия емес пе? – дегенде:

– Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды ғой. Шона ағаларымыз таяқ жемегенде ше? Қазақ мектептері үкімет пен партияның несіне қажет? – деп мен де сөзімді дәлелдей түсуге тырыстым. Олар тағы да:

– Балаларын қазақшаға бермеген ел өздерінен көрсін, – деді. – Бүкіл қоғамдық жүйе мен елдің санасын орысшалап қойған соң қазақшаға баласын кім береді? «Балық бастан шіриді» демекші, қазақша сөйлеп, іс-қағаздарын қазақша жүргізуді сөйлей алмай отырған басшылықтың өздері бастасын! Республика өз тілінде сөйлеуі керек! – деп дауды өрбіте бердім. «Мемлекеттік тіл» деген ұғым ол кезде қалыптаспағандықтан ойымды осылай түсіндірмек болдым. Сөзге қоғамдық жүйені араластыруым да мектептегі тарихтан алған білімнің әсері. Бара-бара әңгіме басшылық мәселесіне де ауысты. Олар «қазаққа қарағанда орыс басшы дұрыс, олар әділ болады, жағдай жасаса болды емес пе» деп, болып үлгірмей жатқан Колбинді де қорғаштай берді. Дау

әлі де талай нәрсенің түбін қозғады. Ректор сол жерде тұрған жастардан қызбалана түскен Гүлнәрді қалайда тоқтатуды сұрады. Әлдебір сәтте мінбеден сөйлеп жатқан республика басшыларының бірінің „Мен прокурор республикімін,, деп екі ауыз сөзді қазақша дұрыстап айта алмағандығы мені тағы да елең еткізді. Тағы бір басшының сөз ауанына шыдамаған бір жігіт дінгекке өрмелеп шығып, ілулі тұрған радио қондырғысын жұлып алып, лақтырып жібергенін де көзім шалды. Естуімше бұл да түрме азабын шеккен өзіме таныс жігіттің бірі екен. Сөйткенше болған жоқ, ереуілшілер сақшылардың тізбектеліп тұрып алған неше қабат бекінісін бұзып, Орталық Комитеттің Үлкен үйіне қарай өріп барады. Нағыз шайқастың көкесі сол жерде басталды. Бізге сол жерде ғана көпшілікке қосылудың реті келді. Намысым шабытымды да оятты. Бойда бар азды-көпті суырып салмалық өнерімнің ішімдегі түтінді будақтата шығаруға енді ғана септігі тиді.

– Ұрыста бұл қан құйлы
Бәлкім, біреу жан қиды.
Колбинді алса әкелер
Тағы да бір Колбинді, –

деп өлеңдете жөнелдім. Бірақ бұл кідіріс те ұзаққа бармай ереуіл екпінімен сыпырылып кете барды.

Дегенмен де қалада күн шайдай ашылып кеткен. Жергілікті климатпен бірге тыныстаған үйреншікті ала бұлттар қоюланып та, сұйылып та кетпей желдің екпіндеп соғуын да күтпей, өздігінен-ақ ақырын қозғала бастады. Олардың қозғалысы жарқырай түскен күннің сәулесін де қалқалай алар емес. Әлгінде ғана ақтарылған дау да, жыр да жаңа күннің шуағынан еріп, көтеріліп кеткен жүректің де, заманның да шері сияқты. Көңілге ұялаған көгілдір көкжиек көктемді елестетсе де, мезгілдің қалқасындағы „қыстың,, да сұсы көкірегінде көзі барды елең еткізеді. Қардың да түсі көрген көзге қаншалықты ақ болса, соншалықты ызғарлы. Сондықтан да болар, тосын сәулеге жасаурағаны аздай, қалың тобырдың аяғы қардың ғұмырын одан бетер тежеп барады. Жаз емес, көктем емес, уақсыз уақта күннің де шамадан тыс шуақтанып кетуі алдағы онсыз да ызғарлы қыстың намысын оятып, қаһарына мінгізбесе игі еді. Алаңдағылардың да кейінгі тағдыры кейде соны мегзейді.

Қарды кетірсең қайта қар жауады. Жауа-жауа сағына күткен көктемнің де оралады. Сосын атажұртымыз аралық континентте орналасқандықтан көктем түгілі жаздың да ғұмыры ұзаққа бармайды. Бір ықпалды түбегейлі кетірсең, екінші ықпалдың түбіртегі өнеді. Ықпалдан да ықпалдырақ болу – болдырса жаратылыстың жауапкершілігі, құдайдың ғана құрметі...

Көп ұзамай мінбенің Тимирязев көшесі жақ бетіне «Урал» деп аталатын әскери көліктер іркес-тіркес келіп әскер түсіріп жатыр екен. Қолдарында резина сойылдары мен қалқандары бар. Олар түскен бетте тізбектеле тұра қалып, елді ығыстырып алдыға қарай жылжи берді. Мінбенің шығыс жағында сақшылар қолдарына ілінген адамды бірінен соң бірін жаңағы тұйық көліктерге апарып тиіп жатыр. Әлдекімге ұмтыла берген сақшының иығынан ұстай алып едім, жұлқынғанда қолымда жұлынған погонны қалып қойыпты. Тағы бірде құрылыс жатақханасынан өзім көріп жүретін ұзын бойлы бір жігітті байқап қалдым. Амандаспақ болып икемделе бергенімде, екі сақшы оны да тұйық машинаға қарай ала жөнелді. Алаңның батыс жақ бетінде сақшылардың көбейіп кетуіне байланысты ереуілшілер аздап шегіншектей бастады. Олардың қарсыласуын қайта жандандырған бір себеп – сол тұстан бір топ адам көтергішке салып алып өте шыққан ақшыл бас киімді қыздың тағдыры болды. Ең бастысы – қыз жүрегінің соғып жатуын мен де бар ықылысыммен тіледім де ереуілшілерге ере жүгірдім. Жүгірдім де, Мир көшесінің бойымен құдилап келе жатқан көк «Москвич» көлігін байқап қалдым. Ұлты – еуропалық жүргізушісі мұндай жайға тап боламын деп ойламаса керек, сәл кідірістен соң ғана шегінуге ес жиды. Оны қасарысып тұр екен деп ойлаған қызу қанды көтерілісшілер әйнегін шағып, қалған жерінің сау қайтуына ғана мұрсат берді. Саны жағынан да көбейіп оқтай қаруланған сақшылар мен әскерилерге қарсыласу мүмкін болмағандықтан жастар тас, мұз, тағы басқа қолына не түссе сонымен қарулануға мәжбүр болды. Қазіргі «Анкара» қонақ үйінің орнында, естуімше, сол кезде жоспарланып отырған кооперативті тұрғын үй құрылысының жері қазылып, жасыл қорғанмен қоршалған еді. Қорғанысқа қару іздеген жастар әлгі қоршауды да таласа жұлқылағаны соншалық, ағашынан не қалғаны маған да беймәлім. Ұрыс үстінде жер-

лес досым Бақтиярды кездестірдім. Ол қол беріп, қысқа ғана амандасқан соң менімен бірге жұмыс істеген № 11 құрылыс басқармасының жұмысшыларының көбі осында жүргендігін айтты да жүгіріп кете берді. Оқиға қызған сайын бір жағы қызықтана да түскен сияқты. Өйткені, жастардың күшіне дәнеңе болмай аударылып жатқан үкімет көліктері бейне бір ойыншықтарды елестетеді. Күн кешкіре бастағанда Фурманов көшесі жағынан әскери БМП, БТР көліктерінің қашан келіп тұрғандығын да аңғармай қалыппыз. Адам саны түске дейінгіге қарағанда түс ауа бірнеше есеге көбейіп, лықа толы алаңның аузы-мұрнынан асып төгіліп кеткен. Айқай-шу да, ұрып-соғу да жалғаса берді. Айта берсек, көрген түстей көз алдындағы оқиға толастар емес. Көлік қозғалысы тоқтап қалғандықтан, алаңнан жаяу жатақханаға жеткенде мұғалімдер тергеудің астына алып, жатар орныма зорға босатты. Ертесінде қарындасым Сайраштың амандығын білуге барғанда, ол да алаңдағы шырғаланды бізден кем көрмегендігін айтты. Өзім куә болған алаңдағы оқиғаның осындай бір күні – менің оқудан, ЛКЖО қатарынан қуылып, қауіпсіздік комитеті тергеуіне де ілініп, сол оқиғаға байланысты жұмысқа да қабылдана алмай көптеген кәсіпорынның қияметін де көрсеткен екі жылғы шырғалаңымның негізі болды. Сол кездегі Қазақ ұлтық университеті басшылығының құжатқа түсініктеме берудегі көзбояушылығының нәтижесінде күні бүгінге дейін берілуге тиісті Желтоқан құжаты да бұйырмай келеді. Ал, оқиға адамзаттық, ғылыми түпкілікті бағасын әлі де ала алған жоқ. Өйткені зерттеліп бітпеді және бітуі де мүмкін емес. Баға жөніндегі өз пікірімді кейінгі мақалаларымда айтармын. Дегенмен де бұрынғы социалистік жүйеде 1968 жылғы Чехославакиядағы, 1981 жылғы Польшадағы көтерілістерді білеміз. Бірақ, бұлар көбіне экономикалық талаптарға байланысты басталған. Ал, Ұлт-азаттық қозғалыс тұңғыш рет 1986 жылы Қазақстанда болып, марксизмге қарсы Ұлы бетбұрыс жасады. Бұл – мен беретін бағаның алғашқысы. Ақпараттардағы тәуелсіздік күніне арналған материалдардың көпшілігін қадағаладым. Мені қинайтыны – олардың ақын Бауыржан Үсеновтың сөзімен айтқанда «сұңқар орнына торғай сайрап», Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңды да көрмеген, сондай-ақ, әбден марапатын алып алған жазушылар, өнер қайраткерлері мен ойлары шолақ белгілі саясаткерлерді сөйлетіп қойғандығы. Ал,

Желтоқсан ардагерлерінің ішінен оқиғаға дуалы пікір айта-тындай саясатпен көп қатысы жоқ, алаңдағы көргенін ғана баяндай алатын, «сабырлыларын», ғана байқап қаламыз. Бұл – әлі де не жалтақтықтың, не жарамсақтықтың, не көре алмаушылықтың белгісі.

Ырысқали ДӘУРЕНБЕК

ЖҮРЕКТЕ ЛАУЛАҒАН ЖАЛЫН

Сол күні Алматыда таныстары мен туыстары бар студенттерге телефон арқылы хабарлар түсе бастады, сабақ аяқталған соң біз: Тапин Сайран, Қасымбеков Марат, Қасымбекова Зоя және тағы да басқа студенттер жиналып осы көтеріліс жөнінде әңгіме қылдық. Әңгіме кезінде біз неге үндемей отырамыз, алматылық студенттер секілді өз пікірлерімізді айта алмаймыз, не себептен Кеңес Одағының басшылары өзге жерден Қазақстанға басшы тағайындайды деген сөздер айтылды. Бұл әңгімеге жатақханада тұратын басқа да студенттер қосылып, өз пікірлерін білдіріп жатты. Сондағы айтылған ойлар: қазақ тілінің мәселесі, қазақ мектебінің жай-күйі, қазақ тілінде жастардың білім ала алмауы, қалада тұруға тыйым салыну (себебі «прописка» берілмейді) және тағы да басқа шынайы ашындан туындаған ащы сөздер болатын. Жиналған жастардың ой-пікірлері дами келе бір арнаға тоғысып, әңгіменің аяғында ертесіне таңертең Жезқазған қаласының Орталық алаңына шығу жоспарланды. Сол кезде Жезқазған қаласында аталған педагогикалық институттан басқа, Жезқазған политехникалық институты мен Құрылыс техникумы болатын. Жиналыстың шешімімен кешікпей, бірнеше адам үгіттеу жұмысын жүрізуге жіберілдік. Мен, Тапин Сайран, Қасымбеков Марат, Сарғатов Ерлан түнгі сағат бірде политехникалық институттың жатақханасына бардық. Біз барған кезде сол жатақханада да осы мәселеге қатысты қызу әңгіме жүріп жатыр екен. Бұл институттың студенттерімен келесі күні кездесетін орынды белгілеген соң, пединституттың үш жатақханасын аралап, студенттер арасында үгіт жүргіздік. Шамамен түнгі төрт кезінде, шаршаған, бірақ бәріміз өрімдей жас болсақ та өз

ұлтымыздың мүддесі жолындағы үлкен іске бел буған ба-
тыл әрекетімізден айрықша қуат алып, сол шақта кеудемізде
тұтанған белгісіз бір оттан жігеріміз қайнап маз болып, түнгі
таксимен қайтып келе жатқанымызда, марқұм Сайранның
айтқан сөзі бар еді: «Жігіттер, осы күн енді мәңгілік тарихта
қалады».

Өз жатақханамызға қайтып келгенде, онда отырған
жолдастарымыз жай отырмаған екен, көркем сурет
факультетінің студенттері бастаған бір топ жігіттер қазақ
және орыс тілдерінде шамамен 15-20 плакат дайындап
қойыпты. Плакаттарда көбінесе Лениннің айтқан «Каждому
народу – своего вождя», «Әр халыққа – өз көсемі» деген
сөздер және «қазақ елі жасасын» т.б. ұрандар жазылған
болатын. Филология факультетінің қыздары жүзден астам
үндеу қағазын (листовка) дайындап қойыпты. Автобустар
жүрмей тұрғанда жаяу аралап жүріп таңғы бестердің кезінде
қаланың көптеген аялдамаларында жапсырылған сол
үнпарақтарда қазақ халқына және болып жатқан оқиғаларға
қатысты проблемалар айтылып, қала тұрғындары таңғы
тоғызда Орталық алаңға шақырылды.

Шынында да сол күндері көңіл күйіміз ерекше көтеріңкі
және ұзаққа созылған қалың ұйқыдан оянғандай ғажап бір
қуанышты сезімге бөлендік.

Таңғы сағат сегіз жарым кезінде студенттер институт
алдындағы алаңға жинала бастады. Қолдарымызда плакаттар
бар. Шамамен 300-400 студент жиналды. Институт ректоры
жиынды тоқтатуға әрекет жасады, студенттерді милицияға
қаматамын, институттан шығарамын деп қорқытты. Бірақ
ешкім бой берген жоқ. Белгіленген уақытта Политехникалық
институттың студенттері келмеген соң, шеруді оларсыз
бастауға мәжбүр болдық. Алдағы келе жатқан қыздардың
біреуі қазір әнұранымызға айналған Шәмшінің «Менің
Қазақстаным» әнін бастап кетті. Некрасов көшесіне шыға
берген кезде, қиылыс көшеден тура сол әнді айтып келе
жатқан қалың жастар көрінді. Олар политехникалық
институттың және біздің институттың география,
көркемсурет және физмат факультеттерінің студенттері
болып шықты. Қуанышымызда шек жоқ. Құшақтасып та-
бысып, шеруімізді жалғастырдық. Колоннада шамамен екі
мыңнан астам студент болды. Студенттер ұрандар айтып, ән

шырқады. Ал, жұмысқа бара жатқан халық жол шетіне тұра қалып, біреулері қолдап колоннаға қосылса, басқа біреулері (көбінесе өзге ұлттың өкілдері) балағат сөздер айтып жатты.

Некрасов пен Абай көшесінің қиылысына жете берген кезде (қазіргі кезде сол жерде интернационалистер аллеясы орнатылған), жүз қаралы милиция, өрт сөндірушілер және арнайы қызметтің өкілдері қарсы алды. Қиылыстың оң жақ және сол жақ беттерінде терезелері торланған милицияның бірнеше арнайы автокөліктері тұрды. ПБ басшысы тараңдар деген бұйрық берді. Бірақ айтқан сөзіне ешкім құлақ асқан жоқ. Сол кезде милиция қызметкерлері өз шабуылын бастады. Ұл-қызға қарамай, жаппай соққыға жықты. Құлатып, ұстағандарын аяқ қолдарынан көтеріп, машинаға салып әкетті. Милиция ғимаратында жеткілікті орын болмаған соң, өрт сөндіру машиналары тұратын аңғарларға студенттерді апарып төкті.

Сол кезден бастап тергеу басталды. Нәтижесінде, басқарушы болған 50-ден астам студент оқудан шығарылды. Маған, Сайран Тапинге, Қасымбеков Маратқа қарсы Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 60-шы және 65-ші баптарына сәйкес қылмыстық іс қозғалып, ақырында дәлелдерінің жетіспеушілігінен бе, әлде басқа себептерге байланысты ма, әйтеуір қылмыстық іс тоқтатылды. Комсомолдан және институттан шығарылдық. Еңбек кітапшамызға «Отчислен из института за сознательное участие в выступлении группы студентов против решения 5-го Пленума ЦК Компартии Казахстана от 19.12.1986 года» деген жазба енгізілді. Аталған жазбаны көріп, мекеме басшылары ат-тонын ала қашып, жұмысқа алмайтын. Өзер дегенде бір жолдасымның ағасының көмегімен жұмысқа тұрдым. Содан, 1989 жылға дейін құрылыста еңбек еттік. Тек қана 1989 жылы Н.Назарбаевтың Жарлығымен қайтадан оқуға қабылдандым. Оқуымды Алматы педагогикалық шет тілдер институтында жалғастырдым. 1993 жылы ҚР Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа тұрдым. Бес жыл Швейцарияда дипломатиялық жұмыста болдым. Ел-жер көрдім. Қазіргі уақытта Консулдық қызмет департаментінде директордың орынбасары болып жұмыс істеудемін.

Арадағы жылдарда адам өмірінің айнымас серігі болатын қуаныш пен қайғы қатар өріліп жатты. Өкінішке қарай, Желтоқсанда жүректеріміз қатар лаулаған қастерлі доста-

рым Сайран Тапин мен Сарғатов Ерлан ауруға шалдығып, дүниеден озды. Арттарында шиеттей жас балалары қалды. Жезқазғаннан кеткелі бері сол кездері қасымда болған жолдастарымнан бейхабар болып қалдым. Өкінішке орай, біразының аты-жөнін де ұмыттым. Кешірім сұраймын. Қанша дегенмен жиырма жыл уақыт өтті ғой.

Осының бәрін айтып отырған себебім, бір жағынан естелік болсын, екіншіден қазіргі жастарға үлгі болсын демекпін. Өйткені қазіргі уақытта көптеген жастардың Желтоқсан көтерілісінен бейхабар болуы, Халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековты білмеуі өзегінді өртейді. Біледі дегендердің өзі ереуіл тек Алматыда ғана болған деп ойлайды. Бұның бәріне кінәлі олар емес, қазіргі қоғамнан бастап біздің өзіміз шығармыз. Себебі, ата-аналар ол жайында айтпайды, бала бақшада, мектепте, университетте оқытпайды, газет беттерінде сирек жарияланады. Көтерілістің шығу себебі мен мәнін жан-жақты түсіндіріп бере алатындай («Аллажардан» басқа) бірде-бір толық метражды көркем фильм шығарылмаған. Желтоқсан көтерілісіне арналған Қалдыбай Әбеновтың «Аллажар» фильмінің жалғыз көшірмесі тозығы жетіп, құрып кетудің алдында тұр. Елдің көбісі бұл фильмді әлі күнге дейін көрмеген. Оның арасында мен де бармын. Осы фильмді құтқару үшін, оның көшірмелерін көбейту мақсатында қоғам құрып, халықтан жылу жиналуда.

Кейін белгілі болғандай, бүкіл дүниежүзі назар аударған Желтоқсан көтерілісі Алматымен қатар Жезқазған, Қарағанды, Өскемен мен Семей және т.б. қалаларда да болып, ұлты үшін құрбандыққа дайын жігерлі жастар байтақ еліміздің барлық жерінде өз өмірлеріне төнген қатерден тайсалмастан бастарын бәйгеге тікті.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың ерен ерлігі – марқұм Сайранның айтқанындай, мәңгілік тарихта қалуы тиіс; қазақ елінің жаңа ұлттық идеологиясының ажырамас бөлігі болуы қажет. Ол үшін желтоқсан оқиғасы жөнінде түбегейлі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, барлық шындық жариялануы қажет. Болмаса, ертең осының бәрі ұмытылып, аңызға ғана айналуы әбден мүмкін. Ал, аңыз дегеніміз – жартылай шындық.

*10 тамыз, 2006 жыл.
Астана қаласы.*

ЖАЛАУЛЫ ЖАСТЫҚТЫҢ АЛАУЛЫ ШАҒЫ

**Желтоқсан көтерілісіне
ұйытқы болған кімдер еді?**

Біз, шыны керек, Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы барлық ақиқатты әлі де толық біліп жатқанмыз жоқ. Себебі, СОКП Орталық Комитетінің Қазақстанда империялық үстемдікпен жүргізген ұлт саясатына қарсы қазақ жастарының бұқаралық көтерілісі шектен тыс аяусыз қатыгездікпен басып, жаншылды. Билік бейбіт шеруге шыққан жастарды зорлық-зомбылықпен тұншықтырып, адамдық құқын, олардың ерік-жігерін аяқ асты етіп таптау секілді жантүршігерлік іс-әрекеттерін барынша жасыруға тырысты. Шындықты бүркемеледі, еш жазығы жоқ жастардың айтқан сөздері мен келтірген деректерін бұрмалап, көтеріліске қатысушыларды да, олардың туған-туыстарын да, оларға жанашырлық сезімдерін білдіргендерді де жаппай қуғын-сүргінге салу арқылы мұның бәрін «жабулы қазан жабулы күйінде» құпия сақтауға тырысқандары және «Құйын» операциясына қатысты ресми-тарихи құжаттарды жойып, құртып жіберуге дейін барғаны анықталып отыр.

Дей тұрғанмен, Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың өздері-ақ түпкі ақиқаттың аражігін айқындап, көп жайтқа қанығуға жәрдемдеседі. Біз Желтоқсан көтерілісінде, аласапыран қозғалыс жолындағы оқиғаларды ішкі дүниесінен өткізген жас азаматтардың жан азабы мен жеке бас күйзелісін беретін сөздерінен мүлдем тың, батыл және терең ой саларлық деректерге тап болғанымызды алдын-ала жеткізгіміз келеді.

Бұл мақаланың жазылуына түрткі болған сондай бір ерекше назар аударуға тұрарлық себеп те бар. Кешегі күннің күркірін, жастар наразылығын көз алдымызға елестетумен бірге нақ оқиғаның басталуынан өрбіген жағдайларға көбірек үңілгеніміз әлбетте, дұрыс болар еді.

Жұрттың есінде болар, М.Шаханов Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінің мінберінен Желтоқсан көтерілісі жөніндегі шындықты бүкіл дүниежүзіне жеткізгеннен кейін Қазақстанда бұл мәселеге байланысты комиссия құрылып, жұмыс істей бастады. Республика Жоғарғы Кеңесінің жанынан құрылған комиссия құрамында болғанында том-том құжаттарға терең мән беріп, танысқан, партия мен билік органдарының сол кездегі лауазымды қызметкерлерінен жауап алу жұмысына белсене қатысқан белгілі заңгер-ғалым Сабыр Қасымов осыдан он жыл бұрын (ол кезде Парламент Сенатының депутаты болған) республикалық баспасөз бетінде Желтоқсан оқиғасы жөнінде жариялаған зерттеу мақаласында: «Біздің адамгершілік борышымыз бен ізгілікті ойымыз сол қиын күндерде және күрделі уақыттарда өзінің азаматтық ар-ожданын жоғалтпаған, Мәскеудің әрекеттеріне қарсы батыл үн қата білген және соған орай өз әрекеттерін жасаған адамдар жайында ендігі жерде ашық айтуға тиіспіз деген қорытынды жасауға итермелейді. Бойларынан үрейді кейін ысырып тастап, еш қорықпастан бірінші болып қарсылық әрекеттерге шақырғандар Алматы театр-көркемсурет институтының студенттері: Құрманғазы Айтмұрзаев, Бақтыбек Иманғожаев, Үсіпхан Сейтімбетов, Аманбай Қанетов, Ертай Көпесбаевтар болды. Олар 16 желтоқсан күннің өзінде-ақ жұмысшы және студенттер жатақханаларын аралап, жастарды алаңға шығуға үгіттеді. Олар алғашқы ұрандарды жазып, асығыстау болса да өздерінің іс-әрекеттерінің жоспарларын белгіледі, сол үшін де олар бірінші болып жазаға тартылды – жоғарғы оқу орындарынан шығарылды, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің тергеу қапасында отырып, түрмеге қамалды...»

Желтоқсан көтерілісіне бастама көтергендердің халықшыл мінездерімен танылғанын, келешегі әуеліде белгісіздеу болған бұл әрекеттерін сол уақыт мөлшерімен алсақ, қазақ ұлтының әділетсіздік саясатқа төзімі таусылғанын дәлелдеп беретін ащы жанайқайы деуге болады.

Біз осы уақытқа дейін үлкен күрестің бастамасында кімдердің болғанын жіктеп айтуға келгенде еш қиналмастан бұқаралық қозғалыстың стихиялық жағына салмақ салатынымыз рас. Бірақ кез-келген әрекеттің бастауында адамдар тұрады ғой. Оны ешкім де теріске шығара алмайды.

Қалың нөпір халықтың алдыңғы легінде де кеудесін ауыр сокқыға тосуға әзір тұратын адамдар жүреді. Алайда, дәл осы Желтоқсан оқиғасын біз ұйымдастырдық, біз тікелей бастамашы болдық деп кеудесін соғып, сол әрекетін бұлдап жүргендер де жоқ.

Жоғарыда аты аталған жігіттердің арасынан үш азаматпен жақында бетпе-бет тілдесудің сәті түсті. Құрманғазы мен Үсіпханның... жүзінен шуақ төгіліп, езуінен әзілі шашылып, қабағынан жылылық себезгілеп тұратын, өңінен өкпенің ізі, реніштің белгісі білінбейтін осы екі жігіттің бірнеше жыл түрмеде отырып шыққанына біреу сенер, біреу сенбес. Ұяң мінезді қалпын сақтап, әрбір нәрсені терең пайымдай алатынын байқатады. Ал Бақтыбектің бойынан қызу мінезді, ерекше қайратты және әрбір сөзін жалындап, шегелеп айтатын өзіне тән жағымды қырлары көзге бірден шалынады.

Айтқандай, Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушыларды қайткенде де табамыз деп жанталасқанмен, биліктің онысынан түк те шыққан жоқ, немесе айта алған жоқ. Әйтеуір жұртшылық арасында бұл мәселе қозғала қалса, «Несін айтасыз, сол ызғарлы желтоқсан күндері астарына су жаңа «Волга» автокөлігін мінген екі-үш жігіт жұмысшы және жастар жатақханаларын аралап, жастарды алаңға шығаруға үгіттеп жүріпті. Үстеріне жағалы қара пальто киген адамдардың суыт жүрісі де күдік келтіріпті» дегендей алыпқашпа сөз кеңінен лақап боп тарағанын әлі ұмытқан жоқпыз. Сол сөз рас болса, арада жиырма жыл өтсе де әлгі көзге түспей кеткен «Волга» жеңіл автокөлігінің де, оның ішінде болған адамдардың да табылмауы таңғаларлық оқиға күйінде қалды. Алматыны түгел тіміскілеп, үй-үйге дейін тінтіген құқық қорғау органдарының бұл дәрменсіздігінің себебі де түсіндірілген жоқ. Әлі күнге шейін. Сонда бұл лақап сөз не үшін, қайдан шыққан? «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Дүдәмал сұрақ көп. Ал шешуі құпия еді. Біз оқиғаға орайлас осы негізгі түйткілді бекерден-бекер қайта ойға алып отырғанымыз жоқ. Өйткені...

Желтоқсан оқиғасына қатысты құпиялар мен жасырын жайларды ашуға сол кездегі сот үкімдерінің айғақтары да көп жәрдемдеседі. Мәселен, сондай бір құжатты алайық. Алматы қалалық сотының 1987 жылғы 20 шілдеде Қ.Айтмұрзаев, Б.Иманғожаев, Ү.Сейтімбетов, А.Қанетов

және М.Қасенбаевқа қатысты үкімін оқиық. Бұл үкімді Жоғарғы Соттың қылмыстық істер алқасы да еш өзгеріссіз бекітіп, толық қуаттап берген. Сонымен, үкім не дейді? Бұл қазақ жігіттерінің қандай қылмысқа қатысы бар?

Біз үш жігітпен әңгімелесіп отырмыз: Қ.Айтмұрзаев, Ү.Сейтімбетов және Б.Иманғожаев. Кешегі көкөрім жастар бүгіндері қырықтың қырқасына көтерілген, ақыл тоқтатқан азаматтар. Үшеуі де театр өнерінің өкілдері. Ойды ой қозғайды. Әуелі өздері бастарынан кеткен өткен сұрапыл күндердің азапкеш тағдырына тіл бітіретін, жеке архивтерінде мұқият сақталған Жоғарғы Соттың айыптау құжаттарымен танысып болғаннан кейін мына бір жәйтті еске түсіргенді жөн санадық. Желтоқсан оқиғасының он жылдығы аталып өткен тұста белгілі қаламгердің бірі баспасөз бетінде: «1986 жылы жөпелдемеде кімнің қолынан не келді, кімнің барып араша түсе алды жастарға? Колбиннің тұсындағы зауалды шақтарда көбің-ақ ықпадыңдар ма, саясаттан бұқпадыңдар ма, тіпті сол саясаттың сойылын да соқпадыңдар ма?.. Шындап келгенде, кеңшілікте ғана күжірейеміз, ал саясат аунап түсіп, апшысы қуырылар болса, талай пенденің сыр берері кәміл-ақ. Саясат кәпір көп пендені бір тарының қауызына сыйғызатынын талай-талай дәлелдеп келеді-ау» деп жазғанын оқып бердік. Көпшіліктің көкейінде жүрген уақыт қайшылықтарын қайта безбенге салу үшін бұл да керек шығар деген оймен.

...Арада үнсіздік орнады. Үш жігіт тосылып қалғандай болды.

– Мен түрме көрдім, халық үшін алаңға шығып, атой салдым деп айтудан біз мүлдем аулақпыз,– деді ақырын сөз бастаған Құрманғазы, – Басымыздан қандай жағдайды өткердік, соны ғана айтқымыз келеді. Арада жиырма жыл өткенде біздің қай ағаларымыздың қайда болғанын, қай жағалауда тұрғанын кейін естіп жатырмыз ғой. Қаһарына мінген Мәскеу билігіне қарсы тұрар қауһары неге болма-сын, ондай қасиеттер жекелеген тұлғалардың бойларында болды, біз Ж.Молдағалиев, М.Есенәлиев, С.Зиманов, С.Шаймерденов секілді ағаларымыздың жастарға жана-шырлық жасап, сол уақыттың жаңғырығы мен текетірестің өршіп тұрған кезеңінде империялық биліктің атына ауыр сын айтқанын жақсы білеміз. Сол кісілер аз болса да жастарға ара-

ша түсті. Бірақ олар көп емес еді. Енді Желтоқсан оқиғасына байланысты тарихи тағылымды әркім өзінше бағалай жатар. Меніңше, бұл азат елдің азаматтары үшін жадыда өшпес сабақ болса керек.

– Бізді алаңға апарған көпшіл, досшыл, ұлтшыл қазақшылық қасиеттер еді, – деді Үсіпхан әңгіме үзігін жалғай түсіп.

– Әлем тарихында ұлттың азаттығы мен елдің бостандығы үшін саяси күреске бірінші болып жастар шығатыны белгілі. Жастар қоғамның қайраты әрі болашағы. 1986 жылы алаңға бейбіт шеруге барған жастардың жалындаған бұл қасиеттерін биліктің өзі де мойындаған болатын. Бірақ империялық билік бұл жеңілгенін халыққа басқаша түсіндіргісі келді. Бізді бұзақы, нашақор, оны мен солын білмейтін әлжуаз адамдар деп көрсетті, – деді Бақтыбек одан әрі. – Біз секілді мыңдаған қазақтың ұл-қыздары қыстың қара суығында бастары жарылып, омыртқалары сынып, жүздеген ұл мен қыз темір тордың арғы жағында азап шекті. Азаттықтың ақ таңы тек осындай күреспен келетіні белгілі болды. Біз осыны түсіндік. Сондықтан да өткен іске өкінбейміз. Бәрі де тергеу материалдары мен сот үкімінде жазылған.

Осы үш жігітке қатысты сот үкімінің алғашқы жолдарына көз жүгіртейік: *«Сотталғандар мынадай жағдайда қылмыс жасағандары үшін кінәлі деп табылды.*

Айтмұрзаев. 16.12.86ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының Д.А.Қонаевты Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатып, бұл лауазымға Г.В.Колбинді тағайындау жөніндегі шешімін естіп, бұл айтылған шешіммен өзінің келіспейтінін білдіру үшін курстастары Иманғожаевқа, Сейтімбетовке және Қанетовке келесі күні студенттер мен жұмысшы жастарды Брежнев атындағы алаңға шығуын ұйымдастыру туралы ұсыныс жасайды».

Желтоқсандық жігіттер бұл оқиғаны былайша еске түсіреді.

Қ.Айтмұрзаев: – Біз 1986 жылы 16 желтоқсан күні, яғни, театр және көркемсурет институтының ІҮ курсында оқып жүрген бір топ студент түс қайта дипломдық тақырыпқа байланысты «Қарагөз» спектаклінің қойылым әзірлігінде жүрген едік. Өне-міне деп халық әртісі, ұстазымыз Шолпан

Жандарбекова апайды күтіп тұрғанбыз. Сәлден соң апай залға қобалжып, қабағы кірбің тартып, кіріп келді. Ұстаздың көңіл-күйі болмаса, шәкірттерінің жағдайы қайдан бола қойсын. Бәріміз де ол кісіні состиып-состиып тұрып, үнсіз қарсы алдық.

Ү.Сейтімбетов: – Ойымызда әртістік өнерге бейімделіп, Асқар Тоқпанов, Шолпан Жандарбекова сияқты өнер жұлдыздарынан сабақ алудан басқа ештеңе жоқ. Жаңа ғана ойнап-күліп әзілдесіп тұрған қыз-жігіттер апайдың бұл ренішін көріп, не болды екен деген сұраулы жүзбен бірдеңе айтқымыз да келді. Апай күткізген жоқ. Тарс кетті. «Бұл сұмдық қой, Қонаевты орнынан алып тастап, Колбин деген біреуді әкеп қойыпты. Қазақ халқымен санаспағаны ғой. Әйтпесе лайықты ешкім жоқ дегенге кім сенеді, масқара, бұл өмір не болып барады өзі?» деп терең күрсінді. Көңіліміз нілдей бұзылды. Халықтың сүйген перзенті Қонаевты қызметінен алып тастап, орнына басқа ұлт өкілін әкеліп тағайындау еш қисынға келмейтін қиянат деп ұқтық. Ойымызға әр нәрсе оралды.

Б.Иманғожаев: – Жігіттерге қарасам, бәрінің де рең-әлпетінен ренішті байқадым. Ыза-кекке булыққан секілді. Ішкі ой-түйсігімізде бір бүлік басталғандай болды. Ауылдан келген қазақ балаларының Алматыға келгенде пәтер таппай қиналатыны, қазақ тілінің шет қақпай болып келе жатқаны, кісі есігінде жалданып жүретін қазақ балаларының ауыр халі, қоғамдық көліктерде біздерді басқалардың ар-намысыңа тиіп, тілдейтіні... Бірақ тіс жарған жоқпыз.

Сол күні студенттер спектакльді әзірлеуге қатысқан жоқ. Тарап кетті.

Тағы да сот үкімінде жазылған жолдарға назар аударайық. Айыптаудың айғақтары былай келтіріледі: *«Сол күні олар медицина, шет тілдері, зоотехникалық-мал-дәрігерлік, политехникалық институттардың, ҚазГУ-дің химия және физика-математика факультеттерінің жатақханаларына, сондай-ақ Киров атындағы зауыттың №2 жатақханасына барып, жастарды жұмысқа және сабаққа бармауға, сөйтіп, 17.12.86 ж. таңертең Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының шешімімен өздерінің келіспейтіндігін білдіру үшін Брежнев атындағы алаңға шығуға үгіт жүргізіп, шақырған.*

Сондай-ақ олар өздерімен бірге оқитын және жатақханада тұратын Алматы театр және көркемсурет институтының студенттерін сабаққа бармауға және демонстрацияға қатысуға шақырған, ұлттық мазмұнда, ұлт араздығын тудыратын сипатта 6 плакат және ұрандар жазуға ұйтқы болған».

Иә, 16 желтоқсан ұзақ ұйқыдағы алып құйынды оятып, артынан дүниені дүр сілкіндірген ұлы дүмпуді туғызатынын ешкім де болжай алған жоқ еді. Шымырлап басталған майда толқыншалар шиыршық атып, жалын күдірейткен арыстандай айбаттанып, жолбарыстай қайраттана түсетінін кім сезді? Дүмпудің ұшқыны театр өнерінің жас түлектерінің ішкі түйсігінде қоламта шоқ болып жатқанын да...

Ү.Сейтімбетов: – 16 желтоқсан күні кешкілік біздің жатақханадағы бөлмемізге Құрманғазы суыт келді. Бөлмеде өзіммен бірге оқитын жұбайым Гүлнәр бар еді. Қас пен көздің арасында қатты өзгеріп кеткен Құрманғазыны танымай қалғандаймыз. Ел, жер, ұлттық намыс туралы сөйлей бастады. Біз жойылып кетіп бара жатқан халықпыз ба? Ешкімнен сорлы емеспіз. Қонаев секілді елді басқарған, пір тұтқан ағаларымызды алып тастап, оның орнына ешкім білмейтін, өзге ұлттың өкілін, біз үшін әлдекімді әкеліп қоюдың өзі – басыну. Алаңға шығайық, бейбіт түрде наразылығымызды білдірейік. Сол үшін ақылдасуға келдім деп, көрші институттардың жатақханаларын аралап, жастарды ұйымдастырайық деген бастама көтерді. Жолай бізге Бақтыбек пен Аманбай қосылды. Екеуіміздің әлгіндей іске бел байлағанымызды Гүлнәрдан естіпті. Сөйтіп, Құрманғазының бұл ұсынысын дереу қолдай кетті. Жігіттерге жалғыз-жарым алаңға бармайық, көп болсақ бізге ешкім де тиісе алмайды деген ішкі ойымызды айттық.

Қ.Айтмүрзаев: – Алаңға неге шықтық, не үшін бардық. Біз еліміз, елдігіміз, бостандығымыз, тіліміз және ұлттық намысымыз үшін шықтық. 16 желтоқсан күнгі өткен тоталитарлық жүйенің Пленумы жанайын деп тұрған отқа май құйғандай болды.

Өйтеуір менің ойыма алаңға шығу керек деген ой өзімізді көрсетейік дегеннен гөрі қазақ екенімізді байқатайық деген бір буырқанған сезім күшінен туған-ау деймін. Өйткені сол кезде қазақ ұлтының елдік рухы, тіл мәйегі кері кетіп бара

жатқандай болды. Қазақ бала бақшалары мен мектептері шетінен жабыла бастады. Орыстану жаппай етек алды. Бұл жағдайды сол заманда өмір сүрген «мен қазақпын» дегендердің бәрі білді, бірақ айта алмады.

Б.Иманғожаев: – Ана тілімізде «бір қайнауы ішінде» дейтін тіркес бар. Біздің түбімізге жеткен де міне, сол бір қайнау. Жетпей қалған бір қайнау. Яғни, шикілік. Дәлірек айтсақ, санадағы шикілік. Аталарымыздың аузынан мына қала іргесінде тұрған Ұзынағаш ауылының өзінде-ақ үстемдік империясының атын жамылған шовинистік көзқарастардағы кейбір адамдар қазақтың мықты кісілерін сотсыз-ақ атып тастағанын, зорлық-зомбылық көрсеткені жайлы естіген әңгімелерім бар. Оны ойға алсам, ыза боламын. Сондықтан да біз де Құрманғазының ойын бірден түсініп, қолдай кеттік. Іле-шала төрт жігіт көрші институттардың жатақханаларына, Киров атындағы зауыттың №2 жұмысшылар жатақханасына барып, үгіт-насихат шараларын жүргіздік. Қарсы болған ешкім жоқ. Бәрі де қолдады.

Қ.Айтмұрзаев: – 17 желтоқсан күні, яғни, ертең сағат тоғызда жаппай наразылық білдіру үшін алаңға шығу керектігін айта отырып, барлық жерде де қолдау тауып, келісіп қайттық. Шынын айтсақ, бойымызда ешқандай қорқыныш, үрку болған жоқ. Қайта батылданып кеттік. Түн ортасы ауа жатақханаға қайтып келдік. Бейбіт демонстрацияға шығудың әрекет түрі – бейбіт болу керек деген іс-жоспарымызды жасап алдық. Үсіпхан мен Бақтыбек және басқалар В.И.Лениннің ұлт саясаты жөніндегі дәйек сөзін табу үшін оқулықтарды парақтап, шұғыл іздей бастады. Ендігі мақсат – лениндік ұлт-саясатын қолдаған ұрандар мен плакаттар жазуды қолға алу. Айналамызда секем аларлықтай ешқандай әрекеттер болған жоқ.

Ү.Сейтімбетов: – 16 желтоқсанда небәрі 17 минутқа ғана созылып, іргелі республиканың басшылығына қатысты мәселені көзді ашып-жұмғанша шешіп, қазақ жерінің топырағына табаны тиіп көрмеген, ауасын жұтып, суын ішпеген, маңдай тері төгіліп еңбек етпеген, халқының қандай екенінен мүлдем бейхабар әлдебіреуді әкеліп отырғыза салу туралы айтқан әңгімеміз жастарға қатты әсер етті.

Б.Иманғожаев: – Қазақтың мінезі бір-ақ рет толқитынын арлы-берлі тарихтан біраз қозғап, көз жеткіздік. Біздің бұл

толқуымыз Орталық Комитеттің Пленумының шешімін өзгерте ме, жоқ па, біз сол шешімге наразылық білдіру арқылы ұлттық кейпімізді көрсетуіміз керек деген бір ой ғана кептеліп тұрды. Ұрандарымызда саяси талаптардың болу қажеттігін де келістік.

Қ.Айтмұрзаев: – Жатақханаға қайтып келген соң «Әр халыққа – өз көсемі», «Біз күшпен қосуға қарсымыз, ерікті түрде қосылуды қалаймыз», «Ленин идеялары жасасын!», «Біз КСРО халықтарының құқықтары туралы декларация бойынша өмір сүргіміз келеді» деген ұрандарды ойластырып, оны жатақханада бірге тұратын суретші жігіттерге жаздырдық. Төсекке жабатын ақ кездемелерді жыртып, әртүрлі бояумен ұрандарды әдемілеп жазуды III курс студенті Мейрамғазы Қасенбаев деген досымызға жүктедік. Кейін Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жаппай жазалау басталған кезде Мейрамғазы досымыз да осы әрекеті үшін сотталды. Таң атқанша біздің институттың жатақханасында осындай қарбалас әрекеттер жүріп жатты.

Ергесінде...

Айыптау үкімінде бұл сәт былай деп жазылған. *«Айтмұрзаев, Иманғожаев, Сейтімбетов, Қанетов және Қасенбаев 17.12.86 ж. Алматы театр және көркемсурет институтының 150 студентін Брежнев атындағы алаңға шығуды ұйымдастырып, «Әр халыққа – өз көсемі» деген ұрандарды айтып, айқайлады. Содан кейін шеруді бастан қала көшелеріне шықты. Студенттер мен жұмысшы жастар орналасқан жатақханалардың қасынан өтіп, ұлты қазақ жастарды өздерінің қатарына қосылуға үгіттеді.*

Толқуға қатысқан адамдардың саны екі мың адамға жеткенде олар Брежнев атындағы алаңға келді, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, үкіметтің және Орталық Комитеттің мүшелерінің талаптарына құлақ асқан жоқ».

Қ.Айтмұрзаев: – 17 желтоқсан күні біз таңертең Брежнев атындағы алаңға барған кезде Киров атындағы зауыттың жұмысшы жастары келіп үлгерген екен. Біз Космонавтар және Виноградов көшелерінің қиылысындағы жатақханадан шеру тартып шыққанбыз. Наразылық шеруін ұйымдастырудың алғашқы қадамы осылай басталды.

Көзі ашық, көкірегі ояу студенттер плакаттарға Лениннің өсиеттерінен үзінді жазды, «күн көсемнің» портретін ұстап, алаңға барды. Жолай бізге басқа институттың студенттері біртіндеп қосыла бастады.

Ү.Сейтімбетов: – Бейбіт шерудің бел ортасында келе жатқан қазақ жастары ерекше рухтанып кетті. Қазақ боп дүниеге кеп, қазақ боп атқа мінген азаматтар жүрді.

Б.Иманғожаев: – Алаңға келгеннен кейін жастардың қарасы әлі де көбейе қоймаған соң Сәтбаев көшесін бойлай жүріп, басқаларды да қатарымызға тартуды ойладық. Ленин даңғылының бойында бір қазақ апайдың: «Балаларым, сендердікі дұрыс, алған беттеріңнен қайтпандар» деп айтқаны әлі есімде. Жазушылар одағының маңына улап-шулап ұрандатып барып едік, ол жақтан ешкім төбе көрсете қоймады. Алаңға қайта оралдық. Бұл кезде алаңдағы толқу шын мәнінде үлкен дүмпудің көрінісін әкелді.

Қ.Айтмүрзаев: – Жастар шенеуніктердің: «Тараңдар!» деген бұйрығына бағынбай тұрып алды. Нөпір халық көбейе берді. Қараңғылық тұмшалаған уақытта жан-жақтан қарулы әскерлер жақындап, елді қоршай бастады. Біз күндізгі сағат 3 пен 4-тің арасында бүкіл елге үндеу тастауымыз керек деп алаңдағы жігіттермен ақылдаса отырып, ойымызға бірден алаңның қасында орналасқан республикалық телевизия студиясын басып алу келді. Жиырма шақты жігіт халық нөпірін сол жаққа аударып әкетпек болып, студияға қарай ары-бері жүгірдік, аңдып тұрған әскер жұрттан сөгіліп шыққан бізді дереу негізгі топқа қайта қуды. Одан әрі қарай қатты толқи бастаған бұқараны күшпен тарату басталып кетті. Әскер қаруға қол салды, қан төгіле бастады. Қақтығыс өршіді. Түн жарымына дейін жастар қарсылық көрсетумен болды. Сөйтіп, бейбіт шерудің аяғы көтеріліске айналып кетті. 18 желтоқсан күні де жастар қарсылық жасады, бірақ екі жақтың күшінің арасалмағы мүлдем тең емес еді. Әскери техниканы, өрт сөндіргіш құралдарды, темір күрек пен таяқты бейбіт шеруге қатысқандарға қарсы қолданған билік көтерілісшілерді аяусыз, қатыгездікпен басып, жаншыды.

...Бұл жастар енді оқиғаның одан әрі қарай өрбуі империялық биліктің кінәсіз адамдарды темір құрсауына салып, аяусыз жазалайтынын, оның ішінде өздерін де таппай

коймайтынын, күндердің-күнінде қолға түсіретінін білді. Өйткені түрмедегі тергеулер, жүйкеге әсер ету, ұрып-соғу, қорқытып-үркіту секілді қокан-лоққы әрекеттер онсызда қалт-құлт етіп тұрған сол кездегі әлжуаз қоғамды билеп алды. Екіжүзділердің заманы туды. Айдап салу, жалған ақпарат беру, кек алып қалу секілді сатқындық мінездер әп-сәтте іске кірісті.

– Сондықтан да біз бейбіт шеру өткізуге бастама көтерген жігіттер оңаша отырып, аңдушыларды адастырудың амалын ойластырдық,– дейді Құрманғазы Айтмұрзаев. – Бізді әлдебіреулер үгіттеді, сосын алаңға шықтық дегендей, сылтау айту үшін қара түсті «Волга» мінген, үстерінде қара пальтосы бар екі-үш адам жатақханаларды аралап жүрді деген бір жорамалды институт жастарының санасына сіңіру керек болды. Сол «Волганың» да, әлгі бұл дүниеде жоқ белгісіз адамдардың да суретін салып көрсету идеясы өнер жолында жүрген жігіттердің, оның ішінде бірінші болып Бақтыбектің ойына сап ете қалды. Біз оның бұл бастамасын қолдадық. Шын мәнінде бұл ойымыз жүзеге асты. Тергеушілер әлгі «ұйымдастырушыларды» іздеп әлек болды. Жұрт арасына ол тез тарап кетті. Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторына бірімізден соң бірімізді әкеп тоғыта бастады. Тергеу кезінде айтатын сөзіміз біреу әрі ұқсас: «Біз бейбіт шеруге бардық, лениндік ұлт-саясатты қолдаймыз. Пленумың шешіміне наразы болдық. Қонаевты бүкіл ел болып сыйлайды. Біздің әке-шешелеріміз де ол кісіні сыйлайды. Оның орнына Қазақстаннан лайықты бір адамның табылмағанына сенбейміз. Ұлт тілінің, ұлт тіліндегі мектептің жағдайы тым ауыр. Соны айтқымыз келді».

Бізге сотта 54 адам куә ретінде тартылды. Олар болған жағдайы жасырмай айтты. «Құрманғазылар бізді үгіттеді...» деп. Сонда істі жүргізіп отырған Мамыров деген судья бір куәгер жігітке: «Ей, не айтып тұрсың, бұл жігіттер де өзін секілді емес пе?» деп ұрсып, жекігенін естіп, риза болдым. Оның да қаны қарайған болуы керек.

– Ең сорақысы,– дейді Үсіпхан, жиырма жыл бұрынғы оқиғаны көңілге алғандай еске алып. – Қамағаннан соң екі-үш күннен кейін мені тергеу изоляторына алып келді де, бір қазақ жігіті көпе-көрнеу үркіте бастады. Кімнің кім

екені мезетте көрінді. Көрші камерада бұзақы әйелдер жататын. Олардан күнде айқай-шу, төбелес естіліп тұрды. Сол тергеушілер әңгімені былай бастады: «Алаңға сендерді кім бастап барды? Жетекшілерің кім? Қандай мақсатпен шықтындар? Соны бастаған адамды ұстап бересің, әйтпесе мына камераға ертең әйелінді әкеп қамаймын». Нақақтан қысым жасау болатын. «Оны не үшін қамайсындар?» десем, екі айғағы бар екен. Бір курста, бір топта оқитын қыз: «Үсіпхан алаңға шықпайтын еді. Ол – момын жігіт. Ондай әрекетке өздігінен бара қоймайды. Оны итермелеген, шығуға мәжбүр еткен әйелі – Гүлнәр. Ол Көкшетауда орыстардың арасында өскен, оларға деген ашу-ызасы бар, ылғи тісін қайрап жүретін» деп түсінік жазып беріпті. Екіншісі де курстастан шыққан. Оның несін айтайын. Қиын кезде сыр берген адамдарға өкпелеудің де, кіжінудің де қажеті жоқ. Осы екі айғақпен Гүлнәрді көрші камераға әкеп жаппақ болды.

Б.Иманғожаев: – Мен Лениннің ұлт-саясатын қолдау үшін алаңға бардым деген жауабыма тергеушілер қанағаттана қойған жоқ. Тергеу изоляторында жатқанымда жанымна небір қанішерді әкеп қойып, жалалы нәрселерде мойныма іліп қою үшін қинағысы да келді. Бірақ ондай бұзақылардың керек жерінде өзім-ақ сазайын бердім... Сібір түрмесіне дейін екі ай бойы пойыздың вагон-түрмесінде дедектетіп алып жүріп, ақырында қайтадан Қазақстанның түрмесіне әкеп тықты.

Одан кейін үкім шықты.

...Үсіпхан да, Бақтыбек те, Құрманғазы да бас бостандығынан айырылып, әрқайсысы 3-4 жыл мерзімге сотталып кетті. Аманбай болса, ол да жазаланды. Бірақ ешқайсысы да мойыған жоқ. Түрмеде отырып, сот үкімі белгілеген жазаларын өтеп қайтты. Жігерлері де жасыған жоқ. Өйткені оларға дем беретін адамдар бар еді. Олар – өмірлік қосақтары. Құрманғазы 1986 жылдың наурыз айында өзінің сүйікті қызы Алма Ашықбаеваға үйленеді. Күйеуі Мордовия жерінде орналасқан түрмеде жатқанда Алма артынан іздеп барып, түрменің қасындағы кірпіш зауытында қара жұмыс істейді. Құрманғазыға тірек болу үшін. Үсіпханның Гүлнәрі бар еді. Бақтыбектің сүйген қызы Сапаркүл де өзінің болашақ ерінің артынан іздеп барып, түрме ішінде

үйлену рәсімін жасап қайтқан. Батыр ұландардың қосақтары да осындай қасиеттерімен дараланып тұрмаса, елім дейтін ер қайдан туады деген ой келеді. Олар нағыз алаулап тұрған шағында үш жылдай ғұмырларын түрме ішінде өткізсе де шын өмірдегі ауыр трагедиялардың басты рөлдерінде ойнады.

1989 жылы 19 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төралқасы 1987 жылғы 20 шілдедегі Алматы қаласы сотының үкімі мен Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі сот алқасының анықтамасын бұзды. Сотталғандардың әрекетінен ешқандай қылмыс белгісін таппағандықтан. Ал керек болса! Қылмыстық істер кодексінің 60 және 65-баптарымен ұлтараздық туғызуға үгіт-насихат жүргізгені үшін және жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін деп тағылған ауыр айыптаулар сонда қайда қалды? Ақиқат жеңуін жеңді-ау, бірақ тар қапаста жылап кеткен ғұмырдың обалы кімге десеңізші!

Болашақ әртістер өнер жолына қайта оралды. Үсіпхан Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар мен балалар театрының сахнасында көрермендермен қауышты. Құрманғазы мен Бақтыбек 90-шы жылдары Павлодарда ашылған Ж.Аймауытов атындағы музыкалық драма театрының ұйымдастырушы актерлері болды. Көп жыл бойы екеуі сонда қызмет етті. Бақтыбек түрмеден шыққаннан кейін Қазақстанда желтоқсандық жастардың қоғамдық ұйымын құрып, соның алғашқы төрағасы болды. Бәрі де бала-шағалы.

Желтоқсандық қаһарман жастар үшін 1986 жылғы оқиға сахна декорациясы емес, ол – ұлттың биік рухын оятқан шындық өмір. Сөз соңында мынаны айта кеткен жөн. 1960-1980-ші жылдары ұлт зиялыларының ортасында пайда болған жаңа рухани толқын ұлттық өнер кадрларын даярлап, қазақтың жүрек түбінде жатқан азаттық аңсарын ұлттық рух, ұлттық сарынмен санаға сіңірген Өнер институтының студенттері үшін ұлттық намыс тасқа қайралған тұста бірінші болып бас көтеруі де заңдылық. Өйткені ұлттық рух жібi үзілмеген жерде ар-намыс үшін, азаттық үшін күн туғанда сілкініс болмай қоймайды.

*«Егемен Қазақстан»,
24 қараша 2006 жыл.*

О ДҮНИЕДЕН КЕЛГЕН ҚЫЗ

Ол туралы материалды осылай атағанды жөн көрдім.

«Ол» деп отырғаным, сексен алтының ызғарлы күндерінде «Лениндік ұлт саясаты жасасын!», «Қазақстанға қазақ басылық етсін!» деген ұранмен алаңға шыққан батыр қыз – Ақкүміс Қапсиқызы Ихласова.

Ал, «о дүниеден» деген ауыр сөзді қолдануымның мәнісін осы материалды оқыған кезде өзіңіз де түсінесіз.

Сонымен, әуелі кейіпкерімнің өмірбаянымен аз-кем болса да таныстыра кетейін. А.Қ.Ихласова 1961 жылы 22 ақпанда сол кездегі Орал облысы, Фурманов ауданы, Талдапан ауылында дүниеге келеді. Мектепте оқып жүргенде анасы қайтыс болып, одан кейінгі оқуын Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде жалғастырады. Мектеп бітірген соң, артынан ерген інілері мен сіңділерінің жайын ойлап, бірден еңбекке араласады. Бұл 1978 жылдың қыркүйегі еді.

Арадазымырап сегіз жыл өткен кезде Ақкүміс Алматыдағы іргелі кәсіпорындардың бірінен саналатын Ю.Гагарин атындағы тігін фабрикасының озат жұмысшылары қатарына қосылып, суреті «Құрмет тақтасында» ілулі тұрды. Үлгілі жастардың бірі ретінде Коммунистік партияға мүше болып қабылданды. Әу бастағы оқу мен еңбекті үндестіремін деген ниетіне де жетіп, технология институтының екінші курсында сырттай оқып жүреді.

– Желтоқсанның он бесі күні кешкілік радионы сөндіріп, ертерек жатып қалдым. Содан түс көріп ояндым. «Түс – түлкінің боғы» дейді біреулер. Бірақ мен, неге екені, кішкене кезімнен оған ерекше мән беретінмін. Өйткені, көрген түсім өңімде айнымай келетін. «Апырмай, бұл не болды екен?» – деймін. Орталық Комитет үйінің алдындағы алаңда жалғыз тұр екенмін. Үстімде қысқа жең көйлек. Аспанға қарасам, көк жүзі долы жауынның алдындағыдай түнере бұлттанып келеді. Үлкен үй жақтан Дінмұхамед Қонаев атамыз көрінді. Жалғыз өзі алаңға қарай баспалдақтармен баяу түсіп келе жатыр. Менің жаныма тақағанда көзімізге үйреншікті қалпағын қолына алды. «Қызым-ау, сен жеңіл жүрсің ғой, – деді кідіріп. Содан кейін мойнын үлкен үй жаққа бұрып: – Әйтеуір бір қызық жағдай болып жатыр, қызым. Артының

қайырын бергей, – дейді де, арқамнан қағады: – Қызым, сен жатақханаға қайтсаңшы», – дейді. «Жоқ, ағай, қайтпаймын. Қазір тағы да бір кісілер келу керек еді, соларды күтемін» деп, оянып кеттім. Басыма бірден: «Апырау, бұл не болды сонда? Айнала ақ қар, көк мұз – қыс ауасы. Мен неге желең жүрмін? Әй, мына түс бекер емес, бір сұмдық болайын деп тұр-ау!» деген жаман ой келді.

Ақкүміс сағатқа қараса, алтыға таяп қалыпты. Содан кейін төсегінен тұрып, күндегі әдетінше жұмысқа дайындала бастады. Жұмыс орнына бүкіл елдің алды боп жиырма-отыз минут бұрын барушы еді. Оны көргендер: «Әй, сен осында қонып шыққаннан саусың ба?» – дейтін.

Енді сол кездегі жағдайды дәл жеткізу үшін өзіне сөз берсек:

– Пәлен жылдан бері білемін, дәл мынадай жағдай болған емес, – дейді Ақкүміс. – Фабриканың кіре берісінде бір қауым кісі қарсы алды. Кісі болғанда, бәрі дерлік басқа ұлттың өкілдері. Менен бұрын-ақ бастаған әңгімелері шығар, қазақтың атына неше түрлі жаман сөздерді боратып тұр. Содан құлағымда қалғаны: «Жаңа алаңда қазақтар қырғын сап жатыр...», «Орыстарды өлтіріп жатыр, үйлерін өртеп жатыр...», «Бала-бақшаларды да қиратып кетіпті...». Және осының бәрін маған қаратып ызаланып айтады. Бұларға не болған деймін. Айтқан сөздерінің бірін де ұғар емеспін. Қазір ғана сырттан келе жатырмын, қала тып-тыныш сияқты еді. Сонда қазақтар кімді қырып, нені қиратып жатыр?..

Цехқа келгеннен кейін жанымдағы қазақ қыздарынан мыналар не деп жатыр деп сұрасам, бәрі иықтарын қиқаң еткізеді де бұрылып кетеді.

– Әй, айтсаңдаршы, мыналар не дейді? Мен ештеңесін ұқпай тұрмын, – деймін.

Осы кезде жаным цех бастығы келді. Одан кейін фабрика директоры Запраметова Анна Макаровна көрінді. Ойпыр-ай, бұларға таң атпай не болды? Бұл тегін емес шығар деймін өзіме-өзім. Директордың жанында фабрика кәсіподақ комитетінің төрағасы Темкина да жүр. Ол бір кезде менің жанымға келгенде:

– Татьяна Федоровна, что случилось, объясните, я ничего не понимаю, – деп шын көңіліммен сұрасам:

– А, надо же, а?! – дейді кекесінмен мырс етіп. – Бүкіл ел біледі, сен білмейсің! Бүкіл елге белгілі жайды сенің білмегенің тіпті қызық екен!..

«Күмән иманнан айырады» деген емес пе аталарымыз, оның жазықсыз жазғырып, тесірейсе қарауы Ақкүміске қатты әсер етеді. Өз ісіне мығым, басынан сөз асырмайтын мінезі одан ары шыдатпады, қатты ширықты.

– Әй, қазақтар, қалада қазақтар көтеріліп жатыр дейді ғой! Ендеше сендер не ғып отырсыңдар? Қане, тұрыңдар! – деп, бүкіл цехты басына көтеріп, әр машинада отырған қазақ қыздарының қасына барды. Ол аз десең, басқа да цехтарды аралады. Сөйтіп, фабрикадағы бес цехты түгел шарлап шықты. Аузында әлгі сөздер. Ешкімге, ешқандай бастыққа да қарайтын емес. «Намыстарың болса, жүріңдер! Не болса да өз көзімізбен көрейік», – дейді.

Сөйтіп бір орнында тұрмай, цехтан цехқа зыр жүгіріп жүргенде директорға ұсталып қалды. Көзі шапыраштанна ызаланған ол: «Сен елді неге бүйтіп араңдатып жүрсің? Қазір бұнынды қоймасаң милиция шақыртып, ұстатып жіберемін!» – деді ызғарын шашып. «Мен өзімнің ұлтым үшін күйіп жүрмін. Әрберден кейін сенде шаруам жоқ! Қазақтар кімді өлтіріп жатыр, кімді соғып жатыр – барып, өз көзіммен көремін. Олар балабақшалар мен мектептерді қиратып, өртеп жатса, оны да көрейін. Соның бәрін өз көзіммен көрмей, тыншымаймын!» – деді. Содан ары қарай кетіп, қазақ дегеннің бәріне барды, бірге жүруге шақырды. Бірақ, түрін жақсы білгені болмаса, бұған дейін араласып көрмеген маңғыстаулық Айғаным ғана ілесті.

«Батыстың қыздары жаужүрек болады» деп бекер айтпаған екен, – деп күледі ол. – «Кіші жүзді найза беріп жауға қой» дей ме, сол қанымызда бар ғой...

Осы жерде тағы да өзіне сөз берейік.

– Мен үшін жүз де, ру да, әрберден кейін ұлт та мәнді емес, маған керегі – адамның адамгершілігі. Жүрегінде жылуы бардың бәрі мен үшін бауыр, дос. Осыған дейін кімсің, қайдансың, ұлтың қайсы деп сұрамаған мен әп-сәтте қазаққа кара күйе жағып, ұлттық намысымды қорлағаны үшін қандай отқа түсуге де әзір едім. «Баруым керек, көруім керек! Қазақтың қанішер, жауыз емес екенін дәлелдеймін!» деп, мені тежегісі келіп тұра-тұра ұмтылғандардың арасынан оқтай ұшып, екінші қабаттың терезесін секіріп кеттім. Менің соңымнан Айғаным ілесті...

Сонымен біреулер бізді қуып жетіп ұстап алатындай көрініп, екі өкпемізді қолға алып жүгіріп келеміз. Қай көшемен келе жатқанымызды, қай жерде жүргенімізді

білмеймін. Өйткені, бұған дейін тек қана жұмыс-жұмыс деп, жатақхана мен екі араның жолын ғана жақсы біледі екенмін. Тіпті кейде екі ауысым бойы еңбек еткен кездерім де аз емес. Бастықтар өтінсе, екі сөзге келмей келісе кететінмін. Бірге жұмыс істегендер қайта береді, мен қаламын. Бар ықыласыммен өндіріп еңбек ететінімді бастықтардың бәрі әбден біліп алған. Айлық алсам, Алматыда мен баратын екі-ақ дүкен бар. Бірі – «Балалар әлемі», екіншісі – Орталық әмбебап дүкені. Ауылдағы бауырларыма киім аламын.

Оған қарағанда Айғаным қаланы бір кісідей біледі екен. Ақкүміс соған ілесіп, төртінші трамвайға отырды. Фурмановтағы аялдамаға келгенде түсіп қалды. Одан ары қарай жаяулатып, Сәтбаев көшесіне дейін көтерілді. Алайда алаңда соншалықты даурықтырып, жау шаптыратындай ештеңе жоқ еді. Әр жер-әр жерде топтанған кісілер көзге шалынады. Екеуі ешкімге қосылмай алаңның арғы жағына шықты, одан қайтадан кері қайтты. Шыдай алмай топ-топ боп тұрған адамдардың арасына барды. Іштерінде егде кісілер де, өздері секілді жастар да жүр. Сағат екіге дейін солармен бірге болды.

– Қашанғы жүреміз, қайтайық, – деді Айғаным.

Неге екені, Ақкүміс жатақханаға баруға қаймықты. Содан Айғаныммен бірге кеткісі келді. Ол қаланың «Татарка» деп аталатын ауданында пәтерде тұрады екен. Кетерлерінде алаңда қалып бара жатқан қыз-жігіттер:

– Қыздар, біз ертең тағы жиналамыз. Таң атысымен осында боламыз. Әбден дайындалып шығамыз, – деді.

– Біз де ертең шығамыз, – деді бұлар.

Айғаным тұратын пәтерде оларды үй иесі қарсы алды. Бәкене бойлы, ақ сақалды қартаң кісі екен. Соғысқа қатысып, бораған оқтың ортасынан қайтқандығы шолақ аяғынан көрініп тұрды. Өзі сондай әңгімешіл, ақ жарқын кісі болу керек, бірден жөн сұрай бастады.

– Жаңа алаңнан қайттық, ата. Сонда қазақтар көтеріліп жатыр дегенді естіп, не болса да өз көзімізбен көруге бардық, – деді Ақкүміс.

– Ой, ер жүрек, батыр қыздарым! – деді майдангер қарт көтеріңкі леппен. – Мына Мәскеудің республикамызға ерекше еңбек сіңірген қайраткер Димекенді қызметтен тайдырып, орнына ешкім білмейтін біреуді әкеп қойғаны жөн болмады. Енді елдің реніш білдіретіндей себебі бар ғой...

– Бүгін біз жұмыстан сол үшін қаштық қой, ата, – деді Айғаным.

– Таңертеңнен бері далада жүргендер қатып қалған шығар. Өздерің де тоңып қалыпсыңдар. Қане, көп тұрмай ішке кіріп, ыстық-ыстық шай ішіндер, – деді қамқор үнмен.

– Бүгін алаңда кісілер көп болған жоқ. Ертең тағы да шығатын болдық, – деген Аққүміске:

– Онда ең қызығы ертең болады десендерші, – деді ақсақал ойланып. – Өттең, мен мына ақсақ аяғыммен бара алмаймын-ау! Ал, сендер қайтпаңдар. Біз де бір кездері сөйткенбіз. Бірақ, ол уақытта қылшылдаған жас едік. Ел, туған жер, Сталин үшін деп қас жауымызға қарсы шаптық. Ол соғыстың жайы бөлек еді ғой...

Табандарынан сыз өтіп, маңдайларын суық сорып шаршаған қыздар шайларын ішкен соң, кішкене ұйықтап алайық деп жатып қалды. Алайда сол ұйықтағаннан келесі күні бір-ақ оянды. Содан соң тура бірденеден қалғандай төсектен атып-атып тұрды. Ертеңгі шайды ішті ме, ішпеді ме, әйтеуір тезірек алаңға жетуге асықты. Он тоғызыншы автобуска отырып, Гоголь мен Мир көшесінің қиылысынан түсіп қалды. Сол жерде қолдарына ұрандарын көтеріп, «Менің Қазақстаным» әнін айтқан жастардың ақ басты Алатауды бетке алып шерулеп бара жатқанын көрді. Сол сәт бойларында дегбірлерін алған ерекше бір сезім пайда болды да, шерушілердің соңынан тұра-тұра жүгірді. Қуып жетті-ау, әйтеуір.

Тағы да Аққүміске сөз берейік.

– Сол топқа кіргеніміз кірген, қайтып шыға алмадық, – дейді ол. – Бәріміздің ойымыз бір. Айтатынымыз: «Шіркін, өзімізді-өзіміз билейтіндей ел болсақ. Бізді өз ұлтымыздың өкілі басқарса. Ешбір ұлт қорламаса, тілімізді тұқыртпаса, – дейміз. – Халқымызды неге сонша басынады? Әлде, шынымен-ақ, сондай сорлы, бейшара ұлтпыз ба? Жоқ, олай емес, бізде де ел басқаратын тұлғалы азаматтар жетеді. Бірақ оларды қойғысы келмейді. Ендеше қазақтың жерінде туып-өскен, салт-санасын, дәстүрін түсінетін орыстар бар, неге солардың бірін қоймайды?». Өстіп, мұң шағып, шер тарқатысып жүріп Гүлжан деген қызбен таныстым. Ол өзі маңғыстаулық болып шықты. Сөзіміз үндескеніне де қуанып жүрміз. «Батыстан да қыз-жігіттер көп екен» деп қоямыз.

Бұл кезде қыстың күні еңкейіп қалған. Алаң қара нөпір халықтан теңселіп тұрды. Дүмпулетіп, жалаулатып, радио-

сын саңқылдатып қоятын 1-мамыр, 7-қараша күндері де бұрынғы «Брежнев алаңы» дәл бүйтіп толып көрмеген шығар... Бірақ, бұл күні негізінен қазақ жастары жиналған еді. Орталық Комитет үйі жақ бет мұздай қаруланған әскерге тола бастады. Олардың қатары көбейген сайын жағдай қатты шиеленісіп келе жатты. Сағат бестер шамасында жастар алаңның бір шетінен ақ жаулықты әйелді тепкілеп, ұрып жатқанын көріп қалды. Оны көздері шалысымен жігіттер солай қарай лап берді. Олардан қаймыққан қарулы жасақ кері шегінді.

– Жолдасым екеуміз балабақшадан баламызды ертерек алайықшы деп бара жатыр едік, жазықсыздан-жазықсыз соққыға жықты, – дейді денесін ауырсынған әйел.

Міне, сол жерде қақтығыс басталды да кетті. Әуелі ол милиция мен шеруші жастардың арасында жүрді. Екі жақ та бір-бірін аяр емес. Жығылып жатқандар да, жараланғандар да көбейе түсті. Солардың бәрін әкетуге тиісті «жедел жәрдем», неге екені, тек қана қызыл жағалыларды іздейді. Басқалары өліп жатса да, қарамайды. Таяқты көп жеп, шашы жұлынғандар да, бет-ауыздары дап-дала болғандар да жалаңаш қолынан өзге ештеңесі жоқ шеруші жастар. Содан кейін шығар, күйінген жігіттер дәрігерлер мінген машиналардың терезелерін шағып, быт-шыт қылды. Соны көрген жазалаушы әскер басшылары шерушілерді аямауға тапсырма берді. Қолдарында қалқаны, резінке шокпары бар, бастарына дулыға киген еңгезердей-еңгезердей солдаттар «уралап» шабуылға шықты. Сол сәттен бастап алаңдағы көрініс мүлде басқаша сипат алды. Фимараттарды әрлеген плиталар мен жиек тастар қопарылып, сындырыла бастады.

– Біз сол тастарды жігіттерге жанталаса тасыдық. Қайтсек көмегіміз көбірек болады деп ышқынып жүрміз, – дейді Ақкүміс.

Әй, сол күнгі алаңдағы оқиғаны тілмен айтып жеткізе алмаспын. Өзіміз жұқа киініп барыппыз. Ол уақытта шалбар кимейтін едік. Үстімізде балонь-куртка ғана. Дірдіктеп тоңғанымызға да қарамадық, қайтпадық, қаймықпадық. Алматының ымырты үйіріліп, қараңғылығы қоюланғанын білмей де қалыппыз.

Бір кезде су шашатын машиналар легі көрінді. Бірінің артынан бірі жүріп, бүкіл алаңды жауып, су шашып келеді. Әуелі көрген кезде қорқып кеттік. Артынша шайқасымыз қайта қызды. Жазалаушы жедеттерді тас-кесекпен атқылап,

Орталық Комитет үйіне қарай қуа жөнелеміз. Әудем жер ұзаған соң оларға тың күш қосылып, бізді кері қуады. Әбден жауызданып алған, қуып жеткенін аямайды. Дүрліккен топпен ілесіп қашып келе жатқанымда көк желкемен қатты соққы алып, ұзынымнан сұлап түсіппін. Тұрайын десем, тұра алмаймын. Гүлжан мен Есен болмаса, құдай біледі, сол жерде қалар едім. Екеуі екі қолтығымнан сүйрелеп әкетіп бара жатқанда үшеуіміз де қолға түстік. Үдемелеген соққы мен тепкінің астында қалдық. Бас-көзге қарамай ұрып жатыр, соғып жатыр... Содан үшеуімізді де қоқыс таситын машинаның қорабына лақтырып-лақтырып жіберді. Одан арғысын білмеймін. Қайда апарғанын, не болғанын кейін Гүлжаннан естіп-білдім. Сөйтсем, он бір адамды тиеген машина Қаскелең жаққа шығып, жолдан жырақ төбешіктердің арасына жеткенде, бәрімізді мал секілді лақтырып-лақтырып кетіпті. Жау шапқаннан кейінгі жаралылар сияқты бірі ақсап, екіншісі қолын көтере алмай, үшіншісі тағы да бір ауыр халде қиналып-қыстыққанына қарамай, қатқақ қарда сұлап жатқан мені жабыла көтеріп, айнала төңірек жарықтанған кезде үлкен жолға әзер ілігеді. Бөтелке тасып жүрген сыған шалды тоқтатады. Бізді арбаңызбен қаланың шетіне дейін жеткізіп тастаңызшы деп жалынады. «Құдайға қараған кісі екен, тиеген бөтелкелерін жол жиегіне жинап, бәрімізді арбасына мінгізіп Сайын мен Жұбанов көшелерінің қиылысына дейін әкеп тастады», – дейді Гүлжан.

Олар Жұбанов көшесімен орталыққа қарай 100-150 метр жүрді ме, жүрмеді ме, жан-жақтарынан анталап жүрген қарулы жасақтың қоршауында қалады. Бәрін «ПМП» деген жазуы бар сары жолақ машинаға қайта тиейді. Ақкүмісті орындықтардың арасына жатқызып қояды. Содан қаланың ортасындағы Совет (бүгінгі Алмалы) аудандық ішкі істер бөліміне жеткізеді.

– Бізді қамасаңыздар қамай беріңіздер. Ал мына сіңілімді аясаңыздаршы. Бұл өледі ғой, ағатай, – деп Гүлжан шыршыр еткен соң, Амангелді деген милиционер жігіт «жедел жәрдем» машинасын шақыртыпты.

«Жедел жәрдем» дәрігерлері Ақкүмісті №12 қалалық клиникалық ауруханаға апарыпты. Ауруларды қабылдайтын бөлімдегі кезекші дәрігер оның қан-сөлсіз бозарып, қимылсыз жатқан түріне қарап, Гүлжанға: «Мынауың өліп қалыпты ғой. Әкетсең әкет, әкетпесең мәйітханадан

аласың», – депті. Әкеткенде қайда апарады? Гүлжан онымен алаңда ғана танысқан.

Енді тағы да Ақкүміске сөз берейік:

– Гүлжанның айтуынша, мен 18 желтоқсан күні мәйітханаға түсіппін. Арада екі күн өткен соң өліктердің арасында отырғанымды лифт жүргізетін кемпір байқап қалыпты. Ол кісі бүгінде бар ма, жоқ па, білмеймін. Сол орыс кемпір көрген бетте: «Ох, одна живая!» деді. Сол сөзі әлі күнге дейін құлағымда. Жатсам да, тұрсам да мәйітхана есіме түссе, тура мұз болып қатам да қалам.

Бұрын, «Адам бірденеге ұрынарда тиісерге қара таппай, қонарға жер таппай тыпыршып кетеді» дегенді үлкен кісілерден естуші едім. Сондай бір қызық күйге түстім. Оған алып барған – фабриканың белсендісімақтары, шовинистік пиғылдағы бишікештер. Жұмысқа барғаннан – терезеден секіріп кеткенге дейін, одан соң сол бір желтоқсанның екі-үш күні ішінде бастан кешкен оқиғалар, бүгінде көрген түсім секілді болады да тұрады... Мәйітханада жатқанда бұрын-соңды көрмеген өзгеше бір әлемде жүрдім. Теңіздің жағасында келе жатыр екенмін деймін. Сол кезде жаныма екі-үш жасар сүйкімді сәби жүгіріп келді. Келді де қолыма жармасып, жағалаудан сәл алысырақта отырған кейуанаға алып барады. Кемпірге қарасам үсті басының бәрі қап-қара, түрі қазаққа келіңкіремейді. Бұл орыс кемпір болды ғой деп ойлап:

– Здравствуйте! – деп оған жалынышты түрмен қараймын.

– Здравствуй доченка! – дейді ол. Солай елжіреп амандасқанына жүрегім жылып қоя береді. Мені «қызым» деді ғой. Соны естігеннен кейін ал кеп жалынамын. – Әжетай, мені жіберіңізші. Артымда ілескен жетімек інілерім мен сіңлілерім бар еді. Өзім де бұл дүниеде жарытып ештеңе көргем жоқ. Жер бетінде тындырсам деген жұмыстарым да көп еді. Әжетай, жіберіңізші... Жіберіңізші, әжетай... – десем:

– Я тебя прощаю, доченька, – дейді маған. Мені жетелеп әкелген балаға қарап:

– Проводи ее, ангелочек! – дейді.

Бала мені жетелей жөнеледі. Келе жатып айнала-төңірегіме қызыға қараймын. Тек қана күн жетіспейді. Әйтпесе ит те, құс та, шыбын-шіркей, көбелек те – бәрі-бәрі бар. Алыс көкжиектен бір сәуле сызаттанып көрінді. Күн соның арғы жағында жасырынып тұрған шығар деймін.

– Ана сызық сәулені көрдің бе? Жүрші, сол жерде жарық бар. Солай қарай тез-тез жүрші, – деп балақайға жалынсам, ол:

– Асықпаңыз, мен сізді үйіңізге дейін апарып саламын, – дейді. Сол сәтте алдым өз бойымдай болып ашылды да, қарсы беттен жарқ етіп шыға келген күнді көрдім. Қуанғанымнан:

– Күн шықты! Күн шықты! Тез жүрші, – деп дегбірсіздене айқайлаймын.

– Жоқ, мен бұдан ары бара алмаймын. Сіз үйіңізге келдіңіз, – дейді әлгі бала. – Мен енді кері қайтамын.

– Қайтқаны несі? Менімен бірге жүр, – дегенімше болмай, ол қолын босатып алды да бұрылмасынан кете барды. Мен оның соңынан қарап отырған кезімде «Ох, одна живая!» деген таңданысқа толы үнді естідім. Осы не өңім, не түсім екенін айыра алмай, мең-зең боп отырғанымда, орыс кемпір қолымнан ұстап тарта бастады. Сүйемелдей жүргізіп арбасына жатқызды. Сонымен лифтіге кіргізіп, екінші қабатқа шығарды. Сол кездегі түрімді көрсеңіз: жағым қарысып қалған, аузым кеуіп, тілім қозғауға келмейді. Әйтеуір кезде шықпаған жаным ғана бар. Қалай жүргенімді, қалай тірі тұрғанымды... Кемпірдің жетелеуімен ілбіп бір бөлмеге кірдім. Қайдамын, мұнда қайдан келдім, соның бірін де білетін жайда емеспін. Бес-алты күннен кейін ғана жанымдағыларға қарайтын халге жеттім. Содан кейінгіні ойласам, көз-жасым көл болады... Өйткені, мен сонда қазақтың кім екенін білдім. Қазақтың бет-пердесін сол жерде көрдім. Ойбай-ай, мына қоғам бізді қандай жағдайға жеткізген?! Қазақ деген атымыз ғана бар, қуыс кеуде біреу болып шықтық қой. Қорқақ, жүрексіз, жасқаншақ бейшара боппыз ғой деймін. Рухымызды қалай басып-жаншып тастаған. Бізде бұрынғы бабалар мінезінен жұқана да қалмаған ба, қалай? Күнде жүздесіп, бір кәсіпорында талай жылдан бері еңбек ететін маған өте жақсы білетін қандастарымның арасынан бірде-бірі ара түспеді-ау! Қазаққа тиетін, ұлтымыздың намысын қорлайтын ауыр-ауыр сөздер айтып көкіген қайдағы біреулерге қарсы тіл қатпады-ау, тіл қатпады! Ал енді солар бір-бірімен ұрсысып-қырылысқанда қандай! Біреуі кішкене өсейін десе, екіншісі етегінен тартып, қайткенде де өсірмеудің қамын жасайды. Сол сорлы қылық ауыр хал үстінде жатқан кезімде де көз алдымда көлбеңдеп тұрды.

Қай палатаға түскенімді де білмеймін. Әйтеуір терапия бөлімінде емделгенім рас. Сонда емделіп жатқан орта жастан асқан әйелдің мені көрген бетте:

– Әй, жексұрын, албасты! – деген сөзі жүрегіме қанжардай қадалды. «Немене, көрінген біреулермен жатып келдің бе?» деген сөзі әлі күнге дейін құлағымда тұр. Өзімнің туған анамдай кісі ғой: «Ойпырмай, бейшара-ай, бұған не болды екен? Қай көргенсізден таяқ жеді екен? Не деген жауыз еді! Әй, оңбаған-ай, әйел заты ғой деп кішкене аяса қайтер еді?..» деп, адамша ықылас танытудың орнына, әбден табалағаны өтті ғой... Орнымнан тұрып өз бетімше тамақ ішу былай тұрсын, тіпті әжетханаға бара алмай қор болдым. Тұра алмаймын. Қозғалуға дәрмен жоқ. Қуыс кеудем ғана қалды. Екі көзімнен сорғалап жас ағады. Мойнымды кішкене бұрайын десем, тұла бойым инемен сұққылағандай ауырады. Алғаш әкелгенде қалай жатқызды, солай сұлап жатырмын. Емдеуші дәрігерім, ұмытпасам, Роза есімді әйел. Жасы елулер шамасында болып қалар. Аңғаруымша, маған іші бұрып тұрғанымен, артына қарап жалтақтайтын сияқты. Не болса да, соған бар жағдайымды айтып ақтарылғым-ақ келеді. Сөйтейін десем, екі жағым қарысып қалған, екі құлағым естімейді. Елдің не деп жатқанын ауызының жыбырына қарап білемін. Құлақ шекеден оңбай таяқ жегенім, оның үстіне ақ қар, көк мұзда қалғаным бар, екі құлағымнан бұлық ағып, жастығымның үстін әбден былғап тастады. Төбемнен қатты бір шаншу қадалып, бас сүйегімді кеміре жеп, шыдатпай барады. Қол-аяғымды қозғайын десем, еркіме көнбейді, жан жоқ сияқты. Дәрігердің айтуымен екі медбике арбаға отырғызып, процедура бөлмесіне алып барды. Сонда кеудемнен итеріп тұрып, құлақтарымды жуғанын білемін. Үлкен инемен ішін тазартты, артынан дәрі екті. Арғы жағы тағы да есімде жоқ. Оянсам, аузым тура қаңсыған ағаш сияқты. Әбден кеберсіген. Сол кезде төсегімді сықырлатып, сәл де болса қозғалсам керек. Соны байқап қалды ма екен, жер-жебіріме жетіп тілдеген апай:

– Мынау басын көтермей үш күн жатты-ей! Әбден ұйқысы қанған шығар, байғұстың, – дейді. Осыны бір құлағым естіді. «Ойпырмай, мынаның орнында басқа ұлттың өкілі болса, ол не дер екен?» деймін өзіме-өзім.

Кішкене ес жинай бастағанға ұқсаймын. Ішімнен бұл жерге қалай келдім деп ойланған болып жатыр едім, дәрігердің «ыстық укол беріңіз» деген сөзін естіп қалдым.

Медбике ыстық дәріні еккен кезде бүкіл денем күйіп-жанып, астыма жіберіп қойғандай күйге түстім. «Жеңіл дәретімді ұстай алмадым-ау! Ұят болды-ау! Масқара болды-ау! Онсыз да мені әбден тілдеп жатқан мыналар одан сайын күн көрсетпейтін шығар» деймін. Еріндерім кезеріп, кенезем кеуіп, бір жұтым суға зарығып «с-сс-ссс-у... ссуу б-ббе-ерр-ші-і» дедім. Сөзімді естімей ме, әлде менен жиіркене ме, жанымда жатқан бүкіл әйел теріс қарайды-ау, теріс қарайды... Мен одан бетер күйзелемін. Сөйтіп жатып, сөмкемді ойлаймын. Ішінде күллі құжаттарым бар еді. Осыдан ай жарым уақыт бұрын ғана алған партбилетім қай қоқсықта қалды екен? Ол да сөмкемде еді. Айна-тарақтарым да сонда екені есіме түскенде одан бетер құлазып сала бердім. Мыналар неге менен қашады? Әлде менің түрім ел қарағысыз ба?..

Сол күні процедура бөлмесіне апарып, құлағымның былығын тазалаған кезде, қабырғадағы айнаға көзім түсіп кетті. Өз көзіме өзім сенбей, «апыр-ау, мынау шынымен-ақ мен бе?» дедім. Айнадағы құбыжық түрді көріп, есім шыққанын несіне жасырайын. Дүниеде мұрынның бұзылғаны жаман болады екен, бүкіл бетімнің ұсқынын кетіріп тұр. Көздерім көгеріп, қанталап кеткен, бетімнің бір жері дақсыз болсайшы! Жара-жара, көкпенбек ісік, еріндерім тілім-тілім...

Сөйтіп, есеңгіреп тұрғанда емдеуші дәрігер:

– Мына құлағыңыз қалай, ести ме? – деді. Оған басымды изедім.

Сонымен, тоғызыншы күні әлі де жарақаты жанына батып, қиналып тұрғанына қарамай Аккүмісті ауруханадан шығарып жіберді. Бұл жаңа жылға екі-ақ күн қалған кез еді. Бетінің домбыққан ісігі қайта қоймаған, үсті-басы көкпенбек, ауыр соққы алған басы мең-зең... Оны «мына түріммен қайда барамын, қайтіп барамын?» деген сауалдар тынымсыз мазалады. Жағдайын кімге айтады, тыңдайтын кім бар? Емдеуші дәрігерге де жан керек, жеп отырған нанынан айырылғысы келмейді. Сондықтан жоғары жақтың бұйрығын орындады. Қолына толтырған «ауру қағазын» ұстатты. Енді кет деген соң, кету керек. Бірақ, қалай кетеді? Аяғына киетін аяқ киімі де жоқ. «Өліп қалды» деп аяғынан сыпырған, оны қайда құртқанын кім білсін. Талай күннен бері су көрмей үсті-басынан жаман иіс мұңкіген аурудан тезірек құтылғысы келген де шығар, санитаркалар жержебіріне жетті. Балағаттап, жаман сөздерін судай сапы-

рып, әйтеуір бір резіңке етік әкеп берді. Жалаң аяғына соны киуін киді-ау, енді сыртқа шығайын десе әлдекім тұқұртып, кеудесінен кері итеріп тұрғандай жаман күйге түсті. Екі көзіне ащы жас кептелді. Тістенді. Сонан соң өзін-өзі қайрады. Басын көтермей, әркім-әркімнен сұрастыра жүріп, ұзын дәліздің бойымен оңға, солға бұрылып, бір кезде сыртқа шықты-ау... Аурухананың тура алдында 39-автобус тоқтайтын еді, соған отырып, Жұмалиев пен бүгінгі Төле би көшелерінің қиылысынан түсіп қалды. Міне, осы жерде ол әбден қиналды. Жатақханаға бару, есігін ашып кіру ол үшін енді азаптың азабы болды...

«Осыны айтсам, ел сенбейді. Өйткені, ешқайсысы менің бастан өткергенімді өткерген жоқ», – дейді ол.

Сол күні оның ауысымында істейтіндер жұмыста екен. Екінші ауысымда еңбек ететіндердің біразы танымайды. Ал, танитындар айтса айтқанынан қайтпайтын мінезінен білетін. Ол мінездің қара жұмысқа еш кесірі жоқ, міндеттемесін әрдайым асыра орындайды. Сондықтан оған өзі еңбек ететін цех қана емес, басқа цехтың бастықтары да келіп, өтініш айтқыш еді. «Бір кісіміз жұмысқа шықпай қалыпты» дейді, «мына кісіге болысып жіберші» дейді. Соның бәрінде келісе кететін. Ақкүміс осындай еңбекқорлығының арқасында ғана өндіріске озат атанды, әр мереке, тоқсан сайын көтермелеу сыйлықтарын алды, марапатқа ие болды. Күн сайын жұмысына ықыласымен барып, жатақханаға еңселеніп келетін ол, енді міне, есікті эзер ашты. Кезекшілікте бәрі «тетя Валя» дейтін толықша келген апай отыр екен. Танымай қалды. Жүдеп-жадап жүрген бөтен біреу деген шығар, «куда идешь?» деген зілді даусы шаңқ ете қалды. Ол бетін басып:

– Тетя Валя, это я – Клара, – деді. Оны бәрі де солай атайтын еді.

– Да ты что? – деп, сенер-сенбесін білмеген кезекші кемпір аңырып тұрды да қалды. «Не болды?» – деді сосын.

– Қатты ауырып ауруханаға түстім, – деді әрең сөйлеп. Сөйтті де бөлмесіне қарай ілбіп басып өте берді.

Өзімен бірге жататын Шелек ауданының қызы Анар бөлмеде екен. Бөлмелестер арасында екеуі өте жақсы тұратын. Ақкүмісті көргенде оның көзі атыздай болды. Тіпті тілі байланып қалған секілді, бір сәт бақырайып тұрды да қалды. «С-с-саған не болды?» деді бір кезде. Ол не болғанын айтатындай жағдайда емес еді. Сөйлейін десе, дауысы шықпайды. Жанары шүпілдеген жасқа толды. Құрбысының

өзінен жиіркеніп тұрғанын да сезіп тұр. Одан ары қарай тұруға шыдамай, төсегіне қарай қозғалды. Жеткен бойда бетін басып құлай кетті. Анар оның аяқ киіміне жармасты. Резіңке етікті шешкенде нәскисіз жалаңаш сирағы жарқ ете қалды. Жарты ай бойы су көрмеген аяқ қалай болсын...

– Клара, тұршы, мен сені душқа апарайын, – деді аянышты үнмен.

«Осы сөзді естігенде өксігім қатты шықты, – дейді ол. – Екі көзімнің жасын жаңбырша сорғалатқан күйі душқа бардым. Жуынып-шайынып жатырмын-ау, үсті-басыма құйылған судан гөрі аққан жасым көл-көсір болған шығар. Мен ащы жасыма шомылған шығармын...»

Осы сәттер ойына келсе, Ақкүміс күні бүгінге дейін кемсеңдеп жылай жөнеледі. Шынында, не көрмеді? Қандай қорлықты бастан кешпеді? Әрине, осыдан кейін іші-бауыры тура езіліп-жаншылып кеткендей болады. Егер сол күні бөлмеде Анар құрбысы болмаса, кім білсін жағдайы қалай боларын?

...«Жүрегі не деген жылы қыз еді! Сол үшін де оған мың рахмет! – дейді ол. – Айдалаға тастамай, сүйреп келген Гүлжан болмаса, мен тірі қалар ма едім?.. – дейді тағы да. – Мәйітханада аяғымдағы кендір жіпке байланған қаңылтырды шешіп тастап, жоғарыға алып шыққан орыс кемпірге де алғысым шексіз. Бұл күнде Анар құрбымның қайда екенін де білмеймін. Гүлжан өзінің туып-өскен жағында деп естіп едім. Ал, орыс кемпір бар ма, жоқ па?.. Бәрі-бәріне қарыздармын ғой...».

Ары қарай тағы да өзін сөйлетсек:

– Не керек, көз жасыма шомылып шыққандай болдым. Енді киінейін десем, киіне алмаймын. Қолым икемге келмейді. Бөтелкенің шынысы сойып кеткен ішіме қарасам, әр жерінен шаңдып тіккендей боп қара қотырланып бітіп кетіпті. Қайда жараландым, қалай жараландым? Ары ойлап-бері ойлап есіме түсіре алсамшы. Әсте қоқыс таситын машинаға лақтырғанда ішінде қалып қойған бөтелке сынығына құладым ба, әлде қала сыртына апарып лақтырғанда өткір бірдеңеге ішіммен жаншылып түстім бе, білмеймін...

...Анар оған киінуге жәрдемдесті. Сүйемелдеп жүріп бөлмеге кіргізді. Екеуі бір-бір кеседен шәй ішкен болды. Оның ендігі уайымы жұмыс еді.

– Анар, менің ауруым жазылған қағазды оқышы, не деп толтырыпты, – деп қағазды ұсынды. Ол қарады да:

– Жиырма тоғызы күні жұмысқа шығасың деп тұр ғой. Клара-ау, сен мына түріңмен қайтіп барасың? – деді.

– Мен соны ойлап отырмын. Барсам, дұшпандарым артын ашып күліп, бетіме түкірмей ме? Анар, не істеймін, айтшы? – деп ол тағы да екі көзіне ерік берді.

– Клара, сен жылай бермесейші енді. Бірдеңе етіп оны ұзартудың қамын жасайық. Біздің ауыл жақтан бір дәрігер апай бар еді, – дей бергенде:

– Анар, сен соған баршы, сөйлесші, маған басқа қағаз жасасын, – деп жалына бастады.

– Жарайды, онда сол кісіге барайын. Сағат екіге дейін үлгерермін, – деп құрбысы тез-тез киініп кетіп қалды.

Ол кеткен соң Ақкүміс мызғып алайыншы деп жантайған. Содан түнгі 12-ден кейін, Анар екінші ауысымдағы жұмысынан оралғанда, бір-ақ оянды. Ақкүмістің көзіндегі атойлаған сұрақты көріп: «Бәрі дұрыс болды. Қаңтардың төрті күні жұмысқа шығатын етіп қағазыңды толтырып берді», – деді. «Мынау жүрек жұтқан кісі екен! – деді сонда Ақкүміс сенер-сенбесін білмей. – Ол кісінің ауруханасында «Желтоқсан» болмап па екен?» «Ол жағын сұрағам жоқ. Әйтеуір, жасап берді ғой», – деді Анар күліп.

Ауру қағазын төрт-бес күнге ұзартқанмен, Ақкүмістің бетіндегі жаралар бәрібір жазылмады. Сол көзі аштырмайды. Ашса, шыдатпай ауырады. Қарашығының айналасы қанталап тұр. Оған қарайтын жағдай жоқ, амалсыз төртінші қаңтар күні жұмысқа шықты. Есіктен кірген бетте-ақ: «О, пришла декабристка!» деген мысқыл сөз естіді. Не десе о десін, қарамайыншы деді. Айналасына мән бермеуге тырысты. Жұмыс орнына отырды. «Сүтке тиген мысықтай» дейді ғой, дәл солай болды. Қазақтар үркектеп екі бастан жақындамайды...

– Что, заболела? – деді, амандық-саулық жоқ, цех мастері боп істейтін Елена Петровна. Ақкүміс тек қана басын изеді. Саған керегі қағазым шығар, көрсетейін дегендей қағазының бүктеуін жазды. Анау бұрылып кетті.

Баяғыдай жұмысты зыр айналдыратыны қайда?! Өйткені, сүлдерін сүйретіп әрең келді. Ішінен: «Е, Алла, досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме. Маған күш-қайрат берші!» деп жалбарынады. «Е, ата-бабамның аруағы мен секілді бейбақ

қызыңа дем берші» дейді күбірлеп. Сөйтіп отырғанда жанына цех бастығы келді. Оған да ауру қағазын көрсетті.

– Иә, қайда жүріп ауырдың? Қайтіп ауырдың? – дейді көзімен ішіп-жеп. – Қазір МХК-ның адамдары келеді, тергеуге барасың. Сен келген соң біз оларды әдейі шақырттық.

Аққүмісте үн жоқ. Не болса да көріп алармын деп отыр. Оның жұмысқа шыққанын директор да естіді.

Енді тағы да өзін тыңдасақ:

– Ихласова, директордың бөлмесіне кел, – деген дауыс естілді цехтың бұрышында тұрған күшейткіштен. Барсам, үш орыс, бір қазақ отыр екен. «Е, жаңағы шақырдық деген «үш әріптің» кісілері осылар екен ғой» деп, ішім қылп ете түсті. Расында, солар боп шықты. Мені бір бөлмеге оңашалап, ортаға алды дейсің. «Орысша жауап бер» дейді. Байқауымша, біреуінің «төбесі тесік» секілді. «Мен орысша онша білмеймін. Сондықтан шала сөйлеп не қылайын, қазақша айтайыншы» деп едім, қазақ кісі бетіме алайып бір қарады да:

– Тілің жеткенше сөйле! Сен осы жердегі «герой» екенсің ғой. Ана бет-аузың неге қисайып кеткен? «Больничныйда» болыпсың, қай жерің ауырып, емделдің? – деді.

– Ауырдым. Ауырған кісіге «больничный» береді емес пе?

– Сені екінші қабаттан секіріп, алаңға барды дейді ғой, сол рас па?

– Рас, екінші қабаттан секірдім, бет-аузым содан дапдала болды, – деп едім:

– Жоқ, сен шыныңды айтшы: алаңда болдың ба? – деді даусын жұмсартып.

– Ақыры қоймадыңыз ғой, ағай, айтайын: 16 желтоқсан күні алаңда болдым, 17-сі күні тағы да болдым. Түрмеге түсіп, содан кеп отырған түрім осы...

– Онда осылай болды деп түсініктеме жаз, – деді.

– Жазсам жазайын, ағай, – дедім ол кісіге қарап. – Екінші қабаттан құлап жарақаттандым деп жазайын. Сіз екеуміздің қанымыз бір ғой, ағай. Жеңілдік берсеңізші... – Осы сөздерді айтып, жан-дүниесіне үңіліп отырмын, іштей қарсы емес, бірақ аналардан бата алмайтын сияқты. Қайтеді енді, оның да істеп жүрген қызметі ғой. Әрберден кейін осы жерге де амалсыз келіп, тергеп отыр.

– Сен осы жұмысқа келген кезіңнен бастап жазшы, – деп еді, қазақша түсінеді-ау деген орыс оның бетіне бажырайып

қарады. Сол кезде қазақ ағай да оған жалт қарады. Екеуінің көздері түйісіп қалды. Әсте қазақтың шені үлкен болу керек, ары қарай күш алды. – Айналайын, жұмысқа қалай, қашан келгеніңнен бастап жазшы.

Қазақша жазып едім, «орысша жаз» деді.

– Ағай, мен орысша қате-қате жазамын. Содан кейін оны оқыған мына орыстарыңыз күлмей ме? – деп едім:

– Әй, өзің бір қайтпасхан екенсің! Таяқ жеп, көгала қойдай боп отырсың, сонда да қайтпайсың, – деді.

– Ағай, шынында, мен екінші қабаттан құлап осындай халге түстім. Бұл жұмыс уақытында алған жарақат. Солай толтыру керек қой, – деп едім, ана кісі ашулана бастады.

– Жаз! – деді бұйырып.

Әйтсе де «қазақша айтайын, сіз сөзімді орысшаға аударыңыз, мен соны жазамын», – деп едім, келісті. Енді жазайын десем, ауыратын көзім ашытып қағазға қаратпайды. Бәрібір бір көзбен қиналып отырып жаза бастадым. Басынан қалай болғанын баяндадым. «Фабриканың есігінен кіргеннен қазақтың намысына тиетін ауыр-ауыр сөздер естідім. «Қазақтар қырып жатыр, өртеп жатыр, қиратып жатыр» деді. Олардың не айтып жатқанын түсінбеймін. Арасында бірде-бір қазақ жоқ. «Бұл не әңгіме, айтсандаршы» деп едім, өзімнің арыма тиді. Содан кейін ашуланып қатты-қатты сөздер айттым. Егер қазақтардың қырып-жойып жатқаны рас болса, көшеге шығайық, бәрін көзбен көрейік деп күллі цехты араладым. Бірақ ешкім ілеспеді. Терезеден секіріп кеткенім рас», – дедім.

Әңгіме осымен біткен жоқ еді. Күнде жиналыс, күнде жиын. Ақкүмісті партия жиналысына салды. Партбилетінді жоғалтқаның үшін жазалаймыз, жұмыстан қуыласың деді. Одан кейін кәсіподақ комитетінің жиналысында мәселесін арнайы қарады. Денсаулығы нашар, жарысып сыбаған, ақыл айтқан шешендер мен көсемдердің сөздерін әрең тыңдап отырады. Түні бойы ұйқы көрмейді. Ақ қар, көк мұзда қатты суықтаған екен, күрк-күрк жөтелі бір басылмайды. Соның өзінде жұмысқа келеді. Ақыры 20-қаңтар күні қызуы қатты көтеріліп, «жедел жәрдем» машинасын шақыртты. Олар бірден ауруханаға әкетті. Тағы да №12 қалалық ауруханаға апарды. Бір күн тексеріп, екі өкпесіне суық тиген деп, дереу өкпе ауруларын емдейтін ауруханаға жіберді.

Ақкүміс сол жатқаннан табандатып тоғыз ай бойы тубинституттың ауруханасында жатты.

– Желтоқсан көтерілісшілеріне қарсы қолданған ауыр жазадан мені сол ауруым ғана құтқарды-ау деп ойлаймын, – дейді Аққүміс.

Оны өкпе ауруларын емдейтін ауруханада Синявская Людмила Дмитриевна деген дәрігер емдепті. Өте білімдар, өз ісіне берілген, дәрігерлік ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын қатал кісі екен. Соның арқасында дұрыс емделіп шықтым дейді өзі. (Күйбең шаруамен жүріп, бертінде ол кісіге деген ризашылығын білдіргелі барса, 1997 жылы қайтыс болып кетіпті).

«Сен бірсөзді, адал қыз екенсің. Сені сол үшін құметтеймін», – депті емделіп жүргенде Людмила Дмитриевна.

Содан сауығып шыққан кезінде қолына сырқатының мәнін қанық етіп жазған қағазын беріп тұрып: «Сен мына қағазды жоғалтпа. Саған жатақханада тұруға болмайды. Сол үшін өкімет жеңілдікпен үй береді. Осы қағазыңды пайдалан» – деп, шынайы жанашырлығын білдіріпті.

– Сол қағазым әбден сарғайды. Бүгінде оған қарайтын кім бар? – дейді.

Міне, желтоқсан көтерілісінің белгісіз бір қаһарманы осылай дейді.

Ол өстіп елеусіз ғана тірлік кешіп жатыр. Екі баласы бар. Алматыдағы М.Дулатов атындағы орта мектепте, ең төменнен санағанда «бірініші бастық» боп еңбек етеді. Кезінде соңына шам алып түсіп, «ит қосып қуалаған» кәсіпорнының үй кезегінде үшінші боп тұр еді. Бүгінде үй кезегі тұрмақ, кәсіпорынның өзі де жоқ. Енді «мен желтоқсан қаһарманы едім» деп кімге барады, кімнің алдында мүсәпір болады?

Ол өзі осылай дейді.

Айтпақшы, Аққүмістің жолдасы Нәби Ниязбекұлы Оспанов та 86-ның желтоқсанында алаңда болып, керзі етіктің тепкісі мен резінке сойылдың соққысына түсіпті. Итке таланған. Осыдан жиырма жыл бұрынғы жан түршігерлік оқиғаны еріксіз еске түсіретін жарақат іздері бетінде де, арқасы мен аяғында да сайрап тұр...

– Осы әңгімені айтуға бірге барайық деп едім, көнбеді, – дейді Аққүміс.

«Мен секілділер мың-сан зой, оның несіне мақтанамын?» депті Нәби.

жосықсыз бүкіл Одақты нанымен, малымен асыраған республика басшысы Қонаевты бір күнде алып тастағаны бүкіл қазақты... «Жоқ, олай болмайды!..»

Біз мінген нөмірі 35-автобус созалаңдай келіп тоқтағанда, менімен бір топ адам есікке ұмтылды. Қараймын, бәрі қазақтар, қазақтың қыз-жігіттері. Бәрінің бағыты алаң жақ сияқты. Көңілім өсіп сала берді.

...Алаң толы екен. Абай даңғылы жақтан жеткен оншақты адам едік. Иінтірескен әскерлерді бұзып-жарып өте алмадық. Алғашқы ұмтылысымызда-ақ қағып тастады. Одан Фурманов кешесіне шықтық. Мұнда да солай. Ал енді сөйлесіп көр мұндай хайуандармен. Биліктің басынғаны жәй басыну емес, одан да сорақысы – алаңға жиналған өз қандастарымызға жібермегендері тіпті қорлық болды. Бұлары «Біз әуелі мына топтарыңды қырып алайық, содан кейін де үлгересіндер ғой» дегендей әсер берді.

Әйтеуір біраз шамада тобымыз көбейіп, бағанағы бой бермей тұрған бекіністі бұзып-жарып өте шықтық. Олардың да естері шығып, арттағыларға әлдері келмей қалды. Сол жақ қанаттан суырылып, халыққа қосылдық. Мінбенің екі қапталын қоршаған қалқанды солдаттар. Олар да араларынан шыбын өтпестей тығыздалып алған. Қарусыз адамдардан атом бомбаларынан қорғанғандай-ақ қаруланып тұр. Нағыз тас қамалды бекініс. Әрине, мінбе дегенге көбі жәй ғана кішігірім мінбелерді есіне алар. Жоқ, алаң мінбесі Мәскеудің Қызыл Кремліндей биік те ұзын. Солдаттар қоршап тұрған есіктері де темір. Шойыннан құйылған. Бетпе-бет жүздесетін осы кездесуде биліктегілердің бар тындырғаны өздерін ғана қорғау болса керек. Дегенмен де қақтығыстың аты – қақтығыс. Қауіпсіздіктері де занды болар.

Осы уақыттардың қаншаға созылғаны белгісіз. Әйтеуір тыныштықты уақытша ғана сақтап тұрғаны айқын еді. Бәрінің күткені – Орталықтың жауабы. Бірақ ондай қуанышты хабардың исі де сезілмеді. Мінбеге он бес, жиырма шақты үкімет адамдары шығып, алдаусырата өз насихаттарын айта бастады. Мінбеге қарама-қарсы жиналған 30 мыңнан аса халық кәмпит беріп алдайтын сәби емес еді. Жан-жақтан:

– Намысың қайда, ей?! Намысың?!

– Колбинің де, Горбачевың да құрып кетсін!

– КПСС-ің жойылсын! – деген ащы дауыстар шығып, жан-жағынан шабуыл күшейді. Олар мұндайды күтпеді ме, жоқ әдде, соны сезіп-білсе де бастарын қатерге тігіп шықты ма екен, әйтеуір қар жентектері, мұз кесектері жауған кезде қорғаланып, мінбені еріксіз босатты.

Орталықтың осындай шешім шығарып, ар жағында бір ұлтты «енді өздерін білесіңдер» деп бір-біріне айдап салуының өзі қитұрқылық емес пе. Көпшілік қарқынын тоқтатпады. Мен де қарап тұрмадым. Топты жарып алға ұмтылдым. Саптарын бұзып кеттім. Бірінің каскасын зорлықпен тартып алдым. Әрине, жалғыз емес, қасымдағылардың көмегімен. Үстімдегі сары түсті курткам ана жерден жарқырап көзге түседі. Қасымдағы Алдабергеннің де қайда кеткені белгісіз. Мінбеге қарай тастар қардай борап атқыланды. Бас-көз дегендеріне қарап жатқан ешкім жоқ. Қолдарына ілінгендерін аямайды. Айтуға ғана жеңіл қоян-қолтық арпалыс дегеніміз осы. Айқайлаған, бажылдасқан, ойбайлап аттандаған үн... Әскерлер бірінің шашынан жұлып жатса, енді бірін тепкілеп қан-жоса етуде. Сондай қанды майданның ішінен аман-есен қалармын деудің өзі артық. Алыса жүріп, біреуін теуіп қалып шегінгенімде, дубинкасымен бос ауаны тілгілей ары-бері сермей берді. Енді оны тастап, басқасына ауысып, оны да сергелденге саламын. Өйткені тәртіп бойынша тұрған саптарын бұзуға болмайды. Екі жақтың бірінде отыз мың адам, екінші жағында он мың десем, келіп-кетіп жатқандарының өзі қаншама. Оларға одан сайын кектене түз тағыларындай атыла түсемін. Ал саптағы солдаттар «мықты болсаң, осы қамалды ал» дегендерін көрсетіп, былқ етпейді. Мұндайда қалай қорланбассың? Енді касканы күректің сабындай ұзын, басы жуан бір таяққа ауыстырып алдым. Мұным қорғаныстың қажеті жоқ дегенім. Намыс бұған шақта және жәй ғана емес, ел намысы, халықтың, ұлттың намысын көтерген шақта қорғаныстың қажеті не?! Мұндағы бастысы – алға ұмтылу, тек қана алға!

Мінбеде үлкен шенді офицер тұрған. Ол лақтырылған тастардан бұғып калып, басын қайта көтеріп, мазақтаумен болған. Соған жетудің мақсатымен мінбенің алдына шығып, бетімді көпшілікке қаратып, сәл ойланғандай болдым. Мінбенің екі шетінде де сап түзеген солдаттар қабырғаға

тақалып тұрған. Ондай бекіністен өту әсте мүмкін емес еді. Бірақ жолымның болғаштығынан ба, өтіп бара жатқанда бір шетте тұрған солдатқа көзім түсіп, оны да жайғап кеткім келді де, таяғымды көтеріп соға бергенімде офицердің «Осторожно» деген ескертуінен кейін солдат бұғып қалып, менің таяғым оның басындағы каскаға сарт етті. Осы кезде солдаттар естерін тез жинап алды. Сол кездегі Мир көшесімен айқайлатып өрт сөндіргіштер командасы машиналарымен келіп қалды.

Су шашып келе жатқан машинаның кабинасындағы жүргізушіге бір жігіт жолбарысша атылып, рөліне жабыса кетті. Мұншама жедел қимылды сөзбен жеткізу қиын. Мен сол жігіттің ерлігіне тәнтімін. Сол кім екен? Қазір тірі ме екен? Тірі болса, неге белгісіз болып жүр? Сынып, қорқып қалуы мүмкін емес. Шамасы, мақтан сүймейтін салмақты жан болуы керек. Әйтеуір соны көріп, білгім келеді.

Жазалаушылар қанша мықты болғандарымен, қандары қызған жандар қойсын ба, ұмтыла келген техникаларды иелерінен босатып, ішін тонауға кірісті. Төрт тал түтіндеткіш (дымовой) шашкіні тауып алғаннан кейін, бүкіл алаң көк түтін астына бастырылды. Кино ленталарында будақтап көрінген түтіндер сол төрт тал шашкінікі, соған қасымыздан ракетницалар да атылған болатын. Бірақ оны біз емес, басқалары пайдаланған.

Алаң ортасына өңмендей кіріп келген милиция «УАЗигі» лап етіп жалындап, жана бастады. Оның енді жарылатынын да ескерместен төрт жігіт барып аударып тастадық. Машиналардың оталдырғыш кілттері қолымызға түскенде одан сайын қуаттанып, күшейе түстік. Жалаңаш қолға бұдан өзгенің қажеті жоқ. Енді бізді ешкім тоқтата алмайды. Жәй күндері бірін-бірі күндеп, бірін-бірі шұқылап жүретін қазақтың біріккен күші. Жан-жақта үндемей бас изеп жүре беретін, бірі ұмтылса, екіншісі тұсау болатын қаны жоқ халықтың толқып-тасқындаған топан суы. Үнсіз ғана жұмысқа жегіліп, тау мен тасты қопарып жатса да, «біз осындай екенбіз-ау» деп өз қадірлерін көтере білмейтін жұрттың топырлаған құйыны. Ата-бабалары қан мен жан беріп жерін сақтап калса да, кейінгі ұрпақтарының өздері үшін емес, өзгелер үшін өліп, өзгелер үшін қан кешкен жандардың жанған оттары. Адалы да, арамы да, ойлысы да,

ойсызы да, данышпандары мен дауасыздарының да бір ту астында біріккен күндері еді. Сол құдыретке күш-қуат беріп лаулата түскен халық алдында, сахна төрінде жүрген қазақ әртістерінің көздеріне жас ала, бет-жүздері жанып: «Бар екенсіңдер ғой, бауырларым! Қайран елім, қазақтарым! Бар болыңдар, нар болыңдар!» деген жалынды ұраны, демеген қуатты үндері рухымызды аспандатып жіберді. Солардың арасынан анық танығаным – Тұңғышбай аға. Кәдімгі өзіміз «Тамашадан» үнемі көретін Тұңғышбай Жаманқұлов.

– Алға, қазақ! Қайтпа, қазақ! – деп, бар даусыммен айқайлап қоямын.

Алаң қазандай қайнап тұр. Мына нөпір халықты көріп енді билік ойланар деп қоямыз. Бірақ, бұл үмітіміз ақталмады. Күтпеген жерден от тұтанды. Бұған дейін кинодан ғана көріп жүретін сұрапыл соғыс кезіндегідей шабуыл қайталана берді, қайталана берді. «Ура!» дейді. Бейбіт мақсатта наразылығын білдіруге шыққан елге қарсы қас жауындай ұмтылғаны бәрімізді ширықтырып жіберді.

– Әй, мыналардың беті жаман! – деген егделеу кісінің үні естілді. Шынында, көз алдымызда ойымыз түгілі түсімізге кірмейтін қанды көріністер көбейді. Қалқандарымен беттерін бүркеп, сойылдайтын қаруларын ала ұмтылғандар қыз демейді, қарт екен демейді...

Біз шабуылдап жатқанда алаңның Абай жақ бетіндегі екі зәулім үйдің плита тастары шетінен күйретілді. Мызғымастай боп тұрған жалпақ тастың қақ ортасына кесек таспен бір қойса, мың кесек боп шашылып түседі екен. Біздің қыздардың қаһары мен қайратын сонда көрдік. Жылап жүріп уыс-уыс тастарды жеткізумен болды. Қайран қыздар, ару қыздар, сендердей дем берер, азаматтарды арқаландырар нәзік жанды сұлуларымыз болмаса, әлі күнге дейін құпиясы ашылып бітпеген, жуық арада ашыла да қоймайтын Желтоқсан көтеріліс деңгейіне көтерілер ме еді?! Сендер қазақ намысының туы екенсіңдер-ау!...

Алаң қанды шайқастар майданына айналды. Зұлым жендеттер (басқадай айтуға тілім бармай тұр) қыздардың шаштарынан шеңгелдей ұстап сүйрегенін, бүйірге алып тепкілегендерін көрдім. Бірі теуіп қана қойса мейлі-ау, шибөріше бәрі жабылды. Соған шыдаған, қаймығып-ықпаған қазақ қыздары не деген ғажап едіңдер сендер! Біз сендерге

ілестік қой. Сендердің қайсарлықтарың, қайтпас мінездерің күш берді. Барымызды сала ұмтылды. Арпалысып жүріп көк мұзға тайып жығылдым. Жандәрмен ышқынып тұра бергенімде, аспан айналып жерге түскендей бір сәтті бастан кештім, арғы жағын дәл айта алмаймын. Әсте көп жата қоймаған болуым керек. Көз алдым бірте-бірте айқындала бастаған кезде құлағымға шыңғырған, қиналған, балағаттап қорлаған дауыстар келе бастады. Біраз шамада олары алыстады. Көзімді ашсам, ел аяғы сирей бастаған екен. Иә, «Қашқан жауға қатын ер» деген. Жәй ғана қара халыққа қарсы «уралап» шабуылдағаннан кейін әскери қарулы күшіміздің қаншалықты мықты екені белгілі болды.

Есімді жиып, өзіме келіп орнымнан тұрдым. Қазіргі Абылай хан көшесінің қиылысында бір топ қазақты 3 солдат қаруларымен қуып, соққылап жүр екен, соларға қарай жүрдім. Аналар мені көріп, қаша бастады. Құр жібермедім, біреуін ұрып жықтым. Біреуін жыққаныммен екеуі қайта қуды. Алдымда бірнешеуі. Енді қоршауда қалдым. Олар аямай-ақ жанталаса соққыға алды. Алысып жүріп құлағанымда тепкілей бастады. Олардың қимылдары киімдерінен қолайсыз болып, мен араларынан зып етіп өтіп кеттім.

Қандары қарайған олар алаңға қарай қайта жүгірген менің соңымнан қалмады. Жете алмастарын білгеннен кейін ит қосты. Арқамнан келіп тиген сол иттің соққысынан ұшып түстім. Ал ит болса солай үйретілген бе, ары қарай шабаланып әрекеттенбеді. Солдаттар жетіп, тепкінің астына алғанда, қорғанып жатып тағы да есімнен тандым.

Есім кіргенде білгенім: екі қолымнан екі солдат сүйреп әкеле жатыр. Менің есім бар ма, жоқ па, онда шаруалары жоқ. Жан-жағымнан тепкілеп келеді.

Сөйтіп алаң ортасындағы милицияның «УАЗик» машинасының артқы есігінен кіргізгенде екі адамның бірінің құлап жатқанын көрдім. Бірінің «жауыздар» дегенін де естідім.

– Отыр, қазақ. Маған жақындап отыр, – деді ішінде отырғанының басы арқама тиіп.

Бізді алып кетті. Қайда, қалай, қай жаққа оны білмейміз. Қай ішкі істер бөлімшесіне әкеле жатқандары да беймәлім. Әйтеуір сондай бір орынға алып келді. Коридорында 5-6

жігітті теріс қаратып, аяқтарын талтайтып, қолдарын жоғары көтертіп тұрғызып қойыпты. Азаматтық киімдегі орыс ұлтты бір қызметкері мені тағы да сокқылап алды да, солардың қатарына қосып теріс қаратты. Милиция формасындағылардың көбі қазақ. Бірақ олардың көздері таса бола салысымен орыстары бізге қол жұмсай жөнеледі. Қасымдағы адамды қайда алып кеткенін байқамай қалыппын. Бір уақытта өзімді бір белмеге алып келді. Ондағы отырғаны тергеуші болуы керек, сұрақтарды жаудыра бастады. «Кімсің? Қайда оқисың?», тағы да сол сияқты сауалдар. Қасымда отырған адам оларға жауап беріп жатыр. Таныс дауыс. Анықтап карағанымда – жаңағы өзіммен бірге алып келген адам екен. Резинкалы қолшоқпармен ұрғанда басы жарылыпты, сызаттап аққан қаны аузына жетіпті.

– Аға, бетіңізді сүртіңіз, – дедім оның ештемені көрмей отырғанын байқап. Екеуіміз бірге келгенше әңгімелескен едік, онысының не жайында екені есімде қалмапты. Енді байқадым, аяғындағы аяқ киімінің бір сыңары жоқ екен. Бөлме ішінде бірнеше жан болғандықтан, қызметкерлері бізге қол жұмсай алмады. Алайда жаныңа, намысыңа тиер сөздерімен талап барады. Соған шыдамаған жаңағы адам орнынан атып тұрды да, қалтасынан партбилетін суырып алып:

– Вы еще будете отвечать! Я – народный артист СССР, депутат Верховного Совета СССР, коммунист Азербайжан Мамбетов, – деді оң қолын сермеп. Олардың мыстары басылып, үнсіздік орнады. Артынша «Срочно врача, срочно врача!» деген дауыстар естіліп, дәрігер шақыртылды.

Әзірбайжан ағамызды қарай бастаған шақта мені далаға алып шығып, будкалы машинаға отырғызды. Тұтқындарды таситын контейнер машина ішінде жалғыз келемін. Қайда әкеле жатқаны тағы белгісіз. Мені күзеткен екі милиция әңгімелесіп келеді.

– Мен ертең баламды мектепке жібермеймін, – дейді орыс тілінде түңіле сөйлеп.

– Мен де ертең баламды балалар бақшасына апартқызбаймын, – дейді екіншісі.

Машина тоқтап, мені далаға шығарды. Қарасам, өзіміз қырғын салған аландағы Ақ үй. Әкелгендер мені сондағы әріптестеріне тапсырды. Олары ішіндегілеріне өткізді. Сөйтіп дәлізде тұрдым. Артымда милицияның үш қызметкері. Дәл Кеңес үкіметі орнар кездегі Қысқы

сарайға шабуыл жасалғандай. Кинодағы дворяндардың есі кетіп, шала бүлініп жүгіргендеріндей, мұндағылар да топ-тобымен безіп жүр. Маған ешкім көңіл бөлмейді. Тамағым кеуіп, шөлдеп барамын. Қамқоршыларым су ішуге рұқсат бермейді. Сонда да жүгіріп барып су толы графинді ала бергенімде біреуі білегімнен тартып қалып, графин құлаған сәтте лифт ашылып, бір топ адам шығып тоқтай қалды. Енді менімен жәй ғана әңгіме басталды.

– Студентсің бе?

– Қайда оқисың? – деген жылы сөздерінен үміттеніп те қалдым.

Бұл адамның жоғарғы дәрежелі екенін білсем де, ішім жылып сала берді. Қанша дегенмен қанды қан тартады екен. Ол да іштей елжіреп, әрі қуана риза болып тұрған. «Қалай көмектессем екен» деген екі ойда болатын.

Олар тіпті «қайда апарамыз?» – деген сақшылардың да сұрақтарын ескермеген еді.

Иә, шынында да қайда апару керектігін айтпай жауапсыз қалдырған. Өлі тыныштық. Тіпті шыбынның ызыңы да естілмейді. Қайта алып шығып жол-жөнекей тағы бір жерден он шақты адам тиеп, кәдімгі Сейфуллин, Мәметова көшелеріндегі изоляторға алып келді. Оның әр бұрышында байлаулы иттер. Ішке кіргізгеннен кейін шешіндіріп, дәрігерлік байқаудан өткізе бастады. Бірінің басы, екіншісінің қолы, тағы бірінің аяғы жара... әйтеуір, саулары жоқ. Бірақ милициялардың бұрынғы қарқыны көрінбейді, сыпайылап камераларға кіргізіп жатыр.

Камера іші лық толы адам. Бірақ бір кісінің баласындай тату-тәтті тыныштық. Қорлау, зорлау, қағыту, кемсітудің бірі де болған жоқ. Бір-бірін сүйемелдеп, жұбатады. Бұл да түрме тіршілігінің өзгерісі болатын. Жатар орын жоқ. Таң атқанша отырып, көз ілдік. Біраз шамада ауқаттануға да қолымыз жетті. Күтпеген жағдай. Сонынан білсек, түрме бастығы қазақ жігіті екен, сейфіндегі заңды кітабын көрсетіп тамақ бергіздіріпті. Міне, бұл да қазақ халқының біріккенінің белгісі еді.

Енді тергеу басталды. Өзгелерін білмеймін, мені Орталығымыз Москваның өзінен келген прокуратура өкілінің өзі қолға алды. Тергеу орны сол кездегі Мир (бүгінгі Желтоқсан) көшесінде екен. «Алаңға қалай бардың?», «Кімдер шақырды?», «Кімді өлтірдің?». Алдыма альбом-

дарды қойып, солардың ішіндегі фотоларды көрсетеді. Мындаған қазақ кісілердің суреті.

– Мынаны танысың ба? – дейді кез-келгенін көрсетіп.

– Жоқ! – деймін мен басымды шайқап. Келесі бетті ашып:

– Мынаны білесің бе? – дейді екі беті бүлк етпей.

– Білмеймін! – деп альбомның парақтарын зырылдатып аударып шықтым. Екіншісін ұсынды. Оны да күліп отырып парақтап жатып, басын төмен қаратып отырған жігітке:

– Ей, қазақ! Неге мұңайып отырсың? – деп, одан сайын көңілдене түстім. Бұл қимылым орыс болса да прокурорға ұнап қалды.

– Сен альбомды көріп отырған жоқсың ғой, – деді ол жәй ғана.

Сөйтіп прокуратурадағылар сүйреп жүргенде Тұңғышбай Жаманқұловты да сол жерден көріп қалған едім. Қоқан-лоққы көп болды. «Қалай келдің? Кімді өлтірдің? Шыныңды айт. Бәрібір анықтаймыз. Сонда жазаң ауыр болады», деп те қояды. Шіркіндердің ақылдысын-ай! Бостан-босқа «Мынаны мен өлтірдім» деп қай есалаң айта қояды. Солары да тәсіл болып па? Маған қойылған сұрақтардың мәні болмады ма, жоқ әлде дәлелді деректі көрсетіп мойындатамыз деді ме, тергеуші біреуіне қарап:

– Алып кел, – деді. Онысы шығып кетті. Нені, кімді алып келеді? Әлде өлген адамды көтеріп келе ме, ол жағын біле алмай отыра бердім. Әлден уақытта жаңағысы кірді. Қолында сары түсті менің курткам. Соған біреудің қаны жағылыпты. Тергеуші соны көрсетіп:

– Мынау кімнің қаны? Экспертизалық тексеруде бұл сенікі болмай шықты.

– Білмеймін! – дедім тосын сұраққа жауап таба алмай.

– Ойлан, кімді жаралап, кімді өлтіріп едің?

Сұрағының зәрлісі-ай!.. Кәдімгі бәрін анықтап алып, енді мені сынап отырғандай. Үндемей қалуға тағы болмайды. Онда күдіктері расталып шығады.

– Мұндай ұрыста «Сен кімсің?» деп мен кімнің аты-жөнін анықтап жатамын?!

Ол ойланып отырды да:

– Сонда да ойлан. Өйткені бұл қан алысып-жұлысып жүргенде емес, өзің біреуді, не сені біреу сүйреп жүргенде жұққан. Шашыраған қан бұлай топталып жиналмайды.

Ес жиып ойланбағандықтан ол жолы есіме түсіре алмадым. Камераға келгеннен кейін көп ойланып барып есіме түскені.

– Сол, сол кісінікі, – дей бердім өзіме өзім. – Басқа ешкім жаныма жақын отырған жоқ.

Қас қылғанда бұл күні мені қайтып тергеуге шақырмады. Түн соншама ұзарып кеткендей көрінді. Ұйықтайын десем, көзім ілінбейді.

Келесі күні түс ауа үнемі әкеліп, ұзақ тергейтін жерлеріне жеткізді.

– Иә, қалай, ештеңе есіңе түсті ме? – деді тергеуші ә дегеннен.

– Есіме түсті, – дедім іліп алғандай боп. – Ол – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Халық әртісі Әзірбайжан Мәмбетовтың қаны!

– Оны қайдан білдің? – деді мысқылдай жымыған тергеуші.

– Дәл солай, басқа біреудікі болуы мүмкін емес! – дедім сөзімді шегелеп. – Өйткені екеуміз машинаға қатар отырғанбыз. Ол кісі маған иегін сүйеген.

– Мас па еді?

– Ол жағын анық айта алмаймын. Бірақ ауыр соққыдан әлсірегені анық еді...

Содан кейін тергеу ұзаққа созылған жоқ. Тергеуші сақшыларға мынаны алып кетіндер деген белгі берді. Темір торлы машинаға мінгізіп, қайтадан камераға апарды.

Бір күн өтті. Екі күн, үш күн, бір жұмаға жуық болғанда тағы да күзетпен тергеушіге апарды. Бұл күні тергеушінің жүзі өзгеше көрінді. Сөзі де өзгерген.

– Сіздің айтқаныңыз расталды. Қан шынымен-ақ Әзірбайжан Мәмбетов жолдастікі екен, – деді.

Күдік-күмән сейілді. Енді босататын шығар деген ой өн бойымды жеңілдетіп бара жатқандай. Күткенімдей-ақ бір кезде: «Сіз енді боссыз», – деді тергеуші.

Желтоқсан көтерілісінің бір жауынгері Ағзамбек Айқынбаев осылайша түрме азабынан аман құтылды. Әйтпесе үстіндегі қан оны да сөзсіз сотталғандардың қатарына қосар еді...

*«Алматы ақшамы»,
16 қараша 2006 жыл.*

«ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАР АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҰРПАҚ ЕДІ ӘРІ ҚОРҒАНСЫЗ БОЛАТЫН...»

Сабыр ҚАСЫМОВ пен Мәмбет ҚОЙГЕЛДІНІҢ
Желтоқсан оқиғасы туралы екеуара әңгімесі

1986-ның Желтоқсаны жөнінде біраз материалдар жарық көруде. Олардың арасында фактілік тұрғыдан тың, тұжырымдары батыл жарияланымдар да бар. Біріне-бірі ұқсас, үйреншікті ойларды қайталайтындары да кездеседі. Деген-мен, сол көтеріліс күндері оған тікелей қатынасқан, сондай-ақ сол оқиғалар нөпірін көз алдынан ғана емес, ішкі дүниесінен де өткізген азаматтың жан азабы мен жеке бас күйзелісін беретін жарияланымдар өте сирек. Ақпарат құралдары мұндай мазмұндағы куәліктерге тым сараң.

Желтоқсан күндері жөнінде сөйлескенде жеке адамдар ол оқиғаны табан астында, кенеттен болған күннің күркіріне, найзағайдың жарқылына, адамдардың қалыпты тіршілігі мен мінезін жойқын күшпен сілкіп өткен ғаламат бір құбылысқа теңейді. Күтпеген жерден соққы болып тиген бұл оқиға тұсында адамдардың бір тобы есеңгіреген немесе қорыққан күй кешіп, бой тасалап қалса, екінші біреулері өмірде болып жатқан оқиғалар ағымының мән-мағынасын түсіне отырып, бірақ әліптің артын бағуды жөн көрді, ал үшінші біреулері қалыптасқан жағдайды дәл түсініп, тәуекелге бел байлап, тез арада іс-әрекетке көшті, сол арқылы аласапыран қозғалыс жолындағы оқиғалар ағымынан өз орнын тапты. Оқырман назарына ұсынып отырған материал – осы соңғы топқа жататын азамат жөнінде. Ол – белгілі заңгер, саясаткер, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Сабыр Ахметжанұлы Қасымов. Осы азамат қана Қазақстан мен Мәскеудегі КОКП ОК-нің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің, «обком» мен «райкомның», ҰҚК, ПМ, прокуратура органдарының құпия құжаттарымен толық танысқан. Ол желтоқсан көтерілісіне қатысқан мындаған азаматтармен, сондай-ақ милиция, прокуратура, сот қызметкерлерімен де кездесіп, жауап алған. Тіпті ол Конституциялық соттың

судьясы ретінде арнайы Мәскеуге барып, архивтермен танысып, Одақтың бұрынғы жетекшілерімен кездескен, КОКП ОК-нің бұрынғы хатшысы Г.П.Разумовскийден, КСРО Ішкі істер министрі А.В.Власовтан және тағы да басқа жоғары лауазымды адамдар мен орталық аппарат қызметкерлерінен жауаптар алған.

Бұл кісіні мен 1988-89 жылдан бері білемін. Сәкең ол кезде ҚКП ОК ұлттық қатынастар бөлімінде нұсқаушы болып істейтін, ұлтаралық қатынас мәселелерімен белсенді түрде айналысатын.

Мұхтар Шаханов алғашқылардың бірі болып Мәскеуде, КСРО Жоғарғы кеңесінің мінберінен бүкіл дүниежүзіне Желтоқсан көтерілісі жөніндегі шындықты жеткізгеннен кейін ғана Қазақстанда бұл мәселеге байланысты екі-үш комиссия құрылып, бірінен соң бірі жабылып жатты. Ол кезде, шынын айтқан жөн, партия мен билік орындары, әсіресе орталық желтоқсан жөнінде шындықтың айтылуына құштарлық таныта қоймады. Сондай бір сәтте Қазақстан Жоғарғы кеңесі жанынан құрылған комиссияның тең төрағасы Мұхтар Шаханов жұмыстың жүрмей жатқанына, түрлі дәрежедегі шенеуніктердің кедергі жасай беретініне налып, Сабыр Қасымовқа өзі басқаратын комиссия құрамына еніп, бұл іске көмек жасауын өтініп ұсыныс жасайды. Партияның Орталық Комитетінің аппаратында жұмыс істейтін идеология қызметкеріне мұндай жағдайда шешім қабылдау жеңіл болмағаны түсінікті.

Кезінде: «Комиссия құрамына ену мансап сатысымен өсуіңізге кедергі жасауы әбден мүмкін ғой. Қазір орталық комитетте жауапты қызметтесіз, болашағы бар заңгерсіз, сол жөнінде ойланған жоқсыз ба?» – деп Сабыр Ахметжанұлына комиссияға мүше болмай тұрып сұрақ қойған да едім. Менің сұрағыма сол кезде Сәкең былай деп жауап берді:

«Жақсы заңгерлер мен шенеуніктер бізде жеткілікті, солар-ақ мансап жасай берсін. Бүгінде биліктің жоғарғы деңгейінде халықшылдық мінез танытып, Қазақстанның мүддесі үшін күресуге қабілетті отаншылдарға тапшылық анық байқалады...

Менің Прибалтика, Кавказ, Польша, Болгария сияқты елдердің саяси басқарушы тобы құрамында достарым бар. Олар өз елдерінің мүдделері үшін жан-тәнімен және жүйелі түрде іс жүргізеді. Мен олармен бірге оқыдым, сәті түскенде кездесіп тұрамыз, елдерінде қонақта боламын. Салыстыра жүріп байқағаным, біздің зиялы қауым, бірлі-жарымы болмаса, әлі ұйқыда. Бүкіл Кеңестер одағында, тіпті Мәскеудің өзінде демократиялық өзгерістер тынымсыз жүруде, ал бізде болса жайбарақат өмір... Ал Желтоқсан оқиғасы біздің халқымыздың төзімінің таусылғанын айғақтайтын ащы жан айқайындай ұғылады. Бұл көтеріліс – Қазақстан демократиясы мен егемендігі үшін өре тұру! Үлкен күрестің бастамасы. Дүниеде үлкен өзгерістер жүріп жатыр. Еліміз мұндайдан сырт қалмауға тиіс.

Ал менің жеке тағдырым... Халқымыздың Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов және басқа да көптеген ұлы тұлғаларының тағдырларымен салыстырғанда, менің тағдырым не тұрады, тәйірі?! Оларды небір жоғары қызмет, мансап пен игіліктер күтіп тұрды емес пе?! Сондықтан да менің орным бүгінгі осы басталып кеткен мылтықсыз майданда деп білемін».

М.Шахановтың С.Қасымовтың комиссия құрамында болуын қалауының тағы бір себебі – ол ҚКП ОК-нің жауапты қызметкері екеніне байланысты еді. Ол кезде ОК-нің беделі мен ықпалы орасан зор еді. Оның үстіне ОК қызметкерлерінің де оқиғаны тексеруде белсенділік танытып жүргенін басқаларға көрсету маңызды болды.

Тағы да бір себебі – комиссияның күнделікті жұмысын тыңғылықты жүргізуді арнайы біреуге жүктеу қажет-ақ еді, ал Мұқан болса мұндай жұмысты Комиссияның басқа мүшелеріне сеніп тапсыра алмады.

Комиссияның екінші тең төрағасы Қадыр Мырзалиев жұмысқа көбіне келмейтін, өйткені Мұхтар Шаханов екеуі тіл табыса алмайтын. Осы жағдайда теориялық тұрғыдан мығым, Желтоқсан көтерілісінің әділетті құбылыс екеніне сенімді, бүкіл ұйымдастыру жұмысын өз мойнына алатын, жігерлі адам керек еді. Сабыр Қасымов осы жұмысты жүргізуге нағыз лайық адам болып шықты.

Бірақ С.Қасымовты бұл іске тарту барысында ойламаған жерден кедергілер шықты. ҚКП ОК жауапты қызметкерін комиссия жұмысына ресми түрде тарту үшін оның басшыларының рұқсаты керек болды...

Сабыр Ахметжанұлымен екеуара әңгімені де осыдан бастағанды жөн көрдім.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ (*бұдан былай М.Қ.*): – Сонымен, басшылар рұқсат берді ме!

Сабыр ҚАСЫМОВ (*бұдан былай С.Қ.*): – Орталық комитетте мен істейтін бөлімнің меңгерушісі атақты жазушы, өзім құрмет тұтатын, биліктің жоғарғы тармағындағы өте бір таза және әділ, аса дарынды адамдардың бірі – Әбіш Кекілбаев болатын. Ол жасы үлкен, қызметі де жоғары аға ретінде қамқор көңілмен маған комиссия құрамына жұмыс істеуге бармай-ақ қоюға кеңес берді. Оның өз халқына деген ұшан-теңіз махаббатына, жүрегі елжіреп тұратын отаншылдығына бүгінгі күнге дейін қылаудай шүбәм болған емес. Менің өз алған бағытымнан қайтпайтыным мәлім болды ма, білмеймін, бір күні Бірінші хатшы Н.Назарбаевтың қабылдауына шақырылдым. Қалыптасқан партиялық тәртіп бойынша қатардағы нұсқаушы Біріншіге өте сирек жағдайда шақырылатын: қызметте жоғарылатылуға немесе өте құпия себептерге байланысты. Кей кездері Біріншінің кабинетінде адамдар тағдыры шешіліп жататын. Оған бара жатқанда мен не нәрсеге болса да әзір едім...

Сол жолғы кездесудің егжей-тегжейі әлі күнге дейін көз алдымда. Н.Назарбаев мені өте жылы жүзбен, ескі танысындай қарсы алды. Ол сол сәтте пенжексіз, жейдешен, ойлы күйде кабинетінде әрлі-берлі жүр екен. Тым ресми түрде кірген мен соншалықты қарапайым қабылдауды күтпеген едім, тіптен сасып қалдым. Ол менімен таза қазақша сөйлесіп, қысқаша жағдай сұрасқан соң, негізгі мәселеге көшті. Қоғамдағы түрлі топтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің біркелкі қабылдамайтын бұл комиссияға ОК қызметкерінің кіруін құптамайтынын, «ұлтаралық нәзік қатынасқа шаң жұқтырып алмаймыз ба деген қауіпі бар» екенін, тіптен Мәскеу де қарсы болып отырғанын сыпайы ғана жеткізді.

Мен өз пайымдауларымды ұзақ та толқулы күйде баяндай бердім, ол үлкен зейінмен тыңдап отырды. Комиссияның алдында тұрған міндеттердің орындалуын мен ғана қамтамасыз

ете алатынымды, тіпті сол комиссия жұмысы үшін арыз жазып Орталық комитеттен кетуге де әзір екенімді айтқан соң Н.Назарбаев, абырой болғанда, күрт жұмсарып:

– Жарайды, бара бер! Мәскеуге «әдейі жібердік» деп айтармыз, – деді.

Сол сәтте мен министр болып тағайындалғандай өз бөлмеме ұшып келе жаттым...

С.Қасымов бұрынғы жұмыс топтарын негізге ала отырып, тексерудің ең маңызды бағыттары бойынша ғалым, сараптаушы, қоғамдық қызмекшілерден тұратын 10 жұмыс тобын қайтадан құрды. Әр топтың алдына жазбаша түрде жаңа міндеттер қойып, олар бойынша материалдар жинау, дәлелдерді тіркеу, өтініштерді алу керектігі жөнінде ұдайы әңгіме өткізіп, істің орындалуын өзі жіті қадағалап отырды. Әр жұмыс тобы өз саласында жинаған материалдары жөнінде талдамалық анықтаманы тапсыруға, өз қорытындыларын нақты фактілермен және дәлелдермен бекітіп отыруға тиіс болды.

Сабыр Қасымовтың құпиялар мен жасырын жайларды ашудағы рөліне осы жерде ерекше тоқталған жөн. Мысалы, ресми мәлімет бойынша билік орындары 2 мың 401 адамды ғана ұстаған. Сабыр Ахметжанұлы болса толық ақпарат жинау, заңсыз ұсталғандарды тіркеуге алу нәтижесінде бүкіл Қазақстан бойынша жалпы ұсталғандардың саны 8500 адам екенін дәлелдеп берді. Ал егер сол кезде адамдар қорықпастан, жалтақтамастан, комиссияға келіп, бар білетіндерін айтып бергенінде, шын қорытынды одан да жоғары болуы мүмкін еді.

Комиссия анықтамасындағы объективті шешімдерді қабылдауға комиссияның басқа мүшелерінен гөрі оның ОК, МҚК, ІМ, Прокуратура, соттарда, партияның облыстық, аудандық комитеттерінде бұрын істеген немесе істеп жүрген таныстарынан құпия ақпараттар алып отырғаны да көмектесті. Олар қорыққандықтан немесе ашық шығуға құлықсыз болғандықтан бар шындықты тек Сабыр Ахметжанұлына келіп айтып жүретін, оған қалтқысыз сенетін.

С.Қасымовты комиссия құрамына енгізгенде билік, құқық қорғау және сот салаларының басшылары – шенеуніктер қуанып, ол ҚКП ОК-нің жасауапты қызметкері ретінде,

арине, саясат пен партия органдарының шешімдерін қорғайды деп түсінді. Комиссия өз жұмысын жандандыра түсіп, мәселелердің байыбына барып, оларды тереңірек және нақтырақ зерттеп, осыған дейін еленбей келген қырларына көбірек көңіл аударып, біраз құпияларды аша бастағанда барып олар Сабырдың кім екенін түсінгендей болды.

Ендігі уақытта олар С.Қасымов Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушылардың бірі, сондықтан да мүдделі адам ретінде бұл комиссияның қорытындысының объективті болып шығуына кедергі жасайды деген өсек-аяң тарата бастайды. Тіпті, жоғарғы жақта оны комиссия құрамынан шығару туралы мәселе де қойылады.

М.Қ.: – Сәке, «Қазақ әдебиеті», «Астана ақшамы» газеттерінде белгілі журналшы, атышулы «Қымызхана» бағдарламасының бас редакторы болған Кәкімбек Наржановтың сіз туралы жазғандарымен таныспын. Мұнда Желтоқсан оқиғасы күндері сіз оның пәтерінде ұрандар мен үндеулер даярлап, оларды жатақханаларға таратқаныңыз жөнінде мәлімет бар. Ол жөнінде не айтар едіңіз!

С.Қ.: – Ол кезде мен Мәскеуде, КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқитын едім. Болашақ кандидаттық диссертацияның тақырыбын анықтау жөнінде талап қойылды. Мен «Мемлекеттік меншікті сақтау және оны талан-тараждан қорғау» тақырыбын таңдап алдым. Осы тақырыпқа байланысты «Мемлекет және құқық» кафедрасының профессорлары Г.В.Мальцев пен Т.М.Шамбо маған Алматыда ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді ұсынды. Олар өздері жақсы білетін, Қазақстан КП ОК әкімшілік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі В.И.Ефимовпен алдын ала келісіп те алды.

Міне, содан 14 желтоқсан күні Алматыға ұшып келдім де, 15-і күні Ефимовта болып, алдағы конференцияны ұйымдастыру мәселелері жөнінде сөйлестік. ОК-нің ұйымдастыру-құқықтық бөліміне де кіріп шықтым. Ондағы жігіттер ертең ОК пленумы болатынын айтты, өздері соны ұйымдастыру мәселелерімен айналысып жатты. Д.Қонаевтың қызметтен кететінін сыбырлап жеткізді, тек оның орнына кім болатынынан өздері хабарсыз бо-

лып шықты. Бірақ сол кездің өзінде жағдайдың ширыға бастағаны сезіліп тұрды.

Мен нақ сол күні ОК Бірінші хатшысының ауысатындығы жөніндегі құпияны, жабық ақпаратты басқалардай емес, нақтырақ білетін бір жақын жолдасымды кездестірдім. Оның да іші қан жылап тұрған болуы керек, дәл бүгінгідей есімде, ол маған бар шындықты бүкпесіз, сол қалпында айтып берді. Қонаевқа рахмет айтып, ың-шыңсыз зейнетке жіберетінін, ал оның орнына ертең КОКП Ульянов обкомының Бірінші хатшысы Г.В.Колбинді сайлайтынын айтты. Колбиннің бұрын Грузияда Екінші хатшы болып істегенін, Димекеңнің орнына адам ойластырғанда оны Қазақстаннан тыс жерден іздегендіктерін, Шеварднадзе және басқалардың Горбачевқа тап соны ұсынғандарын айта кетті.

Неге ізбасарды, яғни Қазақстанға бірінші басшыны одан тыс жерден іздегендерін сұрағанымда ол ызалана жауап қатып, «Бұл біздің республика басшылығындағы алауыздықтың, біріншінің орнына таластың нәтижесі екенін» айтты. Шын жағдайды көзімен көріп, мәліметті құлағымен естіп-біліп отырған ол маған сенім көрсете айттып, ешкімге ешбір жағдайда тісімнен шығармайтыным жөнінде ант алғаннан кейін былай деді:

– Соңғы кезде Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысының орнына талапкерлердің үш-төртеуі (ол олардың аты-жөндерін тізіп шықты) Мәскеу алдында жағымпазданып, Қонаев туралы небір жайсыз мәліметтер беріп, кір жағып жүр.

Димаш Ахметұлы Бірінші хатшы болып істеген ұзақ жылдарда КОКП аппараты қызметкерлерімен тығыз байланыста ғой. Өзі баулыған және қолдап келе жатқан қоластындағы «жігіттердің» іс-әрекеттері оған әрдайым белгілі болып отыратын. Өзінің қарамағындағылардың мынадай қылықтарын ол сатқындық ретінде қабылдады, түсіне де, кешіре де алмады...

Мұны естіген соң менен дегбір кетті. Мені күйіндіргені, әсіресе, республиканы басқаруға қазақ тарихы мен мәдениетінен бейхабар біреудің келе жатуы болды.

М.Қ.: – Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысының орнына отырудан бірнеше адамның үмітті болғаны белгілі.

Олардың аттарын атап, сол кезеңдегі іс-әрекеттеріне қандай баға берген болар едіңіз?

С.Қ.: – Қабілетті тұлғалардың елдегі жоғарғы билік үшін күрес жүргізуі – барлық елдерге тән табиғи құбылыс. Сондай-ақ бұл ретте жазылмаған заң да бар. Егер демократиялық мемлекеттерде бұл күрес легитимді, қабылданған ережелерге сәйкес жүрсе, тоталитарлық мемлекеттерде, біріншіден, биліктегі бірінші басшы соңғы деміне дейін орнын бермеудің әрекетінде болады, екіншіден, биліктен үміткерлердің арасында жабық текетірес жүріп жатады.

Соңғы жағдай Қазақстанда да қалыптасты. Қолымдағы бар материалдарға сүйене отырып, жоғарғы биліктен үміткерлерге мынадай сипаттама берген болар едім:

3. Камалиденов. Комсомол, МҚК, партия мектебінен өткен, ұзақ мерзім Қонаевқа жақын төңіректе болған, сөзсіз республикалық билікке келуден үміттеніп, республикадағы және одақтағы саяси өзгерістерді жіті бақылай отырып, Мәскеуге шын берілген адам болып көрінуге тырысты, социалистік тәртіптің қамқоршысы ретінде жоғары оқу орындарын сынап, оларда оқитын қазақ жастарының үлес салмағы шектен тыс көп екенін айтты, баспалар мен жеке авторларға феодалдық және ұлтшылдық ұстанымдары үшін тиісті, әсіресе Олжас Сүлейменов пен Өмірбек Жолдасбековті қудалауға алып, сол арқылы, әрине, Қонаевты тұқыртты. Камалиденовтің «ерлік» шаралары Мәскеуге жетіп жатты.

1986 жылғы 18 желтоқсандағы түнгі сағат 02.00-де өткен партактивте М.С.Соломенцевтің алдында көрініп қалудан үміттенген ол сөйлеген сөзінде көтерілісті аяусыз басып, оған қатысушыларды жазалауға шақырды. Ол тіптен өзінің қазақ халқының перзенті екенін ұмытып кетті, көтерілісшілер мен зиялыларға қарсы саяси және идеологиялық репрессиялық шараларға белсене атсалысты.

Ол КСРО-ның, КОКП-ның эп-сәтте жоқ болып кетуі мүмкін екенін, ал ел ішінде қалатын өзінің мүшкіл халге тап болуы әбден ықтимал екенін түсіне алмады. Саяси қызметкер ретінде оның тағдыры жеке бас мүддесін ел мүддесінен жоғары қойған пақырлардың тағдырын еске салатын еді.

М.Мендібаев. Шахтерлар қаласы, Қарағандыдан. Өте белсенді әрі мақсатты жұмыс істей алатын оны Мәскеу

қолдап отырды. ҚКП ОК бюро мүшесі және Алматы облысының басшысы қызметіне көтерілген Меңдібаев кадр саясатында «бұзылған» партиялық ұстанымдарды қалпына келтіру, жершілдікпен және паракорлықпен күрес сияқты желеулерді жамылып, аз уақыттың ішінде Алматы облысы мен қаласында Голощекиннің «кіші октябрь» саясатын қайталап, қызметте жүрген кадрлардың біразын жұмыстан босатып, қудалады. Желтоқсан көтерілісі күндері және одан соң Камалиденовтен кем түспей, көтерілісті басуда және оған қатысты деген адамдарды қудалау ісінде ерекше белсенділік танытты. Мәселен, Меңдібаевтың басшылығымен Алматының зауыттары мен фабрикалары арматурадан темір сойылдар даярлап, олармен мыңдаған «жасақшы» атанғандарды қаруландырып, қарусыз бейбіт шеруге шыққандарды және азиялық ұлт өкілдерін соққыға жықты. Меңдібаевтың осы сипаттағы «қызметін» Колбин жоғары бағалап, оны өз орынбасары етіп бекітті.

Е.Әуелбеков. Тәжірибелі басшы, бірнеше облыстарды басқарған, министр қызметінде болған, кірпияз тазалығымен, жеке бас мүддесінен гөрі халық қамын көбірек ойлайтын қызметкер ретінде аты шыққан, құйтырқы аппараттық ойындарға жоқ адам еді. XVI съезде Қонаевты кадр саясатындағы кемшіліктері үшін, жоғарғы биліктегі қызмет жағдайын жеке бас мүддесіне пайдаланатын шенеуніктерді қорғап, жағымпаздық пен жарамсақтыққа жол бергені үшін сынға алды. Қазақ саяси басшылығының өзара ішкі алауыздығынан жақсы хабардар Орталық Комитет шенеуніктері Әуелбековтің бұл ұстанымын Қонаевтың беделіне көлеңке түсіру мақсатында пайдалануға тырысты. Маған белгілі мәліметтер бойынша, Әуелбеков республикадағы бірінші басшылық орынды алу үшін Қазақстанда да, Мәскеуде де белсенді әрекеттерге бармаған. Оның сол тұста Қонаев отырған орынды алу мүмкіндігі жоқтың қасында болатын.

Н.Назарбаев. Оқиғалар ағымы көрсеткендей, санаулы кісілерден ғана тұратын жоғарғы топтың ішінде Қазақстандағы бірінші басшы орнын алуға лайық мінез танытып, соған сәйкес қадамдар жасай алған тұлға. Ол сол күрделі бір кезеңде басқа үміткерлер жіберген қателіктерге жол берген жоқ. XVI съезд қарсаңында Қонаевтың өз еркімен

зейнеткерлікке кеткісі келмейтінін түсінген ол бірінші хатшыға қатысты күрт сыни ұстанымға көшті. Съезден соң Қонаевтың жақтастары оны бірінші басшылыққа келуі мүмкін нақты үміткер ретінде бұл орынға жібермеуге күш салды. Бірақ олардың уақыты өтіп кеткен еді.

М.Қ.: – Сонымен, Қазақстанды ұзақ мерзім басқарған кісінің орнына кімнің келе жатқаны мәлім болды. Осындай өзгерістің қарсаңындағы және одан кейінгі мезгілдегі өзіңіз білетін адамдардан, жалпы қоғамдағы көңіл-күй жөнінде есіңізде қалған нәрселермен бөлісе алар ма едіңіз!

С.Қ.: – Әрбір қазақ секілді мен де сол күндері ұлттық намысқа тиетін күнделікті ілік-шалыстарды, тұрмыстық деңгейде кездесіп жататын түрлі қиянат істерді санамнан қуып, оларды еске алмауға тырыстым. Алайда қаншама қашқақтасам да ұлттың басындағы және жеке өмірімдегі түрлі фактілер санамнан тізіліп өтіп жатты. Кәмпескелеу кезінде Сібірге жер аударылған атам Қасымның 14 баласынан екі-ақ баласы қалғанын, соның бірі – әкем Ахметжан екенін, басқаларының аштық пен жалаңаштықтан көз жұмғандары, халқымыздың көрген бар азабы ойымда ойран салып жатты. Бұрын осының бәрін өзіме социализм және әділеттілік үшін күрес жолында міндетті түрде болуға тиіс қиыншылықтар есебінде түсіндірген болсам, ендігі уақытта жаңағы трагедиялы оқиғаларды Мәскеу тарапынан жүргізілген түрлі озбырлықтың салдары есебінде қабылдай бастадым. Менің санамдағы негізгі өзгеріс осы еді...

Айтпақшы, 1986 жылғы желтоқсанның 14-15-і күндері өзім танитын ғалымдармен, журналшылармен, үйімнің қасында жатақханада тұратын жұмысшылармен кездестім. Олардың бәріне «ертең Қонаевты орнынан алады, Бірінші басшыға Ресейдің бір обкомының жетекшісін әкеліп қояды» деп айтып шықтым. Кездескендерімнен: «Енді мынадай жағдайда не істеуге болады?» – деп сұрап жүрдім. Сөйлескен кісілерімнің бәрі дерлік мұндай тағайындауға үзілді-кесілді қарсы екенін білдіріп, бірақ «Бізді тыңдап жатқан кім бар? Қолымыздан не келеді? Бізден кім сұрасын?» деген мазмұндағы шарасыздық көңіл-күйлерін білдіріп жатты. Әлі есімде, бір жұмысшы ғана қарсы екенімізді білсін, «көшеге

шығайық» деген пікір айтты. Кейбіреулері мұндай мәселе қоюдың қауіптілігін ескертіп, сақтандыруды да ұмытпады.

Мен Мәскеудегі курстастарыммен хабарласып, Грузиядағы жігіттерден, Осетия жігіті Алан Плиевтен Колбин туралы пікірлерін сұрадым. Олар мардымды ештеме айта қойған жоқ, «партияның қатардағы қызметкерлерінің бірі ғой» десті. Тек бәрі бір ауыздан: «Осы кезде қалайша ұлттық республиканы басқаруға сырттан адам апаруға болады?» деп наразылық білдірді.

Келесі күні, 16 желтоқсанда Қазақстан КП ОК-нің «тарихи» пленумы өтті. Бәрін өз атымен атайтын болсақ, Мәскеу өзінің отарлау саясатын жалғастыра отырып, Колбинді Қазақстанның кезекті губернаторы етіп бекітті.

Пленумнан кейін, меніңше, қазақ қоғамының ойлы бөлігі түгелдей дерлік өте қатты соққы алды. Мен ғалымдар мен оқытушылардың көзқарасын білу үшін Ғылым академиясына бардым, жоғары оқу орындарына соқтым, түрлі ұлттар мен мамандық өкілдерімен кездестім. Адамдардың көңіл-күйін, көзқарасын сол сәтте білу мен үшін аса қажет болды. Олар болған жайды қалай қабылдады, не ойлады? Оларға «қандай да бір жиналыстар өткізейік, өтініштер жасайық, ғалымдар мен жазушылардың отырыстарын ұйымдастырайық, қандай түрде болса да өз қарсылығымызды білдірейік, үндеу жасайық» деген мазмұндағы ұсыныстар айта бастадым. Интеллигенция, зиялы қауым, халықтың білімді де ойлы бөлігі билікке Колбиннің келуінің соңы жақсы болмайтынын түсінеді деп үміттендім және олар қандай да бір шаралар қарастырып жатқан болу керек деп ойлады. Алайда мен қатты қателесіпін, мен білетіндердің көбі үрейлі. Жігерлі іске даяр емес, жалтақ, бой тасалағыш біреулер болып шықты.

Бүкіл халықтың жер бауырлап, бей-жай күй кешуі мүмкін емес қой. Ел үшін қажет сәтте тарихи шешім қабылдай алатын өжет жандар әрқашанда табылған. Бұл – табиғи заңдылық! Бүгін біз сол күндері қаншама адамның қаһармандық көрсетіп, жанкештілік қадамға барғанын білеміз. Бірақ бастапқы сәтте мен ондай ерекеттерден хабарсыз едім.

Мен тәуекелге бел буып барған жерімде сенімді деген кісілерге, таныстарыма ендігі уақытта «Қазақстанда от-

арлау мен орыстандырудың жаңа кезеңі басталатын болады, Қазақстанға одақтық мәртебесінен айырылуы мүмкін, ал жерін бөлшектеп, көрші республикаларға таратып беру қаупі төніп келеді. Колбинді ондаған жылға тағайындайды, ал осы мезгілде жанағы міндеттер атқарылатын болады» деп айта бердім. Бірақ менің бұл пікірім естіген жандарға соншалықты қатты әсер ете қоймады. Ұлттың зиялыларының ұйымдасқан қарусыз қарсылық көрсете алатынына ешқандай да сенімім қалмады, сондықтан «митингілер, шерулер өткізу үшін халықты көшеге шығару ғана қалды» деген шешімге келдім. Егер тап осы жолы үндемей қалсақ, онда қазақ халқы жоғарыда баяндаған шешіммен келіседі деген сөз, олай болса ұлттық деңгейдегі нағыз масқаралық деген осы болмақ! Сондықтан да мейлі қандай дәрежеде болсын, халықтың әйтеуір бір қарсылығы керек-ақ еді.

С.Қ.: – ...Енді менің бар ойым тек бір бағытта өрбіді: қоғамның қай бөлігін қандай әдіс және уәжбен Брежнев атындағы алаңға алып шығуға болады? Шеру орны өзі сұранып тұрғандай еді. Шешімнің ең төтесі осы еді. Саралап қарасам, кімдерге баруға болатыны айқындала түскендей. Әрине, олар жұмысшы және студент, қазақ жастары тұратын жатақханалар еді.

Әкемнің берген «Москвич» мәшинесімен (01-01 ТЮЦ – Ресейдегі Түмен облысының нөмірі) қаладағы түрлі аудандарда орналасқан жатақханалардың бірінен соң біріне бара бердім. Сақтық жасап, мәшинемді алыстау қойып, адамдармен дәліздерде немесе кіреберіс есік алдында жолығып, өзімнің хабарым мен өтінішімді қысқаша айта бердім.

– Ертең, 17 желтоқсан күні таңертең Орталық комитет ғимараты алдында митинг өтеді. Кімде-кім Колбиннің тағайындалуымен келіспесе, сонда барсын. Өзің кел, өзіңнің уақытың болмаса, басқаларға осы өтінішті айт. Мәселенің шешілуі сенің және жолдастарыңның ертең осы митингіге келулеріне байланысты. Озбырлыққа қашанғы көнуге болады? Ештеңеден қорықпаңдар! Ештеңе де болмайды! Бұл әр азаматтың конституциялық құқығы. Халқым деген отаншыл азаматтар сағат 8-9-дан бастап алаңда болады. Келіңдер! – деп айта бердім. Түн жарымға дейін студенттер мен жұмысшы жастардың 20 шақты жатақханасын аралап шықтым. Үйге тек таң ата келіп, төсегіме жаттым.

Танертең бір жоғары оқу орнының оқытушысы телефон шалып оятты. Ол толқулы үнмен Орталық комитет ғимаратының алдында шеру өтіп жатқанын хабарлады. Сол сәтте мен бақыт дегеннің не екенін шын сезіндім, «қазақ деген халық бар екен-ау» деп көңілім марқайды. «Жарайсындар! Әйтеуір шықтындар-ау!» Енді ешкім ешқашан да қазақты «мал», «мәңгүрт» деп айта алмайды! Ең бастысы, алғашқы мақсатқа жеттік, халық наразылығын ашық білдірді!

Алаңға келіп, қарақұрым адамды көргенде, менің қуанышымда шек болмады. Ол кезде жастарды алдарында нендей тағдыр күтіп тұрғанын, әрине, мен де білген жоқ едім, тіптен ондай ой санама да кіріп-шыққан жоқ. Меніңше, нақ сол сәтте ол жөнінде ешкім де ойланған жоқ. Жиналған көпшіліктің басында бір ғана «Қазақтар Мәскеудің мазағына қарусыз қарсылықпен жауап берді, осы тұрған жастар – ұлт намысын сақтап қалушылар» деген ой бар еді. Сол шақта осы ой бәрімізге қуат беріп, шаттыққа бөлеп тұрды.

Алаңда тұрған мыңдаған адамның бейбіт наразылығы Мәскеуге, бүкіл саяси жүйеге, қазақ рухына, оның намысына сенбеген сатқындарға, көңілдерін күмән билегендерге, ұлттық идеяға – тәкаппарлық танытушыларға нақты да дәлелді жауап еді.

Алаңға халық тола бастады. Милиция, шенеуніктер жастардың арасында жүріп, үйлеріне қайтуын сұрап, жалбарынып жатты. Бұл жағдай көпшілікке жақсы мәлім болғандықтан, оған тоқталып жатпайын.

Алаңға осыншама көп халықтың шығуына кішкентай да болса менің де үлесім бар екенін түсіндім. Халық алаңға шықпайды деп сендірмек болғандардың уәжінің дұрыс емес екеніне көз жеткіздім. Мен атқарған іс бойын ашуыза кернеп, күйініп тұрғандарды бірінші қадам жасауға шақыру ғана еді. Сол кезде мен алаңға келгендердің кез келгені жасауға тиіс әрекетті жасадым деп есептеймін. Онда тұрған ешқандай да батырлық жоқ. Ол – бір азаматтың өз елі алдында парызын өтеуі. Басқа түк те емес. Ал халықта наразылық болмаса, қанша шақырсам да алаңға келмес еді ғой. **Халықты алаңға намыс, ұлттық мүдденің ұзақ уақыт аяқасты болуы алып шықты.**

Жас батырлар алаңда сойылға жығылып, түрмеге түсіп, қуғын-сүргінге ұшырап, дұшпанның табасын көрді. Бірақ

сынбады, мұқалмады, шегінбеді, беріспеді! Алаңға шыққан сол мыңдаған жас – нағыз қаһармандар еді! Кейінгі уақытта марапаттар алып, халыққа танылып, абыройға ие болғандары ғана емес, сол екі күнде алаңда тұрғандардың бәрі де осындай құрметке лайық-тын.

Мысалы, бүгінгі күнге дейін табиғи қарапайымдылығынан, кішіпейілділігінен өздерін батыр санамайтын, сол желтоқсан күндері өздерін ерлік жасадық деп санамайтын талай адамды жақсы білемін. Олар әрбір адам сондай сын сәтте өздері істеген істі жасауға тиіс деп санайды, өздерінің мұндай қадамдарына көңіл аудартып, ол туралы әңгімелеп те жатпайды. **Ауа жұтып, тыныс алу** қандай табиғи қажеттілік болса, **Отан мен отбасы мүддесін аянбай қорғау да олар үшін дәп сондай** қатардағы іс еді. Мәдениеттің ең жинақы да биік көрінісі осы болса керек. Міне, сондықтан да жүздеген, мыңдаған желтоқсандықтардың ерлігін кейінгі ұрпақтарға мәңгі ұмытылмас үлгі ету – бұл біздің мемлекеттігіміз іргетасын құрауға тиіс аса маңызды іс. 17 желтоқсан күні жағдайды жіті қадағалап, сол кездегі ҚКП ОК саяси штабында көтерілісті басуға қандай шешімдер қабылданып, қандай бұйрықтар беріліп жатқанын өз көзіммен көріп, құлағыммен естіп, талдаудан өткізіп отырдым. Ол шешімдер мен бұйрықтарды кімдердің орындап жүргені де көз алдымда. Міне, сондағы көргендерім мен көңіліме түйгендерім комиссия жұмысы барысында, маселені Конституциялық соттың тексеруі кезінде қажетке жарады, білгенімді дер кезінде пайдаланып, іске асыруға тырыстым.

Сол кездегі республика басшыларының, министрліктер мен мекеме жетекшілерінің, партия комитеттері мен заң орындарының, әсіресе Алматы қаласы басшыларының әрқайсысы туралы, олардың сол кездегі ұстанымдары мен іс-әрекеттері жөнінде талдау материалдар жазып беруге болады. Бүкіл қазақ жұртының басындағы трагедияны пайдаланып, өз атағын шығарғысы келгендер жөнінде де жаза алған болар едім. Ондай деректі материалдарды мен арнайы сарылып жинаған емеспін, шынайы өмір куәліктерінің өзі-ақ жетіп жатыр.

Мәселен, сол тұстағы Алматы қаласындағы кәсіпорын басшылары жөнінде де мәліметтер жеткілікті. Мысалы, шампан-коньяк зауытының (қазірде «Бахус» фирмасы)

директоры, бүгінгі миллионер **Карапетян** Жетісу өңірін Ұйғыр автономиялық республикасы етіп қайта құру жөнінде өтініш жазған. Оған не жетпейтін еді? Қазақтарды ол не үшін соншама жек көрді? Ол жағы түсініксіз. Бүгін оны, сол сияқтыларды жария түрде кінәлап, қуғындап, тексеруді жақтап отырған жоқпын. Осы Карапетян сияқтылар, сонан кейін өзіміздің сатқын қазақтар халқымыздан кешірім сұрап, өздерінің лайықсыз істері үшін тәубесіне келсін демекпін, 20 жыл бойы осы мақсат үшін күресіп келемін.

Жеке өз басыма келетін болсам, Отаным, халқым, ата-анам мен отбасым, туыстарым мен жақындарым алдындағы өз парызымды, міндеттерімді мүмкіндігінше адал орындауға күш саламын. Маған ешкім, ешқашан «нақақтан кінәладың, сатып кеттің, әділетсіздік жасадың» деп айта алмайды.

Комиссия жұмысы бойынша барлық қорытындыларымды нақты дәлелдер мен фактілерге негіздедім. Басқалардың желтоқсан жөнінде белгілі себептерге байланысты мен көргенді көріп, мен естігенді естуге, оқып-білуге мүмкіндігі болған жоқ. Бұл орайда менің жолым болды. Бірқатар комиссиялар мен Конституциялық сот үшін кейбір отандастарымның жасаған қылмыстарын, имансыз істерін, сатқындықтарын жинақтап, қорытып, дәлелді жазып та бердім. Сол материалдарды бүгінде көптеген адамдар пайдаланып та жүр, кітаптар жазуда, диссертациялар қорғауда, фильмдер түсіруде. Оған мен қуанамын. Тек бір өкініштісі, солардың көбінің түпнұсқаға сілтеме жасауды ұмытып кететіні ғана.

Кәкімбек Наржанов ақсақалдың мақаласындағы маған байланысты факті жөнінде де айта кетейін. Кезінде ол кісі екеуміз де бұл жөнінде жазбаймыз деп уәделескен де едік...

Сонымен, біз неге саяси талаптар қойған ұрандар мен үндеулер жаздық? Қызметіме байланысты мен ОК ғимаратында жүрдім, соған байланысты көтерілістің саяси шын себептерін жасыру үшін көтерілісшілерді қылмыскер, басбұзар, нашақор, маскүнемдер ретінде көрсету жөніндегі шешім ең жоғарғы деңгейде, Мәскеуде қабылданғанын анық байқап жүрдім. Сондықтан да саяси талаптарды ашық жария ету қажеттігі айқындалды. Жастардың асығыс даярлаған ұрандары мен плакаттары қарабайырлау еді. Сондықтан да олардың біразын өзім даярлап, ұрандар мен үндеулерді

желтоқсанның 17-інен 18-іне қараған түні жатақханаларға тараттым.

Сол күндері қанша сақтанғаныммен, МҚК, ІІМ қызметкерлері менің «Москвичімді» қаланың түрлі аудандарында, халық көп жиналған жерлерде, жатақханалар жанында көріп, көргендерін бақылауға алған. Орталықта милиция мен әскери патрульдер мені бірнеше рет тоқтатты да. Бірақ мен академия берген «ЦК КПСС» деп алтынмен жазылған қып-қызыл куәлігімді көрсетіп жүрдім. Ол кезде Мәскеуден Алматыға конференция даярлау үшін іссапармен келген едім ғой. Желтоқсан күндері өз қауіпсіздігім жөнінде ойлауға шамам да келген жоқ. Қайдан келсін!?

Көтерілістен соң ОК оған қатысушылар мен оны ұйымдастырушыларды іздеп табу науқанын бастап кетті, штабты Колбиннің өзі басқарды, ал оның күнделікті жұмыстарын ОК әкімшілік органдар бөлімінің меңгерушісі Ефимов жүргізді.

Түрлі мәліметтер осы штабқа түсіп жатты, олардың арасында ұйымдастырушылар туралы, атақты тұлғалардың, шенеуніктердің көтеріліске қатысы жөнінде арнаулы қызмет орындарының хабарлары да бар еді. Осы штаб, бейнелеп айтар болсақ, кімді жазалау, кімді ақтауды шешетін еді. Мәшинемді, сол арқылы менің кім екенімді анықтап алғаннан кейін арнаулы қызмет штабқа мен туралы ақпарат түсіреді. Онда «ҚКП ОК-нің бұрынғы қызметкері, қазір Қоғамдық ғылымдар академиясының тыңдаушысы Сабыр Қасымов Алматыға арнайы ұшып келіп, белсенділік танытып, көтерілісшілер жиналған жерде, жатақханаларда болған, яғни ұйымдастырушылардың бірі осы болуы ықтимал» деген мағынада пікір айтылады. Пленум алдында «әдейі ұшып келді» дегенге ойға акцент жасалады.

Ефимов бұл хабарды алғанымен, оған әрі қарай жол бермейді. МҚК басшылығына ескерту жасап, менің Мәскеуден оған (Ефимовтің өзіне) басқа мақсатпен келгенімді, көтеріліске ешқандай қатысымның жоқтығын ескертіп, өнбейтін іспен айналыспай, нағыз ұйымдастырушыларды табу қажеттігін айтады.

Үш-төрт күн өткен соң Ефимовке кіріп, конференция жөнінде есіне салдым. Ол мырс етті де: «Қайдағы конференция? Мәскеуіне қайта бер, жігіттерге сәлем айт, мүм-

кін кейінірек ұйымдастырармыз», – деді. Сонан соң кенеттен: «Сен 17-18 желтоқсанда не үшін жатақханаларды араладың? – деп қатқыл сұрақ қойды. – Тіпті, бірінші Алматыға, Рихард Зорге көшесіне дейін, ондағы жұмысшылар жатақханаларына дейін барыпсың. Онда не істеп жүрсің?» – деді. Абырой болғанда сол мезетте мені «кремлевка» құтқарды. Телефонның шырылы оның назарын өзіне аударып алып кетті. Ефимов сөзін аяқтаған кезде мен байсалды қалыппен, «ол жақта туыстарымды тексеріп, үйлерінен шықпасын деп қадағалап жүрдім» дедім.

Ефимов қоштасып жатып: «Әйтпесе мұндағылар сені халықты алаңға шығарушы, осы тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылардың бірі жасағысы келіп еді», – деді. Оның мені үлкен бәледен құтқарғанын сыртқа шыққан соң барып түсіндім. Мені аман алып қалған Аллаға ризамын.

Сол күндері адамдар өздерін қалай ұстады дейсіз ғой? Шенеуніктер, әрине, бәрі емес, қудалау науқанына белсенді қатысып, халық мүддесі мен абыройын шімірікпей сатып, жаңа биліктің алдында жарамсақтанумен болды, зиялы қауым өкілдері, идеолог-ғалымсымақтар теледидар мен ақпарат құралдарында биліктің идеология саласындағы жолбикесі қызметіне жарыса араласып кетті. Желтоқсанның қолға түскен батырлары қорғансыздың күнін кешті. Олар әділетсіздіктің құрбаны болып жатқандарын түсініп, демдерін іштеріне тартып, бәріне шыдап бақты. Қыздар жылады, көмек сұрады, кейбіреулері «алаңға кездейсоқ келіп едім» деді. «Қазақстанның бірінші басшылығына Колбиннің тағайындалуына қарсылығымды білдіруге митингіге арнайы келдім», – деп қасарысқандар да болды.

М.Қ.: – Сіз көтерілістен кейін де ОК ғимаратына кіріп жүрдіңіз, түрлі ведомство, сала басшыларымен кездесіп, қамалғандар жатқан құқық қорғау орындарына барып жүрдіңіз. Көтерілістен соңғы жағдайдан есіңізде қалғандар жөнінде не айтар едіңіз!

С.Қ.: – Алматыда мен бір аптадан артық уақыт болдым. Мәскеуге қайтуым керек болса да, біраз бөгелдім. ОК, қалалық және облыстық партия комитеттеріне күнде барып жүрдім, комсомолдың ОК және аудандық комитеттеріне, сондай-ақ кейбір жоғары оқу орындарына, құқық қорғау орындарына кіріп жүрдім. Өзімнің таныстарым мен доста-

рымнан биліктің қандай іс-әрекеттерге барып жатқанын, көтерілісшілердің жағдайын сұрап жүрдім. Бұл күндер мен үшін ең ауырда азапты күндер еді. Өмірімде ешқашан өзімді дәл осындай дәрменсіз байғұс сезінген емеспін. Қолымнан ештеңе келмейтініне, ешкімге сөзімнің өтпейтініне өкіндім...

Әрине, сол Желтоқсан күндері халық алаңсыз, үнсіз қалды десем жаңсақтық болар. Небір азаматтар қасқайып жүйеге қарсылығын білдіріп жатты. Мәселен, Қазақ КСР Жоғарғы кеңес президиумының қызметкері **Бейбіт Қойшыбаев** сол күндері өткен жиналыста желтоқсаншыларды қорғап сөз сөйледі, Академиялық институттағы бір ғылыми қызметкер әйел Горбачевтің суретін жыртып-жыртып, қоқыс шелекке лақтырып тастады. **Ирек Дәуренов, Софы Сматаев** және басқа да азаматтар жалпы ұлттық қарсылыққа өз үндерін қосып жатты. Алғашқы күндері біраз студенттер Колбиннің кетуін талап етуді тоқтатпады. Осы сияқты істер аз болған жоқ.

Қайсыбір ұжымдарда адамдар органдарға астыртын сөз тасып, жоғарғы билікке хабар жеткізіп, бірін-бірі ұстап беріп жатты.

Сол кезде маған ең ауыр тигені – жергілікті прокуратура органдарына, аудандық милиция бөлімдеріне, арнаулы қабылдау мекемелеріне кіріп жүріп, сойылға жығылған, ашыққан, жадап-жүдеген қыздар мен жігіттерді, жүкті әйелдер мен жасөспірімдерді көру болды. Оларды милицияның кез келген бос бөлмесіне топ-тобымен қуып тығатын, тәулік бойы тамақ бермей ұстап, ұрып-соғатын, қорлайтын, ұлттық, адамдық, әйелдік намыстарын, абыройларын, ар-ождандарын таптайттын.

Дәліздерде қабырғаға қаратып, сағаттар бойы аяғынан тік тұрғызып қоятын. Бұл жерлерде заң мен адамшылық дегеннің, адам құқығы дегеннің жұрнағы да болған жоқ.

Торығуда жүрген сондай бір сәтте түн жарымда досым Жамбыл Ысқақовқа келдім де, көшеге шақырып алдым. Ол мені көріп қорқып кетті, бұл – бүкіл халықтың қасіреті, болып жатқандарды жүрекке сонша жақын алуға болмайды деп айтып, жұбата бастады, үйіне кіруді ұсынды, мен оған келіспедім. Сосын ол үйіне кіріп, бір шөлмек арақты тіске басарымен алып шықты да, мынадай күйде ішпесе болмайтынын айтты. Өксігімді баса алмай, солқылдап жы-

лай бастадым. Дауысым шығып кетсе керек, Жамбыл үй тұрғындары оянып кетпесін деп мәшиненің рөліне өзі отырды да, үйінің қасындағы саябаққа қарай апарды. Мен болсам Аллаға, тағдырыма налып, көтерілісшілерді күтіп тұрған бақытсыздықтар мен қайғы-шерге өзімнің де қатысымның бар екенін түсініп, шарасыздықтан торығып жылай бердім.

Рухани күйзелісім бір сәт бәсеңсіген кезде бәрін дұрыс істегендей күй кешетінмін. Ақырында мынадай тұжырымға келдім: егер мен өзімді-өзім ұстап берсем, әрине, қамауға алады, сосын мен де тұтқындағылардың қатарына қосыламын. Қарсылығымды, ішкі күйзелісімді ешкім де естімейтін болады. Сонда, мына кінәсіздерді ешкім де қорғай алмайтын болады, шенеуніктердің заңсыз әрекеттерін сауатты түрде әшкерелей алатын адамдардың қатары бір кісіге кеми түспек.

Ұйқысыз өткен көптеген түндерімнің бірінде өз өмірімді, өз күш-қуатымды Желтоқсан идеалдарына арнаймын деп Алла алдында, ата-бабалар алдында, бүгінде азап көріп жүрген көтерілісшілер алдында ант бердім. Осы кезге дейін сол антыма адалмын.

1988 жылы академиядан оралғаннан кейін желтоқсандықтардың істерімен нақтырақ айналыса бастадым, олардың оқуға, жұмысқа, комсомолға қайта орналасуына, әкімшілік және қылмыстық істерін қайта қаратуға көмектестім. Міне, 20 жыл болды, заң саласын тастап, саясат пен ұлттық қарым-қатынастар саласында жүргеніме. Мақтансыз айтар болсам, менімен бірге қызмет істегендер менің жаман заңгер болмағанымды жақсы біледі. Бірақ Желтоқсан мені басқа адам етті. Мен бұған ешбір өкінбеймін!

М.Қ.: – Жоғарыда биліктің Желтоқсан күндері және одан кейінгі әрекетін қатты сынадыңыз. Осы пікіріңізді таратып айтсаңыз.

С.Қ.: – Ойланып қарайықшы. Халық алаңға қарусыз, өз ұстанымын білдіруге шықты. Халықтан әлдеқашан бөлініп, биіктеп кеткен билік қарапайым жұрттың бұл әрекетіне жоғарыдан, тәкаппарлықпен қарап, арсыздықпен қарсы күш қолдану әрекетіне көшті. Ең алдымен бейбіт шеруге мүлдем басқа рең беру, яғни оны қылмысты іс ретінде көрсету жөнінде шешім қабылданды. *Нағыз әділетсіздік осыдан басталды. Орталық бейбіт шеруді қазақ ұлтшылдарының*

әрекеті есебінде қабылдады. Ұлтшылдықтың түп-тамырын «Алашордадан», жазушылардан, Олжасстан іздеді. Арнайы қызмет орындары қазақ ұлтшылдары Алматыдағы балабақшаларға шабуыл жасап, жас сәбилерді өлтіруге дейін барды деген жалған ақпарат таратты. Қарусыз халыққа қарсы сапер күректерін пайдаланды, көтерілісшілерді итке талатты, жиырма градусық аязда адамдарды мұзға етпетінен жатқызып **қойды**, сойылға **жығылған, жараланған** адамдарды мәшинелерге күштеп отырғызып, қала сыртына апарып тастады, *қазақ қыздарын зорлады, түрмеге қамалғандарға адам төзгісіз түрлі кемсітулер, заңсыз қорлау және зорлау әдістері қолданылды, «дружинник» атын жамылған қылмыскерлер арматурадан арнайы жасалған сойылдармен кінәсіз қазақ жастарының басын жарып, иығын сындырып, алаңда құлатып жатты.* Сондай жауапсыздықтың көп құрбандарының бірі, солдаттардың қаруынан қаза тапқан – **Ербол Сыпатаев**. Тергеу орындары оны өлтірген қылмыскерді іздестірудің орнына, қаза болған Ерболдың үстінен қылмыстық іс қозғаған. **Әділ Молдабаев** деген жас жігітті милиционер тапаншамен атып жаралайды. Ішін оқ тесіп өткен ол азамат әйтеуір дәрігерлердің арқасында тірі қалды. Әділді атқан милиционер марапатталып, ал Әділді ауруханаға жатқызудың орнына түрмеге қамап, сонда үш жыл ұстады.

Желтоқсан қаһарманы **Қайрат Рысқұлбековті** Алматы соты өлім жазасына кесті. Соттың шешімін сол кездегі КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы А.А.Громыко бұзып, 25 жылдық абақтыға ауыстырды. Жазалау орындары бәрібір өз дегендерін істеп, Семейде Қайратты қолдан өлтірді.

Желтоқсан күндері КГБ қазақ ұлтшылдығын іздеп, мыңдаған қылмыстық істерге қозғау салды. Бұл процесс өткен ғасырдағы 1937-38 жылдардағы жаппай репрессиялау науқанын еске салатын еді.

Мені қатты өкіндіретіні – елімізде әлі күнге дейін Желтоқсан синдромы, Желтоқсан комплексі кетпегені. Әлі күнге дейін интеллигенция, зиялы қауым қорқақтық, нанғыштық синдромынан айыққан жоқ. Осы ой құрсауынан шыға алмаған олар соған сәйкес Желтоқсанға байланысты

сөзден аулақ жүруді қалайды. Желтоқсанның 20 жылдығына байланысты үндеу жариялауды қолға алдым.

Мысалы, Мырзатай Жолдасбеков, үлкен отаншыл адам, менің қатты қадірлейтін кісім, ерекше сыйлайтын ағам, қайраткер, осы кісінің өзі елбасына берілетін мұндай ұжымдық үндеуге қол қоймауға тырысатынын айтты. «Руханият» партиясының жетекшісі **Алтыншаш Жағанова** бұл үндеудің әр сөзіне терең мән бере, дауысын нығарлай отырып: «Бұл кімнің идеясы? Жоғарғы жақтағы кіммен келісілді?» – деді. «Тәуелсіздік жағдайында бұған басшылық қарсы болмайтын шығар...» дегенімде, «еліміздегі бүгінгі саяси жағдай неше түрлі көтерілістерді мадақтайтындай емес» деді.

Осы секілді ондаған фамилияларды атауыма болар еді. Бірақ қажеті бола қояр ма екен? Мен бұл адамдарды түсінбеймін, тіптен аяймын да. Себебі олар бұрынғы қалыптан, Желтоқсан синдромынан әлі күнге айыға алмай жүр. **Олар керек кезде ғана отаншыл, өз елін, өз Отанын «қажет» деген кезде ғана, билікке ыңғайлы кезде ғана сүйе алады.** Сондықтан да Желтоқсан кезінде де, одан кейін де, бүгінгі күні де интеллигенцияның, зиялы қауымның көп бөлігі үнсіз. 20 жыл бойы үнсіз.

М.Қ.: – Сіз әрдайым өз ұстанымыңызды ашық айттып жүресіз. Ол биліктегілердің көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Сіздің Желтоқсан тақырыбымен осы 20 жыл бойы айналысып келе жатуыңыз себепті шенеуніктермен, нақтылай айтқанда билікпен қарым-қатынасыңыз қалай қалыптасты!

С.Қ.: – Басшылар әңгіме жүргізіп, кеңес берумен шектелді. Алайда «аузын жапсын, қазбалауын қойсын, әйтпесе тиісті шаралар қолданамыз, қызметтен қуамыз...» деп жақтырмайтындарын құлағым шалып қалып жүрді. Сөз жерде жата ма, маған мұқият жеткізіп жатқандар да болды. Көтерілісті басуға және жазалауға қатысқан құқық қорғау органдары, партия мен комсомол шенеуніктері мені алғашқыда «сатқын», «мүттәйім», «ақымақ» деп, кейінірек «біздің қатарымызға кіріп кеткен жау» деп те айдар таққан. Кейбіреулері «дені сау емес», «Желтоқсанмен қияли болған, саяси сенімсіз оппозиционер» дейтін болды. Бірде мен сол кездегі Орталық комитеттің идеология бой-

ынша хатшысы Жәнібековтің қабылдауына шақырылдым. Келсем, ол кісі ҰҚК төрағасы В.М.Мирошникпен бірге отыр екен. Өзекең: «Сенімен Виктор Михайловичтің сөйлескісі келеді. Сіздер сөйлесе тұрыңыздар, мен түскі асқа барып қайтайын», – деп шығып кетті. Мирошник ешқандай да үзіліссіз бірден: «Комиссия құрамына қосқанда, біз сізді партиялық бағытты жүргізетін болады, объективті жұмыс істейді деген сенімде болдық. Ал қазіргі уақытта қоғамдағы біраз күштер, арасында Жоғарғы кеңестің депутаттары да бар, бұл комиссияның жұмысына қарсы», – деді. Мен: «Комиссияның құрамына байланысты ешқандай да негізсіз шешімдер қабылданбайтынына сенімді болғаныңыз жөн. Ал комиссия жұмысына қарсы күштерге байланысты айтарым, оның жұмысын қолдайтындардың да бар екенін білген дұрыс. Комиссия жұмысының нәтижесі жарияланған соң барып қана қоғамның пікірі жөнінде айтуға болар», – дедім. Мирошник өзін сенімді және еркін ұстап отыр, оған таяу арада және болашақта не болатынының бәрі аян сияқты. «Бүгіннің өзінде комиссияның жұмысына наразылар көп. Ал оның күтпеген жағымсыз қорытындылары мәлім болғанда не болмақ! Сондықтан да сіз бен біз мемлекет адамдары ретінде оның қорытындылары жөнінде алдын ала келісіп істейік, азаматтарымыздың бір бөлігін екіншісімен араздастырып алмайық. Сізге де Қазақстандағы ұлтаралық дұрдараздықтың қажеті жоқ қой?» деді. «Біз жұртқа бар шындықты жеткізу арқылы екі жақты да тыныштандыра алатын боламыз деп ойлаймын. Қарапайым халықтың ешқандай да кінәсі жоқ, олардың арасында кикілжің тудырып отырған билік орындары... Мен объективті әрі әділ жұмыс істеуді ұсынамын», – дедім. Мирошник енді «сенге» көшті. Жиіркенген кейіппен: «Жарайды, Шаханов ақын, популист, депутат, оған даңқ, халық қаһарманы деген атақ керек, ал саған не жоқ? Сен өзі кімсің? Сен сияқтылар көп, кім біліп жатыр? Шахановты біз сақтауға тиіспіз, ол – халық депутаты. Ал сен кімге қажетсің? Ертең сен бірдеңеге ұшырасаң, ешкім де білмей қалады. Сабыр Қасымов ешкім де емес, сенің ешкімге де керегің жоқ! Сен жай жұмысшы отбасынан шыққансың, Ресейден келдің, мұнда керек десе туыстарың да жоқ екен, ертең-ақ ұмыт боп қаласың. Шаханов сені пайдаланып жүр, басыңды

айналдырған, оның қармағына түсіп қалғансың. Сен өзін ақымақтау адам екенсің. Менімен артыңда біреу тұрғандай сөйлесесің. Қандай қасиетті нәрсеге қол салып жатқаныңды білмейді екенсің. Сендер КОКП Саяси бюросының шешімдерін қайта қарамақсыңдар!» – деді. Мирошник ұзақ сөйледі. «Мәскеуде сен сияқтылармен басқаша сөйлеседі, ал біз сендерге жоғарғы саяси басшылардың шешімдерін қайта қарауға жол бермейміз. Сенімен одан әрі сөйлеспеймін де. Сен сияқтылардың есін жиғызатын жолды қарастырармыз», – деді. Бұл уақытта Жәнібеков те қайта оралған еді, Мирошник кеткен соң Өзекең маған: «Абайла, сақ жүр... Сендер халық үшін зор жұмыс жасап жатырсыңдар» деді.

* * *

Мәмбет Қойгелді (соңғы сөз орнына): – Сабыр Қасымов қарапайым. Ол қай салада болса да (мемлекеттік не қоғамдық қызметте, ғылымда, саясатта) қазақ халқының мүддесі үшін өз ісін үн-түнсіз атқара береді. Осы принципті ұстанады. Ол әрбір отаншыл адам, халықтың әрбір адал ұлы осындай қадамдар жасауы керек деп есептейді. Оның риясыз отаншылдық және сауапты қоғамдық жұмыстары туралы баспасөзде әңгіме еткісі келгендерге тыйым да салады. Кеңестік кезеңде бұл туралы айту қауіпті болса, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл өзін жарнамалау және мақтанғандық болады деп есептейді. Бірақ, биліктің С.Қасымовты жақсы көрмейтінін, оны қалтарыс пен қаға берісте ұстайтынын, ол туралы жақсы айтпайтынын, оның қоғамдық қызметін тиісті дәрежеде бағаламайтынын көпшілік жақсы біледі. Сәкеңмен осы әңгіме-дүкен жөнінде келісудің өзі бізге оңай болған жоқ. Желтоқсанның 20 жылдығына орай жүргізілген күрестің жай-жапсарын халыққа міндетті түрде айтудың қажеттігіне оның көзін жеткізуге тура келді, ол сонда ғана келісімін берді. Бүгінгі күні айналасындағылар да, оқырмандар да оның Тұлға және Азамат ретіндегі бағасын білуі керек деп есептеймін. Қазақ елі үшін Желтоқсан көтерілісі бойынша оның атқарған Алатаудай орасан зор жұмысы туралы шынайы да әділетті айтуды міндет көрем. Біздің арамызда осындай, Сабыр Қасымовтай қарапайым, қоғам мен қазақ халқының мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білетін, өмірінің мәнін

Еліне арнаған бір азамат бар екенін айту парызым деп санаймын. Міне, сол парызымды шамам келгенше орындап та отырмын. Сабыр Қасымовтың күрескер ретіндегі шынайы бағасын, парасаты мен адамгершілігін, өрелігі мен өркенділігін, ерен еңбегін елге жеткізіп отырмын. Мұны бүгінгі замандастарға ғана емес, келешек ұрпақтарға жеткізу үшін, тек қана бүгінгі күн үшін емес, ертеңгі күндер үшін де жазып отырмын.

Осы күреске оның қанша рухани да тәни қуат-күшін жұмсағанын, қанша жан азабын көтергенін, өмірінің қанша жылдарын жұмсап келе жатқанын жақсы білемін. Ал Өмір уақыты өлшеулі емес пе?!

САБЫР ҚАСЫМОВ жүргізіп келе жатқан бұл күрес – құрметтеуге лайық, жастарға және замандастарға үлгі және сабақ.

*«Жас алаш»,
16, 21 қараша 2006 жыл.*

МАЗМҰНЫ

М. Қозыбаев. 1986 – Желтоқсан: дақпырт және шындық	3
А. Мауқараұлы. «Шылғи өтірік, сенбеңіздер!»	29
А. Тасымбеков. «Жекпе-жек».....	34
Қ.Аймаханов. «Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі...»	42
Ә.Мәмбетов. «Көресіні колбиншілерден көрдік қой...»	46
Т.Айтбайұлы. Айтылмаған ақиқат	50
Х.Қожа-Ахмет. «Қысқартылған істің» сергелдені.....	56
Т.Бейісқұлов. Колбин құрбандары	60
К.Қошым-Ноғай. Қайдасың, Гүлнар?	77
Г.Тойболдина. Айтылмай келген шер еді	80
А.Тәжітов. Еске ұстар екі жағдай	85
Т.Айтбайұлы. Жұмбақ жарақат	87
А.Тасымбеков. Жаңа алаңнан қызыл алаңға дейін	94
Ж.Ысмағұлов. Желтоқсан ызғары	100
Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына Қазақстанның азаматтық “Азат” қозғалысы Басқармасы- ның Ұсынымы	121
Ж. Қуанышәлі. Әділ сот пен ақиқаттан кімдер және неге корқады?	125
Р.Үркімбай. “Мақсат – оқиғаға заңдылық және саяси баға беру”	135
Ж.Қуанышәлин. “Шындықтың бетіне тура қарап үйренсек...”	140
Ж.Қазақбаласы (Х.Оралтай) 1986 Жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары	142
Г.Тойболдина. Мәңгілік махаббат	194
Е.Мұханғалиев. Колбинге көмектескендер болды.....	200
Е.Омаров. Тәуелсіздікке бастаған жол еді.....	202
С.Қаратаев. “Желтоқсан – біздің тағдырымыз”	207
Ғ.Бөлеков. Өмірімізді өксітті.....	213
К.Дүйсенбиев. Желтоқсан – тәуелсіздігіміздің бастауы	217
Т.Айтбайұлы. Пырақ мінген үш жігіт	220
Р.Бұхарбаева. «Желтоқсаннан соң жеті ай жұмыссыз жүрдім»	231
С.Бексейітов. «Қанды алаң бәріне куә!»	238
К.Адырбекұлы. «Казахское дело» М.Шаханов	242
Қ.Зияш. «Желтоқсан ызғары Жамбылды да шарпыған»	254
Г.Омарова. Тарихи шындық.	263
С.Қонарұлы. Жүрегімде ізі қалды ызғардың.....	290
К.Қанапияева. Жәменке батырдың немересімін.....	294

Т.Айтбайұлы. «Түрмені түсімде де көрмесем екен».....	296
Т.Айтбайұлы. Қарыздармыз саған, қазақ қызы!.....	300
С.Сатыбалдиева. «Адам боп қалу – абырой»	304
Т.Айтбайұлы. Аланда айқайшы болған.....	311
Е.Төлеубай. Адасқан елдің арманы.....	317
Ж.Қуанышәлі. «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында	327
Т.Айтбайұлы. «Мейірханның мәселесі»	342
Г.Тойболдина. Сатқындық бізді сындыра алмады.....	347
Ж.Сәбитова. Желтоқсанды жігерлілер жасап еді	349
М.Қайдаров. Егемендікте желтоқсандықтардың да үлесі бар.....	356
М.Қалдыбай. 1. Найзағай ойнаған күндер.....	359
2. Ерлік рухы.....	365
Г.Көксегенова. Мені ұстазым құтқарды	369
Е.Айғалиұлы. «Әнімді мәңгіге жоғалтқан жанмын».....	373
Ұ.Мұхаметжанова. Мен де бір куәгері Желтоқсанның.....	377
Ә.Тінәлі. Сол жетеудің бірі еді.....	381
Б.Шарахымбай. Империяның күйреуі.....	395
А.Кәріпжан Әулеті. Біздің «отты» күндеріміз.....	405
Ы.Дәуренбек. Жүректе лаулаған жалын.....	410
М.Төлепберген. Жалаулы жастықтың алаулы шағы	414
Т.Айтбайұлы. О дүниеден келген қыз	427
С.Шомақов. Ағзамбекті құтқарған	444
С.Қасымов. «Желтоқсандықтар ауылдан келген ұрпақ еді әрі қорғансыз болатын...».....	454

Желтоқсан көтерілісі
Көп томдық айғақ-кітаптар

2-ТОМ

Редакторы

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ

Корректоры

Ұлболсын НҰРМАНОВА

Компьютерде беттеген

Римма Ставер

Көркемдеуші дизайнер

Римма Ставер

Теруге 05.04.16 ж. жіберілді. Басуға 26.04.16 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84×108^{1/32}. Шартты баспа табағы 25,0.

Баспа табағы 30,0. Тапсырыс №413. Таралымы 2000 дана.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009.

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz.

ISBN 978-601-217-559-2



9 786012 175592



ЖЕЛТОҚСАН
1986

ҰРПАҚА ЖОЛ АШҚАН,
КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМ БАР,
БІРАП ЖАРАСҚАН,
ТӨВЕЛСІЗ БАІМ БАР.